

Бақыт Жасқалиева

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК

(Өр жылдары жазылған
өлеңдер мен мақалалар)

ӨОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5Қаз)-5
Ж 33

Ж 33 Бақыт Жасқалиева. Жылы жүрек (Өр жылдары жазылған өлеңдер мен мақалалар). – Астана, 2022. – 532 б.

ISBN 978-601-06-8761-5

«Жылы жүрек» атты бұл кітап – ардагер қаламгер Бақыт Жасқалиеваның күн төбеден ауғанда шыққан тұңғыш жинағы.

Бұл топтамада көңілдің қылын қағар ертеректе жазылған өлеңдермен қоса, бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген мақалалар ұсынылған.

«Жылы жүрек» өзін ғана жылытпайды, өзгені де жылытады. Ел ішінде қарапайым күн кешіп, әріптестерінің ортасында сый-құрметке бөленіп жүрген жандар қаншама? Автордың басты ұстанымы – сондай асыл жандарды ардақтау, олардың еңбегін елге паш ету, өнегелі өмір жолдарын кейінгі толқынға үлгі қылу. Мемлекет пен қоғам тарапынан еңбек адамдарына айрықша ілтипат болуы тиіс екенін ұғындырады.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ISBN 978-601-06-8761-5

ӨОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5Қаз)-5

© Бақыт Жасқалиева, 2022.

Бірінші бөлім



ЖЫЛДАР ЖЫРЛАҒАН ЖЫРЛАР





Жырым – сырым

Жер жаңбырмен найзағайлы көктесе,
Өн сал, құрбым, жүрегіңмен от көсе.
Шопан болып жүрер ме едің далада?
Маңыраған қозы, лақтың даусынан,
Жан-дүниең өлең төкпесе?

Тыныш жұмыс, жайлы жерді күйсінбей,
Жүру қиын табиғатты түйсінбей.
Жастық шағың өткен қиын қашанда,
Өз күшіңе, өз ісіңе сүйсінбей.

Дарқан дала сені жатса түйсінбей,
Жүрегіңе жатқаны ғой күй сіңбей.
Түрен салған трактордың иісін,
Жұтқан қандай сүйіктіңнің ісіндей.

Хас шеберлер салған сырлы мүсіндей,
Жүрген аз ба ізгі ойыңды түсінбей.
Қайбір ісің көз тойдырып қуантса,
Айтып жүрер адамдар бар үлгі етіп,
Болса екен деп «Па, шіркіннің, ісіндей!»

Топты жарып оза шауып байқалсаң,
Құрақтайын седірең біткен жайқалсаң.
Шаршы топта сөзің өтіп жүрекке,
Айтар кезде айтарыңды айта алсаң.

Қолын бұлғап арман асқақ игі бақ,
Жүрек-таудан құйылғанда күй - бұлақ.
Жүрмесе егер ақ махаббат жетелеп,
Бақытқа ізгі қол жеткізу,
Бақытқа ізгі қол жеткізу қиын-ақ!..

Сөз кестелеп құрып ұйқас өрнегін,
Таттым талай бұл тағдырдың кермегін.
Жүрек – теңін шештім жыр мен сырға мол,
Ұнап жатса керегіңді ал, төрлегін!..

Ұл перзентім, жыр перзентім

Жер әлемге, күн көзіндей нұрын төккен еркелеп,
Нар тәуекел іс бастадым бітірсем деп ертерек.

Ашық аспан жер құшағы мұнтаз болып тұр маңың,
Тіршілікте ұлы бақыт – аман-есен тұрғаның.

Түн-тіршілік ұйықтағанда жан-жануар бір тынып,
Өмір – Ана көз ілмейді Ай туады, Күн шығып.

Жыр – толқынды кешіп кейде
таңнан сурет тартасың,
Жан тебіренер Отаныңның әнге қосып әр тасын.

Балбыраған жас сәбидей күлкі тұнған қабағың,
Сенің ерке назды үніңнен жанға рахат табамын.

Тербетемін қос бесікті – ерке балам, ерке өлең,
Қылығы ғой осылардың жүрегімді өртеген.

Өлең – Рух, семсер – шабыт даңқың қайда өрлеген,
Қос перзентім – қос қоңырау маған тыным бермеген.

Өмір – теңіз, Өлең – кеме ақын үшін тіршілік,
Сол айдында жүзіп келем алға қарай құлшынып.



Құлап тұрып, жылап тұрып сыр ұғындым тылсымнан,
Уа, жарық Күн, құшағыңды аш,
мен қызыңмын ұмтылған.

Бар білерім өтер өмір ақ пен қара алмасып,
Жалынғанмен өткен қайтпас,
ал келер күн жан нәсіп!

Мың ойланып, мың толғанып оқы жазған хатымды,
Шығарар деп ұл мен жырдың
қайсысы менің атымды...

Қазақстан

Отаным, елім, жұртым, орман, тауым,
Кең жайлау, мал, жер, адам – барлық қауым.
Сендерді бар жаныммен құшып-сүйдім,
Болса жан саған дұшпан – менің жауым.
Қашанда сен бар кезде күшім керім,
Еңсемді сондықтан да түсірмедім.
Жүрекке сенің рухың мейірім төккен,
Ешқашан сен бар кезде кішірмедім.

Сыр айтып өлең арнап бұрым белге,
Төсінде шапқылайды құлын – кеуде.
Өзгеге кіріптар боп жүрген қанша?
Отансыз тұрақ таппай жұмыр жерде,

Сағым бел асқар тауым мұнарланған,
Сендерсіз белін бүгер құларда арман.
Аспанның құшағы жеткен Қазақстан,
Сен Отансың қазаққа тұмар болған,
Сен Отансың қазаққа ұран болған!



Қыз – Ана – құдірет

Аспандағы құс жолындай таралған,
Сан құдірет бәрі-бәрі адамнан.
Арғы жағы Алла болса,
Бергісі
Ана атты құдіреттен жаралған.

Ақ тілегі аппақ қардай бораған,
Ана хәлін ұғынсыншы әр адам.
Тұла бойға «ала жіптен аттамау»
Тек ананың ақ сүтінен тараған.

Болсын дейтін дүние тыныш, жан аман,
Асыл тілек айтылар тек Анадан.
Құдіретті біз алғанбыз теңдессіз,
Жанарынан – аялап бір қараған.

Тіршілікте өркен жайған сала сан,
Өлшемі жоқ Ана күші орасан.
Қарыз демей, уыз берген анамның
Қажетіне қайтып енді жарасам?!

Лүпілдеген ұл, қызым деп жүрегі,
Оны ғалам, көкте Ай, Күн біледі.
Ұрпағыма тыныштық бер, қайырым бер,
Деген дауыс – бұл да Ананың тілегі.

Тіршілікте бәріменен сыйласта,
Болса-дағы үйің бөлек, күй басқа.
Ана болу айналу ғой қимасқа,
Қыз – Ана боп қалу үшін Мирасқа!



Досым болшы

Белгісіз мұң билеп-төстеп өзімді,
Қорғасын-ой жұмдырады көзімді.
Иыққа алып бар өмірдің салмағын,
Жүріп келем таяныш қып төзімді.

Белгісіз мұң жан-дүниемді билеп ап,
Берілемін ұзақ ойға үйде қап.
Сәл босаңсып, тағдырыма иілсем,
Тастағысы кеп тұрады шиге орап.

Белгісіз мұң маздаған шоқ табындай,
Тез айналдың көзім жетпес сағымға-ай.
Өмір гүлім, құлшындыршы жүректі,
Көз тұндырар қырдың қызғалдағындай.

Бегісіз мұң. Мен келемін бағынбай,
Керек кезде қайда жүрсің табылмай?
Бәрін қой да досым болшы, өтінем,
Селт еткізер үлбіреген шағымдай...

Тіл қатшы

Тіл қатшы
маған жақындап,
Қашықтап кетпе көрінбей.
Арманым болған сол бейнең,
Өзіммен жүрсін өрімдей.

Тіл қатшы
маған жақындап,
Аңсаймын кетпе алысқа.

Жүргенің мені мақұлдап,
Жіберді ұшырып ғарышқа.

Тіл қатшы
маған күлімдеп,
Өткенді түсір есіме.
Қысылсаң ерсі мұның деп,
Кездестің онда несіне.

Тіл қатшы
жаным телміріп,
Көзіңмен тұршы қадалған.
Жансыншы лаулап менде үміт,
Өресіз өшкен адамнан.

Тіл қатшы
іздеп келдім де,
Ұзақ-ұзақ жол жүріп.
Соқпай тұрсыншы жел мүлде,
Жанғанда зорға енді үміт.

От тастауға қолайсыз?
Арманды деме аңсама.
Махаббат отын абайсыз,
Өшіріп алғандар қаншама?..

Мендік сезім

Сәл мұқалып, сәл кетіліп, тағдыр – найза ұшынан,
Сен көз жазып қалмасын деп көңілдің бақ құсынан.
Тіршіліктің сан түйткілі баспасын деп еңсеңді,
Қанат етіп жыр-қиялды өзің жаққа ұшырам.



Таудан тасқа соғып басын буырқанған бұлақтай,
Жүріп келем махаббаттың ақ желкенін құлатпай.
Тағдыр сыны жатса бізді отқа орап, тасқа ұрып,
Жүрейікші мен де сені, сен де мені жылатпай.

Құм борасын шаң тозаңнан
тартқан кезде маң күңгірт,
Құс сайрамай, самал еспей,
болған сәтте таң жым-жырт.
Нарын құмнан шөл аңызға сен қиналмай өтсін деп,
Ақ сезімді сағынышымды – төккіземін жаңбыр ғып.
Алай-дүлей толқын тулап күн жапқанда қабағын,
Қолына алар белгілі ғой тағдыр кезеп садағын.
Тоғыз балдық толқындардан
сен жол тауып жүзсін деп,
Шырақ қылып ақ айдынға,
Шырақ қылып ақ айдынға – жүрегімді жағамын...

Махаббатсыз өмір бос

Лаң заманның кәрін құртып ел ашқанда қабағын,
Суық желден үзілердей гүл көтерсе сабағын.
Тауды, тасты бұзып жарып,
жолда бұлақ сыр шертсе,
О, махаббат, сенің ғана құдіретің деп қаламын.

Ойға барып, жұлдыз қонған батыр ұлдың талабын,
Құдай қолдап, жау жайратса алмас қару-жарағың.
Тауды тесіп, мұзды жарып, ну орманнан жол өтсе,
Беу, махаббат, ерен күшің сенің бе деп қаламын?!

Төрі толса төрт түлікке жаны жайсаң даланың,
Толған айдың толықсыған әнмен шайсаң қабағын.

Маңдайымның ыстығындай сенің қолың жып-жылы,
Күлкісіндей бесіктегі болшы болсаң баланың.

Адал ұлың құласа оқыс, сүйеген сен екен деп
Ой жетпеске қол созамын, өзің барда жетем деп.
Дос көңілмен білмес жандар ойда жоқта табысса,
Деп қаламын сепкен сенің ақ мейірімің екен деп.

Қос жүректе сезім толы бойға қуат нәр берген,
Көрінеді сенің гүлің, о, махаббат, әр белден.
Бар білерім дарқандығың аналардан аумайды,
Шекер десе бал берген, жая десе жал берген.

Тек саналы даналығың таралады нұр болып,
Отан-Ана сол нұрыңнан шапағатқа тұр толып.
Ұлы өмірге сен бастаған сан тараулы соқпақта,
От-жігерді өзіңе арнап – ісімізде сыр толық.

Өмір – көкпар, қамшыла атты
тақым қыс та салым қос,
Өтірік, өсек, мақтаншақпен болған емес жаным дос.
Бәрін айтпай бірін айтсақ тоқсан тоғыз түйіннің,
Абай айтқан махаббатсыз мына жалған – өмір бос!

Тәуелсіздік, сен жырымсың

Ел арманы айта берсек әруақ қолдап жебер деп,
Сан ғасырлар күтті елім осы күнді келер деп.
Білсем-дағы мың кісіден артық сенің зарыңды,
Бір кісідей айта алмадым бірақ сені тереңдеп.

Айта алмаймын бәрі бекер мен өзгеге сенем деп,
Сан сұраққа жауап таппай өткеніме төнем көп.



Нән тарихты жұқа еттің жонып, қиып майдалап,
Өз басынан өткізбеген қалай жазар менен көп!

Сен көтерген нұрлы күннің таң шапақты арайын,
Ғасырымның от жігерлі құдіреті деп санайын.
Тәуелсіздік, өзің берген бейбіт өмір мендегі,
Бар мақсаттың жеткен шыңын –
ақ арманға балайын.

Құдіретіңмен көкке өрлетіп бодан елдің талайын,
Тәуелсіздік алтын шапақ таратқанда арайын.
Бар қуаныш бақыттан тек жан-дүниемде Ай туып,
Ерен іске ие болмай, мен қалайша қалайын?!

Тәуелсіздік, сен кенімсің сан ғасырлар қазбаған,
Тәуелсіздік, сен сенімсің тіршілікте маздаған.
Тәуелсіздік, сен арымсың тапталмаған жат жұртқа,
Тәуелсіздік, сен жырымсың менің әлі жазбаған!

Сезімді қайтем жоғалған?

Мен саған мәңгі ғашық ем,
Көңілім саған күнде ауад(ы).
Бақыттан шалқып тасып ем,
Куә жазған хат-жауап.

Мен саған мәңгі ғашық ем,
Содан ба болдым өр, арлы.
Әніме сені қосып ем,
Өлеңге орап ең алды.
Бұрысты дұрыс жөн дедім,
Ішімнен біліп тұрсам да.
Не айтсаң соны жөн дедім,
Жоқ деуге келмей мұршам да.

Күлдің де көндің бәріне,
Өкінер сәтті сездің бе?
Ақымақтықпен мен бардым,
Нанбайтын іске төздімде.

Уақыт өтер қайрылмас,
Ақтарар назды – дала бар.
Өзің салған жазылмас
Жүрегімде менің жара бар.

Сол кездер емес – ол арман,
Айтылмай неткен сырымдай.
Сезімді қайтем жоғалған,
Айнымас жүрек жырындай.

Жадымда мәңгі сақтаған,
Жылдарға өткен ұрынбай.
Махаббат таңы атпаған
Күндерге кеттім бұрылмай,
Сен қалдың соны ұғынбай...

Жер жыры

Жер ақиқат адамзаттың, жан-жануар мекені,
Шығар шыңы, түсер төрі – бәрі де сенде екені.
Жерден нәр ап,
күнге еркелеп мың құбылған бұл дүние,
Түлкі құйрық бейне мысал желмен желп-желп етеді.

Мөлдір таза ұйпаланып мың бұралған бұлақ та
Сүйрелейді жетекке алып жеткізбек боп мұратқа.
Айлы аспанда жерге жұлдыз қайта-қайта көз қысса,
Құлшындырып шақырғандай сезінесің жыраққа.



Ұзақ ұшса қыран құстың созған мойны талады,
Ерден ерді бөліп тұрған арманы мен талабы.
Бұл фәнидің сырын шешпек болған мынау адам да –
Аз ғана күн сауық құрған жердің асыл қонағы.
Бар әлемді содан ба екен жер сүйеді аймалап,
Нәр береді тіршілікке кіндігіне байлап ап.
Бірақ адам кей сәттерде пенделікпен ұқпайды
Жөнсіз жүлған шыбықты жер іздейтінін қайдалап?..

Дәріптеуге қара жерді қара тастан тіл шығар!
Гүл де жерге тағзым етсе, жұпар исі бұрқырар!
Жерге деген махаббаттың бір дәлелі секілді
Шың-құздағы қатпар тасқа,
Шың-құздағы қатпар тасқа – көз қуантып гүл шығар!..

Көңіл сазы

Мендік алда бір жол бар басталмаған,
Тек сол жолда қол бұлғар асқар маған.
Сәби күнің көкжиекте қалды дейді
Керуен күндер жасыма жас жалғаған.

Сәби күнім қалған жер қолын бұлғап,
Жүрегімде сағыныш қалды бір дақ.
Ойым сергіп кетпейді бұлбұл үні
Тіршілікті тұрғанмен тынбай жырлап.

Сәби үні естілсе бұлақ болып,
Жан-дүниеме кетеді шуақ толып.
Кемпірқосақ керілсе қараушы едім,
Көрпесіндей әжемнің құрақ болып.



Қоңыр жел ақ айдынды шайқап есіп,
Шіркін-ай жүгірер ме ем қайта кешіп?
Желтоқсан, мұз қайшыңмен сен барасың
Он өлшеп, көңіл-бұлтын қайта кесіп...

Ойымды арман асқақ таңды үлгі ғып,
Қол создырар талпынтып жандырды үміт.
Шыңды, құзды, жазық бел өмір – жолда,
Еркін аттап, нық басып жүру үшін
Ақ терімді шашамын,
Ақ терімді шашамын – жаңбыр қылып!..

Отан

Десек те мәңгі береке, бірлік, шапағат,
Зұлымдық, зорлық – олар да құрып салтанат.
Ақ пен қара арасында күн боп тұр
Баршаға ортақ Отан-Ана махаббат.

Бостандық пен бодандық жолы қатал-ақ,
Ер жігітке осынау жайлар батады-ақ.
Алау ғып жағып өмірін күрес жолында
Пида етіп жанын елімнің мың сан ұлдары,
Отанға деген махаббатқа ұлы қаталап...

Азаттық туын тік ұстап күс-күс қолдары,
Солмасын деп түнекте тынып ел бағы.
Керуен тартқан көтеріп елдің айбынын
Сайрап-ақ жатыр жылдарға өткен көмілмей,
Атырауда алып – Әліби батыр жолдары.

Сап-сары дала сағымды белдей мұң-арман,
Кегі қайтпай шыққан ба ерлер құмардан.



Нарын құмда Исатай батырдың ізі бар,
Кім бар дейсің айбаты асқан бұлардан!

Ерлігін аңсап Махамбеттей ақынның,
Рухыңды жырыммен, баба, шақырдым.
Нарын құмның киесі шығар дарыған,
Келіп тұрады Әлия болып атылғым!
Мәншүк болып жауымды келед(і) жапырғым!
Рухы шығар қанымен келген батырдың!

Іздерін құшып Исатай жүрген жолдардың,
Тағзым етіп, қадірін бір сәт ұқтырсақ.
Айбатын аңсап Махамбеттей заңғардың
Топырағына киелі Нарынның аунатып,
Әлия мен Мәншүктей қызды туа алған
Аналар біздің болған екен-ау құтқұрсақ!

Сұрапыл соғыс ел тілегі – жарық боп,
Алексей, Сұлтан істері жұртқа – дарып көп.
Ақтарылған ішегін салып бір қолмен
Бір қолымен Төлеген жауын жайратқан,
Отан деп өлген қас жауынан алып кек.
Көл-көсір дала көгілдір тауым жотам көп,
Сенсіз Отан көрінер маған топан боп.
Жүректерінде әрбір жанның жатасың
Рухың кернеп сүйенер күшім – Отан боп!

Бейбіт күн көкте маужырап далам жатады-ақ,
Тәуелсіздіктің арайлап таңы атады-ақ.
Маңдайдан аққан қара термен біткен құтты істен,
Көрінеді қазір Отандық,
Көрінеді қазір Отандық – аппақ махаббат!



Фудзияма

Осы тауға ағылады кіл адам,
Осы тауда талайлар жүр жылаған.
Жапон біткен Фудзияма тауына
Арылмаққа асығады күнәдан.

Біреу отыр биігінен құлаған,
Біреу отыр қиындыққа шыдаған.
Біреу отыр бар байлықты тәрк етіп,
Бодауына жалғыз перзент сұраған.

Айтты біреу бар күнәсін жар сала,
Біреу отыр ойын салып ортаға.
Ал біреулер күбірлейді бүк түсіп,
Сыртта қорқып батпай жүрген қаншама?

Қолы жетпей ал біреудің шатырға,
Кейбіреудің отырғанын тақырға.
Ал кейбірі қатынынан айрылып,
Абыройын айырбастап бақырға.

Ел тілегі бұлттай болып тұр жылап,
Бұлақ үні естіледі сылдырап.
Фудзияма бәрін естіп тұрғанмен,
Сырға берік үндемейді тұнжырап...

Мен жапондық емеспін,
Қанат қақтым киелі жыр-қиядан,
Мендік қайрат нәр алған ел – ұядан.
Қайнар бұлақ – ақ сезімді сенен ап,
Қуансам да, жыласам да жабырқап,
Ақтарылам ар алдында сені іздеп,
Жыр мен егіз құдірет,
Жыр мен егіз құдірет – Фудзиямам!



Жан – жайлау

Айтпадым сөзін өзгенің,
Көрінсе дағы көзге мін.
Отырмын – шыңырау құдықтай
Құм көмген бұлақ көздерін.

Ісімді менің септер кім,
Күндерді күйкі өткердім.
Жыр-көңіл жабырқамашы,
Сынып қайта көктермін.

Біріндей көп-көп таныстың,
Отына жанбай намыстың.
Отырған кезім көп көріп,
шабытты шалқар шақырып
алаулар әсер қайда деп
өзіммен-өзім алыстым!

Жапанда жалғыз бір шыбық,
Шуақты іздер құлшынып.
Бір құлап кейде бір тұрам,
Өз деміме тұншығып.
Өр таңды күттім асыға,
Жылытса деп күн шығып.
Жанымдай – жайлау кеңістік
Сәтін бір аңсап күтемін
Кеудемді керіп тіршілік!

Мен өзіңді өтейін...

От жандырып жігерге – қайсар қылық,
Тәнті етсін ақ көңіл – жайсаңдылық.



Жүрегімде жыр оты маздап жанса,
Жырға жүрген дос болып байсалдылық.
Көп іздеймін өзіңді «қайдалаймын»,
Қайран шабыт, төс болсаң, балғадаймын.
Шың басына байланған жыр-орамал
Желбірейді сүйрелеп алға дәйім.

Сезім болып қимастық кемеңгері,
Көп сағынам байқасаң сенен гөрі.
Күлкім мен ұйқы қашты – осы ма екен
Мына жұрттың махаббат дегендері?

Қоңыр күзде нұр ойнап бағым күліп,
Мойыныма жыр-моншақ тағындырып.
Аяласа алақан маңдайымды,
Мәңгілікке құштар ғып мені саған,
Ақ сезімді шайқалған сабылдырып,
Махаббатым пәк болып саған деген,
Мен өзіңді өтейін,
Мен өзіңді өтейін – сағындырып,
Мен өзіңді өтсем ғой табындырып.

Дұрыс екен

Біреулер сені сәнсіз-ақ деп сөгіп жүр,
Жүзінен күлкі тұрмайды деп төгіп нұр.
Ақындар оны артықтау кейде мақтайды,
Сезімнің маржан лағылын арнап төгіп жыр.

Біреулер сені асқақ та қайсар бір бет дер,
Сенбесең егер жуас түйедей жүндеп көр.
Пенденің сөзін, өңгенің сөзін көпіртіп,
Жыр қылып айтар күріш ішіндегі күрмектер.



Осыған сен де, осыған мен де таң қалам,
Несіне оған жүйке жұқартып шамданам.
Қателік май бетіне шыққан сорпаның,
Сені көрдім өз білгеніңнен қалмаған.

Шашылған сәуле көңілде көктем тамаша,
Аусарлау өрлік қалатын саған жараса.
Ұғар еді олар қаншалық қате айтқанын,
Өзіңе бір сәт көзіммен менің,
Өзіңе бір сәт көзіммен менің – қараса!

Тағдыр

Тағдыр атты бір сотқар әйдік қылық,
Ақтығымды басынып билік құрып.
Шат көңілдің кемесін быт-шыт қылып,
Айдынында арманның адастырып,
Жүрегімді жіберді шайлықтырып.

Өмір – тағдыр күң етті ой бақтырып,
Қайсарлығым қойғандай қой бақтырып.
Толқынында сүйреген жүре бердім,
Төзімді қару ғып сайлап тұрып.
Жақсы кездің жаршысы – алдағы үміт,
Жүрегімде ақты ағын жайлап тынып.

Қанша жүрем тағдырдың сарсаңында,
Қайрат қылдым жүзуге қарсы ағынға,
Талмаусырап тоқтадым толқын көміп,
Айқайлаған үндерім жанға жетпей,
Көз жасымнан көбейіп теңіз суы,
Батып барам дауылдан шаршадым да.



Сол кездерде жыр-шабыт дем берді де,
Толқынды көкпар еттім өңгердім де.
Жабырқаған көңілді алып шықтым,
Таптап өтіп шың, құзды, сеңдерді де,
Жанып тұрса жанымда жыр-алауым,
Жақсылықты серт қылып баршаңызға.
Жыр қанатын жаям да көл-көсір ғып,
Бір қияға шығарам,
Бір қияға шығарам – сендерді де!!!

Күй – құдірет

Жан бойымды қуалайды жалын – дем,
Селт еткіздің қара жердей сабырлы ем.
Күймен тербеп алып шықтың аспанға
Сиқыр сазбен бағындырған – барыңмен.

Полонезге салып бір сәт сыңсытып,
Көз жасымды ағызғанда ыршытып.
Саржайлаудың жанға жайлы самалы
Жан-дүниемді алды уатып, тыншытып.

Ажар етіп аспандағы Ай нұрын,
Атыс, шабыс құлақта үні – қайғының.
Алғанбысың жүрегіңе сыйғызып
Исатай мен Махамбеттің айбынын?!

Төпеп, төгіп нөсер болып өткенде,
Жайдың оғы тіліп түсер көктен де.
Табындырған күй талантын мұра ғып,
Құрманғазы саған беріп кеткен бе?



Асқақ күйден қойып көпшік тірегін,
Нұрлы өмірден танбай ұққан тілегін.
Дина әжем қалдырған ба мұра ғып,
Махаббатқа толы Ана жүрегін?!

Ұлт аспаптар оркестрін алып кеп,
Күй тартқанда қошеметтер – жарық көк!
Саған қарап бүкіл әлем ұғар ед
Қазақ деген неткен ғажап халық деп!

Құдірет күйін қазағымның баптаған,
Атын естіп бала кезден жаттағам.
Нарын құмнан түлеп ұшқан ақсұңқар
Саған жерлес болғаным,
Саған жерлес болғаным
Мақтанам!

Нұрлы үміт

Таң шапағы өң бергенде кенеттен,
Ашық аспан атқан таңға қараймын.
Тып-тыныш маң кәусар самал лебі өпкен,
Арманы ма ең талайдың?!

Шанқай түсте тіп-тік тұрған нар тұлға,
Ассам әрі көкжиекті көремін.
Жатыр Отан жасыл желек қалпында,
Алтын масақ төрі – егін.
Алау семіп бақта бұлбұл тасынып,
Шаттық – оттан шырақ алып ұшамын.
Құс жолында Алла нұры шашылып,
Тіршілікке жайып жатыр құшағын.

Ақ түнімді алмастырып ақ күнге,
Болашаққа нұрлы үмітпен қараймын.
Нығметімен бір Алладан алатын
Бақытты өмір сенің еншің, қарағым.

Түңілмеші

Өзімді іздеп осынау нұрлы жер-көктен
Толқынды кештім айқара дауыл желді өпкен.
Шыңдардың аппақ басында тұрдым қар кешкен,
Көршілес жатқан құдірет сонау күн, көкпен.

Бастауын тауып басына бұлақ түнедім,
Шайса екен мендік жылауық ойдың түнегін!
Қап-қара бұлтты қолыммен ұстап сындырдым,
Найзағай жанып өтсін деп менің жүрегім!

Орманға бардым, мұңдастым шырша, қайыңмен,
Өзен-көл, сонау жазық пен қырқа, сайыңмен.
Таба алмай өзім бейтарап болған әр сәтте,
Көп сырлас болғам аспанда сонау Айыңмен.

Аңызда кештім Нарынның аптап құмдарын,
Бозамық таңда тіршілік күйін тыңдадым.
Өзімді іздеп шарқ ұрдым талай түндерде,
Қызғалдақ қаптап кеткенде дала қырларын!

Жанымды қинап жанардың жинап жарқылын,
Тынымсыз оймен өтуде қазір әр күнім.
Шабытты жырмен қуанта алмасам түңілме,
Өзіме – өзім жете алмай жүрмін,
Өзіме – өзім жете алмай жүрмін, жарқыным!



Ей, тағдыр

Кеудемдегі бір отты
Жанған кезде өзім де түсінбеймін,
Бұйым емес сол сәтте жанды қарыр
Қыстың ызғар аязын түсір, мейлің.
Кеудем менің жанартау,
Содан болар
Тұлпар шапқан даладай дүсірлеймін.

Менің жаным – қазына,
Алғың келсе, тартынба сал қолыңды,
Маңдайыма жазбаған жабылардай
Бәйгеде оза шаппай қор болуды.
Толарсақтан саз кешіп
Шығатын тартып тоқтамай,
Мен осынау ғұмырымда
Қатепті қара нардан алғам үлгі!

Жанымда бір жалын бар
Тұратұғын қашанда жанып, шалқып,
Өлең – жүрек жатады еріп, балқып.
Тағдыр деген тоңмойынды тасталқан ғып,
Қойсаң да бар жүгіңді маған артып,
Мендегі сойқан күшпен қайтер едің
Ей, тағдыр, бермегеніңді алсам тартып!

Айналайын адамдар

О, Адамдар, құдіреті күшті ғаламда,
Сен – жойқын күш, сен – ғажайып,
Сен ақ сәуле, сіңген солай санамда.
Мен сендердің мейіріміңнен көктеймін,
Әлем тыныш тұрса осылай әмәнда.
О, адамдар, бәрі сенің шараңда,

Пасықтар жүр, зұлымдар бар,
Жағымпаз бен бар қараулар араңда.
Ақ пейілді өр ерлерің қаншама
Аты әйгілі болған барлық ғаламға!

О, адамдар, бәрі сенің еркінде,
Жабығуың – менің таза күлкімде.
Шаттандырсаң, өңіме нұр жүгірер,
Ал қайғыртсаң,
Самайыма ақ түседі бір түнде!

О, адамдар, айналайын адамдар!
Тек сендермен жасалады сәтті-сәтсіз қадамдар.
Бар істе де болшы әділ табиғаттың өзіндей:
Ойлы озып,
Қалсын артта шабандар!

О, адамдар, бауыр етім – адамдар!
Ақ жүректі, әлсіздеу бір шамам бар.
Ұшқын едім, басса көрік от шашар.
Абайлап кеп отты үрлеп,
Абайлап кеп отты үрлеп қараңдар!..

Адамдар – шынарларым

Өздеріңсің, адамдар – асқарларым,
Бүршік атып бұралған жас талдарым.
Өздеріңнің күшің мен құдіретіңнен
Көргем қара тастан да жас тамғанын!

Өздеріңсің, адамдар – шынарларым,
Таудағыдай сендерде мұнар қалың.
Сендердегі ізгілік, мол мейірімге
Еш қалтқысыз мәңгілік құмар жаным.



Өздеріңсің адамдар – қырандарым,
Қолға ұстатпас, көз тоймас сылаң сағым.
Сендердегі мәрттік пен жомарттықты
Қашанда жырлап өту – бір арманым.

О, бауырлар

О, бауырлар, айып етпе өтінем!
Күлкі кезген кең өлкеден кетіп ем.
Жар қызығына қосып сәби күлкісін,
Мұңды арманға жүруші едім етіп ем.
О, бауырлар, енді мынау елес пе!
Жас ортадан асқанда сәл белеске.
Ақ сезімдер ұйқас болып құралса,
Біреу маған мынауың кеш демес пе!

Айтсын, досым, жарып ашып жүрегін,
Өз-өзімнен от ой теріп жүремін.
Жыр құдіретіне арман қылып қол созсам,
Демес пе екен мынау оғаш тілегің?

О, бауырлар, мынау енді қиял ма?!
Қандай мені күтеді екен сый алда?
Тәуекелді – қайық десем, жыр – ескек,
Ақ толқындар жеткізер ме қиянға?!

Сенім артсаң

Кеш жазды деп өлеңді артпа күдік,
Өлең берсем, бергенім жанымды үгіп,
Ақыл айтсаң, алаулап қарсы аламын,
Ал сенімің мен үшін – алтын жүзік.



Атын жүзік – сенімің жоғалмасым,
Қадіріміз болмайды жоғалғасын.
Сезіміңді аяма күнім менің,
Болам десең айтулы адал досым.

Сенім артсаң, барымды қия аламын,
Жігер-қайрат назымды жия аламын.
Еш жылусыз, жып-жылтыр жыр жазуға,
Сенен бұрын өзім де күйіп-жанып,
Шашқа кірген ақтардан,
Шашқа кірген ақтардан – ұяламын!

Отты жыр

Елік едім алаңсыз жүрген ойнай,
Көңіл сырын көрмеген, түпсіз бойлай.
Бәрі жарық секілді ед тау да, тас та,
Жүруші ек жайраң қағып біз де сондай.
Көрдім сені ұқпай-ақ іс мәнісін,
Жете ме екен байқашы қызға күшің?
Жақсы сөзбен өтімді болып жатсаң,
Болар көңілің ілгендей тұз тағысын.
О, табиғат, бұл сенің құдіретің бе ед(i),
Махаббаттың жамылттың – Күн шәлісін!

Жүректегі махаббат бал қайнарнын
Қанып ішсем, қасыңда мен жайнармын.
Өзің сонау ән салған кештен бері
Ояттың да балалық бал сезімді,
Көңіліме көктем бойы гүл жиғызып,
Аппақ арман жап-жарық сен адамнан,
Сен адамнан жап-жарық нұрға айналдың.



Өмір жырға бөленген аспан ашық,
Күле бергім келетін, көңілім тасып.
Ожар қылық, дәрекі сөз естісем,
Тығылушы ем сая іздеп саған қашып.

Көруші ек шын бақытты берген гүлден,
Сезінуші ем абзалдықты жарқын жүзден.
Бірақ бір күн бұлт айдап ыстық сезім,
Шарт-шұрт ойнап найзағай түсті бірден.
Қақ айрылдың, жастық па, қаталдық па,
Арман – терек жай түсіп құлаған күн,
Сен адамнан айналдың,
Сен адамнан айналдың құпия сырға мүлдем!

Не бар маңға барардай қара түнек,
Құлазыды көңілім, жаурап, жүдеп.
Ақтығыңды дәлелдеп бере алмай,
Өкініш, ыза кернеп жатты жүрек.
Жайлау барып ән салдым бар даусыммен,
От сезім одан сайын жанды үдеп.

Арым – арқау, өмірім – ту бір нәзік,
Асқақтықпен иіліп сабылмадым.
Өрлік саған енші еді – тағдыр жазып,
Сенде ішіңнен бет бұрмай – жалындадың.
Содан соң өртте жатқан жүрегіме
Ем іздедім, сен бірақ табылмадың.
Бойдағы адалдығым – арым болып,
Тағдырға қайсарлықпен бағынбадым.
О, махаббат, тәнтімін құдіретіңе,
Мені аялап, мені мәңгі сүйіп өтер
Сені емес, отты жырды,
Сен емес, отты жырды қабылдадым!



Күзде

Бірде тұман, бірде ашық, сыз ызғырық,
Күн қысқарып, кеш жетті жүз құбылып.
Адамзаттың қалауын сырып тастап,
Жерді ызғар жіберді мұзды қылып.

Түйдек-түйдек асығыс бұлт көшеді,
Қар ұшқындап сұп-суық жел еседі.
Мал жайлаған кемпір шал бір-біріне
Биыл тағы түсті ерте қыс деседі.

Ұлпа мамық оранған сым бағана,
Аппақ көрпе жамылған шыңға қара.
Тұп-тұнық таң, саф ауа жұтсаң тоймас,
Маужырайды бусанып қырда дала.

Ашық аспан, күміс түс мынау дала,
Ала қарға еркінсіп жүр аулада.
Сәл жақсыға елжірер көңілімдей
Күн көзінен еріген қырау ғана...

Мезгіл және махаббат

Ақ мамықтай жердің беті ақша қар,
Киін жеңіл, шаңғы теуіп тауға бар.
Шықты аңшы құс қондырып қолына,
Болғаннан соң көптен күткен қансонар.

Ақ тілектей орамалы анамның,
Аппақ боран күйі дерсің бабамның.
Жон-жон етіп қар тоқтатқан трактор
Елестетті ақ егісін даламның.



Кім айта алар бұл ғажапты бекер деп,
Қыс қытымыр, суық-ызғар екен деп.
Аппақ күміс сықырласа сыртта аяз,
Елеңдеймін пәк көңілмен,
Менің саған махаббатым,
Менің саған махаббатым екен деп!

Нұрын төккен күн көзінен балбырай,
Сылдыр қағып аққан бұлақ – домбыра-ай.
Көкке тойған қой бастаса ақ серке,
Қозы-лақтар ілеседі маңырай.

Құс даусынсыз сарғайып таң атпаған,
Қырда қызыл қызғалдақтар қаптаған.
Еңбек күйін күмбірлетіп жатқандай
Қырдың жонын тракторлар таптаған!

Кім айтады бұл жайларды бекер деп,
Гүл көктемде жалықтырар екен деп.
Табиғаттың мың айналдым бұл сәтін:
Менің саған махаббатым,
Менің саған махаббатым екен деп!

Еселі еңбек, қайда мейлің қарағын,
Жан біткендей шалғын майса алабың.
Жүр ғой шешіп ақ көйлегін сәлде ғып,
Мұрат аға баптап күріш танабын.

Жаймашуақ жазда атар алау таң,
Көк алқапқа жалықпаймын қараудан.
Ала қарбыз желісіндей ұзарған,
Жап-жасыл боп түске енеді мынау маң.

Кім айтады бұл ғажапты бекер деп,
Қырға шық та көңіліңді көтер тек.

Жаздай жарқын,
жаздай ыстық жүрекпен,
Ақ сағымды көк жиекке көз тігем,
Махаббатың мәңгі болса екен деп!..

Дегендей бір көгім күңгірт болмасын,
Мол ырыстан ел үлессіз қалмасын.
Бағбан ата ұсынады қуана,
Қызғылт күрең балдай тәтті алмасын.

Кім айтады осы жайды бекер деп,
Күз ызғырық, жер де лайсаң екен деп.
Ел ырысы ақ бидайға қараймын,
Сен қарасаң ол қарамас бөтен деп.

Саған жазған бұл жырлардан ұққайсың:
Менің саған махаббатым,
Менің саған махаббатым екен деп!..

Нан және ұлым

Бірде келсем жүр екенсің ақ нанды теуіп доп қылып,
Сәбилік қой, еркелік қой, көрмегендік, жоқшылық.
Ашуға есті алдырып жағыңнан тартып жібердім,
Сен жыладың түсінбей Анаңнан көріп жат қылық.

Бауыр быт-шыт, езілді жүрек жылаған даусыңнан,
Сен қымбатсың, құлыным, жүрегімді ұқшы алқынған.
Өзегі сенсің өмірімнің өртеніп тұрған Анаңның,
Сен дегенде кезі бар ма,
айтшы, құлыным, тартынған?!

Аңсарлым-ау, айналайын, бауыр етім, жан балам,
Ойын-күлкі, бәрі әсем, жарық болсын айналаң.



Бірақ сол нан келген жоқ қой азапсыз, еш күрессіз,
Бұл күн үшін білмейсің ғой қанға толған сай-салам.

Түсінші өзің сен доп қылған бір түйірі ақ нанның,
Бабалардың қол жетпеген биік шыңын барлар кім?
Ұқшы, жаным, елгезектеу менің ботам аңғал тым,
Ойың сірә жетер ме деп көп ойланып, сандалдым.
Білмесең біл, бір сәт ойлан, неге басы шабылды
Елі сүйіп құрмет тұтқан Махамбеттей тарланның?!

Бір көзі жоқ, бір қолы жоқ, бір аяғы темірден,
Аталарым күндіз-түні тер тегіп,
Ақ нан үшін өтті білсең өмірден.
Ей, молшылық, ей, нұрлы күн, ақ таң болып атарда,
Ақ нан іздеп қанша халық шықты білсең сапарға?
Жалғыз қолын көкке жайып,
Құлындарым көрмесін деп соғыс өртін Отанда,
Нанға зар боп жүрмесін деп жер басып,
Отыратын бата оқып күбірлеп
Күн еңкейіп қырдан асып қып-қызыл боп батарда.

Тап өзіңдей өрімдей жас талат мінген балалар,
Аға, іні, қарындас пен қырма сақал ағалар.
Жалаң аяқ шөл далада бір үзім нан
қайдан тапсақ екен деп,
Өлді олар, оған куә даладағы тас үйілген молалар.

Кино көріп, батыл жандар секілденіп,
кәдімгі сен елтесің,
Атыс, шабыс тұтатады жүрегіңнің білтесін.
Қанын төгіп қорғап қалған осы ақ өмір, ақ нанды,
Түсінші өзің, сол Әлия, Мәншүк пенен Талғаттар
Қырып салып шығармап па ед(i)
фашистердің мүрдесін!

Қолы шолақ, аяғы кем кәдімгі сенің атаң да,
Ей, нұрлы күн, ей, молшылық аман бол деп жатарда.

Айналаңа көз жіберсең, тағы да сен көресің
Арлылықтың, адамдықтың, қайсарлықтың
не бір батыл төресін.
Тірлік нәрі, көңіл сәні –
ақ нан үшін тың көтерді бар адам,
Отаным сол ақ наныңнан ақ арманға,
ақ торғынға бөленсін!
Нан өсірген, нанды күткен ерім қазір қатарда.
«Нан ұрсын!» деп қарғыс айтар
Елге қиянат жасағанды қарғыспенен атарда.

Айналаңа көз жіберіп тағы да сен пайымда,
Бүгін тыңдар ән мен күйің бәрі ақ нан жайында.
Нан жоқ болса, жаутаңсиды ләззәті мол дастархан,
Берекесіз, дәмсіз болар нансыз сойған малың да.

Қонақ келсе, несібе деп ойын-сауық құрады,
Бойжеткендер қарсы алдынан нан-тұз алып шығады.
Болды уайым айтқанымды қайтсем балам ұғады,
Жақсылардың жақсылығы қашан бұған жұғады?
Кешір менің құлынымды, о, қасиетті қара жер!
Кешір менің ақ ботамды, о, киелі қара нан!
Жас қой әлі қатпаған бұғана мен бұғағы.

Бірақ мәңгі есіңе тұт:
НАН, АР, НАМЫС – КИЕНІ,
Оны аттаған адамдарға обалдың
ерте, кеш пе, ақ таяғы тиеді!
Сондықтан да қорлай көрме кие-қүдірет нан деген,
Нан бар болса, айтылады ән деген.
Тартылады күй қалықтап аспанда,
Оқылады тойда өлең.



Байқаусызда балалықпен басып кетсең сол нанды,
Сенің осы қылығыңнан өрескел
тұла бойым дірілдеп,
Тоқ соққандай болар, балам, жан-денем!

Махаббат

Шарасыз халде кейде сен –
Көзіңнің жасын бұларсың.
Махаббат қайда бар ма деп, –
Ашына менен сұрайсың.

Менің де жаным жарасы,
Ісімнен өзім өкінем.
Тек махаббат жоқ дей көрме,
Айтпағын досым екеуміз,
Тағдырдың көрген талқысын,
Өмірдің өткен отынан.
Махаббат неге болмасын,
Арқауы ол – өмірдің,
Сәулесі ол – көңілдің,
Шырағы ол – тілектің,
Тұрағы ол – жүректің.

Махаббат неге болмасын,
Ол жарың және жолдасың,
Қайратың, күшің қолдасын.
Махаббат бізге күш беріп,
Махаббат бізді қорғасын.
Махаббат аспан, жарық күш,
Тағдыр, өмір сан қилы,
Жеткен бірде ағыспен,
Сыңарын ойлап күн кешкен,
Істеген істі нар күшпен.



Егіліп жаны ойласын,
Махаббат неге болмасын.
Махаббат күні тереңде,
Махаббат мәңгі сөйлейді.
Елп еткеннен қызып қап,
Жалп еткенге ол сөнбейді.
Қалдырған бізге мұра ғой,
Махаббат мәңгі өлмейді.

Тірліктен күйбің жетелеп,
Өрлетпей өрге тынбайды.
Жансебіл жандар айтатын
Желбуаз сөзге қыңбайды.
Ол мөлдір таза жап-жарық,
Хрусталь деме сынбайды.
Ауыртпайды еш жерің,
Жай таптырмай сыздайды.
Бала-шаға, жан-күйің,
Әлекке сап бұзбайды.
Жақыннан көрсең жат қылық,
Сен үшін қатқан мұздай-ды.
От пен суға қатар сап,
Төзіміңді шыңдайды.

Өмірде көп қой тәтті үміт,
Біреуге – жігіт, қыз – қайғы.
Махаббат мәңгі қонғандар,
Мыңдаған жандар ішінен
Көреді жалғыз біреуді,
Сәт сезімнен қызбайды.
Ол үшін даусың күміс күй,
Барымен елтіп тыңдайды.
Салмайды қырау шалса да,
Болса да енші батыл іс,



Алдыңда сенің абдырар,
Көргендей жаңа шын айды.
Жақсы ісіңе жаны еріп,
Қуанып, серпіп жырлайды.
Қате бассаң сен үшін
Жабырқар жаны сырнайлы.
Саған айтқан тола өсек
Жүрегін оның тырнайды.
Кездейсоқ саған қатерде,
Ойланбай-ақ өзі де
Басын тікпей тынбайды.
Мыңдаған оның қыр-сыры,
Сезбесең сөзге симайды.
Бір ұғып мұны, мың түсінбей,
Жаныңды жарты қинайды.
Уақыт бір қатал қытымыр,
Ал жүрек мәңгі солмайды.
Ойланбай айтпа, досым-ай,
Махаббат неге болмасын,
Ол – құдірет, періште,
Ол – ақ шуақ, алтын құс,
Кез келгенге қонбайды.
Ұшырған оны қолынан
Тірлікте сірә оңбайды.
Айтып-айтпай не керек,
Бәрінен де өмірде,
Сол – бақыт, құрбым,
Сол – қайғы!

Заң және махаббат

Өтпесе күнің күлкісіз,
Бұның дұрыс жөн дейді.
Ол өзі түк сезбестей,

Жарымен ертіп баласын,
Жаныңнан өтіп жөнелді.
Жабырқау жүрек көз мұнар,
Алқынып әрең тұрсаң да.
Өзгелер үшін құрбан бол,
Ақылмен ұстап сезімді,
Қайтсең де өзің жең дейді.
Өзіңнен өткен қателік,
Кездессең күліп амандас,
Алғанын оның дос сана.
Ақ көңіл, адал досым-ай,
Қабыл ал бәрін шошымай.
Жүректі мәңгі торда ұстар,
Махаббат заңы осылай.

Болсам деуші едім...

Арманға құлаш ұрарда,
Қырағың болсам деуші едім.
Шыңға өрлеп самғап ұшарда,
Шырағың болсам деуші едім.

Мақсатты өмір жолында,
Өткелің болсам деуші едім.
Енжарлық, қарау, ынжықтық
Төккенің болсам деуші едім.

Тасытқан сенде ізгілік,
Қайратың болсам деуші едім.
Бәйге асып келер сәйгүлік,
Тойда атың болсам деуші едім.

Ақ таңдай аппақ арыңнан,
Қайнары болсам деуші едім.



Жетпеген сенде жалынның
Қайнауы болсам деуші едім.
Айныса сенен бақ-атақ,
Тіреуің болсам деуші едім.
Жабығып жалғыз қалған шақ
Сүйеуің болсам деуші едім.
Бірақ маған тірек болар іс түспеді әлі күн,
Әу бастан-ақ сені менен әлді етіпті Тәңірім.
Сені менен озық етіп жаратса да Жаратқан,
Бірақ маған неге осы түспей қойды жарығың?

Білсең-дағы жылдар жазған жаралардың көптігін,
Бірақ әлі басылмапты баяғыдай екпінің.
Екеумізді сарапқа сап қарар болса мына жұрт,
Сенен гөрі, шыны керек, әлдеқайда тектімін.

Екеуміз де екі жақта өзімізше болдық паң,
Қыздың жолы жіңішке деп болмадың сен жолды ұққан,
Талай сынды ағыстарда сағынышымды қайық қып,
Саған деген ашуымды алып қалғаным сондықтан.

Сені ұмыту қиын маған, сен ұмытып кетсең де,
Қыстан шықтым көп қиналып, әзер жеттім көктемге.
Неге тұрсың солғын тартып қайда кезің от шашқан,
Найзағайдай жарқ етші бір қолым әрең жеткенде.

Қайда сенің жұпар иісті қоңыр салқын самалың,
Басыңды изеп, қарап тұрсың таусылғандай амалың.
Өттең бірақ, естен шықпас деп айтқаның «қарағым...»
Амал қанша енді сенен мен де алыстап барамын...

Сағыныш

Маған деген ашудың айбынымен
Басқа жанды жар еттің, кеттің бөлек.
Ұмыт дейсің бірге өткен жайды мүлдем,
Қайдан шықты бұл шешім, айтшы себеп?

Кінәмді айтып ақталар сөз таппадым,
Бар жазығым осы ма секем алар.
Жамандаса біреулер, мен жақтадым,
Жан деуші едім ұрпаққа әке болар.

Екеуімізде еді ғой бөтен сезім,
Өлшем-шегі ешкімге ұқсамайтын.
Жүрегіме қадалды «көсем сөзің»
Аяусыз жатқа айтқандай тұспалайтын.

Өкінбеймін өмірге шығар тағдыр,
Екеуімізді жіберді екі жаққа.
Қимас сезім екен ғой бұлар да бір
Еміреніп есіме алар шақта.

Сенсіз талай жыл өтіп, ұзарды арман,
Қанатымды отырмын сырға малып.
Жүректің түкпірінде жұмарланған
Сағынышты отырмын ұрлап алып,
Сағынышты отырмын жырға салып.

Не жетсін?..

Кездесе қалсаң алдымнан,
Көрмеген сыңай таныттым.
Жарқылдап жанған қалпыңнан,
Барады жаным жанып тым.



Түстің бе сен де сол күйге,
Шайқалып сезім-айдының.
Өткеннен, жаным, сыр түй де,
Есігін жапшы қайғының!

Біреу бар білем кел деген,
Беліңді тарттың кемермен.
Сертке берік Ер деп ем,
Қабағыңды көрдім түнерген.

Атыңды айттым айқайлап,
Үстіне шығып төбенің.
Сол күні жаттың той-тойлап,
Бұның не маған демегін.

Бара бер жаным ап қалман,
Іздеймін әркез көктемде.
Қаншама осылай айтсақ та,
Парқына жетпес көп пенде.
Іздеусіз қалып жатқаннан,
Не жетсін іздеп өткенге!

Мен болайын

Мейлі тағдыр төндірсін қайғы бұлтын,
Кетсін мейлі безініп жақын жұртым.
Ойсыз күнім өтпесе болды әйтеуір,
Берекесіз, бедерсіз ыртың-жыртың.

Мейлі маған қонбасын бақ-атағың,
Оларсыз да таң атып, күн бататын.
Тау шыңынан кей қарға қарқылдаса,
Мылтығымды ап әп-сәтте жайратамын!



Ұқпай мейлі, сүйгенім алыстасын,
Өзі өмірден әйтеуір қалыспасын.
Өссе болды ұл-қызым жарқын болып,
Абзалдықпен көтерер алып басын.

Мейлі тағдыр бермесін өр-қайратын,
Әлдімін деу ежелден жоқ қой салтым.
Барымменен ақ адал өмір кешем,
Ол өзі бір жағымпаз, көз бояғыш,
Қарау адам демесе болды халқым.

Тек бейбіт күн, көк аспан болсын аман,
Мәнді өмір сүре ме онсыз адам?!
Жердің беті нұрланып жатсын жайнап,
Бір құлының болайын құлдыраған,
Ақ бұлағың болайын сылдыраған.
Мейіріміңді жүрекке сыйғызып ап,
Ерке қызың болайын жыр құраған!

Келеді ұқсағым

Мен ол кез ақ бантик тағынған қызбын бір,
Соғылған қоңырау соңғы рет сыңғыры.
Қарасам ортада сен оқып тұрдың жыр,
Үзілді ұстазға арналған өлеңнің бір гүлі.

От жанып кеудемде сезімнің желімен,
Кеттім де жырыңмен қыр астым алысқа.
Сол сәтте өзімді өзіңе ұқсатқым келіп ем,
Айналып сен тұрдың жырыңмен барысқа.

Мен ол кез жас едім, сол көктем әлі есте,
Сезімің өртеді, күйдірді, нандырды.



Құшаққа ап биледік дөңгелеп сол кеште,
Жырларың сыйқырлап есімнен тандырды.

Сен қаштың сезімнің мендегі селінен,
Шығар да еркіндік аңсауың асқағым.
Тұсауың тұсаған жүректе қалған-тын менімен,
Быт-шыт қып үздім де лақтырып тастадым.

Көңілім күз айы, шынымен өкініп-өксідің,
Арманға айналды өзінді жырыңмен құшпағым.
Жалғыз-ақ айтатын сөзім бар сен шыным,
Келеді өзіңе ұқсағым,
Жыр жаздым да өзіңе ұқсадым!..

Күдер үзіп кетсек те

Отырдық бір топ адам болып қонақ,
Өзіл сөз, өз әңгіме жатты борап.
Еске алдық арасында біраз досты,
Сөзіне кей жақсының беріп қонақ.

Бірінің мінін айттық кер кеткізіп,
Бірінің биін айттық жер тепкізіп.
Бір мезет сенің атың аталғанда,
Бір сезім бас көтерді селт еткізіп.

Шапқандай мініп алып ақтабанға,
Бірі кеп мына сені мақтағанда.
Көзімді терезеге тіреп қойдым,
Әңгіме саған келіп тоқтағанда.

Бірі қосты сөз жықпас ыңғайшылға,
Іс тындырғыш жоқ деді мұндай тұлға.



Қайсар жігіт тәкаппар деді біреу,
Біреу айтты жақын деп сондай шуға.

Біреу айтты жақын деп бүлікке шын,
Мұның білдім жақсыға ілікпесін.
Бірі атты сөзбен сені жүрегіңнен,
Басып қап мылтығының шүріппесін.

Отырдым өзің жайлы бәрін біліп,
Ішімде жанды алау жалын кіріп.
Ел сен жайлы айтқанда кезек бермей,
Тұрғанын сезбедің-ау «жаным кіріп»?!

Бұның бәрі жүргеннен болып құмар,
Жан қайда жөнін біліп, соны ұқтырар.
Бірақ бірі олардың сезбей кетті
Өзгеге ұқсамайтын өр бейнеңді,
Мен едім сол ортада толықтырар...
Кетсек те күдер үзіп бір-бірімізден,
Кім білед(і) Алла бір күн жолықтырар!..

Мен жүрмін

Мен сонда жылап тұрғам
Ұмыта алмай бейнеңді жырақ тұрған.
Жүрегімді жатқаны-ай өксік кернеп,
Жауапсыз сұрақтардан құлақ тұнған.
Асқақтығым құлатпас сәттерім көп
Өзің жайлы өсекті мың құбылған
Кеудемнен жұлып алып лақтырған.

Білесің бе,
Мен сонда жылап тұрғам,



Кейпім мынау сүрініп құлап тұрған.
Өксіп-өксіп жылаймын амал қанша,
Өзіңдей жан таба алмай ұнап тұрған.

Сенің бейнең жанып тұр жанарымда,
Маған бір сәт үздігіп қарадың да,
Өр, төкаппар, тым асқақ мінезіңмен
Ілесіп кете бардың сен ағынға.
Жат түгіл, дос-жақында біліп болмас,
Азапқа сенің салған шыдадым да.
Аппақ сезім быт-шыт боп шытынады,
Бүгінде белгі болмай тұрағында.

Мен жүрмін жауап таппай сұрағыма,
Сен жүрсің тәнті болып шыдамыма.
Жылдар жазар жараны дегенменен,
Айтшы, жаным,
Менсіз өткен өмірің ұнады ма?!

Содан ба әлде?..

Содан ба әлде
Тағдыр мені жаратпапты әлді ғып,
Алма бетті, қолаң шашты сәнді ғып.
Мына менің өз еншіме қалғаны:
Ақ көңілді, аңқау, нәзік жандылық.

Содан ба әлде
Көрдім өмір азабын,
Бар сенгенім – ар алдында тазамын.
Сүйіп тұрып, сүйгенімнен жат болдым,
Ең ауыры өзімде боп жазаның.



Содан ба әлде
Көрдім өмір талқысын,
Бар қуатым: алды – адалдық, арты – шын.
Көптің бірі болып өзім тұрсам да,
Бердім барды, сен аман бол, шалқысын.

Содан ба әлде
Кештім өмір батпағын,
Бар таяныш – жүрегімде жатты ағын.
Тіреу болдым құлап бара жатқанға,
Мен-ақ құрбан, сені Құдай сақтағын.

Содан ба әлде
Иығыма салып өмір ауырын,
Киімнің де дедім кисін ол тәуірін.
Жолға шықтым ақпан-суық боранда,
Сақтап оған жайлы көктем – сәуірін.

Содан ба әлде
Күз болды – тез көктемім,
Қазір мені селт еткізбес – өктем үн.
Өтеуі боп қиянаттың – жыр келді,
Жер-анадай, жаңбырдан соң нәрленген.
Келіп кетті менің-дағы көктегім,
Келіп кетті менің-дағы көктегім!

Өздеріңсің

Өздеріңсің, адамдар – асқарларым,
Бүршік атып бұралған жас талдарым.
Сенің ерен күшің мен құдіретіңнен
Көргем қара тастан да жас тамғанын!

Өздеріңсің, адамдар – шынарларым,
Тауда сендер көлбеген тұнар қалың.



Сендердегі ізгілік, мол мейірімге
Еш қалтықсыз мәңгілік құмар жаным.

Өздеріңсің, адамдар – қырандарым,
Қолға ұстатпас, көз тоймас-сылаң сағым.
Сендердегі мәрттік пен жомарттықты
Жырлап өту менің де – бір арманым.

Жаз мінез жайсаңдарым

Ей, адамдар,
Өр мінез асқақтарым,
Гүлге айналтқан құм жолдың тастақтарын.
Сен қиядан қол созып жетелесең,
Ере бергім келеді тастап бәрін.

Ей, адамдар,
Жаз мінез жайсаңдарым,
Сендер деп от кешуден тайсалмадым.
Бірге жүрген өзіңмен неше жанның,
Қарауларын тезге сап бор еттің де,
Шыңға асқақ шығардың қайсарларын!

Ей, адамдар,
Қамқоршым қарапайым,
Тәнті саған тап қазір бала – қайың.
Ақыл-ойдың бестісін ерттеп мініп,
Құшағыңды аш, мен келем дала сайын.

Ей, адамдар,
Аға-іні бауырларым,
Кейде ашық, кейде қарлы жауындамын.
Сендерменен айтамын іркілместен,



Қалсам да алай-дүлей дауылда мың.
Сенім жүгін арт маған күліп қарап,
Барармын алыс демей ауылдарың,
Себебі байланысқан қауымдамын!

Абайлап кеп

О, адамдар,
Құдіреті күшті ғаламда
Сен жойқын күш, сен ғажайып,
Сен ақ сәуле, сіңген солай санамда.
Мен сендердің мейіріңмен тек көктеймін,
Әлем тыныш тұрса осылай әмәнда.

О, адамдар,
Бәрі сенің шараңда,
Пасықтар жүр, зұлымдар бар,
Жағымпаз бен бар қараулар араңда.
Ақ пейілді өр ерлерің қаншама,
Аты әйгілі болған барлық ғаламға!

О, адамдар,
Бәрі сенің еркінде,
Жабығуым менің таза күлкімде.
Шаттандырсаң өңіме нұр жүгірер,
Ал қайғыртсаң,
Самайыма ақ түседі бір түнде.

О, адамдар,
Айналайын адамдар,
Сен арқылы жасалады
сәтті-сәтсіз қадамдар.
Бар істе де ет әділдік



Табиғаттың өзіндей,
Озық ойлы шықсын алға,
Қалсын артта шабандар.

О, адамдар,
Мен бір сенің балаң да,
Әлсіз едім демеп жібер,
Күт, аяла мен үшін аз алаңда.
Қатыгезденсең
Суық шалған гүлдеймін,
Жылы лебіз,
Ақ пейілді көңіл бер,
Жомарт деген
Атқа ылайық боп одан да.
О, адамдар,
Бауыр етім адамдар,
Бірде мақтап,
бірде даттап жамандар.
Ұшқын едім,
басса көрік от шашар,
Абайлап кеп,
отты үрлеп қараңдар,
Қайсысың да санаң бар,
Ақылдан туған жақсыны
Ақылсыз мыңға балаңдар!!!

Менсіз күнің

Болғаннан соң мен алыс, жат өзгелік тұрақта,
Мың қиналар жан-дүниең жауабы жоқ сұраққа.
Көрер күнің, атар таңың, алдағы арман-мақсатың,
Елес болып шықпай қойдым есіңнен
Жүрсем-дағы жырақта.

Отырдың кеп саяладың мөлдір бұлақ жағасын,
Одан таза, одан әсем жерді қайдан табасың?
Сылдыр ағыс – тәнті қылған жүрегіңді түрткілеп,
Қай-қайдағың еске түсіп болды алмаса мазасын.

Баса алмай-ақ іште жанған сол бір алау өртіңді,
Қара жерге жата қалдың исі аңқыған сан түрлі.
Тым-тырыс маң, қайыспас жер тағы еске салғандай
Отыратын моп-момақан боп менің осы қалпымды.

Тауға шығып сергімекке жаның құмар талпындың,
Қаз-қаз бастың, өрмеледің жарты жолда алқындың.
Екуміз де кеттік ағып екі айрылған өзендей,
Өзге жанға айырбастап ұмыта алмас бал түнді.
Ұзақ жүріп орман бардың: шынар, арша, ақ қайың,
Мен шығардай алдыңнан әр қадамнан сәт-сайын.
Желмен баяу жапырақтар сыбдырлайды сыр айтып,
Десем-дағы көңіліңнің терезесін қақпайын.

Қыр қуалап, асыр салып, аунаған шақ көк шалғын,
Көк шалғында есінде ме келген сырды ақтарғым.
Менің от боп жанған ыстық кеудемдегі демімді
Шілдедегі қырдың ыстық ақ самалы деп қалғын.

Ылай ездің, кірпіш құйдың,
жолдар салдың сан қырдан,
Егін ектің, мал да бақтың, шөп тұрғыздың шалғыннан.
Барлық істе аянбадың, бар күшінді жұмсадың,
Қорытындысы шығатындай мен боп күліп алдыңнан.

Айлы аспан, жұлдызды көк, салқын самал тынық түн,
Бебеу қағып, күй естілді құлақ түрдің – құнықтың.
Құлақтан кіріп бойды алғанда шым-шымдап,
Сағынышыңның маған деген басылмасын –
шын ұқтым.



Кеш демалыс жасырғандай жанда жарың – елік тап.
Театрда жаз күлкіңді әрең тұрдым көріп қап.
Сахнада өмір – адам, тағдырымен тартысып,
Ызалы әуен, қазалы күй елжіретті ерікті ап.
Жала – өсектің қайтпас құнын бір ашумен сездірдім,
Сенің-дағы жан күйімнің пернелерін дөп басқан.
Шекспирдің талантына бас идім,
Өзің деп мен Оттело үшін Дездемона боп өліп қап.

Жүрем әркез сеніміңнің, көңіліңнің сәні боп.
Жылу берген өміріңе, жүрегіңді жанып от.
Құлағың сал, енді бірде тұрармын,
Естай салған Қорлан қыздың әні боп.

Ар-ұяттың мініп қайық, кемесін,
Ту ғып ұстап тәзіміңді келесің.
Ақ үмітті ақ сенімге жалғап ап,
Жан жарасын жазғың келер аймалап,
Ал жүрегің іздейді мені,
Ал жүрегің іздейді мені «қайдалап».

Қайрат деген мініп алып бір атқа,
Өрлігіңді салдың шыңдап қынапқа.
Қайсарлықты қамшы етіп сабалап,
Асқақтықпен мені ұмытпақ болғанмен,
Ал жүрегің көнбей қойды-ау бірақ та!
Күн, жер, әлем, махаббаттың атыменен ант етші,
Менсіз күнің күн емес қой,
Менсіз күнің күн емес қой – Рас па?

Асылбөкке

Тоңып қалсаң суықта,
Тоның болғым келеді.
Жеткізбейтін жуықта
Жолың болғым келеді.

Ой жүгіртер санаңда
Ақыл болғым келеді.
Қорытып айтсаң бабамша,
Нақыл болғым келеді.

Арман етсең қия-шың,
Тауың болғым келеді.
Сезім нәрін құятын
Жауын болғым келеді.

Сен шомылар айдынды
Көлің болғым келеді.
Жақсылыққа құмартсаң,
Шөлің болғым келеді.

Өлең айтсаң, сен салар
Әнің болғым келеді.
Тал бойыңа жарасар
Сәнің болғым келеді.

Көз қуантар үлбіреп,
Гүлің болғым келеді.
Сен алаңсыз ұйықтайтын
Түнің болғым келеді.

Сәбисің ғой әлі ерте,
Өмір – жұмбақ шеш күнім.



Тағдыр сені қуантсын
Қуантқандай күн сайын
Сабақта алған бестігің!

Бидай және махаббат

Құба жонда, маң далада туған байтақ сары алтын,
Күс-күс қолды, ержігіттің ақ терінен жаралдың.
Тіршіліктің нәрі өзің болдың да,
Адастырмас құс жолындай ұрпағыма таралдың.

Күн көзінен нұрын төккен ертерек,
Бой көтердің Жер – Анаға, Диқан баба еркелеп.
Самал желдің сағағынан тыныстадың бой алып,
Өстің, толдың, тұрсың қазір қасиетіңмен бас иіп,
Үн қатасың:
«Ей, адамзат, ал тезірек менен саған не керек?!»

Тек өзінде бар айбыным, қуатым,
Тіршіліктің сен ай, күні, батып бірі,
бірі қайта шығатын.
Жау жағадан алған талай замандар,
Нан – Отанды ту ғып ұстай тәңіріндей табынып,
Сол сезіммен – ерлерім жау қуатын.

Өн боп шалқып, күй боп қалқып берекелі даламда,
Бидайым-ау,
аялы қол күн нұрына құштарлық бар санаңда.
Нан, жер, адам, әлем – бүкіл кеңістік,
Алтын жіппен көрінбес тозбастай ғып тоқыған
Бір үндестік, бір махаббат бар сендердің араңда.



Нәсер болсаң...

Тұлпарына мінсең тағлым таланттың,
Жалт еткізіп жұртты өзіңе қаратқын.
Ел біреулеп санар болса ерлерін,
Ішінде боп өзіңді де санатқын.

Шыңды ала алмай дал болғанда шартарап,
Ең басынан көріп өзің бір қарап.
Ерте көктем қырларынан шарқ ізде,
Қуандырғың келсе мені гүлдер ап.
Нәсер болсаң құйып шөлге – қуантқын,
Айдыны бол барып құяр бұлақтың.
Найзағайдай от шашып бір жарқ ет те,
Пасықтардың үрейін ап, суалтқын.
Ашық аспан, тұрса осылай күн күліп,
Жетелеген заңғарларға мыңды үміт.
Көппен бірдей болсам болды дей көрме,
Жалындаған жігерімді құм қылып,
Жалындаған жігерімді құм қылып!..

Тілек

Алып таулы мұнар алыс шың-құздар,
Асқақ қарап тап биіктен тұрсаңдар.
Болсаң әлді, мені шыңға шығаршы,
Қалар ма екен бойды алған – күзгі ызғар?!

Сылқ-сылқ күлген ытқып ағып ақ бұлақ,
Маңың жайлау, жағаң менің бақ-тұрақ.
Жан сезім мен көңіл-күйді шайып өт,
Кетер ме екен еңсемді езген мың сұрақ?!



Қара бұлтты түріп айдап қақ жарып,
Келбетіңнен еткен түнді жап-жарық.
Найзағайым! Жарқылыңнан бөліп бер,
Шығайын мен баз тірліктен топ жарып!

Құба жоннан ескен саумал самал жел,
Саған беріп өңін тұрды бұраң бел.
Ой-өрісім жетелеші лебіңмен,
Көре алмай қап тоқырасам әудем жер.

Жазық дала, жасыл майса – бел сағым!
Жан-жануар ынтығардай жер шалғын.
Кеңдігіңнен аздап маған жұқтыршы,
Қазір менің толысатын дер шағым.

Өрт тілеген жаным бермей сәт-сабыр,
Қайсарлықты алған төзім от қарыр.
Өтінемін ақ сезім боп құйып өт,
Жер су тілеп шөлдегенде – ақ жаңбыр!

Бірі болып...

Ойым ойнап көңілде тұрақтамай,
Жүрегіме шаншу боп сұрақ талай.
Дел-сал болып отырар кездерім бар,
Ермек болып көкте Күн, жырақтағы Ай.

Ұқпай-ақ тым өксіген жүрек сырын,
Ақ үміттің арманды тілек – тілін.
Бей-жай мәңгүрт отырар кездерім бар
Келді, кетті, қалғанның білмей бірін.

Өз-өзіңмен езіліп жылап – налып,
Жан таппай-ақ сергитін сыр ақтарып.

Тек өлеңмен дос тауып қуанамын,
Іздесем де табылмас шырақты алып.

Сап көңілдің баса алмай пернелерін,
Өксік атып аһ ұрып сенделемін.
Күнім өтсе өлеңсіз шошып кетем,
Бірі болып кетердей пенделердің,
Бірі болып кетердей пенделердің!..

Көңілден іздеп...

Көңілмен қарап,
Жүрмедім іздеп жоқ-барды,
Таң қылған қырды адуын шабыс көкпарды.
Ой қинап мені жүргені кәміл аян-ақ,
Үрлей алмай көңілде жанған шоқтарды.

Көңілден іздеп
қарлы жел, арай ақ таңды,
Қыруар істен, уақыты болмай жатқан-ды.
Ой қажап мені жүргені кәміл аян-ақ,
Қарайлай ойлай, досың да сәлге сатқан-ды.

Көңілден іздеп,
мәуе бақ, шың-құз, шатқалды,
Кәусар көл болсаң жағалай өскен ақ талды.
Ой қажап мені жүргені кәміл аян-ақ,
Елесін кезіп жалынды жастық шақтарды.

Көңілден іздеп,
ақ сезім, аппақ арманды,
Қиялмен шыңға шарықтап ойым сан барды.
Жыр арнап өтсем деп сәт сайын өзім ынтығам,
Ұшқыннан жалын, тудырып жарық – жанғанды.



Аз емес қой

Аз емес қой
десең де жан азабың,
Ой түбіне от қойып, ор қазамын.
Болып-толған жандарды көріп күнде,
Солар үшін тіксінем өз-өзімнен,
Берген өмір ауырын деп жазаның.

Аз емес қой
десең де ой-елесің,
Қуаныш ап қиялдан кенелесің.
Ішкен-жеген, кигенін мұрат қылған,
Жаным ашиды жандарға қарап тұрып,
Жетпей жатқан мақсат бар демегесін.

Аз емес қой
десең де – күзгі күнің,
Бар таяныш көңіл ақ, мөлдір үнім.
Жалт беретін жағымпаз пасық қанша?
Көре жүре соларды аяп кетем,
Табиғат-ау, бердің деп неге түнің.

Аз емес қой
десең де мұң-арманың,
Көңіл ұшқыр солар деп жыр арнадым.
Бас пайда үшін дос тауып, не қас тауып,
Жанын сала даттаған не мадақтап,
Ызам келеді әуелден жүргендерге
Қасіретін тек сол санап мынау маңның.



Бір ақынға

Кеш келді деп жыр теңіз дариясына,
Күдікті көп қарайтын ол расында.
Ақын атың шынында шықты ерте,
Тек сол үшін мәз болып далиясың ба?

Өлеңді кеш жазды деп баласынба?
Менен әлі үйреніп аларсың да.
Қын түбінде ақ алмас жатқан шығар,
Кез келді деп жарқ етсем, нанасың ба?

Кеш жазды деп өлеңді артпа күдік,
Өлең берсем бергенім тәнімді үзіп.
Ақыл айтсаң алаулап қарсы аламын,
Ал сенімің мен үшін – алтын жүзік.

Сенім артсаң сезімді қия аламын,
Жігер, қайрат, назымды жия аламын.
Жүрек сырын күт менен, сен қалтқысыз,
Еш жылусыз, жып-жылтыр жыр жазуға
Сенен бұрын ішімнен күйіп-жанып,
Шашқа кірген ақтардан,
Шашқа кірген ақтардан – ұяламын!

Ақындық

Көкірегімде кеше бір күй күмбірлеп,
Бір ақ сезім ала шауып жүр-жүрлеп.
Алып ұшқан аппақ көңіл кептері
Жүрек шоғын сөндірместей тұрды үрлеп.

Көкірегімде кеше бір ой жап-жарық
Шығып тұрды бәрінен де топ жарып.



Көңілімдегі құрыш білек ізгі істен
Өзім-дағы бара жаттым сомдалып.

Көкірегіме қонып кеше тәтті арман,
Гүлдер көрдім шыңдағы сан қатпардан.
Қала-дала, толқын шөлмен астасып
Достар таптым көрмеген еш жаттардан.
Көкірегіме жатыр сыйып бар әлем,
Шабыттансам, Айдан хабар алар ем!
Жан-дүнием толқын атқан көк теңіз,
Қарсы келсең көміліп бір қалар ең.

Күйкі істен босай алмас сол кезім,
Жүрегімде жатты қайнап ақ сезім.
Бәрін қойып өз-өзіңе жетуге,
Қас боп шығып қол байлады бұл – төзім!

Ол бүгінде кеткен ұшып ақ сезім,
Абай айтқан, қайда менің от кезім?
Өлең-Өмір, кеттің тастап, отырмын
Қуыс кеуде меңіреу жандай – боп өзім,
Қуыс кеуде меңіреу жандай – боп өзім...

Ақ тілек

Түсім қара, өзім сәнсіз болғанмен,
Жүрегім ақ,
Жүрегім ақ, ант бере алам оған мен.
Куә етем күн, жер, әлем, ақ нанды,
Арман тауды, мөлдір бұлақ, тоғанмен.

Қыпша белді, қаз мойынды емеспін,
Жүрегім ақ, сол үшін дос демес кім.
Шын дос болсаң бір көтеріп өтемін

Өмір салған бар ауырды өзіңмен,
Тек сен үшін маған да ауыр демеспін.

Аппақ жүрек, аппақ сезім, жан да аппақ,
Ақ тілекті өтем мәңгі ардақтап.
Ауырыңды арқала да қарап тұр,
Дос көңілін көргің келсе салмақтап!

Ақ сағыныш, ақ нұрлы наз, ар да аппақ,
Шаштарым ақ, жаңа түскен қар да аппақ.
Дос көңілі қажет жерде хабар бер,
Қайғы бұлты басса өзіңді жан-жақтап.

Күн нұры ақ, аспанды әлем, ай да аппақ,
Жақсылықтан өтер жылу тармақтап.
Қажет десең кеудем тосам пышаққа,
Әйтеуір тек, кете алмаймын арды аттап.

Мен өзім бір ақ сезімнен туғанмын,
Сағынышымды ақ жаңбырмен жуғанмын.
Ақ тілекті енші етіп мәңгіге,
Екі ұдайлық арамдықты қуғанмын.

Ақша бұлтты ақ арманым екен деп,
Аппақ үміт, ақ сеніммен жетем көп,
Бір жақсылыққа жетсе қолым біліңдер,
Ақ тілегі – қабыл болған,
Ақ тілегі қабыл болған екен деп!..

Жыр және махаббат

Жыр арнау да махаббатқа қиын-ақ,
Ақ сезімді көңіліңе жиып ап.
Ол туралы талай тарлан шерткен сыр,
Жүрегінен жыр құдіретін қиып ап.



Ол туралы айтқан Пушкин, Есенин,
Абай, Қасым, Төлегендер кешегі күн.
Айтарымның бәрін солар айтқандай,
Мың байлап бел, күніне мың шешемін.

Еркін басып жүру үшін қара жер,
Жан алқымға тығылғанда – ауа дер.
Күн тұтылса күңірегендей жер әлем,
Осылардан құтылатын дауа бер.
Махаббатқа толы дүние ақ сезім,
Аппақ бұлттар ақ жаңбыр боп жауа бер.

Тіршіліктің нәріндей бір – таба нан,
Суға да бір – қасиеттерімдей қарағам.
Ақыл-ойдың асқары дәл – жұмыс қып,
Оған теңеу сірә қандай таба алам?
Дәл солардай махаббатта
жігер, қайрат, мол сенім,
Аппақ тілек, ытқып аққан шамадан.
Ата-ананың болған бала – мұрасы,
Қате айтсам, ғасырлардан сұрашы.
Адам-Ата жаралғалы Жер мен Көк,
Махаббат та пайда болған расы.
Бізден өтіп қонар мәңгі ұрпаққа,
Аңсап өтер махаббатты
Адамзаттың бір парасы.

Махаббат деп
ән айтылып, күй шертіліп көркем үн,
Махаббат деп
жыр жаздырар маған әлі ертеңім.
Қақ айырып қиындықты қасарысып қалмаған,
Мен тек сол кез білесің бе, ұқсамайтын ешкімге,
Өз жүрегімнің күйін ғана,
Өз жүрегімнің күйін ғана шертемін.



Соғысқа лағнет

Бар салмағын салып ағаш балдаққа,
Өз ісіне өзге кісі жалдап та.
Жүр ғой талай әке-ағамыз күн кешіп,
Құлармын деп көше шықпай тайғақта.

Бес саусаққа ілгек салып зар болып,
Мұң шағуға досына да ар көріп.
Жүр ғой талай әке-ағамыз арада
Соғыс салған жарақатқа наладан
От жүрегі мәңгі мұздап қар болып.

Жарық болмай
Атты мәңгі арманы,
Емін іздеп шыны қайда бармады?
Мына ағаң айтып қарғыс фашистке,
Бар ызасын гранат қып атардай,
Ақ таяғын күніне мың қармады.

Жаспен жуып қара шашын ақ еткен,
Ақ сағыныш жұмыр тәнін сап еткен.
Жиырмасында қалған жесір келіншек,
Жар орнына құшып жатып құс жастық,
Тағдырына сұм соғыспен дәл келген,
Бар болмысы, жан-тәнімен нала еткен.
Ана қанша ақ тілектен жаралған,
Бір өзінде тоғысқандай бар арман.
«Ақ қарғамнан бір хабарды білер» деп,
Бейтанысқа сұраумен сан қараған.

Мың-мыңдай бар өткен соғыс зардабы,
Қасіреті айқын қызыл қандай қардағы.
Бала әкеден, әйел жардан хабарсыз,



Көз жасынан өлген қайтып келердей,
Талай ана күніне жүз зарлады.

Сұм соғысқа қарғыс айтар шамам бар,
Жер түбіне құлақ түрер жайымда бар алаңдар.
Анамын мен ақ сүтімді нәр етем,
Балдай тәтті бауырымда балам бар.

Қажет десең, айналайын адамдар,
Арман тауым, ауыл-қала, далам бар.
Жүрегімді суырып ап жағып қой,
Бұлай етпесем болар деймін маған да ар.

Тек менімен кететінін білсең сен,
Сезбей қайғы, көрмей азап өсетіндей болса егер.
Мына біздің,
Мына біздің кейінгі ұрпақ балалар.

Достар-ай

Бірге жүріп бірге күлген достар-ай,
Істеріңді көбіңнің жүрмін мен де қостамай.
Бас пайдаңды бағдаршам ғып жүресің,
Бұның енді түсінгенге масқара-ай.

Арман етіп бас пайдаңның мақсатын,
Мәз боласың деп талайды ақсаттым.
Қара бастың ләззаты үшін күн кешіп,
Күйкі тірлік, күйбің оймен шаршаттың.
Заман атты ана біреу біздерге,
Неге осы үңіліп кеп қарамаймыз,
Қаны тамған Әке салған іздерге.
Неге біздің әрқайсысымыз
жанартау боп атылып,



Келер ұрпақ табынып бір өтердей,
Іс қылмаймыз дейтіндей бір
ұқсап өтсек сіздерге.
Заман атты әке біреу баршаға,
Неге біздер өзімізді
қайрап-жанып, демейміз,
Қайда жүрсең қай істе де шаршама.
Неге біздер көрген жанның бәрін бірдей
Құшып-сүйіп дос қылып,
Іздеп және уақыт арнап жүрмейміз,
Ешкім сірә қалған жоқ па тасада.
Ашық аспан күміс күнді тек біздерге мұралап,
Әке-ағамыз бар ниетімен өртке түскен бір алап.
Жер шетінде жылап жатыр, сәби Чили ұлдары,
Жұбатуға өкпең өшіп
жүгірместей қалай тұрсың сен шыдап,
Тұрып-жүріп, ұйықтаған сол қалпыңмен
Ұялғаннан сен үшін мен
Тұр ғой терім тамшылап,
Тұр ғой терім тамшылап!

Аппақ үміт – ақ сезім

Ақ үміт қой
Адамды алаңдатқан,
Нәсер жауын болса да, боранды ақпан.
Батпақ кешіп жүрсең де ну орманда,
Үміт үзбе, керісінше содан сақтан.

Ақ сенім
Арманымды жетелеген,
Сенімнің кезі жоқ қой өтемеген.
Мұқағали қалайша тауып айтқан:
«Көшеді өлең немесе өшеді өлең!»



Ақ тілек қой
адамға қанат берген,
Жақсы істерді күт, елім, талапты ерден.
Бар асылды жарқ етіп көрсететін
Ақ алмасың мен болсам қынап керген.
Ақ сезім ғой
өңіңе алау берген,
Желбірейтін көгімде жалау желмен.
Аппақ үміт, ақ сезім, сенім-тілек
Жатады екен айқайлап хабар беріп,
Айлы аспанға – гүл толы алау жерден.

Жырым менің

Ғұмыр тілеп жырыма көз ілмеймін,
Қатты, тәтті, жып-жылы сөз іздеймін.
Әр жыр жолы сәтті күй аккордындай,
Әр өлеңім – тап менің өзім деймін.

Бере гөр деп жырыма Жамбыл жасын,
Ақыл айт деп Абайға – жалынасың.
Талантыңды төккіз деп нөсер қылып,
От Қасымдай әруаққа табынасың.

Өңшең оттың жырынан жалын алған,
Сәкен атын айтсаң сен жалындаған.
Ілияс, Сәттар жырларын жаттап жатып,
Бала кезде көпшігім қалыңдаған.

Төлегеннің алсам ғой сағынышын,
Қос Мұхтардың ақтарғам жарып ішін.
Өрлігіңе Фариза басымды иіп,
Тәлімдікке аламын Қадыр ісін.



Жиырма бесін Тұманбай – салық қылып,
Қойғандай бір іс қылсам – анық біліп,
Сәскесінен қайраттың асып барып,
Тас төбеде тұрсам-ау жарық қылып.

Деп арманнан күн сайын – тағат алып,
Сыр– арғымақ, жабу – жыр жаба салып.
Жыр қуатын сезіммен ұстатпасам,
Жұрт алдында ал мұным ағат анық.
Асылық айтсам, тәуба деп шүкір деймін,
Жырым – батыр, батырды мүсіндеймін.
Ақында бір қас ақын қылыш сөзді,
Қас ақыннан кім табар бүтіндей мін?!
Жыры олардың зәм-зәм су шөлдегенге,
Мен олардың қасында, көзге ілікпес,
Көзге ілікпес тап қазір – үтірдеймін.

Ұстазға

Еркін елде жүрген барлық адамдар,
Мың-мың ғалым, жүздеп батыр,
ой тоқтатып қараңдар.
Көз жіберсең кешегіңе бұрылып,
Бәріңнің де ұстаз атты санаң бар.

Уақыт атты иерімге сәл тоқталып,
Ой жіберсең өткен күнді оққа алып.
Өлпештеген ата-анаңа пара-пар,
Ұстаз аты тұрады әркез шоқтанып.

Алғаш қолың ана атты сөз жазып,
Осы сөзден қалмағайсың көз жазып.
Ұстаз сөзі – ұлы соқпақ желісі,
Күш беретін осы сөзден озбалық!



Алғашқы ілім «А» әрпінен басталып,
Абай жыры қалды есте жатталып.
Тылсымына таңқалдырған химия,
Физикамен сыры тұрар сақталып.

Алғаш ілім «Әліппеден» басталып,
Тарихым тұр өткенім боп қатталып.
Пифагор мен Ньютон заңы тұрғандай,
Көкрегінде білімдінің жатталып.

Бар жақсы өнер ұстаздық қой деп біліп,
Өстік содан қанаттанып, ес біліп.
Кім боласың десе бізден ұстаз деп,
Армандарды алға сүйреп есті – үміт.

Бар ізгілік жинап жалғыз бойына,
Жігер жанып, от қосатын ойыңа.
Ұстаздар ғой шәкіртіне дейтұғын:
«Өмір күрес, жеңілсең де мойыма!»

Жүрегіңнің тыңдар шақта арызын,
Жақсылардың қайтарғын кеп қарызын.
Сыйлап өту ұстаздарды – міндетің,
Озу одан – шын адамдық парызың!

Ана болу...

Еркін ойнап, бой өсірсін деймін де,
Өр тағдырым көне қоймас күйбіңге.
Өмір атты ұзақ жолда қажет деп,
Көңіл бөлем уақ ісіне үйдің де.

Еркін сөйлеп, ой өсірсін деймін де,
Талай бос сөз тиегіне тидім де.



Аппақ көңіл, пәк сезімді аңғарттым,
Сөз бен істі тек түсінбей қалар деп,
Сендер үшін оттан көйлек кидім де.

Жолдас көріп, дос танысын деймін де,
Жақсы екен деп «жат» тентекті сүйдім де.
Бір баланы тентек қой деп даттасаң,
Өз-өзімнен отырып та селк еткем,
Түспегей деп ықпал атты ирімге.

Таласып қап көрместей боп бір-бірін,
Жамай алмай көңілдердің жыртығын.
Қазағым деп отқа түсер адамдай
Отырған кез мен елшідей зар қағып,
Тіршіліктен таба алмай бір тыным.

Соғып қашып бір-біріңді қанша рет,
Бір-біріңе қарсы айдап салшы деп.
Таза күлкі – бәрі қызық сендерге,
Ержеткенде оқ атпасаң болғаны,
Бір-біріңнің көңіліңе «аңшы» боп.

Бірің ертек, бірің өлең салшы деп,
Кешке бар деп бірің бармай қалшы деп.
Тек сендердің ықпалыңмен өзгердім,
Бұлақ болып сан теңізге құятын
Мен ісіммен құраймын тек – тамшы боп.
Түсінбей қап бала көңіл мән-жайын,
Іштегімді бөлісейін, толғайын.
Өмір атты ағасынан алсыншы деп бір сабақ,
Тартпас іске кейде өзімде жұмсаппын,
Дегенің ше – мама енді бармаймын.

Таба алмай қап көңілімнің күйлерін,
Сен ұқпасты ой санаңа – жи дедім.



Нан мен сүттей көңілділік қажет-ақ,
Кей сәттерде түсінбей қап өзім де,
Ойын деген есерлікті тый дедім.

Ұл-қызым деп жалын атып ет – жүрек,
Болашаққа мен ұшырам мың – тілек.
Бала табу қиын емес-ау, құрбылар,
Тәңірім деп тұрса егер ұл-қызың,
Ана болу қиын одан,
Ана болу қиын одан – мың рет.

Ашса өлеңім жүрегіңнің есігін

Қажет емес, білмей-ақ қой атымды,
Кім екенім, қай өлкеден, сұрамағын затымды.
Әңгімеге мына мені арқау ғып,
Дастарханға жайып салма асыңды.

Іздестірме қайда менің тұрағым,
Жақпай-ақ қой танысудың шырағын.
Достарымнан сұрамағын, білмейді,
Одан да сен жырларымнан сұрағын.

Самалдай бір жанға жайлы есіп үн,
Ашса болды өлеңдерім жүрегіңнің есігін.
Кім екен деп іздестірме, таңданба,
Білмей-ақ қой, аталмасын есімім.
Өмір-тағдыр тартса үстімнен қамшылап,
Ауырлықтан тұрса да тер тамшылап.
Ар адалдық мен сендердің – қызыңмын,
Қорғар өзін талай пәле-жаладан,
Алса да естен басқа түсіп сан-сынақ.



Жастығым

Тек жастықпен бар дүние жасарған,
Жастық шағын бағаламас осал жан.
Тек жастыққа басын иіп шегінген,
Меңіреу тылсым, құла жүзің қасарған.

Жастық қана сан асудан аса алған,
Жастық қана өміріңе қосар мән.
Тек жастықтың жалынынан от алып,
Келелі істер құрыштай боп жасалған.

Мен өзіңе қарыздармын, жастығым!
Жастық келсе тағдыр басар аптығын.
Найзағайдай қара түнді қақ жарған
Сенен ғана естіп қоңыр шаттық үн.

Мен өзіңе қарыздармын, жастығым!
Сен игердің өңірімнің астығын.
Құба жонға сен жайғастың ақ бидай,
Көңіліңнің жалау қылып ақ гүлін.

Мен өзіңе қарыздармын, жастығым!
Жастық, өзің көңілімнің қақ қылын.
Тыңға түрен салған ердің бірі боп,
Дәлелдедің жүрегімнің ақтығын.

Мен өзіңе қарыздармын, жастығым!
Махабаттың таптым сенен пәк шынын.
Өміріме өзек етіп армандай,
Сүйіктімнің алып келем тәтті үнін.

Мен өзіңе қарыздармын, жастығым!
Үйіп-төгіп бер тағдырдың шат, шынын.



Байқоңырдан қас-қағымда тік ұшып,
Жерді айналған Айдан әрі асты үнім.

Қарақұмның кештің өзің шөлдерін,
Сен болмасаң жастық оты сөнгенім.
Мартен пеште қайнап піскен алмастай,
Жастығымның өткірлігін көр менің!
Мұнайы боп Маңғыстаудың атылдың,
Кен қопарып алтын, күміс сапырдың.
Жастық, сенен қорқып қашып бар азап,
Өрлігіңді таң ғып жайлы атырдың.

Тек өзің деп алға қарай өрледім,
Өрледім де сыбағамды бер дедім!
Ұлы істерде жанған жарық от болып,
Жастық атты атыңа сай ерледің.

Бүгінгімнен болса да кем кешегім,
Жөн-жосықты содан алып өсемін.
Жүрегіме отын жаққан мәңгілік
Мен өзімнің жастығыма,
Мен өзімнің жастығыма қарыздар боп өтемін!

Қорқамын

Айналайын адамдар,
Мені мақтай көрмеңдер, өтінемін,
Ақылыңнан күш алып,
Ал сүйесең әл жинап, жетілемін.
Мен сендерсіз, көзіңе елестетші,
Құла дүздегі бала елік – жетімегің.

Айналайын адамдар,
Мені жөнсіз жүрмеңдер еркелетіп,



Мен сендерден нәр алам,
Гүл жарсам тек сәуірге ерте жетіп.
Мен сендерсіз кең сарай – бос үйдемін,
Құлап қалған иесі ерте кетіп.

Айналайын адамдар,
Дос болсаң сен қатемді бетіме айтқын,
Әсері оның лап етіп көрінсін де.
Бойымды өртеп, азабы жүзімде айқын,
Салық қылып қойсайшы сеніміңді,
Өзіме олқы көрінсін осы қалпым.

Айналайын адамдар,
Өмір гүлі бар қызығы ортаның,
Мен тәлімсіп асқақтамын
Көңіліме ұялатып жорта мұң.
Әлсіз едім жан достарым
Сөз айтпаңдар өтінем,
Мен сендердің
Қатыгездіктеріңнен морт сынып,
Жыр жаза алмай қалам ба деп,
Жыр жаза алмай қалам ба деп қорқамын!

Сағыныш және махаббат

Ей, адамдар айтыңдаршы анығын,
Тұла бойың тұрған сол бір қалыбың.
Жан-бойыңды тұр ғой жайлап сағыныш,
Жүрегіңнің сөндірместен жалынын.

Жас сағынып жырақта ата-анасын,
Кәрі езіліп ойлар жалғыз баласын.



Бозбаланың жүзін жапқан мұңды сен
Сүйгеніне – сағыныш деп қаласың.

Ана алаңдап қақса бір жас есігін,
Сұрап жатар, бейтаныстың есімін.
Шекарада жүрген қасқа құлынын,
Бәлкім білер таныстықтың несі мін?

Бурыл шашты міне әке алаңдай,
Қараяды көрінген қос балаңдай.
Сұм соғыста жоғалған қос қыранын
Іздейді ол көзден жасы тарамдай.

Өзгеге үлгі болған мына ағаның,
Байқап көрші басқан әрбір қадамын.
Қапылыста көз жазған – сол бейнені,
Іздер еді, келмегені-ай шаманың.

Қайда барма,
әлі қайда барасың,
Ең әуелі сағынышқа
бас иіп сен аласың.
Ақ сағыныш жатады екен мың орап,
Жүрек пенен жүректердің арасын.
Айтқаныма құлақ салшы, әлеумет,
Махаббаттың құдірет күші әлдилеп,
Сағыныштан туған ба деп,
Сағыныштан туған ба деп қаламын.

Туған жер және махаббат

Жарық жерге сен түскенде іңгәлап,
Туған жерде тамыр жайып адам өсіп шыңдалад(ы).
Ержеткенде қарыз қылып, сол бір сәттік сағыныш
Жүрегіңнен тартады екен туған жерің мұңдалап.



Тағдырыңның мініп заңғар кемесін,
Өмір сені жарға соқса қасарысып көнесің.
Туған жердің кіндігіне махаббатпен байланып,
Тәуекел деп үміт артып келешекке сенесің.

Құмда жүрсен көзден ұшып қайдағыңды көресің,
Орман-тауда еске аласың жазық дала белесін.
Шыңда тұрып, айналаңа оймен өлшеп қарайсың,
Салыстырып тек онымен туған жердің төбесін.

Жан-жүректі билеп тәтті мұң-арман,
Сағыныш атты шыға алмай еш құмардан.
Қайда жүрме қимастықпен туған жерді аңсайсың,
Іздегендей ойда жоқта айрылып қап сыңардан.

Бірің Қырым, бірің Шығыс, жүргін мейлің Сібірде,
Талай жерге тәнті болып жан-жүрегің жібір де.
Бірақ бәрібір ұмыта алмайсың сол жерді,
Ыстық саған туған жерің түбінде.

Арманыңның ұстап мініп тұлпарын,
Көңіліңнің ұшыр мейлі, сан қияға сұңқарын.
Болып толған кезінде де бәрібір
Туған жерге азаймайды ғашық көңіл іңкөрің.

Алатауды мақтар біреу туған жерім-төрім деп,
Ақжайықты дәріптер төгілді оған терім деп.
Туған жерін қаны тамған әлінше әркім сүйеді,
Жылуымен жүрегінің көркі оның керім деп.

Арман қылып мөлдір аспан, таң алдын,
Айбатымен дірілдеткен хан алдын.
Мен, жарандар!
Исатай мен Махамбеттің ізі қалған көне жер,
Мен солардың қаны сіңген топырағынан тарадым.



Күйлерінен төгіп сазын даламның,
Әлдиіне құлақ түрдім ғаламның.
Мен, жарандар!
Күй құдіреті Құрманғазы жаяу кешкен жерлердің,
Жел ұшырған топырағынан,
Жел ұшырған топырағынан жаралдым.

Құдірет – талант сан-саласы санамның,
Түсінуге жетер ме екен ой-өрісі адамның.
О, жарандар!
Дина әжемнің салған сазы ма деп қалам,
Қоңырлатып салған әнін анамның.

Бой өсірдім лебіне еріп самалдың,
Сүрлеу болып құба жонға таралдым.
Құм-шоқылы, жазық дала, шағырлы,
О, туған жер, тек өзіңнен нәр алдым!

Сен біреуге
құм шөлейтті – сары дала саналдың,
Меңіреу, мылқау тар қапаста
жылдар бойы қамалдың.
Бірақ бәрібір мұңайта алмас өзіңді,
Өр ұлдарың Исатай мен Махамбет
Сен соларды бетке ұстап – ар қылып,
Тек солармен сен тарихқа
жамау болып жамалдың.

Туған жерім
Бар махаббат, барлық өзім – тек сендік,
Жүрегімді жыр ғып жағып,
Бар әлемге атыңды мен паш етем.
Мен Нарынның,
Мен Нарынның топырағынан жаралдым!



Ініме тілек

Ақ боранда түтеп жауған ызғырық,
Ұлпа қарды құрығыңмен сыздырып.
Жылқы бағып
құла түзде жүрсің бе өзің, қарағым,
Жастығыңның қызуымен
жапан даланы қыздырып?!

Сықырлаған аязда, сар далада
Торқасқанның ізі қарда қала ма?
Жылқы бағып
жапан түзде жүрсің бе өзің, қарағым,
Жастығыңнан жалын лаулап санаңа?!

Серік болып атаң, апаң, ағаңа,
Інілерді алып асқар панаңа.
Жылқы бағып құла түзде жүрмісің,
Ержеткеннен сенделгің кеп далаңа.

Сан асаудың бұғалық сап мойнына,
Өз күшіңе көңілің бір сәт тойды ма?
Кеште қоста күмбірлетіп күй шертіп,
Алда өмір сұрақтарын қойды ма?

Жеңіл жұмыс, тыныш жерді іздемей,
Ақпан боран, жаңбыр, суық, күз демей.
Ата – кәсіп жылқы бағып
жүргеніңе мәз болып,
Сар даланы серік қылып, түз демей.
Келген жоқсың бұл өмірге жоқ қарап,
Күндеріңді күйкі өткізбе соқталып.
«Ойламаса ой сасиды» деген бар,
Кессе арнасын өзендерде тоқталад(ы).



Асау – Өмір
Кетпес үшін өзінді ертең жығып сап,
Ұшқын атып жан-дүниең
лаулап осы шағыңда
Қайратыңмен қаусатқандай асауды,
Ар-намысты серік қылып ақылға,
Тағдырды да алғаның жөн,
Тағдырды да алғаның жөн ноқталап!

Жүрек соғып...

Арман қылып таудың асқар бастарын,
Жүрек соғып алас ұрып жас жаның.
Бейжай тірлік тілеп көрме өтінем,
Қанағат қып қол қусырып отырма,
Алдыңа әкеп жайса да өмір аспанын.

Жастығыңнан қайратыңды лаулатып,
Мейіріміңмен ізгілікті төгілдіріп саулатып.
Ақ сезімді ақ армандай күйттеп өт,
Сәл кір басса, жаңа жауған ақ қарға
Алғайсың сен аппақ қарға аунатып!

Серік қылып ар-намысты қайдалап,
Жағынбақ боп сөз сөйлеме – майдалап.
Дегеніңе жеткізеді нансаң сен,
Аппақ үміт, аппақ тілек Айдан ақ.

Кеудем менің

Кеудем менің
нансаң күйге толып тұр,
Жайдары жаз, жазық дала болып қыр.
Мен өзіңе қарыздар боп өтейін,
Тап осы сәт ерен іске жолықтыр.



Кеудем менің
нансаң күйге толып тұр,
Ойлы әуен, бар болмысқа қонып сыр.
Мен өзіңе ұмтылайын жетуге,
Жақсы ісіңмен еліктір де, соны ұқтыр.
Кеудем менің
нансаң күйге толып тұр,
Қатты-тәтті, сырлы-сазды болып жыр.
Жан-күйімді бей-жай етпес тап осы кез,
Әйтеуір сен бір іс тап
Шабытыма алайын мен от-жалын
Жүрмеу үшін
Күн өткізер жанбесіл жан болып құр.
Күн өткізер жанбесіл жан болып құр!

Ән салшы, құрбым Рая

Өмір бізді
Доп қылғысы келетіндей
Танытады сыңай, ә?
Бір азаптан бір азапты
Басып жатыр мұңая.
Қарсы жүріп арпалысып көрейік,
Өлең болсын ұзақ жолда жан серік,
Сырлы, сазды әуеніңді сағындым,
Ән салшы, құрбым Рая.

Отырған кез
Өз-өзіммен мұңайып,
Көңіл бұлтын көрмей сол сәт
Өз басыма лайық.
Алдыма алып ақ еркемді
Ана әлдиін бастаймын.



Нансаң, құрбым, содан қалам
Кәдімгідей тыңайып.

Сол сәттерде өз-өзімнен
Көріп дара бір айып,
Жете алмай-ақ өз-өзіме
Қалам бір сәт мұңайып.
Жүрегімнен қоңырлатып
Сазды әуен ән салам,
Содан кейін нансаң, құрбым,
Кетем өзім тыңайып.

Өмір деген не, досым?

Өмір деген не, досым?
Ақпандағы боран ба
Ораған ақ орамға?
Мамырдағы – гүлдер ме
Қызға сыйлап барарға?

Өмір деген не, досым?
Ет-жүрегім балам ба?
Салт-дәстүр ме қазақы
Сіңіп қалған санамда?

Өмір деген не, досым?
Ақ мейірімді Анам ба?
Ақ бесікті тербетіп,
О, жарық күн, айлы аспан,
Аман бол дер әмәнда.

Өмір деген не, досым?
Құба шөлде аңсайтын
Жалғыз жұтым су ма екен.

Рухын ердің көтерер
Қолға ұстар ту ма екен?

Өмір деген не, досым?
Ақ некелі жарың ба
Қардай аппақ арың ба?
Бәлкім өзің сезбейтін
Әлде қарау пасық па?
Қанын судай шашып та,
Бала елікті көздейтін.

Өмір деген не, досым?
Жеткізбес қусаң қол созып,
Алдамшы әлде сағым ба?
Тұлпар ма көкке шапшыған,
Тұрған сайлы бабында.
Жастық па әлде ерен күш,
Балауса балғын шағыңда.

Өмір деген не, досым,
Сенсің әлде олар ма?
Қимастан қалсаң айрылып,
Көңілің сірә толар ма?
Көңілге күлкі қонар ма?
Өмір деген не, досым?
Түлкі ме әлде жон асқан,
Ізбенен алдап адамды
Қиялап қашқан сонарда.

Өмір мынау айлы аспан,
Өмір мынау жарық күн.
Өмір жастар жайнасқан,
Асқақ үні халықтың.

Өмір мынау таза ауа,
Өмір үні ғарыштың.



Өмір ыза, күш-жігер,
Қайрат алып алыстың.
Өмір мына сен мен мен,
Әкең, анаң, достарың,
Өмір мына бар әлем –
Жатқан тігіп қостарын.

Өмір қатал, қатыгез,
Күтпе мейірім өмірден.
Қонбай жатса басқа бақ,
Ол да бәлкім өзіңнен.

Ана

Бар болмысы
мол мейіріммен таралған,
Ізгілік пен адалдықтан нәр алған.
Ей, адамдар,
Бәріңнің де үйлерің де,
Бәріңнің де үйлерің де өр-асқақ
білсең егер ерен сенің байлығың,
Аналардың ақ сүтінен жаралған!

Мың айналып жүрегінде бар арман,
Жан ләззатын таптым дейтін баламнан,
Ей, адамдар, Ана деген – періштең,
Өлсе-дағы өшпес сенің санаңнан.

Жас-жөніңнің шектемен еш арасын,
Батыр, ғалым әлде ғұлама – данасың.
Ана атты құдіретке бас иер,
Кім болсаң да
сен әйтеуір – Ана үшін баласың.
Анадан сен



ағайынды әлде жалғыз дарасың,
Бол ақылды,
ия әлсіз айырмас жөн арасын.
Бір жүрекпен бәріңді
Ана сүйер қалтқысыз,
Сен ауырсаң
батып оған сыздатады жарасын.

Аппағым деп
қай кезде де Ана сүйер баласын,
Азаматсың өзгеге сен –
ал анаға данасың.
Саған қауіп төнсе кенет
құрбан болып жолыңда,
Жамандықты алшақтатып,
жақындатпас арасын.

Ерен күшке
Ана атты жоқ болса да таласың,
Десең-дағы ана асқар,
ана әділет, панасың.
Қарау көңіл – қатыгездікті
қойса-дағы серік қып,
Көбің әлі
арқалап бір жүрсің бе деп қорқамын,
Жанға айтылмас ананың
мұң мен қосып наласын.

Ана сенің
бар байлығың, бақытың,
Сәнге тағар
алқаң, інжу-жақұтың.
Бірақ соны кеш ұғынып,
аһ ұрып қап жүрміз ғой,



Ей, адамдар,
Сол ананың өмір жойып жіберген соң,
Сол ананың өмір жойып жіберген соң –
Бақыты мен уақытын!!!

Ата-ана

Құлап-тұрып,
Бірде жылап, бір күліп,
Тап жанымда қол создырып,
Кейде шыңнан бір үміт.
Көңілімнің аппақ құсын
Аялап мен келемін,
Өмір-тағдыр өзенінде
Қалықтатып жүздіріп.

Арманымның асқарынан
Кейде көріп бір қызық,
Тек бір соның жолынан
Жан-дүниемді қыздырып.
Сендерді ойлап, аулым алыс
Жүрмін өзім ата-ана,
Сағыныштарым әжім болып
Ақ жүзімді сыздырып.

Сендер берген тәлімдерді –
өміріме азық қып,
Қозғау салып көңіліме
арман, тауым, жазықтық.
Қай тарапта
жүрсем де мен шарқ ұрып,
Тек сендер деп
алас ұрады көңілім
Туған жерім, туған ауыл
ата-ананы – қазық қып.

Сағыныштарымды жіберген кез
мұңға бөлеп наз қылып,
Көрші үйдің қызына хат –
маған арнап жаздырып.
Сендерді ойлап,
қанат байлап
ұша жаздап сәл қалғам,
Жете алмаған сәттерімде
Жан жылап,
«Тек сендер» деп –
кінә тауып өз сәбиімді жазғырып.

Өмір менен болып шықты,
болып шықты күштірек,
Іс бітірсем, бұрынғыдан
бітпегені түсті үдеп.
«Қыз – жат жұрттық»
ескілердің деп айтқаны екен шын,
Дегеніме ал бұнысы өз үйіңе бөтенсің.

Айналайын асқар тауым,
күміс күнім – ата-ана,
Мен сендердің бір гүлдерің
шыққан алып жотаңа.
Қайда жүрмейін,
Бар дүниенің жақсылығын
сірә тең көрмей өтермін
«Бақытты бол!» деп берген
жалғыз ауыз батаңа,
«Бақытты бол!» деп берген
жалғыз ауыз батаңа!



Тәуелсіздік тірегім

Жұртпен бірдей күн өткізіп жүремін,
Жұртпен бірдей ашық-жарқын күлемін.
Ойға кетсем қорқып кетем кей сәтте,
Жоқ болса мен қайтер ем деп – бұл Елім.

Ішер асқа, киер киім, жоқ алаң,
Кітап оқып, кино көрем, ән салам.
Тәуелсіздік – өмірімнің тұғыры,
Бақытына қазағымның болшы аман!

Барғым келсе қай жерде де төр ашық,
Деген сөздің кеткен құны – жол қашық.
Құба белді қас қағымда аттаймын
Бір минутта мен сағымды бел асып.

Жанды жалдап, ар саудалап жатпаймын,
Қуанамын, маған қазір жат қайғың.
Тәуелсіздік сенен алған қызудан,
Антарктида суығына да қатпаймын.

Тәуелсіздік – бәрін берген зор бақыт,
Жер жүзіне жандырғандай мол жақұт.
Ұлы істердің дүбіріне ілесе алмай кей сәтте,
Арнасынан адасардай жөн сұрады кейде уақыт.

Бәрі осының бізге берген зор байлық,
Жердің астын кернеткенде кен-май ғып.
Жер серігін ұшыртқанда өзіңсің,
Бір аттатып күндік жерді кейде айлық.

Бәрі осының бізге келген бақ-дәулет,
Қырға орнатқан асқақ қола, сән-сәулет.
Байда жалшы болған бір кез ердің қазір ұлдары
Бірі ғалым, бірі батыр – әлді әулет.

Бақ-дәулетті ата-бабам – мал деген,
Малдан қазір көрінбейді бар белең.
Мимырт тірлік көншітпейді көңілді,
Жәй жүрісім аяқ емес – сар желем.

Бақытты екен деп өтіпті – нан жеген
Күндерінде ата-бабам тар белең.
Көптігінен қара нанның жүр айтып,
Майға бөгіп кетіпті деп бар денем.

Ескіліктің тас-талқан ғып сілемін,
Тәуелсіздік, сенен нәр ап түледім.
Қысқа түнде он оянам ұйқымнан,
Жоқ болса мен қайтер ем деп – бұл елім.
Оқы, жөн тап – білім болса тілегің,
Болсын құштар жақсылыққа жүрегің.
Қай істе де саған қамқор әкеңдей
Ұлы Отан мен Тәуелсіздік – тірегің!

Ардагер және Тәуелсіздік
(80 жастағы ата-әжеге арнаймын)

Жаңа өмірдің мәнін, жөнін бала жастан ұғынған,
Жиырмасында кек-ызасын бостандық деп суырған.
Осы өмірді орнатқан жан
әлі де жүр арамызда, ей, адамдар,
Уақыт атты мейірімсізден өтуге аттап қол болмай,
Түсе жаздап тұғырдан.

Жаңа өмірдің бар жақсылығын алға мақсат,
арман ғып,
Бұл күресіне түскен от боп,
отырмай-ақ жанды аңдып.
Арамызда Алатау бір, шашы соның ақ қарындай,



Жүр ата-әже ақ тілегін келешекке ұшырып,
Тәулсіздіктен кетсе екен бодандықтан қалған бұлт.

Осы өмірдің іргетасын қолмен қалап тұрғызған,
Осы өмірдің азабында айрылған-ды ұл-қыздан.
Бар салмақтан өмір салған бүгілердей өр кеуде,
Жүр арада ата-әжемiз еркіндіктің кемесін
Ұрпағына бұрғызған.

Жаңа өмірді жайнатуға сарп қылып жастығын,
Бір ортаға бас боп қосып, мол дүние астығын.
Оққа төсеп бар болмысын кешегі Отан соғыста,
Жеңемін деп барын салған фашист иттің қастығын.
Жаңа өмірді жайнатуға салып күшін, жігерін,
Сол ақ жолда ту ғып ұстап аппақ үміт – тілегін.
Тек солардың арманының асқарындай бейбіт күн,
Жаңа ұрпақ, нәр алып сен тек солардан түледің.

Елге түскен бар қасірет тілді олардың жүрегін,
Ауыр қаза түскен жұртқа құлатардай тірегін.
Жуық арада ата-әжемiз қонақ бізге, ей, адамдар,
Түсіне алсақ бұл қимастық, бұл сағыныш, міне мұң.

Күндерінің көбін қазір үйде отырып өткізіп,
Өткен жылдар естелігі қабырғасын сөккізіп.
Ел боздағын жоқтап жылап аһ ұрған,
Жанарынан кекті жасын төккізіп.

Тұрған кезде күй күмбірлеп даламда,
Шүкір дейік мына нұрлы заманда.
Шыққан-батқан күн-түн деп бір заңдылық,
Ешкім қарсы сөз айта алмас өктемсіп,
Кәрілікте бір қасірет – ғаламда.

Таяқ таянып қалт-құлт басқан
Қартты көрсең, ей, адамдар,
Өтпе алдынан, бар жанына,
Қолын ал оның бас иіп.
Кәрі емес олар, тірі шежіре – от өмір,
Уақыт – ажал бір күн алып кеткесін,
Тәнті болып іздейсің сосын жанарыңа жас ұйып!

Тәуелсіздік таңы

Тәуелсіздік таңы – ашық аспан, жарық күн,
Ерен ерлік, ұлы істер мен шабытты үн.
Сан ғасырды артқа тастап келіпсің
Сан ғасырдың толғағынан,
Сан ғасырдың толғанынан – халықтың.

Бір қапастық алған кезде бетін торлап жарықтың,
Бір надандық жайлағанда парқын білмес нарықтың.
Тәуелсіздіктің ұлдарының сен ақылына от беріп,
Қайсарлыққа қайрат қосып, күш-жігерін жаныттың.

Жеткен шегі, бітіп төзім, жадау-жүдеу арықтың,
Шартараптан демеу беріп бір-біріне салыпты үн.
Қызған темір дәл соғылса жөн табар,
Тәуелсіздік, қасиетінді келер сенің дәл ұққым.

Заман атты тудырып сен анадан,
Қайрат атты Ер шығардың арадан.
Бар халықтың бағы үшін туды Алаш,
Ел басқардың жиылған сан – қарадан.
Көк туымыз көкте тұрған желбіреп,
Бір кезегім енді менің келді деп.
Алақайлап аспанға атты бөрігін,
Тәуелсіздік күнін қазақ көрді деп.



Тар жол, тайғақ кешу берген қуатты-ай,
Құм шөлдерге таза бұлақ су ақты-ай.
Жер серігі жұлдыздармен достасты,
Қонақ етіп берді төрін жырақта Ай.

Тар жол, тайғақ кешуде өтті ай-күндер,
Қанат байлап сан қияға талпынды Ер.
Тәуелсіздік шұғыласынан нәр алып,
Жаңа адам келді өмірге о, Тәңірім, қарқын бер!

Жан-дүниесі ізгілікке малынып,
Ел-жұртым деп ардан алқа тағынып.
Қиын кезде өткел болып тіл-білім,
Ұлттың қаны тамырында ағылып.
Кешегіден көш ілгері бүгінгім,
Жаңа өмір құрудамыз жабылып.

Тар жол, тайғақ кешуде сан шыңдалып,
Бой түзеп бір жас сұлудай ырғалып.
Тәуелсіздік таңы атқанда арайлы,
Еркіндігім барады әне туды алып!

Сұр заманда бұлт кетпеген басынан,
Жылдарыңда достарың аз, қасыңнан.
Тәуелсіздік, пайда болдың ба екен сен
Әжелердің өксігінен ашынған?!

Өктем қорлық пайда көріп малынан,
Жар құшақтың таттырмаған балынан.
Сұр заманға мәрт өліммен от тастап,
Ғасырларға махаббатын серт қылған,
Тәуелсіздік, нәр алдың ба екен сен
Қозы – Баян, Еңлік-Кебек қанынан.



Ақан зары, шарлады аттың дабысы,
Құлақ түрген дос-жараны, алысы.
Жетер жерде жете алмаған сөреге,
Тәуелсіздік бізге ұшырып жіберді ме
Арманда өлген – Құлагердің шабысы?!

Жас сұлудың аңсап салған әні боп,
Күлкісінен күндері мол зары көп.
Тәуелсіздік, тездеп бізге келдің бе,
Сара апамның айта алмаған әні боп?!

Арманының ақша бұлттай ары боп,
Жігерліге күш бергендей жаным-от.
Елім, жұртым деп өмірім сендерлік,
Опат болған ерен істің жолында,
Тәуелсіздігім, келдің бе өзің күш берер,
Алашымның армандаған жолы боп!

Сұм заманның татып уын жасынан,
Қорлық, күңдік, таяқ кетпей басынан.
Тағдырына нала айтқан жас төгіп,
Қайғы көріп ерте ағарған шашынан.
Ана сүтін көкке сауып ақ тілекпен тілеген,
Ұл-қызымды жеткізші деп мұратқа,
Ана тілек қалт кетпейді деуші еді,
Тәуелсіздік, пайда болдың бе екен сен
Сан ғасырда Аналар айтқан тілекпен,
Сан ғасырда Аналардың аққан жасынан!

Ей, адамдар

О, өмір, бақ-дәулет деп сенен енші сұранам,
Қызық көрмей кетіппін деп естімессің үнімді
Бой-бой болып жылаған.



Тәрк қылып дүниенің бар жақсылығын тілеймін,
Өлмейтұғын жүрсе деп тек өзіменен жыр аман.

Ей, адамдар,
мен сендерден сұраймын жалғыз қарыз ғып,
Тек жаныма шабыт берер, от таста деп, дара үздік.
Ұлылығың қалыс қалса, мен жырыммен паш етемін,
Жүрегіңнің мұң, тілегін айтайын да арыз ғып.

Ей, адамдар, мен сендерге жалғыз ғана айтарым,
Жырға қуат болатындай бар де менде байтақ үн.
Шабытыма шабыт қосшы құлашымды кең жаяр,
Ізгілікті айт, мейірімді айт, ездің айтпа айтағын!

Ей, адамдар, тек сендерден жалғыз ғана өтінем,
Бір-біріңді қорғап жүргін ызғырықты жел өтінен.
Қол ұстасып, күліп-ойнап, бір жүрсендер фәниде,
Мен нәр алып, қайрат жинап,
тек сендерден жетілем!

Ей, адамдар, болыңдаршы бір-біріңнің тірегің,
Бір-ақ жолда, бір мақсатта тоғыссыншы тілегің.
Жайып салдым жүректегі сырымды,
Біле білсең сендер жайлы мен өзім
Сендер жайлы жазылмаған – жыр едім!

Өмірге тілек

О, өмірім, менің күйкі тірлігімнен сыр түйіп,
Берші маған, қарамашы бұртиып.
Жұрт баспаған өзіме тән соқпақ бер,
Жатсын содан жүрегімде жыр ұйып.

Содан кейін бер маған тазалығын бұлақтың,
Жарық сыйлар жүрекке жарығын бер шырақтың.

Оны маған көп көрсең болайыншы өзен, көл,
Ол көп десең, көл сәні ажарын бер қияқтың.

Бер өмірін бойлай өскен шынардың,
Шынар-кеудем көкке өрлеп кетсін менен мұнар мұң.
Жаным-жайлау, жағама әлем ел сиып,
Ізгілікпен шөлін бассам бұлардың.

Шабыттансам мен дарханмын,
Өзім ақпан – боранмын!
Жаяу кезіп, айды, аспанды қазір ғана оралдым.
Жан-дүнием аязда атып қызғалдақ,
Ақ сезіммен жаңа жауған ақ ұлпаға орандым.

Міне, содан мен арынды ағыспен,
Қанат байлап арманыммен көк жүзінде табыстым.
Мен әйтеуір біреу деме қуыс кеуде, бор кемік,
Тұяғы бүтін тұлпардаймын үстінде өсер жарыстың.

Иә, иә, мен сондаймын жан-дүнием жарып көк,
Бар маңымды нұрға бөлер, жүрегімде жарық көп!
Пенделікпен «болып-толып» жыр буына мастансам,
О, өмірім, Ар алдында айтарым,
Сол заматта жетеле де,
Қолдан ұстап – о дүниеңе алып кет!

Кей жігіттерге

Бұл өмірге көп-ақ дерсің қосқаным,
Болсын ашық деп тіледім аспаның.
Нандым дейін – қосылғанда қол берер
Жалғыз ғана сұрайтыным, ер жігіт,
Айтшы бар ма жан қиысар достарың?!



Бұл өмірде көп-ақ дерсің – жеткенім,
Оған аян топтан озып кеткенің.
Нандым дейін – жақсылығың серт қылып,
Мұра етіп қалдырардай соңыңда
Бар ма сенің – еккенің?!

Бұл өмірде таудай дерсің талабым,
Сан сұраққа дерсің әзір – жауабым.
Ер жігітім, ар алдында айт қане,
Жүректерге қаяу салып қолға алып,
Тәкаппарлық атып па едің садағын?!

Сөз бен істің алшағы мол заманның
Өз шыңыңа шығалмасаң саған – мін.
Ей, жігіттер, айып етпей құлақ сал,
Сен тындырар сан істердің жауабын
Айтпай-ақ қой маған қара тер болып,
Ұғып қоям келерінен шамаңның.

Ақыл – жөнің, жігер – күшің – барыңның,
Жеткен шегін ұятың мен арыңның.
Ей, жігіттер, біліп қоям айтпай-ақ,
Қабағынан таңдап алған жарыңның.
Арам атқа ілессең кет, тұрмағын,
Тастөбеңнен біл Құдайдың ұрғанын.
Ішкі ойыңның жалынымен жалт еткен,
Жанарыңнан біліп қоям, жігіттер,
Күліп тұрып дос адамсып, ақылшы
Қапылыста сүріндіргің кеп,
Қапылыста сүріндіргің кеп тұрғанын!



Болар ем...

Ауырсаң кенет дертіңе дауа болар ем,
Іздеусіз қалсаң соңыңнан іздеп барар ем.
Қыран болғаныңды есіңе бір сәт салар ем,
Шүйіліп көктен иығыңа келіп қонар ем.

Бой сергітсең жайлы самал болар ем,
Тек біреумен дос болсам
Саған ғана жолар ем.
Аязды ақпан, түтеп боран қыс болсам,
Жаңа жауған сен аппақ
Қансонарым болар ең.

Мен құс болсам, сен деп қанат қағар ем,
Мен от болсам, шырақ болып жанар ем.
Бибігүлдің таза күміс даусы боп,
Мен ән салсам, тек өзің деп салар ем.

Бала жүрек жарлы жанға болар ем,
Бақ-дәулетім тек сендер деп санар ем.
Бұл күндерім сендерменен толмаса,
Толтырудың іздеп жолын табар ем.

Жаным десең, саған ғана ұнар ем.
Бағым десең, арың болар мына мен.
Бір сен үшін бәрі, бәрі болар ем,
Саған мекен болсыншы деп бұл әлем,
Маған мекен болсыншы деп бұл әлем,
Күндіз-түні бір Құдайдан сұрар ем!..



Менің көңілім

Күннің нұрын азайтсаң,
Гүл үшін бұл қасірет.
Ақылсыз бейпіл сөз айтсаң,
Ортаны жақсы бүлдіреді(i).

Ашық, жарқын таза көңілсіз,
Айтпай-ақ қой – тілегім.
Жан жаралар жақсы сөзіңсіз,
Қиналар менің жүрегім.

Үйдей ашу ызғырып жел,
Ызғарынан бүрісем.
Жұрт айтса, төк өзің біл дер,
Дау айтпаспын – дұрыс ем.

Гүл самал боп тербетілем,
Сенің жайлы үніңмен.
Жала өсекке не етіп ем,
Жас қой аққан – түнімен.

Жылы жаңбыр таңсәріде,
Гүл үшін бір – сән төбе.
Таза күлкім бол дәнекер,
Мен үшін ол – мәртебе.

Панам болшы саялайтын,
Өмір желі – досым ең.
Менің көңілім – гүл сияқты,
Түсін, Ая – ӨТІНЕМ!!!



СУРЕТТЕР ӨТКЕН КҮННЕН СЫР ШЕРТЕДІ





Әкем Жасқали



Нафиса (Нәпі) анам



Анам Нафиса (Нәпі), әкем Жасқали, қыздары Қаламқас, Бақыт және Сара 1957 жыл.
Октябрь туы колхозы Жаңақала ауданы



Ата-анам 1 мамыр мерекесі. Орал қаласы, 1982 ж.



Қызым Дидар, ұлым - Әділбек, анам Нафиса, әкем
Жасқали және мен. Орал қаласы, 1986 жыл



Әкем жиендерінің ортасында.
Алдыңғы қатарда: Дамира, әкем, Әділбек.
Екінші қатарда: Дидар, Асылбек, мен, Гүлмира,
Ақылбек. 1985 ж.




Дайыр - Бақыт



Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы
институтының 3-курс студенті 1964 жыл Орал
қаласы



Студенттік достар бірінші қатар Жәмиля, Бақыт, Қаламқас. Екінші
қатар Бағиля, Қиуаш, Жаңылсын, Меруерт. Үшінші қатар Ұлмкен, Дату



Қазақстан ЛКСМ 11 съезінің делегаттары. 9 сәуір 1966 жыл



Орал облыстық Кәсіподақ конференциясы. 1975 ж.



Қазақстан ЛКСМ 11 съезінің делегаттары сәуір 1966



Орал қаласы, 1990 жыл



Асылбек пен Азамат



Асылбек, Раура, Азамат



Азамат Мәскеу әскери академиясын бітіріп келгенде, Астана, 2021 ж.



Оңнан солға қарай: Дайыр, Бақыт және келінім Раура;
Құдам Серік пен құдағым Майра



Солға қарай отырғандар: Дайыр, Бақыт және Дидар
Жоғарыда Асылбек, Азамат, Өділбек, Ақылбек



Жоғарғы қатарда: Дайыр, құдам Әлібек, Ақылбек пен Айгүл
Отырғандар: құдағым Қанипа, жиендерім Жәмилә, Әсия, Әлішер және мен



Айгүл мен Ақылбек



Ақылбектің отбасы



Ақылбектің отбасы



Айгүл, Дидар, Өділбек,
Өлішермен 2007 жыл



Әсия Ақылбекқызы Шанхай университетінің 5-курс студенті




Немерелеріммен саябақта. Өлішер, Нафиса, Әмина, Айша, Жәмилә



Бірінші қатарда отырғандар: немерелерім Әмина, Нәфиса, Айша, мен Жәмилә, Әсия
Жоғарыда қатарда: Дайыр, Асылбек, Азамат, Өлішер



Құдам Қайролла және құдағым Айман



Алмас - Дидар



Дидар, Өлішер, Нафиса. Мәскеу, 2019 ж.



Асылбектің үйінде қонақта.

Отырғандар: Нафиса, Әсия, Әмина, Дайыр, Жәмилә, Айша, мен, Қасан.
Жоғарғы қатарда: Алмас, Асылбек, Өлішер, Раура, Айгүл.



Әділбек пен Асылбек



Әділбек Президенттік оркестрде



Асылғаным, Құсайын, Қабира, Фарит, Әпуза, Ермек және мен



Сафура, Шолпан, Жеңіс, Меруерт және мен



Бірінші қатарда отырғандар: Дайыр, Базарғали, Мәулеш, Евгения
Екінші қатарда: Ләззат, Мақсұт және мен



Қоқан құда 80 жаста.
Солдан оңға қарай: Төлемырза, Дүйсенкүл, Бақыт, Әмірбек, Дайыр, Мәдина, Марат,
Тойшыбек, Жасұлан және Қоқан



Астанада Ақбөбектің тойында бас қосқанда.
Солдан оңға қарай: Жасқайрат, Балайым, Мөруерт, Бақыт, Мақсұт, Елеусіз, Ғабит,
Меңсұлу, Садуақас, Айгүл, Сәруар, Айбатыр, Ардақ.



Астаналық аналар бас қосқанда.
Отырғандар: Баян, Нұрсұлу, Мәулеш, Ардақ
Жоғарғы қатарда: Меңсұлу, Бақыт, Тамара, Евгения, Ләззат, Анар



Жиенім Гүлмираның үйінде.

Бірінші қатарда: Шынтас, Сүлеймен, Азат, Қайыржан, Тілекжан.

Екінші қатарда: Батыр, Әлібек, Қанипа, мен, Қаламқас, Мәншүк, Қамар, Гүлсара, Гүлмира



Әлішер (О.А. Жәутіков атындағы физика-математика мектебінің 9-сынып оқушысы),
Әсия (Кока-Кола халықаралық компаниясының менеджері),
Жәмила (Аризона университетінің 1-курс студенті, АҚШ)

Екінші бөлім



КЕЙІПКЕРЛЕРІМ – СҮЙІКТІ ЕРЛЕРІМ





Жайсаң жан – елдің мақтаны

Ас бөлмеде Нұрсұлу екеуіміз рахаттана шәй ішіп отыр едік, үйге қарай ентіккен жас баладай, босағаның жоғары жағына ілінген қоңырау «Қонақ келді!» деп соққандағы сыңғыры, көтеріңкі жарқын дауыспен айтылған, Алла атынан берілер сәлем «Ассалаумағалейкүмге» ұласқанда, Зарип ақсақал «Уағалейкүмассалам» деп кішіпейілділікпен әлік алғаны келгендерді төргі бөлмеге өткізуге негіз болған-ды.

Шамасы ауылдан келген адамдар болды ғой. Біз де барайық, – дейді Нұрсұлу үй қызметшісіне дастархан мәзірін әзірлеуді тапсырып жатып.

Мына жігіттер Айдарханнан келіпті, – дейді Зәкең амандасқан жігіттерді таныстырып сосын бәйбішесіне күле қарап, «Біз ауылдан кеткенде мектепке өнді барған Кәрім көршінің баласы Нұрлан ғой, қарашы қандай азамат болған?» деп толықша келген қараторы азаматты нұсқай түскенде, – мамаң Дәмелі тың ба? – деді Нұрсұлу замандасын еске алып.

Сол жолғы кездесудегі жерлестердің емен-жарқын әңгімесінің қайсыбірін айтайын, оны айтудың реті де болмас тек жүрек түкпірінен орын алып, жүрек қылын қағар тұсы болмаса.

– Ауылда мәдениет үйін ашпақпыз,- дейді Нұрлан сөз арнасын келген шаруасына бұрып. – Ол бұрынғы селолық клубтың негізінде орналасады. Онда қосымша кітапхана, жастарға арналған әртүрлі үйірмелер үшін кабинеттер болады. Сол клубты бұдан 70 жыл бұрын колхоз басқармасы Дүйсенбай Суханов өзі бас болып салдырған екен. Ғимарат әлі мықты, ауыл адамдарының сұрауы мен елдегі ардагерлер кеңесінің өтініші бойынша және Айдархан селолық әкімшіліктің қарары негізінде, сол Мәдениет үйіне кезінде «Новый путь» колхозын миллионерлер қатарына қосып, Орал облысы бойынша 1-орынды талай рет иемденген колхоз басқармасы Дүйсенбай Сухановтың есімі берілсе екен деген өтініштерді арқалап келіп

отырмыз-, деді Нұрлан бөлек-бөлек жазылған қағаз беттерін үстелге қойып. «Басқарма ағамыз дүниеден әлдеқашан өтсе де, мұрагер ұлы Сіз барсыз. Сіздің тек «Рұқсат» деген қолтаңбаңыз керек» – дейді ол рахаттана сөйлеп.

Бұндай тосын әңгімені күтпеген Зәкең үнсіз қалды...

Өмірде ілеу де бір кезігетін осы оқиға көпке дейін ойымнан кетпей қойғаны. Кім еді бұл Дүйсенбай Суханов деген. Ауыл-аймақ, бір атырапта болса да, неге осы кезге дейін білмегенмін?. Ал білетіндер неге жақсылардың істерін көбірек жария етіп өзгелерге айтпаған?

Күн артынан күн, түн артынан түн, ай артынан ай өтіп, ізін білдірмей жылжыған жылдар-ай... Әлде тұрмыс атты тіршіліктің қамымен жүріп жақсының жақсылығын айта жүрер қазақы қағидамыздан жаңылдық па?

Биылғы жылы ертелеу жауған аппақ қар күн көзімен шағылысып лағылдай жарқырайды. Мен болсам Астананың «Ақбұлақ» деп аталатын тұрғын үй кешеніндегі сыртқы қабырғаларының өзі оюмен көмкерілген италян үлгісімен салынған әдемі үйлерге таңдана қарап, солардың арасында Зарип ақсақал тұратын б-үйді іздеймін.

Жылдың қай мезгілі болса да, сыпайы да сәнді киініп, үлкенге де, кішіге де, жасқа да, кәріге де ерекше мейіріммен қарап, ақсары жүзінен ылғи да жылылық пен бекзадалықтың лебі есетін Зарип ақсақал өз ортасынан әркез ерекшеленетін. Өткен жолғы жерлестерімен болған әңгімеден кейін оның өскен ортасын, өнегелі өмір жолын білгім келіп кеткені...

Ия, тұлпардың тұяғы деп ауылдастары әркез құрмет тұтатын Зарип Тояшев 1933 жылы Батыс Қазақстан облысындағы Нарын құмынан 50-60 шақырым жердегі Факей ауылында дүниеге келіпті.

«Менің дүниеге келген ауылымды атақты жер» дейді Зәкең күле сөйлеп. XVII-XVIII ғасырда қазақ жері орыс патшасының әмірімен талан-таражға түспеді ме? Татар халқы ақ патшадан құнарлы жер сұрағанда қазақ өлкесін қақ бөліп нағыз сулы,



құнарлы Қара өзен мен Сары өзеннің тоғысар тұсынан Татар халқына жер берген. Олар сол жерге қала салып астанасын «Новая-Казань» деп атамақшы екен. Кеңестер Одағы кезінде Жаңақала ауданының орталығы болған «Новая-Казань» селосында татар байларының салдырған үйлері әлі де бар.

«Ал «Факей» селосы болса, 1912 жылғы Наполеонмен соғыста ерлік көрсеткен орыс генералы Факеевтің жазғы жайлауы. Тарих қойнауында заман өзгеріп, талай қала қирады, қаншама адамның өмірі қиылды. Бірақ жер атаулары халық арасында әлі де сақталуда», - дейді ол өткенге ой жіберіп. Елу жылда ел жаңа дейді, бабалар біліп айтқан ғой. XX ғасырдың басындағы Азамат соғысы, Октябрь революциясы, «Большевиктік партияның басшылығымен жаңа заман орнатамыз!», «Бәріміз тең боламыз, әйтпесе, кем боламыз!», «Байлар жойылсын, кедейлерге кеңшілік!» деген ұрандар заман ағымын тағы бір тарихи толқынмен толқытқанын 1910 жылы дүниеге келген Дүйсенбай Суханов сол оқиғаларды көріп, естіп, біліп өсіпті.

Ол жаңа заман іргесін қалау үшін артель кооператив, колхоздастыру сияқты ауыл ішіндегі тарихи оқиғалар мен кезеңдерді ауылдастарымен бірге бастан кешірген. Көрші Пятимар ауылында Кеңестер Одағының Маршалы С.Буденный жылқы заводын құрғанда 17 жасар Дүйсенбай екі жыл жылқы бағып, тапқан табысына пар ат жеккен арбаны алып, ата-анасының ауылына келгенде 19 жасар жігіттен көп үміт күткен ауылдастары оны бірден жаңадан ұйымдасып жатқан колхозға басқарма етіп сайлапты.

Бұл 1929 жылы болатын.

Өмір атты өткелде ай сайын емес, күнбе-күн, сағат сайын кездесіп жататын арпалыс, күрестің қайсыбірін айта бересің. Тек бір кездегі шағын колхоз жылдар өте үлкейіп, оның адамдары адал еңбекте шыңдалды. Шағын-шағын қыстақтардан тұратын колхоз төрт бөлімшесі бар үлкен шаруашылыққа айналды. Қой, сиыр өсіретін бөлімшеден басқа жылқы көбейтіп, соғыс

жылдары лек-легімен вагонға тиетіп армияға аттандырды. Ал түйе жүні Кеңестер Одағы кезіндегі ең қымбат экспорттық тауар болатын. Табысы өскен колхоздың қаншама адамдары қол жеткен жетістігі үшін Кеңестер Одағының орден, медальдарымен наградталды. Ал колхоз болса таза пайда табудан облыс көлемінде миллионер атанса, «Новый путь» колхозын қатарынан 30 жыл басқарған колхоз басқармасы Дүйсенбай Суханов Ленин ордені, Отан соғысы ордені, Құрмет белгісі, Еңбек қызыл Ту орденімен қатар бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталды.

– Әкемнің өмірден өткеніне 50 жыл болса да, айналайын ауыл адамдары еңбегін әлі ұмытпапты. Өткендегі Мәдениет үйіне оның есімін беру шарасы соның айғағы ғой,- дейді Зәкең сабырмен.

– Әкеңіз өмірден жас өтіпті ғой, ауырды ма?- деймін ойға шомған Зарип ағаның көңілін бөліп.

– 1961 жылдың ақпан айы еді, әкем бір топ адаммен облыстың партия пленумына кеткен болатын. Трибунада сөйлеп тұрғанда жүрегі қысылып, дәрігерлер келгенше қайтпас сапарға аттанған. Құлағанды тұрғызамын, жылағанды жұбатамын, қайтсем де кезіккен бір кемтарға көмектесемін деп жанығып жүретін еді. Содан жүрегіне салмақ түсті ғой деп отыратын анам Маупиха, – дейді Зәкең өткен күндерді еске алып.

Әкемнің әкесі Суханнан Тояш, Дүйсенбай, Сисенбай атты үш ұл мен Халида атты қыз тараған. Әкемнің ағасы Тояшта бала болмағасын мені бір жасқа толмай-ақ аға-жеңгесіне бала етіп беріпті. Ол кездері ағайынды адамдар өте тату болған ғой. Сөйтіп мен Тояшұлы болып жазылыппын,- дейді Зәкең ағынан жарылып.

– Қазақта «Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі»- деген қағида бар. Сіздің өмірдегі еңбек жолыңыздың қалай қалыптасқанын білсем деймін?

– Балалығы соғыс жылдарына тап келген қай ауыл баласы бақытты өмір сүрді дейсіз? Мен де солардың бірімін.



Басқарманың баласы болып еркелеп не еркінсуді білген жоқпын, қатарлас ауыл балаларымен бірге жазғы демалыста сарелмен шөп шауып, малға қысқы пішен дайындадық. Егін піскенде масақ тердік. Қой төлдегенде шопандарға көмекші болып, сахманшы болу барлық оқушы атаулының міндетіндей еді. Соғыс кезінде мектеп директоры болған жаны жәннатта болғыр Губайда Әбдіғалиева апайымыз оқушылардан бригада құрып, колхозшылар жинаған май мен етті, бидай мен жүнді, ауыл әйелдері майданға көмек деп тоқыған киімдерді үкіметке тапсыру үшін ауылдан 250 шақырым жердегі темір жол станциясына апару үшін топ бала бір-бірден арбаға отырып кіре тартатынбыз. Бұл өткен өмір. Бәрін көріп, біліп өстік. Тек ұрпағымызға ондай бейнетті көрсетпегей, Тәңірім.

Бұл – Зарип қарияның Жаратушыға жалынар тілектерінің бірі.

Ол өзіне мансап пен атақ, байлық пен жайлы орын іздеген жоқ. Соғыс жылдарындағы қайғы мен қасірет, азап пен бейнетті бастарынан өткізген ауылдастарының жүдеу бейнесі оны ел ішіндегі ағартушылық бағытқа бейімдеткен. 1950 жылы Оралдағы педагогика училищесін үздік бітіріп, ауыл мектептерінде сабақ берді. Басы бос, тіл қайтармайтын жас жігіт аудандық оқу бөлімі қайда жұмсаса, сонда баратын. 1952 жылы кадр жетпей жатқан арқадағы Қостанай облысының Таран ауданында ұстаздық етті. Сол жақта жүріп армия қатарына шақырылды. Жаратқанның әміріне шек бар ма, Нарын құмының төл перзенті жер шетіндегі Тынық мұхиттағы Куриль аралдарынан бір-ақ шыққан. Алған білім өмірлік азық қой. Солдатқа шақырылғандардың арасынан білімі бар, каллиграфиялық жазуы жақсы деп шекарадағы артиллерия ротасының құпия бөлімінде құжаттармен жұмыс істеуге қалдырылды.

Түпсіз терең Тынық мұхитты еншілеген Жапония мемлекеті мен КСРО арасындағы шекара күні-түні күзетте болатын.

– Өмірде не болмайды дейді Зәкең күлімсірей, бірде рота командирі көмек сұрағаны. Ол кезде де жауынгерлік антты солдаттар жеке-жеке шығып жатқа айтатын. Мына солдатқа неше күн болды антты жатқа айтқыза алмадық. Оқып, жаза білмейтін қазақтың ауыл баласы орысша антты қайдан ұқсын? Содан жоғарғы жақтағылардан қазақша айтуға рұқсат алдық. Бірақ шатасып нақпа нақ айта алмайды.

– Не білесің деймін?

– «Қамажай» әнін білемін.

– Онда сол өлең сөзін әндетпей жатқа айт жарайма.. Сөйтіп, одан да өттік-ау дейді ол күліп. Содан оны асханаға ауыстырттым. Бірде жүгіріп менен конверт сұрай келгені. «Оны қайтесің, жаза білмейсің ғой?»- деймін. «Анам әскерге аттанарда: «Ақ қағазды бүкте де конвертке сал. Адресі жазылған хат ауылға міндетті түрде келеді, сол ақ қағаз арқылы сенің амандығыңды біліп жүремін» – деген. Бала үшін шіркін ана атаулы нені ойлап таппайды? – дейді ол өткен күндерді мұңдана еске алып.

Сөйтіп, 3 жыл бойы Куриль аралдарында Отан алдындағы борышын өтеген Зарип Тояшевтың алдында таңдау тұрды. Полковник Василий Катаев Ленинградтағы әскери-теңіз флотының училищесіне жолдаманы беріп тұрып: «Коммунистік партия мүшелігіне өттің, болашағы зор әскери адам боласың, қайтсең де осы оқуға бар»- деген.

Сол кезде Ленинградқа кететін едім. «Егер оқуға кетсең, менен күдерді үз» деп хат жазған осы Нұрсұлу ғой»- дейді Зәкең қасында отырған бәйбішесіне еркелей қарап.

Өмірдің өзі – жол. Оның бұрылыс мен бұралаңы, асу бермес белестері, жан төзгісіз қайғы мен қасіретіне қоса көңілге қуаныш сыйлар сәттері де жетерлік. Армиядан келгесін 1956 жылы «Новый путь» орта мектебінде физика мен математикаға қоса неміс тілі мен орыс әдебиетінен сабақ берді.

– Соғыс ауыртпалығын жастайынан көріп өскен ауыл балаларының білімге деген құштарлығы ғажап еді ғой, - дейді



Зәкең сол күндерді еске алып.– Класта бір оқушы жақсы бір әдеби кітап оқыдым десе, сол шығарманы бүкіл кластағы оқушылар іздеп жүріп тауып, оны оқып, бәрі жиналып талқылайтын. Ұстазды сыйлап, айтқанын орындап, көшеде кезіге қалса, алдынан өтпеу олар үшін жазылмаған заңдай еді.

1957 жыл. Жаңақала аудандық комсомол конференциясына делегат болып сайланған ол өз мектебіне қайтып келмейтінін білген жоқ.

Армияда болып келгенін ескеріп, адамдармен жұмыс істеу қабілеті жоғары әрі аудандағы ең жас коммунист деп делегат мүшелері бірден аудандық комсомол комитетінің 2-хатшысы етіп сайлады.

Жастықтың өзі жалын от. Бағбаны келіссе олар алмайтын қамал, жеңбейтін жау жоқ. Соғыс жылдары ауылдағы қиындық пен бейнетті көріп өскен жас комсомол мүшесі бейбіт еңбектің ауыртпалығын көтеріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға негіз салды.

Комсомолдар техника тілін меңгеріп, қол күшін алмастырып тракторға отырды. Жер жыртып егін салды, алыс жолды жақындатып, машина рөлінде отырды, соғыстан қайтқан мүгедек әке мен ауыр жұмыстан белі бүгілген ананы ауыртпалықтан босатып, шопан болып қой бақты, сауыншы болып сиыр сауды.

Сол жылдары ауыл, аудан, облыс республика көлемінде таланттыға жол ашар өнерпаздар жарысы өтіп жатты. Бұл 1957 жылы Мәскеуде өтетін дүниежүзілік жастар мен студенттердің 6-фестиваліне әзірлік еді. Аудан көлеміндегі комсомол жетекшісінің игі істері қаншалықты қиын болса, соншалықты қызықты да болатын.

«Өмірде бір шүбәсіз бақыт бар. Ол – өзгелер үшін өміріңді арнау» деген ұлылар.

Пенде аз-кем тірісінде артында қалған ұрпағымен де, істеген жақсы ісімен де атын қалдырады.

Көп сөзбен ісі жоқ, жұмыс бабында күйіп-пісіп өзгені сөгіп жан жаралар сөз айтып көрмеген Зарип Тояшұлы қандай жерде жұмыс істесе де, өз ортасында сыйлы еді.

Партия қайда жұмсаса, сонда барды. Бірнеше жыл Жаңақала аудандық мәдениет бөлімін басқарды. Сол жылдары қазақтың ұлттық өнерінің өркендеуіне үлес қосты. Әсіресе, ауданда ұлт аспаптар оркестрін құрып, Қарағанды қаласында ұлттық киімдер тіккізу үшін облыстық мәдениет және қаржы бөлімдерінен 180000 сом (бір жүз сексен мың сом) ақшаны бөлдіру үшін қаншама әкімшілік пен партиялық жиындарда сөз сөйлеп дәлел келтірді. «Музыкалық білімі жоқ ауыл адамдарынан оркестр құру мүмкін емес» деп даурыққандар да жететін.

Бірақ халықтың қазына екенін өмір тағы да дәлелдеген. Өзі бас болып домбыра тартты. Өзі қатарлас өндірістің әр саласында жұмыс істейтін домбырашылар Сағат Қуанов, Мақи Ерғалиев, Болат Мақатов сынды замандастары ауыл өнерпаздарымен бірге күні-түні дайындықта болды.

Облыстық байқау басталып, ұлттық киім киген Жаңақала ауданының өнерпаздары Дәулеткерейдің «Саржайлау», Құрманғазының «Төремұрат», «Адай» күйлерін орындағанда, зал толы көрермен түрегеліп тұрып қол соққан сәттегі қуаныш пен құрмет оркестр құрамындағы әр домбырашының жүрегінде ұмытылмастай шадыман шаттық сыйлағаны анық.

Сол жолы байқауға қатысқан облыс көлеміндегі 16 аудан ішінен 1-орынды иемденіп, республикалық өнер сайысына жолдаманы жеңіп алды.

Қоғамға аса қажетті игілікті іс тындырған адамның өзге жұрттан иығы әркез биік көрінетіні ақиқат. 20 жыл ұстаздық еткені ай-күнімен қатталып еңбек кітапшасында жазулы. Күнделікті тұрмыста ол жәйттер байқалмаса да, тағдыр кезіктірер тағы бір жол айрығында оның кәдеге асқаны – 1987 жыл. Балаларының үлкені Нұржан мен Айжан институт бітіріп, Алматыда жұмысқа қалып, кейінгі Серік, Ақзира, Мереке,



Максим сынды ұл-қыздары Алматыда студент атанған кезеңде Нұрсұлу екеуі «Алматы» санаториясына демалуға жолдама алғаны. Демалыс үйі Алматыдан 10 минуттық жерде тау баурайында екен. Ұл-қыздарымен күнбе-күн табысып қуанышқа бөленген күндер еді. Бірде демалыс үйінің дәлізіне ілінген хабарландыруға көзі түскен. Онда демалыс үйінің шаруашылық бөліміне басшылыққа адам таңдалады. Конкурсқа қатысамын деушілер мына мекенге құжат көшірмесін жіберсін деп адресін көрсетіпті. Сөйтіп, арада үш күн өткенде бұл демалыс үйінің директорының алдында отырды.

– Мені қандай себеппен осы орынға лайық деп таптыңыз,- деп ол қарсы сұрақ қойғаны.

– 45 жылдық жұмыс өтіліңізде бірнеше рет мәртебелі орындарды басқарғаныңыз өз алдына, 30 жыл мектеп директоры не орынбасары болыпсыз. Қазақ КСР оқу Министрлігі берген оқу-ағарту ісінің үздігі деген белгіңіз бар, бірнеше медальдің иегерісіз, «Жаңақала ауданының құрметті азаматы» және запастағы полковник деген куәлігіңіз тағы бар. Бұл біз үшін жақсы мәліметтер,- дегені.

Сөйтіп, 54 жасында туған ауыл, ел, дос-жаранды, жақындарын тастап, Алматыға көшті. Араға ай өтпей санатория екі бөлмелі үй берді. Нұрсұлу балабақшада тәрбиеші. Ұл-қыздары сабақтан, жұмыстан шыға үйге келіп мәре-сәре болған сол жылдар естен кетер ме? Санаторияда жүріп қазақ халқының талай зиялыларымен танысты. Жазушылар Әнуар Әлімжанов, Ақселеу Сейдімбеков, домбырашылар Шамғол Қажығалиев, Шәміл Тұяқов, қауіпсіздік саласының қызметкері әрі жерлес Әжмұрат Жармұханов «Нұрсұлудың тәтті шәйін сағындық»,- деп үйге жиі келетін.

«Айта берсе, ол тұтастай бір өмір»,- дейді ол күлімсірей.

«Бақыттың дәмін татқан біледі» дейді біздің дана халқымыз. Жасы сексеннің сеңгіріне шығып, бұдан 60 жыл бұрын ғашық болып қосылған жары Нұрсұлу да қасында, ұл-қыздарының бәрі де жоғары білім алған, жұмыста өз істерінің шебері.

Немере мен шөберенің қызығына батқан атасы Зарип ақсақал өз өміріне дән риза.

– Тұңғышымыз Нұржан дүниеге келіп, тәй-тәй қадам баса бастағанда әкем оны үйіне алып кетіп, бауырына салды. Ол кез жеңіл машинаның жаңа шыға бастаған кезі еді, әкемнің үкімет сыйлаған «Зил» машинасы болатын. Нұржан да бізден гөрі атасының қасында болуды қалайтын. Бірде екеуі біздің үйге келді. Немересін еркелетіп отырып: «Осы менің Нұржаным бәріңді асырайды әлі», - дегені. Содан 4-5 ай өткесін әкем дүниеден озды. Бірақ сол сөзі мәңгі есімде қалып қойыпты.

Айтқанындай, тап қазір Нұрсұлу екеуміз Президент әкімшілігінің қызметкері, полковник Нұржанның қолындамыз. Келінім Гүләйім да өте бір ибалы жан. Немерем Әмір қазір Назарбаев мектебінде 7 сыныпта оқиды. Оған бала кезінен шахмат ойнауды үйретіп едім. Қазір өз қатарластарының арасынан үздік шығып, ылғи да жарыс жеңімпазы атанып жүр. Мынау сол Әмірдің жеңісіне берілген мақтаулар, - дейді Зәкең үйдің бір қабырғасын алған диплом мен мақтау қағаздарын көрсетіп.

Ал Айжан қызымыз «Эйр Астана» компаниясында басшы қызметте. «Жақында шөбереңізді әкеліп сәлем бергіземіз», - деп қуантты. «Осы аптада келіп қалар», - дейді ол.

«Өнегелі өмір жолыңызды өзгелерге айтсам қалай қарайсыз?» дегім келіп бүгін тағы да Зарип ағаның үйіне келдім. Нұрсұлу үйде екен.

– Бүгін сәрсенбі ғой, Зәкең «Әмірдің мектебіне» кетті, - дейді ол.

Сосын менің түсінбегенімді ұғып, сөзін жалғады.

– Осы аулада 5 үлкен үй бар. Әмір қатарлас балалар осы үйдің жертөлесіндегі бір бөлмеде жиналып дойбы, шахмат ойнап, домбыра да үйренетін. Олардың мұғалімі біздің Зәкең. Қазір Әмірдің сабағы қиын, сондықтан оған көп бара алмайды. Бірақ қолы бостау, оның достары сәрсенбі мен сенбіде «Ата, сізді күтіп отырмыз» деп жүргені. Ал шахмат десе, Зәкеңнің өзі



сағаттың қалай өткенін байқамайды, 2-3 сағат үйге келмейтіні анық,- дейді.

Өмір дегенің өзі үлкенге де, кішіге де санаулы сағаттардан тұрады екен.

«Тағы бірде келермін» дедім де, үйден шығып, автобус аялдамасына бет алдым. Осы сәтте «Зарип ақсақал тап қазір қандай баламен шахмат тақтасында сайыс өткізіп жатыр екен?»- деген ой келді.

Кенет есіме қазақтың «Бірінсіз бірі, ұсақсыз ірі болмайды» деген нақылы түскені. Кім біледі, күні ертең сол балалардың біреуі шахмат тақтасындағы тартыстарда талайды жеңген А.Карпов, Г.Каспаров сынды қазақтың атын әлемге әйгілейтін даңқтыр шебер болып шығар?! Сол кезде ол жертөледе басталған шахмат ойынын және ұстазы болған Зарип атасын, Өмірдің мектебін міндетті түрде есіне алады.

Мүмкін жабылып жазып, айқайлап айтып таба алмай жүрген ұрпақ тәрбиесі дегеніміз осы шығар.

Тәңірім, жақсы жандардың жарқын ісіне шапағат нұрын төге бер!

«Төртінші билік» газеті

15.03.2017 жыл

Есімі жүректерде сақталады немесе (жақсының аты қалар, хаты қалар)

Күні мен түні, ағы мен қарасы, қуанышы мен өкініші, жақсысы мен жаманы, бақыты мен қайғысы қатар алмасқан тіршілік атты тылсымның тағы бір жылын артқа тастадық.

Кез келген жанға мейіріммен қарап, аққұба жүзінен ылғи да жылылық шуақ шашатын математик жазушы Қайыр ағаның бұл өмірден өтіп, бақилық болғанына да бір жыл толыпты.

Адам атты пенденің өзегін өкініш қанша өртесе де, Жаратушының бұйрығына бағынудан басқа шараң жоғына сенесің, тағдырыңа әмірін жүргізетін бір күш барын мойындайсың. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы да.

Бұл 1963 жыл еді. Оралда жаңадан ашылған Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының бас ғимараты алдында тұр едік. Жанымызға тоқтаған автокөліктен ұзын бойлы, аққұба жүзді азамат жуан бұрымы тілерсегіне түскен әдемі келіншегі мен кішкене екі қызының машинадан түсуіне көмектесіп жатты. «Ағай осы оқу орнында жоғарғы математикадан сабақ береді екен, ал жұбайы химия пәнінің ұстазы», - десті білетіндер.

Бұл Қайыр мен Надежда Бектұрғановтарды алғаш көруім еді. Қазақ мектебін бітірген, орыс тіліне шорқақ мыңдаған студент жоғарғы математикадан жарамды баға алып келесі курстарға көтерілсе, ол тек Қайыр ағаның жастарға қамқорлығы дер едім. Мен де солардың бірімін.

Оның мамандығы математика пәнінің оқытушысы еді. Қарапайым адамның ақыл-ойы жете бермейтін ғаламның тылсымының тұрағын болжап, есептеп, айқындап, нақтылап түсініп, оны тіршіліктің қажетіне жарату жолдарын бұдан бірнеше ғасырлар бұрын зеректікпен зерттеп, даналықпен ой түйген аттары әлемге танымал Орта Азия елінің алыптары сияқты ғалым ойшылдардың ілімін математика пәні арқылы ол өзгелерге үйрететін.

Жолдың екі ернеуіндей, өзеннің қос жағасындай өмірде бір-бірімен қиылыспайтын сәттер де болады. Жәй қараған адамға математика ілімі мен жазушылық бір-бірімен жанаспайтындай, біреуі екіншісінің бағытымен санаспайтындай әсер қалдырады.

Университетте сабақ бере жүріп Қайыр аға жазған бірнеше әңгіме, повестер республикалық газеттер мен журналдарда жарық көрді.

Ол – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ал өткен ХХ ғасырдың аяқ кезінде жазылған «Ат жалы», «Кер толғау»,



«Қатқақ» атты романдарын Батыс өңірінің төл тарихының жылнамасы десе де болады. Оның ержүрек, ақылды, күнәдан таза, талғампаз кейіпкерлері, тек қазіргі ұрпақ үлгі алар жандардың ғана емес, келесі ғасырдың адамдарына да үлгі болатыны айдай ақиқат.

Ғұмыр мәңгілік болса ғой, шіркін! Ол, әсіресе, Қайыр ағадай лағыл сезімді ақыл төзіммен ауыздықтай білетін, лепіріп мақтанбайтын, ешкімнің алдында ақталмайтын, ешбір адамды сыртынан даттамайтын, сырбаз мінезін сабырмен өрнектеп, өзгелерге ізгі іспен жақсылық жасаудан жалықпайтын азаматтар үшін керек-ақ еді ғой.

Энциклопедиялық білімі бар, екі тілді еркін меңгерген қарапайымдылығы мен сырбаздығы, қай тілде болса да пікірін білдіре алатын білімділігі, логикалық тұжырымы, ғылыми дәлелі, ұстамдылығы арқасында ол қоғамның ылғи да алдыңғы легінде жүретін ақын-жазушылармен, өнер, ғылым мәдениет қызметкерлерімен және көптеген қоғам қайраткерлерімен сыйлас, пікірлес болғанын тұрағымыз бір жерде болғасын көзіміз көре қалды. Солармен қатарлас жүре-тұра, жылына жүздеп, мыңдап диплом алып, өмір жолына қадам басқан шәкірттерін еш ұмытпай, кездесе қалғанда хал-жағдай сұрасқанда көңіл-күйіміз келіспей тұрса жерге кіретіндей ұялатынбыз, шәкірті ретінде ол бәріне түсіністікпен қарайтын.

Шіркін-ай, жақсының жақсылығын айт бетіне нұры тасысын, – дейтін нақылды арқау етіп, көзі тірісінде ағамыздың ерекше жан екенін екшелей айта алдық па екен, білмеймін.

Бірақ мәнді өмір сүрген әр жазушы, кітаптары, кейіпкерлері, адамзатқа жазбаша ескерткіш етіп қалдырған өмірлік мәні бар оқиғалар мен пікірлері арқылы мәңгі өмір сүрері ақиқат.

Еңсесі мен назарын төмендетпей тіп-тік жүріп, азаматтық ажарына кір шалдырмай, пенделікке бой алдырмай, дос пен жаттың, жақын ағайын мен туыстың көңілін қалдырмай Адам әрі Азамат болып өмір сүру осы бір қым-қуыт тірлікте қиынның қиыны.

Жоқ, аға, Сіз өлген жоқсыз. Жазушының жары деген құрметті атақты қадір тұтып Сізді мәңгі есінде ұстайтын Надежда апамыз бен ұл-қызыңыз немерелеріңізді қоспағанда өзіңіз жақсылықтарына ылғи да қуанып жүретін ізгі ниетті жандардың жүрегіне жерлендіңіз.

Бәріміз жаһандану заманында өмір сүрудеміз. Қара жер, көк аспан аман болып, ұрпағымыз бақытты өмір сүру үшін адалдық пен адамдықты арқау еткен ізгі ниетті жандардың қатары жер бетінде өркен жаюы тиіс.

Жаратушының өмірімен текті атаның ұрпақтары Қайыр аға мен Надежда апамыздың қыздары Анар мен Самал құрлықтың әр жағындағы Австралия елінің беделді қызметінің бір тетігін ұстаса, Астанада тұратын Гүлмираның ұлы Малайзия сияқты алып елде білім алып, сол жерде еңбек етуде. Бәлкім, бұл Қайыр аға өміріне серік еткен жақсылықтың жер шарына жайыла бастағаны болар...

Ия, Қайыр аға, Сіз бұл өмірде қайталанбайтын, бұл өмірге бір-ақ рет келетін және үлкенге іні, кішіге аға, нағыз абзал жанды Азамат едіңіз.

Ешкімді бөле жармайтын адалдық пен адамдықты арқау еткен алтын бейнеңіздің арқасында қаншама жанның көңіл төрінен орын алдыңыз. Сіз өлген жоқсыз. Сіз өзіңізбен қоян-қолтық араласқан жандардың жүрегі мен көңілінде қалдыңыз. Жақсының аты қалар, хаты қалар...

«Жайық үні» газеті
28.04.2016 жыл



Біздің мынау Нарынның Жасқайрат деген ұлы бар!

«Әдірә қалған Нарынның
Теңіз деген суы бар,
Жағасында жағалай біткен
Қамыс деген нуы бар.
Еңіреген ердің қолында
Жібектен желбіретіп ұстар туы бар...
Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,
Қиқулай ұшқан қырғауыл,
Күніне құлан да басып өткісіз,
Күндіз келген қонағы
Кешке үйіне кеткісіз.»

Махамбет Өтемісұлы

Бірде Астанадағы № 74 орта мектеп оқушылары әдеби кешке шақырғаны. Жан-дүниелері поэзия атты құдіреттен рухани нәр алған өрімдей балғындар жүздері бал-бұл жанып қазақ поэзиясының алыптары Қасым Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлінің, өршіл рухты Фариза мен сырлы сезімге толы Мұқағалидың өлеңдерін шабыттана оқып жатты. Бір сәтте ойламаған жерден қаршадай қыз оралдық ақын Ғайсағали Сейтақтың «Нарынның нар ұлдары» атты өлеңін оқығаны:

«Нарын деп нан ұстаған
Көбейер намысты адам.
Нарлықтың туын бізге
Бабалар табыстаған.»

Қайран Нарын!.. Сен – талантымен әлемге танымал
Құрманғазы мен Динаның, еркіндік пен елдікті аңсаған Исатай

мен Махамбеттің, бұдан үш ғасырдай бұрын алмағайып заманда қазағымды өз жерінде тұрақтатсам деп хандық құрған хан Жәңгірдің табанының ізі, қолының табы қалған мәңгілік мекенісің! Сенің топырағыңнан өз заманыңда талай тау жүгін көтерер Толағай батырлар мен есімдері елге аян ақылдылар шыққаны шындық.

Тамырды қуалаған қан арқылы ізгілігі үзілмеген текті атаның ұрпақтары әлі де жүр арамызда. Олар қазақ елін өркендету жолында ақылы мен білімін, күш-жігері мен бар ғұмырын аянбай еңбек етуде. Олардың арасында депутат та, министр де, генерал да, ғалым да, тіпті қарапайым құрылысшының да бар екені қуантады.

«Жақсы-жайсаңмен өткен күндер – жан азығы» дегенде, есіме сонау бір жылы Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы, Құрманғазы елді мекенінің мәдениет үйінде өткен кеш түседі. Жүздері бал-бұл жанып, қолдарына үлкен гүл шоғын ұстаған жастар, шыртай киініп, риза көңілдерін жасыра алмай топ-топ болып әңгіме-дүкен құрған ауыл адамдары зырлап келіп тоқтаған 2-3 машинаға қарай лап қойды. «Кімді қарсы алуда?» - деп таңданғанмын сонда. Тек Мәдениет үйінің меңгерушісі мінбеге шығып: «Жерлесіміз, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, профессор Жасқайрат Сүндетұлыммен кездесу кешін ашық деп жариялаймын» дегенде ғана кештің мәнін ұққандай болдым. Қуана табысқан жерлестердің емен-жарқын әңгімесі ел ішіндегі өзекті мәселелердің біразын қозғап, кеш аяғы ауыл жастарының шағын концертімен аяқталды. Сол Жасқайрат Сүндетұлы осы Нарынның төл перзенті.

Арада жылдар өтті. Менің лауазымы жоғары – академик, ғылым докторы, профессор деген ұғымдардың тым биіктігін сезініп, оның өміржолына терең бойлай отырып, қалам тербегім келгенімен, дәтім жетпей қаймыққаным да рас. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халық мақалы. Мынау фәни дүниеде жақсылық пен ізгілікті құмартпай, жақсының жақсылығын сезінбей, оны дәріптемей, одан үлгі боларлық



ғибрат алмай, жақсы мен жайсаңның ізгілігіне қуанбай сүрген өмірдің құны бар ма?! Осындай ізгілікті ойдың жетегінен шыға алмай жүріп бір күні тәуекелге бел будым да, Астанадағы Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ректорының қабылдау бөлмесіне телефон шалдым. Хатшы қыз: «Жасқайрат Сүндетұлы біздің профессор ғой, бірақ мұнда күнбе-күн келмейді, апта ішінде белгілі бір сағаттарда ғана келіп, лекция оқып кетеді. Қай күндері, қай сағатта келетінін оқу бөлімінен немесе экономика факультетінің деканатынан сұрап білуіңізге болады», - деді сыпайы сөйлеп.

...Міне, «Қазақ агроөнеркәсіп экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институтының солтүстік филиалы» деген атауын атан тартып жүре алмайтын ғимараттың алдында тұрмын. Осы мекемеде Ж. Сүндетұлы 1992-2007 жылдары директор, 2008-2013 жылдары бөлім бастығы болған. Соңғы кезде бас ғылыми қызметкер міндетін атқаруда. «Бүгін дүйсенбі ғой, Жасқайрат Сүндетұлы Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми кеңесіне кеткен, қашан келетінін білмеймін», - деді хатшы қыз менің іздеу салған сұрағыма инабаттылықпен жауап беріп.. Сейсенбі күні барғанымда «Ол ауыл шаруашылық университетінде оқитын магистранттар мен докторанттарға теориялық және семинарлық сабақтар өткізетін күні екен, кештеу келер», - деп айтқан болатын осы қыз. «Асықпаған арбамен қоян алар» демекші, қолға алған ісім орта жолда қалмасын деп келесі күні тағы бардым. Келсем, қасақана кабинеті тағы да жабық. Тағатсызданып тұрғанымды және кімге келіп тұрғанымды байқаған болса керек, келесі кабинеттен шыққан ұзын бойлы, шашының желке тұсы тықыр алынып, төбесінен маңдайға құлаған бұйра шашын оңға қайырған азамат: «Үлкен залда «Ауыл» партиясының жетекшісі, академик Ғани Әлімұлы Қалиев саяси кеңестің отырысын өткізуде, үлкен мәселелер талқылануда. Жасқайрат Сүндетұлы кеңес мүшесі болғандықтан, қазір сонда. Жиналыс 2-3 сағатқа созылуы мүмкін», - деді де,

көңілсіз дегбірсізденіп тұрған маған: «Не жұмыспен келіп едіңіз?» деп ілтипатпен ишара жасады. Сәл бөгеліп менің жауабымды күтпей: «Ертең бейсенбі келмей-ақ қойыңыз. Екі күн бойы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде үлкен халықаралық ғылыми конференция өтеді, оған Германия, Польша, Ресей т.б. елдердің ғалымдары қатысады. Жасқайрат Сүндетұлының да ғылыми баяндамасы тыңдалады, сондықтан...», - деп ол өзіңіз білесіз дегендей сөз аяғын жұтып қойды.

Іштей «Профессор, ғылым докторы, академик деген атақ-дәрежелері бар адамдар өздері зейнеткер бола тұрып, тынбай күнбе-күн жұмыс істейтіні несі?» деп таң қалдым. Бірақ, шың басына жалғыз шығып төменге көз салған ақылды жан, өзгелерді де қатарына алғысы келіп, соңына ерген шәкірттерін де өз деңгейінде көргісі келіп тұратынын Ж.Сүндетұлымен әңгімелесе келе ұққандай болдым.

«Бірінсіз бірі болмайды, ұсақсыз ірі болмайды», - дейді данышпан қазақ. Осы бір қым-қуыт өмірде азамат не азаматша бол, жалғыз жүріп үлкен жетістікке жетуің мүмкін емес. Бар ақыл-ойын, арман-тілегін, уақыты мен қажыр-қайратын ғылым деген теңіздей терең салаға арнап, үлкен жетістікке жеткен Жасқайрат Сүндетұлының артында, қазақы тілмен айтсақ, жантайса жастық, көсілсе көрпе болар тіршіліктің тынымсыз тауқыметін көтеріп алар ағайын-туыстары мен жанашыр жекжаттары мол шығар деймін бүгінгі шаруамның оңға баспағанына қынжылған түрмен. Адамның көңіл көкжиегінің шегі бар ма, сірә: «Осы сен бүйтіп сандалғанша, неге отбасымен танысып, жақыннан араласпайсың?» деген жадағай ой жылқының саяғындай алдымнан кесе көлденең тұра қалғаны әп-сәтте.

«Көп ойланған құл қаша алмас» дегендей, ойым-өз қожам болып іздеп жүрген кейіпкерімнің үйін бетке алдым. Біраз жүрдім-ау шамасы, қаланың дәл ортасындағы қос қабатты еңселі үй, өткен ғасырдың сән-салтанатының көзімін дегендей,



жан-жағы жасыл ағаш пен гүлзарға оранып тәкәппар күйде жеке тұр. Есік қағылып, айқара ашылғанда алдымда Жасқайраттың жары Балайым емен-жарқын мінезімен, аңқылдай сөйлейтін, жатты да жатырқамайтын жан екенінен хабар берген қабағы жылылықты аңғартты. Арада жарты сағат өтпей-ақ, екеуіміз ескі таныстардай араласып, кезек-кезек әңгіме айтумен болдық. «Жәкең де жұмысы бітіп келіп қалар, оған дейін көре отырыңыз», - деп алып келген бір құшақ сурет альбомдары өнегелі өмірдің сырларын шерте жөнелді. «Ойпырмай, ғалым ағамызға ілесіп бармаған жеріңіз, баспаған тауыңыз жоқ екен?» - деймін оған қызыға қарап.

– Қазақта «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейтін мақал бар. Кеңес өкіметін қанша жамандаса да, XX ғасырда ұрпақ тәрбиелеген ұстазға, жаңалық ашар ғалымға қамқорлық көп болды. Ұстаздың екі айлық демалысында міндетті түрде кәсіподақ комитеті денсаулықты түзеңіз деп курортқа, ел-жер көріңіз деп шетелдерге туристік жолдамалар беретін. Солардың арқасында Мәскеу, Ленинград, Балтық жағалауы мен Қырым, Кавказ, Польша, сол кездегі Чехославакия, Болгария т.б. елдердің сән-салтанатын көрдік. Бәрі Жәкеңнің еңбегінің арқасы. Әкем Жанболат Ұлы Отан соғысынан оралмады. Отбасында жалғыз өстім, 12 жасқа дейін ер балаша киіндім. Бірақ өмірдің өз заңы бар, жастық, махаббат дегенін істетпей қоя ма? Туған жерім Қорғалжынды, жалғыз анамды тастап, сонау жылдары Жәкеңе еріп Батысқа–Оралға аттандым,- дейді Балайым еркін, әйелдің әдетімен жайраңдап.

– Ал, Қытайға қалай барып жүрсіз? Мынау атақты Мао Цзэ Дун мовзолейінің жанына кез-келген адамды жақындатпайды ғой,- деймін одан сайын оның шетелге шыққан сапарларын есіне салып.

– 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» деген грантын көп жылғы еңбегі және ғылыми жетістіктері

үшін Жәкеңе ұсынған болатын. Сол жолы ағаларың жоғары оқуы мен ғылымы озық Қытай тәжірибелерімен танысу үшін Бейжіңге барған, ал академиктердің әйелдері қасында жүруі керек,- дейді ол қуақылана.

– Мына сурет Дубайдағы америкалық университеттің профессорымен кездесудің бір сәті. Ал мынау ескілеу сурет – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшті, сол кезде, яғни, 1994 жылы Жәкең Ауыл шаруашылығы академиясының президенті, академик Ғани Қалиевтің тікелей тапсырмасымен бірқатар ғалымдар: академик Мехлис Сүлейменов, ғылым докторы Әзімхан Сатыбалдиндермен бірге бір ай бойы Америка Құрама Штатында болып, ондағы агроөнеркәсіп кешенінде қалыптасқан нарықтық экономиканың әлемдегі озық тәжірибелерімен танысып, олардың экономикалық механизмдерін жан-жақты зерттеп жүрген кезде, Иллинойс университетінің профессорларымен кездесіп, қатар жүріп үзеңгі қағыстырған шағы ағаңның. Ағаңның балалық шағын еске салатын суреттер жоқтың қасы. Себебі ол Ұлы Отан соғысы кезі болатын,- деп жеңгеміз ауыр демалып, ғалым аға өмірдерегіне қысқаша шолу жасап өтті.

– Ия, Жасқайрат Сүндетұлы 1941 жылы 20 маусым күні Батыс Қазақстан облысы, қазіргі Бөкейорда (бұрынғы Жаңақала) ауданы, Құрманғазы елді мекенінің Қоңырқұдық ауылында дүниеге келіпті. Ұлы өмірге келгеніне үш ай толғанда, әкесі Сүндет бір топ ауыл азаматтарымен бірге Ұлы Отан соғысына аттанған. Анасы Зайда: «Сол күн әлі есімде. Әкең сені қолына алып, қыздары Тұрсын мен Үнзиланы, ұлы Сағындықты қасына отырғызып: «Мен соғыстан қалай да аман ораламын. Сен осы атамекеннен ешқайда қозғалма, елмен қатар жұмысты істе де, балаларды аман сақта»,- деп аманаттаған болатын сендерді»,- деп айтып отыратын.

Сол кеткеннен Сүндет Меңдіғалиұлы Сталинград шайқасына қатысып, Воронеж, Сумы, Киев қалаларын азат етуге қатысып, Ленинград армиясының құрамында Беларусь,



Еуропа жерлерінде ақ қар, көк мұзда оқ пен от кешіп, Германия жерінде мыңдаған өзі сияқты жауынгерлермен бірге Жеңіс тойын тойлапты. Жаратқанның сүйікті ұлын қорғаймын десе, оқ пен оттың ішінен де аман сақтайды деген қағида рас болар. Төрт жыл бойғы сұрапыл соғыста жаумен шайқастағы көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және бірнеше медалдармен омырауы жарқыраған әке екі-үш рет жараланғанына қарамастан, аман-сау елге оралғанының өзі бір ерлік, бір дастан.

Жасқайраттың балалық шағы бақытты өтті. Себебі асқар таудай әкесі бар еді қасында. Салиқалы ойларын көбіне кісіге күле қарап барып, сабырлы мінезімен айтатын әкесін ауылдастары үлкен-кішісіне дейін «үлкен Сәке» деп құрметтейтін. Көп жыл бойы «Энгельс» ұжымшарында қой, жылқы және түйе фермаларын басқарды, сонау 1960 жылдары ұжымшарлар кеңшар болып ұйымдасқанда, кеңшар директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүріп, зейнеткерлікке шықты.

Жасқайрат жасында зерек оқыды, 1958 жылы Құрманғазы елді мекенінде ашылған орта мектептің тұңғыш түлектерінің бірі. Ол 1963 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетін үздік бітірді. Соған орай оны «Экономика мамандығы бойынша аспирантураға қалдырады» дегенді естігенде, әкесі қатты ренжіп, соғыс ардагері ретінде сол кездегі Ауыл шаруашылығы министрлігіне хат жазып, елге арнайы жолдамамен алдырады.

Бір күні әкесі оған: «Ұлым, осы отырған жерің атамекен қонысымыз. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары заман өзгеріп, байлар «кулактар» атанып, олардың малдарын Кеңес өкіметі тартып алып, ортаға салғанда, мен 20 жаста едім. Әкемнің қора-қора қойы мен үйір-үйір жылқысы жат қолына кеткеніне ызаланып, өзге байлар сияқты біз де Ресей не Қытай асайық деп көп туладым. Сонда әкем: «Байлық, мал, алтын –

қолдың кірі. Отбасым, ұл-қызым мен ұрпағым, туған жер аман болса, күні ертең бәрі де қайтады»,- деп тоқтатқан. Осыны есіңе сақтай жүр»,- депті.

Жасқайрат елге келгеннен кейін, екі жыл Құрманғазы кеңшарында бас агроном болып қызмет етті. Ауылдың табиғи жағдайы қатаң, құрғақшылық, жері құмдауыт, егін шаруашылығына қолайсыз еді. Студент кезінде Ақмола облысының Шортанды ауданында ашылған Бүкілодақтық астық шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтының тәжірибе орталығында үнемі болатын, академиктер Кузмин, Бараев сияқты ғалымдардың ұсыныстарын есте сақтаған жас агроном «топырақ аудармай өңдейтін» жаңа технологияны қолдану шаруашылықта жүгері және мал азықтық жем-шөптерді өндіру үшін тиімді екенін дәлелдеді. Нәтижесінде 1964 жылы сүрлемге егілген жүгерінің, мал азықтық қара бидайдың шығымдылығы аудан бойынша жоғары болды. Жасқайраттың еңбегі облыс көлемінде еленіп тұңғыш рет «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған-ды.

«Қорғалжын көлінің аққуындай» деп курстастары тамсанатын, студент кезінен жүрегінің лүпіліне айналған сүйіктісі Балайымды Қорғалжын ауданының үлкен Мәдениет сарайында «тұңғыш комсомолдық той» өткізіп, арқадан батысқа әкеліп, ата-анасына келін етіп түсіріп, ата салттың есігін айқара ашты. Бұл 1965 жыл еді. Бірақ өмір үрдісі жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатты. Өндіріске қарапайым адамға түсініксіздеу экономикалық білім керек болды. Жасқайрат кеңшарға бас экономист болып ауысты. Өндірісті ұйымдастыру, оның тиімділігін көтеру үшін ішкі және сыртқы шаруашылық есептің әртүрлі талаптары мен тетіктері іске асырыла бастады. Осы үдерісте ғылым жолына түссем деген арман қайта бой көтерді. Ақыры, 1966 жылы бұл арманы орындалып, ата-анасы батасын беріп, ел-жұрты қолдап, болашақ жас ғалымды бүкіл ауыл болып Целиноград ауыл шаруашылығы институтының аспирантурасына аттандырған-ды.



Әр күні жылға татитын жалындаған жастық шақта сүйікті жарың қасыңда, ұл-қызың өмірге келіп, дос-жаран, жора-жолдастың қызығы мен қуанышына бөленіп, өзің таңдаған мамандығыңның қыр-сырына жетіліп, еңбек еткен қандай бақыт?!

Сонау өткен ғасырдың ішінде қазіргі кездегідей емес, қазақы салт қатаң сақталатын. Күйеу баланың қайын жұртында тұруы салтқа қайшылау еді (Балайым осы Қорғалжын өңірінің қызы). Кейде жеңгелері «Ойбай, күйеу бала елінен бізге сыйлық әкеледі десек, екі чемодан кітап арқалап келгені несі?»- дейтін. Ондайда Балайымның анасы марқұм Ырысқали апа: «Сөзді доғарыңдар, ол екі сандық кітап емес, толған ақыл-ой ғой, көрерсіздер әлі», - деп абысын-ажынды бір сөзбен тоқтататын.

Арада жылжып жылдар өтті. Кенже бала болғасын, әкешешесін қасына алу оның бір арманы еді. «Келесі жылы сенің жазғы демалысыңда біз де Арқаға қоныс аударамыз» деген әкесінің хатын алғанда қандай қуанды десеңші! Бірақ қыстың алғашқы айында ол кісі кенеттен ауырып, көз жұмады. «Неге?.. неге?..» деген жан-жүрегін жаралаған сан сұрақты кімге қоярын білмей, көзінен жас парлап талай күн торыққан. Бірақ, Алланың сыны бұнымен толастамай, әкесінің көз жұмғанына 40 күн толғанда, кіші апасы Үнзиланы да қара жер қойнына беретінін білген жоқ. Сөйтіп, Нарын өңіріндегі қос мазар жүрек түкпіріндегі шер болып мәңгілік қалып қойды. Бұл 1980 жыл еді.

Жасқайрат ағаның жарты ғасырдан артық еңбек жолы бар. Еңбек кітапшасында тек үш мекеменің ғана атауы жазылған. Біріншісі – Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Құрманғазы кеңшарында бас агроном, кейіннен бас экономист(1963-1966 жж), екіншісі – Целиноград ауыл шаруашылығы институтында аспирант, ассистент, доцент, профессор (1966-1992 жж), үшіншісі – Қазақ агроөнеркәсіп экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-

зерттеу институтының солтүстік филиалы (1992 жылдан осы кезге дейін).

– Қырық жыл қызмет жасаған университеттен кету оңай болмаған шығар, – дедім ағаны сөзге тартып.

– Университет – менің екінші үйім, – дейді ол жәйімен еңгімесін әрі қарай жалғастырып. – Аспирантураны бітіріп, экономика ғылымдарының кандидаты лауазымын алған уақыттан бері осы институтта көп жыл студенттерге сабақ бердім. Доцент, кафедра меңгерушісі, декан бола жүріп, қоғамдық негізде факультеттің бастауыш партия ұйымының хатшысы, институт парткомының секретары болдым. Ұжымда 400-ден аса коммунистер бар еді, аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің халық депутаты болып сайландым. Бірде облыстық партия комитетінің хатшысы М.С.Исмағанбетова шақырып алып, «Сіздің қабілетіңізге сенім артып, бір аудандық партия комитетіне хатшылыққа ұсынғалы отырмыз»- дегені. Мен бірден «Докторлық диссертациям дайын, жақында қорғаймын және ғылыми жұмыстарым тоқтап қалады», - деп, әрең көндіргенмін. Оған еш өкінбеймін, - дейді ол күліп.

Ол 1992 жылы Бүкілодақтық жоғарғы аттестациялау комиссиясының шешімімен профессор атағын алады. 1996 жылы «Ауылда көп қырлы экономиканы қалыптастыру және дамытудың ұйымдық-экономикалық негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Өзінің көп жылдық ғылыми ізденістерінде студенттік кезден қамқор болып, ақыл-кеңесін аямаған доцент Я.П. Ротин, профессорлар С.И.Азев, Д.Ф.Вермель, М.А.Гендельман сияқты ұстаздары мен ғылыми жетекшілері доцент О.С. Қожасов, академик Ғ.Ә.Қалиевтерге күніне мың рет алғыс айтса да аздай көрінеді. Алқалы жиындарда, пікір алмасқан ғылыми конференциялар мен семинарларда бірлесіп, Қазақ елінің болашағы, оның ауыл шаруашылығы мен экономикасы өркендеп, әлемге



әйгілі жетістіктерге жетуіне атсалысып жүрген Ғ.Ә.Қалиев, А.Б.Молдашев, Х.Б.Жарекешев, Ә.Ә.Сатыбалдин, Т.Есіркепов, Ғ.С.Сейтқасымов т.б. ғалымдармен қатар жүріп, еңбек еткеніне өзін бақытты санайды.

«Егемендік алған елімізде қазба байлықты, жерді дұрыс пайдалану, еңбек қатынасын реттеу, өндірісті, ауыл шаруашылығын, экономиканың барлық саласын нарықтық жүйеге келтіру жолында бағыт-бағдар, болжам, жоспар жасап, ғылыми жұмыстар жүргізу, оларды жергілікті табиғи және экономикалық жағдайларға бейімдеп енгізу үшін тиісті нормативтік-құқықтық актілер дайындап, министрлік пен заң шығару органы – Парламент Мәжілісіне ұсыныстар жасау үшін Қазақстан ғалымдары экономиканың әр саласында еңбек етуде. Солардың қатарында елім үшін еңбек еткеніме қуанамын». Бұл Жасқайрат Сүндетұлының өмірдегі еңбек жолының аксиомасы еді.

Дегенмен екінші үйі саналған университеттен кету де оңайға соқпағаны анық. «Өмірдің заңы сол. Жастар өсуде. Университетте көптеген жас ғалымдар бар. Солардың ішінде менің кіші қызым Анар да бар. Ол – ғылым кандидаты, доцент, кафедра меңгерушісі. Күйеу балам Саяхат Нүкешов – техника ғылымдарының докторы, ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, ол қазір техникалық факультеттің деканы болып жұмыс істейді. Жас ғалымдардың өз ортасы, өз пайымы мен шешімдері бар. Олар – алғыр, білімді, өз істерінің мамандары. Олардың нәтижелі еңбегі елдің ертеңгі ырысы ғой», - дейді Жасқайрат Сүндетұлы сабырлы қалыпта.

«Тұлпарға қалудан да озу оңай» дейді қазақ. Жасқайрат Сүндетұлы жасы 70-тен асып кетсе де, әлі де тынымсыз еңбек үстінде. Ол кісінің қаламынан 200-ден астам ғылыми еңбектер жарық көрді. Оның ішінде 11 монография, 17 оқулық құралдар мен дәрістер, 35 ұсыныстар мен кітапшалар ел игілігіне айналған. Өзінің ғылыми мектебі қалыптасты, бір топ избасар – жас ғалымдар: бір докторлық, 5 кандидаттық және

35 магистрлік диссертациялар қорғап, ғылыми-педагогикалық қызметтерде жүр.

Ол Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданының құрметті азаматы, Қазақстан ауыл шаруашылығы саласының үздігі, Білім және ғылым министрлігінің «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, бес рет мерейтойлық медальдармен марапатталған.

«Бақыт бағасын білгеннің басында тұрады», – дейді білетіндер. Жасқайрат пен Балайымның балалары бәрі де өсіп-жетілген, жоғары білімді, отбасылы азаматтар. Үлкені Қанат – «VI-Group» атты үлкен құрылыс компаниясында басшы қызметте, Шынар – Қаржы министрлігінде бөлім бастығы, Анар – С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университетте кафедра меңгерушісі, Серікжан – «КОРЭМ» компаниясында топ-менеджер. Ал немерелерінің алды университет бітірсе, қалғандары – студенттер және мектеп оқушылары.

Сондай-ақ 1980 жылдары анасын, ағасы Сағындықты, жеңгесі Бақытты қасына көшіріп әкелгенде олардың балалары тым жас, бәрі мектепте оқитын еді. Тап қазір бір кездегі балапандай 8 бала, білім алып, жұмыс істеп, өз алдарына отау тігіп, 8 үй болып отырғанын көргенде көңілін қуаныш сезімі кернейді.

Бұл шағын мақалада академик ғалымның еңбектерін талдап не бағалаудан аулақпыз. Себебі әрбір ғылыми еңбекті талқылау тек ғалымдардың еншісінде. Тіршілік атты ғаламда әр адамның өмірде алар орны, атқарар міндеті, жарық дүниеге әкелер пайдасы тағдыр атты тақтаға жазылған деседі. Қай өлкеде өмірге келсе де, әр адам істеген ісімен, адамдық қадір-қасиетімен, өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленуі қажет. Атақ пен мансапқа қайратын шалдырмай, пенделікке бой алдырмай, жұрт көңілін қалдырмай, адамдық пен имандылыққа дақ салдырмай, жүрген ортасында жайлы мінез, жақсы істерімен ерекшеленіп жүретін біздің Нарынның төл перзентінің адамдық



бейнесі мен игі істерін өзгелермен бөлісу иманнан деп ойлаймын. Ендеше, жаратқан Алла, жақсы жандарға түскен жарық нұрыңды баянды ете гөр.

«Төртінші билік» газеті

30.10.2005 жыл

Нарынның нар ұлы

Ғарифолла Көшенов ағамыздың «Қоян жылы» кітабын оқығалы ойға қалдым. Шіркін-ай, тұтастай бір аймақ, Нарын деп аталатын қасиетті өлкедегі 30-40 жылға созылған адамдар өмірін арқау еткен, тап осындай әдемі де нәзік, шынайы да дәл әдеби тілмен жазылған басқа бір кітап бар ма екен? Бар болса, оны оқыған адам – бақытты. Жоқ болса, міндетті түрде «Қоян жылы» кітабын оқыңыз.

Өз өмірі, өз көңілі, көрген-білгені мен бастан кешкендерін әңгімелеймін деп Ғарифолла ағамыз бүкіл бір ұрпақтың өмірін баяндапты.

Сонау Бөкей ханнан бастау алып, тағдырдың талай тарихи тартысына түскен жер-су, ауыл-аймақ, бетеге мен бел атаулары тарихта болашақ ұрпаққа тәлім болып қалары ақиқат.

Кітаптың қай бетін ашсам да, қарсы алдымнан қалтқысыз, боямасыз, шынайы да нақ жазылған сонау өткен ғасырдың 60-70-80 жылдары өмір сүрген жайдары да жасампаз адамдардың келбеті көрінеді.

Жазғы шөптей қаулап өскен соғыстан кейінгі ұрпақта алдау, арбау көре алмаушылық пен қараулық, аярлық атымен болмайтын. Бірен-саран болғандарының өзі «Көп қорқытады, терең батырады» дегендей, өмір ағымында өз ықыласына өзі көміліп қалғандай байқалмайтын.

Қоңыр кітапты қолыма алып тағы оқимын. Оның бір бөлімін алып жатқан Ғарифолла ағамыздың өлеңдері өмірдің өзіндей

шынайы. «Өлең – сөздің патшасы», депті Абай ақын. 30 жыл «Орал өңірі» газетінде жұмыс істеп, оның ондаған жылдарында редактор болған кездерінде бірде-бір өлеңін газет бетіне жарияламағаны, шағын ғана газет бетін өзгелер – жастар үшін арнап, өз талантын тәрк еткені несі деп ойладым...

Әлде қазақ тарихындағы ғұламалардың қағидасына сай, өз өнегесін өзгелер үшін өткел еткен «могиканның соңғы тұяғы» демекші, Ғарифолла ағамыз абыздардың ақырының бірі ме екен?

Осы кітап туралы ойымды ортаға салсам деген мақсат қолыма қалам алғызды. Бірақ, қиынның қиыны сол сәттен басталғаны... өзі ақын, өзі жазушы, талантты журналист 30 жыл ғұмырын облыстық «Орал өңірі» газетінде журналист болып, оның ондаған жылында бас редактор болған, партияның жолдауымен облыстық телерадио компаниясында басшы болған, қоныс аударып, Алматыға көшкенде де республикалық мекемелерде белді қызмет атқарған Ғарифолла ағамыздың кітабы туралы пікір айту былай тұрсын, оқыстан қоңырау шалып, аман-саулық сұрасудың өзі мен үшін үлкен тәуекелдікті қажет ететіндей мүдіре бергенім.

Бірақ кешегі өткен жерлестер отырысы тағы да ой салғаны.

– «Қоян жылы» кітабын оқыдым, Ғарекең нағыз бабында екен. Осы қалыппен әлі талай кітапты жазары сөзсіз, – дейді белгілі журналист, жазушы Сайлау Абылаев.

– Газеттің ең қиын әрі сан-салалы білімді қажет ететін бөлімі – жауапты хатшылық қызмет. Мені редакторлыққа ұсынып жатқанын білесің. «Сен осы қызметті қолға алшы, жарқыным», - деп Ғарекең бірде маған осындай ой тастаған. Ондаған жылдар сол қызметті адал атқардым, көп үйрендім. Жақсы жанның әр сөзі адам өмірін өзгертеді,- деді ардагер журналист Дайыр Досаев.

Ғарекең облыстық телерадио компаниясында небәрі екі-ақ жыл жұмыс істеді. Сол кезеңде жаңа бастықтың қолдауымен «Қарыз бен парыз», «Ауылдың айтары бар», «Нарынның қасіретін кім ұғар?» деген жаңа бағдарлама өмірге келді.



Телеаппаратты арқалап, микрофонды қару етіп облыстан шалғай жатқан Қаратөбе, Тайпақ, Жәнібек, Орда аудандарын көп араладық. Ол жылдар Орда құмындағы әскери полигон «Капустин Ярды» жабуды бастаған кезең еді. «Нарын» қозғалысының жетекшісі Кәкен Көбейсінов ағамыздың апта сайынғы хабарда өз уақыты болатын. Сол жылдар осы оқиғаның ортасында жүрген менің де шығармашылық өсу сатым деп білемін дейді Орал облыстық телерадио корпорациясында көп жыл редактор болған Баян Қажығалиев.

Бірінің сөзін бірі жалғап, өткен күндерін сағына еске алған бір топ оралдықтар қонақжай үй иесінің төрін кішігірім оқырман конференциясына айналдырғаны. Сол жылғы айтылған ой-пікірдің бәрін айту мүмкін емес.

– Мен өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында облыстық «Орал өңірі» газетінің редакциясында Ғарифолла Көшеновпен қоян-қолтық бірге жұмыс істеу бақытына ие болдым,- деп, әріптес ағасы, журналистикада жол көрсеткен ұстазы Ғ.Көшенов туралы өз пікірін ортаға салды ардагер журналист, аудармашы Қыдырбай Ерғалиев.

– Ол біздің ортамызда жалпы көпшілік мойындаған көшбастаушы болды. Өлі күнге дейін Ғарифолла ағамыз біз үшін ақылшы, бағытымызды бағдарлайтын темірқазық болып отыр. Оның ашықтығы, баладай ақкөңілділігі және дархан даладай пейілі жанына достарды көптеп тартады.

Оның сыры – адал ниетінде, қайырымдылығында, қашан да көмек беруге әзір тұратындығында. Оның қарапайым болып көрінетін ой-толғамдарының арғы астарында терең зиялылық, достары, әріптестері, олармен бірге илеген терінің пұшпағына айналған кәсібі үшін жан қиналысы жатады.

Ол – еліміздің егемендігіне алғаш қадам басқан дүрбелеңге толы тоқсаныншы жылдардың әлеуметтік қиыншылықтарына қарамастан, журналистиканың адамгершілік идеалдарын сақтаудың және төл кәсібіне берілгендіктің үлгісін көрсете

алған аз ғана тұлғалардың бірі. Күнкөріспен және материалдық құндылықтарды жинаумен ғана айналысқан сол қым-қуыт кезеңде еңбектері тиісті түрде бағаланбаған нағыз кәсіпқой журналистер бәрінен де көп қиыншылыққа ұшырады, олардың еңбегін қоғам кезінде тиісті түрде бағаламады деп ойлаймын. Көптеген журналистер өз кәсібін тастап, коммерциямен және басқа кәсіппен айналысып кетті. Бәрінің де мұндай қадамға баруының өзіндік себептері болды. Тек Ғарифолла аға ғана өз кәсібіне адалдықтан айнымады. Ол шеті мен шегі жоқ тұрмыстық және отбасылық қиындықтарға қарамастан, бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері қайтадан қалпына келтіруге бар күшін салып жатқан нағыз журналистиканың идеалдарына деген сүйіспеншілікті сақтап, осынау қиын жылдардан алып өте білді. Осы үшін біз Ғарифолла ағамызға қашан да ризашылығымызды білдіреміз.

Бұлар, «Қоян жылы» кітабын оқығаннан кейін шын көңілдерімен сыр шерткен Ғарифолла ағамыздың жора-жолдас, қызметтес таныстарының жүзден бірі ғана.

«Өмірдегі шүбәсіз бақыттың бірі – өзің сүйген іске өміріңді арнау» деген екен бұрынғылар. Ес біле бастағаннан табиғи талантына орай сөз құдіретін ойларында ойнатып, ақындық атты асау тұлпарды бағындырудан бастаған Ғарекең есейген шағында естелік роман жазып, оған өзі өскен ортасындағы жасампаз адамдарды кейіпкер етіп кірістіргені қандай тамаша! Мен мысалы, Ғарекеңнің Өтеғали досын көрмесем де, кәдімгідей ел азаматы ретінде сыйлап, оның талантты да еңбекқор, ақжарқын жары Бәлланың өмірден ерте озғанына кәдімгідей қамығып қалдым.

Ол анау студент кезден жолдас сырлас болған досы Өлмұқан туралы шағын әңгімесінде өмірден ерте кеткеніне жүрегі жылап тұрса да, онымен әлі де тірі адамдай сырласады.

XX ғасырдың 60-жылдары Коммунистік партияның басшылығымен ауылдар мен аудандарда қазақ мектептерін жаппай жабу саясаты басталғанда, Орал сияқты облыс орталығында бірде-бір бастауыш қазақ мектебі қалмаған.



16 ауданды қамтитын Жайық өңірінің адамдары облыстан шығатын жалғыз «Орал өңірі» газеті мен күнбе-күн беріліп тұратын радиохабарларын асыға күтетінбіз. Ал облыстық радиода диктор болып істеп, әртүрлі хабарларға өзінің жағымды даусымен жан бітіретін Алмагүл Әбікенқызымен сөйлесу өзіме қол жетпейтін армандай көрінетін. Бірақ, сәті түскен бір кездесуден жалғасқан сыйластық ұзақ жылдарға созылғанын мақтан етемін.

«Қоян жылы» кітабындағы отбасылық суретте Ғарекеңнің қасында «50 жыл жұп жазбадық» деп жас келіндей нәзік қана жымыып тұрған Алмагүл апамызға бақытыңыз баянды болсын дегім келеді.

«Өмірде жолы болған азаматтың артында ақылды әйелі тұрады» деген нақыл бар. Сол нағыз шындық па деймін. Алма апамыз күнделікті тұрмыста Ғарекеңнің атын да тұтас атамай, Гарик дейтін әркез.

Сол жалғыз ауыз сөзге жарына деген құрметін, сенімін, бар махаббатын қалай ғана сыйғызады десеңші!

Алмагүл қонақтарына ақ дастарқан жайып, әдемі ыдыстарға ас мәзірін сәнмен жайғастырып, тамақ алатын шанышқы мен қасықтың өзін тек күмістен жасалғанын қоюды әркез қатты қадағалайтын.

Келген адамның бәрін Гариктің достары, Гариктің жерлестері, Гариктің жұмыстастары деп қуана қарсы алатын. Ал қазақтың, ұйғырдың, өзбектің дәмді тамағын дайындаудағы шеберлігі әлі де жалғасуда екеніне сенімдімін.

Кең дала, кербез дала, дала мекен,
Самалың жанға ұялап қалады екен,
Жол шығып ауылымнан алыстасам,
Бейнеңді жүрегімде ала кетем...

Сүйіспеншілік сезіммен баяндаған ыстық естелігін тарихта қалдырған Ғарифолла ағамыз шынымен бақытты жан деп ойладым. «Дүниенің сырын түсінгің келсе, өнер адамының өмірін зертте» дейді екен парсы жұрты.

Бірақ Ғарифолла Көшенов атты бір ортаның ақылшы ағасы, сенімді серігі бола білген ақын әрі жазушының талғамының тереңіне бойлап, танымының шексіз көлеміне көз жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермейтін құбылыс екенін білемін. Сондықтан да «Қоян жылы» кітабын оқып отырып, анау жылдары Орал қаласында аз уақыт болса да, көзайым болған кездерді еске алсам деймін.

Ол кез Ғарифолла аға мен Алмагүлдің тұңғыштары Ләйла Мәскеуде МГУ-де, ұлдары Ербол атақты Бауман атындағы техникалық университетте оқитын. Бірде олардан: «Балалар ақылды, білімді болу үшін қандай сөз айтып, тәрбие беруге болады?»- деп сұрағаным бар. Ғарекең әдетінше мейіріммен қарап сәл-пәл жымыып алды. Қандай ақыл, ой айтады, ұмытып қалмайын, жазып алу керек деп мен отырмын.

– Бос ақыл айтып, баланы қажытудың керегі не, оқуына тұрмыстық жағдай жаса да, анда-санда ақылдасып, оның ойымен санаса сөйлес. Бала дегенің балауыз ғой, иген-бұрған жағыңа бұрыла кетеді,- деді Ғарекең жаймен. «Дегенмен, тәртіп пен талап керек-ақ»,- деп анадай жерде отырған Алма оның сөзін қостайды.

«Өмірім рахатта өтсін дейтін адам екі нәрседен жаңылмауы тиіс» дейді екен ғұламалар.

Ол жар таңдау мен мамандық таңдаудан.

Жасы сексеннің сеңгіріне таянғанда алғаш рет «Қоян жылы» атты кітап жазып, оған ата-баба тарихы мен туған жердің, ауыл-аймақтың, өзі білетін жайсаң мен жақсының іс-әрекеті мен қылықтарын сүйіспеншілік сезіммен баяндап, мәңгілікке қалдырған Ғарифолла ағамыз шынымен бақытты жан деп ойладым.

– Есіңде ме, Гарик, «қайтсек деп балаларды қазақ тілінде таза сөйлеуге үйретеміз» деп таласқанымыз. Ақыры сен үй ішіне ортақ ереже ұсындың. Дүйсенбі, бейсенбі күндері айтылар сөздің бәрі қазақша болсын, сейсенбі, жұма күндері орысша сөйлесіңіз, ал, сәрсенбі мен сенбіде ағылшынша айтындар, жексенбі күні қай тілде сөйлесемін десендер



де өз еріктеріңде. Орыс мектебінде оқығасын ба, қазақша сөйлесетін күндері балалар бізден көп ештеңе сұрамайтын немесе айтпайтын. Есесіне біз оларға көп сұрақ беретінбіз. Ал ағылшынша сөйлесетін күні біз үнсізбіз, Гарик екеуміз тек ыммен түсінісетінбіз,- дейді Алмагүл күле сөйлеп.

«Теңіздің суы тамшыдан құралады» дейді қазақта. Не айтуға болады? Бір-бірімен жымдасып жатқан мынау тірлікте тек жақсылар ғана жол табар.

«Білмес шынын айтамын деп сырын айтады», – дейді халқымыз. Расында, Ғарифолла ағамыздың «Қоян жылы» кітабы туралы өз ойымды ортаға саламын деп бастапқы айтар тақырыптан ауытқып кетсем, құрметті оқырманнан кешірім сұраймын.

Осындайда, «әттеген-ай» мен журналист не тіл маманы болсам, Ғарекең сияқты жайсаң жанның, оның өмірге әкелген «Қоян жылы» кітабының кейіпкерлерінің тағлымға толы өмір жолын талдап-талдап айтар едім деп ойладым. Бірақ «ел іші – талант пен өнердің көніші» деп қазағым бекер айтпаған. Жаңа ғана жазылып, әлі сиясы да кеппеген Ғарифолла ағамыздың «Қоян жылы» кітабын оқыған әрбір адам жан-жүректері ризалық сезімге толып, алғыстарын көпшілікпен бөлісетініне сенімдімін.

Себебі Нарын өлкесі, Нарын құмы – күй құдіретін әлемге паш еткен Құрманғазы мен Динаның, қара халықтың қамы үшін билікке қарсы шығып, батылдық пен батырлықтың үлгісін көрсеткен Исатай мен Махамбеттің, сонау Ұлы Отан соғысында ел үшін шайқаста өлімнің өзін тәрк етіп, қаһарлы жаумен шайқасқан Хиуаз бен Мәншүктің ізі қалған қасиетті мекен.

Тоқетер сөз болмысында тұла бойды қуалаған текті атаның қаны бар болашақ ұрпақ Нарынның қасиетті өлкесін, оның ақжарқын да ақ ниетті адамдарын әлемге паш етіп, талай мәрте ән-жырға қосар, соның бастауы Ғарифолла Көшеновтың «Қоян жылы» кітабы болғай-ды...

Төрт тірек

Қаланың орталық көшесі бойындағы тоғыз қабатты үйдің 70-пәтеріне кіре қалсаңыз, шағын ғана бөлменің ең көрікті жеріне қойылған жап-жас төрт жігіттің үлкейтіліп түсірілген суреті еріксіз көзге түседі. Төртеуі де әскери формада. Жүздері мен жанарлары әр кезеңнің көңіл-күйін білдіріп, сәттік ерекшелік танытса да, су тамшысындай ұқсастық та мен мұңдалап тұрғандай. Қатарындағы солдат, сержант, майор, подполковник – бәрі де Божедомовтар...

Мария Ивановна күндегідей сыздап сырқырамай, қозғалысқа енсе жанын шығарардай ауыратын аяғының бүгін тынышталып қалғанына қуанды. Сөйте-сөйте жазылып та кетермін деген ойдан көңілі жадырап, өткен аптада қарап кеткен хирургтің: «Ауруым ұзады деп түңілмеңіз, тағы он күн емдейік, аяқты кесуге әркез үлгереміз» деген сөзін еріксіз есіне алды.

Жақсылығы мен жамандығы, қуанышы мен күйініші, ауруы мен азабы қатар жүретін өмір-ай десеңші! Қайғыдан ба, әлде нешебір ауыр жұмыстың азабы ма, соңғы жылдары аяқ басудан қалғасын өмірден түңілгендей-ді. Ал бүгін өзін кәдімгідей сергек сезінді.

Ол жастықтан сәл басын көтеріп, үстел үстіндегі суреттерге қарады. Таң жарығы терезе әйнегіне тікелей тұрған Никита келбетін анық көрсетеді. Күндегі әдетінше, ол тағы да ой-елес құшағына енді.

Әкесі өмірін жалшылықта өткізді. Кедей шаруаның көрікті де әдемі қызы жастығы жаңа заманмен тұтас келгенмен, өмірдің иірім-ағынының шетінде қалып, ұзақ оқи алмаған. Бар бітіргені – жастықтың алапат күші мен қайсар жігерін бар қиындыққа қарсы тосып, қол күшімен еңбек еткен. Орал орман шаруашылығында ол істемеген жұмыс кемде-кем болар. Білекті сыбанып көшет те отырғызған, кетпенмен жылға жасап, ағаш та суарған, ара ұстап, ағаш кесіп, реті келгенде азаматтармен қоса вагон-вагон бөрене тиеген. Отызыншы жылы колхозға



көмекке деп бір топ жасты орақшы етіп жібергенде ойында ештеңе жоқ, әдеттегідей, ойнап-күліп кете берген. Ақ көңілі алдамаған екен, тап сол жолы өзіндей өндіріс жас Никитамен көңіл қосып еді.

«Адам өзін бақытты сезіну үшін көп нәрсенің қажеті жоқ» деген сөзді бір жерден оқыды ма, әлде естіді ме, өзі де білмейді. Әйтеуір үш ұлы мен жолдасы үйде отырған сәттері кішігірім той жасап жатқандай қуанып, өз-өзінен мәз-мәйрам болып, шын бақыттан көңілі өрекетті. Өмірдің сол мизам шағын соғыс атты сұрапыл бұзған...

Мария Ивановна жүрегі қатты-қатты соғып, оған қоса аяғы да шаншулай сыздап, көзін ашып алды. Жамырай жайылған таң нұры бөлме ішіне еркін еніпті. Шетте тұрған кенжесі Георгийдің күлімсіреген бейнесіне көзі түскенде, оның тап осындай бақытты шағы Ленинградтың әскери академиясын бітіру кешіне шақырумен барғанда, академия бастығы генерал қолынан қызыл диплом алып тұрғанда көргені есіне түсті.

Қайғылы кезеңнің күні жылға татып, қуаныштың сәттері елестей өте шығатын өмір-ай... Георгийдің академияны бітіргесін, он бес жыл Ленинск қаласында еңбек еткен кездері түстей болып өте шықты. «Мама, әр күн қасыңда бола алмағаным өкінемін. Есесіне әр минутым ел игілігіне, аспан әлемін игеруге арналған. Сынақшы ұшқыштар демалысқа ертелеу шығатынын білесің ғой. Жаным сені алып, Жайықтың ақ толқынына сүңгуді аңсап жүрмін», - деп еді бір хатында.

Подполковник Георгий Божедомов әскери міндетті өтеу үстінде қаза болды деген телеграмма алғанда көпке дейін түсінбей отырған. 1943 жылдың бұлыңғыр күзі. «Сталинград майданында жараланып, госпитальға түсіп едім, қазір тәуірмін» деген Никитаның хатын үш ұлымен қуана оқып отырғаны сол еді, іргелес екі-үш көршілері келіп: «Никита Сальск қаласы үшін ұрыста қаза болыпты. Балаларға енді әке де, ана да өзіңсің, берік бол, Мария» дегенде, «Апыр-ау папасының хатын қазір алып отырмыз ғой» деп ұлдарына да, көршілеріне де тап осылай түсінбей есеңгірей қараған.

Оған да аттай жеті жыл...

«Жұтаған шүкірге тоймайды» дейді халық. Тағдырдың талқысынан қатты тіксінген сол жолы. «Иван қасымда ғой, әйтеуір, сен аман жүрші» деп ортаншы ұлы Викторға өтінген. Ал ол болса: «Ол не дегенің, мама, баяғыда Вьетнам еліне көмекке барған әскери ұшқыштар тобымен екі жыл оқ пен оттың ортасынан аман келгенде, заман тынышта авиация майорына не қатер?» деп әзілге айналдырған. «Алыста жүрсек те, біз сенің әр сәт қасыңдамыз, сағынғанда қарап отыр» деп сол жолы Виктор осы төрт суретті үлкейтіп беріп еді.

Әкесімайданға аттанғанда тұңғышы Иванжасы 13-кетолмаса да, Ворошилов атындағы заводқа жұмысқа орналасқан-ды. Жар сүйіп, бала өсірген, үлгілі әке еді. Отыз жыл бір мекемеде шофер болған еңбекқор жан кездейсоқ апаттан жұмыста жүріп жан тапсырғанда Мария Ивановна тірегі құлағандай қатты қалжыраған. Сонда да Иванның балаларына бас-көз болайын деп Алматыда тұратын ұлы Виктордың қолына көшпеген еді...

Жасы жетпіске келсе де тың болатын, тек соңғы жылдары ауру қосылып қажытқандай. Көзі жұмулы, көңілі ояу бір ғибраттық сезіммен «Орны бар оңалар» деген осы да деп ойлады. Елге еткен адал еңбек еш кетпейтініне көзі жетті. Отан соғысында қаза тапқандар отбасы деп бұдан екі жыл бұрын қалалық атқару комитеті осы бір сәнді ғимараттан үй берді. «Қамқорлық» бағдарламасы бойынша аурулық себепті қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі өзіне жеке көмек көрсететін әдейі кісі бөлгеніне де біраз болды.

Мария Ивановна безілдеп шырылдаған есік қоңырауы даусынан көзін ашып алды. Сыздауы басылған аяғымен нық басып есік ашты. Ертемен сүт пен нан әкелген әлеуметтік қызмет көрсету қызметкері екен.

– Түске таман гүл мен торт алып кел, қызым, - дейді ол келген қызметкерге ақша беріп жатып. – Бүгін кенже ұлым Георгийдің туған күні еді.

Ұқыптап жиналған бөлменің ең көрікті сәніндей, төрдегі төрт жігіттің суреті күн нұрымен әрлене, кірген жанның бірден көзіне ілігеді... Ол маған осы үйді ұстап тұрған төрт тіректей ой салды. Өмір жалғаса береді...

*«Орал өңірі»
13.09.1991 жыл*

Айгүл Сүндетованың ісі қандай болса, өзі де сондай

Әлі есімде, өткен жылғы қыркүйек айының жайма шуақ күндерінің бірі еді. Еңселі үйдің 2-ші қабатында орналасқан «Зерде» білім беру орталығының ғимаратында бір топ адам орталықтың директоры Айгүл ханымды күтіп тұрдық. Терезе алдында тұрған қос қарияның құшағындағы бір орам гүл өте әдемілігімен ғана емес, ерекше жұпар исімен де кісі көңілін еріксіз аудартатын. Қарап тұрғанша бір әңгімеге жарап тұрайын деп, өзім қатарлы адамдар болғасын жанына жақын бардым. Қос қарияның бірі маған ілтипат танытып:

– Немереміз Америкада. Биыл екінші жыл сонда жұмыс істейді. Мұхиттың арғы жағынан осы Астанадағы әр түрлі сыйлықтар жасап елге қызмет көрсететін әлдебір мекемеге ғаламтор арқылы тапсырыс беріпті. Қазір барлығын оңайлатып қойды ғой, заман жетілді деген осы да... Жаңағы мекеменің қызметкерлері: «Тапсырысыңызды алып келдік!» деп бізге мынандай әйбат көз тартар бір құшақ гүлді табыстап кетті. Біз аң-таңбыз. Соңынан немереміз телефон арқылы хабарласып, амандық саулықтан соң: «Сіздерден өтініш осы гүлді менің аса құрметті апатайым Айгүл Ғазизқызын менің һәм өздеріңіздің аттарыңыздан жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, өз қолдарыңызбен табыс етсеңіздер екен», - деп мұхиттың арғы жағынан қиылады ғой балапаным. Біз сонда барып ұқтық бұл

гүлдің сырын. Мынау сол немеремнің сәлемдемесі,- дейді ол үлбіреген әдемі гүлге аялай қарап.

Мен де баланың іс-әрекетіне ризалық танытқан пішінмен:

– Орталықтың директоры жақын-туыстарыңыз болды ғой,- деймін өзімше сыр суыртпақтаған болып.

– Қайдағы жақын?.. Сіз де айтасыз-ау?! Асқарым мектепті бітіруге екі жыл қалғанда осы «Зерде» білім беру орталығы жаңадан ашылып жатқан болатын. Астана қаласындағы қазақ орта мектебінде оқып жүріп, осы аталмыш білім орталығынан қосымша ағылшын тілінен де сабақ алды. Еңбегі жанып, немереміз оқу барысында түрлі конкурстар мен әртүрлі бағдарламаларға қатысып, жүлдегер атанды. Бәрі де осы орталықтағы ұстаздарының білімділігі мен тәжірибелігінің арқасы деп ойлаймын. Құлыным орта мектепті ойдағыдай тәмамдап, қолына аттестатын алған күні Америка елінің тегін оқытатын оқу орнының грантын да қоса жеңіп алып, бізді үй ішімізбен бір мәре-сәре етіп қуантқаны бар. Мұхит асып, Америка университетінде 5 жыл оқып, қазір сол елдегі үлкен корпорацияда еңбек етеді,- деді ақ шашты қария. Жүзінде немересімен мақтанып, масайрау бар...

Содан бері қаншама апталар мен айлар өтсе де, Қонаев көшесіндегі үлкен ғимараттың жанынан өткен сайын осы оқиға есімнен бір кетпейді. Есімнен кетпейтіні әлгі қарияның немересінің ықыласына бөленген құрмет иесін сонда көріп, көзайым болғандығым. Шынында да керемет кездесу болып еді, енді соны айтайын.

Елді елең еткізіп, жалт қаратқан әсем дауыстың иесі: талдырмаш келген, кесе киімі жарасқан, аққұбаша келген, маңдайы кере қарыс, жаны жайсаң жан өзін «Зерде» білім беру орталығының директоры Айгүл Сүндетовамын деп таныстырды. Шіркін күлімдей отырып, іші бауырыңа кіріп кете жаздап, сыпайы сөйлеген сөзін естігенде таңғажайып күйге түстім. Ол сезімді тап қазір жеткізіп айтар менде тіл, қаламымда қарымды қуат болсашы...



Біздер – адамдар шынында да қызықпыз... Біреуді жақсы деп, оны өзгеге үлгі етіп көрсеткіміз келсе, оның қандай атақ алғанын, нендей жетістікке жеткенін тергілеп есіміз шығып, дегбірсізденіп жатамыз. Бізге қайткен күнде депутат, немесе министр, не болмағанда биліктің бел ортасында жүрген біреу болуы керек. Ең болмағанда телехабардың қайсыбір бағдарламасынан қайдағы бір пікірталасқа қатысқан болса, қол жетпейтін жетістіктерге жеткендей, сол жанды өзгелерге идеал етіп көрсету үшін ішер асымызды жерге қойып, жүгіреміз де жүреміз. Бұл айтқаным жаңалық емес, күнде дағдылы көрініске айналған дүние. Бұны өздеріңіз көріп те жүрсіздер. Ал тіршіліктің тамырының лүпілін дәл басып, өмір атты тылсымның өзегін құрайтын қарапайым адамдардың өнегелі өмірі мен істері, олардың қоғамымызға келтірер пайдасы туралы ойлап, бас қатырғымыз келмейтінін жасырып қайтеміз? «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады...» деп Мағжан ақын айтпақшы, осындай ой толқынының жетегінде отырып Айгүл ханымнан Астананың қай көшесімен жүрсең де:

– «Мен математикадан, физикадан, химия, биологиядан тереңдетілген түрде кемелді үлгімен ағылшын, қазақ, қытай тілінен сабақ беремін» деген жарнамадан көз тұнарлығы соншалықты, жүріп келе жатып, аяғыңды шалыс басып қала жаздайсың. Ендеше, айтыңызшы осы «Зерде» мектебінің негізгі мақсаты не? Кешіресіз, мынау таяқ тастам жерде мемлекеттік орта мектептің еңсесі анадайдан бадырайып көзге ұрып тұр. Осы тиіп тұрған мемлекеттік мектептің іргесінен тағы бір балама мектеп ашу соншалықты қажет пе?–деймін орталықтың директорына сұрақты төтесінен қойып.

Ол күлімсіреген бойда көңіліміздің көкжиегіне бойлай түсіп, асықпай салмақты ойын сабақтай келе былай деді:

– Егемендік алып тіршілігіміздің өзегі нарыққа байланғалы, тұрмыстық қағидат көз ілеспестей өзгерді. Оның ішінде өзге салалармен қоса білім беру саласы да. Себебі мектептегі білім беру бағдарламасы өмірден озық жүруі – жаратылыстың

заңдылығы. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген ғой бабаларымыз. Сондықтан ата-ана ұл-қыздары мектепті бітіріп, кемел білім иесі атандыратын аттестат алуымен қатар, әр баланың жан-дүниесінің қалауымен бір мамандыққа бейімделуін қалайды. Бір бала әдебиет пен тарихты ұнатса, екіншісі математика, физика, химия сияқты нақты ғылымға сүйенген мамандықтарды қалайды. Сол пәндер бойынша: «Болашақ маман боламын» деген арманы бар әр бала өз білімін терең жетілдіру үшін сол пәннен қосымша білім алғысы келеді. Сол үшін сабақтан тыс уақытында кітаптар оқып, сол саланың озық тәжірибелі мамандарынан қосымша дәріс алады. Біздің «Зерде» орталығы да сондай қосымша білім беру орталығы болып есептеледі.

Осылай жауап беріп, тағы не білгілеріңіз келеді дегендей жаны жайсаң жан бізді мейірімді жанарымен бір шолып өтті...

Өмір жолына зер салсақ, Айгүл Ғазизқызы Сүндетова Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының 2-ші Шежін аулында дүниеге келген.

– Кеңестер одағы деп аталатын алып елдің адамдары өткен ғасырдың 70-80 жылдары жастары алаңсыз оқу оқып, үлкендері тіршіліктің кез келген саласында еңбек еткен жайма шуақ күндердің бірі болатын. Айгүлдің ауылдық мектептің 6 сыныбында оқып жүрген кезі. Кенеттен қан қысымы көтеріліп ауруханаға түскен әкесі Ғазиздің жағдайын сараптай келе дәрігерлер: «Тіршіліктің нышаны болғанымен, өздігінен отырып тұра алмас» деген қорытындыға келіпті. Сөйтіп, ойламаған жерден апталдай азамат төсекке таңылып, 1-дәрежелі мүгедек болып шыға келгенінде, үй іші ұзақ қайғыға душар болғанын бір-ақ білді. Күн ұзаққа ағайын-туыс, жора жолдас, көрші-қолаң келіп, ауыртпашылықты бөліскен болады. Үйдегілерге ел жақсылары: «Дүние түлкі құйрық бұрандаған, Бақ тайса мал мен дәулет құралмаған. Күніне тоқсан бәле көрсең-дағы, Күдерінді бір үзбе бір Алладан!», - деп үмітіміздің үзілер жібін үзілуден сақтап, басу айтатын. «Үмітсіз – шайтан!»



деген қағидамен өмір сүрген әкемнің ерік-жігерінің күштілігі соншалықты әрі өмірге құштар жақсылыққа жаны жақын оптимист жан болғандықтан ба, әрине дәрі-дәрмектің көмегі де жоқ емес, ең бірінші Алланың тілегімізді қабыл еткенінен шығар, анам Жұмасұлудың, әжем Бәтіштің, тума-туысқанның жақсы күтімінің арқасында жыл айнала ауруынан айығып, аяғын басуға айналды,- дейді өткенін мұңая есіне алған Айгүл. Содан сәл іркіліп сөзін жалғаған мынандай алып әкенің ерке қызы:

– Әкемнің кеудесін қайрат кернегенде, қыстың қақыраған аязында сыртқа шығып, шешініп тастап, қарға аунап, қар ұлпасымен шомылатын. Жалғыз қолымен күніне бірнеше рет кірдің тасын көтеріп, ұзақ жаттығатын. Күнделікті жұмыс қажытқан анамды мал-құсты күтуден босатып, аула ішіндегі шаруаны өзі істейтін. Үйдегі 6 баланың ішіндегі әкемнің меншіктеп алған сары қызы мен болғасын, еркелеп сабақтан кейін әкемнің қасында көбірек болып, ұзақ әңгіме-дүкен құрушы едік. Сабағыма көңіл бөліп, қайталатып отыратын. Міне, менің өнегелі әкем осындай жан болды.

Әкемнен үйренген қайсарлығымның арқасында сабақты жақсы оқып, сыныптастарымның алды болып, орта мектепті бітірген соң, Оралдағы А.С.Пушкин атындағы институттың (қазіргі университет) химия-биология факультетіне оқуға түсіп, маған тілеулестерді бір мәре-сәре етіп қуанттым. Бұл да болса перзентінен ұлылық күтетін әке арманының орындалғаны деп ойлаймын.

Осы ойларын ортаға салған Айгүл өткенін еміреніп есіне алғанда, біздің жүрегіміздің төрінде ізгіліктің дәні бас көтере бастағандай болды...

1995-2000 жылдары жас кезінен армандаған институтын бітіріп, мамандық алып, еңбек етіп, әрі бойжетіп, аңсаған махаббатына жолығып, тұрмыс құрып, тәңірдің қайталанбас сыйы қасиетті «Ана» атанып, Оралдан елордаға қоныс аударып, Астанадағы орта мектептің бірінде еңбек еткені, өмір

атты қалың кітаптың парағына «қайырымды жылдар» болып жазылғалы да он сегіз жылдың көлемі болыпты. Зымырап өтіп жатқан уақыт!..

Әр күннің жақсылығы мен жамандығы, азабы мен рахаты, қайғысы мен қуанышы алмасып отыруы – өмір заңдылығы. Десек те, соның ішінде адам ойынан шығарып тастай алмайтын, қандай жағдай болмасын, санаңда «мен мұндамын» – деп бебеулеп тұратын өткенге белгі болар сәттер, мақаламызға алтын арқау болған Айгүл арумен бірге жасасып келеді. Оның дәлелі жары Ғабиттің әкесі, яғни, қайын атасы Насырдың өмірінің соңғы сәттері. Туған әкесіндей болып кеткен жаны жайсаң адамның ризашылық кейпі бір сәтке есінен шыққан емес. Кемел шағына келгенде балаларының тұрмыс-тіршілігіне риза болып, немерелерін иіскеп, Ғабиттің мектепке директор болғанына қуанып, бір сәтке дамыл тапқандай болған еді. Баласынан ұлылық күткен әке арманы қашанда қастерлі. Ол кісінің айтқан ұлағатты сөздері ұлы мен келінінің өмірлік кредосына айналды. Аялы алақан иесінің:

– Мен ұстаздық жолға түсіп, мектеп директоры болғанымда жасым 50-ге толған еді. Қарамағымда 100-ге жуық адам болды. Қол астындағы адамдардың көңілін табу ақыл мен парасатты, сабыр мен қайырымдылықты талап етеді, қарақтарым. Бастық болдым екен деп қарамағыңдағы жанның жанына ешқашанда жәбір жасаушы болма! Әрқашан қарапайымдылығыңды сақтасаң, алынбайтын асу, шықпайтын биігің болмайды, құлындарым! «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», – деп айтқаны өнегелі жастың өмірінің бағыт-бағдарына айналып кеткен-ді.

– Асқар тауымыз болған Насыр атамыз ауырып, соңғы сапарына аттанғанда қатты қиналды. Тұрмыс тауқыметі өз алдына. Өмірлік жолдасым екеуміз тағдырымыздың арбасына жегілген қос аттай, «...толарсақтан саз кешіп, тоқтамай тартып шығуға...» (Махамбет) белді байлап, білекті түре кірістік. Мақсат айқын. Қалай болғанда да мәйітті 2000 шақырым



алыстағы өскен ортаға, яғни, ағайын-тума, жора-жолдастарға жеткізу. Алла абырой беріп, қысқа жіп күрмеуге келіп, Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданы, Саралжын елді мекеніне әкеміздің сүйегін жеткізіп, сондағы ата-баба қорымына ел болып қойдық. Көп ұзамай араға жарты жыл салып анамыз Шарбану көз жұмды. Алланың осылар көтереді деп берген сынынан сүрінбей өтіп, қабырғамыз қайысып, жылап жүріп, сол баяғы әкеміз салған ізбенен ол кісінің мүрдесін де 40 жыл отасқан атамыздың қасына қойып, перзенттік парызымызды өтедік. Қараңғы түнектен жарыққа шығатын күнге де жеттік. Құдайға шүкір дейміз. Осындай қиын-қыстау кезде қол ұшын беріп, демеу болған Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің профессоры, академик Жасқайрат Сүндетов ағамызға орайы келгенде айтар алғысымыз шексіз.

«Адамның күні адаммен» деген осы да деп, сөз тізгінін тартқанда, тыңдап отырған біздер оның өнегеге толы өзекті ойын бәріміз құптаған болдық.

Жастайынан өз ортасында тек алдыңғы қатарда жүруді мақсат еткен Айгүл білім беру саласында болып жатқан жаңалықтар мен алдыңғы қатарлы технологияларды кең түрде қолданысқа енгізуді дер кезінде ұғынып, оны шәкірттерінің білім дәрежесінің өсуіне пайдаланып, өзі басқарып отырған «Зерде» білім беру орталығының имиджін жақсы жағынан қалыптастыра білді.

Қалалық білім басқармасы бекіткен, оқушылардың ой-өрісін кеңейтетін «Жеке бағыт» атты бағдарламасы Айгүлдің өмірлік тәжірибе жинауына көмектесті. Оқушылар арасында жүргізілген «Жеке бағыт» бағдарламасы бірнеше жыл қатарынан үздік көрсеткішке жетті. Салалық олимпиадаларға, ғылыми-конференцияларға қатысқан бүлдіршіндер жүлделі орын алып, жазған мақалалары республикалық басылымдарда жарық көрді. Астана қалалық білім басқармасының шешімі бойынша әуелі бірінші, сосын бір-екі жылды өткізе келе, жоғарғы санаттағы ұстаз атағын алды. Жасы 30-ға толып,

өмірге үшінші Сұлтан атты ұл келгенде, ол кәдімгідей мол тәжірибесі бар өз ісінің шебері болып қалыптасқан маманға айналды.

Жақсылығын жан-жағына жайып жүретін адамдар болады. Олар өздері де байқамай, достары мен жолдастары, таныстары ортасында әр кезде көмек қолын созатын бір керек адамға айналады. Осылай бала күтімімен бір жыл еңбек демалысында отырған Айгүл мектепте оқитын қыздары Эльвира мен Динараны ағылшын тілін басымдылықпен үйрететін ұстазға тапсырып, олардың білімді шәкірт болуына жол ашса, өзі де достары мен жолдастарының ұл-қызына химия-биология пәнінен қосымша сабақ беріп, олардың білімін еселеумен болды. Арада аз жыл өткенде «Зерде» орталығының негізін құрайтын ұстаздар тобы өзінің шағын пәтерінен бастау алатынын ол кезде ешкім де білген жоқ-тын.

Тап қазір тамаша бір заман ғой. Күш-жігерін, арман-мақсатын, рухани жан-дүниесін әлем кеңістігінде тек жақсылыққа жұмсасам деп алға ұмтылған адам не істеймін десе де, өз еркінде емес пе?!

«Бірінсіз-бірі болмайды, ұсақсыз ірі болмайды,»- дейді атам қазақ. «Білім беру орталығын ашып, тәжірибелі ұстаздардың ақыл-парасаты мен білімін бір орталыққа біріктірsem» деген арман-мақсат Айгүлдің ойынан ешқашан шыққан емес.

Тек жары Ғабиттің: «Отбасым мен ұл-қызымды тұрмыстық қажеттілікпен қамтамасыз ету – менің азаматтық, әкелік борышым. Тек сен үй ішіндегі күйкі тірліктен әркез жоғары тұр!»–деген жалғыз ауыз сөзі мақсатқа жетер жолдың алғашқы баспалдағы һәм қажыр-қайратының қайнар бұлағы болыпты.

Орайы келгенде «Зерде» білім беру орталығындағы шешімі табылған келелі іс-шаралар жайында, қалыптасу кезеңіндегі жетістіктерді айтып, басылым оқырмандарына нақты мәліметтер берсек деп, орталық директоры Айгүл ханымға өтініш жасадым. Ол: «Атқарылған іс-шаралардың барлығын айту әрине мүмкін емес және аса қажет деп те ойламаймын.



Дегенмен, сонда да болса қысқаша жетістіктерімізге тоқтала кетейін»,- деп, хатшы қызды шақыртып, отырғандарға шай алдырды. Ыстық шайдың буы сұхбатымыздың сәнін кіргізгендей әсермен жақсы әңгімені тыңдауға ықылас білдіріп жаттық. «Сонымен» деп бастады өз ойын сөзі нәрлі шешен қыз:

– Сонымен 2009 жылы қыркүйек айында «Зерде» орталығы ашылып, қасымда бар болғаны 4-5 ұстаз болды. Қазір орталықта 70-ке жуық ұстаз жұмыс істейді. Олардың жартысынан көбі тұрақты қызметкерлер. Он жылға жетпейтін уақыт аралығында 15 мыңнан астам оқушы орталықта істейтін ұстаздардан дәріс алды. Осы орайда «Зерде» орталығының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, аянбай еңбек етіп келе жатқан бірқатар ұстаздарды атап өткенді жөн санаймын.

Олар: математика пәні мұғалімдері:

Майдабекова С.Е., Абдрахманов Қ.К., Ермекбаева А.Е., Сейсенбинов А.А., Увазырова Н.Қ., Дунбаева С.С., Ахажанов Т.Б., Матин Д.Т., Кәйдолла А., Қоңырова А.Қ.;

Ағылшын тілі пәнінің ұстаздары:

Ергалиева А.Н., Тулешова С.М., Төреханова Ж.П., Алибаева Х.Р., Байназарова Г.К. Насырова Э.Н.;

Қазақ тілі пәнінің ұстаздары:

Амерхан Г.С., Шалаева З.Н., Бакиева Н.О., Мырзагалиева К.М., Мұсабаева А.А., Макенов Қ.М.;

Бастауыш сынып мұғалімдері:

Мұсаева Ж.Ж., Баилова Г.И., Буланбаева Г.Б., Мнанова А.Ж., Телеуханова Ш.Б., Ахмедина С.Т., Котихина В.А.;

Физика пәні мұғалімдері: *Тынжанов С.Қ., Абикешев М.А.;*

Тарих пәні мұғалімі: *Ерімбетова Б.Қ.;*

Орыс тілі пәні мұғалімі: *Тасмухамбетова Б.Б., Дюсембаева Р.К.;*

Менеджер: *Жұмахмет З.М.* сияқты мамандар – біздің орталықтың ары мен абыройы! Жылдар өте орталықта мектеп пәндерін тереңдетіп оқытуды 3 тілде жүргізу баланың өмірлік мақсатына қиналмай жетуіне жол ашатын болады. Ал соңғы жылдары ҰБТ, ЖОО, НЗМ, РФМШ, БИЛ, IELTS

сияқты дайындық топтарына қатынассам деген оқушылардың саны көбейді. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, мектепке дейінгі дайындық (4-7жас), ұзартылған күн тобы (1-4 сынып), ментальдық математика, химия, физика, математика, биология, география, тарих пәндерінен білім дәрежесін нақтылау үшін бізге көптеген оқушылар жыл бойы келеді. Аудандық, қалалық, республикалық олимпиадаларға, ғылыми-конференцияларға қатысатын оқушыларды да дайындаймыз. Жүлделі орын алған оқушыларымыз қалаған жоғарғы оқу орындарының білім грантын жеңіп алып, «Зерде» білім беру орталығындағы ұстаздар мерейін асыруда. Сонымен қатар «Зерде» орталығы «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығымен бірлесе отырып, білім беру мекемелерінің 4-5 сынып оқушылары арасында математика және ағылшын тілі пәндері бойынша «Жас эрудит» олимпиадасын тегін өткізді. Олимпиадаға барлығы 618 оқушы қатысты. Басты мақсат дарынды оқушыларды анықтау, олимпиада резервтерін дайындау болды. Жүлделі орын алған оқушылар арнайы дипломдармен, медальдармен, грамоталармен, сыйлық сертификаттармен марапатталды.

«Зерде» орталығы «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығымен бірлесе отырып, білім беру мекемелерінің математика және ағылшын тілі пәндерінің жас мамандарына арналған «Ұстаз шеберлігі – оқушы жеңісі» атты семинар-тренингті тегін өткізді. Семинар-тренингтің мақсаты: жас мамандардың білім деңгейлерін тереңдету, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру. Барлық қатысушыларға сертификат табысталды. Жазғы демалыс кезінде біздің орталығымыз «Ақниет» қорының қолдауымен Астана қаласындағы №24 мектеп базасында көп балалы және аз қамтылған отбасы балаларына арналған «Жас шуақ» жазғы демалыс лагерін тегін ұйымдастырды. Лагерге үш маусым ішінде 150 бала қатысып, уақыттарын өте көңілді өткізді. Бағдарламада: мұражайларға, «Думан» ойын-сауық орталығы,



кинотеатр, Бәйтерек, «Алау» мұз айдыны, «Атамекен» мемориалдық кешеніне саяхат жасалып, каратэ, би, шахмат, сурет, футбол үйірмелері жұмыс жасады. Астана қаласындағы Қарттар үйіне барып, концерт қойылды. Тәрбиелік мәні бар көптеген іс-шаралар жүргізілді.

Бізде кәсіби шахмат мектебі бар. Бұл саланың ұстазы Ж.Қ. Қоңторбаева. Ресейден білім алып, көп жыл сонда жұмыс істеген. Шахматтан жоғарғы санаттағы бапкер, спорт шебері. Жамал Қасқарбекқызы бізде 2009 жылдан бері жұмыс істейді. Оның шәкірті Ақжан Шопанов мектепті бітіргесін шахматтан маман болуды армандап, Ресей университетіне шахмат факультетіне оқуға түсті. Ол қазір 2-ші курста оқиды. Жазғы каникулда «Зерде» орталығына келіп, осында оқитын балалармен сайыстар өткізіп тұрады. Ол шахматтан «Халықаралық тренер» деген атақ алғанда, бәріміз қатты қуандық. Мектебімізде шахматтан одан басқа да спорт шеберлігіне кандидат бар. Олардың бірі Сәтбек Ахмединов Қазақстанда ең жас 8 жасар спорт шеберлігіне кандидат атағын алған оқушымыз. Олар тек республикалық емес, халықаралық шахмат сайыстарына қатысып, еліміздің намысын қорғап жүр. Каратэ, би, сурет үйірмелерінен де оқушыларымыз қалалық, республикалық, әлемдік деңгейде өз өнерлерін көрсетіп, жүлдегер атануда.

Орталығымыздағы «Аиша» би үйірмесі биылғы жылы Халықаралық көпжанрлы «Көктемгі кубок» 2018 би конкурсына қатысып, Гран При және 4 бірінші орын алып келсе, «Азия жұлдыздары – 2018» мәдениет және спорт Ашық Халықаралық чемпионатына қатысып, 2 Гран При және 3 жүлделі орын алып келді. Бұндай жетістіктер орталықтың би үйірмесінің жетекшісі Г.Т.Еламанованың ерен еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Каратэ үйірмесінің жетекшісі Р.Н.Құрманбаев ІКО Kyokushinkaikan Karate II дан қара белбеу иегері, ҚР спорт шебері, «Ақ Барыс» клубының бапкері осы уақыт аралығында 350-ге жуық оқушының мүмкіндігін аша білді.

Бапкер баптауындағы оқушылар бірнеше дүркін Қазақстан, Азия, Еуропа чемпиондары атағын жеңіп алып, Ресей, Жапония т.б. елдердегі халықаралық чемпионаттарға қатысып, өз шеберліктерінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Жеңімпаздардың ішінде айрықша көзге түскен А.Ахметов, Д.Сәттаров сияқты т.б. көптеген жеңімпаздарды атап айтуға болады.

«Зерде» білім беру орталығында бүгінде кең қолданысқа ие бірқатар кітаптар шыққан. «Математикалық сауаттылық және математика» авторы Исмаилова Назым Зияшқызы. Бұл кітапта бірнеше логикалық тапсырмалардың және күрделі теңдеулерді шығару жолдары көрсетілген. Екінші кітап «Математикалық сауаттылық». Авторы Аралбай Қанат Мұратұлы. Бұл кітап көпке әдістемелік құрал ретінде ұсынылып, оқушы үйде отырып, осы кітапта берілген есептердің жауабы мен шығарылу жолы бойынша өзі дайындала алады. Бұл еңбектер бүгінгі заман талабына сай болғандықтан өте құнды кітаптар қатарына қосуға болады.

Бұған қосымша бізде онлайн курстар өткізіледі, яғни, оқушылар дәрісті онлайн түрде интернет арқылы қалаған уақытында алу мүмкіндігіне ие.

Біздің осы еңбектеріміздің жемісі болар, жыл сайынғы кәсіпорындарды рейтингілеу жалпы мемлекеттік тәуелсіз бағдарламасы – Ұлттық бизнес-рейтинг (ҰБР) – Қазақстан кәсіпорындарының өткен жылдағы қаржылық көрсеткіштерін сараптай келе, «Мемлекеттік бюджет салымы» және «Сенімді салық төлеуші» номинациясы бойынша Қазақстандағы жетекші кәсіпорындардың арасынан биыл біздің «Зерде» білім беру орталығын жеңімпаз деп тауыпты, – деп барып Айгүл әсерлі әңгімесін аяқтағанда, жүзі нұрланып, жанары жанып тұрды.

Біз осы арада «Адамды еңбек шыңдайды» деген ұлағатты сөздің шындығына тағы да бір мәрте көз жеткіздік. Көзімізді жеткізген осынау қазақтың қайсар қызы Айгүл Сүндетова.



Ғазиз ағаның ерке қызы тек ұйымдастырушы ғана емес, отбасының жылылығын сақтай білген отанасы. Отағасы Ғабитпен Алланың берген екі қыз, үш ұлын тәрбиелеуде.

Үлкен қызы Эльвира Назарбаев зияткерлік мектебін «Алтын медальмен» бітіріп, Назарбаев университетінің халықаралық қатынастар факультетінің 3-ші курс студенті;

Кіші қызы Динара Қазақ-түрік мектебін «Алтын медальмен» бітіріп, Алматыда Сүлеймен Демерел атындағы қазақ-түрік университетінің 3-ші курсына оқиды;

Ұлы Сұлтан – «Назарбаев зияткерлік мектебінің» 10 сынып оқушысы. Ол республикалық «Робототехника» жарысында бірінші орынды иеленді. Таяуда Индияның Дели қаласында өткен халықаралық жарысқа қатысып, білімін шыңдап келді;

Ортаншы ұл Дархан – 5 сынып оқушысы. Ол шахматтан 1 разрядты ойыншы.

Кіші ұл Ерасыл, Құдай қаласа, мектеп табалдырығын биылғы оқу жылында аттайды.

Біз бәріміз осы өмірдегі ең қымбат, ең қадірлі, бар байлығымыз – балаларымызды өзімізден кейін тек ұстаздарға сеніп тапсырамыз. «Тарыдай болып кіресің, таудай болып шығасың»,- деп Мұқағали ақын жырлағандай, жарысқанда озып, таласқанда жеңіп, қазақ ұлтының мәртебесін әлем кеңістігінде сан мәрте асқақтатар болашақтың «батырлары» тап қазір мектеп қабырғасында бой түзеп, ұстаз тәлімімен ой өсіруде. Еліміздің негізін қалайтын мектеп пен ұстаз – өз қадірін жоймаған қасиетті ұғымдар.

Сондықтан бала болашағы жолында жасалған үлгі болар әр іс мақтауға тұрарлық. Елорданың мақтанышы «Бәйтерек» атты монументке көтеріліп, арман-мақсатыңа ой түзер, Елбасының алтын алақанына қолыңды салып, алға қарай көкжиекке көз жіберсең, қарсы беттегі зәулім үйлердің бірінің маңдайшасынан өрнекпен жазылған «Зерде» деген атауды оқисың. Оқисың да ойға қаласың...

Осынау мақаламызға арқау болған Айгүл Сүндетованың аз ғана еңбекақысының есебінен негізі қаланған, жеке «Зерде»

атты қосымша білім беру орталығының келелі істерінің бұл біз аңғарған тұстары ғана. Қазақтың «Арық айтып, семіз шық» деген мақалы негізінде сөз саптар болсақ, онда кішіпейілділікпен мәртебесінбей-ақ қояйыншы деп бұл қыздың бізге айтпаған игі істері қаншама?! Ауқымды кемеліне келіп ел игілігіне жараған ел қалаулысының ісін бір мақала көлеміне сыйғызу асығыстық әрине. Мұндағы әрбір ұстаздың өзі – көлемі көлдей бір мақалаға арқау боларлық тұлға.

«Зерде» білім беру орталығындағы жақсылар мен жайсандар жайлы жазу келешекте мен қазақпын деген әрбір қалам ұстаған азаматтың жүрегінен ойып орын алар келелі тақырып екені сөзсіз. Ендеше, жазарымыз мол болсын! Ал Айгүл бауырымызға келер болсақ: «Болсайшы бәрі сондай қарындастың» деген аталы сөзді ішімізден сан қайталап, «Тәңірім, талантты қызыңның жарқын ісіне шапағат нұрыңды төге гөр!», – деп қолымызды көкке көтергенде, Сіздердің «Әумин!» дейтіндеріңізге мен кәміл сенемін, құрметті өресі биік оқырман!

«Төртінші билік» газеті

10.05.2012 жыл

Алыптар ұшқан алтын ұя

*(Жаңақазан ауылындағы М.Жүнісов атындағы орта мектептің
150 жылдық мерейтойын атап өту іс-шарасынан кейінгі
ой-толғамдар)*

Көк жиегі көз жеткізбей көсіліп жатқан кең дала кеше жауған нәсер жаңбырдан кейін көктемгі көк майсадай болмаса да, қайта жасарып жайма шуақ күйге енген.

Ауылға кіре берістегі дөңеске: «Менің жүрегім – Жаңақазан» деп құймалы әріптермен сәнді етіп жазылған үлкен қақпадағы жазулар бір мейрамның басталғанын паш еткендей әр көңілге қуаныш ұялатады.



Ия, қызыл Кеңестің кезіндегі 5-6 үйлі елді мекеннен жылдар өте артель, колхоз, совхоз орталығына айналған, кейін аудан орталығы болып үлкейген Нарын өлкесіндегі бұл мекеннің ел тарихында алар орны ерекше.

Сондықтан болар Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасы аясында, Жаңақазан ауылындағы М.Жүнісов атындағы орта мектептің жұмыс істей бастағанына 150 жыл толуына байланысты мерекелік шара басталып та кеткен-ді.

Бүкіл ауыл азаматтары мен мектеп оқушылары, мейрамға келген көршілес аудандар мен ұжымдардың шақырулы қонақтары, осы мектепте оқыдым деген қуаныш сезімдерін әркез жүрегіне сақтап келген бір топ абыз ақсақал мен ақ жаулықты әжелер қатынасқан мерекелік шараны «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Рухолла Саматов пен Жаңақазан ауылдық округінің әкімі С.Ғұбашев ашты.

– Тезірек ат жарысы басталатын алаңға жету керек, нағыз қан қыздырар қызық пен қуаныш сол жерде ғой, – дейді осы мектептің 1961 жылғы түлегі, көптеген жылдар қалалық, облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарған Аманкелді Бижанов балаша қызынып.

Мерекеге арналып дайындалған дала қызықтары; тай жарысы, ат жарысы, аламан бәйге т.б спорттық ойындарды талдап айту мүмкін емес.

Себебі мектептің 150 жыл толуына байланысты өткізілген мерекелік шаралар туралы аудандық, облыстық газеттер жарыса жазып, облыстық, республикалық телеарналар хабарлар арнады.

Бірақ та үш күнге созылған осы бір қуаныш сәттер мен ризашылыққа толы көңілдің қимас кезеңін әркім өзінше айтып, өзінше толғанады.

Қазақта «айтарыңды айтып кет, айта алмассың қайтып кеп» деген ауыз екі айтылатын нақыл сөз бар. Газеттерде айтылып жазылса да, «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген қазағымның

қасиетті сөзін ұстанып, мен де осы мектептің түлегі екенімді мақтан ететінімді, осы кездесуге қуана келгенімді айтқым келгені... Мүмкін сол сезім қолыма қалам алғызған шығар...

Ия, 1868 жылы патша жарлығымен қазақ жерінде 7 мектеп ашылуы тиіс екен. Соның біреуі Қамыс – Самар қисымындағы Глинянский елді мекенінде ашылған. Арада 3 жыл өткенде Орынбор генерал-губернаторының жарлығымен жаңа үйлер салынып, сол жерді «Новая Казанка» деп атайды. Еділ мен Жайық өзендерінің Нарын құмына бет бұрған тармағы Қара өзен мен Сары өзеннің қиылысар тұсы жер жәннаты екенін Қазтуған бабамыз жырлап кеткендей:

Сан салпыншақ анау үш өзен,
Жабағалы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты

Жайылып мың қой болған жер... деген жер жәннатын орыс патшасы татар-орыс байларының екінші астанасы болады деп ойлады ма екен? Кім білсін?

Қазақ жерін қақ ортасынан бөліп алып «Новая Казань» деп қойылған атау арада 150 жыл өтсе де ел арасында әлі де өзгермей келеді.

Бірақ, өзендер суы тартылып, балығы азайып, әр түрлі өмір өзгерістері мен тағдырлар тартысынан бұл жердегі тұрмыстық құрылым талай өзгеріп, жайсаң жақсылар мен ақылгөй даналардың талайы өмір көшінде опат болса да, қара жер қалпында қалып, ұлылар ісін жалғастырар жас ұрпақ әркез өсіп-өркендеп отыратынын көріп қуанасың.

Қызыл матаға үлкен әріптермен айқара жазылған «Алыптар ұшқан алтын ұя» деген қарапайым сөздер, типтік жобамен салынған қос қабатты үлкен шаңырақтың М.Жүнісов атындағы орта мектеп екенін айтқызбай-ақ ұқтырғандай.

Мектептің жаңадан жасақталған үлкен мәжіліс залында сәнмен киінген бір топ оқушы келген қонақтарды қуана қол соғып қарсы алды. «Аталар жолымен, ағалар ізімен» атты



диспут кеште оқушылар тарапынан қойылған мәнді де мазмұнды сұрақтар аға буын өкілдерін біраз ойландырғаны рас-ақ.

Сіз осы өлке туралы не білесіз?

Қамыс Самар елді мекенінің тарихи тағылымын қандай кітаптардан оқуға болады?

Ұстаздан алған тәлім-тәрбие өміріңізге азық болды ма? Өзгеге жасар жақсылықтың өзегі не деп ойлайсыз?

Әрине, бұл сұрақтарға жауаптардың бәрін атап айтып жазу мүмкін емес. Алғашқы сөз алған бұрынғы Киров орта мектебінің, қазіргі М.Жүнісов атындағы орта мектептің 1950 жылғы күміс медаль иегері Отар Набиев, 1957 жылғы мектеп түлегі Калимуллин, 1960 жылы мектеп бітірген Зейнуллин мен белгілі журналист Тихон Әліпқалиев, партия, совет қызметкері Тасболат Мұқашев сұрақтарға жауап беріп, көп жыл мектеп директоры болған Хабадаш Нұрымғалиев, Бисекеш Дәулетов сынды ағалар Сатым Әбуов, Жақия Арыстанбеков, Ғұмар Салықов, Гүлшат Ысқақова, Қалила Түменбаева, Жасұлан Қисамидинов, Рахым Суханов, Бақыт Үбішева, Хамида Әміргереева, Рахым Құдайбергенов сынды ұстаздарын алғыс көңілмен еске алып, олардың есімдері ұрпақ санасында мәңгі жасайтынын атап өтті.

Келесі күні ауылдың Мәдениет үйінің кең де үлкен спорт залында осы мектепте саналы ғұмырын дене шынықтыру пәнінің ұстазы болып, жас ұрпақты тәрбиелеуде елеулі үлес қосқан «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі», бірнеше жыл қатарынан Қазақ КСР-і атынан Мәскеуде өткен спорттық ойындарға қатысқан, 12 жыл қатарынан Алматы мемлекеттік физкультура институтында ректор болып қызмет атқарған Бектілеу Қаражановтың, бірінші ұстазы Сатым Әбуұлы атындағы жасөспірімдер арасында еркін күрестен облыстық турнир оздырылды. Ашық турнирге Орал қаласынан, көршілес Ақжайық, Қазталов, Қаратөбе, Бөкейордасы аудандарымен қатар аудандағы Жаңажол, Қызылоба, Жуалыой елді мекендерінен 200-ге тарта жас палуан қатысып,

күш сынасты. Спорттық шараны Сатым ағаның ұлы ашып, ұйымдастырушыларға өзінің жүрекжарды алғысын білдірді.

Айтулы шараның соңғы күні ұстаздар, оқушылар, шақырулы қонақтар мектеп оқушыларына жергілікті әкімдік сыйлаған жаңа үлгідегі футбол алаңының ашылу салтанатына қатысты.

Ал Халық ағарту ісінің үздігі, Ленин орденді ұстаз Ғұмар Салыховтың ұлы Ербол Салыховтың өз қаражатына 150 түп ағашты мектеп ауласына отырғызуға әкелгені игілікті істердің бастамасы болды. Ағаш отырғызу рәсімінен кейін Мәдениет үйінде өткен «Тарихи шежіре, танымы мол оқу ордасы» деген тақырыптағы салтанатты жиынды аудан әкімі Наурызбай Қарағойшин ашты. Атаулы шараға қатынасқан облыс әкімінің орынбасары Ғабидолла Оспанқұлов, облыстық білім басқармасының бастығы Шолпан Қадырова мектеп ұжымына облыс әкімі Алтай Көлгіновтың алғыс хатын және бағалы сыйлығын табыс етті.

Ортақ мүдде үшін іс-қимылда әркім өзінің тағылымды тәжірибеден тұратын қарқынды қызметімен бағаланады дейтін қағида мектеп мұражайы ашылғанда тағы да еске алынды. Мектеп директоры Аида Ғұбашева ерекше толғаныс үстінде тұрып: «Осы мұражайдағы барлық жәдігерлерді жинақтауда мектеп директоры болған Әдиет Хамиев пен ұстаз Рахия Кенжекеевтің еңбегін ерекше атап өткім келеді, – деді.

Ал ардагер ұстаз, «Жаңақала ауданының құрметті азаматы» Нұрсұлу Галимуллина болса, мектеп тарихында заман талабына сай бүгінгі таңда білім жүйесіндегі цифрландыру үрдісіне орай оқушылардың білімін арттыруға септігін тигізетін мәжіліс залын жасақтап берген Жұмалиевтер отбасына, «Алыптар ұшқан алтын ұя» атты тарихи тәлімге толы кітапты баспадан шығаруға көмектескен Думан Кенжебайұлы Қарағойшинге мектеп ұжымы атынан үлкен ризашылығын білдірді.

– Мен осы мектептің түлегі болғанымды мақтаныш етемін, – дейді ҚР Парламент Сенатының 3-шақырылымының депутаты



Рашит Ахметов өзінің алғашқы депутаттық төсбелгісін мұражайға тапсырып тұрып.

Ал 2013-2017 жылдары Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің орынбасары болған генерал-лейтенант Оқас Сапаров:

– Менің анам Мәуліш Сапарова осы мектепте ұзақ жыл ұстаз болғаны менің азаматтық көзқарасымның қалыптасуына үлкен әсер етті,- деді.

Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған дарынды балалар мектебінің директоры, педагогика ғылымының кандидаты Нәсіпқали Дәулетов өз мектебінен білім алған 150 оқушы, «Болашақ бағдарламасы» бойынша шетелдерден білім алғанын қуана хабарлады. Ал философия ғылымының докторы Тілекжан Рысқалиев болса, өзінің Кант, Платон, Аристотель сияқты әлемдік даналардың ілімін оқи, зерттей келе, қазақ елінің данышпандары Бұқар жырау мен Қазтуғанның олардан еш кем түспейтініне көз жеткізгендігін айтып толғанды. Ал Астанада келген кәсіпкер Айжан Жұбанышалиева мектеп мұрағатына атақты суретшінің салған «Ақжайықтың ажары» атты картинасын тарту етті.

Алқа тон жабылып, алаулатып, жалаулатып, алыстан ат шаптырып, кісі жалдап бүгін әдемі көрінсем болды, ертеңгі күн болашақтың есебінен дейтін шығын мен шашылу мұнда атымен жоқ.

«Отан отбасынан басталады» деген аталы сөз тегі рас-ты. Жаңақазан ауылында өткен «Аталар жолымен, ағалар ізімен» атты іс-шараға тек мектептің ұстаздары мен оқушылары емес, бүкіл ауыл болып атсалысқаны көңілімізді қуантты.

Басқасын айтпағанда, алыстан келген бір топ қонақтарды (мектептің бір кездегі түлектерін) Нәсіпқали Биляловтің ұлы мен келіні, атақты дәрігер Ибраимның ұлы мен келіні ағалап, апалап қарсы алып, оларға қуана қызмет еткенін қалай ұмытарсың.

Ынтымағы жарасқан осы ауылда қонақты құрметтеп сыйлайтын қазақы салт-дәстүр әр шаңырақтың ажырамас

бөлігіне айналған. Әр үйде әлем жаңалықтары теледидар арқылы хабар беріп жатса, қызыл ала кілемді көсілте жайған кең бөлмелерде қазақы оюмен өрнектелген жұмсақ көрпелер ата-салт пен дәстүрдің көзіндей көрініп, көңілге қуаныш ұялатады.

«Бір кездері осы ауылда тезек пен көмір жағып, ас пісірдік, су да тапшы болды. Қазір шүкір, көгілдір отын әр үйде бар, үй саламын дегенге жер берілді. Жазда бау-бақша ауламызда, мал ұстағасын оның өнімі де өзіндікі. Үйдің жанындағы қазылған жерді көрдіңіздер, келесі аптада Ұялы құмынан тартылған құбыр арқылы келетін таза су тек бізді емес, аудан көлеміндегі ауыл, селоны түгел ауыз сумен қамтамасыз ететін болады. Бәрінің ретін келтіріп ойластырып, алдын ала жоспарлаған, осы ауданда 18 жыл әкім болған осы мектептің 1963 жылғы түлегі Төлеген Мерғалиевтің еңбегі екенін жерлестері әркез есінде ұстайды», - дейді зейнеткер Күләш Талапова тебірене сөйлеп.

Үлкенін сыйлап, қадірлісін құрметтеп, аяулысын ардақтай білетін ауылдың адамдары-ай. Осы бір бары мен жоғы, азы мен көбі, пайдасы мен зияны, адалдығы мен арамдығы, жақсылығы мен жамандығы астасып кеткен тірлікте өзгелер жасаған жақсылықты көре білу де бір ғанибет қой.

Әйтпесе, «Алыстан келдіңіз, Сіздің орныңыз әркезде төр», - деп былтыр ғана өмірден өткен, көп жыл аудан әкімі болған Төлеген Мерғалиевтің жары Динаның алдынан өтпей ілтипат көрсетіп, 90-нан астым деп әжелер ансамбліндегі ән салудан қалып қойып жүрмеңіз, – деп қадірлі ұстаз Жақия Арыстанбековтің жары Мария апамен әзіл қағыстырып, «сіз көбіне партия, совет қызметкері болып жұмыс істегенмен, Сіздің еңбек жолыңыз ұстаздықтан басталған, сіз біз үшін әлі де ұстазсыз» деп Ермек Сапаровты құрметтеп, Нұрсұлу біздің бесаспап, айтса тілінен, істесе қолынан келеді деп ардагер ұстаз Нұрсұлуды қадірлеп, «сәнің әніңді сағындық қой» деп көп жыл М.Жүнісов атындағы орта мектепте орыс тілі мен саз



сабағынан дәріс берген Утемқалиева Надеждаға ән салдырды. Дастархан басындағы емен-жарқын әңгіме ауыл адамдарына жарасып-ақ тұрды.

Кейде адамның ішпей мас, жемей тоқ болып, риза көңілдің қуаныш кезеңін ұзартқысы келетін сәттер болады.

Арада 57 жыл өткенде сыныптас құрбыларым Сәуле Лұқпанова мен Сара Ерғалиеваны көргенде мен де сондай сезімде болдым. Ал Сәуленің жары осы мектептің 1960 жылғы түлегі Болат Губашев ұлы мен келінін таныстырғанда, таңданғанымды қалай жасырамын. Себебі оның ұлы Сәдуақас Жаңақазан ауылының әкімі болса, келіні үш күннен бері мектепте, Мәдениет үйінде өтіп жатқан іс-шараның ұйытқысы, мектеп ұстаздарының білгірлігі мен шеберлігін ұтымды ұйымдастырып, танымдық тарихи мәні бар «Алыптар ұшқан алтын ұя» атты мектеп тарихын, ондағы адамдар өмірі мен мәнді мәліметтерді жинақтап, кітап етіп шығару жолында көп еңбек етіп, өтіп жатқан іс-шараның басы-қасына мектеп ұстаздары мен оқушыларын жұдырықтай жұмылдырып, әлдебір қате іс болмағай деп кино түсіретін режиссердей, бар істі өз көзімен қадағалап жүрген талдырмаш келген аққұба келіншек осы мектептің директоры Аида Губашева құрбым Сәуленің келіні екенін білгенде қуандым әрі қызықтым.

Туған жердің түлектері-ай! Бұл өмірде ауыл атты алтын мекеннің, асыл мекеннің бар жақсылығын бүкіл әлемге паш ететін тек сендерсіңдер ғой.

Тәңірім жақсы жандардың жарқын ісіне шапағат нұрын төге берсін.

«Төртінші билік» газеті

2019 жыл

«Сен де бір кірпіш дүниеге»

«Менің қуанышыма ортақтасамын десең, тез кел!
Әйтпесе...»

Бала кездегі құрбымның бұйыра сөйлеген сөзінен енді кешіксем ренжітіп алатынымды сезіп, тез жолға шықтым.

Бір өзі атшаптырым аймақты алып, аппақ мәрмәрдан салынған қабырғаларына оюлы кестелері ерекше жарасып тұрған Хазірет сұлтан мешіті жанындағы жиырма қабатты қызыл үйді тез таптым. Жақында пайдалануға берілсе де, үй төңірегі жасыл желекке толы тап-таза екен.

Лыпып тұрған дыбыссыз лифтімен көтеріліп, жетінші қабатқа да тоқтадым. Ал құрбым болса, үй жиһазы сән-салтанатына қаратпай, бірден балконға алып барып, терезе алдындағы аймақты нұсқайды.

Анау әлемге әйгілі Пирамида, мынау Тәуелсіздік сарайы мен Қазақ елі монументі. Сосын тапжанындағы Шабыт университеті мен бес мың адам бір мезгілде намазға жығылатын Хазірет сұлтан мешіті. Айналасы субұрқақ пен гүлзарлар. Осындай ортадан жер учаскесін алып, халық үшін үй салған «Шар» құрылыс компаниясы екен. Пайдалануға берілген пәтерлері қандай сапалы. Бәрінен бұрын осы үй бой көтерілгелі учаске бастығы Ләззаттың көрген жақсылығы бүкіл ғұмырына жетеді.

– Апа, сізге ұнамаған жері болса айтыңыз, бәрін қайта істетіп, көңіліңізге ұнайтындай етемін,- деген сөзінің өзі неге тұрады? Неге ұнамасын, жарқыным, қабырғаға ұстаған тұсқағазы мен қаққан шегеге дейін өте сапалы әрі шетелдікі. Өз ісіне осыншалықты ұқыпты қарайтын жақсы адамдар бар екен-ау, бар екен...

Неше рет барсам да, Ләззатжан деп есімін қайталап айтып, аузынан оған деген алғысы түспей отыратын құрбымның ниет-пиғылы маған да әсер етті ме, «Шар» құрылыс компаниясының учаске бастығы әрі прорабы Ләззат Бекқұлованы көргім келіп кеткені...



Сол жағалаудағы сәл дөңестеу жерге салынған үйлер маңынан ескен Сарыарқа самалы адам біткенді аймалай өбеді.

«Шар» құрылыс компаниясы салып жатқан «Сказочный мир» тұрғын үй кешеніндегі құрылыс алаңындамын.

– Ләззат Төркенқызы №5 учаскеде болуы керек, күзетшіден сұраңызшы,- дейді үй іргесіндегі тротуарға тас төсеп жатқан жігіттер.

Ал күзетші мені еріксіз тоқтатып, учаске бастығының «планерка» өткізіп жатқанын жеткізді.

Арада жарты сағат өткенде түпкі бөлмеден жамырай сөйлесіп шыққан бір топ адамның ортасында үстіне ақ комбинезон, ақ футболка киіп, басындағы аппақ кепкасы өзіне ерекше жарасқан аққұба келіншектің Ләззат екенін бірден ұғып, оған қарсы жүрдім.

Сұраулы жүзбен амандасқан Ләззаттың алғашқы сөзі:

– Кешіріңіз, бұл үйдегі пәтердің бәрі сатылып кетті. Бір айдың ішінде пәтер өтеді деп ойламап едім. Сіз осы шаруамен келіп пе едіңіз?...

Ал мен болсам оның аққұба жүзіндегі ойлы қара көзіне ұяла қарап неге келгенімді айта алмай сасқаным. Болашақта алатын пәтер жайында сөйлеспек болып, прорабтардың бөлмесіне кірдім.

– Бітпеген пәтерге ақша салсам, алданып қалмаймын ба?- деймін Ләззатты сөзге тартып.

– О, не дегеніңіз. «Шар» құрылысы компаниясын Семей облысының Шар ауданының бір топ азаматы бұдан он бес жыл бұрын жеке өз ақшаларына құрған. Бұл – қазақстандық құрылыс ұйымы. Екіншіден, тек өндірістік техникалық бөлімде жобалаушы, жоспарлаушы болып отыз инженер қызмет істейді. Компанияда тұрақты еңбек ететін отыз электрик, қырыққа тарта терезе-есік қондыратын мамандар, сегіз жүздей жұмысшы бар. Ең бастысы, компанияның президенті Жанна

Бектемірова өте білімді, алғыр әрі қарапайым адам. Сіздің тиыныңызды олар қайтсін? Сондықтан қорықпай пәтер сату бөліміне барыңыз. Мынау солардың телефоны, – деп бір парақ қағазды ұсынды... Әрі үстел үстіндегі Ләззаттың сөмкесінде жатқан және қолындағы бірнеше телефон аппараттары сәт сайын безілдеп, әңгіме желісін бастауға да мұрсат бермегені.

Өресі биік адамдар туралы өзгеге айту үшін әуелі олардың деңгейіне жету керек деп ойлайтынмын. Мен ешқашан құрылысшы болмаймын. Бірақ өмірдің өз қағидасы, әркімнің өз жолы бар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дейтін қазақы тәлімді бетке алып, менің ол туралы өзгелерге айтқым келіп кеткені.

Ләззат Төркенқызы 1963 жылы Көкшетау облысы, Ақжар ауданының Жаңаауыл ауылында дүниеге келген. 1980 жылы онжылдық орта мектепті бітіргенде аттестатпен бірге жастар техника тілін меңгерсін деген партия нұсқауымен тракторшы мамандығын алып шықты. «К-700» маркалы алып тракторды бағындырған әжет қыз Зерендідегі техникумда оқып, агрономдық мамандықты меңгерді. Жасынан не істесе де ұқыпты, тындырымды, сапалы істеуге тырысатын. Өйткені отбасына тірек болып жүргенде кенеттен жазылмас дертке шалдыққан әкесі Төркенді қуанту мұның басты мақсаты еді.

Шіркін-ай, мектепте оқып жүргенде анасы Әсима екеуі әкесін Мәскеу мен Ленинград қалаларының жоғары білікті дәрігерлеріне талай рет алып барған. Кеңшардың жүздеген машиналары мен тракторларына мұнай базасындағы цистернадан солярка мен бензинді шелектеп құйып, еңбек еткенде қолға жұққан жанар-жағармай адамның сүйегін балқытып жіберетінін кім білген? Сөйтіп, аңқылдаған ақкөңіл, барын өзгеге тосатын жомарт жан, ән-күй десе ішкен асын жерге қоятын домбырашы Төркен жиырма тоғыз жасында жазылмас дертке шалдыққан. Тек анасының еріне деген шексіз махаббаты мен ұл-қыздарының өз қатарынан озық болып, көзге түсуі оған әл берді ме екен, әкесі арумен алысып, отыз бес жыл өмір сүрді.



Қай кезде болсын үлкенге де, кішіге де жан шуағын сыйлап, адал еңбек еткен жан қоғамның назарынан тыс қалған емес.

Әнші, домбырашы, жастар арасында ерекше беделді Ләззат Павлодардағы аймақтық комсомол конференциясында кеңшардағы комсомол ұйымының хатшысы болып сайланды. Қоғамдық жұмыста белсенділік көрсетіп жүрген жақсы істердің бастамашысына зор сенім артылды. Құрамында екі жүз елу мүшесі бар жастар ұйымын басқарған 1986-1989 жылдар өз өміріндегі үлкен бір белес екенін ол әлі күнге дейін есінен шығарған емес.

1989 жыл еді. Асау жылқыны жалғыз өзі бұғалықтап, ер салмай-ақ жөнге салатын намысқой, албырт, шабандоз жылқышы парталас досы Болатбек бұған өз сезімін білдіргенде, бұл:

– Немене Отан алдындағы борышыңды Байқоңырда екі жыл бойы атқарып келдім деп өсіп кеттің бе? Мен сенің бастығыңмын ғой, ұйым бастығына сөз айтуға қалай батылың барды? - деп еркелеген. Сөйтіп, тума-туыс, дос-жаран ортасында дүркіреп той өткен. Жыл айнала махаббат пен іңкәрліктің куәсіндей ұлдары Үммет келді өмірге.

Шіркін-ай, бақытты шақ баянды болсашы. Бірақ олар өмір сүретін шартарапты қамтыған кеңістікке «қайта құру» атты бір алапат өзгеріс алып келді.

«Елмен көрген қиындық та ұлы той», - дейді ғой халқымыз. Ел аман, жұрт тыныш, қаймағы бұзылмаған қара жер мен көк аспан төбеден төніп тұрғанда ағайын арасындағы байлық пен мал бөлісу деген не тәйірі? Дүние деген қолдың кірі емес пе? Ортасында жүрсе де жекеменшік иесі болмады сол жылдары. Болатбектің мойнындағы нүктедей мең өз-өзінен өсіп ұлғая берген.

Мәскеудің, Новосібірдің белді-белді деген дәрігерлері сол меңнен әлдебір радиоактивтік элементтің тозаңын тапқан. Обыр ауруы қазіргі замандағы жазылмас дерт болса да, бірнеше рет химиялық ем алып, аз ғана уақыт көңілі сергігенде «Шіркін-ай, ұлымның жігіт болғанын көрсем», - деп армандайтын.

Ташкентте немесе Түркіменстанда әлдебір тәуіп бар дегенді естісе, «Үмметің үшін барып келейік, мүмкін жазылып кетерсің» деп қолқа салатын. Сол жылдары әкесі дүниеден озған-ды. Қайғыға қайғы қоспайын деді ме екен, бар ниетімен талай емшіге қаралған.

– Лазкен, – деген бірде оған, – саған ризамын, апармаған дәрігер, қаратпаған емшің жоқ. Қалған уақытта сенің, ұлымның қасында болайыншы...

Сөйтіп, әке қазасынан кейін араға жыл салып алғашқы махаббаты, жары – Болатбекті жер қойнына тапсырған. Бұл 1996 жыл еді.

Өмір өзен, замана соққан жел, мағыналы өмір сүргің келсе, оған желкен бол. Желкен болып ұдайы жел өтінде болу айтуға ғана оңай. Ол ілеу де біреудің пешенесіне жазылған тағдыр. Сол тағдырдың салғанына көніп, төзіп, күресіп минут, сағаттан басталып, жылдарға созылатын өмір тауқыметін Жаратқан тәңірдің жіберген сынағы деп қабылдап, ақ адал көңілмен еңбек етсең ғана бір жақсылыққа жетесің деген сеніммен ол сан мәрте майысса да шорт үзіліп сынбаған.

Ел егемендік алған сол жылдары талайдың басына қиындық әкелді. Апасы Марал, сіңлілері Жұмабике мен Алтынай және бауыры Серік бірге болып, анасы Әсиманың қасында бір-біріне сүйеу болып, қиын тірлікті бастан өткізді. Ауданнан Көкшетауға көшіп келді. Үмметі өсіп жатты.

Ойлай берсең ой көп, ойнай берсең ойын да жетеді. Қазақтың бағына ел Президенті Н.Назарбаев халқына мәңгілік сый жасаған. Ол сый жаңа астананы салу болатын. Тамылжыған Алматыдан ақ боранды Ақмолаға көшті өзі бастап келгені талай жүрекке от тастап, мың сан талапқа тағдыр сыйлаған еді.

«Үмметімді, анам мен бауырларымды бір жақсылыққа жеткізсем» деген Ләззаттың арманы Астанаға алып келді. Бұл – 1999 жыл.

Құрылыс саласында ол істемеген жұмыс кемде-кем. Бетоншы, сылақшы, әрлеуші, тіпті тракторшы жетпей



жатса, «К–700»-ді бағындырған тәжірибесі де кәдеге жарап, шәмішті трактормен жер де қазған кездері болды. «Шар» құрылыс компаниясына да сол жылдары жұмысқа кіргенді. Бауырларымен бірігіп шағын пәтер сатып алды. Үмметі мектепте озат оқушы. Өзі де жұмыс істей жүріп, институтта сырттай оқып, құрылысшы-инженер дипломын үйге алып келгенде ұлы қатты қуанып, мен де өскенде міндетті түрде сәулетші-архитектор боламын деп масайраған. Сол жылдар өмірдің аз-кем болса да көлеңке тұстарына сәуле түскен кезең екен...

Әкесін жоқтай ма екен, ауылдағы ата-әжесіне жиі баратын. Сол жолы ауылда үш күн болып қайтып келді. Қызуы көтеріліп ауруханаға алып барған еді. Дәрігерлер қараймыз, тексереміз дегесін ұлын ауруханаға жатқызып, келесі күні барған. Емдеуші дәрігер:

– Баланы үйге алып кетіңіз, молда шақырасыз ба, қайтесіз? – дегені. Ойында ештеңе жоқ, «молдасы несі?» деген ол шошынып.

– Жарығым-ай, сұқтанған көз тиді ме, қайдан білейін? Дене ісініп ине салса батпай қойған екен ғой... Сол қатты қызуы басылмастан жанып кетті жарығым.

Өң мен түстей өмір-ай... Ұлысыз өмір сүрудің мәні жоқ еді... Бүгілген белін жаза алмай жұмысқа бармаған. Талай рет жоғарыдан құлап өлгісі де келді. «Тек о дүниеге барғанда аңырап қалған анамды, әлі де өз қолдары өздеріне жетпеген бауырларымды кімге қалдырамын?» деген ой жас болып ағылып, санаға сабыр берген-ді. Ой, шіркін-ай десеңші.

Қазағымның мақтанышы Бәйтеректің түбінде, Қорғаныс министрлігінің дәл жанында төбесінде «Шар» құрылыс деп жазылған макеті бар жеті кіреберсті 9 қабатты «Меруерт» атты үй бар.

Ұлының қазасынан кейін ай өткен соң жұмысқа шықпағасын оны компания президенті Жанна Жақсылыққызы шақырады дегесін амалсыз келген еді. «Мына том-том папкіде «Меруерт»

атты тұрғын үй құрылысының барлық техникалық жобасы бар. Үйге алып кетіп, оқып таныс. Он бес күннен кейін іске кірісесің. Осы үйдің жақсы немесе жаман болып шығуы өзіңе аманат» деген-ді ол.

– Жо-о-оқ, – деген Ләззат қолын сілкілеп. – Ондай жауапкершілікті мойныма ала алмаймын... Іргетасынан бастап үй салу?.. Оған менің тәжірибем жетпейді де....

– Маған сапалы салынған үй, саған қайғыңнан арылу керек, сөйтіп, бір-бірімізге көмектесейік, – деген компания басшысы нықтап сөйлеп.

Кешікпей Арқаның үскірген аязында ағашпен қоршалған алаңда бульдозер тракторы жер қазып, машиналар құрылыс материалдарын тасып, адамдар сабылып жер қазып, қадақ қағып, цемент, құм, тас, су әкеліп жатқан құрылысшылар жұмыс көрігін қыздырып алып кетті. Үй іргесі биіктеп, қабырғалар қаланып, әр бөлме әрленген сайын жан-жары Болатбек пен жан-жүрегін жарып шыққан жалғызына есеп беріп, пәтер иелерінен алатын алғысын періште көңілмен солардың әруағына арнайтын...

Содан бері қанша құрылыстың басы-қасында болды? Анау Сәтбаев көшесіндегі 10 қатарлы тұрғын үй, Ел Президенті Н.Назарбаев өзі келіп лентасын қиып, пайдалануға берген жетім балаларға арналған кәсіптік-техникалық училищенің оқу залы мен тұрғын үй корпустары, «Қазақстан» спорт кешеніндегі қысқы Олимпиададағы арнайы салынған хоккейшілерге арналған қосымша зал, «Сказочный мир» кешенінде салынған 6 тұрғын үй... Осының бәрінде соңғы нүкте қоятын әрлеушілер учаскесінің бастығы есебінде көп еңбек сіңірді.

«Бірақ өмірінің қиын-қыстау кезеңінде сенім білдіріп, көмекке қол созып, қайғыма ортақтасқан Жанна сіңліме сол кездегі көмегі үшін мәңгілік қарыздармын».

Соны айтқанда Ләззаттың ақсары жүзіндегі мұң риза көңілмен лезде алқызыл нұрға айналып албырттана алаулайды. Мақсұт пен Ләззаттың қала ортасындағы кең



де жарық сәнмен жиналған пәтерінде отырып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрған сол сәттерден есімде қалған үзік-үзік сырлар осылар...

«Бірінсіз бірі, ұсақсыз ірі болмайды» дейді халық нақылы.

– Байқап отырмын, келесі сұрағыңыз «Мәкең сияқты Батыстың, соның ішінде Нарынның нар ұлына қалай кезіктіңіз?» дегіңіз келеді ғой, шамасы,- дейді Ләззаттың жары Мақсұт шертіп отырған домбырасын диванға сүйеп жатып әзілдей сөйлеп.

«Әрине» деймін.

– Құрылысшы қауымда жақсы бір қағида бар. Ол – Құрметті құрылысшы атағын алған адамды жаңа жыл қарсаңында өз қатарына қабылдап, корпоративтік кеш өткізу. 2008 жылғы лауазымды атақ алғандар ішінде жалғыз қазақ әйелі Ләззат екен. Өзім құрметті құрылысшы атағын бұдан 25 жыл бұрын алғанмын. Төрт баламның анасы Алтын дүниеден озып, жабығып жүрген кезім еді. Сол көргеннен кейін Ләззатқа Қадыр Мырза Әлінің өлеңінде айтылғандай:

Аяқ екеу, қол да екеу,

Қос жанарың ол да екеу.

Екеу қас та, құлақ та...

байқамайды екенбіз.

Бақыт деген – екеуміз,- деп жыл бойы жалынып жүріп әрең дегенде тұрмысқа шығуға көндіргенмін. Тап қазір Ләззат әже. Төрт немересі үйге келіп, төрт жақтан «Әже!» деп жабысқанда мені ұмытып кетеді,- дейді Мәкең қуақылана күліп.

– Түскі үзіліс бітті. Мен кетейін,- дейді Ләззат тез жиналып.

– Опера және балет театрының құрылысы 15-20 қатарлы тұрғын үй салу емес. Ол – ел мақтанышы. Оның әр сүйем аумағы көз тартар нәзік әрі әдемі болуы шарт. Сондықтан құрылысшыларды бақылау мен қадағалау – негізгі менің міндетім. Театр пайдалануға берілгесін бір жерінен ақау шықса, прораб Ләззат не қараған? Одан да кезінде үлкен

құрылысты басқарған инженер Мақсұтты шақырындар деулері мүмкін ғой...

Жылдар өтер, бүгінгі жас азамат жігіт ақсақал болып қартайар. Жаңадан талай завод, фабрика салынып, аспанмен таласқан заңғар үйлер мен талай ғимарат бой көтерер. Солардың ортасында Мақсұт Шайқысламұлы Бекқұловтың басшылығымен салынған «КазМұнайГаз» компаниясы, «Көлік және коммуникация министрлігі», Қаржы министрлігі, «Шабыт» университеті ғимараттарында Ләззаттың қолтаңбасы мен табанының ізі қалған тұрғын үй кешендері өзінің сапалылығымен, жылылығымен, жақсылығымен талай ұрпаққа мекен болып, сан мәрте адами алғыстың ақ көгершіні аспанда талай қалықтар.

Тәңірім, Астана сияқты жұмақты қаламның сәнін келтіріп, қазақтың даңқын әлемге паш ететін адамдардың қатарын көбейте гөр...

...«Сенде бір кірпіш дүниеге»...

«Арқа ажары» газеті

06.06.2018 жыл

Ағаға хат

(Жазушы Қайыр Бектұрғановтың 60 жылдығы қарсаңында)

Мен студенттік кездегі досыммен араға жылдар салып кездейсоқ кездестім. «Асығыс ем,- деді Бағила келген шаруасына бірден көшіп. – Қайыр ағаға университетте оқитын кенже ұлымды аманаттағалы келіп ем, кезіге алмадым. Студенттері ағайдың 60 жылдық мерейтойы жақындап қалды, қазір алқалы топпен, әдебиет және өнер сүйер қауыммен кездесуден босамайды деп, жұмыс кабинетіне келер уақытын да дәл айтпады. Мен келген автокөлік қазір жүргелі тұр, мына хатты ағаға табыс етерсің» – дегені.



Ол оқушы дәптерінің толтыра жазылған қос бетін ұсынды. «Әрине, апарамын»- дедім.

Асқар тау биіктігімен көз тартып, алыстаған сайын асқақтай береді. Ал сол таудың етегінде жүргендер мұны бірі байқаса, екіншісі көрмейді де. Мен өзімді сол көзсіздер қатарына қостым. Себебі бұдан дәл отыз бес жыл бұрын мен де алғаш ашылған Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтында студент болып Қайыр Құрақұлы Бектұрғановтан дәріс алғанмын. Өмір жолы солай тоғысты да, қазірде бір қалада тұрамын, арамызда ізгілік лебі ескен сыйластық жібі үзілмесе де, тап анау Бағиладай ол кісінің жан-дүниесіне үңіліп, сыр ашу мен сырласу – мен үшін қорқынышты. Себебі ол кісі жоғарғы математика пәнінің маманы ғана емес, бірнеше кітабы шыққан, адам жанының, бүкіл болмыс, құбылыстың инженері-жазушы. Жан-дүниесі бай, оқып білгені, көрген-түйгені өте көп, тектігі мен пәктігі, мәрттігі қатар жүретін парасатты жан. Өз басының қадір-қасиетін білетіні соншалық, ол мақтау мен қолпаштауды жаны сүймейді. Сондықтан болар, көкірегімізде ағаға деген сыйластық легі лықсып, күй болып күмбірлеп жатса да, оны сыртқа шығаруға қаймығатынбыз. Ауыл адамдары ақжарқын, ақкөңіл ғой, Бағила да сол мінезге салып сыр ашыпты. Ананың, әйелдің, шәкірт пен қарындастың сыры. Мен оны Қайыр ағаға газет арқылы жолдағанды жөн көрдім.

«Қадірлі аға, – деп басталыпты хат. Осынау ақ қар, көк мұзда сонау Нарын құмынан жол шегіп келгенім өзіміздің институтта (қазіргі университетте) оқитын ұлымды сізбен таныстырып, аманаттау болса, екіншіден, мына берекесіз тірліктің беймаза шағы таусылар ма деп ақыл-кеңес алып сұхбаттасу еді. Сіз мені білмейсіз. Бірақ бетпе-бет жүздессек, еліміздің экономикасын өрлетсек деген алаулы арманмен облыста ашылған ауыл шаруашылығы институтының экономика факультетіне алғаш түскен аз ғана қыздардың бірі болғандықтан, есіңізде қалуым да мүмкін. Себебі сол жылы На-

дежда Жұбайқызы екеуіңіз жас маман ретінде біздерге сабақ бердіңіздер. Оқуды қазақша бітіріп, алу мен қосуды өзге тілде әрең түсінетін ауыл қызына, сізден дәріс алған екі жылдағы жоғарғы математикадан бірдеңе түсіндім деп айту ұят болар. Емтихандарда жаттап алған теорияны ғана айтатын едік. Ар жағымызда орнықты білімнің жоқ екенін біліп тұрсаңыз да, үштік бағасын ұрыспай қойып беретінсіз. Ал біз болсақ тап сол күні докторлық диссертация қорғағандай өзімізді еркін сезінетінбіз. Сіз болсаңыз емтиханнан кейін, химия пәнінен келесі корпуста дәріс беретін жұбайыңыз Надежда апаны күтіп алып, үйге бет алатынсыз.

Ұзын бойлы сәп-сәнді, кірпияз киінетін, жуан бұрымын тірсегіне түсіре бос жіберіп жүретін Надия апай екеуіңіз көшеде жүргенде, студент қыздар тамсана тамашалап, «Шіркін-ай, бұл кісілерде де арман бар ма екен?»- деп ойлайтынбыз. Ал жексенбі күндері ұл-қыздарыңызды қыдыртып бақта жүретін кездеріңізді көргенде, жарастық пен татулықтың кепіліндей көріп, қызығатын едік. Неге екенін қайдам, сол кездер жадымда жатталып қалыпты.

Қазір сұрастырсам, бір қуаныштысы, сіздер жұптарыңызды жазбай, әлі сол институтта екенсіздер. Балаларыңыздың үлкені Анар жоғары білімді дәрігер, ұлыңыз Ғали – инженер, ал кенже қызыңыз Гүлмира – Алматыда, химия ғылымының кандидаты, жас талант ғалымдарға берілетін арнаулы республикалық стипендияны жеңіп алған, ағылшынша ғылыми еңбектер жазып жүрген талантты ғалым екенін естігенде, төбем көкке жеткендей қуанып, «Не ексең, соны орасың» деген халық мақалы еріксіз есіме түсті.

Ал шынымды айтсам, біз болсақ, аға, күйбің тірліктен көп аса алмадық. Ақ адал еңбек етіп, ұл-қыз өсіріп, оқытып, қолымыз енді аққа тиеді деп жүргенде быт-шыты шыққан беймаза шаққа кезіктік. Жаңа заман орнатамыз деген дақпыртпен бір кездері 30-40 мың қойы, 5-6 мың сиыры бар біздің



кеңшарымыз қазір 4-5 отарды әрең ұстап отырған белгісіз бір ұжым. Осындай жағдайда ауыл маманында не қауқар қалды дейсіз? Біз де соның біріміз. Жақында кенже ұлымыз каникулға келіп, қала ішіндегі көзтаныстардың жағдайын естіп, қуанып қалдық. Әсіресе, Сіздің жоғарғы математика пәнінен емтихан алғандағы көрсеткен көмегіңізді ұмыта алар емес. «Ағай, дейді ол қайталап, емтихан алуға еріп келген комиссия мүшелерінің алдына өзі үйден әкелген неше түрлі шетелдік газет-журналдарды қойып «оқытып, алаңдатып», ал өзі студенттер арасын аралап жүреді де қояды. Жанымыз қиналып, қолға тиген билетке жауап іздеп, кітапты ақтарып отырған біздерді көрсе де көрмеген болып өте береді. Сөйтіп, біздің топтан бір бала да екілік алмай, бәрі стипендияға ілігетін болды. Ал сол Қайыр аға күнделікті сабақта қайыңдай қатаң еді» деп шынымен таңданғанда, өзімнің де біраз күліп алғаным бар. «Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа», - дейді халқымыз. Мынандай қиын кезеңде бір екілік алса, университетпен қоштасатынын олар да біледі. Алған әсеріне, пайымдауына қарағанда ұлым тым ойсыз да емес. «Тек біз ата-ана болып дұрыс тәрбие бере алдық па?» деп ойлаймын кейде. Шіркін-ай, өзіміз орысша білмей қор болғасын, нанын еркін алып жесін деп ұл-қызымызды орыс тілінде оқыттық. Әйтпесе, сіздің анау кітаптарыңыз «Бабаназар терегін», «Ізгілік жолын», «Қатерлі қияданы» ана тілінде оқыса, алдында кімнің тұрғанын анық ұғар еді.

Анау «Ат жалында» атты повесіңіздегі Шәміл құсап жастайынан пәктік пен қайсарлықтың ара жігінің жымдасып жатқанын түсінер еді. Тап қазір ойран-асыр болып жатқан Нарын құмының қай қырқасында Исатай мен Махамбеттің жасақтары жортты деп жүрегі дүрсілдер еді. Күмбірлеген Құрманғазы күйінің мазмұнын түсініп, мәнін ұғар еді. Қазақша оқымағасын, балалардың аталы сөздердің тереңіне бойлай алмай қалатыны бар. Ал сіз болсаңыз немереңіз Самалды

ана тіліндегі мектепке беріп, тағы да жөн көрсеттіңіз. Айтпағым ол емес еді, аға. Жыл өткен сайын жақсы жандар азайып, тоңмойын топастар көбейіп бара жатқандай ма, қалай? Ауылдан жаңа келген студент балаларды әлдекімдер қорқытатын да көрінеді. Менің жолықсам дегендегі ойым, бәлкім, Сіз бір рет болса да топ ішінде ұлымнан «қалің қалай?» деп, жәй сұрап қойсаңыз, оған тіс көрсететіндер жым болар еді де, балам арқа сүйер ағасы барын сезініп, әлденіп қалар еді деген ойым ғой. Қайткенде де мәртебесі биік азаматтар аман жүргей. Ал Сіз солардың қақ төрінде екеніңізге сенімім зор. Мен кейде ешкіммен айқайласпай, ұрыспай әлдебіреулерге жағынып-жалбарынбай, соншалық қадір мен құрметті, абырой мен беделді, айбарлы сұсты қалай жинап алдыңыз екен деп ойлаймын. Осындайда есіме бұдан 3-4 жыл бұрын өткен біздің институттың 30 жылдық мерейтойы есіме оралады. Сол жылы, әсіресе, алғашқы бітірген мамандар легі көп жиналды. Ал әр жылы бітіргендерден аудан басшылары мен кеңшар директорлары шақырылыпты. Олар кезек-кезек шығып сөйлеп, жылы лебізбен қоса институт атына шашуларын беріп жатты. Миллионның көбейген тұстары ма, әйтеуір бес, он, он бес миллиондап шашу беремін деп бәсеке таластырған тұстары да болды. Кенет арт жақтан: «Әй, лепірмей шашуды шамаңа қарап уәде ет. Арт жақты ойла. Көрдің бе, Қайыр Құрақұлы қабағын түйіп, әлденеге ренжулі» деген сөзге жалт қарасам, бір аудан басшысы келесі сөйлеуші кеңшар директорына нұсқау беріп жатыр екен.

Мен де қайыра көз тігіп сіз отырған жаққа қарадым. Сонда әлгі артықтау кетіп бара жатқандардың сескенгені сіздің сұсты қабағыңыз еді. Бірін айтып, біріне кете беріппін ғой, аға, кешіре көріңіз. Жақында 60 жасқа толарсыз, құттықтаймын. Тек мен емес, біздің ауылда әр жылдары бітірген 25-30-дай ауыл шаруашылығы мамандары бар. Олар да сіздің мейрамға қуана қол соғарына сеніңіз. Себебі біз әр кездескен сайын студенттік



кезді, Сізді, Надежда апамызды, Хайролла Кенжеғұлұлын, Елдос аға мен жолдасы Елена Сапарқызын міндетті түрде еске аламыз.

Аға, менің таңым бар. Сіздің таланттың бірін ғана берсе, талай азамат ендігі математикадан докторлық қорғап, ал жазушылық талантыңызбен том-том етіп таңдамалы жинағын шығарар еді. Ал, Сіз болсаңыз, ылғи өзгеге көмек көрсетіп, өзіңізді елемейсіз. Есейген сайын талант дегенің құдай берген тек қана жеке бастың бағы мен сыйы ғана емес, халықтың қазынасы екенін ұғынып келеміз. «Алтынды шыққан жерден қаз» деген халық мақалы бар, сіздің әңгіме, повестеріңізді оқыған жандар жалғасын күтетіні ақиқат.

Өткен аптада осындағы мектеп оқушылары әдеби кеш өткізіп, мені де шақырған еді. Кеште «Туған жердің талантты ұлдары» атты тақырыпта біраз әңгімеленді. Баяндамашы Исатай, Махамбет, Құрманғазы, Динаны айта келе, жерлес ақындар Жұмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырза Әли, Жанғали Набиуллинмен қоса, жазушы Қайыр Бектұрғанов деп сіздің кітаптарыңызға талдау жасады. Мен әңгіме арасында: «Ғасырдан астам уақыт Махамбет ақынның зиратының қай жерде екенін жат пен жауға білдіртпей, құпия сақтап, атадан балаға аманат етіп тапсырып, қазақ халқы еңсесін көтеріп, ес жиып, тегін танып, қаһарман ұлдарын іздей бастаған сонау 1960 жылдары елге жария еткен осы Қайыр ағаларыңның әкесі Құрақ деген қария екенін білесіңдер ме?» – десем, көбі білмей шықты. Естігендеріне оқушылар таңданып, қуанып, кәдімгідей масаттанып қалды. Тіпті бір Әділ деген бала: «Апай-ау мынау дегенің ерлік, ғасыр жаңалығы ғой!» дегені. Сенсеңіз, ауыл мектептерінде осындай ойлы жас таланттар көптеп өсіп келеді. Мүмкін, біздің жарқын да бақытты болашағымыз солардың қолында болар. Тезірек парасаттылықтың таңы атса екен.

Жағдай солай, аға. Ауылда қар жылдағыдан он есе көп. Ал қарапайым адамға, халыққа ел басқарған адамдар тарапынан ақыл мен көмек азайды. Мынау ғасырлар тоғысқан кер заманда

табиғат та тым қатайып, адам атаулының алаңғасарлығы мен алдампаздығы үшін шегер тақсіреті ме? - деп те қорқамын». Бағиланың хаты осылай аяқталыпты.

Менің көз алдымда шәкірт сүйіспеншілігіне бөленген ұстаз жазушының келбетті тұлғасы тұрды.

*«Орал өңірі» газеті
27.02.1997 жыл*

Азамат жолы

Анасы Нәси қайратты жан еді. Үлкен ұлы Нұрымды ФЗО-ға аттандырып тұрып, Сырымға: «Өкең болса Ұлы Отан соғысынан оралмады. Бекен, Жексен ағаларың да хабарсыз кетті. Мына ағанды үкімет жұмысқа әкетуде, қарындастарың Қалима мен Күміс жанымда ғой, кеше ғана онжылдықты жақсы бітірдің, бізге қарама, бар, оқуға түс» деген. Ал Сырым болса, әуелден көп сөйлемейтін мінезіне сай, институтты сырттай оқуға болады деп бірден өз шешімін кесіп айтқан.

Сөйтіп, жас өрен Жаңақала ауданы, «Екпінді құрылыс» ұжымшарына колхозшы болып орналасты. Бұл бұдан аттай 54 жыл бұрын, 1955 жыл еді.

Қай кезде болмасын, адал ниетті, алғыр, өзін танытып, өзгені баули білетін жан есепте ғой. Өлеңдері мен пайымды мақалалары аудандық, облыстық газеттерге үзбей басылып жүрген. Аудандық комсомол комитетіндегілер Сырымның қабілет-қарымын бірден байқап, жұмысқа шақыртқан. Сөйтіп, қой фермасын меңгере жүріп, колхоздағы комсомолдар жетекшісі болды.

– Сонау 1955-1970 жылдардағы жастардың жігер-күші, жақсылыққа ұмтылысы ғажап еді ғой,- дейді Сырым ағамен сөйлесе қалсаңыз.

– Мен әр жылдары колхоз, совхоздарда ферма және бөлімше меңгерушісі болып істедім. «Екпінді құрылыс», «Октябрь туы»



колхозы, Құрманғазы, Т.Масин, «Жаңақала» совхоздары, бәрі де қатарлас Орда, Жаңақала ауданының жерлері ғой. Сонда әр бөлімшеде 20-30 мың қой, екі мың сиыр, бір үйір жылқы болды. Сонша малды бағу, жайылымдарға орналастыру, қысқы қыстауы, жем-шөппен қамтамасыз етілуі – бәрі де жастардың мойнында болды. Бірі трактормен шөп шапса, екіншісі машинамен май тасыды, үшіншісі шеберханада техника жөндейді. Бәрі де ел, халық үшін деп жанталасып жүргенде, «Азғыр», «Капустин Яр» сияқты тажалдардың қасында жүргенімізді білмеппіз ғой. Біздің бөлімшедегі Нарын, Толыбай құмындағы малшылар тұрған нүктеден 10-15 шақырым жерде әскерлердің штабы болды. Әскербасылары келіп: «Келесі аптада үш күн бойы бұл маңда мал да, жан да болмасын, олардың өміріне өздерің жауаптысыңдар», - дейді. Біз тамақ, сусын, киер киім, көрпе-көпшікті машинаға тиеп, малды айдап, сол жерден 50-60 шақырым жерге көшіреміз. Мерзімді уақыты өткесін шөбі шүйгін, суы мол жаңағы орынға қайта ораламыз. Кейде жарылыс күшінен терезесі сынып, қабырғасы қисайған үйлерді қайта жөндейміз. Сонда мал да, жан да атом атты ажалмен күнбе-күн, бетпе-бет кездесіп жүр екен-ау.

Сонау 60-жылдары жастық жалынмен сезбесек те, 1970 жылдардың басынан бастап адамдарға сынақ әсері біліне бастады. Соңынан білгеніміздей, сол жылдары Нарын айлағында отызға тарта ядролық сынақ жасалған екен. Оның әрқайсысы Хиросимаға тасталған бір-бір бомба дерліктей. Дүниеге келген талай сәбидің не қолы, не аяғы жоқ, не ауызсыз туғандарын көзіміз көрді. Көбі мына қатыгез өмірден түңілгендей тез өлсе, біразы елі де нысаналы қалпында сонау Нарын өңірінде, «Капустин Яр» полигоны аумағында өмір сүруде.

Сол 1970-80 жылдары жастары қырыққа да жетпей бірі бауыры езіліп, екіншісінің жүрегі тоқтап, үшіншісі қылтамақ болып қайтыс болған достарым: бөлімше меңгерушісі Бақыт Сақуов, зоотехник Мәтеш Байболов, шофер Натол Дүйсеғалиев, жастар мен студенттердің бүкілодақтық фестивалінде Мәскеуде ән салған күміс көмей әнші Саттар Қабылсиховті еске алып, әруақтары алдында басымды иемін.

Ауылда, Нарын аймағында әлі де тапшылық пен аурудың кебін киіп жүрген жерлестерім қаншама? Колхоз, совхоз тарады, мемлекеттік мекеме жоқтың қасы, әйтеуір ауыл түлегі Амантай Ғабдуллин, Есентай Сисенғалиев сынды азаматтар әркез оларға қол ұшын беріп, көмектесетінін естимін. Оған да шүкір,- деп бір тоқтады.

Тыңдай білсеңіз, Сырым аға талай тарих пен көңілден өшпейтін оқиғаның тетігін ақтарады. Кейде әлдекімнің есімін ұмытып, не қай жылы болғанын еске түсіргісі келсе, «Құрмет-ау...» дейді.

Жастайынан бірге өсіп, отау құрып, өмірдің қай кезеңінде де Сәкеңнің тек жары ғана емес, көмекшісі, сырласы, жөні келгенде ақылшысы да бола білген Құрмет жеңгеміз ауылдың ақылгөй аналарына тән ақжарқын мінезіне салып, бәрін лезде айтып, өзі ойы мен өлшемін қоса жеткізеді.

Бүкіл ғұмырын, жастық жігерін адамдарға қызмет ету жолында сарп етіп, барға бар деп тасымай, жоққа жоқ деп жасымай, көңілдің аппақ ниетін айқара ашып, әркімге жақсылық тілеп отыратын ауылдың қазына қарияларының қала төріндегі еңселі үйлердің бірінен қоныс тепкеніне қуанамын.

«Тәңірім, бала бер, бала берсең, сана бер» деп қоса тілейтін қазақы тілектің өтеуіндей Сәкең мен Құрметтің тұңғыштары Айбарша – ұстаз, Нұрланы Жаңақала аудандық әкімдігінде бөлім меңгерушісі, Нұрбай жеке кәсіпкер болса, Зәмзагүл Гүлшат, Айгүл атты қыздары – медбике. Ал кенже ұлдары Бауыржан – «ТрансГаз» мекемесінің білдей қызметкері. Немере мен жиендері де, Құдайға шүкір, баршылық.

Сырым аға 1971-1975 жылдары Жаңақала қой совхозында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып істеді. «Невада–Семей–Нарын» қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Әсіресе, «Нарын» қозғалысының жетекшісі Кәкен Көбейсіновпен бірлесе отырып, бірнеше рет облыстық, республикалық радио, телеарналардан полигонды жабу, сынақты тоқтату, Хаки сорынан канал қазуды доғару сияқты күрделі мәселелерді шешуде өз ойын тиянақты әрі дәл жеткізуі – оның азаматтық бейнесін аша түскендей.



Бүгінде зейнет жасындағы кейіпкеріміз балалықтары сұрапыл соғысқа тап келіп, жастығы мен азаматтық шағы қауырт еңбек, қарбалас тірлікте өткен Орда, Жаңақала аудандарының көркейіп, гүлденуіне зор үлес қосқан дос-жолдастары Есет Ғабдуллин, Қабдығали Текебаев, Қамекен Жұмабаев, Орынбай Қайыров, Базарғали Сапаров, Жоламан Бекқалиев, Жамбыл Қапезов сынды азаматтармен қызметтес, пікірлес болғанын мақтан етеді. Бірге жүріп, бір дастарқанда бас қосып, ел тыныштығына рақаттанып, жақсы істерге қуанып, балаларының табысы мен жетістігін қызықтап, бақытты өмір сүріп жатқандарына шүкіршілік етеді.

Тәңірім, жақсы жандардың шуақты сәттерін баянды ете гөр!

«Орал өңірі» газеті

07.10.2009 жыл

Азамат жүгін арқалап

Бүкіл ғұмырына айшықты із қалдырған сол екі бірдей оқиғаның бір күнге дәл келгеніне, арада ондаған жылдар өтсе де, ол әлі күнге таң қалады. Сол күн есіне түскен сәтте-ақ қолы өз қызметін атқара беретін де, ойы сонау кездердің көгілдір сағымдай мұнарының елесін қуып кетеді.

Әсет айының ыстығы. Түскі сауымды аяқтап, кісі бойындай сүт машинасын тартып жатқан-ды. Колхоздағы жалғыз автомашинаның шофері Есен кіріп келіп:

– Тез жинал, партия жиналысына шақыра келдім,- деп сүт айырған машинаның дүрілінен асыра айқайлағаны, тіпті өзінің апыл-ғұпыл киініп, енесі берген бір тостаған шалапты түрегеле тұрып жұтып, сауыншы әйел Қаншайымға «Сүт тартылып болғасын қаймақты бидонымен құдыққа салып қоярсыңдар, ертең мен келгенде әзір тұрсын» дегені де – бәрі-бәрі есінде. Партия жиналысы жүріп жатқан. Кенет тыстан үрейлі айқай естілді.

«Өрт! Өрт! Сүгірәлі жақтағы пішендер өртеніп жатыр!»

Жиналыстағылар түгел, қайрат қылар ауылдың бар адамы, кім күрегін, кім айырын алып, машина корабына асығыс отырғанда байқағаны түсте ғана бет қаратпай шақырайған күн енді бар қызу-қайратынан айырылып, батар тұсын қызғылт шапаққа көмген, мөлдіреген екінді еді.

Ілкіде үюлі тұрған маяларды құтқармақ болып жанталасқан топ шабындыққа от түсу қаупі болғасын-ақ топ-топ болып бөлініп жүре берген. Біреу лапылдап келіп қалған отқа топырақ лақтырса, екіншісі қолда бар бешпет, кеудешесімен сабалап еңістегі қалыңдыққа от түсіргісі келмейді.

Іңір қараңғысы болды. Бықсыған түтін, ып-ыстық жалын леп, жылт-жылт жанған оттан басқа алыстағыны болжап болмайтын шақ. Бір уақытта күшейе жел тұрғанда, үш-төрт адам ық жақ бетте, от қоршауында қалып қойды.

– Апыр-ай, ық бетте 2-3 шақырым жерде-ақ Әбудің отары бар-ды.

– Соған тартсақ па?- дейді қой фермасының меңгерушісі Имаш Айтуғанов.

– Қайтсек те ел жүретін жолға жақын жерден шығуымыз керек,- дейді басқарма көмекшісі Меңдіхан Башанов отқа шарпылған денелерінің ашуына істер амалдары болмай топырақ басып отырған әйелдерге қарап.

Ақылдаса келе, өртті жарып шығуға бәрі бекінген. Ап-ащы түтін, алаулал қызарған жалын, күйіп пысырлап, шымырлай қоңырсып жана бастаған қас-қабақ, шаштарының күйген исі. Бір-екі ұмтылғанда жақындатпаған қалың шабындықта лапылдай жанған алау. Содан арғысы Мұстахима апайдың есінде жоқ... Өрттің қым-қуат ортасында жүрген ол бәрінен де көбірек күйгенін байқамапты.

Өмір. Тағдыр деген қызық қой. Қас-қағым сәтте адамның жылдар бойғы аялы арманын, алға қойған мақсатын, жаймашуақ күнін тас-талқан ғып бұзып, алдынан алынбастай бір қамал асуы тосты. Қайтып тұра алмастай құлаған адам қасиетті жердің топырағын баса тұрып, бірте-бірте әл жинап, бойынан



бұрынғыға еш ұқсамайтын жаңа бір тың күш сезінеді. Тағы да тірлікке, оның таусылмайтын қам-қаракетіне, қуанышы мен күйінішіне өзгеше бір адамдық құштарлықпен ұмтылады.

Сондай бір құштарлық Мұстахима апайдың бойында облыстық ауруханаға барғасын оншақты күннен кейін-ақ ояңған. От боп өртенген қызуы түсе келе өзінің ауруханада жатқанын ұққан. Ал одан бұрынғыдан бір алапат от пен өрт... Сосын жай таптырмас аурудан басып озып, дүрс-дүрс соққан өз жүрегінің дүбірін тыңдай жатып не болғанын жайлап еске түсірген.

Бұларды шақыртылған самолетке отырғызар алдында, айнала өзін қоршаған жұрт ортасынан аудандық партия комитетінің хатшысы Жұбанышқали Ильясовты көріп, есіне партбилеті түскен, ілкіде жоғалтып алғандай шошып кеткен. Сосын кезекайының ішкі қалтасынан партбилетті алып, алға қарай әлсіз ұсынғанда көз алдында тағы жарқ-жүрқ оттар ойнап талықсып кеткен. Тек ең әріден «жазылып келесің ғой, сонда өз қолыңмен аласың билетінді» деген хатшының сөзі еміс-еміс алыстан естіліп тұрғаны қай кезде де ең бірінші ойына түсетін.

Оның арманы көп еді. Оны сарғайтқан сағыныш еді.

Сонау 1939 жылы әскерге алынып, содан сұрапыл соғыстың қанды тырнағына ілігіп, хабарсыз кеткен жолдасы қайда? Бір шаңырақтың қаттысын қайырып, жұмсағын жұмырып бұған тете жеңге емес, аяулы анасындай қарайтын, мұның жарын сағына салған әндеріне, асқар таудай ағаларын аңсап күмбірлеген дауыстарымен қосыла кететін Меңдібай, Елдібай атты қайындары қайда? Сұрапыл соғыс та бітті, жеңістің біреу тәтті, біреу кермек дәмін татқалы да 7-8 жыл. «Ой, қарғаларымнан бір хабар»- деп күрсінгенде көкірегі жарылардай болатын енесінің ақ тілегінің орындалғаны қайсы?

Құба жоннан бейсауыт біреу көрінсе «әкем не ағаларым болар» деп топ баланы ертіп жарыса шабатын қос қарғасының алданған үмітінің төлеуін кім берер? Жылдар, жылдар... Аңсау мен арманнан, сағыну мен күтуден тұратын сартап сағынышты жылдар...

Бозала таңнан басталып, қас-қарая сүріне жығылатын қауырт жұмыстан ол жылдардың қалай өткенін де байқамайтын. Тек соңғы жылдары кейде: «директор ағамнан хабар жоқ па?» деп әлдебір бозбала не бейтаныс бойжеткен сұрай қалғанда, жанары жасқа толып: «Ойпырым-ай, – дейтін ескі танысына кезіккендей, әрі қуана елегізіп. – Күні кеше ғана жатақта жатқанда Әжібай ағаларыңнан ұялып шәй іше алмайтын кішкене едің, қалай өсіп кеткенсің?

Енді міне, сол таусылмас, өлмес арманның бәрін бір сәтке тәрік қылып, бір ғана жарық дүниенің шетін көру арман болып қалғаны... Содан жиырма сегіз күн дегенде бет-ауыз, көз-басты түгел ораған ақ дәке саңылауынан аппақ күннің шуақты сәулесін көргенде ол өшкені жанғандай қуанған.

Бұл жылға жақын ауруханада болып ауылға келгенде, бұрынғы тобыққа түскен жуан қос бұрымы да, алқызыл нұр ойнаған ажарлы аппақ беті де, бота көзін көмкеріп тұратын ұп-ұзын қайқы кірпіктері де жоқ-ты. Тек тағдырдың тәлкегіне мойынұсына қоймайтын өр қалпында өзгеше бір мұң бар-ды.

Оның еңбек жолы сонау 1939 жылдың қоңыржай күзінен басталған. Инабатты да қадірлі азамат, бір ауылдың мектеп директорының үлкенге де, кішіге де бір бейкүнә мөлдірлікпен елжірей қарайтын, үріп ауызға салғандай сұлу келіншегін ол кез ешкім қатты жұмысқа қимайтындай-ды. Бірақ жолдасы әскерге алынғасын отбасы салмағы өзіне түскенін ол анық ұққан. Сосын сәбиін енесіне қалдырып, колхоз бастығы қайда жұмсаса, сонда барған. Жұмыс істеу ілкіде қиын тигенмен, жастық қайрат өз дегенін істеткен. Сөйтіп, оның нәп-нәзік қолдары айырлап пішен де үйген, саз балшықты кешіп, сабан да басқан, шыңырау құдықтан қауғалап су да тартқан, жаздың аптап ыстығы, күздің лайсаң жаңбыры, қыстың ақпан боранына қарамай, апталап жүріп кіре де тартқан. Колхозда ол істемеген жұмыс кемде-кем еді. Және мұның тындырымдылығына, жұмысты ауырсынып мазалап сөз айтпайтындығына, қандай істі де ұқыпты істейтін қайраттылығына сеніп, оны қай-қайдағы



қиынға жұмсайтын, содан барып сонау қырқыншы жылдың орта тұсында бұны аға сауыншы етіп фермаға жіберген. Ол кез туралы сұрай қалсаңыз, Мұстахима апай былай дер еді:

– Ол кез деген ең бір қиын жұмыс еді ғой. Үш мезгіл сауын. Әр сауыншы 15-20-дан сиыр сауып, оның сүті тартылып болысымен, таңертең де, түсқайта да көрінім жердегі шабындыққа барып, айырлап шөмеле салатынбыз. 1953 жылғы өрт сондай қайнаған еңбектің бір кезі еді.

...Сол жолы жылға жуық уақыт ауруханада болып, 3-ші топтағы мүгедектік куәлігімен келіп, қайта өз жұмысына кіріскен. 1951 жылдан КПСС мүшесі үлкенге де, кішіге де қажырлы ісімен де, биязы мінезімен де жаға білетін Мұстахима Мұсағалиева содан 1966 жылға дейін аға сауыншы болып істеген. Сүт тапсыру жоспары кеміп, сауын гурталары тарағанда ержетіп қалған балаларын көмекке алып бір табын сиыр баққан. Адал еңбек – абырой. Бейнет түбі – зейнет екенін ол көп жылғы еңбегі бағаланып «Құрмет белгісі» орденімен наградталғанда ақ ұққан. Мұстахима апай қазір құрметті демалыста.

Клуб жанында осы бір кішкене ауылдан кетіп, соғыстан оралмаған азаматтарға арналып орнатылған еңселі ескерткіш бар. Оның бір жақ қабырғасы толған кісі аттары мен фамилиялары. Жаздың жайма-шуақ күндері қолдарына гүл ұстаған бір топ кішкене балаларды ертіп келіп жүретін бір әйел адамды жиі көруге болады осы жерден.

Мұсағалиев Әжібай..., Мұсағалиев Меңдібай. Мұсағалиев Елдібай... деп оқиды әйел ескерткішке үңілмей-ақ, анадайдан көз салып. Сонда көз алдына қазіргі өз балалары Әлібек пен Жәнібектен де жас үш азаматтың бейнесі тұра қалатын. Сол сәт жанары мөлдіреп жасқа толып, бұдан отыз жыл бұрын соғыс салған жара шым-шым сыздап ауырып, тал бойы талмаусырайтын да, қорқып қалған жүрегі өреки-өреки қатты-қатты соғатын. «О, тәңірім,- дейді, сонау үш азаматқа айтқандай ішінен сыбырлап,- сендер кешкен отжалынды, біздер шеккен ой-азапты мына сәбилерге бермегей.

Болашақтың бақыты үшін мына мөлдір аспанды ешуақытта бұлт торламағай».

Сосын ескерткіштегі қолына мылтық ұстап тұрған солдат бейнесін қызықтаудан жалықпайтын Асқар, Асқат дейтін кішкене немерелеріне дауыстап, «қолдарыңдағы гүлдеріңді қойыңдар. Кетейік», - дейді.

Ол немерелерінің ортасында жаймен қадам басып, өз үйіне қарай бара жатады...

«Жаңарған өңір» газеті

20.10.1977 жыл

Ақыл, қайрат, махаббат – бәрі сенде (замандаспен сырласу)

Әр күніміз бір жаңалық әкелуде. Ана жерде жарылыс, мына жерде апат, мына шетте топан су, ал тұтас бір аймақ адам қолымен жасалған қиянаттан құрып бітуге жақын. Әйтеуір жақсылық әкелген күндер азайып барады.

Сұрапыл соғыстың азабы мен тозағы жан-жүрегімізге тереңдеу батып кеткен бе, «бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде» дегендей, ашық аспан, бейбіт күнге қанағат тұтып, айналаға көз жұмып, қарапайым тірлікпен күн кеше беріппіз.

Сонау бір көңіліміз сенім мен үмітке толы алпысыншы жылдары аспан көгіне қаптап жер серігі, одан ғарышкерлер ұшқан кездері, жеткізбей жүрген ақсемсер бақыт қолымызға қонатындай қуанатын едік. Ал қазір Байқоңырдан көтерілген ғарыш кораблінің ізінен түскен ауа толқыны Каспий мен Жайықтың ақ маржан толқындарымен астасып кеткендей, ауа райының барометрі әр үйдің төрінде шыңылдап, секемі бар жүрек пен күдігі бар көңілдер өз-өзінен өрекіп, әрі-сәрі күйге түсеміз.



Күйге түсеміз де, сол сәт кібіртік күйден аса алмай «апыр-ау не боп барады бұл дүние?» деп, өз қамымыз бен қалпымызды күйттеп қана жүрген жай бар.

Шынын айтсам, қатерлі шепке қадам басқан осы экология біздің жай-жапсар, көңіл-күйімізге әсер етіп қана жүрген жоқ, сондай-ақ экономиканың құлдырауына, саясаттың сенімсізденуіне, мәдениеттің төмендеп, әдебиет ажарының көмескі тартуына да, адам жүйкесіне де там-тұмдап әсер етіп, хал-ахуалды кемсітуде.

Мен журналист емеспін. Басқару аппаратының тетігіне де тұтқа болған кезім жоқ, қарапайым еңбек адамы, көп балалы ана ретінде айтарым мың сан өндірістің әр тұтқасына қожайын болып отырған біздің азаматтарымыз ел, жер, әйел, бала қамынан гөрі, қара бастарының мансабын көбірек ойлайды-ау деймін. Әйтпесе жер аман, ел тынышта ақырзаман жақындағандай алқынатын қалге қалай жеттік?

Көп кеселді соғысқа артамыз, сол атышулы соғыстың өткеніне де 45 жыл толып кетті. «Елу жылда – ел жаңа» демейтін бе еді аталарымыз?

Баяғыда аталарымыз «Алла бір жөнін берер» деп, ақ тілеу тілеп, құдіреттен қайырым күтетін. Ал біздің ұрпақ ше? Бір кездері ата-бабаларымыз тырнақтап жинаған ел, жер, адамзат байлығын төгіп-шашып болып, А.С.Пушкиннің «Алтын балық» ертегісіндегі ақылсыз кемпірге ұқсап, жарық астау басында қалған жайымыз бар.

Жұмақ заман орнатамыз деп әже-аталарымыз жанын да, малын да, сәнін де, барын да аямай, тап күресінде өмір кешті. Өкелеріміз бен апаларымыз жақсы өмірді жаудан қорғаса, аналарымыз қайғы мен қазаны жан-тәнімен сезініп, тірліктің жібек жібі үзілмесін деп, құлаштап шалғы шауып, шахтаға түсіп көмір қазып, аязды боранда қой күзетіп, мал бағып, әсемдік, нәзіктік атты әйелдік қасиеттерді аналық ақылмен өмір атты үлкен керуеннің жолына көмір етіп, өзін тәрк етті.

Ал біз болсақ, жақсы күнге енді жетеміз, алда жақсы өмір

әлі жеткілікті деп сеніп жүріп, тіршіліктің құлдырап кеткенін білмей де қалыппыз.

Қолмен істегенді мойынмен көтеру – адамдық заң. Құлағанға сүйеу болып, қисайғанды түзетіп, тірліктің тінін тарқатпай ұстап қалу – біздің еншімізге тиіпті, замандас.

Аңқасы кепкен Арал да, сергелдеңге түскен Семей де, бауыры бомба жарқыншағынан шұрық тесік Нарын мен жағасы қоқысқа толы Жайық та бізге жаутаңдап қарайды, ағайын. Тіпті оларды көптің ісі деп есептесек те, қоқыс пен шаңға толы қалаларымызды, аяқтан шалуға әзір тұратын ағаларымызды, өз тілін білмейтін балаларымызды тезге сап, ағымды ұқпай жұдырық кезеген қызба жандарды, баласын тастап алаңсыз жүрген қыз балаларымызды ақылға тоқтатып, жөнге салар да біз емес пе?

Ертеден азамат ел тірегі емес пе еді? Ел басына түскен ауырлық пен азап, қауіп пен қатер де, өзгелер үшін өзін қалқан қылып, қиындықты қарсы алатын азаматтарымыз азайып, есесіне көлеңкелі жерде қалтырап, күнгейлі жерде жылтырап уақыттың болмысын терең түсінбейтін, ірілі-ұсақты басшылықта жүрген еркектер көбейіп кетті. Осыған орай берекетсіз істер де көп.

Берекетсіздік дегеннен шығады-ау, азаматтарымыз ұсақталып, сөздері мен істерінің арасы жер мен көктей алшақтап, өсек-аяң, уақ сөзге алданып, ұрлық пен қарлықты малданып, қажыр-қайраттарын арақ пен ойын-дырдуға рәсуа жасап, азып-тозып барады-ау дегенді ойлағанда, бетімнен отым шығады. Мұндай келеңсіздік бір үйдің ошағының басында болса елеусіз ғой, ал ел басқарғанның біразы келеңсіз құбылыстың құлы болып, жігерді құм етіп жүрген жоқ па? Өттеген-ай, олар келеңсіз қылықты жалғыз жасамайды, арнаулы топпен, оңтайлы ортамен ойын жүзеге асырады. Өйтпесе, кез-келген колхозға, совхозға, шопанға барыңыз, бұдан 40 жыл бұрын еңсесін көтермей еңбек еткен адамдар әлі де сол күйінде тер төгуде.



Елді жайлаған келеңсіз құбылыстар көлеңкелі істердің көбеюіне әсер етеді. Содан ба, қарапайым адамдар арасында азғындар көбеюде.

Жазғытұрым шақ еді. «Универмаг» ауданындағы үйлердің жанынан өтіп бара жатып, пальтосын желбегей жамылған жалаңбас, бір аяғына етік, екінші аяғына шұлқа киген әйелдің тізеден келетін балшықты шылпылдата кешіп бара жатқанын көрдім. Артынан тәлтіректей басқан тағы да бір әйел мен еркек көрінді. Үшеуі де удай мас. Адамдық қалыптан айырылған осы пенделердің кейпі көпке дейін көз алдымнан кетпей, көңілсіз жүрдім. Ең өкініштісі, қазір ерлермен қатар әйелдер де «қызып» алады. Ал жас балалар ішіп алып жүрсе, қалыпты жәйттей жайбарақат қараймыз.

Қөңілге қуаныш, дертке демеу болар бір нәрсе өмірімізді бұл қалпында қалдыру мүмкін еместігін түсінген озық ойлы азаматтар қоғамды қайта құруды қолға алды. Бірақ ақты қара, ағашты темір деп өз өктемдігін өмірге өткізіп қалған қоғамның кертартпа тобы жөн сөзді желге ұшырып, асқақ арманды аяқ асты етуде.

Қайта құрудың жалпылама жақсы ниеті – әйел мен балаға жеңілдік жасау. Бірақ сол жақсы ниет құмға сіңген судай тоғышар қауымның әл бермес ыңғайынан аспауда. Ия, ия, әйелге теңдік беру керек, қоғамдық орындардағы басшы қызметке жоғарылату парыз, депутаттыққа ұсынар кандидаттар арасында әйелдер болсын деген игі тілектер азаматтардың өздері құрған су өтпес торынан әрі аса алмауда. Жазатайым өткендері де әдейі іріктеп алынғандай, жылдар бойы жазылмаған ережедей әулетті азаматтардың ықпал ырқынан шыға бермейтін, ағысқа қарсы ақпайтын ыңғайлы әйелдер.

Ал біздің ел басқарған еркектеріміз, қатты айтып қатемді көрсетер деп қорыққандай, ақыл-ойы өзінде, заман ағымын ұғынған кемшілікті бетке айтар әйелдерді әлі де көрсетпей басып ұстауда. Әрине өзін сыйлайтын арлы әйел, ешқашан

пасықтықты айқаймен алуға тырыспайтынын олар анық түсінеді. Қарақан бастың қамы болса бәріне де көнуге болады. Өттеген-ай, өмір өтіп барады ғой, өмір өтіп... Арса-арса болып шаң мен тозаңға айналған жер, жалмауыз кемпірдің тісіндей жұлым-жұлым орман мен тоғай, жуынуға жарамайтын былғанған өзен-көл, демалуға болмайтын бүлінген ауа, жайқалып өскен шөп пен сылдырап аққан бұлағымыздың өзі радиоактивті заттардың жиынтығы болса, өзің үшін емес, келер ұрпақ үшін қиналмасқа шараң кәне?! Тек бейкүнә балаларымыздың обал-сауабы үшін қандай әйел күрестен бас тартар? Тірліктің тап осындай құлдырау шегіне жетіп қалғанының өзі әйел атаулының көнбістігінің, төзімділігінің кесірі болса керек. Қазақ тілін білмейтін қала баласын, орыс тіліне шорқақ ауыл батырларын сынықшыдай сылап-сипап, тілі мен үнін түзетер де әр үйдің аналары. Бұл да бір қалыпқа түсіп кеткенше тер мен төзімнің сынға түсер білінбес майданы.

Ал еліміздің алдындағы «реттелетін нарық» тауқыметі қай әйелді де қалыс қалдырмайды.

Әйелдің даналығы мен ақылы туралы нақылдар да аз емес. Халық айтса, қалып айтқан ба? «Семья шағын мемлекет, сен премьер, мен президент» деп жалынды ақын Қасым айтқандай, әрқайсымыз өз басымызды, өз отбасымыз бен балаларымызды адалдық, адамдық, ар-ұят, үміт пен сенім деген қасиетті ұғымдардың шеңберінде тәрбиелей білсек, бізге алынбас қамал бар ма?

Жоқтан бар жасап, әлсізден нар жасап, бақыт пен шаттықты қолға ұстап, жан-жүректі жарып ашып, өмірге адам әкелетін шіркін АНА болу қандай бақыт!

Тек біздің еңселі істеріміз бен тәлімді тәрбиеміз ғана өмірді жалғастырып тұрғанын ұмытпайық та.



Алғыс алған Ақмарал

Кішкене қыз анасын жетектеп қасымыздан күнде өтетін. Жап-жас келіншектің мұңлы жүзі өмірден түңілгендей. Үйінен тек сәбиіне ауа жұтқызып, күн нұрына шомылдыру үшін шығатыны айтпаса да түсінікті еді. Өзі алып шыққан кішкене орындыққа асықпай отырып, қызының ойынына құлақ түретін келіншекке қарап «мүгедек» дейтін көршілерім. Әуелде қате емдеген бе, көзі көрмей қалыпты. Бармаған жері жоқ... әзірге емі табылмапты...

Зымыраған күндер-ай, жадыраған жаз келіп, қоңырқай күз де артта қалды. Түп-тұнық ауада жапалақтап жауған аппақ қарды тамашалап тұр едім, «Апа!» деген дауысқа жалт қарадым. Көзіне қара көзілдірік киген көршім Ғалия тұрды алдымда.

– Апа, көретін болдым. Менің көзіме операция жасаған дәрігерлерге рақметімді олардың мекеме басшылары арқылы айтсам ба деп едім. Мына хатты соларға апарып бересіз бе? – дейді Ғалия қуана.

Қаланың дәл ортасындағы еңселі ақ ғимараттың үшінші қабатына көтеріліп келемін. «Құрмет белгісі» орденді Қазақтың ғылыми-зерттеу институтының көз ауруларын емдеу бөлімінің астаналық филиалы осында орналасыпты. Хатты кеңсеге тапсырғасын, Ғалияға жарық сыйлаған дәрігерлерді көргім келіп, сұрастырып едім:

– Бүгін сейсенбі ғой, сіз іздеген дәрігерлер Алмира Абдулхаққызы Бұлғақова мен Ақмарал Құсайынқызы Ағелеуова екеуі де операцияда. Өлі 4-5 сағат күтесіз,- деді кезекші медбике.

Содан сәрсенбі күні келсем, Алмира Абдулхаққызы №2 аурухана дәрігерлерінің шақыруымен медициналық консилиумге кетіпті. Ал Ақмарал Құсайынқызы операциядан шыққан ауруларды ординатура кабинетінде бақылаудан өткізуде екен. Кезекші ол жаққа кіруге болмайтынын айтты.

– Бейсенбіде бос болар ма екен?- деймін.

– Жоқ, жұп күндері ылғи операция ғой. Ертеңге кезекке алты адам тұр. Дәрігерлер кеш шығады әрі ол кезде шаршап тұрады. Сізбен сөйлесуге...

Ол сөз аяғын жұтып қойды.

Қауырт істер біткен болар деп жұма күні, жұмыс аяғында келдім. Орнынан тұрып, күлімсірей амандасқан аққұба келіншек өзін «Ақмарал Ағелеуова» деп таныстырды.

Мен өздерінде емделіп, тәуір болған Ғалия деген көршімнің алғысқа толы хатын алып келгенімді айттым.

– Қап, Алмира Абдулхақызы бұдан 5 минут бұрын медицина академиясының студенттерімен кездесуге шығып кетіп еді. Негізгі білікті маман сол кісі ғой. Бар алғыс та сол кісіге лайықты. Бәрін кадр шешеді. Егер Алмира сияқты өз ісінің білгірі болмағанда, Алматыдағы көз ауруларын емдейтін институт Астанада өз филиалын ашар ма еді, ашпас па еді? Астананың өзінде бізден басқа екі бірдей көз аурулар ауруханасы болса да, бізге емделемін деушілер легі жеткілікті,- деді ол.

Сөзімізді ішке ентелей кірген азамат бөлді. «Мен сіздермен телефон арқылы сөйлесіп едім. Кешігіп қалдым ба?»- деді ол орысша әрең-әрең сөйлеп.

Келесі сәт Ақмарал онымен ағылшын тілінде сөйлескенде, таңданғанымды жасыра алмадым.

«Мен батыстың қызымын» дейді ол мерейлене қарап.

– Ата-анам Орал қаласында тұрады. Әкем Құсайын Ағелеуов өмір бойы облыстық білім басқармасында нұсқаушы, бөлім бастығы болып, облыс мектептерінің қызметі мен ісін бақылады. Анам Қабира Оралдағы пединститутта орыс тілінен сабақ берді. Сонау 1970 жылдары Мәскеуден ғылым кандидаты атағын алған алғашқы әйелдердің бірі. Отбасында апам Ләйла екеуміз ғой. Ол қазір Астанада, республикалық Кеден комитетінің бөлім бастығы. Ата-анамыз бізге мектепте жүргенде-ақ дұрыс жол сілтеген сияқты. Ағылшын тілін мектепте тереңдеп оқығаным, медицина институтын бітіріп, тәжірибе жинап, ординатураға түскенімде көп көмегі тиді.



Бұдан үш жыл бұрын жолдасым Рустамды Алматыдан Астанаға қызметке ауыстырғанда мен мамандығым бойынша осында орналастым,- деген Ақмарал әңгімесімен-ақ мені бірден баурай жөнелді.

– Ата-анам зейнеткер дейсің. Балаларыңның бірі мектепте, екіншісі балабақшада екен, немерелерін ойнатуға, сіздермен бірге болуға Астанаға көшіп келмей ме?- деймін одан сыр тартып.

– Ондай әңгімені талай қозғадық. Бірақ әкем: «Ақ Жайығым, бүкіл достарым мен жолдастарым көшіп барса, мен де барамын» деп әркез әзілге айналдырады,- деді ол күлімсіреп.

Ақмаралмен аз ғана сұхбаттан кейін жас та болса, көкірегіне көп сырды түйіп, оның өз ісін шын сүйетін маман екеніне көз жеткіздім. Ақмаралдың өзі туралы ештеңе айтпай, әріптесі Алмира Абдулхақызын шын ниетімен дәріптеп, оның тәжірибесі мен біліктілігін алға тартуының өзі – парасаттылық.

Кеше түскен аппақ қар күн көзімен шағылысып, лағылдай жарқырайды. Кең тротуармен жайлап басып келемін.

Ештеңе бітірген жоқпын деймін өзіме өзім. Бірақ өмір өзі жас болса да, тағы бір жақсы жанмен кезіктіргені анық-ты. Көкірек кернеген адами ризашылығымды кімге айтарымды білмеймін.

Апа, өміріме сәуле сыйлаған жақсы жандарға рақмет айт деген көршім Ғалияға ма?

Әлде тосын кезіккен жанға қарапайымдылықтың қағидасынан аттамай-ақ, ешбір мақтауды керек етпейтінін емеурінінен білдірткен Ақмаралға ма?

Әлде өмірдің өзі асқар шың, шыдамды мен талапты шығар биікке деп тәрбие мен тәлімнің нәрін ұрпағының қанына сіңіре білген сонау Батыс Қазақстандағы орал қаласының зейнеткерлері Ақмаралдың ата-анасы Құсайын мен Қабираға ма?

Әйтеуір бір ризашылық сезім қолыма қалам алғызды.

Жер мен көк, кеңістік пен ауа жаңаруда дейді білетіндер.

Азап шегі артта қалып, ертеректе айтылатын ХХІ ғасыр «Алтын ғасыр» келе жатыр дейді екіншісі.

Әлде «Алтын ғасыр» дегеніміз ақ ниетті жандардың аппақ нұрға бөленген пейілі ме екен?

Тәңірім, ұл-қыздарымыздың санасына сәуле салып, бақыттарын баянды ете гөр!

Мен сендерге әлі ораламын...

02.02.2012 жыл

Аналар атқа мінер ме?

Жыл құсындай қайталанып, тағы да мейрам келді. Әп-сәтте жағдайы жақсарып кетпейтінін алақандағыдай білсе де, әр әйел тап бүгін иінін басқан ауыртпалықтан, көңілді қажытқан әрі-сәрі беймаза ойдан сәл-пәл сергиді. Сергиді де, көз жетер көкжиекке көлбеп жатқан ел анасы – жерге, тып-тыныш бейбіт өмірге, аман-сау жүрген ұл-қызы мен отбасы ырыздығына шүкіршілік етіп, өзіне аялай қараған барша жанға ризалық көңілмен мейірлене қарайды. Осы бір жадырар сәт – ұлтыңа, жасыңа, түр-түсіңе қаратпайтын бар әйел-қызға тән ортақ көңіл көктемі. Шіркін, сол көктемгі кез ұзағырақ болсашы...

«Басқа байлық не керек, ден сау болса болғаны-ай»- деп қиындық пен ауырлықты дархан көңілмен қарсы алар дана халықтың ұрпағымыз ғой. Әйтеуір көңілге медеуі ел іші – бейбіт тыныштық.

Сауда жаса, пайда тап, не істесең оны істе, әйтеуір бай бол дегенді жалаң түсініп кейбіреулер ұры, екіншісі алдамшы, үшіншісі алаяқ болып, ұл-қыздарымыздың ұлттық дәстүрден алыстап жүргені қай анаға да жеңілдік әкелмейді. Себебі жас бол, кәрі бол, ұл не қыз бол, бәрі де ананың баласы. Тіпті осы облыс көлемінде үй тонап, кісі өлтіріп, жол торып, қарақшы болып, әлсізді ұрып, жаралыны жәбірлеп жүргеннің шеттен келгені шамалы, бәрі де өз ұл-қыздарымыз. «Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың» деген аталар сөзінің өзі келіп қалғандай соларды естігенде кәдімгідей жабырқайсың. Әйел-ана атаулының жүзіне мұң, көңіліне кірбің ой салады.



Тап қазір екінің бірі ала қап көтерген саудада жүрген әйелдер. Жаздың аптап ыстығында, қыстың аязды суығында төрт жағы түгел әйел базарда тұрмайды. Ел қатарлы өмір сүрсем, озық ойлы білімді бала өсіріп, қиянатсыз еңбекпен нәпақа тауып, ұрпақ тәрбиелесем деген әйел ғана тап сондай жанкешті қимылға барады.

Сауда әйел табиғатына жат, кесірлі қиындықты көтере алмай, орта жолда біреулері қалып қойса, екінші бір өлермені әл-ауқатын көтеріп, үй, машина алып, шаруасын түзейді. Ал әрі де жоқ, бері де жоқ, заман талқысына төзе алмай морт сынып жатқандары қаншама?..

Зейнеткерлікке жаңа шыққан кезім. «Әй, осы қартайып отырмын ба?» деп мен де бес-алты ай базарда тұрғаным бар. Қарсы алдымдағы қатарда екі-үш жас қыздың орны барды. Екеуі өзге жұрт өкілі болса, біреуі біздің қара көз. Соңғы үлгімен ып-ықшам киініп, мәдениетті сөйлеп, жөн сұрасатын жас шамалары 18-25 арасындағы осы бір үш қызды өз балаларымдай көретінмін. Бірде даурыға сөйлеп шаттана күлгендерге қарасам, жандарында екі-үш жігіт бар көрші қыздарым екен. Шамасы бірінің туған күнін «жұмыс орнында» атап өтуді бастапты. Арада бір-екі сағат өткенде көршілерім кетіп те тынды. Бәрінен де ақшұнақ аязда, ақ қарға малтыға құлап, өздігінен жүруге буыны кеткен аяғын баса алмай, «мастығымды кешіріндерші» дегендей үлкендерге әлсін-әлсін мөлдірей қараған қазақ қызының көз жанары көп уақыт есімнен кетпей, мазалап жүрді...

«Байғұс балам-ай... қорқау қасқырдың тобырындай қатыгез жандардың қолына түспегейсің» деп тіледім...

Ал албырт көңілмен ғашық болып, бөрік кигеннің бәрі азамат деп ойлап, абыройын төгіп, алданып қалған қыздарымыз қаншама? Қомақты байлық жинаған, жасы ортадан асқанда, өз қызындай жасты жағалап, өз ошағынан, ұл-қызынан жерініп, өз қызығын қуалап кеткен еркек атаулы тап қазір шегірткедей қаптап кетті. Шетел машинасында отырғанды бақ, абырой

санап, күндік көйлек, ішер асына мәз болып, қорқаулардың қолжаулығы болғандар ше?

Ақша мен үй-жайға сатылып «екінші әйел» атын жасырын жамылып, өз ошағын тұтата алмай күн кешкендер де бар. Жылдар жүгінде.

Оған кім кінәлі?

Күннен күнге көбейіп бара жатқан тастанды бала қайдан келді? Есірткі, арақ деген жау шықты, оған қарсы қояр күш қайда?

Ойлай берсең, сан сұрақ жан-жүрегінді шаншиды. Кетпеннің басын бассаң, сабы өзіңе тиетіннің кебін киіп, кімді, нені кінәларға сөз таппай сандаласың. Бір нәрсе анық, тап бұлай өмір сүруге енді болмайды.

– Әйел – Ана, ұйқыңды аш, атқа мін. Еліңнің қамбасы дөнге, қорасы қойға толатын күн әлі алыс. Ғасырлар тоғысындағы қоғам өзгерісін түсініп ұға алмай, албырт жастықпен қара басын қателіктерге ұрып жүрген ұлдарымызды, жүзі жабыңқы қыздарымызды қорғайық!

Мен үйретіп, сен айтпасаң, үшіншің жағаласа жүріп жол көрсетпесең, жалпыға тән жағдайды түзеу қиын-ақ.

Қасиетті де қасіретті ана тіліміздің, жоғала жаздап, қайта от алған мұсылмандық дініміздің, жер жүзіне байлық болып таралған ата-баба ақыл ойы мен салт-дәстүрін, болашаққа жалғап жеткізуде ананың-әйелдің орны ерекше!

Ана-әйел атаулы дүр сілкініп, саналы ұрпақ тәрбиелеудегі қасиетті қадамды қазірден бастайықшы...

«Орал өңірі» газеті

18.05.2001 жыл



Арманы асқақ азамат

Жарыса автобустан түсіп, университет қақпасына жүгіре басып сабақтарына асыққан студенттер легін тоқтатудың шарасын таппаған жас ана жүргіншілерден әлденені сұрап, бірақ жауабын дұрыс ала алмағанына өкінгендей сұлқ тұрды. Келесі сәт «Апай, дарынды балалар мектебі бар деп естіп едім осы маңда. Білмейсіз бе?» деп менен сұрағаны.

– Қайдан келдің?

– Бөкейорда ауданы, Құрманғазы ауылынан.

– Е, Нарыннан болдың ғой.

Туған жер ауасын жұтқандай қуанып кеткенім. Сөйтіп, араға 5 минут өткенде бейтаныс ана, ұлы үшеуміз іздеген мектепке де кірдік.

Міне, мектеп директоры Нәсіпқали Дәулетовтың кабинетінде отырмыз.

– Айтуыңызға қарағанда, балаңыз оқуда озат, тәртіпті, ойлы дейсіз. Тап қазір 7 сыныпта оқыса, дер кезінде әкелгеніңізге рақмет. Бірақ бізде қабілетіне сай маман ұстаздарға емтихан тапсырады. Сол сынақтан өтсе ғана, біз көмек қолын ұсынамыз,- деді ол жас анаға мән-жайды түсіндіріп.

Пендешілікпен бос сөйлемей, жылы қабылдап, дұрысын айтқан директорға ішім жылып қалды.

Арада аз уақыт өткенде сол мектепке қайта оралдым.

«Тұлпарға қалудан да озу оңай». Ылғи да өзгелер туралы сөз қозғап, ал өзі жөнінде айтуға тым сараң екен:

– Менен гөрі бірнеше дүркін халықаралық ғылыми конференцияның жүлдегері атанған шәкірттерім И.Сапрынская, Б.Кабдушев, «Алтын белгі» иегерлері Г.Ашығалиева, Ж.Базарғалиева, аспирантурада оқып, былтыр ғана филология ғылымының кандидаты атағын алған М.Ахметова мен Н.Карменовтер туралы жазыңыз. Олар туралы жақсы мәлімет середе сақтаулы,- деді ол белі буулы папкаларды көрсетіп.

... Мектеп қабырғасында жүргенде Нәсіпқали химия, биология пәндерін өте ұнатқан. Себебі бұл пәндерден

жаңалыққа жаны құмар, адамға да, айналасына да аппақ көңілмен аялай қарайтын Ғұмар атты майдангер ұстаз дәріс беретін. Көп жылғы тәжірибенің жетістігіндей Орал облысы, Жаңақала ауданы, Жүнісов орта мектебінің мұғалімі Ғұмар Салыхов омырауына Ленин орденін тағып, Мәскеуден оралған күні әлі есінде. «Мен де өскенде ұстаз боламын», - деді Нәсіпқали сол күні. Ғұмар ағасы ол кезде оны құшағына алып, «жақсы азамат болып өсетіңіз сенімдімін», - деген еді. Қазір ойлап отырса, оған да биыл аттай 48 жыл болыпты.

Шәкірттері жетістікке жетіп, оған шын көңілмен қуанған сәттерде Нәсіпқалидың есіне бірден өз ұстаздары түседі.

«Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады, одан өзгемен оздым дегенің әурешілік» деген Абай данамыздың сөзі Нәсіпқали өмірінің лейтмотивіндей.

Содан болар, Нәсіпқали аттай қырық жыл оқытушы, кафедра меңгерушісі, сегіз жыл қатарынан дайындық бөлімінің деканы болған қилы-қилы кезеңдерде де ұстаз болғанына бір минут өкініп көрген жоқ. 70 жылдан астам тарихы бар осы еңселі ғимарат оған әркез өз үйіндей қастерлі.

Тарих толқынында қоғамның күші болып саналатын білім саласының бірнеше жыл қатарынан түсініксіздеу күй кешкені елге аян.

Сол жылдары институтқа ректор болып жұмысқа ауысып келген Тұяқбай Рысбеков «халықтың мақсатын қара бас қамынан артық қоятын кез жетті», - деп талап қойды. Сол жылдары «Батыс өңіріндегі бетке ұстар ежелгі оқу орнын қайтсек дарынды студенттермен қамтамасыз етеміз?» деген ой ректорат алдындағы негізгі мәселе еді.

1993 жыл болатын. Университет жанынан 9-10 сынып оқушыларын институтқа студент етіп дайындау мақсатында педагогикалық лицей ұйымдастырылып, оны басқару педагогика ғылымының кандидаты Нәсіпқали Дәулетовке жүктелді. Облыс көлеміндегі бүкіл мектептермен тығыз



байланыс жасап, аудандық, облыстық олимпиада конкурстарының жеңімпаздарымен жеке-жеке жұмыс жүргізу нәтижесінде педагогикалық лицей облыста ең үздік оқу орны аталды. Онда бірнеше оқушы облыстық, республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпазы болып танылды.

Жылына 50 бала ғана алып тәрбиелейтін бұл мектеп-интернат түгелімен мемлекет қамқорлығында. «Дарынды балалар мектебі» деп, аты айтып тұрғандай, онда негізінен қалалық, облыстық, республикалық олимпиаданың жеңімпаздары ғана арнаулы конкурстан өтіп, шәкірт атанады. Былтырдан бастап сырттай оқыту жүйесі әзірленді. Негізгі сабақтар физика-математика, қоғамдық тарих, филология бағыттары қазақ тілінде өтсе, физика-математика және информатика бағыттары орыс тілінде жүргізіледі.

– Бізде өзге мектептерге қарағанда салалап оқу жүйесі бір жолға қойылған. Әр пән 80 минуттық ұзақтықпен өтіп, 5-6 баладан топқа бөлінген оқушыларға сабақ материалын игеруге мүмкіндік мол,- дейді Н.Дәулетов.

Нарық – бәсеке заманы. Біздің облысымызда тек білім саласында жеке мектеп те, лицей-гимназия да, бірнеше колледж, институт та бар. Мектепте алынған білімнің қорытынды өлшемі жоғары оқу орнына түсу болып есептелсе, 2000-2001 оқу жылы мектепті бітіруші 53 түлектің 50-і жоғары оқу орнына түсіп, мектеп республикада 3-орын алды. 2002 оқу жылы оқушылары ЖОО түсуде мектеп республикада 1-орынға көтерілді. Ал 2003 оқу жылы мектеп бітіруші 19 түлек жалпы білім берудің тарихында тұңғыш рет 100 пайызы ЖОО студенті атанды. Мектеп директоры Н.Дәулетов ІІ республикалық дарынды балалармен және жастармен жұмыс жүргізу саласындағы инновациялық әлеуметтік-педагогикалық жобалар фестивалінде «Ең үздік мектеп директоры» дипломымен марапатталды.

Кәрі Оралдың Жайықпен астасып жатқан жағалауында осы қаладағы ең көрнекті әрі әдемі ғимарат тұр. Ол – Батыс

Қазақстан мемлекеттік университеті. Оның еңсесі биік бір бөлігінде дарынды балалар мектебі орналасқан. Міне, осы ғимарат есігінен ұзын бойлы қагілез келген жігіт ағасы шығып келеді. Ол – алпысты алқымдаса да көңіліне ешбір күңгірт ой көлеңкелетпеген осы мектептің директоры Нәсіпқали Дәулетов.

Ол – Ы.Алтынсарин атындағы медальдың иегері, ҚР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, профессор. Қызмет бабында іссапармен Мәскеу, Ленинград қаласында жиі болып, ол қалалардағы академик, профессорлармен жиі қарым-қатынас жасайды. Осы туралы қойған сұрағымызға: «Жеке бастың жетістігін айтып қайтеміз. Дарынды жастарды тәрбиелеу одан гөрі маңыздырақ» - деп қысқаша жауап берді.

Тәңірім, талантты жасты таптаурын жолға сала гөр.

*«Жайық үні» газеті,
№ 14, 31.03.2005 жыл*

Атамекен

Туған жерге деген перзенттік махаббат кім-кімнің де болса жүрек түкпірінде маздаулы ғой. Дегенмен даланың айшықты белдері мен бұйратты бектерін, тіпті біздің жағдайда көп кездесе бермейтін бөктерді еске алмағанда да, аптап ыстық пен аңызақ желден шаң басып, бозамық тартқан жусан түптері мен топ мияның әр түп көкпегіне шейін ерекше қадір тұтатын адамдар бар. Ондай жандар өзінің туған жерге деген іңкәр сезімін айғайлап айтпай-ақ, ісімен, мінезімен дәлелдейді. Олар – ерін кезерткен шілде мен қарлы боранда бейнетке белшесінен батып жүрсе де, әр күнін игі істерге арнап, қиындыққа қарсы ұмтылған малшы, шопан, табыншылар, біздің замандастарымыз. Кәдімгі дала төсін тынымсыз еңбек дүбіріне бөлеген жалын жігер әріптестеріміз.



...Жол үстіндегі өзара әңгіме дағдылы баяндаудан басталды. Кеңшар директоры қол жеткен табыстарды әңгімелеп келеді.

– Әсіресе,- дейді ол әңгімесін жалғастырып. – Қытымыр қыста жекелеген шопандар ерледі. Соның ішінде біз келе жатқан Төлеуіштің орны ерекше. Бұдан жиырма бес жыл бұрын осы Төлеуіштің әкесі Тапақ қария алдына жан салмайтын майталман шопан болды.

Аты-жөні таныс. «Сөз жоқ, соның өзі!» деп ойладым мен ішімнен. Сөйттім де осыдан екі-үш жыл бұрын Орал қаласындағы ауыл шаруашылық техникумының сырттай оқитын бөлімінің студенттеріне диплом тапсыру салтанатына тап келген сәтім есіме түсті.

Сонда техникум директоры: «Еңбек пен оқуды ұштастырып жүрген біздің озат студентіміз Тапақов Төлеуішті диплом алуға шақырамыз!» дегенде қапсағай келген, ұзын бойлы қара торы жігіт кең залдан өтіп, орнына отырғанша музыка үні мен ду қолшапалақтау көпке шейін басылмаған.

– Анау көрінген Төлеуіштің отары,- деді оңтүстік-батыста қарауытқан топты көрсетіп сыртқа шығып жөн сілтеген әдемі келген ақсары келіншек.

– Сағыммен жақын сияқты көрінгенмен, 4-5 шақырым жер, 2-3 сағатсыз келе қоймас.

Сәске түс. Құм жолымен жосыла жүрген жеңіл «Газиктің» алдынан аптап ыстық жел еседі. Ә дегенше болмай-ақ құм бұйратта жамырай жайылған отарды жанамалай келіп, жолсызбен шопан тұрған қыратқа тіке тарттық. Анадайдан-ақ машина үнінен үріккен қой-қозы дүркірей қашады.

– О, Төкеңнің қозылары бағылан болып қалыпты ғой,- дейді жанымда отырған кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Қажығалиев семіздіктен құйрықтары төңкеріле өсіп қалған «Еділбай» тұқымды қозыларға сүйсіне қарап. – Осы қарқынмен тамыз айында етке тапсыруға жарап қалады-ау.

Тегінде, көп сөйлемейтін адамдармен әңгімелесу қызық та. Олар аз сөзбен-ақ көп ойды ұқтырады.

Төлеуіштің айтқаны:

– Осы отырған Мұқай пункті – менің атақонысым. Жеке отарға ие болғанымда да он алты жыл. Баққаның қой болғасын, ойлайтының да соның қамы. Қораң жақсы, қонысың шүйгін болғаны жөн. Оты қашқан жер жетіліп, сусыз өңірде құдықтар ақаусыз істесе деп тілейсің. Өрісің кеңісе, тынысың да көңіл, табысың да молая түсер еді-ау деп ойлайсың. Бірақ ойдың, арманның бәрі жүзеге аса бере ме? Әсіресе, құм-шөлейтті біздің жерлерде барды оқсатып, бәріне тер төгіп, қолмен істеп жатқанда, ісің алға басса, соған қуанамыз. Расын айтам, бұдан бірнеше жыл бұрын көрші совхоздың озат шофері Әдемі атты қызымен отбасы құрған кездері басқа жұмысқа ауысып та кетпек болдым. Бірақ атамекеннен алыстау қиын екен. Бұдан үш жыл бұрын аудандық ауылшаруашылық басқармасында: «Енді сен дипломды зоотехниксің, өз мамандығың бойынша жұмыс істе» деп көрші кеңшарға жолдама бергенде «Еліме атқа мініп, өкіл болғаннан пайдам көп тие ме әлде осы шопандықтан ба?» деген ой билеп, бармай қалдым. Оған өкінбеймін де. Дипломды шопан деп жора-жолдастар әзілдеп жүрді. Түк те емес. Шопан болу еңбек пен білімді, қажыр мен қайратты қатар тілейтінін көріп жүрмін.

Оның ойға алған мақсатының орындалмағанынан іске аспағаны көп. Отарындағы «Еділбай» тұқымды әр саулықтан жоспардағы 92 қозының орнына 101-ден қозы, әр қойдан жоспардағы 2,5 килограмм жүн өндіріп, он екінші бесжылдықтың алғашқы жылын табысты бастаған Төлеуіш төл алу жоспарын кеңшар бойынша алдыңғы қатарлы орындағанмен, өткен жылғы межеге жете алмағанына қатты қынжылады.

Көмекші шопан болып істейтін ағасы Ноғай, жеңгесі Нәсіпқаным, інісі Асқар, жасы асса да әлі жұмыстан қалмаған анасы Рабиға болып қой төлдету кезінде сырттан сақманшы шақыртпай-ақ қиындықты тең бөлісті.

– Мына тұсқа көз салыңызшы,- дейді Төлеуіш шығыс беттегі үлкен қыстақ тұрған жасыл алқапты көрсетіп. – анау



қысқы қонысым. «Мұқай» қыстағы. Мен бұл өрісті көктемде, қой төлдерде және күзгі күйек аларда ғана пайдаланамын. Қыс кезіндегі бір мезгіл жайылыста қой тұяғы шөп тамырына жеткенде де шөп тамыры қырқылмайды. Өрісті жоспарлы, тиімді пайдалану да табыстың бір көзі екен. Осынау бозамық дала ортасындағы жасыл алқапқа көзім түскен сайын қиынқыстау кезде көмекке келер досымдай көңілім марқаяды.

Жаңа жобамен салынған еңселі үйде салауатты тұрмыстың сәні бар. Қабырға толы қымбат кілем болса, еденде оюлы текемет пен айшықты палас. Сөрелерде – кітаптар, үстел үсті – газет-журналдар.

Көрші бөлмеден ұлына домбыра алдыртып, Төлеуіш ән салды. Кешкі ауада қоңыр сазбен ол салған ән жапандағы жалғыз үйден әрі асып, дала үстінде баяу қалқиды.

«...Қайда жүрсем Атамекен

Көкейіңде жатады екен...»

Домбырамен айтқан ән сөзін, жүрек қозғар сазын тыңдап отырып, соны айтқанда Төлеуіштің көз алдында сонау кіндігі кесіліп, жерге түскелі әр тал шөбі, бір топ шағырына дейін таныс, ыстық соны аялап күтіп ұстап, жасартып, жаңартып отырған ақшаңқан дала ортасындағы жасыл алқап пен Мұқай пүнкті – атамекені тұрғанына еріксіз сенесің.

«Орал өңірі» газеті

1995 жыл.

Атыңнан айналайын, ауыл

Адам баласы болғасын әйтеуір өлгенше қастерлейтін, бірақ сол іңкәр көңілдің ынтызарлығын кез келген уақытта сыртқа шығарып айта бермейтін сәттері болады.

Қанымен бірге ағып, жүйке тамырыңды жағалай қуалаған сол ыстық сезім қыста да, жазда да, көктем мен күзде де жылдар жаңғырығын елемей, жер алыстығын байқатпай, бір

тылсым күшпен кеудеңе кіріп, әр сәт жүрек лүпілі болып тіл қатады.

Ол – Отанға, елге, ата-ана, туған жерге деген сарқылмас сағыныш. Ілкіде не екенін білмейсің де. Әсіресе, жастықтың желігі алып ұшқан арман мен мақсатқа жетсем, білсем, көрсем, тындырсам деген қат-қабат өмір толқыны алдыңнан сағым болып шақырып, алысқа, алға жетелейді. Соның құрсауында жүріп өмір бойы өзіңе-өзің жете алмайтын кездерің де көп.

Бірақ бұл дүниеде бәрі де шектеулі, бәрі де өлшеулі.

Әсіресе, «өмірдің көбі кетіп, азы қалды, көңілдің кегі кетіп, назы қалды» дейтін өлара шақта ынтық көңілдің, ыстық көңілдің ықыласын, жүрегінді жұлқылаған сағыныш саздары өзіңді кез келген сәтте ата-ана, ауыл-аймақ атты құдіретке тәңірдей табынтары анық.

Сонау Бөкей ордасы мекендеген қасиетті Нарын құмын жалаң аяғымен борпылдата басып ержетіп, XX ғасырдың талайына тап келген қайғы мен қасірет, тауқымет пен бейнетті бір адамдай көре жүре, ел қатарлы өмір сүріп, ауылдан артық жер бар деп ойлап та көрмей, 90 жасқа таяу өмір сүріп, көз жұмған әкем Хайроллаұлы Жасқали мен анам Өлімбекқызы Нәпінің мәңгілік мекені – ауыл. Сол ауыл мен үшін әркез қастерлі. Содан ба екен, жол түсіп ауылыма бара қалсам, оның бар жақсылығына баладай қуанамын.

Қазақ үшін арқауы алтын жіппен тоқылған өмір атты тылсымның өзегі – ауыл. Ал ауылды өзгертіп, жандандырып отырған адамдардың әр ісі тап қазір мақтау мен құрметке лайық.

Менің де мақтан тұтар, тірек етер ауылым бар, оны жел етінде жетімсіретпей ұстап отырған ауылдастарым бар.

Сонау 60-шы жылдардың басы еді. Ел тыныш, жұрт аман. Үкімет Американы қуып жетем деп қазақтың кең байтақ жерінде қой өсіру ісін қолға алғанда, «Жастар екінші тыңды игеруге бет алсын!» деген ұранды қуана қолдап, топ-топ жас комсомолдық жолдамамен қой бағуға аттанғанбыз. Солардың қақ ортасында



мен де бар едім. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан» деген Абай атамның өсиетін орындағандай, өз ісімізге шынымен қуанатын едік. Соғысты бастан кешкен анамыз, көне көз қариялар «мынауың қате» деп сөкпейтін.

Ол да бір ғажап кездер екен-ау...

Қазіргі Бөкей ордасы ауданындағы Құрманғазы атындағы қой совхозы сол жылдары құрылған-ды.

Аппақ көңілмен аңқылдай қолдап, бір-біріне қалтқысыз күле қарайтын жарқылдаған жастардың жүздері-ай!.. Ылғи бір қауырт та қиын жұмыстың басында солар жүретін. Бар мен жоқтың қадірін көп білмейтін кезіміз ғой.

Алыс ауылдағы малшы-шопан балаларына деп бар жағдайын мемлекет қамтамасыз ететін облыста бірінші рет 150 орындық мектеп-интернат та алғаш осы совхозда бой көтерген.

Құрамалы үйлерді әкелген құрылыс бригадасы 3-4 айдың ішінде бірнеше корпус мектеп пен самаладай жарық жатақхана үйлерін іске қосқанда, ауыл клубында дүркіреп той өткен еді.

Пай-пай, шіркін-ай... Дүниежүзілік VI фестивальдің республикалық байқауының лауреаттары, ауыл түлектері Мәтеш Байболов, Сәттар Қыдырсихов, Еділбай Сметов «Айнамкөз», «Тілеуқабақ», «Өмір, сені сүйемін» деген әндерді шырқап, қазір Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің бас домбырашысы, композитор Тұяқ Шәмелов ол кезде мектептің 6 сынып оқушысы болса да, «Төремұрат», «Адай» күйлерін нақышына келтіре орындағанда, ду соғылған көрермен шапалағы клуб төбесін көтерердей жаңғыртқан.

Жыл айнала әлемдік жазушы М.Шолохов мектеп-интернат ұжымымен кездесуге келгенде, аппақ ақ ботаны жазушыға сыйға ұсынған оқушылар келбеті Мәскеу теледидарынан елге тараған.

Кеңшар директоры болып іске кіріскен көреген маман Бейсенбі Ғұбашев болса, атырапты алып жатқан құмды, қырлы кеңшардың жер жағдайын ескеріп, асыл тұқымды

«Көшім» жылқысын өсіруді қолға алған кез де сол жылдардан басталған-ды.

Айта берсе, ауылымда жақсылық тіптен көп еді.

Алматылық, жоғары білімді зоотехник Әйіп пен комсомол жастар фермасының сауыншысы жап-жас Сәрудің үйлену тойын аудандық комсомол комитеті бас болып өткізген. Ақбоз ат мінген жігіт пен қалыңдық қыр астынан әлі де шыға келердей ауылыма барған сайын оның батыс бетіндегі дөңеске үміттеніп қараймын...

Бәрі де кешегідей. Атырапты алып жатқан кең дала. Арайлана атып, алқызыл түске бояла батар күміс күн. Жылдың қоңыр күзінде болмаса, бетін бұлт баса бермейтін ап-ашық аспан. Тек ауыл іші ғана бұрынғыдай сапырылысқан жүріс-тұрыстан саябырсып, күннің көп мезгілінде маужыраған тыныш халде.

«Көппен көрген ұлы тойды» қуана қарсы алар ақкөңіл, дархан халықпыз ғой. Жер аман, ел аман деген қанағат көңілмен, бір қоғамнан екіншісіне өтер кезеңде ортақ байлықты жалпылама бөліп, біреу аз, екіншісі көп асап жатқанда да көп қайғыра бермеппіз...

Бұл жалпылама хал. Кезінде дүркіреген Құрманғазы кеңшарын бір жыл жалға алдық, екінші жылы кооперативке бердік, жыл айнала фермер болған дұрыс деп өз адамдары ішінде бөле-бөле тап қазір бір орталықтан басқаруға екі мың қойы бар шағын шаруашылық болды. Жұмыссыз қалған көп отбасы тіршілік қамымен басқа жаққа кетсе, Нарын құмындағы көп малшы орталыққа келді.

Бірақ қай кезде де өмірдің байлығы жер мен адам емес пе?.. Содан ба екен, сандық түбінде сақталған сары майдай тап қазір ауылымда адамдардың дархан көңілді даналары қалыпты.

Оларды жеке-жеке айтып жеткізу мүмкін емес, әрқайсысының өмірден алар орны мен елге еткен еңбегі ерекше.

Бір кездері осы кеңшарда трактор бригадасының бригадирі, бөлімше бастығы, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет



істеген коммунист Тасқали Төлешев ауыл молдасы болады деп кім ойлаған?

Басында тақия, үстінде шапаны, қара торы жүзіне сәнмен қойған аппақ сақалы өзіне ерекше жарасып тұрған Тасқали ағаға «Сіз бұл молдалық жолға қалай келдіңіз?»- деймін.

– Е, қарғам-ау, кешегі үлкен кеңшар тарап, көптеген мекеме жабылып, шеттен келген кездейсоқ басшылар аларын алып, қалталарын толтырып кете-кете келгенде осы Саралжын деп аталатын селода үш мың адам иесіз қалғандай күй кештік. Ал соншама адам болғасын той-томалағынан басқа да жоқ-жітігі, ауру-сырқауы, қазасы-қайғысы болады. Тап осы жерден аудан орталығы Сайхынға бару үшін 250 шақырым жер жүрсек, облыс орталығы Оралға 500 шақырым жер жүріп, әрең жетесің. Бәріне көнуге болады, тек көз алдында шарасыздықтан күйіп бара жатқан адамдар легі қиын екен... Жас алпысқа келді. «Кешегі коммунист – бүгінгі молда» деп әжуалап күлетін ауылдастар барын да білдім. Өзімді өзім көндіріп, бір қатаң қалыпқа түсу де оңай болмады. Бірақ біз қалған ғұмырымызда осы жердің иесі – жастарды тәрбиелеп кетуіміз керек қой. Содан мұсылманшылықты уағыздайтын кітаптар оқыдым. Құран аяттарын жаттадым, оқыған, білген сайын істер ісімнің шапағаты молдығына көзім жетті. Сөйтіп, аудан мен облыс діни басқармасынан рұқсатын алып, молдалық жолға көштім. Қазір ауыл әкімінен жалға бөлме алдым. Жасаған қызметіме байланысты елден түскен табыстарды тіркеп, түскен ақшадан тоқсан сайын салықты төлеп тұрамын. Бұрынғыдай емес, намаз оқитын, ораза ұстайтын адамдар көбейіп келеді. Ал қайтыс болғандармен қоштасу рәсімі, қазаға байланысты шартты күндер ата-баба салтымен өтеді. Осы ауыл түлектері Саркен Рамазанов, Құрманғазы Ғұбайдуллин деген жігіттер көмекші молда есебінде ел құрметіне бөленіп жүр,- деді ол ағынан жарылып.

Аз ғана күн араларында болғанда ұққаным: ауыл іші қазір жанданып келеді. Етек-жеңін жинап, ықшамдалып, барға

қанағат, жоққа салауат айтатын халық даналығымен қаруланған олар баяғы кездегідей «үкімет асырайды» деген масылдық көзқарастан арылған. Жазда ұжымдасып, ұйымдасып қысқа малға шөп, үйлеріне отын дайындаса, қыста әркім малының қамымен әлек. Қазір еш саудагер бұдан 4-5 жыл бұрынғыдай бір бөтелке спиртке бір қой, не екі етікке бір сиыр ала алмайды.

Әр адамның дүниетанымының өзгеруіне нарық пен уақыт куәгер...

Бір қуанғаным, аз бен көпті, бар мен жоқты, қуаныш пен қайғыны, жақсы мен жаманды әп дегенде ақылымен де, жүрегімен де сезетін ауыл әйелдерінің белсенділігі артқан. Олар жекеменшік иесі болып мал өсіріп, сауда жасап, пайда тауып қана емес, әр істе де ұқыптылық пен әдемілікті қатар ұстанатын білікті мамандар кейпіне енген.

Бірнеше жыл ауылда тұтынушылар одағының бас бухгалтері болған Әсіл Сметова – ауылдағы басты тұлға. Себебі бетің бар, жүзің бар деп мәймөңкелеуді білмейтін, анау әкім, мынау бай деп жағымпаздануға жаны қас, не істесе де есепшіге тән ұқыптылықты өзгелерден талап ететін ол ауылда әйелдер кеңесін құрыпты. Оның белді мүшелері: Әсима Абдуллина, Гүлжиян Бекетова, Ақжан Мұхамбетқалиева.

Оқу жылы басталарда әр зейнеткерден 20 теңгеден, әр оқытушыдан 40 теңгеден жинап, табысы жоқ отбасының балаларына көмектескен де солар. Сайхыннан Оралға дейін созылған үлкен жолға жету үшін әркез кедергі болар ауылдан 26 шақырым жердегі сор бойындағы жолға ауыл азаматтары тас үгіндісін, саз бен топырақ төгуге жиналғанда оларға тамақ, жылы киім жеткізуді ұйымдастырған. Ауылдағы жалғыз клубты қыста жылыту үшін күзде ауыл жастары көкпек шапқанда ақысы үшін деп әр үйден ақша жинаған да осы әйелдер. Ал жеке кәсіпкер Әсілдің өзі болса мектепке алғаш барған 42 балаға оқу құралын алуға арнайы өз қаражатынан ақша бөлген.

Негізі ауыл ішіндегі кез келген кенеуі кеткен істі жолға қойып, адамдардың мұң-мұқтажын қанағаттандырып, олардың



басшысы, ұйытқысы болатын әкімдік штат бар, істейтін адамы да бар. Тек өкініштісі, онда аудан әкімінің шешімімен тәжірибесіз адам қызмет атқаруда.

– Өттең,- деген сол жолы Әсіл. – Ауыл, аудан әкімдерін сайлап қоятын күн келетін болса, ауылды көркейту үшін талай адам тартысқа түсері анық.

«Талап, тәртіп бар жерде тірлік те бар»... Бұл әңгіме өткен жылдың соңғы айларында айтылған еді.

Кеше ғана Елбасы Н.Назарбаевтың ауыл әкімдерін сайлау жөніндегі Жарлығы шықты.

Ауылдың өркендеуі осыдан басталғай-ды...

Бір кездегі атақты балуан, алдыңғы қатарлы шопан болған қазіргі фермер Қажиақпар Мұсанғалиевтің жақсы істерін үлгі етсе болмас па?..

Бөлімше бастығы жұмысын атқара жүріп, бар жақсылығын еліне, ұл-қызына бере алмай, жап-жас кезінде қапылыста көз жұмған Бақыт Сақуовтың ұлы Қадіржан атадан қалған бір іс деп жеке шаруа қожалығына ие болса, ол да бір ұрпақтар жалғастығы емес пе?!

Еңбегі үшін айына әр баладан тек қана 200 теңгеден алып күй үйретіп, мектеп оқушыларынан домбыра оркестрін құрып жүрген жұмыссыз Мұрат Оразғалиевтің ісін қандай азаматтықпен салыстыруға болады?

Ауыл ішіндегі көпшілікпен өтетін той мен қаза қызметінде өз үйіндей оқсатымдылықпен еңбек ететін анау Айсұлу, Ләтипа, Жібек сияқты аналардың еңбегін қандай таразымен өлшейсің?

Іскерлігі мен ұқыптылығы, еңбекқорлығы бір бөлек Ораз Әбдірашев өмір бойы кеңшардың радиобайланыс жүйесінде шебер болып еңбек етті. Ол қартайғанда ісін қазір ұлы Тимур жалғастырса, ата мен бала өмірінің сабақтастығы деген осы емес пе?!.

Әйтеуір қалай қарасаң да, ауылдағы оты өшпей отырған жақсы істерді көресің. Көресің де, көңілің марқайып, «Барға бар

деп тасымайтын, жоққа жоқ деп жасымайтын, барға қанағат, жоққа салауат айтқан айналайын ауылдың адамдары-ай!» деп сүйсінесің. Тек сендер бар жерде ақшаңқан ауылымның айдарынан аңқыған самалдың талай есері ақиқат...

Атыңнан айналайын ауыл деген!..

«Орал өңірі» газеті

29.03.2001 жыл

Ауыл үстіндегі ән

Машина дауысы басылысымен-ақ қыр астындағы ауылдан ән естілді. Мынау мамыражай кеште самал желмен талыға жеткен әнді бәріміз де ұйып тыңдай қалдық.

– «Ақбұзау» пунктіне әртістер келіп жатқан болды ғой,- дейді қолын майлы шүберекке сүртіп жатып, шофер Қасымхан.

Майда қоңыр дауыс сырға, назға толы «Жез киік» әніне басты келесі сәт.

– Мынау Сатқанның даусы сияқты. Бірақ ол 2-3 күн бұрын жылқышылар ауылына кеткен, бұл жаққа тез келе қоятын жөні жоқ сияқты еді,- дейді кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы Шамил Рахимов біздің сұрақты ойымызды білгендей.

Біз қыр астындағы ауылға жаяу беттедік. Ауылға жақындаған сайын әнші даусы ашылып, әннің жүрек тербер майда сазы сап ауада әр нақышына дейін ап-анық естіліп, бозамық нұрға бөленген бар маң ән атты құдіретке бас игендей тұнып тұрды.

Шопан үйі алдындағы үлкен бағанадан түскен электр жарығымен сыртта тақтай сәкі үстінде ән тыңдап отырған бір топ адам біз барғанда өре түрегелді. Тек төрде әнін үзгенмен, айшықты домбыраны қолынан әлі түсірмей отырған орта жастағы, ұзын бойлы, ақсары жігіт орнынан қозғалған жоқ. «Кинемеханик Мұталов Сатқан»,- деп таныстырды оны кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы.



Сөйтіп, ойламаған жерден ауылдың тағы бір абзал азаматымен таныстым. Табиғатында қарапайым Сатқан өзі туралы жарытып ештеңе айтпады. Тек соңғы бір апта бойы кеңшар фермаларын аралап, еңбек адамдарына кино көрсетіп шыққанын, бүгінде кешкі мал жайланып, кино көріліп болғасын, шопан қауымымен әңгіме-дүкен құрып отырғанын айтып өтті.

Міне, кеңшар директоры Абухан Сисенғалиевтің кабинетінде отырмыз. Ауыл азаматтары туралы толғана айтқан сөзін бөліп, «Сатқан туралы пікіріңіз қандай?»- деп сұрадық.

Ауыл ағасы есіне әлдене түскендей аз-кем үнсіз қалды. Сосын өткен кемшілікті мойындаудан қаймықпайтын бірмінез адамдардың қайсарлығына салып, сөйлеп кетті:

– Шынын айтсам, бұл оқиға бұдан 4-5 жыл бұрынғы жәй еді. Малшы, шопанға кино қоятын кәсіподақ комитетінің көшпелі киноқондырғысына тұрақты ешкім табыла қоймады. Кісі көп, бір-екі жыл істейді, не машинаны сындырады, не киноаппаратты бүлдіріп істен шығарады. Есептеп көріңізші, қаншама зиян? Оның үстіне кино көріп, малшы қауымның көңілі тынбаса, екіншіден, машина шығарып, киномеханикке ақы төлеп шығынданғанда кинодан түсетін түсім кейде жанар-жағармайды да өтемей шығады, үшінші, ең бастысы, ел байлығын өндіріп жатқан малшы, шопандарымыз рухани байлықтан, еліміздегі күнделікті болып жатқан жаңалықтан, білім мен ғылым жаңалықтарынан құр қалатынын көрдік. Сонымен ақылдаса келіп, киномеханиктікке дұрыс адам шығаруды ұйғардық. Кеңшардағы шоферларды ойша екшей-екшей келгенде дирекция құрамы Сатқанға тоқталды. Сондағы шаруашылық жөніндегі орынбасардың жылай жаздағанын көрсеңіз.

– Ойбай-ау, қайда жұмсаса да қалтқысыз жүре беретін, ай сайын тонналап жүк тасып жүрген маңдайалды шоферды қайдағы бір кино- механиктікке ауыстырады деген не?

Мен де, шынын айтсам, қиналып барып әрең келістім. Біліп тұрмын, бұл жұмысты Сатқан алға апарады. Бірақ бүкіл

шаруашылықтың иесі есебінде жем-шөп пен жанар-жағармай уақытында тасылып, малшы, шопанның көші-қоны кезінде жеткізілсе, бұл мен үшін басты міндет екені рас. Оның үстіне бір шеті мен бір шеті 250 километрге созылған біздің кеңшарда жақсы шофер үлкен күш. Дегенмен Сатқанды осы жұмысқа сол жолы тағайындадық. Табысы бұрынғыға қарағанда аз деген жоқ, ол да бірден келісе кетті. Бізде телехабар жоқ, кейде алыс мал жайлауына бара жатып почтадан газет-журналды да ала кетеді. Мен өзім Сатқанның атына айтылған талай алғыстардың куәсі болдым.

Ал осы сәт Сатқан болса өзі туралы айтылып жатқан жақсы сөзде жұмысы жоқ, кеңшар орталығындағы клубтың шағын бөлмесінен «УАЗ-459» жеңіл машинасына кинофильмнің табақшаларын тиеп, тағы да жолға шығуға жиналып жатты.

– Айтыңызшы, Сатқан, сізді өлең шығарып, жақсы ән айтады деп мақтайды ғой, сол рас па?- дедім жолға жүруге жиналып жатқан оған.

– Бұл жердің кәрі-жасы бәрі өнерлі. Қай малшы, шопанға барсаңыз да төрде ілулі домбырасы, радиола, пластинкамен қабаттас баяны не сырнайы тұрады. Мен бұрын көп білмейді екем, ал осы жұмысқа шыққалы адамдарымыздың жан-дүниесі қаншалықты бай екеніне көзім жетті. Маған «ана шопан, мына малшы, құм кезіп үй көрмейсің», - деп бұл жұмыста істегенімді қол көрмегендер де болды. «Жас ортадан асқанда осыным дұрыс болды ма?»- деп өзім де қобалжыдым. Қазір орталықтан «Қыз жібек», «Бабек», «Атаманның ақыры» сияқты халық жақсы қабылдайтын картиналарды алып жолға шығарда сол құмды ауылға жеткенше асығамын. Себебі анау шопан Елемес Аблаев, Төлеуіш Тапақов, малшы Қапаев сияқты азаматтардың жақсы картинадан қаншалықты рухани байлық алып, жан-дүниесі ризалыққа бөленетінін алдын ала шамалаймын. Солардың қуанышы маған да қуаныш.



Арада жарты сағат өтпей-ақ кеңшар орталығының оңтүстік-батысындағы жазғы жайлауға апаратын қара жолда зырлап жалғыз жеңіл машина кетіп бара жатты. «Сатқан құм қойнауында отыратын шопандарға бара жатыр», - десті оны білетіндер.

«Орал өңірі» газеті

29.06.1982 жыл

Ауылдың ажары – азамат

Егемендігіміздің алғашқы жылдары ауылды тоз-тоз етіп бөлшектеп, ондағы адамдарды бар байлығынан айырып, көбін тап-тақыр кедейге айналдырған жоспарлы түрдегі жекешелендіру тарихы талай ұрпаққа тәлімді сабақ болары анық. Әйтеуір әбүйір болғанда Елбасымыздың «Ауылға көмек» атты сындарлы саясаты ел ішіне тарағалы ауыл іші жанданып келеді.

Әрине, еңсені тіктеп түзейтіндей көмек болды десек, өтірікші болармыз. Бірақ ызғырық желден кейін есілген майда самал лептей, тек жақсылық болады, көмек келеді, сынғандар түзеліп, өшкендер жанып, құлаған тұрып, опасыздар мен озбырлар жүгенделеді деген жалпы сөз әр көңілге ақ нұр болып себілуде.

Ауыл іші ұлттық тәрбиенің, қазақы салт пен сананың алтын ошағы ғой. Инабат пен ізеттілік, мәрттік пен парасаттылық, байсалды бола тұра ақжелең ақкөңілділікте ауыл адамдарының бойында. Тап қазір бір дархандықты, жақсылықтың жылт еткен от ұшқынын көргің келсе, тек қана ауылға бар.

Бастарын қырау шалып, ақ бетін әжім торлап, қоңырқай жүзін мұң шалған менің талай ауылдастарым «ауыл ағасы» жасына жетіп, өмірден мол тәжірибе жинапты. Олар тап қазір төзімділік пен парасаттылықтың қайнар көзіндей өзгелерге үлгі боларлықтай үлкен күш.

Жолым түсіп ауылыма бара қалсам, ауыл ағасы атанған ағаларымды, ауыл анасы атанған ана-апаларым мен әлі де тұғырдан түспей тірлік атты үлкен көште тұрмыс тауқыметін арқалап келе жатқан құрбы-құрдастарыма қырау шалған басымды игім келіп тұрады. Мүмкін сол алғыс болар қолға қалам алғызған.

Иә, ауыл ақылшысы атанып, сөйлеген сөзі, айтар ақылы, көрсетер қылығымен үлгі болып жүрген Хабес Хайруллин, Хамза Кенжеғалиев, Ғалым Талипов сынды ағаларым, Құшақ Тасболатова, Әсия Уапова сынды апаларым көп-ақ.

Солардың ішінде ауыл молдасы атанып жүрген Тасқали Төлешов ағадан: «Сізді бәріміз ес білгелі осы кеңшардағы техника маманы, қысқы-жазғы қауырт жұмыстарға басшы болып жүретін партия ұйымының хатшысы ретінде білетінбіз. Сізді молда болады деп кім ойлаған?!» дедім айтар ойымды іркіп.

Ал, ол болса маған әуелі сынай қарайды да, сосын әдетінше қалтасынан ақ шаңқан қол орамалын алып көз әйнегін ұзақ сүртеді. Сосын жайлап әңгімесін бастайды.

– Менің туған жерім осыдан 40 шақырым жердегі Темір Масин ауылы. Осы жерде тапжылмай 60 жыл өмір сүріп келемін. 20-ға жетпеген балаң жігіт кезімде осында РТС-қа (машина-трактор жөндеу шеберханасына) жұмысқа кірдім. Осы аз ғана ауыл майлы, жайлы, шаңды түбек деп үшке бөлінетін. Майлы түбегі еңбек күн жазатын және ақша беретін кеңсесі бар 5-6 үй. Жайлы түбекте мектеп орналасқан, ал шаңды түбекте трактор жөндейтін шеберхана бар-ды. Мына ақ шаңқан үйлер соңынан салынды. Сонау 1960-80 жылдары саясат па, әлде адамдардың жігер-күші ме, біз қызмет еткен осы Орда ауданының Құрманғазы кеңшары гүрілдеп тұрды. Сол жылдары шаруашылықта 60 мың қой, 50 мың жылқы, 20 мың түйе, 5-6 мың сиыр малы бар еді. Екі орта мектеп, аурухана, басқа маманды қоспағанда, тек есепші болып оншақты адам қызмет етті. Облыста бірінші болып комсомол-



жастар тойын өткіздік. Орыстың ұлы жазушысы М.Шолохов келіп, тұрғындармен кездесіп тарихта атымыз қалды. Сөйтіп, өркендеген ортаны өткен ғасырдың 90-жылдары заман өзгерді деп, ертең аренда, бүгін кооператив, сосын қоғамдастырып, ақыры жекеге айналдырған кезде бар байлықтың көзі жойылып, адамдар өзгеріске түсінуден қалды ғой. Түсінбеушіліктен өмірден түңілу басталды. «Қайғыны ұмытамын» деп арақ ішіп, «байлыққа батамын» деп ұрлық жасап, «енді қайтпекпін?» деп өзіне-өзі қол жұмсағандар да болды.

Аурухана, кеңсе жабылды, жұмыс жоқ. Бәрі жекеде, бағатын қой да жоқ. Ел, жастар жағы көше бастады. Облыстан 500, ауданнан 250 шақырым қашықтықта орналасқан жер жағдайы да әсер еткен болар. 3,5 мың адамы бар ауылымыз, сондайда кімнен ақыл сұрарымызды білмей дал болады екенсің. Өмір өзгерді. Өзгерген өмірмен қатар жүрер бір ғана шарт бар. Ол – өзіңнің жан-дүниенді өзгертіп, заман ағымына икемделу. Сөйтіп, адамзаттың бірнеше ғасыр тарихы бар Исламға бет бұрдым. Біздер «Алла жоқ, Құран өтірік, молда алаяқ» дегенге сеніп өскен ұрпақпыз. Бірақ сол жылдары егемендіктің самал желі ме, халық рухани серпіліс үстінде еді. Құранды, Ислам әдебиеттерін облыстық мешіттен алдым. Намаз оқу, өлік жөнелту шарттарын ауылдағы есті ақсақалдар ұғындырды. Өз-өзіне талап пен міндет қылған жан дегеніне жетеді. Мен соны бастан кешірдім. Ауыл адамдары дана ғой. Көзі көріп, құлағы естігесін адал ниет, шын пиғылды ұқты ма, алдымнан кесіп өтпей сыйлады, көмектесті, түсінді. Бос тұрған үйдің бір бөлмесін икемдеп, мешіт аштық. Ораза, айт уақыты, жұма күндері адамдар көп келеді. Қазір осы ауылдың баласы Құрманғазы Ғұбайдоллаұлы деген жігітті молда етіп тағайындадық. Ақыл-кеңесіміз аяусыз,- дейді ол кең пейіл пиғылмен.

Ия, Тасқали аға үлкен қоғам қайраткері емес, басшы қызметте болып, ел басқарды деп те айта алмаймыз. Бірақ

өмірдің өзегі боп саналатын қарапайым еңбекпен қаруланған ол жылқышы, тракторшы, механизатор, бригадир, комсомол, партия комитеттерінің хатшысы, бөлім меңгерушісі, инженер болып көп жылдар кеңшарда еңбек етіп, парыз бен міндетін адал атқарған жан. Жары Мүнира екеуі өсірген Мұрат, Әселхан, Гүлнар, Гүлстан атты ұл-қыздарынан 7 немере көріп, құрмет пен қуанышқа бөленсе де, қоғамдық қызметтен қол үзген емес.

– Бұдан 2-3 жыл бұрын,- дейді ауыл әкімінің мәдениет бөлімінің қызметкері Қамар Сақуова, – «Қайдасың, көнекөз қариялар?» атты республикалық байқау өтті. Әр ауыл, аудан, облыстан талантты, ақылды, тәрбиелі, өнегелі деген отбасы байқауға қатынасты. Біздің ауылдан барған бір топ адамның ішінен ғана емес, аудандағы байқаудан озып шығып Тасқали аға мен Мүнира әже бірінші орынды жеңіп алғанда қуанғаным-ай. Содан олар облысқа жолдама алды. Одан да жеңімпаз атанып келді. Жастары жетпістен асса да, өмір ағымынан қалмаған жандар ғой олар.

Иә, ауыл іші әлденіп, өмір атты өткелден аяқты нық басып өтіп келеді. Ауылға жан бітірген сонда тұратын адамдардың жігер-күші.

Бір кездері ауылымда қаламен қатынас жоқтың қасы еді, ақшасын төлесен болды, Астанаға апар десен де жеткіземін деп жалаң қаққан жігіттер көп-ақ.

Ауылдағы кез келген бозбала мен бойжеткен ынтыққан көңілдің ыстығын басып сәт сайын қалталы телефонмен бір-бірімен хабарласатын болыпты.

40 каналды телехабардан жер шетінен жаңалық алған көптеген үйде ойын балалары көп көше кезбейді.

Ал, Ресейдің қаймағы, Голландияның сүті, Түріктің кәмпиті дейсің бе, шағын болса да заттың көптігінен жайнап тұрған дүкендерде күнделікті керектің бәрі бар.

Сонда да... Бөкей Ордасы, Құрманғазы ауылындағы ақсақалдар комитетінің төрағасы Тасқали Төлешовтың көңілінде алаң көп.

– Жақында, – дейді ол әңгімесін жалғап, – Қазақтың Ұлттық аспаптар оркестрінің бас домбырашысы, күйші Тұяқ Шәмелов туу Алматыдан анасы Рәш дүниеден озғанда аузына тістегендей қиындықпен оның денесін ауылға алып келді. Өкелді де: «Аға, анам олай-бұлай болып кетсем, сүйегімді әкеңнің қасына, туған жерге апар», - дейтін-ді. Ана аманатын арқалап елге келдік, қалған қызметті өзің атқар» дегені көзіне жас алып. Алатаудың асқар шыңдарына таласа бой көтерген көрікті үйлердің бірінде 30 жылдан астам өмір сүрген Рәш те, оның жер шарын оркестрмен аралаған талантты ұлы Тұяқ та жүректің бір түкпірінде ауылды алтын бесігім деп ойлайтынын сонда ұқтым. Шіркін, ауылда өскен әр жастың санасына туған жер құдіретін қастерлер осындай сәуле түсіре алсақ...

Тасқали ағаның әңгімесіне мен де іштей тілеулес болып, алысты болжайтын осындай ағалар аман болса екен деген үмітпен ауылдан аттандым.

*«Еділ-Жайық» газеті
№ 8 (321) 07.04.2006 жыл*

Ақ жүректі асыл жан

Қайырғалидың қызы Ардақ. Осы үш ауыз сөзді жаздым да ойға қалдым.

Кім өзі, бұл Ардақ деген...

Осы бір әркімге ақ пейілмен мөлдіреп қарайтын аққұба әйел, қандай қылық, нендей ісімен өзгені өзіне тартады да тұрады?

Үлкендер айнама, қарағым Ардақжан десе, кішілері апа, апатай деп, құрбы-құрдас, дос-жарандары ойындағысын оған ірікпей айтып ақыл-кеңесін алса, тума-туыс, құда-жекжаттар бастарына қиын іс түссе, қол ұшын беретін Ардақтай бір жанның барына сенетін.

Менің онымен танысуым да қызық еді. Астанаға алғашқы келген жылдарым. Шыр еткен телефонды көтерсем, арғы

жағынан аңқылдаған әйел даусы: «Орал облысынан, соның ішінде Жаңақала ауданынан көшіп келген жерлестерімді қонаққа шақырып жатырмын. Ағатай екеуіңіз міндетті түрде келіңіздер», - деп уақыты мен адресін айтқаны. «Шақырғанға бар, шаққаннан қаш» деген мақал-мәтел қанымызға сіңген қазақпыз ғой, «Ия», - деппін мен де.

Ардақ пен Елеусіздің қос қабатты коттеджінің төргі бөлмесі тым үлкен екен.

– Қонақтарды өзің таныстыр,- дейді Елеусіз Ардаққа күле қарап.

Ал Ардақ болса жерлестерінің жиналғанына мәз болып, риза көңілден аққұба жүзі бал-бұл жанады.

Сол жерде республикамыздың Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Оқастың әкесі Базарғали Сапаровпен, Елбасының сенімді серіктестерінің бірі-полковник Нұржанның әкесі Зарип Тояшевпен, ғылым докторы, академик Жасқайрат Сүндетовпен, қазақ жігіттерінің ішінен алғашқыларының бірі болып «Құрметті құрылысшы» атағын алған Мақсот Бекқұловпен, тіпті менің ұстазым болған Насыр Сүндетовтің ұлы Астанадағы №24 мектептің директоры Ғабит Сүндетовпен де осы отырыста кезіктім.

– Бұл жігіт,- дейді Ардақ ашаң жүзді, шалт мінезді жігітті орнынан тұрғызып,- Айбатыр Сейтақ – ақын, Парламенттің белді қызметкері. Әкем баласындай болса да осы Айбатырмен досындай сыйласатын. «Батыстан шыққан қазақтың батыр қызы Әлия туралы ән де, өлең де жеткілікті, ал біздің Нарында туып-өскен Мәншүк туралы ән де, өлең де жоқтың қасы. Айбатыржан, әнді де, өлеңді де жазу сенің қолыңнан келеді. Жаз. Қайтсең де жаз», - дейтін оны көрген сайын. Шүкір, сенім деген бір алапат күш қой. Әкемнің сенімі қате кетпепті. Айбатыр сөзін жазды, Нұрлан Бекенов деген жас композитор баламыз әнін шығарды. «Мәншүк ерлігі» әні концерттерде не болмаса радиодан орындалып жатқанда, есіме бірден әкем Қайырғалидың бейнесі оралады,- дейді Ардақ ағынан жарылып.



Ия, Ардақтың дүниеге келіп, ес біліп, мектепке барып, институтта оқып, бой түзеп, еңбек еткен, яғни, туған жері – Ақмола облысының Қорғалжын өңірі. Ол ерте есейді. 12 жасында кенеттен анасы дүниеден озғанда әлсіздіктен ана сүтінің дәмін де татпаған інісі Сапарғали өлім мен өмір аузында жатты. Сіңлісі Алма 10-да болса, ал інісі Ерғали әлі мектепке де бармаған еді.

Нағашы жұрты ауқатты, елге сыйлы, өте қайырымды жандар болатын. Әсіресе, анасы Мәриямның әкесі Нұрмағанбет Еңсебаев ол кезде аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып қызмет атқаратын. Әулеті жағынан да, дәулеті жағынан да болып толған нағашы атам: «Қарағым Қайырғали,- деген әкеме,- тұңғышым Мәрияны қалай көрсем, өзінді де сондай жақсы көретінімді білесің, сені балаларыңнан айырмайын, бірақ бәрі де әлі жас, ең болмаса екі кішкентайды біраз уақыт біз өсіріп берейік»,- дегенде, әкем бәрімізді құшақтап: «Жо-о-қ, ж-о-о-қ!»,- деген қатқыл үнмен: «Мен бар жерде Мәрия да бар. Балапандарымды бір-бірінен айырмаймын»,- деп кесіп айтқан.

– Анамды жерлеп келген күннен кейінгі түн әлі есімде. Ұйықтап кетіппін. Тымақ ішіндегі інім Сапарғалидың даусынан оянып кетсем, таң атып, үйге әлдеқашан жарық түскен екен. Әкем үшеуімізге бір-бір көрпе жауып ұйықтатыпты да, өзі қабырғаға сүйеніп киінген күйі қалғып отыр екен. Бала дауысын естісімен әкем келесі бөлмеде жатқан анасына жүгіріп барып: «Сүт қайда, мама, сүт қайда?»,- деп сасқалақтаған қалпы әлі де көз алдымда,- дейді Ардақ көзіне келген жасты көрсетпей сүртіп.

Сөйтіп, еркеліктен айырылса да, еркіндікті серік еткен Ардақтың жаңа өмірі басталған-ды. Әжесі Сапуаттың аялы алақаны мен жібектей жұмсақ мінезі, барды оқсататын іскерлігі әкесінің өліп-өшкен ұл-қызына деген шексіз махаббаты тұрмыс тауқыметін тарттырмады, жоқшылықты сездірмеді. Әрі асқар таудай тірек болған анасының әкесі Нұрмағанбет пен оның

ұл-қыздары Мұхтар, Төлеш, Ләззаттың қамқорлығын өмір бойы сезіп келеді. Олардың бәрімен де туыстық, бауырластық қатынасын үзген емес.

Бірде одан: «Қарағым-ау, оралдықтарды, соның ішінде Жаңақала ауданының жері мен суын, аталас ағайынды өміріңде бір-екі рет көріпсің, онда да жас кезінде. Елдің бәрін жерлес деп қалай жақын тартасың?» - дедім Ардақтан сыр тартып.

Ол аз-кем үндемей ойланып қалды. Сосын:

– Осыған өзім де кейде таңғаламын. Қазақта «Қанына тартпағанның қары сынсын» дейтін мақал бар. Әкем Қайырғали туған жерін, оның адамдарын ерекше сүйетін еді. Кеңестер одағы кезінде атағы әлемге жайылған Қорғалжын көлінде отырып: «Шіркін біздің елдің адамдары осында келіп демалса ғой, бұлақтай суына шомылып, бұлқынған балығын аулап рахаттанса ғой», - дейтін. Ал кейде «Биыл батыста қыс қатты, қар көп дейді. Ауыл адамдарына қиын болды-ау», - деп бір қиналатын. Әсіресе, оқу министрлігінің жолдамасымен батыс өңірінен келген достары Уәлиолла Ізтілеуов, Әбутәліп Сұлтанов, Тельман Сариев төртеуі бас қосқанда батыстың мұнды әндерін, күмбірлете төгілген күйлерін шертіп, мәре-сәре болып қалатын. 1963 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын үздік бітіріп, кейін осы институтқа жұмысқа қалдырылған Жасқайрат Сүндетов ағамен күн сайын сөйлесіп, «Ауылдан не хабар бар? Келген, келетін жерлестер жоқ па әзір?»,-деп сұрайтын. Әкем Қайырғали Мақұлов Жаңақала ауданы, Новая Казанка селосында дүниеге келіпті. Әкесі Ишанғали Мақұлұлы 7 ағайынды екен. Жолмекен, Төлешқали, Ниетқали, Молдағали, Қаным, Рысқали, Ишанғали. Неге екенін қайдам, атамыз Ишанғали жалғыз ұлы Қайырғали мектепке барғанда фамилиясын Мақұлдың ұлы деп жазғызыпты. Атам Ишанғали өткір тілді сыншы, бірбеткей, турашыл, адал адам болыпты. Әсіресе, Кеңес үкіметін орнатуда шолақ белсенділер мен әумесер атқамінерлер, сатқын соттар мен прокурорларды,



шаш ал десе бас алар олардың қол шоқпарлары болған милиция өкілдерін бір сөзбен әжуалап, өлтіре сынайтын сөздері ауыздан ауызға тарап, естігеннің есінде қалған. Ол кісі 1948 жылы Қайырғалидың қолында қайтыс болды. Мақұлдың Ишанының айтқан әжуа сөздері қазір халық игілігіне айналып, республикалық ғылым академиясынан шыққан «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Ауылдың айтқыштары», «Ғасырлар жырлайды» атты кітаптарда топ-топ болып берілген. Ал ауыл ішінде жиналмай жатқандары қаншама?- деп бір тоқтады.

Ардақтың әкесі Қайырғали Мақұлұлы жастайынан мінезі сабырлы, өте зерек екен. Әсіресе, ол кездері математика, химия, физика пәндерін өте жақсы меңгеріп, Жаңақала ауданындағы 10 жылдық мектептің 10-шы класын алтын медальмен бітірген ең бірінші оқушы. Қазір сол Кеңестер Одағының Батыры Мәжит Жүнісов атындағы орта мектептің мұражайында асыл әкенің суреті мен аттестаты келер ұрпаққа үлгі ретінде көрнекті жерде орын алған.

КазГУ-ді 1952 жылы бітірген әкесі Қ.Мақұлұлы Арқа өңіріне мемлекеттік жолдамамен келіп, Целиноград облысындағы Қорғалжын орта мектебінде математика, физика, астрономия пәндерінен сабақ берді. Көп жыл сол Қорғалжында он жылдық мектепте мектеп директоры болып еңбек етті. Нарын құмындағы інісі Елемес Қожақаев пен оның жұбайы Үмітті де көшіріп әкеліп, мектепке орналастырды. Қорғалжын өңірінде жұмыс істеген інісі мен келіні жазғы демалысын туған жерде өткіземіз деп елге кеткен-ді. Елемес інісі ауылға барар орта жолда қайтыс болды деген хабарды естігенде «Қарағым-ай, қанатым сынды ғой. Бұл не деген бітпейтін сор еді?», - деп Қайырғали аға қатты қайғырған екен.

– Содан кейін еркелеп оған «үйленсеңші» деп айтпайтын болдым. Әкем қашан да болмасын біреуге жақсылық жасағысы келіп тұратын. Бірде екеуіміз көшеде келе жатыр едік, бір жас жігіт кезіккені, пошта тасиды екен. Сөмкесі толған

газет-журнал, өзі әрең көтеріп келеді. Бір көшені таба алмай жүргенін айтып, жөн сұрады. «Е, ана жақта»,- деп көрсеттік. «Ардақ, сен үйге кіре бер, мен анықтап көрсетіп келемін»,- деп әкем сыртта қалды. Содан әкем 3-4 сағат өткенде шаң-шаң болып шаршап келді. «Ардақжан, ана жігіттің сөмкесі тым ауыр екен, көмектесемін деп кешіктім. Білесің бе, ол Орал облысындағы Қаратөбе ауданынан екен, бәрібір Батыстан ғой»,- дегені ақталып. Әкем анам қайтыс болғасын үйленбеді. Өзінің достары, шәкірттері, әріптестері, анамның достары мен құрбылары үйге топ-топ болып келіп әжемнің қою шәйін қаныға ішіп, әңгіме-дүкен құрып көп отыратын. Бірде анамның курстасы Бикен Рақымқызы келген-ді. Анам Мәрия КазГУ-дің филология факультетін бітірген еді.

«Бірде», - дйді Бикен Рақымқызы, - ұмытпасам, 2-курста оқып жүргенімізде жазушы Сәбит Мұқанов лекция оқиды деп үлкен залға көп студент жиналды. 2-ші қатарға Мәрия екеуміз жайғастық. Мінбеге шығып, лекциясын бастай берген жазушының көзі бір сәт Мәрияға түскені. «Ойпырм-ай, менің Ботакөзім мында отыр ғой, кімсің, қалқам, қайдансың?»- деп жөн сұрады. Мәрия сыпайы орнынан тұрып, сұрақтарына жауап берді. Сонда ұлы жазушы студенттерге қарап: «Шырақтарым, жан сұлулығы мен тән сұлулығы астасқан жерде ғана шын сұлулық көзге ұрады. Ондай сұлулыққа тек қазақ қыздары лайық»,- дегені. Содан курстастарымыз оқу бітіргенше оны Мәрия демей, Ботакөз деп атап кеткен».

Ардақ әрі қарай сөзін жалғады:

– Көп нәрсені ашық айтпағасын көбін көрмей, сезбей өстік қой. Анам 34 жасында көз жұмғанда, әкем 42 жаста екен. Әжем Сапуат қайтыс болса да, әкем үйленбей жүріп алды. Оған сырттай ғашық болып жүргеннің талайын білетінмін. Сөйтсек, әкемнің көңілі жан сұлулығын көбірек іздейді екен ғой. Әкеммен сырлас болдым. Мен институтқа түсерде ол кездегі «блатной» мамандық дәрігер не экономист, мүмкін әскери қызметті



таңдау керек шығар деп әкеммен көп таластым. Ондайда әкем: «Ұстаздық дегенің – мәңгілік мамандық.

Бар ізгілік жинап жалғыз бойыңа,

Жігер жанып от қосатын ойыңа

Ұстаздар ғой ерді баулып ұшырар,

Өмір күрес, жеңілсең де күрестен сен мойыма, - деп ақындар жырлаған.

Ұстаздарға ақылды, мейірімді, адал, парасатты болумен қатар өте білімді болу міндет.

Бар жақсылықты бойыңа жинасаң, жас бала оны көрмей, саған еліктемей қоймайды. Жылдар жылжып өтер. Самай шаш та ағарар. Сол кезде «апай» деп амандасқан бір азамат өзіңнің бір кезде оған өнеге болғаныңды айтып отырса, бұл дегенің бақыт емес пе?». Сөйтіп, әкемнің ақылымен ұстаздық мамандық алдым,- дейді Ардақ ағынан жарылып.

– Қыз болып бой түзеген кезде де көңілін білдірген талай жігіттердің ішінен Елеусізді таңда деген маған. Көрмейсің бе, ол кісіге күліп қарайды. Біліп жүр, төмен қарап сыпайы сияқтанып мүләйімсіген адамның арамдығы ішінде жатады дейтін. Қазір Елеусіз екеуіміздің 3 ұл, 3 қызымыз, 5 немереміз бар. Балаларымыздың бәрі де жоғарғы білім алған, өз мамандықтарымен еңбекетуде. Біз өмірдің қаттысы мен тәттісін бірге көтердік. Әкем ұлдары болғанмен, біздің қолымызда қартайды. Күйеу баласымен досындай сырласатын. Әкемнің сенімді серігі, аяулы баласы бола білгені үшін мен жарыма қарыздармын. Әкем ауылда қалған ағайын-тумалармен ара-қатынасын үзген жоқ. Ауылдан келген ағайындарының балалары мен шәкірттеріне «анау бол, мынау бол» деп ақыл айтпайтын. «Өмірдің өзі – өнеге», - дейтін ол әркез. Қандай жұмысты істесең де, нендей мамандықты таңдасаң да, соның қыр-сырына үңіл. Сол ісің өзіңе, ортаңа қандай жақсылық әкелетінін ойла. Сонда ғана өкінбейсің. Адамдар бір-біріне тек ізгі ниет, жақсы көңілмен араласқанда ғана өмір түзеледі. Бұл әкемнің өмірлік қағидасы еді.

«Орнында бар оңалар», - дейді халық мақалы. Қайырғали Мақұловтың өмірден өткеніне жыл өтті. «Алтын адам» мейрамханасында балалары еске алу кешін өткізеді. Естігенге есік ашық дегенді газеттен оқып мен де бардым. 500 адамға арнап дастархан жайылған мейрамхана іші лық толы еді. Достары, туыстары, шәкірттері мен жолдастары кезек-кезек сөз алып Қайырғали Мақұлұлының ақындығын, аудандық театрда көркемөнерпаздар «Қыз Жібек», «Ақан сері» спектакльдерін қойғанда Бекежан болып, Ақан сері болып ән салған әншілігін, кез-келген жанда бола бермейтін жомарттығы мен мәрттігін айтып жатты.

Сол еске алу асында бір сәтте ұзын бойлы, ақ шашты азамат мінбеге көтерілді.

– Бұл 1957 жылы еді, – деп бастады ол өз сөзін. – Қорғалжын орта мектебін бітірген 20 оқушы класымызбен Алматыға барып КазГУ-ге оқуға түсуге жиналды. Сонда класс жетекшіміз Қайырғали ағамыз сендерге бас-көз болып, ақыл-кеңесімді айтамын ғой деп бізбен бірге бір ай бойы Алматыда жанымызда болған-ды. Қуанышы мен қайғысы қатар жүретін өмір емес пе? Біреуіміз әлдебір пәннен жарамсыз баға алсақ, ағамыз құжаттарымызды тез алып келесі институттың басқа бір факультетіне жетелейтін. Ақыры бәріміз де студент атанған сол күндер әлі есімде. Тап қазір оқушы көңіліне, оның болашақ өміріне жол ашқан тап сол ұстазымдай кім бар ортамызда? – дегенде зал толы адамдар үнсіз қалған-ды.

Мен Мақұлдың Ишанының отты сөздерін кітаптардан оқысам да, оның ұлы Қайырғали Мақұловты көрген жан емеспін.

Ардақпен кезіккен сәттен бері «әкем, әкемнің туыстары, әкемнің достары мен жерлестері, әкемнің айтқан сөздері» дегенді естіген сайын ойға қалдым.

Өмір дегенің – көктегі жаратушының жердегі пенделермен іштей ұғынысу, шүйіркелесу құралы дегенді естігенім бар.



Тіршіліктің қым-қуыт таусылмайтын тырбыңының астында басқаны былай қойғанда, періште болып әлдеқашан аспанда қалықтаған өзіміздің ата-анамызды, олардың асыл бейнелі әруағын жиі еске аламыз ба?

«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі», - дейді қазақта.

Айта берсе өкініш көп, шын баға берсе шүкіршілік те жетеді деп өз-өзімізді сабырға шақыратын ақ адал көңіліміз ғана жаратушы тәңірмен ата-баба әруағы алдындағы ақталар ақиқатымыздай.

«Жаңақала ауданының құрметті азаматы» деген атақты, «Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі» деген белгіні сонау 1958 жылы иемденген, бірнеше дүркін үкімет наградаларымен марапатталған, өмірінің 50 жылын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге жұмсаған, көзі тірісінде 4 бала тәрбиелеп, 18 немеренің атасы атанған Қайырғали Мақұлов 82-ге қараған шағында абыз қалпында өмірден өтті.

Жыл сайын Ардақ пен Елеусіздің үйінде анасы Мәрия мен әкесі Қайырғали, әжесі Сапуаттың, Елеусіздің ата-анасы Уәли мен Күнтайдың әрқайсысының әруақтарына арнап құран бағыштап, дастархан жайылады. Оған солардан тараған балалары мен немерелері келіп, бәрі бас қосады. Жиналғандардың кішілері жетістіктерін айтып қуантса, өзгелері өмірде кезігер кірбің жәйттарды ортаға салып, ой бөліседі.

Ал сол бір қимас жандардың туған күнін атап өту әр баланың жыл сайынғы меншігіндегі мереке ретінде дәстүрге айналған.

Құнарлы топыраққа егілген тал шыбық мәуелі бәйтерекке айналатыны ақиқат. Анадан жас қалса да, әкенің аялы құшағында өсіп есейген Ардақ, Алма, Ерғали, Сапарғали Мақұловтар – бәрі де жоғарғы білімді мамандар.

Олар отау құрып, ұл-қыз өсіріп, еліміздің өркендеуіне үлес қосқан нағыз азаматтар. Солардың ортасында қанатымен су сепкен қарлығаштай салт-дәстүрді сақтап, жоқты бар етсем, әлсізді нар етсем, алысты жақындатсам, дұрысты

мақұлдатсам, кездейсоқ кездескенге бір игі іс істесем деп аққұба әйел жанұшырады. Ол мыңдаған қарапайым қазақ әйелдерінің бірі – зейнеткер Ардақ Қайырғалиқызы.

Тәңірім, жақсылық атаулы бар іске шапағат нұрды төге гөр.

«Арқа ажары» гезеті
25.07.2014 жыл

«Бір күй бар домбырамда тартылмаған»...

– Қарағым-ау, алақандай жерде тұрып, бір-біріңді білмеймін дегендерің қалай?.. Әйтеуір осы үйлердің бірінде екені анық, тек бөлмесінің нөмірі есімде,- деп торыға сөйлеген қарияның жанынан өте беріп, қалт тоқтадым.

– Ағасы, біреуді іздедіңіз бе?

Содан бес-он минут өткенде, өз үйімнен он бес-жиырма қадам ғана жерде Беркін атты жігіт тұратынын, оның Орал музыка училищесінде сабақ беретінін, жазғы каникул кезінде қаланың 375 жылдық мерекесіне арнап «Құрманғазы Сағырбаев – ұлы композитор» деген тақырыпта облыс аудандарында лекция-концерт өткізгенін, өнер сүйер қауым, әсіресе, ағайынды Құрмаш пен Беркін Ғабделовтардың, Мұхит Бірановтың өнерлерін тамсана тамашалағанын естіп білдім.

– Абай атындағы совхоздың №1 бөлімшесінің пішеншілер бригадасы ағайынды өнерпаздарды жібермей, екі күн қатарынан ән мен күй тыңдадық. Жеке бір шаруамен қалаға келгеніме екі-үш күн болған. Жұмысым бітпей, бүгін де кете алмайтын болдым. Сосын Құрмаш пен Беркіннің ән-күйін тыңдайын деп, әдейі іздеп келіп едім,- дейді Ахмет аға.

Жарасымды талғаммен сәп-сәнді киініп, орталарына ылғи үш-төрт жасар ұлдарын алып жүретін Беркін мен Айгүлді жиі көретінмін. Ал олардың адам жанына сәуле шашып,



жүректерде жарық із қалдырар айтулы өнерпаз екендерін кім білген?!

Тегі, осы жолы өзім әншейінде іштей мойындап, бірақ ашық айта бермейтін бір шындыққа көзім жетті. Ол – ауыл адамдарының өнерлі жандарға деген риясыз ықыласы, қалтқысыз көңілі. Алдамшы әсірелемей, жақсыны жақсы деп қабылдап, кірпияз көңілі толмаған өнер олқылығын адам бойындағы кемшілік деп білмейтін жомарт жандар. Сондықтан болар, олар жүректерінің жарқ еткен жылуын кез-келген жанға ұсына да бермейді. Айгүлдің күрең шайын ұрттай отырып, «Қап, Құрмашқа кезіге алмағаным!» деп өкіне күрсінген Ахмет ағаның сөзі көп ойды аңғартқандай.

Адам жаны – қалың орман. Ұзын бойлы, ашаң жүзді, соңғы модамен қиылған шашына дейін кәдімгі көшеде кездесетін жас жігіттерден еш айырмасы жоқ, жасы әлі отызға да толып үлгермеген Беркіннің көргені мен түйгені өз замандастарына үлгі боларлықтай. Әлгінде ғана әрнені сұрап, өрекіген көңілім Беркін қолына гитара алып, Ауғанстандағы әндерін айта бастағанда арнасына түсті.

Өмір соқпағы кімді қайда апармайды? Жымпитының шаң басқан көшелерін жалаң аяғымен борпылдата басып, 5-класта оқып жүргенде алғаш рет музыка мектебінің есігін ашқан-ды. Бірақ ол кларнет, саксафон, гитара аспаптарын өмірлік серігім болады деп әсте ойлаған емес. Тек жастайынан әкесінің: «Жігітке он өнер де аз. Бар жақсылықты үйрене беріңдер!» дейтін сөзі есіне түсті ме, кім білсін, ол бірден кларнетке жабысқан. Онжылдықтан кейін Орал музыка училищесінің үрмелі аспаптар бөлімін бітіріп, армия қатарына аттанғанда, өмір атты ұлы ғылымның алғашқы баспалдағына аяқ басқанын ұғынған еді. Содан болар, әскери қызметін өтеп жүргенде, Ауғанстанға баруға еріктілер жинайды дегенде Беркін ең алғашқылардың бірі болып жазылған. Содан бері арада бірнеше жыл өтсе де, сол кездегі балаң жүрегінің өміріне әлі де алғыспен қарайды.

Әр елден жиналған балғын жастар уақыт талқысымен тез есейді. Жұмылған жұдырықтай, бір-бірімен қандай дос еді десеңші?! Ауылдағы ата-ана, бауырларын сағынған болар, есінде жоқ. Ал бөлімшедегі елу шақты жігіт топ-топқа бөлініп, өздеріне тапсырылған объектілерге кетіп, мерзімді уақыт өткесін, бір-бірімен қайта кездескенде, бүкіл ауылы мен елі көшіп келгендей, қуанып табысатын сәттерін сөзбен айтып жеткізу мүмкін бе?!

Өздері ашып айтпаса да, сондай сәттерден кейін тірі қалғандар көпке шейін бір-біріне тура қарауға бата алмайтын кездер де болады екен. Өзінен небәрі екі-үш жас қана үлкен әскери училищесін үздік бітіріп келген аға лейтенант Александр Стобба екеуі жолдастарына кезек-кезек қолқа салып, жаңа әндер жаттаған кездерді өмір мектебі емес деп кім айтар?! Күн сайын дерлік қайдағы бір жаңа шумақтар мен сазды әуенді тауып ала қоятын сол Александр жылдан аса бір жүріп, бір тұрса да, өз жанынан ән шығаратынын ешкімге білдірмейті.

Сол жолы Пакистаннан келетін керуендер туралы хабар алған. Іздеу тобы күн батпай тұрып-ақ тау баурайындағы межелі орнына жеткен. Жауынгерлер қиялай созылған тау жолын үш белдеу қылып орап алған-ды. Түн ортасы ауа жоғары жақтан атыс даусы шықты. Кезігер сәтті күте, соқпақты іздермен бұлар да жоғары өрлеген... Арғы жағы белгісіз... Есін тек Кабулда, госпитальда жиған-ды.

Керуен өтер шатқал аузындағы топ көп күшпен айқасып, жоқ бопты. Жалғыз қалып, соңғы оғы қалғанша шайқасқан жаралы Александр қолға түспестің қамымен тау төбесіндегі тіп-тік қиядан төмен секірген екен. Арттан келген көмек топ тек таң ата оның денесін тауыпты. Шіркін, қандай жігіт еді?.. Қайтыс болғасын барып «Жас гвардия» баспасынан жарық көрген Александр Стоббаның алғашқы өлеңдер жинағын Беркін қазір ең қымбат ескерткіштей аялайды.

Тірліктің мәні мен дәмін көбірек татқан сайын өмірдің алдында қаншалықты әлсіз екеніңді еріксіз мойындайсың.



Ол екі-үш ай госпитальда жатып, үшінші топтағы мүгедектігі себепті ауылға келгенде оған деген жұмыс орны әзір-ді. Бірақ ол орта біліммен өзгеге өнеге үйретуді қиянаттай көріп, бірден консерваторияға аттанған. Анасы Лима ерте көз жұмған, бес балаға ана да, әке де болып қалған әкесі Серікке тезірек қолғанат болғысы келді ме, оқи жүріп жұмыс та жасады. Үш ұл, бір қызы Алматы консерваториясында оқып жүргенде, әкесінің сүт кенжесі Мұхтарды Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының механика факультетіне түсуге көндіргенін естігенде: «Қап, қолының желі бар еді, обал болды-ау» деп қатты өкінген. Қазір сол інісі «Қособа» кеңшарында инженер, әрі оқи жүріп институттың ұлт аспаптар оркестрін басқарған дипломды музыкант. Қарындасы Жансұлу Приурал ауданында музыкадан сабақ береді. Консерваторияның соңғы курсына оқып жүріп ағасы Еркін қапылыста суға кетіп, қайтыс болғалы Беркін қатты есейген. «Шама келсе, бір жүрейік» деп інісі Құрмашты да консерваториядан кейін өзі жұмыс істейтін Орал музыка училищесіне жұмыс істеуге көндірген. Бірақ «Бір тумақ болса да, бір жүрмек жоқ» деген, биыл Қазақ КСР Мәдениет министрлігі жаңадан құрылған Торғай облыстық филармониясының ұлт аспаптар оркестріне жетекшілікке республикалық байқау-конкурс өткізгенде конкурста бірінші орынды жеңіп алған Құрмаш басқа жұмысқа ауысыпты.

Ол не айтса да, айналып келіп әкесі, достары, кластастары, ауған елінде әскери міндетін өтеп келіп, ауылда еселі еңбек етіп жүрген С. Бисенғалиев, С. Қадешев, М. Айдарханов, С. Қабадешев сынды жерлестері туралы сыр шертеді. Ал Октябрь революциясының 70 жылдық мерекесіне орай Жымпиты селосындағы аудандық паркте Азамат соғысының ерлеріне арнап ескерткіш құйған кластасы Амантай Меңдіғалиев туралы сағат бойы үзбей әңгімелеуге әзір.

«Талантты ұстазымыздың бірі» деп музыка училищесінің директоры П.Николенконың өзі ерекше мақтайтын Беркін болса, «Өнер ұстазы болып тәрбиелеп шығарған талантты шәкіртім жоқ әлі»- деп әңгімеден бас тартады.

«Әкеге қарап ұл өсер, ағаға қарап іні өсер» дейді халық. Өмірді, өнерді өз жанындай түсініп, түсінгенін өзгеге ұқтыруды абыройлы міндетім деп білетін сенің ұстаз болғаның қандай жақсы, Беркін інім!

Оның жас ұрпақтың бойына сіңіріп жүрген тәрбие дәні ертең-ақ гүл атып, мәуелі жемісін береді деп сенеміз.

«Орал өңірі» гезеті
20.08.1996 жыл

Болсайшы бәрі осындай қарындастың...

Ол ешкімге ұқсамайды. Бірде жайдары, бірде сұсты. Қатуланса, қатты айтып, жай оғындай жарқ етер, шешім мен түйінді бір-ақ шешетін, өзіне тән бірбеткей мінезін білетін жұмыстастары одан ығысатын. Ал жұмыс бабы жайланып, өз патшалығындағы бар байлық – ұстаздар мен шәкірттер үндестігі астасып, жетекке ілесер жастар легін көріп масаттанғанда Шалқыма өз-өзінен босап, директор қалпынан айығып, ұстаздық, құрбылық, аналық, әйелдік қалыпқа келгенде өзге жан болып көрінетін.

Тәңір құдай о бастан бір әйелге дарынды, ақылды, көрік пен сәнге қоса жан-жүректі елжіретер нәзіктікті бере бермеген. Алланың бұл сыйы маңдайына жазылған әйелдер туралы жазушы Шекспирдің өзі «О, әйел, сенің күшің – нәзіктігіңде» деп, таңдай қаққаны әлемдік аксиомаға айналғалы қашан?

Неге екенін қайдам, жылдың қай кезінде де тіп-тік денесіне жараса кететін сәп-сәнді киім киіп, аққұба жүзіне күлім көздері ерекше нәр беріп тұратын осы бір әйелді көрген сайын оның әсемдігі мен нәзіктігіне қызығамын. Бірақ ол кез оның үлкен ұжым басшысы, ғылым, қоғам қайраткері екенін білмейтін едім.

Күнделік күйбеңмен жүріп, арба дөңгелегіндей айналған өмірдің құнын да, мәнін де сезе береміз бе? Әрі біз қатарлас



соғыс жылының түлектері ес білгелі, еңбек етіп, өмір құнын түсініп үлгергенше заман да, оның амалы да өзгеріп сала бергені.

Бір қуаныштысы, «қайткенде адам қалады адам болып» дейтін қағида әркімнің санасында ән болып тұрып алды. Ал еліміз егемендік алғалы ер еңбектері екшеліп, жақсылар көзге ілігуде. Сол жақсылардың бірі болып Батыс өлкесінен бір топ әйелдің аты аталса, солардың ортасында Шалқыма Хайроллақызы Құрманалинаның болатыны сөзсіз.

Коммунизмге иек артқан сонау 60-70 жылдары «Еңбек ер атандырады»—деп шалқитын едік. Ол кездің ерінің көбі қаттыны қайырып, қолдап жұмыс істер шопан, тракторист, сауыншы болатын.

Елді, ұрпақты, ерді тәрбиелеуде ұстаз қызметін ең жоғарғы мансапқа балаған америка халқы мен елі не деген көреген еді?!

Бірақ қанға біткен қалып пен ел тәрбиесі ұстаздан басталатынын ұққан жандар бар екен? Оған Батыс Қазақстан облысындағы Жаһанша Досмұхамбетов атындағы педагогикалық колледждің директоры Шалқыма Құрманалинаның өмірі куә. Ол еңбек кітапшасын бұдан аттай 31 жыл бұрын физика-математика маманы ретінде Орал педагогикалық училищесінің кадрлар бөліміне әкеліп тапсырған-ды. Ондағы алғашқы жазуда әлі есінде. Училищедегі лаборанттық қызмет. Ия, содан басталған тынымсыз еңбек осы училище қабырғасында күні бүгінге дейін жалғасуда.

Оның өмірде үлкен тірегі бар. Оның бірі – әркез ақылшы да әрі сүйеу болған тәңір қосқан қосағы Жетібай мен балалары, екіншісі – ең төменгі мамандықтан басталған қызмет бабындағы өсу жылдарындағы еңбек тәжірибесі.

Табиғатынан өр, намысшыл, ол «мынаны білмеймін, не түсінбедім» деп шарасыздық танытуға арланатын. Сондықтан ба, ана жылдары училище директорының оқу-өндірістік практика жөніндегі орынбасары болып қызмет істеген

кездерінде практиканың сан қырлы ірілі-уақты қызметін басшыдан ескерту алмай мінсіз атқаруға тырысатын. Сол жылдары облыс, қала мектептерімен тікелей байланыс жасап, болашақ оқытушыларға теориялық білім мен еңбек тәжірибесін ұштастырудың сан қилы әдістерін меңгертті.

Ал оқу-ісінің орынбасары болып істеген жылдары адам психологиясы оқу процесін меңгертудегі кез-келгеннің қолы жетпес үлкен мектеп еді. Содан ба, қоғам құрылымы өзгеріп, заман талабына сай білім жүйесі мен өмір сүру заңдары басқа бағытқа бет алғанда училище директорлығына тағайындалған Шалқыма Хайроллақызы ұйқысыз талай түнді өткізген.

Бірде газеттен О.Сүлейменовтың «Тауларды аласартпай, жазықты асқақтатайық» деген сөзіне көзі түсті. Жан түкпірінде бір ой жарқ етіп, сол сәтте келелі істің шешімін тапқандай қуанған. Ғасырға жуық тарихы бар, Батыс өлкесіндегі бастауыш мектеп ұстаздарын дайындауға бірден-бір үлес қосқан училище «нарық салмағынан құрып кетпеу керек» деп шешкен сол сәт, ол қайта егемендік алған ел тарихына өз үлесін қосып, бетке ұстар оқу орнына айналуы тиіс. Сөйтіп, ізденіс пен талпыныстың жүзеге асу жоспары өмірге келе бастады. Бұл 1994 жыл еді...

Қайта құрудың қанатын кең жайған кездері. Мыңдаған адамдар жұмыс жасайтын фабрика, завод тоқтап, колхоз, совхоз қаржысы бөліске түскенде бюджет ақшасымен күн көрген училищенің талан-таражға түсуі деген не тәйірі?!

Қаланың қақ ортасындағы сәп-сәнді ғимаратты, тоғыз қабатты кірпішті жатақхананы бір жыл жылусыз қалдырсақ, келесі жылы-ақ керекті адамдарға арзан пәтерлер болып шықпай ма дегендер де болған. Жоқ, мен осы ұжымды басқарып тұрғанда ондай бассыздыққа жол бермеймін деп таласқан Шалқыма еңселі кабинеттердің төрінде. Сөйтіп, нарық талабына сай жедел жоспарлар жасалып, оқу процесіне өзгерту кіргізді. Басты мақсат – білімнің нақтылығы. Оқытудың әдіс-тәсілдерін өзгертіп, жаңартты. Ғылыми-тәжірибелік



жұмыс жүргізу үшін оқу орындарымен, мектептермен және «Мұғалімдердің біліктілігін жетілдіріп қайта дайындау» институтымен жұмысты күшейтті.

Тап қазір ежелден келе жатқан бастауыш сыныптағы оқытушы ұстаз мамандығымен қатар, қазақ тілді емес мектептердегі қазақ тілін оқыту, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен ағылшын тілі мамандықтарына, қазақ тілі мен әдебиетінен, музыка пәнінен сабақ берумен қатар, заман талабына сай жас түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында ЭБМ операторы, бастауыш сыныптардағы экономика мұғалімі, мектеп психологы, тәрбие жұмысын ұйымдастырушы сияқты қосымша мамандықтарды игеру үшін күні-түні жұмыс жасады.

Отбасының күйбеңінде есейе келген қыздары көмектесетін. Кешкілік бірнеше жылдан республикадағы бастауыш сыныптың оқулығын жазудағы автордың бірі ретінде ғылыми жұмысына кірісетін.

Осы жолында әр тақырыпта балалардың ойлау мен қабылдау қабілетін жаттықтыру үшін қызғылықты есептер мен ойындар, уақиғалар мен нәтижелер сайысын нақтылап, бастауыш класта пайымдау, анықтау, қиял мен дәлдіктің аражігін ашу, мәні мен түрін бір арнаға салуға тырысатын.

Оқулық жазудағы ұйқысыз өткен түндерде кітап авторының бірі, сіңлісі Сәнімге «Кешегі жазылған оқулық бетін бүгін бір емес, төрт-бес қырынан қайталап қарап шық. Қателесуге қақымыз жоқ» дейтін. Сосын педколледжде күтіп тұрған қыруар істің басы-қасында болуға жұмысына қайта асығатын.

«Жалғыз ағаш орман емес» дейді халықта. Рас болар, Шалқыманың еткен еңбегі елге көрініп, ойлаған мақсаты орындалып жатса, оның әр ісінде колледж ұжымындағы әкімшілік алқасында алатын орны өте зор. Орынбасарлары Шолпан Сағатқызы Набидоллина, Людмила Григорьевна Костарева, Қымбат Шарипжанқызы Давлетова т.б. оның бірнеше жылдан жұмыстас серіктестері емес, көмекші, ақылшы достары да. Келелі мәселені шешерде алдын-ала өзі ойланып,

толғанып істелінер іс пен қол жетер жетістікті пайымдап алып, «қыздар, ақылдасайық», - дейтін жиналған әріптестеріне. «Мына істі былай бағыттасақ қалай болар екен?»

1913 жылы мұғалімдер семинариясы болып құрылып, 1937 жылы педагогикалық училище, ал 1994 жылдан педколледжге айналған оқу орны тап қазір өзінің шарықтау шегінде. Шілде, тамыз айларында педколледж маңы білім аңсаған жастар мен ұл-қызын қиын сәттерде қолдап, әркез көмекке әзір ата-аналар легіне толы. «Жақсыны көрмек үшін» дейді халықта. Сәтін тауып бірде педколледж директоры Шалқыма Құрманалинаның алдына келдім.

«Бұрын қарапайым ғана бұл оқу орнына келушілер легі де шектеулі еді. Қазір мұнда оқу көп жасқа арманға айналды, себебі не?» деймін оған келген шаруамды төтесінен айтып. Айтылар сөзді шыр еткен телефон даусы үзді. Облыстық оқу бөлімінен екен. Облыстағы педколледж директорларының шұғыл түрде кеңесі шақырылыпты. Облыстағы колледж директорлар кеңесінің басшысы болғандықтан оған тез келуін өтінеді. Есіктен хатшы қыз көрінді. «Апай, енді 15 минуттан кейін Астанадан келген депутаттармен кездесуге баратыныңызды есіңізге саламын».

Ол айтылар әңгімеге уақыт жоқ дегендей, шарасыздана күлімдеді. Арнайы келіп тұрып, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрмаған қандай қиын. Ең болмаса бір жауап алып қалайын деп: «Осы Сіздің пір тұтар, үлгі етер адамыңыз бар ма?» - деймін орнынан тұруға ыңғайланған Шалқымаға.

«Бар, бар. Неге Болмасын. Мен қай кезде де әжеме ұқсауға тырыстым. Тіпті жасы елуді еңсеріп, төрт баланың анасы, төрт немеренің әжесі болғанда да бір іс бастарда, не қиын-қыстау сәтке кезіккенде осы істі әжем болса қалай істер еді деп ойлап аламын. Әркім өзіне сын көзбен қарау керек. Ал, пір тұтар адамына есеп беріп отырса, алынбас қамал жоқ. «Қара қылды қақ жарар әділ болмасаң, топ бастап нең бар?» дейтін әжем. Бұл – менің өмірлік қағидам.



Ол ақ жүзіне сән берер ерекше бейкүнәлікпен мөлдірей күлімсіреді. Ия, әр адамның өз жұлдызы болады. Әруақ әлемі сол жұлдыздың өзі шығар. Арада ширек ғасыр өтсе де, әжесін ардақтап, ата-анасын әрдайым еске алған жан бақытты болуға құқылы да шығар-ау! Жарықтық әжесі Ажар Ақтөбе облысы, Қандыағаш ауданында атырапты аузына қаратқан айбарлы да ақылды жан еді. «Басқа немерелерім бір төбе болғанда, менің «ақ ботам» – Шалқымам бір төбе»- деп, бұны қасынан еш қалдырмайтын. Еркелеп еркін өскені, өмірінің жалғасқанына шүкіршілік етеді. Туған жеріне бара қалғанда, тетелес өскен інісі «Ақтөбемұнайгаз» акционерлік қоғамының вице-президенті Бауыржан Құрманалин әлі де әзілдеп, әжесінің «ақботасы» келді деп қарсы алатыны қандай қуаныш! Ал 1927 жылы медресе ұстаған атасы ұсталып кеткенде, орны толмастай әжесінің жабығып жылағанын оңашада талай көрген Шалқыма тап қазір сол жерге өз қаржысына мешіт салдырған інісі Бауыржанның ісіне дән риза.

Тап бұдан 36 жыл бұрын институттың 3 курсына оқып жүрген кезі еді. «Сен Жайықтың Әлім атасынан тараған Қыз Жібегі екенсің. Мен Төлеген болып қол создым. Дипломым қолымда. Сені қалай Алматыда қалдырамын, Оралда жалғастыршы оқуды», - деп үздіге тіл қатқан жас жігіт осы Жетібай Отарбаев еді. Іңкәр жүректің отын сөндірмей, келіскен сол кез. Жан-жары тап қазіргідей «Оралэнерго» АҚ үлкен мекемесінің президенті болып істейді деген ойды қосты. Домбыраның қос ішегіндей бір үндестікпен өмір сүрген жұбайлық жылдарына дән риза. Кейде достары «Екі директор, екі депутат, ертемен екі «Волга» машинасы екі жаққа екеуінді жұмысқа әкетеді, үй ішінде билік таластырмайсындар ма?» дейтіндері бар. Құдай сақтасын.

Бар байлықтың бастауы сыйластық пен түсіністік екенін олар ұл-қыздарына айтып, істерімен өнеге көрсетіп отырады. Өткен жылы ҚазМУ-нің оқытушысы болып істеген қызы Жанна философия ғылымының кандидаты деген атақты қорғады.

Сонда күйеу баласы: «Апа, қызыңыз да Сіз жүрген ізбен жүреді», - деп қуантты. «Бірінсіз бірі жоқ, ұсақсыз ірі жоқ» дейді халықта. Бұл еске түскен Шалқыма өмірінен бір үзік ғана.

Тап қазір Шалқыма басқарған педколледжде жалпы саны 1911 студент оқиды. Оның күндізгі бөлімінде 1040 студент оқыса, өндірістен қол үзбей оқитындар саны – 1189 адам. Мұнда 113 оқытушы жұмыс істейді. Оның 38-і жоғарғы санатты, 33-і бірінші санатты, 20-сы екінші санаттағы ұстаздар.

– Колледжде кадрлар тұрақсыздығы атымен жоқ,- дейді оқу ісінің меңгерушісі Шолпан Сағатқызы. – Себебі ұстаздар еңбегі бағаланады әрі оларға өз ісінің шебері атануға барлық жағдай бар. Бізде 25 оқытушы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», 24-і Білім министрлігінің грамотасымен наградталған, 1-і Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, екі ғылым кандидаты сабақ береді. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар нәтижесінде 2000 жылы облыста «Жыл колледжі» байқауы өткенде біз 1-орынды иемдендік. Ал республикалық колледждер конкурсында 3-орын еншімізге тиді. Біздің ұжым – егеменді еліміздің көк байрағын әлемге паш етер ұлағатты ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздардың қасиетті мекені. 2001 жылғы Республикалық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру және қайта дайындау институтының шешімімен колледж директоры Ш.Х.Құрманалинаның іс-тәжірибесі республика бойынша үлгі етуге тұрарлық деп танылды. Сондықтан бізде істейтін оқытушылардың қарапайым болуға қақы жоқ.

Директор Шалқыма Хайроллақызының бастауымен педколледжде істелінген жақсы істер көп-ақ. 9-қабатты жатақхана іші әркез мұнтаздай таза. 44 мың дана кітабы бар кітапхана, студенттер үшін жарық аудиториялар, компьютер залы ырғақты жұмыс істеуде. Педколледждегі «Ардагерлер», «Дарын», «Ата мұра» клубтарының жақсы істері тек педколледждің іші емес, қала халқына да жақсы танымал.



Осы бір аумалы-төкпелі заманда, ер көп болса да, азаматтар аз. Әйел жетерлік болса да, ақылды арулар санаулы екені ақиқат.

Ал топ бастап, жетістікке жеткен Әйел-ана ілеу де біреу ғана. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді халықта. Шалқыма Хайроллақызы мақтауға да, мадақтауға да зәру емес. Сонда да оның қол жеткізген мен білетін кейбір жетістіктерін қайталап ойға аламын.

Егеменді Қазақ елінің мұғалімдер съезінің екі дүркін делегаты болды. Облыстағы іскер әйелдер құрамында ел Президенті Н.Назарбаевтың қабылдауында болып, ұрпақтар тәрбиесіне орай пікірін білдірді. 1996-97 жылдары шыққан бастауыш сынып оқулықтары авторының бірі болу оның маңдайына жазылған бақыттай. Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері. Педагогика ғылымдарының кандидаты. БАҚ-тың шешімі бойынша 2001 жылы доцент атағына ие болды. Ал «математика пәнін бастауыш кластарда электрондық оқулықпен оқытудың тиімділігі» атты докторлық диссертациясы дайын десе де болғандай.

«Жүруді жаным сүймеді қалпыменен, жаныма жақсы серік шабытты өлең» деп, ақындар жырлағандай ұрпақ тәрбиесін өміріне өзек еткен Шалқыма қоғамдағы жақсы өзгерістерін насихаттаса, қателіктер мен кемшіліктерді көргенде аяусыз күрес жүргізеді. Соны жақсы түсінген қалалықтар №4 округі бойынша оны қалалық мәслихатқа депутат етіп сайлады. Әр дәуірдің өзі тудырған, сенім артқан, мақсат жүктеп, үлгі етер өз шынарлары бар.

Қазақтай дана халық қаһарман ұлдарымен қатар Ақжүніс, Құртқа, Бопай, Домалақ ана, Ұлпан, Мәншүк, Әлия сияқты батыр, дана қыздарын әркез мақтан еткен.

Ал ХХІ ғасырдағы егеменді еліміздің азамат әйел-қыздары отбасынан әрі асып, мекеме басқарып, іскер, ғалым болса,

мемлекет ісіне араласа, ұрпақ тәрбиелеуге үлгі болып оза көрінсе, нұр үстіне нұр емес пе?!

Осындайда ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері, іскерлік атты шабыттыңшалқар көліне шомылған Шалқыма Хайроллақызына қарай «болсайшы бәрі сондай қарындастың» деген ойға еріксіз ораласың.

«Еділ-Жайық» гезеті

24.10.2001 жыл

Генералдың әкесі

– Атасы-ау, қайда жүрсіз? Мектептен бір топ бала келіп, сізді күтіп-күтіп жаңа кетті.

– Жәй келіп пе?

Үндемей ғана шешініп, төрдегі диванға жайғасқан Базарғали ақсақалдың алғашқы сөзі осы болды.

– Оқысаң, неге екенін түсінесің...

Мәуліш бір парақ қағазды ұсынды.

«Ел егемендігінің 20 жылдығына елеулі үлес қосқан жерлестеріміз» атты диспут кешке шақырамыз».

Жаңаталап ауылы, Дина Нұрпейісова атындағы орта мектептің 10 класс оқушылары.

– Мына тақырыптарың өте күрделі. Аталарың қан қысымы көтеріліп ауырып жүр. Басқа біреуді шақырсаңдар қайтеді деп едім, қазіргі жастар керім ғой, оқушылар жан-жақтан сөйлеп «Ж-о-о-қ, әже, біз сұрақ қойғанда өткен өмірді қорытындылап, қазіргі жағдайды саралап, алдағы болашақты да пайымдайтын бізге де жол сілтер адам керек. Ал Базарғали ата болса өткен ғасырдың қазанында қайнап шыңдалған социализм игіліктерінің салтанат құруына қажырлы еңбегімен үлес қосқан экономист. Кеңшар директорының орынбасары, бірнеше жыл кәсіподақ комитетінің, ауылдық кеңестің төрағасы болған. Жасы



80-нен асса да, ауылдағы ақсақалдар алқасын басқарады. Ең маңыздысы, Оқас сияқты ел мақтаған әскери генералдың әкесі ғой», - демесі бар ма?.. Сасқанымнан «Оның бәрін қайдан білесіңдер?» деппін, - деді Мәуліш отағасына еркелей қарап.

– Иә, ойпырмай, ә-ә...

Базекең жұбайының сөзіне езу тартып күлгенмен, іштей толқып кетті. Кездейсоқ осы әңгіменің куәсі болған мен еріксіз ойға қалдым.

Бастау көзі таза бұлақ қыс, жаз, күз не көктем демей, жылдың әр мезгілінде бір қалыпты сарынын өзгертпей, атырабына нәр беріп, сарқылмай ағатыны сияқты байсалды да байыпты, ақжарқын да ақылды қалпын бұзбай тілдескің, кеңескің, әңгімедүкен құрғың келіп тұратын адамдар болады. Олар, әсіресе, туған жер топырағынан тамыры мен табанын үзбей, барға қанағат, жоққа салауат айтып, жарық күн, тылсым табиғат пен атырабының амандығынан нәр мен қуат алған ауылдың данагөй қариялары. Неге екенін қайдам, қагілез келген денесін тік ұстап, қараторы жүзіне шалқадан қайырған аппақ шаштары ерекше жарасып тұратын Базарғали қарияны көрген сайын онымен алғашқы кезіккен кездерім есіме еріксіз оралады.

Бұл сонау 1967 жылы еді. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының бір топ студентін курс кураторы Альбина Сергеевна бастап «Жаңақала» кеңшарына апарған. Кеңшар 70 мың қой, 4 мың сиыр, 3 мың жылқы өсіреді. Машина-трактор шеберханасында 70-80 трактор, 75 машина бар. Ең бастысы, кеңшардың бас экономисі Базарғали Сапаров Мәскеудің қаржы институтының түлегі, ҚазҰУ-дың экономика факультетін сырттай бітірген білікті маман деп мақтаған. Сол жолғы апта бойы Базарғали ағадан алған ақыл-кеңес әр студенттің санасына ұялағаны анық.

Қиындық та қайрақ тас секілді. Сол қайраққа жасықты жанысаң, кетіледі, асылды жанысаң, жетіледі. Әкесі Сапар Берікәлиев соғысқа кеткенде, бұл 12 жаста еді. Анасы Ақшабақ ақылды әрі өте әдемі жан еді жарықтық. Бұдан екі жас үлкен

апасы Шәмшия мен інісі Болатты – үшеуін дастарқан басына отырғызып қойып, «Арманым әкелерің соғыстан аман келгенше сендерді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай аман өсіру» дейтін. Тек Сапардың баласы еріншек, жалқау, өтірік айтыпты дегенді естімейтін болайық. Жауды жеңіп, әкелерің де келер, сол кезде бар қиындық ұмытылады.

1943 жылы Сапар Берікәлиев Сталинград майданында қаза тапты деген «қара қағаз» бәрін де есеңгіреткен. Бірақ ол кезде әркімнің өз жүрегінің жарасын күйттеуге уақыты жоқты. Отан жерінен фашистерді қуып бара жатқанмен, бүкіл халыққа жеңістің қымбатқа түсіп жатқан шағы еді. Соғыстың оты шалмаған бірде-бір үй, бірде-бір жан қалған жоқ.

Талайдың тағдырына балта шапқан соғыс та бітті. Күн нұрынан нәр алып, көктем келгенде дүркірей өсер қыр гүліндей қатар өскен құрбыларымен ауыл атырабында ол істемеген жұмыс қалмады. Колхоздар іріленгенде қолынан кітабы түспейтін ұқыпты да сауатты жас жігітті есепші етіп қойған. Оқымаса, заман талабына ілесе алмайтынын ерте ұққан ол Мәскеудің қаржы институтына қиналмай-ақ түсті.

Ой, шіркін-ай, орда бұзар 30-да Нарын бойындағы әскери полигонмен қанаттас жатқан «Жаңақала» қой совхозында бірнеше жыл бас экономист болып қызмет атқарғаны бір төбе. Сол жылдары мемлекет малына қыстық шөп жетпей, полигон жерінен малға шөп дайындату үшін Мәскеу деп аталатын әскери гарнизонға бірнеше рет барып, жердің, шөптің, судың адамдарға зиянсыздығын әскери зертханаларда талай тексерген.

«Бәрі де адам үшін!» атты қағида ол кездері ең басты ұран болатын. Немерелерінің бал тілін қызықтаған анасы «Қарағым, сені, сенің отбасыңды көрсе, әкең қалай мақтанар еді» деп толқитын. «Совхоз жұмысы деп, үйге де, балалардың сабағын тексеруге де көмектеспейсің» деп жары наз айтқанда:

«Мәулен-ау, өзің жоғары білімді ұстазсың, оқытушының баласы жаман оқыса, ұят екенін балалар біледі. Сондықтан



екеуміздің сөзіміз емес, ісіміз – балаларға үлгі» деп жарын жұбата сөйлейтін.

Шүкір, балаларының бәрі де жоғары білімді. Өз арман-мақсаттарына жеткен өнегелі жанұялар. Құсайын мен Жарқынның Алматыда өз істері, қожалықтары бар, кәсіпкерлер. Еркіні – аудандық жұмыспен қамту мекемесінің бастығы. Оқас – әскери генерал. Астанада Қорғаныс министрлігінің қызметкері. Рая бастаған келіндерінің де ибалы да білімді болып тап келгені қандай ғанибет.

Туған жерде ұстаздық ететін қызы Венера мен күйеу баласы Набихан өздерінің қасында. Кейде ауылдастары «Жаз бойы Астана, Алматы, курорт деп ауылда болмайсыңдар, одан да біржола көшіп кетпейсіздер ме?» деп әзілдейтіні бар. Бәрі де шын, бәрі де дұрыс.

Неге екенін өзі де білмейді, әйтеуір туған жер топырағы, ата-ананың мәңгі мекені оған ерекше ыстық.

Соғыс бітіп, ес білгесін-ақ келген «қара қағаз» бойынша әке қабірін көп іздеп таба алмаған. Мәскеу, Ленинград, Волгоградтағы әскери архивтерге талай хат жазған. Волгоградтағы Мамай қорғанындағы мәрмәр тастағы жазуларды қаншама рет барып қайталап оқыды десеңші. Ж-о-о-қ. Тек Оқасы әскери училищені бітіріп, жұмыс істеп жүргенде Волга Дон каналын салғанда қайта жерлеу рәсіміне іліккен бір топ боздақ Красноармейский ауданы орталығында екенін анықтаған. Жергілікті халқы қадірлеп күткен сол қабірден Оқас, Еркін, өзі барып, топырақ алып, анасының қабірінің қасына жерлеу рәсімін жасап, ауыл-аймаққа ас бергесін ғана балалық парызын өтегендей көңілі суыған. Бұл 1988 жыл еді.

Сыңарынан айрылған аққудай аппақ, әдемі Ақшабақ жарының қайғысынан морт сынды деп отыратын абысындары.

Тап қазір қабірлері қатар жатқасын ба, ата-ана рухтары да табысқандай көңілге медеу.

Жасы 85-тен асты. Бес баланың әкесі, тоғыз немеренің, төрт шөберенің атасы. Ұл-қызының анасы Мәуліш те жанында.

Бәрі де шүкір. Тек бұдан 5-6 жыл бұрын қапылыста інісі Болат дүние салып, көңілге қайғы орнатқан. Кейде Орал қаласында тұратын апасы Шәмшия «Базаржан, амансың ба?» деп телефон шалғанда ата-анасының алдында отырғандай толқып кететіні бар.

Тегі, жан-дүниесін кез келгенге ашып, біреуді даттап не мақтауға өте сараң Базарғали қариямен әңгіме-дүкен құру оңай шаруа емес. Ауылымыз бір-бірінен ат шаптырым жерде орналасып, жалпы аймақ қасиетті де қасіретті Нарын аталғасын ба, кейде келіп Мәуліштің қою шайын ғана ішетінім бар.

Өткен жазда Конституция күні Астанада әскери шерумен атап өтілді. Теледидардан ел тамашалаған сол оқиға Базекеңнің үйінде қайта бір әңгіме болғаны.

– Ата-ата,- дейді көршінің 8 жасар ұлы Дәулет бар жұрттың назарын өзіне аударып.

– Трибунаға қойылған орындықтарда ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан қол созым жерде отырыпсыз. «Әскери әуе күштерінің офицерлерін Қорғаныс министрінің орынбасары, Бас штабтың генерал-майоры Оқас Сапаров бастап келеді», - деп диктор хабарлағанда: «Жолдас Президент, Оқас менің ұлым» деп ұшып тұрмадыңыз ба? Мен болсам...

Базекең аз-кем жымыып, Дәулетке қараған. «Ертең өз ұлың сондай дәрежеге жеткенде көрерміз, ұшып тұрып айқайлайсың ба, әлде іштей сүйсініп, үндемей отырасың ба?» дегені парасаттылықтың бір белгісіндей.

Бақыт дегенің ел аман, жұрт тынышта ұрпағың өсіп, олардың өмірде, қызметте қол жеткізген жетістігін көру екенін ол әлдеқашан ұққан.

Оқасы әскери училищеге барамын дегенде таныстары, тумалары, «Ақкөңіл, елгезек, жүрген жері ән мен күй, біреуге жақсылық жасағысы келіп тұратын болашағы айқын баланы орыстың ортасына жібереді деген не?» деп ұрысқан.

Бірақ ұлының көзіндегі отты жарқылға сенген ол қарсылық білдірмеген.



Әркім – өз тағдырының иесі.

Әскери өмір – көпшілік үшін құпия. Ана бір жылдары Оқасы жолдасы Рая мен ұлы Ермек үшеуі ауылға демалысқа келгенде, сол кездегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өзі бас болып келіп, ауылымыздан шыққан әскери генералды құттықтауға әрі онымен мақтануға келдік деп, ат шаптырып, бәйге тігіп, концерт қойып, ауылда үлкен той жасаған.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары көп жыл еңбек еткен жерінен директордың орынбасары әрі ауылдық кеңестің төрағасы етіп осы «Жаңаталап» кеңшарына партия жолдамасымен келгенде мұнда көп тұрақтаймын деп ойламаған-ды. Ал тап қазір өзі бас болып салдырған мәдениет ошағы – клуб та, 400 оқушылық 2 қабатты орта мектеп те, балабақша мен 25 орындық аурухана да өз мақсатында ауыл адамдарына қызмет көрсететініне дән риза.

Заман өзгеріп, кеңшарлар тарағанда да, көп жердегідей ауыл адамдары азған жоқ.

Шаруа тетігін білетін азаматтармен бірігіп, ауданда бірінші болып әр үйге газ кіргізді, Көшім каналынан тартылған су да әр үйге береке әкелгендей. Ұжымда бірнеше шаруа қожалығы бой көтерді. Тап қазір «Сүндетқалиев С» шаруа қожалығында жүздеген адам еңбек етіп, табыс табуда.

«Тәңірім, жасымда бейнет, қартайғанда зейнет бер» деп тілейді екен баяғының данагөй қариялары. Тап қазір бақытты өмірде отырғанын өзі де біледі. XX ғасырдың кермек татыр тауқыметін бірге бөліскен дос-жолдастары Сайран Ахметов, Сырым Бейісов, Жамбыл Қапезов, Қуанышқали Сидеғалиев сияқты қатарластары өмір тұтқасын әлі де нық ұстап, жас ұрпаққа үлгі болуда.

Базекең үстелде жатқан қағаздарын жинап, оқушылармен кездесуге асықты...

«Орал өңірі» газеті

06.06.2012 жыл

Даналықтан сыр ұққан

Өмір деген қызық қой. Қарапайым тірліктің құрсауында жүрген күндердің бірі еді. Шыр еткен телефон құлақшасын көтерсем, көршім екен.

– Қызым мектепаралық байқауға қатысатын еді. Жидашы, фольклоршы Айсұлу Бисенғалиеваның «Сөз тапқанға қолқа жоқ» атты кітабына сілтеме жасауы керек екен, соны тауып, бір оқып шығуға көмектес, – деп өтінгені.

Содан сырттай таныстығымды желеу етіп Айсұлу Бисенғалиеваның үйіне жөнелдім. Апамыз үйде екен. Тіл табысып, әңгімелесіп те кеттік.

Сол сәттен бастап-ақ қағылез келген, ашаң өңді, ойлы көзді қарапайым қазақ әйелі сыр тиегін ағытып, тылсым заманның тұңғиығына бой ұрдым.

Ұлан байтақ жерімізді аттың жалы, түйенің қомында жат жұрттан қорғаймыз деп өмір кешкен ата-бабамыз тығырыққа тірелген талай тартысты найзаның күші, тілдің ұшына келген бір ауыз сөзбен шешкен ғой.

О, құдірет, қара сөздің мәнін асқақтатқан ол да бір мәрт заман екен-ау. Олардың іс-қимылы, арман-мақсаты, дана сөздері бізге ел аузында аңыз болған әңгімелерден ғана жетіпті.

Әрбір адам өмірдің өткені мен бүгініне аялай қарап, келешекке алтын көпір болар ата-баба салтын олардың тұнып тұрған ақыл-ой мен дархан даналығын маржандай жинап, қастерлеп, оны ұлттық мүддеге сай хаттап, насихаттап отырса ғой, ғасырлар өте қазақ атты дана халқымыздың айбынды ұлдарының өмірі мен өнегесі әлемге әйгілі болары сөзсіз.

«Ел іші – алтын кеніші» деп тегін айтылған ба?! Солардың бірі жидашы жидашы, фольклоршы Айсұлу Бисенғалиқызы.

Айсұлу Бисенғалиқызының қазақ халқының біртуар ұлдарының шешендік, даналық сөздерін, толғау термелерін, астарлы әзіл, ащы қалжың, күлдіргі әңгімелерін ел арасынан



жинап, кітап етіп шығарып жүрген зор еңбегін мұхит түбінен маржан іздеген теңізшінің еңбегіне бағаламасқа шараң жоқ.

Биіктей өскен бәйтеректің қуат-күші талшықтай тамырында екені ақиқат сияқты, көзге көрінбейтін естеліктерді еске алсақ, Айсұлу апамыздың даналыққа табыну атты «аурумен ауырғаны» сонау 60 жылдардан басталса керек. Онда ол Орал педучилищесін бітіргесін Алматыда ҚазПИ-дің екінші курсына оқып жүрген-ді. Халық ауыз әдебиетінен Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин дәріс беретін. Бірде профессор ағасы бұған қарап: «Айсұлу айнама, ел ішінде жүрсің, халықтың даналық сөздерін жинашы, сол бара-бара өте қажет болады. Мүмкін тіпті болашақта диплом жұмысы етіп аларсың», – дегені.

Ол кезде Айсұлу жатақханада емес, нағашы апасы, халық ақыны Халима Өтеғалиеваның үйінде жатып оқитын. Үйге келгесін Айсұлу: «Апа, профессорымыз маған ел ішіндегі даналық сөз, әзіл-қалжыңды тер деп, жеңіл тақырып берді», - деп кәдімгідей ренжіген. Халима апайы болса: «Қарғам-ау, ол тақырыпты қос бұрымың тобыққа түсіп, бота көздерің мөлдіреп жүрген саған бермей, енді кімге тапсырсын?»,-деп бұны бір сергіткен.

Бірақ жанұя жағдайымен институттағы оқуын Орал қаласында жалғастырып, қадірлі ағасының алдына қайтып бара алмады. Бірақ аға сөзі өміріне азық болып кететінін ол кезде білмеген еді.

Адамның арманы таусылған ба? Қазір жасы жетпістен асып, «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (1988 ж.), «Абай әзілдері» (1995 ж.), «Жүрегімнің түбіне терең бойла» (1995 ж), «Мұхаңның мысқылы» (1977 ж.), «Алтын сандық сырлары» (2000 ж .) сияқты еңбектері жарыққа шықса да, әлі де жазсам дейтін ойлары баршылық.

Қайсар көңілдің бар қайратын қаршадай бойына жиған ана сол деректерді жинауда өзінің жылда алатын еңбек демалысын алыс аудандарға, Ақтөбе, Атырау, Астрахань облыстарына

баруға жұмсаған. Өзге кітаптарда көп кездесе бермейтін Құрманғазы өміріне байланысты Мақаш Бекмұхамбетов сияқты сұлтан правительдің істеген көмегі мен адамгершілігі, Есет би, Бекет және Сырым батыр туралы әңгіме, жыр-толғаулар Айсұлу Бисенғалиқызы жинаған қордан бастау алып, тарих тағылымына жол алды.

Ол ел аузынан жинаған әзіл әңгіме, шешендік сөздерді фольклордың белді жанрына көтеру жолында көп еңбек етті. Оны зерттеу, ғылыми тұжырымдау, жинақ етіп бастыру мақсатында Мәскеу, Алматы кітапханаларында, Қазақ КСР ҒА-ның фольклор бөлімінде сарыла отырып, сарғайған томдар беттерін ашты.

Саналы ғұмырының көп жылдарын қазіргі педколледжде, облыстық радио комитеті, теледидарда, облыстық кітапханада өткізді.

Жақсыны өз қалпында жарқыратып көрсете беруге талайдың шамасы келсе де, шарасы жете бермейтін сол жылдарда халқымыздың біртуар ұлдары ақын Т.Жароков, Ж.Молдағалиев, Ж.Набиуллин, жазушы Х.Есенжанов, генерал Шәкір Жексенбаев сынды аяулы азаматтардың өмір жолдары мен табиғи талантын аша да баса көрсететін көпшілік кітапхана оқырмандарына лайықталған жекелеген буклеттерінде еңбек жолының іздері сайрап жатыр.

Адам баласы бәріне қабілетті. Таудай атақты да, бармақтай бақты да ұстап тұра алады. Кеудесіндегі үлпілдеген арманын ұшқыннан жалын лаулата өмір бойы жел өтінде сөндірмей ұстап алып өту, кез-келгеннің пешенесіне жазылмаған бақыт. Оны өшірмей ұстауға мәуелі мейірім, аялауға аялы алақан керек. Оған бір адамның жігер-күші жетімсіз.

Домбыраның қос ішегіндей үндескен ерлі-зайыптылық ғұмырда Айекең жары Серік ағадан көп қолдау, көмек көрді. Қара сөздің құдіреті мен қадірін ұғып, түсініп, сезінген Серік ағамыз оның әркез ақылшы досы, сырласы ғана емес, сыншысы да.



Өмір бойы облыстық тұтынушылар одағының белді қызметкері болып істеген Серік аға малшы, шопандардың хал-жағдайын білуге ауылға жиі шығатын. Сапар сайын жалғыз ұлы Ермекті аналарына тапсырып, Айсұлуды да бірге ала жүретін. Осындайда «бірінсіз бірі болмас, ұсақсыз ірі болмас» деген халық мақалы есіңе оралады.

– Сен асықпа, үйге кіре сала келген шаруанды айтпа,- дейтін Серік аға Айкеңе, данагөй қариялар шікәмшіл келеді. Әуелі мына автодүкеннен саудасын жасасын, үнді шәйі мен тәттіден дәм татып, рахаттанып, әңгіме-дүкен құра бастағанда магнитофонды қоса ғой....

Соңғы жылдары Орал қаласындағы “Доминант» баспасынан жарық көрген Айсұлудың «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Алтын сандық сырлары» жинағында ер мінезді, ұшқыр ойлы ақын да әнші әйел, қыздар жөнінде жинақталған мәлімет өте көп. Аттары аңызға айналған Ақбөпе, қыз Данай мен батыстың Айжан қыз, қыз Балдай, Сырым батырдың қарындасы Ақпима сынды арулардың тапқырлық сөздері мен ерліктері, шығарған өлең, жырлары тарихи шындықпен астасып, хатталып қалуы – халық қуанышы.

Қазақ атты дана халықтың талантты талай ұлдары мен қыздары дүниеге келіп, бабалар дәстүрін жалғастырары да хақ.

Былтырғы жаз уағы еді. Үйлеріне бір азамат кіріп келгені. «Аға, апа» деп қуана қол созып амандасып жатыр. «Апа, 70 жасыңыз, профессор деген атағыңыз құтты болсын!» деп аңқылдайды. Жөн сұрасқанда, Меңгер Шаитов деген азамат екен. Ол:

– Апа, сіздің «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген кітабыңызда менің арғы аталарым жөнінде жақсы айтылыпты. Сол адайлық ақсақалдардың шөберелерінен тараған ұрпақпыз, - дейді.

Қазақ деген текті халықпыз ғой. Сондай текті ұлдардың бір ұрпағы Айкеңнің еңбегіне осылай ризашылығын білдірді.

– Еңсені басқан ескіліктің әсерінен әлі де арыла алмай, көз алдындағыны көргісі келмейтіндер көп-ақ. Әйтпесе, мектептің

5-10 сыныптарындағы әдебиет сабағына қосымша мағлұмат есебінде жазылған «Алтын сандық сырлары» атты кітапты мектептерге таратуыма көмектесіңіздер, ең болмағанда баспахана қарызын өтеуге мектеп кітапханаларына сатып алыңдар деп облыстық білім, мәдениет басқармаларының бастығына талай бардым, - дейді апай.

«Қонақ аз отырып, көп сынайды» дейді халық. Көктемгі шуақтың қызуындай ерекше мейірім төгілген осы бір отбасының төріне қараймын. Қабырға толы кітап. Анау бір жылдары ат құнын төлесек де, қолға түсе бермейтін әлемдік деңгейдегі жазушылардың томдарының қасында Дантениң «Құдіретті комедиясы» мен Х ғасырда жазылған, ақыл мен тәлім-тәрбиеге толы атақты Кайковустың «Қабуснамасы» да көзге түседі. Солардың ортасындағы әйнектен жан-жағын қара лентамен көмкерген, үлкен суреттен жап-жас жігіт мөлдірей қарайды.

«Біздің жалғыз ұлымыз Ермекжан ғой», - дейді Серік аға әйнек сыртынан қолымен аялап. Қуанышы мен қайғысы астасып жататын өмір-ай. Жаңа ғана жайдары отырған жандардың жүздерін мұң басты.

Талай айлар мен жылдарға созылған сағыныш саздары көмескі тартты ма, Айсұлу апа ғана:

– Иә, шырағым, ұлымыз 33 жасында қапыда қаза болды, - деді жәйімен. Сең соққандай тербелдік. Қайтып тұра алмайтын болармыз деп едім. Келінім мен немерелеріміздің арқасы ғой, өмірге қайта келдік. Роза есімді дәрігер келінім бар. Немерелеріміз – тірегіміз. Артымда елім, дос-жаран, әулетім, немерелерімнің барына қуандым.

Содан Сәеңмен ақылдасып қаланың қақ ортасындағы еңселі үйімізді Жайық жағалауындағы пәтерге ауыстыруға ұйғардық. Балконына шыққанда судың самалы соғып тұратын үйді іздедік. Мынау сол үй, - дейді Айекең.

Төргі бөлмеден сыртқа көз тіктім. Қарауылдағы сарбаздай Жайық жағасындағы қарағай, терек тізіле мұнартып сап түзеп тұр екен...



Уақытты ұрлаған жылдар-ай. Тап қазір Айкеңнің немерелері Бақытжан мен Қайрат университетте студент, кенжесі Сайда болса мектепті бітіргенде институттың бірінші курсына бірге төмамдамақ.

Айсұлу апаймен сырласқан сайын бір ойды бір ой қозғап, шыға алар емеспін. Жақсы жандардың жаныңда жүргені қандай ғанибет! Шіркін, Айсұлу апамыздың ҚР Ұлттық ғылым академиясы М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының қолжазба қорына аманат етіп тапсырған 5 томдық әлі жарық көрмеген шығармалары тезірек ел игілігіне жараса деп тіледім.

Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Айсұлу Бисенғалиеваға осы ұжымның құрметті профессоры деген атақ берген.

«Халық даналығы өзіңе дарысын» деген ниетпен өзінің кітабын жібергенде «Менің жеке кітапханам – ел байлығы, соған қосқан үлесіңізге рақмет» деп қазақ елінің алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан хат алған Айсұлу апамыз армансыз-ау деп ой түйдім.

Егемендігіміздің жарқын болашағы үшін жастарымыздың дарын қабілетінің шұғыла шашуы үшін жасының ұлғайғанына қарамастан, Айсұлу Бисенғалиқызы мектеп оқушыларымен және студенттермен кездесу кештеріне жиі барады. Ондағы мақсаты – халқымыздың ғасырлар бойғы жасаған әдеби мұрасы жастарымыздың сезімін оятып, ата-баба дәстүрін қастерлеуге үйрету, өмірлерінің өзегіне айналсын деген ізгі ниет.

Қанатымен өртке су сепкен қарлығаштай еңселі істің ең бастауында барға бар деп тасымайтын, жоққа жоқ деп жасымайтын ақ көңілді әйел-ананың жүргені қандай бақыт!

«Еділ – Жайық» газеті

17.08.2001 жыл № 29

Екі майдан ері

– Егер екі майданның ері керек болса, міндетті түрде Мария Васильевна Қожахметова туралы жазыңыз,- деген еді қалалық әйелдер кеңесінде. Ол – Ұлы Отан соғысы кезінде III дәрежелі Даңқ орденімен наградталған облысымыздағы тұңғыш мерген қыз. Бірнеше медальдің иегері. Жасы алпыстан асса да, әлі еңбектен қалған жоқ. Төрт бала тәрбиелеп өсірген абыройлы ана.

Міне, қаладағы ет-консерві комбинатының мал сою цехындамын. Аяғында қонышты резинка етік, алдына жапқан алжапқышы өзінен де ұзын ақсары әйелдің тұсына келіп: «Біздің Мария Васильевна», - деп таныстырды цех бастығы.

– Ақжайық ауданынан көп мал келді, кешкі 8-9-ға дейін цехта боламын. Сөйлесуге қолым тимес,- деді менің әңгімелесем деген өтінішіме.

– Адамның қабілеті ғажап қой,-дейді Мария Васильевна. – Өмір ағымы, күнделікті тірлік, қарбалас жұмыспен, нансаңыз, кейде соғысқа қатынасқанымды ұмытып кетемін. Бірақ мынандай салтанатты сәттерде соғыс шындығын дәл ашып көрсеткен кинокартина көргенде, көңіл суытар халықаралық хабар тыңдау қайда, жан-жүрегім шым-шым езіліп, басымнан өткен жайлар қаз-қалпында тұра қалады. Қазір мынау теледидардан қарап отырған Октябрь мейрамына арналған салтанатты шеру, лек-легімен өтіп жатқан соғыс техникасы маған түссияқты. Әр сәт Қызыл Алаңды көрген сайын 1944 жылы ақпан айында мергендер мектебін бітірген бір топ қыз Ленинге тәжім етіп, вокзалға бет алған сәтіміз есіме түседі. Жастық па әлде ел басына түскен қауіпті қайтсем де бөліп көтерсем деген ізгі тілек пе, сол майданға мейрамға баратындай асығып едік. Талайлар қыршынынан қиылды ғой. Мен де солармен бір жүрдім. Тірі қалғаным өзім де таңқаламын,- дейді ол күрсініп.

Сосын алғашқы ұрысты Великие Луки қаласының маңында 3-төтенше армияның 21-гвардиялық дивизиясының құрамында



бастап, Эстония, Латвия, Польша жерін азат етуге қатынасып, соғысты Берлинде аяқтағанын баяндады.

– Дәл 1945 жылғы 8 май күнгі кеште, - дейді Мария Васильевна тіпті кеше болған оқиғадай көңілдене әңгімелеп, – біздің мергендер ротасы Берлиннің шеткі бір көшелерінде тұрғанды. Клава екеуміз күзетте болып таңда келсек, казармада жан баласы ұйықтамаған. Абыр-сабыр жүгіріс, күлкі, қуаныш, бәрінің аузында бір-ақ сөз – Жеңіс!..

Иә, орта бойлы, толысқан, шашы ақбурыл тартқан абзал ана бұдан 40 жыл бұрынғы шашын қып-қысқа етіп балаша қидырған, омырауы орден-медальға толы, отты көзді, тәмпік мұрын «қара балаға» ұқсайды да, ұқсамайды да. Тек сарғайған сурет сыртында «1945 жыл, 9 май. Берлин. Клава, Соня, Мүслима» деген сөздер ғана шындықты паш еткендей.

1945 жылдың август айында әскери міндетті аяқтап Мәскеуге, бірден Клаваның үйіне келдік, - дейді келесі суретті қолына алып.

– Содан бері хабарласып тұрамыз. Соғыс зардабы тек кетсін бе, соңғы жылдары ол аяғынан мүгедек болып қалды.

– Есіміңіз Мүслима, ал Мария Васильевна болуыңыз қалай?

– Бойымның қысқалығынан азап көрдім, - дейді апай қуақылана жымыып. – 1943 жылы Оралда 9 класты бітіргенде оған қоса 6 айлық санитарлық курсты да бітіргем. Майданға сұрансам, жассың деп жібермейді. Мәскеуде мергендер даярлайтын Орталық әйелдер мектебіне әрең деп жолдама алдым. Онда барсам, медицина комиссиясы бойы 150 сантиметрге жетпейтіндер бұл мектепке қабылданбайды деп қарап тұр. Содан мергендер мектебінің директоры Ы.П.Чегодаеваға барып, арнайы рұхсат алуыма тура келді. Майданға барғасын да, менімен барғандарды екеу-екеуден алдыңғы шепке арнайы тапсырмамен жіберіп жатыр. Мен қашан барамын десем: «Үлгересің әлі», - деп сырғаттатады. Содан дивизия командиріне рапорт жаздым. Салауатты көрінсін, - дедім бе, соңына (қыздар мені Мария дейтін-ді, өзім

Жымпиты ауданында туып-өскенмін, есімім Мүслима, әкемнің Василий деген ұста досы бар-ды, соны қосып) «өтініш жасаушы Мария Васильевна Қожахметова» деп жаздым. Арада айлар өтіп, алғашқы наградаға ұсынғанда, штабтағылар аты-жөнімді «Мария Васильевна» деп толтырыпты. Карелияның Суна өзенінен өтердегі ұрыстар үшін алғаш рет «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталдым.

Аз тыныштықты апайдың ері Сардар аға бұзды.

– Алғашқы неміс өлтіргенде талып қалғаныңды, үсіп кеткеніңді айтсайшы,– дейді жолдасының өмір өткелдеріне қанық адам қалпымен.

– Е, ондайлардың талайы болды ғой.

– Апай, Даңқ орденін қалай алдыңыз?

– Сырт көзге қызығу, таңдану туғызатын орден-медаль соғыста жай беріле салмайды. 1945 жылдың алғашқы айы болатын. Висла өзенінен өтердегі кескілескен ұрыстар жүріп жатты. Мергендер взводының командирі Н.Н нүктесіндегі пулемет дзоты мен неміс мергенін жоюды Зинаида Викторова екеумізге тапсырды. Іңір қараңғысы. Маскхалат киіммен бауырлай жорғалап, 500 метр жерді 2 сағатта әрең өтіп, баурайдағы қар үйіндісіне орналастық. Немістермен арамыз 150 метр. Күні бойы олар прожектор жарығын сөндірмейді. Мықты жасырынғандары соншалық, окоптарынан ара-тұра нөсерлете атқан оғы болмаса, тіршілік нысандары білінбейді. Сол түндердің ұзақ әрі суығы-ай!

Таң сібірлеп атып келеді. Жау бетті бағып біз жатырмыз. Бір сәт бүйірдегі топ шеңгел түбі қоян өткендей әлсіз қозғалды. Көздеп жаймен ғана атып қалдым. Сол сәтте мерген мылтығының селт еткен ұңғысы көрінді. Бір тапсырманы орындадық, бірақ өзіміз оқ астында қалдық. Алакеуім шақ. Оқтың қай тұстан шыққанын байқамай 5 метр жердегі Зина жатқан беткей шұңқырға айналды. Сол жолы пулемет дзотын тек қана түс қайта жою мүмкіндігі туды. Шабуылға шыққан біздің әскерлер үсіген, контузияға ұшыраған мені медсанбатқа



жөнелтіпті де, Зина екеумізді III дәрежелі Даңқ орденіне ұсыныпты. Көпке шейін орденге көзім түссе, ойыма Зина оралып, азапқа қалып жүрдім...

Ел, Отан қатерде тұрғанда өмірін қиып ұрысқа, бейбітшілік күндері берекелі өмір үшін жұмысқа түскен, қарапайым әйелге қарап отырып, есіме қалалық әйелдер кеңесінде естіген ол «Екі майдан ері» деген сөздер еріксіз түсті.

«Орал өңірі» газеті

01.01.1986 жыл

Еңбекпен есейген жан

Күн жексенбі.

– Қайда барасың? – деймін ертелеп тұрып киініп жатқан жақын інімнің студент қызына.

– Бүгін Шолпан апа жұмыста боламын деп еді. Түсінбеген біраз сұрағым бар, келушілер жоқ кезде сұрап алмасам.

Келесі жексенбі тағы сол қарбалас. «Сіздің жұмыста демалыс күні болмай ма?» деймін қызымның үйде қалғанын ұнатып. «Шолпан апа сенбіде студенттер мен жас кадрларға арнап статистикалық сөз таласын, сұрақ-жауап сағатын өткізетін. Кеше қолы тимей, бүгінге қалдырды. Қыздармен келеміз деп келісіп кеттік. Апай барып отырғанда біз бармасақ ұят қой»- деді.

Үш ай үйімде болғанда жұмыс кезі емес, тиесілі демалыс күндері де мекемедегі қызмет орнына асыға кететін осы бір кішкене қыз арқылы тынымсыз еңбектің, ізденудің істелінер іске үлкен жауапкершіліктің тынысын сездім. Аз ғана уақыт облыстық статистикалық басқармасында практикада болған кездерінде екі сөз айтса, бірін Шолпан апа деп бастап, бұрын танымаса да жақын тумасындай болып кеткен сол жанды көргім келіп кеткені.

– Мынау Шолпан Ғилажқызының кабинеті,– деді хатшы қыз емен есікті нұсқап. Үлкендігімді базына қылып кіріп барғанмен, телефон арқылы ауданмен сөйлесіп жатқан жұқалтаң келген ақсары әйелдің сөзін бөле алмай тұрып қалдым... Заманы бір адамдар емеспіз бе, кешікпей-ақ тіл тауып, сөйлесіп те кеттік. Еш нәрсеге бағынышты анау-мынау әңгіменің өзі-ақ жалықтырмай бастау тауып жетелеп барады.

– Келген шаруам – өзі іскер, елге үлгі боларлық әйел–ананы іздеп жүрмін. Сіз туралы мақала жазсам қайтеді?– дедім оған келген шаруамның тоқ етерін бірден лақ еткізіп.

Жаңа ғана жаймашуақ әңгіме айтып, пікір бөліскен Шолпан үнсіз қалды. Егде адамдарда көп кездесе бермейтін ақсары жүзіне қан ойнап, ол аз-кем қабағын шытты. Сосын алдына келгенді ренжітіп көрмеген ақыл-есті адам қалпында:

– Сізге кейіпкер керек болса, мен өз мекемемнен ондаған ананың, білімді жастардың, озат еңбеккердің аты-жөнін айта аламын. Анау Валентина Михайлова, Насиха Бекеева, Валентина Журавлева, Тамара Сүндетова, Ирина Рафикова, Жансұлу Қожанова сынды еңбеккер, білімді маман, үлгілі ана, жастарға ұстаз болып жүрген әйелдерді өзгеге үлгі етсеңіз, ұялмайсыз. Мен осы облыстық статистика басқармасында басқарма орынбасары болып 16 жыл еңбек еткенде, олардың еңбек жолына да, адамдық, азаматтық қасиеттеріне де кепілдік бере аламын.

Жаңа ғана жадырап, әңгімем бір арнаға түсті деген көңілім су сепкендей басылды. Өмір-дастан туралы сыр қозғау түгілі өзіне арналған сұрақтарды жауапсыз қалдырып:

– Мені қайтесіз, басқаны қойғанда мақталуға, мадақталуға біздің қызмет бабымыздың өзі келмейді ғой. Коллективке басшы болғасын әр адамның жаман болуға азаматтық қақысы жоқ, – дегені.

Келген ойым орындалмай кері қайттым. Үйге келгесін де жасына тән жарасымды киініп, ақсары жүзінен ұяңдылық пен ізгіліктің лебі ескен Шолпан бейнесі ойымнан кетпей қойғаны.



Ия. XX ғасыр әйел атаулыға теңдік әкелді. Оқуға, білім алуға, өз құқымызды қорғауға теңбіз. Сол теңдікті пайдаланып, басқа да жұмыспен қатар егін де ектік, шөп те шаптық, трактор руліне отырып, жер де жырттық.

Бірақ бізден аналық, әйелдік, отбасылық міндетімізді ешкім де алған жоқ.

Осыбірқатыгеззаманныңқатқылталабынанқарадүрсінденіп кеткен әйелді сөкпедік те байқамадық. Ал әйелге тән нәзіктігі, анаға тән парасаттылығы, ал жұмыс бабында білгірлігі мен іскерлігі астасып жатқан Әйел – Ана қай кезеңде де мақтауға тұрарлық.

Сөйтіп, Шолпан туралы өзгеден сыр тарттым. Рая Зекенова:

– Мен облыстық статистика басқармасында 10 жылдан бері жұмыс істеймін. Жаңадан жұмысқа кім кірсе де, бірінші күннен бастап-ақ ол Шолпан апаның қарамағында болады. Күні кешеге дейін облыстық статистика басқармасында 600-ге тарта қызметкер істеді. Оның 90 пайызы әйелдер. Әрине, бөлім бастықтары бар, әркім өз саласында көмек алатыны сөзсіз. Бірақ Шолпан Ғилажқызының алдына сұрағың болып келе қалсаң, егжей-тегжейлі түсінік алмай кетпейсің. Ол кісінің бір көрегендігі – өз ісіне шорқақ адамды бірден ұғады да, сол маман өз ісіне жетілгенше, көзден таса етпейді. Содан болар өзіміз бірден Шолпанға шауып барамыз.

Бұдан 10-15 жыл бұрын қабылданған қаулы-қарар мен ереже не әлдебір анықтаманы пәлен папкадан ізде, оқы, түсін деп сілтеп жіберсе де, таба алмадық деп қайта барамыз. Ал, ол болса бізге түсіндіріп жатқаны. Ондайда «анықтама бюросы» тұрғанда, оқып уақыт алып қайтеміз деп әзілдейтініміз бар.

Жаңақала аудандық статистика басқармасының бастығы Жансұлу Қожанова:

– Ауылда бол, қалада бол, ақыл-кеңесі сатусыз, қиын-қыстау кезеңде қол үшін беруге әзір бір сенімді жаның болса, ол туғаныңнан артық. Шолпан апа мен үшін сондай жан. Бұдан аздаған жылдар бұрын қызым мектеп бітірді. Жақсы

оқыды, спортпен шұғылданып, қоғамдық жұмысқа қатынасты. Ішкі істер академиясында оқуды армандап, сол үшін тер төкті. Ауданнан керекті қағаздарын жібердік те, облыстық комиссиядан шақырту қағазын күтіп жүрдік. Бір ай, екі ай өтті, хабар жоқ. Жұмыс барысындағы бастығым болса да жағдайды айтып, Шолпан апаға телефон шалдым. Қатарынан 3 рет барып құжаттардың онда түспегенін анықтады. Қайда деп аудандық әскери комиссияға барсам, олар құжаттарды жіберуге «ұмытып» кетіпті. Есесіне ауданнан жалғыз болғандықтан бір байдың баласы өтіп кетіпті.

Қазіргі қоғамдағы адамдардың бір кемшілігі – көреалмаушылық, қызғаншақтық, іштарлық. Ал, солардың ортасында парасатты жандардың іс-әрекеті әркез биіктен көрінеді.

Соғыс жылдары дүниеге келген жандарды қайғы-қасірет, жоқшылық пен тауқымет көрмеді десек, тарих алдында өтірік айтқанымыз.

Шолпан Ғилажқызы Сартаева қазіргі Тасқала ауданы, Красный Маяқтың бір бөлімшесінде дүниеге келді. «Сталинград майданында оқ пен өрттің ортасында жүрсем де, тірі қалып жаралансам да елге келіп, ұрпақ көруім Алланың әмірі де. Осы қызым шаңырағымызға шаттық әкелсін, соғыс тез бітіп, аспан көгі ашылсын, қызымның есімін Шолпан қоямын», - деп қызылшақа сәбиді әкесінің төбесіне көтергенін анасы Жұмазия айтып отыратын.

Арада 4-5 жыл өткенде колхозда кіре айдап жүрген әкесі қыстың аязды күндері қайтыс болғанын бөлімшеде тұратын үй іші білмей де қалған, тек жаз шыға аурудан тұрған анасы аяғын ілби басып ағасы Сағын, апасы Алма үшеуін әкесіне ертіп барғаны бар. «Әкелерің» деген анасы көз жасын бұлап, бір төмпешікті көрсетіп...

Осы өмірде Әке туралы сөз болса, әңгіме айтылып, қанша мың ән шырқалса да, әке бейнесі есіне түспей, сол төмпешік қана келетін көз алдына. Ал, ес біле келе, бала, балғын



шақтарында өз қатарластары әкесіне еркелеп жатқанын көргенде жүрегіне бір әксік жиналып, анау ауыл шетіндегі үлкен қорымдағы әке бейітіне барып жылап отырып, ойға шоматын...

Өмірдің өзі есейткен соғыс жылдарының ұрпақтары-ай. ФЗО-ға жасы ілігіп, апасы Алма Шымкент облысына теміржол құрылысына жұмысқа кеткенде Шолпан небәрі 10 жаста болатын. Жыл айнала бәріміз бір жерде болайық деп ол үй ішін көшіріп те әкеткен. Бұл 1953 жыл еді.

Сөйтіп, Алатау асқарына жалғасып жатқан таулы өлкелі Түлкібас бұларға біраз жыл қайырлы мекен де болған.

Жат жер, жаңа ортада ширығып, әлде сол заманның жастарының жаппай талпынған талабы ма, Шолпан да тезірек білімді азамат болуға асықты. Жетінші класты бітірісімен өзгелер ұстаздықты қалағанда «Мен Жамбыл қаласындағы есеп техникумына барамын» деп кесіп бірден айтқан.

Сөйтіп, 7 класты бітірісімен қазірге дейін жалғасқан қиын да қызық еңбек жолы басталған-ды. Оның қатарынан тұп-тұтас 40 жыл еңбек жолы бәрі де еліміздің статистика саласына еңбек етуге арналған. Ең төменгі есепшіліктен басталған қызмет бабы осы салада сатылап өсумен болды. Шымкент сияқты одақ көлемінде әлемге әйгілі болған үлкен қаланың облыстық статистика басқармасы бастығының орынбасары болып, еңбек ете жүріп, Халық шаруашылығы институтын сырттай оқып тәмамдады.

Қоғамдық жұмысқа араласа жүріп, Алматы, Мәскеу, Ленинград қаласында бірнеше рет жоғары білімді жетілдіру институттарында курстар тәмамдап, мамандығын шыңдады. Мұқабасының өзі кісі қызығарлықтай сол кездері берілген сертификат куәліктер Шолпан архивінде бір төбе.

«Былтыр ғана Қазақстан Республикасының статистика саласының өз алдына бөлім болып құрылғанына орай, Сіз Қазақстандағы құрметті де қадірлі еңбек ардагерлерінің бірісіз, қалтқысыз еңбегіңізге рақмет» деп Республикалық комитеттің арнайы хат жіберуі соның айғағы.

Ия, бұлар облыстық статистика басқармасының кадр бөлімінде сақталған құжаттардан алынған бір үзік сыр.

Өзі рұқсатын бермей тұрғанда ол туралы жазбасам да болатын еді. Ол дарынды күйші не биші болып, халық алдында көз қуантып таңдай қақтырған жоқ. Ол шебер не өнертапқыш болып жаңалық ашқан жоқ. Ол тіпті, жарып ашып топ бастар қоғамдық қайраткер, не ел байлығын арттырар өндірісте істеп, көзге түскен тракторист не шопан да емес. Еліміздің 8,5 миллионға жуық қарапайым әйелдерінің бірі ғана!

Бірақ өмір бойы есеп қызметкері болып істегендіктен осы бір мамандықтың иесі екенін білемін.

Ал, ел тұрмыс-тіршілігінің қан тамырындай тоқтаусыз өзгеріп, жаңарып, жақсарып, бірде құлдырап төмен құлдиласа, екінші сәтте алынған асудың айқын белгісіндей шарықтап жоғары көтерілер өндірістің сан саласындағы цифрлар сыры мен көрсеткіштер көрінісін әдеби кітап оқығандай түсініп оқып, қажет сәтінде сан қырлы салыстырмалы сырмен сөйлете білетін Шолпан Ғилажқызының аса білікті маман екені сөзсіз. Оның өз мамандығын сүйе, түсіне білгені соншалық ана жылдары марксизм-ленинизм университетін үздік бітірген, орысша, қазақшаға өте жетік, саяси сауатты әйел қыздарды партия хатшылығына жаппай ұсыну науқаны басталғанда, Шолпанды облыс басшылары ауданға хатшылыққа ұсынып, оның келісімін сұрағанда өз мамандығым ұнайды деп бармай қалған. Өмірдің қайталанар қызығын қарасайшы, қызы Әлия да облыстық статистика басқармасында бөлім меңгерушісі болып істеді. Конкурстық сұрыптаудан өтіп, облыстық әкімшілікке жұмысқа алынды. Былтыр ғана өзіме ұнайды, ғылыми еңбек жазуыма жеңілдеу деп Астана қаласының қалалық статистика бөліміне жұмысқа ауысқанда біраз таныстары таңдана қарағаны рас. Кей адамның қолы жетпес қызметтен өз еркімен кетіп, қарапайым мамандықты қалау қазіргі заманның адамдары мінезіне жат деп топшылаған олар. «Жүрекке өмір жүрмейді» деп тегін айтылмаса керек.



Тек ісін ұнатып, оны өркендетуге өз үлесін қомақты қосамын деп әріден ойлайтындар ғана – мамандық пен қызметті таңдау құқына ие.

Әлде Әлияның мамандық таңдау еркіне 40 жыл ғұмырын бір мамандықтың қыр-сырын үйреніп, оны өзгеге үйрету жолын таңдап алған анасы Шолпанның өмірі әсер етті ме?!..

Бірде көп жыл облыстық «Уральскәнерго» акционерлік қоғамы кәсіподақ комитетінде бастық болған, қазірде бастығы Жетібай Отарбаевтан «Жұмыс бабында кездесіп тұрасыздар, осы Шолпан Сартаева қандай жан?» деп сұрадым.

– Шолпан, Шолпан Ғилажқызы ол, ол азамат қой!- дегені...

Бір сөзге бүкіл ғұмырды, бар адамдықты, жақсы ниет пен ізгі көңілді сыйғызған қазағымның қайран тілі мен ұғымы-ай. Мен одан әрі қазбалап пікір сұрамадым.

Біз ХХ ғасырдың өркеніміз. Бар мен жоқты, аз бен көпті, асқақ арман мен еңселі мақсатты өмірімізге өзек етіп өмір сүрдік. Содан болар жылағанымыз бен құлағанымыздан гөрі шат-шадыман күндеріміз көп болды. Ең негізгісі адам адамға дос, бауыр деген қағида қанымызға сіңіп, өмір дегеніміз лағылдай жарқырап ақ сәуле деп шаттандық. Содан болар соғыс жылдары дүниеге келген ұрпақтың дені өз ісіне берілген, еңбеккер әрі қалтқысыз адал да жомарт.

Пенде болғасын тағдыр тауқыметі түспей тұра ма? Анасы елге барамын, сүйегім туған жерде, ерте кеткен жарымның қасында қалсын деп өтініш еткенде, Шымкент облыстық статистика басқармасының орынбасарлығы қызметін туған өлкесіне ауыстырған. Тек өкініштісі үлкен қыздары Ғалияны әже бауырынан ажырата алмай жолдасы сол қалада қалып қойды. Қазір Ғалия университетте сабақ беретін білікті маман. Екі ұлдың анасы.

Еңбеккер ана, коллектив басшысы, білімді маман, тәжірибелі қызметкер Шолпан Ғилажқызы өз ортасында сыйлы, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, еңбек ардагері ғана емес, төрт немеренің әжесі де.

Шымкент қаласынан Ғалияның ата-енесі телефон шалса, Астанадан құдасы Меңгер мен Зоя жиендерін сағындық деп демалысқа келуін асыға күтеді.

Ал, Шолпан болса жақсы күндерді еңбекпен жалғастырып, ел құрметіне бөленуде.

*«Еділ-Жайық» газеті,
17.08.2001 жыл № 29*

Ер ана

Апекен апай қызыл мауытты төгілдіре жапқан сахна төріндегі үлкен үстелге келіп отырғанда-ақ толқып кеткен. Ал мойнына алтынды жіппен аты-жөні жазылған қызыл лента әкеліп таққанда өзін-өзі әрең ұстап отырды. Мынау самаладай жарық зал, шалқыған әуен, жүрек тербеген асқақ жыр, тіпті құрметтеу үстелінде әзірге жалғыз отырған оған зал толы мейірімді жанарлардың салтанатына шыдап отырудың өзі мүмкін емес секілді. Апайдың жан толқынысын еріксіз білдіргендей жанардан секіріп түскен қос тамшы әжімді жүзін жуып бара жатты. Мұнда оның сонау қаршадайынан көрген жетімдіктің азап-қайғысы да, балғын шағында мәңгі есінде қалған қып-қысқа семья бақыты да, ел мен ер басына күн туған қиын кезеңдегі ауыр еңбек пен абырой да, мезгілінен бұрын сөнген жалғыз қызының қазасының қабырғаны қайыстырған қайғысы да, қарапайым ғана өзіне соншалық құрмет көрсетіп отырған мынау жұртшылыққа деген алғыс та – бәрі-бәрі де бар-ды...

Жаны жайсаң аяулы бір жандар болады. Олардың әр күні күреске, әр ісі үлкен арман мен мақсатқа толы. Олар жан-жүрегінің жылуымен кез-келген пенденің қолынан келе бермейтін қиын істерді күліп жүріп көтеріп кете береді. Ауырсынбайды, ешкімге міндет те етпейді. Тағдыр сынына



құла түзде өскен қайсар шынардай қарсы тұрады. Сондай жандардың бірі – Апекен апай.

Алапат соғыс басталған күні ол алып ұшқан жастық жігермен қандай істі де тез әрі сәнді істеп, қоңырқай жүзі үнемі бал-бұл жанып жүретін ақжарқын, әзілқой, жиырма төрт жастағы бақыпты келіншек еді. Арада апта өткенде ауылдың бір топ азаматы соғысқа аттанды. Солардың ішінде Апекеннің ері Бақытжан да бар-ды.

– Ал Апекен,- деген жол жүргелі тұрған азамат топ ортасында келіншегіне қайрат бергендей күле қарап. – Мен ферманы өзіңе ғана сеніп тапсырамын. Бұл жөнінде колхоз төрағасымен келісілген. Байқа, біз жеткен биіктен төмен түсіп кетіп жүрме!

Сөйтіп, қолында қартайған енесі Ақмоншақ, он айлық тұлабойы тұңғышы Зарясы бар қой фермасының меңгерушісі болып, ауыр міндетті арқалаумен қала барған. Әрине, ілкіде қиын болды. Сол кездегі «Новый путь» колхозының төрағасы Суханов Дүйсенбайдың тәжірибеге толы ақыл-кеңесі көп көмектесті. Ел басына түскен сол ауыр жылдары сүйікті жары оншақты жыл басқарған ферманың әр адамы, әрбір бас малы, тіпті ол жөндеткен қора-қопсы, әзірлеткен құрал-сайман да бұған етене жанашырлық танытып, үлкен сенім жүктегендей еді. Фермада 12 мың бас қой болды. Ол 16-17 отарда бағылады. Соншама малдың бағымы, суы, шөбі, қора-қопсысын жөндеу, қырку дегендердің бәрін фермадағы бала-шаға, қарт-кемпір атқаратын.

– Апыр-ай, сол кездегі адамдар бір нәрсе аламын деп дүкен іздеуді білмейді екен ғой,- дейді Апекен.

— Шай-секер, килолаған бидай-арпаны атыма өңгеріп өзім таситын едім. Ол кездегі қымбат бұйым, алтындаған нәрсе де майданнан сағындырып келетін үш бұрышты хаттар болатын. Алыс отарларға оны да өзім апарамын. Жылаған талайларды жұбатып құлағандарға сүйеу болуға тура келді ғой.

«1943 жылы декабрь айында Воронеж түбіндегі бір ұрыста Бақытжан хабарсыз кетті деген хабар келді». Апекеннің осы

жайды айтқанда әлі күнге қайратқа, жылылыққа үйренген жанары жасқа толып, әрі-беріден көз жасы сыртқа шықпастан, әлдебір күшті әміршінің бұйрығынан қаймыққандай тарап жүре береді.

Адал еңбектің абырой әперетіні ақиқат. Сол жылдары ферма бойынша әр 100 саулықтан 120-124 қозыдан алынып жүрді. Бұл – еділбай тұқымдас қой үшін жақсы көрсеткіш. Ет те көп тапсырылды. Сол жылы қой шаруашылығын өркендетудегі еңбегі бағаланып, ол Ленин орденімен наградталды. Өрқашанда адамдар орден үшін еңбек етпейді. Еңбек олар үшін жеңіске деген жан-жүректің талпынысы болатын.

Апекеннің енесі Ақмоншақ Бақытжанның 1940 жылы алған Еңбек Қызыл ту ордені мен келінінің Ленин орденін қатар қойып: «Қарағым, менің осы қуанышымды көрер ме еді?» деп көзіне жас алған талай..

Жылдар өтіп, сойқан соғыс та бітті. Майданнан бірен-саран азаматтар орала бастады. Ел жарасымен бірге Апекеннің жан жарасы да жазыла бастады. Енді оны колхоздың түйе фермасын басқаруға ауыстырды. Бұл кезді абзал ана Апекен былай еске алады:

«Колхозда бес жүздің үстінде түйе болды. Түйе атқармайтын жұмыс жоқ. Еңбегіміз жанды. Бір жылы Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне бардым. Қазақстаннан барған 4-5 адамды К.Е.Ворошилов қабылдады. Сонда әйел адам деп сыйлағаны шығар, атақты Клим батыр:

Не жұмыс істейсіз?- деп сұрады менен.

– Түйе фермасын басқарамын.

– Ол түйе деген қандай мал?

Күші, жібек жүні жайлы айтып жатырмын. Шөлге төзімді. Бірақ бір ішкенде 10-15 шелек су ішеді. Тілмаш аударып тұр.

– Оны кім суарады?

– Жасы 70-80-дердегі түйеші қарт. Терең құдықтан суды қолмен тартады, – деп жауап бердім.

– Ол мұнысымен зорықпай ма?



– Үйренген ғой. Әрі басқалай жұмыс қолы жетпейді...

Содан ауылға келгесін, шамасы оншақты күнде К.Е.Ворошиловтың нұсқауымен колхозға су тартатын екі мотор, маған іс машина сыйға келді...»

Іс машинаның сарғайған паспортын парақтап отырып апай мұңлы күлімсірейді.

Халық игілігін молайту жолында жарғақ құлағы жастық көрмей еңбек еткен, ауылдық кеңестің бірнеше дүркін депутаты, Ленин орденді Апекен Жүсіпова көлденең дертке ұшырап, жұмыстан қалғанда әлі жас еді. Жүрегі жігер мен қайратқа толы болатын. Өмірдің ащы-тұщысын көп татып тәжірибе жинақтаған, ақыл-ойының кемелденген шағында, аурухана төсегінде көп жатты, көп емделді.

Апекен апай қазір пенсияда. Өмірден ерте кеткен жалғыз қызы Зарясының екі бүлдіршінін бағып-қағып отыр. Үй-күйі мұнтаздай. Керек-жарағына совхоз көмектеседі. «Қайтейін, сырқат меңдетпегенде пенсияға шығу ойымда жоқ-ты» дейді ол қайраттана түсіп. Оқушы балалар ер анамен жиі кездесіп тұрады, оның өмірін үлгі-өнеге тұтады. Апекендей миллиондардың соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі өмірлері бүгінгі бақытты ұрпақ үшін ертегімен бірдей. Бірақ сол қиын-қыстау кезеңдердің шындығын дәл жеткізіп, ауыр азаппен құрылған салтанатты осы өмірді қорғай, қадірлей білуге үйрету – ардагер ананың азаматтық борышы, мақсаты, міне, осы.

«Жақсылыққа жақсылық» күнделікті өмірімізге берік енген осы қағидадан мың айналғың келеді. Қанша рет қайғы шексе де жанына тек жақсылықты серік қылған абзал адамдардың арасында өмір сүрудің өзі –қуаныш. Жанарына жиналған жас құрғап, алпыстың үстіне шыққан адамдарда жиі кездесе бермейтін берік сеніммен Апекен апай мейірімге толы көз нұрымен маңына қуана қарайды.

*«Орал өңірі» газеті,
10.08.1977 жыл*



Әкімнің аллеясы

Дүние дүрбелең. Ана жерде соғыс, мына жерде апат. Күштінің арты диірмен емес, әлемнің өзін алмағайып кезге жеткізер жанталасып жатқан әлем-тапырық заманда өмір сүрудеміз. Солардың ортасында жайма-шуақ жай кешіп жатқан қазақтың елі мен халқының бағы болғай деп ана атаулы күнбекүн тілек тілейді. «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылған ба? Алыс-жақын аман болсын да, Ақжайық атырабы гүлдене бергей.

«Ауылдың ажары – азамат» дейді халықта. Ақыл-есті ел қамын ойлар азамат қай заманның да көркі. Содан болар халық мың қосшыға бір басшы деп азамат адамның отырар орнын әлдеқашан белгілеп те қойған. Бірақ адам мен арамзаның өмір сүру заңы жер мен көктей болса, адам мен пенденің жұмыс істеу қағидасы, ел басқару тәсілі де әр түрлі екенін өмірдің өзі көрсетуде. Мен осы қалада сан мыңдаған зейнеткердің бірімін. Менің де сол көппен бірдей анау жоқ, мынау жетпейді деп қыңқылдайтын кездерім болады. Бірақ бұдан 3-4 жыл бұрынғы кенеуі кеткен көп істің жолға қойылғанын көріп жүргенімді жасыра алмаймын. Тіпті тап қазір шенеунік атаулы арақ ішіп, карта ойнап үкімет ақшасын жең ұшынан жалғасып, қайтсем жымқырып жеп, пайда табамын деп, елге істеген ісімнен ақау шығып, қызметімнен босап қалмасам екен деп дірдек қағады. Тіпті қала ішіндегі жол салу, үй сыртын жөндеу, ондау, көшелердегі қоқыстарды тазарту сияқты қарапайым істердің өзі есті азаматтың ескертуі арқасында өтіп жатқанын біліп отырмыз. Қартайдық. Төрімізден көріміз жуық деп отырып енжарланбай, біздер – зейнеткерлер балаларымыз, немерелеріміз, қаламыз үшін істеліп жатқан жақсы істерге өте қуанып, үйде отырып алғысымызды жаудырамыз. Талай-талай басқосулар, кездесулер, конференциялар өтіп жатыр ғой. Солардың ортасында әлем қол соққан скрипкашы Марат Бисенғалиев, опера әншісі Майра Мұхамедқызы сияқты тарландармен кездесу сәттерін ұмыту мүмкін бе?..



Тап қазір өзені мен көлі, тоғайы мен жері астасып жатқан дархан даладай дарабоз талантты ұл-қызы көп Ақжайық атырабына қоныс тебу көп адамға арманға айналды. Оған күн сайын көркейіп келе жатқан 400 жылдық тарихы бар Орал қаласының көз тартар көркі себеп. Ия, бұл қалада кімдер болмаған? Ресей халқын дүр сілкіндіріп ерекше мемлекет құрмақ болған Пугачев те, азатты елдің еркін тұрмысын аңсаған Махамбет пен Сырым да, әлем әдебиетінің майталмандары Л.Толстой мен А.С.Пушкин де тоқтап, ой түзеген. Тап қазір қала көшелерін аралай жүре, сол алыптар тоқтаған үйлерді қорғауға мемлекеттік кепіл берер ескерткіш тақталарға қарап күні ертең болашақ ұрпақ та осы үйлерді көріп өмір мен өнер тарихынан нәр алатынына қуанасың. Адам өмірге келгесін артына мұрагер етіп ұл-қыз, орнында үй-жай, ісінен белгі етіп жақсы іс – ағаш отырғызу керек депті бізден бұрынғылар. Әр үйі сәулет өнерінің нәрлі нақышымен өрнектелуімен ерекшеленетін кәрі Оралда әр қилы өмір мен өнердің тарихи тынысы бар. Ал қол саласындай тізіліп асфальтты жолды көмкеріп жатқан зәулім-зәулім теректерге неше ғасыр, неше жыл?! Шіркін-ай, есебін білер жандар бар ма екен?

Бірнеше шақырымға созылған көше бойын көмкерген асфальтты арналарда сонау жылдары сылдырлап тап-таза су ағып жататын. Ағынды су деп жүргінші қол шайып, аула тентектері бір-бірімен су шашып ойнайтын. Ол кереметті көрмегелі де 35-40 жылдың жүзі болды. Тап қазір Достық даңғылымен келе жатып тап-таза болып қоқыс пен топырақтан аршылған су арналарын көріп қуанасың. Мүмкін күн жылына осы арналардан Жайықтың нәрлі суы сылдырлап ағып көңіл қуантар?.. Соңғы бір жыл ішінде қаламыз жарты ғасыр болмаған өзгеріске ұшырады. Салыну мәнері бір-біріне еш ұқсамайтын бұдан бірнеше ғасыр бұрын салынған ескі үйлер жөнделіп, сәндеп тазартқасын қыз ғұмырлы кез кешіп құлпырып тұрғаны анық.

Бұдан екі-үш жыл бұрын қала әкімшілігіне он қадам жердегі Чапаев сквері жел айдап тыққан қоқыс пен қағаз қалдықтарына

толы бұрыш еді. Тап қазір сол жерде жерлесіміз Жұбан ақынның еңселі бейнесі тұр. Жаз күндері гүл шоғына көмілген тап-таза скверде күй күмбірлеп, жас ақындар асқақтата жыр оқиды. Ал күні кеше ғана қыста автотұрақ, жазда жын-ойнақ, маңайдағы тұрғындардың мазасы мен зәресін алған қоршаулы қорғаннан айналы қабырғалары алыстан көз тартып әсемдік пен сәндіктің сырлы сымбатындай облыстық қазақ драма театры бой көтерді.

Облыс, қаламыздағы жақсы істерді айтып тауысу мүмкін емес. Не бітіп келе жатқанын кейде ескермей де қаламыз. Өткен жылы бөгде біреу бұрын әлемдік жарыстарды телевизордан тамашалайтын мұз айдыны Оралда да болады десе, сенбес едік. Бірақ бұл да ақиқат боп шықты. Бұның бәрі облысқа келгеніне күні кеше ғана 2 жыл толған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев інімнің жақсы істерінің жаңғырығы. Қазақта «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын» дейді. Біз тегі жақсылықты да, жамандықты да бетке айтып үйренуіміз керек әлі. Ал біз болсақ сыбырлап сырттан ғана тон тігеміз. Кім біледі, көп жамандық содан ба?! Ал, облыс әкімшілігі үйінен басталып Островский атындағы театры алдымен шығысқа қарай бет алсаң, керемет алаңқайға тап боласың. Кестелеп салынған көше тастары көз жетер жерлік жолға апарады. Жол ортасында орнатылған орындықтар, он қадам сайын қонақ күткен қызметшідей мүлгіген көше фонарлары. Тыныштық пен тазалық салтанат құрған демалыс орны. Тап қазір қысы-жазы сол жерден адам арылмайды. Кітап оқыған студент те, таза ауа жұтқан зейнеткер де, жол соғып шаршаған жолаушы да сол аллеядан сая табады. Ат беруге әзір тұрар ел іші ол жерді «Әкімнің аллеясы» деп атап та кетіпті. Немеремді жетелеп, оны өз теңдестерімен ойнатып сол жерде мен де жиі боламын.

Міне, көктем келді. Ашық аспан күн нұрын төгіп тұр. Немерем екеуміз көшеге бет алдық. «Әже, Әкімнің аллеясына барайықшы. Тезірек... тезірек» дейді менің бес жастағы Асиям. «Әрине, барамыз, құлыным!»



Әкімнің аллеясы... Әкімнің аллеясы...

Әлде ел жадында жатталып қалар жақсы іс деген осы ма?

«Еділ-Жайық» газеті

21.03.2003 жыл

Жеңіл мінез жастарға жараспайды

Мен өзім, жеке басым, біреуге ақыл айтудан аулақпын. Себебі қарақан басымда не отбасымда, ауыл-аймаққа, өскен ортама тән рахат пен азап, қайғы мен қуаныш, кемшілік пен жетістік жетерлік.

Бірақ төріңнен көрің жуық жасқа келгесін, отбасынан басталған «Неге бұлай?» деген сұрақ маза бермей, толғандырады екен. Содан келіп мен айтсам, сен айтпасаң, ол айтпаса атасы өлер асыл сөз, тыңдаушысын табар ма деп ойлайсың. Әлі де айтылар деп күтіп жүргенде, сағат тіліндей сырғыған уақыт күндер, айлар емес, жылдарды да ұрлап әкетуде.

Аллаға шүкір дейміз, қазақ қазақ болып егемендік алғанымызға тап биыл күректей 13 жыл. «Он үште отау иесі» деген бабаларымыз, бұл жас мөлшерін ақыл тоқтатқан азаматтық жас деп есептеген ғой. Тойлап жатырмыз, тойлап жатырмыз, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, туу V ғасырдан Күлтегін бабамыздың жазбасын әкеліп, Астана төріне қойдық. Ел шетінен Бейбарыс бабамыздың бейнесін Атырауға әкелсек, тап соның қасында еркіндік үшін егескен Исатай мен Махамбет аттұғырда мығым тұр. Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Кенесары батырымыз Астанада айғақтанса, Оралдың өзінде Сырым батыр мен Жәңгір хан өз тұғырларында біздерге асқақтай қарайды.

Шіркін, қазақта батыр да, ақын да, шешен мен әулие де көп екен. Жайлап-жайлап шымылдық перде ашылып, шет жағалай

оқып, түсініп, танып, ұғып келеміз. Ал білмейтіндеріміз әлі де мыңдап саналады. Сонда да, У ішсең руыңмен дегендей, Елбасымыз бастаған зиялы топ әлемге қазақты танытып қызмет істеп жатқанда, осы жергілікті жердегі ауыл-үйдің, аудан, қаланың халқы мен азаматтарының анасы мен баласының, қыздары мен жеткіншектерінің рухани жан-дүниесінің даму деңгейі көп адамды, соның ішінде аналарды толғантады. Ал рухани байлық болмай, өмір жақсармақ емес. Өз басым әйел-ана болғандықтан емес, тұрмыс тауқыметін көрген қарапайым әйел ретінде оған кәміл сенімдімін.

Иә, «Ошақ қасынан аспайтын тағы бір ақылдысымақ шықты ма?» деп езуіне күлкі ойнайтын азаматтарды да көріп тұрмын.

Сонда да әйел-ана келін болып, балғын балауса бойжеткен болып, осы қоғамнан, оны басқарған азаматтарымыздан тиесілі қамқорлықты алып отырмыз ба? Оған әр отбасының отағасы мен «азаматпын!» деген жігіт-желеңін қосыңыз.

Иә, «ерінің қандай екенін сол үйдің әйелінің қабағынан ұқ, әйел-анаға жасаған қамқорлыққа қарай үкіметін таны» деген екен даналар.

Кім айтты, қашан айтты, кім білген? Даналар сөзі дөп басқан.

Тап қазір ана атаулы алаңсыз өмір кешуде ме? Қазағымның өресіне біткен дархандықтан ба, әлде батыр бабалардың жері, елі үшін жан берген өмірінің есе кегі ме?

Тфә, тфә, соғыссыз өмір кешкеніміз бір бақыт! Бірақ қолда бар бақытты баянды ету үшін ер азамат атаулының бәріне дерлік ел, жер, ұрпақ қамының ертеңін ойлар ересен ақыл-ой керек емес пе?

Осы 13 жыл ішінде қоғам өзгерді. Қазақстанда нарық заман төрінен орын алды. Тап қазір ел іші аштан өлмей, көштен қалмай дегендей, қабырғасы сөгілген. Өмір-тұрмыс қайта жанданды десек, ол көп жерлерде әйел-ананың өлермендігінің арқасы. «Әйел ерге қарап, ер жерге қараған» толқу мен күйзеліске толы сонау егемендіктің алғашқы жылдары әйел-ана жолға шықты. Ала қабын арқалап сауда жасады, маңдай терін бір сүртіп



базарларда тамақ пісірді, сиыр сауып сүт сатты, бақша салып жеміс өсірді. Кері тартқан ерін ілгері сүйрей, сауда атты өмір өзегіне қосты. Әйтеуір, қыры-сыры мол өмірдің қақ ортасында жүрді.

Араға жылдар салып, әл жинап, жан-жағына қарап еді, әйел-ана тағы бір кедергіге кезікті.

Тәуір киініп, шекесінен қараған ері басқа бір тосын жас иісті аңсап өз жөніне кетсе, жігіт болған баласы арақ пен есірткі қуып, кафе мен ресторанның шықпайды. Ал ержетіп қалған қыз қоғамнан іргесін аулақ салып, анасы көрген қорлық пен азапты көргісі келмей, «ерге шық» десең теріс қарайды.

Жарқыным, осы бір қыры мен сыры мол өмірде бірінсіз бірі болар ма, ұсақсыз ірі болуы мүмкін бе? Тәңірім, асылық айтсам кеше гөр, ал біз білмейтін, сезбейтін, көрмеген нала мен мұң жүздеген әйелдің жүрегін жаралауда.

Талай ана жол тосқан дайын байлықты бөлісе алмай, төбелесте көз жұмған ұлдарын аңсап жас төгуде. Бір-біріне күш көрсетіп, шыбын жанын шүберекке түйген «рәкет» атты қызу қанды жігіттердің аналары тыныш ұйықтап, күлкіге көміліп жүр деп кім айтар?

Сонау жылдарғы бөлісте ел байлығын молдау қарпыған айлалы азаматтар кафе мен ресторан ашып, сауық пен би кештерінде ұл-қызымызды арақ пен сыраға суарып көңіл көтертсе, қай ана тып-тыныш ұйықтайды?

Әйел-ана тағы қамықты....

Ол көз салып ел, жер, намыс, рух, болашақ атты аталы сөздерімізді тәрк етіп, тек байысам деген ойменен мыңғырған мал, ауқатты ауылды үшті-күйлі жоқ жасаған тап қазіргі жеке бай ауылдасына қарайды. Мәдениет үйлері мен балабақшаны жоқ қылып, оның орнына кафе мен ресторан, казино мен сауна жасаған мекеме басшыларын көріп таңырқайды.

Ал солардың ішіне қараса, құрттай қайнаған қазақтың қызы мен жігіті арақ пен сыраны қоса ішіп, есалаң күйде ербеңдейді. Ал жеңіл мінезді жетесіздері осы бір апатты жағдайды дағдыға айналдырғанына қысылмайды-ау, қысылмайды.

Осының бәрі ана көңілін пәс етіп, жанын жегідей жейді.

Әрине, бәрі солай деуден аулақпын. Бірақ аяқ бассаң, кафе мен бар, ресторан мен казино, судай аққан арақ пен сыра ауыл-қала жастарын «бақыт пен қуаныш» құшағына алғаны ақиқат. Ананың әлдиінен жасы асып кеткен есалаң азамат араққа бой алдырса, ол да шын ауру – ананың алда көрер азабы да.

Ал осы ана тартар азаптарды жеңілдетіп, жас буынды дұрыс жолға жетектер кім бар?

Қоғамдық ұйым ба?.. Бас бұғып, сен тимесең мен тимемен жан бағып отырған кәсіподақ па? Ақсақалдар алқасы, ауыл ағалары атты жиын ба? Әкелер атты қауым болып, болашақ ел қорғаны, жігіт болған ұлдары мен бозбалаларын тәрбиелейтін топ барын естігендерің бар ма? Әрине, мемлекеттік мастарды айықтырғыш орнынан басқа. Әйтеуір, кино мен даңғыр-дұңғыр кеш жас ұрпақ ұл-қыздарымызды желіктіруде. Осы қарқынмен жүре берсек, арада оңдаған жылдар өткенде, кім болмақпыз? Азаматы азған ел кімдерге қорған болып, қай қарындасты қорғамақ? Әсіресе, азаматтарымыздың тұлғасы уақталып бара жатқаны алаңдатады.

Жақында республикалық «Таң-Шолпан» журналының № 5 саны қолыма тигені. «Мақпал-ау, Мақпал» деген атпен берілген көлемді мақаланы ойлана оқып шықтым. Мақала бастан аяқ әнші Мақпал Жүнісованы қаралаумен басталып, қаралаумен аяқталыпты. Қоятын кінәсі – сахнада дұрыс жүрмейсің, еріңе еркелейсің, менің өлеңдерімді орындамадың, қарызға ақша сұрап едім, бермедің. Азаматқа уақталу мен ұсақталудың одан арғы шегін тәңірім көрсетпегей. Азамат болып сын айтсаң – ерелі мәселе қозға-дағы.

Әрине, ел ішінде, әсіресе, облысымызда басқару ұйымдарында жақсы өзгеріс көп-ақ. Олар қоғамдық ұйымдарға мемлекеттік көмек көрсету, округтерде өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, аула мен кварталдарда жастардың, оқушылардың дене тәрбиесімен шұғылданар орындар ашу, жаңадан студент жастар ұйымын құру, әйел-аруларға арналған газеттің өмірге



келуі ана атаулыны бір серпілтіп тастағаны ақиқат. Енді, міне, «Жайық жастары» өмірге келіп отыр. «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел» деп Абай ақын айтқандай, сөзден іске көшетін мезгіл жетті, жарқыным.

Азамат еңсесін аласартпай, жастардың жанын жабырқатпай, ел, жер, ар, ұят, жігер, намыс атты қасиетті ұғымдарды қару етер ұрпақ тәрбиелеуді ананың мойнынан ешкім алмақ емес.

Ер түзелмей, ел түзелмейді. Саналы өмір салтанат құрғанша, тағы да жолға шық, аналар. Үлгілі ұрпақ үшін күрес, өмірдің мәні де, сәні де сонда.

*«Жайық жастары» газеті,
11.12.2003 жыл*

Заман жайлы, өмір жайлы ойласақ

Қаламыздағы М.Маметованың мемориалдық музей үйіндегі «Майдандастар» ардагер аналар клубы өздерінің дәстүрлі кездесуін өткізді. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл бас қосудың ерекшелігі сонда болды. Бұл күні музей ұйымы мен облыстық, қалалық Қызыл Крест қоғамдары, басқа да ұйымдар жастық шақтарын оқ бораған майдан даласында өткізген ардақты да ержүрек жандарды мерекемен құттықтап, жүрекжарды сөздерін білдіріп, ескерткіш-сыйлықтар тапсырды. «Ал, қәнекей, әжелер!» конкурсы өткізіліп, оған өздері үйден тәтті торт, самса пісіріп алып келіп, дәм ұсынған Е.С.Шатагина, В.М.Басаргина, М.К.Любизнова сияқты әжелер көпшілік құрметіне ие болды.

Т. Таңатов

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дейді халықта. Қырық саққа жүгіртіп, біресе үміттендіріп, келесіде күдікке жеңгізіп, азғантай ақылымызды әр саққа жүгіртіп, бес жыл

шешкізіп, алты жылғы айқайдан кейін нарық халық атты қарапайым адамдардың өміріне енгені анық.

Нарықты бастаймыз дегелі, ғұмырымыз елде бір жақсылықты күтумен өткесін бе, әлде тағдырымызды сеніп тапсырған ел ағалары, халық қалаулылары, ел байлығының бір шет-пұшпағын ұстаған үлкенді-кішілі бастықтар социалистік заманда жіберген білместіктер мен қателіктерін, озбырлықтары мен зұлымдықтарын жаңа өмірде қайыра қайталамайтын болар, әйтеуір, бір жақсылық пен молшылықтың шеті әп дегенде-ақ көрінер деген аңғал ой көптеген адамда болғаны анық.

Бірақ... жаңа өмірдің бастауында-ақ Пушкиннің «Алтын балық» ертегісіндегі ақылсыз кемпірдей, жалпы халық тағы да жарық астаудың басында қалғаны ақиқат.

Құдайдың бергеніне шүкір. «Басқа байлық не керек, ден сау болса болғаны-ай» деген ата-бабамыздың әнін ұрандай жаттап өскен, тым төзімді халықпыз ғой, әзірге ештеңе болмағандай салмақты қалыпты сақтап келеміз. Оны көп жұрт топастық, надандық деп те жатады, оған өзім еш қосылмаймын. Бірақ шыдамның да шегі бар. Бұл сабыр қаншаға жетер? Бұрқ-сарқ етіп ашу-ызамызды бір-ақ лақ еткізгеннен пайда бола ма енді? «Есің барда еліңді тап» дейді халықта. «Осы біздің досымыз кім, қасымыз кім? Қайдан шықтық, қайда барамыз? Артта қалған ардағымыз, пір тұтқан арманымыз кім?» деген сұрақтар қазіргі кезде кез-келген адамға маза бермейтіні анық.

Аталарымыз жаңа жұмақ заман орнатамыз деп қан төкті. Өкелеріміз сол заманды жат елден қорғаймыз деп опат не мүгедек болды. Біз болсақ, тыныш өмір жаңа келді, болашақ үшін, балаларымыз үшін, еңбегімізбен коммунизм орнатамыз деп тыртықтап жүріп шашымыз ағарды. Аузымыз аққа енді тиді ме деп емпендеп жүргенде, еңбектеріңнің бәрі де алдамшы, қайтадан жаңа заман бастамасақ бәріміз де қараң қаламыз деп, біздің басқарушы топ тапа-тал түсте шалқасынан түсіп жатып алғаны. Ұсынған мойынға қылыш кезенбес, құлағанды



тепкілемейтін қарапайым, батыр да аңғал халық «жә, солай болған екен, қайтеміз» дегендей бізді басқарған. Коммунистік партия атты алыпқа қолын бір-ақ сілтеді де, ештеңе болмағандай жайымен тағы үнсіз қалды.

Хош, сонымен жаңа заманды бастап та кеттік. Енді жиналыстарда партия заманымыздың ары мен ұжданы дейтін ұрандарды көрмейміз. Партияның қаулы-қарары деп съезд бен пленумдардың шешімдерін оқып үйреніп әлекке түспейміз. Партияның бағыты мен ұраны деп жастарымыздың ақыл-ойын улап, қиындықтың өтіне қарсы итермейміз. Арман-мақсатымыз коммунизмге жету деген сілтеме де арман-мақсат капитализмге жету болып өзгертілді. Бірақ одан кім, не ұтты..?

Жау жоқ, дау жоқ, құдайға шүкір, ел көшіп, жұрт қонған, зобалаң заманнан да аманбыз. Анау Нарынның құмы мен Жалпақталдың балшығында саз кешіп, мал бағып, сиыр сауған қарапайым халық бір күн емес, бір минут та қызметін тоқтатпастан жетпіс жылдан аса тынымсыз еңбек етіп келеді. Қой бағуды қазақтың мойнына іліп қоймаған болар деп талпынып, оқу оқып, институт бітіріп, мамандық алып, Абай атамыздың «сен де бір кірпіш дүниеге» деген сөзін имандай көріп, таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейін тапжылмай отырып, өзін телегей теңіздің бір тамшысындай сезініп ақ-адал еңбек еткен мың-сан оқығандардың да легі кеміген жоқ.

«Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» демекші, ел мен халықты, шаруашылықты басқаруға ақыл-ойым, қабілетім жетеді дегендер басқарсын, мың қосшыға қай заманда да бір басшы ғой, ауыл арасында алауыздық туғызбай, сезім мен төзімнің шектелмес қайшылықтарын сабыр мен санаға салған ауыл азаматы қаншама?...

Бірақ... өмір өзгеріп, нарық «атты алыпқа кезіккелі өзін қарапайым халықпен етене ұстаған әр адам бастан соққан балықтай есеңгіреп қалғаны рас.

Неге?, қайда?.. қалай?. Сан сұрақ санаңды шаншиды. Жауап таппай сандаласың.

«Кемедегінің жаны бір». Жұмысқа келсең, «сен тимесең, мен тимен, бадырақ көз» деп қатардағы маманнан бөлім бастығына дейін «білмеймін, білмеймін, заман-заман» деп бүгін зарлап отырады да, ертеңгі күні пысықтау, жоғарғы жақта танысы молдау деген біреуі елде бір концерт, қауымдастығының бастығы, не белді қызметкері болып шыға келеді. Дүкенге барсаң, кешегі бір сомның заты 10 сом болғанына шүкіршілік етер едің, ол 30-40 есе өскенін көріп, «құдайдан қорықпағаннан қорық» деген мәтел аузыңа түсіп, жағанды ұстайсың. Базарға барсаң, тай-тай мата, қоржын-қоржын шетелдің киімдері мен бұйымдары атадан қалған мұрадай мың есе нарықпен артық сатқан адамдарды көріп, «Өрескел тәртіпсіздіктерді шектейді, халық қамын соғады, оларды зорлауға, қорлауға, жәбірлеуге жол бергізбейді деп ай сайынғы алатын ақымыздан жырып беріп, жалдап, ұстап отырған милиция, сот, прокурор, салық инспекциясы, әртүрлі басқару мекеме қызметкерлері бар емес пе еді, қайда олар, мына өрескелдікті көрмей ме?» деп жан-жағыңа қарайсың, бірақ бірін көрмейсің.

Радионы ашсаң, елде бір шағын мекеме екіншісіне елде жоқ, дүкенге түспеген тауарларды миллиондап сатып жатады.

Алысқа бармай-ақ, аудан, облыс көлемінде болып жатқан жаңалық, өзгерістерді білейін деп теледидардың құлағын бұрасаң, кешегі коммунистік партияның басшылары болған азаматтар бір-бір қауымдастық, концерт, кооперация, шетелмен біріккен кәсіпорын бастықтары болып, алды өздері тапқан табыстан байып, ел адамдарына қайыр-садақа беріп, «азаматтығын» көрсетуде.

Ұсталған ұры жоқ, кінәлайтын күнәқар жоқ. Бүгін бар да, ертең болмайтын баяғыдан тырнақтап жинаған ел байлығын, жағдайын келтіріп жанталасып бөліп жатқандар қаншама?..

«Орал өңірі» газеті оқырмандарының бірімін. Газеттен «Нарық және халық» атты айдарын көріп, біліп отырамын. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық бағыты – нарық. Дұрыс-ақ. Нарыққа ешкімді оқытып, үйретіп, үгіттеп, зорлаудың керегі



жоқ. Соғыссыз заман, ақ адал адам, уланбаған ауа мен жер, су, жанұя атаулыға жеке меншіктік еркіндік, жалпыға бірдей әділ заң мен оны орындаушылары болса екі-үш жылда еңсемізді көтеріп кетер едік...

Жұрттың бәрі молшылық, молшылық деп қақсайды. Сол молшылық жолында әлсізді басып-жаншып өлтіруге, тек бүгін ғана кеңірдектен келсе болды, оның қаншаға түсетініне қарамай, жер шетіндегіні келтіруге бар. Молшылық дегеніміз, кампиғанша қарынды толтыру емес. Ол барға қанағат ететін рухани байлық. «Ашыққаннан құныққан жаман», - дейді халық. Ашығып жатқан ешкім жоқ. Ал, құныққандар қаншама?.. Сол құныққандар бүгін бір заң, келесі күні бір шешім жасап, елді әуре-сарсаңға салуда. Сол құныққандар ағашты темір, темірді көмір деп таласқандарға жағдай жасап, сөзбен алдап, елді алдағы үлкен мақсаттан аластатуда. Сол құныққандар үкімет құламай тұрып-ақ, миллиондардың маңдай терімен жиналған байлықты кооператив, кіші мекеме, бартер деп жең ұшынан жалғасып бөліп алып болды да. Сол құныққандар халық ашуын туғызған Жалпақталдың жандайшаптары мен Жымпитының жылпостары әр ауыл, әр мекемеде бар. Сол құныққандар халықтың күнделікті наразылығын туғызбас үшін сауда-саттықты реттейміз деген желеумен дайын тауар бөлуде: әуелі партия бақылауын жасады, одан түрін өзгертіп жұмысшы бақылауы дегізді, жыл айнала бере зат айналымын мемлекеттік бақылауға алды. Ақыр аяғында жең ұшынан жалғасқандар, алушылар тобы мен оны ашушылар тобы қосылып, қылмысты жабушылар тобы пайда болды. Тауардың келгені де, кеткені де, қалғаны да. Бәрі дұрыс. Кінәлі қарапайым халық қана. Біздің көзімізбен көргеніміз сауда-саттық, майда-шүйде ғой. Ал аранын толтыру үшін сол құныққандардың мыңдап емес, миллиондап жасап жатқан айла-шарғысының анық-қанығын білетіндер мен білмейтіндер қаншама? Бір ой екіншісін туғызады. Жаза беруге бізге газеттен орынды кім берер?

Анау Нарын құмында қазіргі Темір Масин атындағы совхоздың Тереңқұдық атты мекенінде шағын ғана колхоздың орталығы болды. Жапырайған оншақты үй. Ата-анамыз ертеңнен кешке дейін қысы-жазы колхоздың жұмысында. Ауыл ішінде бетке ұстар бастауыш мектеп пен кішкене дүкен болды. Елдің киер киімі, ішер тамағы жоқшылық кезеңі еді ғой. Бірақ сол шағын дүкенде бәрі де болатын. Түрлі-түрлі тай-тай мата, қабат-қабат жиналған пальто мен костюмдер, үй құралдары, кілемдермен қатар неше түрлі конфет пен құмшекер болатын. Бірақ дүкен тым ескі үйде орналасқан еді. Құлыптаулы болғанмен, есігінің қорғаны қопарылғаны өз алдына төбесінің бір бұрышы да құлаған болатын. Күн көзінің ауысуына қарап есіктегі не төбедегі тесіктерден ішке сығалағанда құмшекердің күн көзімен лағылдай жарқырағанын топ бала болып талай тамашалағанбыз. Ой, тәңір-ай, қанша жыл тұрды сол дүкен? Бірақ бір адам ішінен бір тал шөп алыпты дегенді естімеп едім. «Қиянат қылу, ұрлық жасау – азғындық, өзге емес, өзіңнің арыңның алдында күнә»- дейтін ата-анамыз. Жарлы бола тұра неткен рухани бай, періште еді сол жандар. Ал қазір таптал түсте қалтаңа түсіп, қараңғы бұрышта қанжар тақап, үйіңе кіріп тонап, ал екіншісі жымысқы айлакерлікпен халық сенген креслоны пайдаланып, тек жеке басының қамын күйттегенін көргенде, «өз үйіңнен жау шықса, тұра қашып құтылмассың» деген халық мәтелі есіңе түсіп, жағанды ұстайсың.

Жасымыз елуге келіп, өмірдің баз тірлігінің біразын көрген бізді қойшы. Мына қалыпта балаларымыздың болашағы үшін обал-ақ. Жұтқан ауа, ішкен су, жүрген жеріміз бір болғанмен, құдайды ұмытып, ұрпақ тәрбиесін әлсіретіп алдық-ау. Адам рухани бай болмай, адал болмай, өз молшылығы үшін тер төгіп, еңбек етпей өмір түзелмейді. Ешқашан молшылыққа кенелмейді. Тап қазір, күні бүгін биік белеске жеткізер жаңа өмірдің баспалдағында тұрмыз. «Жаным арымның садағасы» дейтін халықтың өркендері емес пе екен? Неге сонша ұсақталып, жымысқыланып азып-тозып барамыз? Уақыт пен



тағдырдың тоғышар сәтінде осындай алмағайып заман талай болған болар. Еліміз бір бүлініс үстінде ғой. Осындайда қайтар қарымы қатты болады деп, «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деп үйреткен екен ата-бабам ұл-қызына. Жау шаппай жаралы, кісі өлмей қаралы болып, әуре-сарсаңға түскен бір беймаза сәтте соқпақ жолымыз сүрлеу болғанша бір-бірімізге кешіріммен қарап, қиянат жасамай өтейікші.

Алда жер иемдену, үй-жай, мал-зат бөлу, құн төлеу, біреу жеке, біреу топ болып жаңа өмір саясатын бастау кезеңі тұр. Жыл айнала мал-мүлік қолына тигендер заңды түрде жекеменшік иесі болып шыға келмек. Еліміз де, халқымыз да титықтаған кедей ғой. Аяқты нық басып, ес жинап кеткенше, құдай алдында, ел мен жұрт есінде ақтығымыз айқын көрінетіндей үлкен істі адал ниетпен бастайықшы.

Әруағыңнан айналайын, ата-бабам-ай. Ел кезігер алмағайып заманды болжап көріп, қалдырдың ба екен нақылды?.. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма»... Есінде ұста, ағайын...

«Орал өңірі» газеті

07.03.1989 жыл

Иманың жар болсын, жарқыным!..

О, тәңірі кеше гәр... Күн нұрынан дүркірей еріген ағынды судай, әр жерден, әр қала, әр ауданнан жапатармағай шығып жатқан халық емшілерін естігенде, «Ой, тәйірі, кереметтей жұрттың бәрі көріпкел болып кеткен бе?!» деп пендеситініміз де рас.

Ал көріпкел, бақсы, әруақ қонған арқалы емші болса, ата дәстүрін жалғастырушы халық үшін тер төккен кішіпейіл, ақкөңіл жандар екенін елегіміз де келмейді. Бірақ «ай батпаймын десе де, таң атпауын қоймайды» дегендей, 18 мың ғаламды билеуші Тәңір жан-дүниесіндегі сезім сәулелері өше жаздап,

өз қара ниетімен тығырыққа тіреліп, бейшара қалыпқа кезіге жаздағанда адам атты пендесін әлі де аяйтындай. Оған себеп ондаған жылдар бойы діннен безіп, бұйығы жатқан жалпылама халық бар жақсылық пен қуаныштың, нәсіп пен дәулеттің қайнар көзі имандылық екенін ұға бастағандай.

Алланың әмірін қарасаңшы, ұрмай, соқпай, айқайлап айтып, жалынып өтінбей-ақ, имандылықты әр адамның жан-дүниесіне қайтып шықпастай етіп уағыздай жеткізетін, қазіргі сәттегі жан мен тәнді қатар емдейтін бірден-бір жетекші күш – халық емшілерінің қолында екені ақиқат.

Сондай емшілердің бірі – Қазақстан Республикасының құрметті кәсіби емшісі Мұхаббат Әлімжанқызы Барамбаева. Емші – халық қызметшісі. Ал Мұхаббат болса, әр адамның самарқау жатқан санасын ток соққандай діріл қаққызып, өткенінді айтып, көңіл түкпірінде өзің де мойындай бермейтін кесапат қылығың мен аңқау мінезіңді сараптап, ауырған жеріңді дөп басып, одан айығар жолды көрсетеді. Қан қысымы, жүрек ауруы, асқазан мен бөтеке, жүйке ауруын емдеу оның кәдуілгі ісіндей. Ал қасиетті Құран бетін ашу екінің бірінің дәті жете бермейтін құбылыс.

Менің емші алдына келуім де кездейсоқ болды. Жаздың жайма-шуақ күндері. Бірде қала адамының «жайлауы» саналатын балконға ертелеп шыққаным бар. Тереземнің қақ алдындағы емхана алдына таң қараңғысында жиналып, кезекке тұратын адамдар легі мені еріксіз алаңдатты. Бір күн, екі күн емес, апталап адамдар легі толастар емес. Сұрастырсам, республикалық халық емшілері қауымдастығынан келген Мұхаббат Әлімжанқызы емханадан бір бөлме жалға алып, уақытша кісілер қабылдайды екен. Сол топқа мен де іліктім.

Қатарынан 5-6 сағат кезекте отыру оңай емес. Бірақ тілегі мен еркін бір арнаға бағыттаған келушілер уақытпен санаспайтындай. Танымаса да жөн сұрасып, пікір алысуды ата салтындай берік ұстанған қазағымның ақжарқын мінезі-ай. Мен емшіге кірмей тұрып-ақ оның емдеу тәсілінен, аурулардың



айығу сәттерін сезіп, көп нәрседен хабардар болдым. Солардың біразын тілге тиек етсем.

– Осы қаланың 6-мөлтек ауданында тұрамын, - дейді Дәуітов Әйтім атты азамат. – Қан қысымым көтеріліп, құлағым шуылдап, бір өзім бөлек дүниеде жүргендей сезінетін едім. Мұхаббат қарындасымнан апта ем алғанда бас ауруы, құлақ шуылы басылып, көңілім көтеріліп, атқа мінгендей болып төңірекке қуана қарайтын кезге жеттім. Тап қазір жолдасым мен қызым да қаралуда. Бір үйден 2-3 адам, ем алушы жалғыз біз емес.

Исқалиева Нұрзия:

– «Подстепное» селосынанмын. Бауырым ауырады, қолыма жара толып кететін. Бір-екі жылдан бері дәрігердің емі мен дәрісін ішіп қолдандым. Қолдағы жараны кетіруге емдері қонбады. Мұхаббат емші бір апта дем салып, білек тамырларын ұстағанда ең бірінші жаралар кетті,- дейді қолындағы қызара семген дақтың орнын көрсетіп.

Шағын дәлізде шауып жүрген Әділет Айтмағанбетов ем алушылардың көбіне таныс. Жасы төрттен жаңа кетсе де, тағдыр салған тауқыметті бір адамдай-ақ тартқан.

– Біз Ақжайық ауданы, Чапай совхозынанбыз,- дейді Әділеттің анасы Гүләйма. – Балам жас жарымында-ақ жүріп әрі сөйлеп жүрген-ді. Бірде тұмаудан қатты ауырды. Дәрігерлер минингит деп жұлынынан су алды. Содан кейін-ақ ұлым төсек тартып жатып қалды. Аяқ жүрмеді, құлақ естімеді, тіл байланды. Ауруханадан үйге ұлымызды серейтіп көтеріп екелдік. «Қолдан келгені осы болды, үйде күтіңдер»- деді дәрігерлер.

– Араға жыл салғанда осы қалада тұратын халық емшісі, сынықшы Әмина Әлмұханова ұлымды төсектен тұрғызып, аяғын бастырды. Оған Алла разы болсын дей тілек айтамыз. Баламның түсінігі жақсы-ақ, тек ыммен сөйлесеміз. Мұхаббат емшіге қаралғалы құлағы естіді. Ол 13 сеанс алғаннан кейін «папа, мама» деп тіл қатты. Менің үйде бұдан басқа 3 қызым бар. Отбасымыз болып сол күнгі қуанышымызда шек

болмады,- дейді қасында отырған Әділеттің әкесі Бисембай толқи сөйлеп.

Міне, Мұхаббат Әлімжанқызының алдында отырмын. Шапшағын бөлмедегі үстелде Қасиетті Құран, үкі таққан қынапта пышақ, жайылған ақ орамал үстіндегі тәспі мен құмалақ та «Мен қасиетті ата дәстүрі мен салтының жұрнағымын» деп айқайлап айтып тұрғандай.

«Ой, апа, бүйрегіңізді дәрігерге де, емшіге де қаратқансыз, бірақ бөріне де жүрдім-бардым қарап жартылай ғана емделіпсіз, ол болмайды ғой, – дейді ол күлімсіреп.

Рас. Бірақ, осы бір сәп-сәнді киініп, толқынды қара шашын ақ орамалмен шарт байлаған аққұба келіншекпен ауруым жөнінде емес, пенделік әңгіме-дүкен құрғанымды өзім де байқамай қалдым. Ол онжылдықты бітіргесін Республикалық медицина училищесін тәмамдап, 10 жыл қатарынан аға сестра қызметін атқарды.

– Әріптестерім қатты ауру келсе, мені жүгіріп аурухана ішінен іздеп жүретін. Мен келіп қарап, ауруды сипап дегендей, қасында болсам, ауру тез есін жиятын. Бірақ ол кез қолымда биоток барын, ал арғы бабаларым мешіт, медресе ұстап, Меккеге барған әруақты жандар екенін білмейтін едім. Көне көз қариялар менің бір бабамды ағын суды кері ағызған әруақты деп айтады. Мен тек 1997 жылдан бастап әртүрлі сынақтардан өтіп, диагноз қойып, емтихандар тапсырып, емшілікке бет бұрдым. Ауруларды емдеп, тәжірибеден өтіп, Ислам университетінде арабша сабақ алып, Құран ашып, тәспімен сөйлеп, құмалақ аша білгесін ғана республикалық Шығыс және қазіргі медициналық ғылыми практикалық орталығында кәсіби халық емшісі деген атақ алдым,- дейді Мұхаббат ағынан ақтарыла.

Қалада өсіп, орысша мектеп, оқу орындарын тәмамдаған ұйғыр қызының қазақшаға да судай екені қуантады.

Ол өткен жылы Атырау қаласында айлап жатып, ауру емдеп, ел құрметіне бөленді. Еңбегі де елеусіз емес. Шығыс медицина орталығының ашылуының 10 жылдығына орай, «Мерекелік



медальді» иемденді. Қазақстан Республикалық Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттіктің «Құрмет грамотасымен» наградталды.

– Ғарыштық тепе-теңдік заңдылығын баршамыз түсінсек, болашақ жарқын, ашық, баянды болады. Ұрпақ өмірі жақсылыққа өзгереді. Оған тек бәріміз тап бүгіннен бастап өмірге, бізді қоршаған ортаға парасатпен қарап, баршаға мейірім, ізгілік төге күн кешуіміз керек. Ол үшін ең басты қару – имандылық. Ақжайық атырабына имандылық тұнсын,- дейді Мұхаббат әңгімесін жалғай.

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Лайым, дегені болғай!

«Еділ-Жайық» газеті

07.09.2001 жыл, № 30 (140)

Іңкәрлігім әлі де басылмайды

Оқу жылы басталар алдындағы қарбалас күндердің бірі еді. Тап бітіре қоятын іс болмаса да ертемен мектепке келген біраз мұғалімдер мектептің кең ауласында әңгіме-дүкен құрып тұрғанбыз. «Міне, алғашқы қарлығаштар да келіп қалыпты» деген дауысқа жалт қарасам, Нәсет екен. Ол жатақхананың «көк корпус» деп аталатын бөлігінен бері беттеген, араларында 2-3 бала бар топ адамға көз тігіп қалыпты. «Орталарындағы Мария апай ғой. Тегі, жатақханалардың өзірлігін қарап жүрген жерінен мына ата-аналарға кезіккен. Қасындағылар біздің совхоздың адамдары емес, көрші ауданның малшылары болды. Апай бұларды балаларымен мектепті көрсетуге әкеле жатыр».

Анандай жерден қасымыздан жанай өтіп, өз алдына әңгімелескен топ мектептің ішіне кіріп кеткенше, әркімнің жайымен айтылған күбір-сыбыр сөздері басылған жоқ.

– Мария апай үшін қауырт күн басталды, – дейді Әсима жайымен ғана.

– Бірде-бір ата-ана, балаларын сабаққа әкеліп, жатақханаға орналастырып, тәрбиешілермен сөйлесе тұра, Мария апайға жолығып балаларын аманаттамай кетпейді ғой. Ал апай болса олардың мұң-мұқтажын тыңдауға еш жалықпайды-ау, жалықпайды...

Сосын біртүрлі қулана күліп: «Сенің ең бірінші бастық ұстазың», дейді биыл келген жас оқытушы Анарға.

– Апай менің де ең бірінші ұстазым. Бағанадан әңгімеге араласпай тұрған Ғайша араласты сөзге.

– Институттан кейін осы интернатқа тәрбиеші болып орналастым. Тәрбиешілік міндет өте күрделі іс қой. Үйлері алыста тұратын балаларға уақытша ата-ана әрі ұстазы болу үлкен жүк. Жастық қой. Балалар ертеңгі сабаққа дайындалып болды, ал ұйықтауға әлі біраз уақыт бар. Сол кезде мен оларды немен айналдыруға болатынын білмей дал болатын едім. Сол кезде ылғи апай табылатын еді қасымнан.

– Кеше немен шұғылданып едіңдер? Ал бүгін ше? Балалармен жұмыс жоспары әртүрлі болсын, - дейтін ол. Бүгін қазақ эпос жырларын тыңдаса, ертең қазіргі музыкадан мағлұмат алсын. Құрғақ кітап оқу да жалықтырып жібереді, кроссворд шешіп, шахмат тақтасында күш сынасқанға не жетсін! Бала еліккіш, өмір туралы, еңбек, адамгершілік, достық, жолдастық тақырыбынан диспут ұйымдастыр.

Шіркін, адамға тән ақылдылығы, ұстазға тән ұлағаттылығы бар адамдармен жұмыс істеу бақыт қой.

Бағанағы топ сиреп, Ғайша, Нәсет, Әлима төртеуіміз ғана қалыппыз.

– Ал мен апаймен күздің жаңбырлы күні кездестім, - дейді мұғалім Нәсет Нәсипов.

– Оқу жылы әлдеқашан басталған. Аудандық оқу бөлімі мамандар жетіспей жатыр деп осында жіберді. Күздің қара суық лайсаң күні. Машина жүрмейді. Бірнеше сағат трактормен жол жүріп, тоңып әрең келгем. Ондайда қонақ үйді қайдан табасың. Сұрастырып жатақхананың балалар корпусына келдім. Сол



күні салқын деп пештерге от жаққызып, апай үйіне жаңа кеткелі жатыр екен. Менің тоңып келгенімді көріп асханадан тамақ алғызып, шәй қойғызып, жоғарғы класта оқитын балалардың бөлмесіне орын дайындатты.

Апай қатал да. Мен де ұстазбын. Балаларды айтпағанда, коллективтің арасында айтқанымды тыңдатар беделім бар екенін көріп жүрмін. Сөйте тұра, істеген ісім, жасар қылығым туралы Мария апайдан сын-ескертпе алмасам екен деп қыпылдап жүремін...

Шашына ақ кіріп, биыл немере сүйген Әсима Абдуллина әңгімеге араласқанға бәріміз де таңданып қарап қалыппыз:

– Бұл елуінші жылдардың бас кезі еді. Матрос формасымен тігілген аспан түстес жұп-жұқа көгілдір жібек көйлек киіп, ұзын бұрымын тобығына түсіре қоя берген қағылез, аққұба қыз алғаш класқа кіргенде басқаны білмеймін, өзім көпке дейін есімді жия алмағаным әлі есімде. Бір іңкәрлік бойымызды билеп алған кластағы он тоғыз қыз бәріміз де Мария апайға ұқсағымыз келетін. Сол іңкәрлік күші болса керек, онжылдықтан кейін институтқа түсіп, апай сияқты ұстаз болдым. Оған да бірнеше жыл. Бір кездегі армандап көрген апайымызбен жұмыстас болып, достасып кеттік. Өмір дегенді қойсайшы, кейде жұмыс бабында қарсы пікір айтып таласатынымызды қайтерсің. Бірақ мен қандай сәтте болайын апайды алғаш көргендей көңіл-күйім есімнен шығып көрген емес. Тіпті мектепте оқу бітіріп жас ұстаз келді десе, бұдан отыз жыл бұрынғы көгілдір көйлекті бойжеткенді көретіндей көргенше асығамын.

Ешкім сұрамай-ақ, қиналтып еске түсірмей-ақ өзінен-өзі ақтарылған сыр, әңгіме мені де еріксіз толқытты. Көрінгенге ашып айта бермейтін, ашып айтып емес-ау, неліктен екенін түсіне де бермейтін ұстазға деген іңкәр сезім талайдан менің де жүрегімде жатқанын өзім де сезуші ем ғой...

Ауылдың Шаңдытүбек деп аталатын бөлігінде тұратын үйіне қарай жүріп келемін. Қауырт шаруам болмаса да, апайды көріп әңгімелескім келіп кеткен. Бір кездегі колхоздың орталығы

болған жатаған үйлерге жақындаған сайын соңғы жиырма жылдан бері апайдың осы жолмен жүргені есіме түседі.

Орталықтан алыс жайлауда жұмыс істейтін малшы, шопанның балалары үшін облыста алғаш рет ауданаралық Құрманғазы атындағы мектеп-интернат ашылғанда Мария Мамаева алғаш мұғалімдердің бірі болып жұмысқа ауысқанды. Содан бері аттай жиырма жыл. Айтқан ауызға ғана жеңіл.

Үш үйдің шаңырағында өзі ие болып қалған сол жылдары да Мария апа бір жұмыстан қалып, не өз қасіретінің күйігінен өзгеге артық сөз айтып көрген емес. Қайта өз-өзінен қайраттанып, қайта қайнатқан болаттай ширығып, нәзік те қатал қалпынан айнымаған. Інісінің, балаларының кәмелетке толғандарын жоғары оқу орындарына жіберіп, кішілеріне әркез қамқор болып, тіпті бірнеше жыл сарыла күткізіп барып берілген жаңа үйді де балалар жас, ең болмаса ауасы жоғары сәнді үйде тұрсын деп інісіне беріп, өзі сол бұдан жиырма жыл бұрынғы үйде қала берген.

– Ә, сен екенсің ғой. Хош келдің. Мен жазуымды аяқтап болғанша мынаны қарай тұр,- деп фотоальбом мен бір топ хат-қағаздарды қолыма ұстатып, апайдың өз бөлмесіне кіріп кеткеніне біраз болған-ды. Ал мен болсам хаттар легін құмарта оқимын. Мына хатты өзім күнде көріп жүрген Самат жазыпты: «Есіңізде ме, апа? Қайткен күнде де дәрігер бол, Самат, жүзің кісі сырын ұғардай ойлы, әрі жылы да деген сөзіңіз. Сіз ұмытып қалған боларсыз. Сіздің сеніміңізді ақтап, қайткен күнде де медицина институтына оқуға түскім келген. Сол сенім алғаш емтихан тапсырып, конкурстан өткенде де, үстіме ақ желең киіп, алғаш ауруларды қабылдағанда да есімнен кеткен емес. Қазір облыс орталығында дәрігермін. Мамандығым өзіме ұнайды. Бір кезде бала жүрегіме от тастағаныңыз үшін сізге мың сан рақмет».

«Апатай – депті мына қып-қысқа хат, – сізге Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі атағы берілгенін естідім. Қуанышымда шек жоқ. Қасымдағы жігіттерге де айтып жатырмын. Қазір



біздің сыныптың балаларына отырып хат жазбақпын. Олар да қуансын. Естей.».

Алматыдан философия ғылымының докторы Тілекжаннан да, тарих ғылымының кандидаты Нәсіпқалидан да, геология ғылымының кандидаты Айнұр мен құрылысшы Бәтеннен де хабар жүр. Еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет істейтін апайдың шәкірттері тым көп екен. Хаттар легі соны айтады.

Сол сияқты Мария апайдың ісі мен қызметін, адамдығы мен жақсылығын анықтаған сайын ол туралы әлі қаншалықты аз білетініне өзің де таңырқай түсесің.

– Бізде жұмыс жүйесі өзге мектептерге қарағанда тіптен бөлек,- дейді мектеп-интернат директоры Насыр Сүндетов. – Бүкіл коллектив осындағы 250 оқушының тек сабақ үлгірімі ғана емес, олардың ішетін тамағы, киетін киімі, жататын орны, оның тазалығынан бастап баланың бешпентінің түскен түймесі мен көңіліне түскен кірбіңге дейін жауап береді. Сондықтан тәрбиешілерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мария Мамаева он бес жылдай аға тәрбиеші болып істеді. Тек соңғы екі, үш жылдан бері денсаулығына байланысты оқытушы және қатардағы тәрбиеші. Ол кісі үшін мынау сенікі, мынау менікі деген болмайды. Қайда ақсап жатқан жұмыс бар – соның басында жүреді. Бірнеше жыл қатарынан партия ұйымының секретары болды. Мұғалімдердің республикалық V съезінің делегаты. Оқу-ағарту ісінің үздігі. Бұдан екі жыл бұрын Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі деген атақ берілгенде бүкіл коллектив қуандық...

Біз директор кабинетінен шыққанда күн едәуір еңкейіп қалған-ды. Шуласып, қуана әңгімелесіп бір топ бала өтті алдымыздан. Өне, Мария апайдың үйіне беттеді. Үйлерінен бүгін келген ғой. Апайға амандасуға бара жатыр.

Оларды да жақсы жанға деген іңкәрлік атты қасиетті сезім асықтырғандай қадамдарын асыға басады.

«Орал өңірі» газеті

12.02.1983 жыл

Сынықшы Әмина

Сонау ел ыдырап, заман өзгеріп, ел байлығы талан-таражға түсе бастаған тоқсаныншы жылдары, қолыңда халық байлығы қамтылған азаматтар осынау құнарлы өлкеден зәулім-зәулім жекеменшік үйлер сала бастаған. Содан бері Орал жеміс-жидек совхозы деген аты аталмай, бұл маң халықта «Хан сарайлары» деген атпен мәлім-ді.

Осы атырапта алдына кей күндері 15-20 машина тоқтап, автобустан түскен жаяулар легі еш үзілмейтін бір жер бар. Ол халық емшісі – сынықшы Әмина Зинорайқызы Әлмұханованың үй-жайы.

Өмір бойы Жалпақтал ауданы, Қарасу елді мекенінде еңбек етіп, емшілік қасиетін де туған жер топырағында ел қажетіне жұмсаудан бастаған Әминаның облыс орталығына көшіп келуі жолдасы Асқардың бастамасы еді.

«Балалар өсті, бәрі де білім алып, еңбек жолдарын қалада бастап жатыр. Ата-баба мекені, қорғансыз қалып бара жатқан ауыл адамдары деп отырасың ба?! Тұрған жері тып-тыныш, жайлы мекен таптым, көшеміз қалаға», - деген.

Көп сөйлемей-ақ, тоқ етерін бір айтатын Асқардың мінезін білетін Әмина артық сөзге келмеген. Оған да міне аттай 5 жыл.

Сөйтіп, ақ бетін самал сүйіп, күн қаққан жалаң аяғымен ауыл топырағын шаңдата жүріп ержеткен, жанұя құрып, бала сүйген, еңбек етіп, азамат болған, өзіндегі ата-баба әруағымен қан қуалап бойға сіңген, құдай берген құдіретті де бір арнаға салып, өз-өзін соған бейімдеп, пенделік қалыптың көп кесапатынан айыққан жылдары сол ауылда басталған-ды.

Сәт сайын есінде тұратын ауыл, қасиетті қара жер топырағын жетімсіретпей ұстап тұрған ауыл адамдары Әминаның бойтұмарындай қасиетті де қадірлі.

Содан болар Орал атты қаланың сүйек сынығынан зардап шеккен неше ұлттың өкілі кезекте тұрса да, ол әркез «Қане, кім бар ауылдан келген, бері өтіңдер, әуелі солар қаралсын» деп ауруларды кезексіз қарайтын.



Ал жанына шипа іздеп келген аурулар оның бұл еркелігі мен азаматтығын қалтқысыз ұғып, үнсіз кезегін беріп жататын-ды.

Ия, «Хан сарайлары» мекеніндегі осы бір ауыл үйлеріндей жатаған келген ақшаңқан үйдің кең ауласы әркез адамға толы. Жаз күндері бірі сыртта, екіншісі шарбақта отырып, тұрып кезек күткен аурулар қыс күндері топырлай кіріп, бірден Асқар мен Әминаның төргі бөлмесінен бір-ақ шығатын.

«Қай жерің ауырса, жаның сол жерде» дейді халықта. Рас болар. Әйтеуір, жанына дауа іздеп, оған шипа тапқан жан қанша үгіттесе де, енді өзгеге мойын бұрмастан, жүрек қалауына қалтқысыз сеніп, Әмина емшіге қайталап соғып қаралатыны ақиқат.

Халық емшілерінің адамды емдеу қасиеттері де әртүрлі. Біреулер күңіренге аят оқып дем салса, екіншілері дауылпаз сұңқардың қанатындай сабалатып, айқай сүренді шаңқобызды сарнатады, ал, үшіншісі ұлт киімдерін малындыра киіп, қолына ұстаған деспесімен-ақ дегеніне жетеді. Тек тәңірім ауырған жан дертіне дауа тапсын де.

Ал орта бойлы, толықша келген, қой көздері әркімге мөлдірей қарайтын, қолы мен аузы қатар қимылдап, сынған сүйекті салып болғанша қалай күтіну, қосымша қандай ем жасау, қашан келу деген сияқты ой-тұжырыммен ауру диагнозын қатар айтып болып, біреуі алдынан тұрып кетісімен бірден келесі ауруға көшетін Әминаның емдеу тәсілі де ерекше екен. Содан болар, арқасы бүкірейген, омыртқасы майысқан, қабырғасы шетінеген аурулар өздеріне тән емдерін сынықшының салалы саусақтарының сарт-сарт соғуынан-ақ дауа тауып, келесіге орын береді.

Біреуге сену үшін бір құшақ анықтама жинайтын кезеңге тап келдік. Сөзім дәлелді болсын деп келген аурулардан жөн сұрадым.

Жасы қырықтың қырқына шыққан етжеңді жігіт:

Ақболатов Демесінмін, – деді өзін таныстырып.
– «Жайықжылуэнерго» атты мекемеде жұмыс істеймін. Машина

қақтығысынан жарақат алдым. Омыртқам айнымалы болып, аяғымды баса алмайтын едім. Осында алғашқы келгенде төрт жігіт көрпеге салып көтеріп келген-ді. Көріп тұрсыз ғой, қазір машинамы өзім айдап жүрмін. Тәуірмін. Кейде Әмина апайға қандай алғыс айтарымды білмей қиналамын,- дейді ол ризалық көңілмен.

Соңғы модамен сәп-сәнді көйлек киіп, биік тақалы туфлиін қайда қоярға жер таппай қолына ұстай бірден емін-еркін ішке кірген ұзын бойлы аққұба келіншек, өзін тым еркін ұстады.

– Қарағым-ау, тұла бойыңда бір мін жоқ, топ-модель сияқтысың, сенің қай жерің ауырады?- дедім мен оған.

– О, апа, мені бұдан бір жыл бұрын көрсеңіз ғой. Мен қаладағы №9 орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ беремін. Аты-жөнім – Алма Бекқалиева. Ата-анам сонау 30-жылдары Омбы асып – көшіп кетіпті. Туған ел деп біз, ұрпақтары Қазақстанға келдік. Соңғы жылдары неше түрлі аурумен ауырдым. Омыртқам қисайып, тіке жүруден қалдым. Күшті дәрінің әсері ме, әншейінде 48-размер киім киетін кісі, ісіне келе 62-размер киетін болдым. Айлап дәрігерге қаралдым. «Нейрохирургияға барасың», - деді бірде олар. Ол дегенің омыртқаға диск салу. Ол сәтті шыға ма, әлде өмір бойы мүгедек болып қаласың ба, белгісіз? Күніне 15 укол алған күндерім болды. Аяғымды баса алмай 10 минут жүретін мектепке жету үшін үйімнен 1 сағат бұрын шығатын едім. Мектептегі мұғалімдер коллективі де менің өмір сүруімнің соңғы айлары деп сыйласа керек, сабаққа жете алмай кешіккен күндері түсіністікпен қарады. Сол кездері Әмина апа туралы естідім. Бірнеше рет келіп, кезіге алмай қиналдым. Бірде келсем, үйінде аурулар қарап жатыр екен. Алдына келдім де құладым. Мұңайғаным ба, торыққаным ба, құладым да ағыл-тегіл жыладым. «Жалғыз ұлым бар, апа, ата-анам да алыста, мен өлсем ол қайтіп күн көрер? Маған көмектес апа», - деп өтіндім. «Айнам, мен де біразға келдім. Үй-жай, бала, немере бәрі шүкір аман болғанмен, қан қысымым көтеріліп жиі ауырып қаламын. Басқа ауруды



қарамай-ақ, тек сынықтың өзі шаршатады. Оны да алаңсыз қараймын» дегені. Содан бетіме біраз қарап отырды да: «Ал көмектесе қалғанда да, ұзақ емделесің», - деді. Бұлт астынан күн шыққандай көңілім көтерілген сол күнгі қуанышым-ай. Жұпар гүлін қанша тығып қойсаң да жан-жағына хош иісін таратпай ма? Әруақты адамның аурасы да ем дейді. Сол рас. Өзгелерді қарап жатқанда апаның қасында тұрамын. Кезегім келгенде омыртқадан сарт-сұрт «соққымды» алып, не анандай жерге барып отырамын. Қыс күндері кісі көп, орын тар. Шамамен қаралғаным 2-3 ай болса керек. Бірде орын жетпей қысылғанда емделуге келген мекеме басшысы болып істейтін бір апай маған ұрсып: «Уақытыңды, орынды алып бос жүрсің. Одан да үйден күтінбейсің бе?» - дегені. Ақ семсердей жарқ еткен адамның ашуы да қатты ма, Әмина апа шамданып қалды. «Үш айдан кейін кел де, осы қыздың қолын ал», - деді ол жаңағы маған тиіскен адамға. Тфу, Тфу, айтуға қорқамын. Сөйтіп, о дүниеге жақындап барып келген жанмын. Орысы бар, қазағы бар, біздің № 9 мектептің оқытушыларының бәрі қаралды апайға, - дейді ол тебірене сөйлеп.

«Бала – бауыр еті ананың» дейді халықта. Өйтпесе анау Базаршолан ауылынан Асылан Айтмағанбетов деген ұлын арқалап алып келіп, көтеріп алып кететін Қарлыға атты ананың еңбегін немен бағалауға болар?

Сәбилерін балалар үйіне тастап кетіп, тайрандап жүрген безбүйрек сәнқойлар сол Қарлығаның қолына су құюға жарамайтынын біле ме екен? Өмір бойы паралич болып жатқан ұлы қазір 19-да. Бірақ бойы 11-12 жастағыдай. «Қаралғанымызға 4-5 ай болды» дейді анасы. «Құдайға шүкір бұрынғыға қарағанда көп тәуірміз. Осындайда ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады» деген халық мақалы еріксіз ойға оралады.

Үлкен де, кіші де, әйел мен ер де, ауырған адам жанына сая іздейді. Әйелі мен інісі қолтықтап, Павел атты орыс жігітін әкеліпті. Үш айдан бері ауруханада жатқан ол жамбасының

ұршық жілігінен бөлінгенін, дәрігерлер сым салып жалғаймыз дегенін айтып, қайтсем екен деп кеңес сұрайды. «Басқа ауруыңды емдеп, сынық салуға олар кешігіпті. Қазір салып берсем, жазылып та кетеді. Бірақ жіліктің қосылар жерінің еті өскен, тәуір болғанда көбірек ақсаңдайсың. Сондықтан ұзақ та болса, аяғың дұрыстау бітетін операцияға жат», - деді оған Әмина.

Арнаулы оқу-білімі жоқ, сан қырлы адам тәнінің сырын Әмина қалай біледі деп таң қаласың.

«Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі» деген тілек бар халықта. Ғасырдан ғасырға жалғасқан бұл тілек әруақты ақылгөйдің, дарынды кемеңгердің игі істері ұрпақтан ұрпаққа жалғассын деген арманы екен ғой бабалардың.

Әкесі Зинорай дүниеден озғанда Әмина тым жас-ты. Бес баласын аузына тістегендей әлпештеп өсірген анасы Нұрыш 50 жыл қатарынан ел-жұртына сынық салып, ауыл-аймағына әулие атанған қадірлі жан еді. Дүниеден озардан бірнеше күн бұрын «Қарағым Әмина, менің жолымды жылдар өте өзің ұстарсың. Алдыңа келгенді алалама» деген.

Әмина қатарынан 30 жыл еліне қызмет етіп келеді. Анасының сол сөзі ешқашан есінен кеткен емес. Содан болар өзге емшілердей «қызметіме пәлен сом аламын» деп еш жанмен тілге келіп көрген жоқ. Ауырып келдің бе, себебін айт. Сынығың түзеліп, дертіңе шипа болса, ең бастысы – сол. Содан болар қаралуға келгендер аз-мұз ризашылығын қалыстау жердегі тартпаға тыға салады. Ал, бермей кетсең, жолың ашық. «Неге олай?» деген сөз естімейсің.

– Халыққа қызмет ету оның басты қағидасы. Ана бір жылдары Алматыдағы халық емшілері қауымдастығының арнайы адамдары келіп: «Өзіңде биоэнергия бар. Қолыңда әртүрлі қасиет көп. Алматыға келіп комиссиядан өтсең болды, саған арнайы куәлік береміз. Кісі қабылдайтын орын қарастыр. Бізге, жергілікті жерге салық төле, әр еміңе баға қой», - дейді. Ал олардың сынық салғанда алатын бағасын естігенде «Мынау



кісіні қанау ғой, өзінің жаны көзінің ұшына келіп қысылып келген адамға пәлен мың ақша бер, сосын қараймын десем, менің адамдығым қайсы? Асылы маған ондай атақ та, куәлік те керегі жоқ. Рұқсат жоқ десеңіз ешкімді қарамаймын», - деп кесіп айтқан. Содан Алматыға барып емшілік куәлік те алмады. Пәленше елдің, түгенше жердің құрметті емшісі деген атағы да жоқ.

Бірақ дертіне дауа іздеген адамдар легі Әмина алдынан бір күн де толастаған емес.

Расында, біз қызық халықпыз. «Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын қайран халқым, қазағым» деп ертеде өткен даналар соңындағыларына біз туралы нақылдай айтып кетіпті.

30 жыл бойы еліне қалтқысыз еңбек еткен Әмина Зинорайқызы құрмет пен мақтауды тек өзі емдеген жандардан естіген болар. Әйтпесе, ел алдындағы еңбегіне рақмет деп, ең болмаса мейрам күндері ел ағаларынан, халық үшін қызмет істеп жүрген лауазымды жандардан жылы сөз естіген де, қадір мен құрмет те көрген жоқ.

Рас, халық өтініші бойынша, еліміз егемендік алғанға дейінгі жылдары, Фурманов аудандық әкімшілігі Қарасу совхозында арнайы ауру қарайтын үй беріп, келген азаматтар тізімін алатын арнайы көмекші де бөлген. Дүйсенбі, сейсенбі күндері жаңақалалықтар, сәрсенбі, бейсенбі – қазталовкалықтар, қалған уақытта аудан адамдары келеді деп күнтізбек ілініп, емшіге қаралатын адамдар үшін ауылдан, ауданнан арнайы машина да бөлінетін. Ондайда анау Саратов, Астрахань облысының билік басындағы әлді азаматтары уақытын алмайық деп, Әминаға сынық салдырарда арнайы самолетпен алып кетіп, әкеліп салатын.

Жастығы ма әлде қадір мен құрметті қатар ұсынған ақжарқын адамдардың аппақ көңілінің қайырымы ма сол жылдары еш шаршамайтын. Тіпті, өзінің негізгі жұмысы кітапханашылықты жанындай ұнатып, қолы қалт еткенде

оқырмандармен романдағы кейіпкер бейнесін талдап, оқушылар конференциясын өткізсе, айнала бере Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінен поэзия кешін өткізетін.

Сондай кездерде өзімен қатарлас құрбысы Клара: «Апырмау, балаларың бүлдіршіндей жас, енең Халиманың күтімі ерекше, сиырың, қойың дегендей үй шаруасы... Ал, сыртта машиналап келіп жатқан аурулар қанша, сен соның бәріне уақытты қайдан табасың?»- деп таңданатын. Ондайда Әмина: «Сен сияқты аяқты анда-санда бір бассам, әрине, уақыт жете ме?» -деп күлетін де қоятын.

«Талант сегіз қырлы, бір сырлы» дейді халықта. Рас болар. Осы бір ғасырлар тоғысындағы бар мен жоғы, аз бен көбі, жақсы мен жаманы, амалы мен сауалы астасып кеткен заманда өзінді сыйлату үшін әр адамның инабаттылық, адалдық, ізгілік, азаматтық көзқарасы жеткіліксіз. Ол үшін әруақ пен арқа аз, дарын мен талант татымсыз. Оған тек жаман мен жақсыны, үлкен мен кішіні, тентек пен теліні, ауру мен сауды салыстыра қарап, тек оларға жақсылық тілеп сүйетін үлкен жүрек керек. Сөзің мен ісің астасып, барың мен жоғың көрініп тұрғанда өзге саған сенеді, айтқаныңа түсініп соңыңнан ереді.

Содан ба, көңілі көлденең сөзге ешуақыт күпті болмай, әркез асқақ та қарапайым қалпынан айнымайтын Әминаның – өзіне қашанда сенімді жолдасы Асқар бірнеше жыл совхозда прораб болып қызмет істеп, 60-ты алқымдады. Ұл-қыздары саналы азамат болып ержетті. Үлкен ұлы Мереке ауылда мектепте ұстаз, ал, кенжесі Асылбек университетте студент. Лейласы – жоғарғы оқу орнының ұстазы болса, Лида салық полициясының қызметкері. Рауля мен Майра адам жанының арашашысы – дәрігерлер.

Өттең, тек соңғы кездері қан қысымы көтеріліп, жиі ауырып қалып жүргенін неге екенін өзі де білмейді. Ауадан, судан, төңіректен күлімсі иіс келіп, бір күш әп-сәтте құйын соққандай алып ұрады. Тылсым мен ғарыштың алапат күшін қалтқысыз



ұғатын ол, өзгеден сол үшін жауап іздемейді де. Кейде өз-өзінен «Тәңірім, анау ұры мен қарыны, жауыз бен жылпосты, қанішер мен желаяқты сылаңдатып сау қойғанда, маған сонша азап бергенің не?» деп налитыны бар. Ізінше бір жерде апат, айнала бере топан болып мыңдаған жанның жазықсыз жапа шегіп жатқандарын еске алып, жеке басына рахат іздегендей тәубаға келеді. Келеді де, ғасырлар тоғысындағы ғарыш бен жердің тартылыс күшін жан-жүрегімен сезініп, аналық аппақ жүрекпен баршаға ортақ, жаз дидары жаңа заманның тезірек келуін тағатсыз тілейді.

Иә, бұл сынықшы Әмина туралы аз уақытта көрген, сезген, естіген бір үзік сыр ғана. Реті келіп, ағынан жарылып, әңгімелесе қалсам, мүмкін бір қомақты уақиғаға кезігер ме ем? Бірақ оның өз басын дәріптеуді сүймейтін қарапайымдылығынан хабардар ем, сондықтан уақытын алып, онымен кездесуді қолқалап сұрамадым.

Ия, алдына күніне ең кемі 15-20 адам келіп, дертіне шипа тапқанда да, осы бір сынық сала бастаған 30 жыл ішінде Әмина қанша адамды азаптан құтқарды екен деп ойлайсың.

Пендеміз ғой. Тәуір болып кеткесін жақсылықты ұмытып кеткеніміз де кездеседі. Сол сауыққанның бәрі жабылып алғыстан жаңбыр жаудырмас. Дегенмен де «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген бабалар айтқан нақылды тез ұмытатынымыз несі екен? Бір-бірімізге қалтқысыз қарайтын ақ адал көңіл болмай, жан-жүректі жарып ашар имандай сенім болмай, өркениетті ел атанып алға баспайтынымыз ақиқат. Сол жақсы күндерді жақындату үшін атсалысайықшы, ағайын.

«Ел іші – өнер кеніші» дейді халықта. Тобырларды топырлатып мақтап, дәріптеп, елге үлгі еткенше, дараларды саралайықшы. Ал сол даралардың санына сынықшы Әмина Зинорайқызының ілігетіні көміл. Жылжыған жылдар жүгін тоқтату мүмкін бе? Күні кешегі уыз жүзді келіншектің ақ бетіне әжім түсіп, байсалды күй еніпті. Қандай дегенмен 55 жас, аз да, көп те емес. Тек әттеген-айы 30 жыл сынық салған емші

туралы бірде-бір бейнефильм түсіріліп, газетке мақала да берілмеді.

Әмина көптің бірі емес қой. Оның сынық салуы қазақы ұлт құдіретінің дәстүрлі жалғасы. Емшілер қанша көп болса, сынықшылар ілеу де біреу ғана.

Әркімнің жұлдызды шақтары болады. Сол бір қасиетті де қадірлі кезенді дөп басып, жақсының ізгі ісін өзгеге үлгі еткім келіп кеткені.

Әйтеуір ентелей келіп, сынықшы емінен ерекше ләззат алған топ жанның жалынышты көзқарасы қолыма қалам алғызды.

«Хан сарайлары» атты ауылға бара қалсаңыз, орталық мектеп жанындағы аялдамадан тіп-тіке сынықшы Әминаның үйіне апарар жол шығады. Ол әуелде сүрлеу еді. Адамдар ізінен сара жолға айналыпты.

Тәңірім, осындай қамқор жанның болғанына не жетсін?...

«Орал өңірі» газеті

2001 жыл

Қолы шипалы, жаны жайсаң жан (Әмина туралы сыр)

Мен онымен күтпеген жерден кезіктім. Сол күні ауруханадағы танысыма барғам-ды. Екінші қатарда жұмыс жасап жүрген медбикелердің бірін-бірі іздеп, үнсіз ымдасып, лезде палаталардағы істеп жатқан жұмыстарын сол сәт қоя тұрып, ұзын дәлізді бойлай салған әр палата алдына тізіле қалғаны, мені қатты таңдантты.

– Неге дүрліктіңдер, жоғарғы жақтан комиссия әлде әкімдер келе ме? – дедім жанымдағы ақ халатты келіншектен.

– Әмина апай келіпті кеше. Мына 12-палатадағы ауруға бүгін сағат 9-да келемін деген екен. Әлде бір ауруларға кідіріп қалды ма, әлі жоқ...



Сөйткенше болмай ұзын дәліздің батыс жақ бұрышынан жалаң бас, үстіндегі тоқыма костюмі толықша денесіне лайықты жарасқан, қара торы келіншек, қасындағы балаң жігітке, әлденелерді ежіктей түсіндіріп тез-тез басып келе жатты.

– Апай, келуіңізбен,- деп жарыса амандасқан топ адамның сөзінен, бағанадан бергі медбикелердің сарыла күткен қадірлі қонағы, сынықшы Әмина екенін анық ұқтым.

Ия, етене жақын танысып, не алдына қызметім түсіп бармасам да, бірнеше жылдан бері «Жалпақтал ауданының «Қарасу» ұжымдық шаруашылығында Әмина атты сынықшы келіншек бар», - деп таңдана да тамсана әңгіме еткен талайлардың мақтауын естігем-ді.

Жасымның үлкендігін базсындым ба, әлде мынандай сәт қайтып кезікпес деп қорықтым ба жалма-жан қасымнан өтіп бара жатқан Әминаны тоқтатып, «Сізбен тілдесуге бола ма»? – дедім.

– Кешіре гөріңіз, түс қайта жол түссе ауылға қайтамын. Оған шейін мына шақыртқан ауруларды қараймын. Сенсеңіз, осында бір сағатқа ғана келдім. Сондықтан әңгімелесуге бір минут та уақытым жоқ.

Күлте-бүлтесіз ап-анық айтылған шын сөздің салмағы ма әлде қой көздері кісіге сынап қарайтын Әминаның мысы басты ма, мен үнсіз қалдым.

Адам табиғаты қызық қой. Өзі көрмеген, білмейтін әрі көп сене бермейтін тосын оқиғаға кезіккенде жақсылық пен жаңалықты бірден қабылдай алмай, өзіне де, өзгеге де сенімсіздікпен қарап, әрі-сәрі болатының бар. Сол түс көргендей сүлесоқ қалыптан арылатын жалғыз-ақ құдірет бар, ол – не нәрсені де көзбен көріп, қолмен ұстап, жанында тұрып жан-дүниені сезіну. Мені де сондай бір әуестік биледі ме, ешкім шақырмаса да, келесі сәтте Әмина кірген палатаға кіріп бара жаттым...

– Борадачев Валерий Иванович,- деп таныстырды ауруды оның жанында отырған жұбайы. – Жолдың тайғақ кезінде машинасы соғылып әйтеуір тірі қалды.

– Кеше, сіз қарап кеткелі көзім көретін болды,- дейді науқас Әминаға қуана қарап. – Басым да шаншуын тоқтатып, түн бойы тыныш ұйықтадым. Не істедіңіз маған?..

– Бас сүйектің сынық-жарықтары бір сипағаннан кете қоймайды. Қуануға ерте. Кәне, кеше омыртқам деп ойбайлап едің ғой, бүгін соны қарайық.

Заман ағымы ма әлде атеистік кеңес мектебінің тоғышар қалыпта қарапайым ғана тәрбиелеген түлектері болғасын ба, әйтеуір санамызға табиғат берген тылсым күштердің қадір-қасиеті тез кіре қоймайтынын мен осы жолы анық түсіндім.

Өзіл-қалжыңын айта, әр-нені сұрай жүріп, қарапайым қалпын да бұзбай, Әминаның адам емдеу тәсілі де ерекше екен.

Аппамсадай азаматты әйелі мен жігіт болған ұлына мықтап ұстатып қойып, омыртқа тұсынан жұдырықпен салып қалғанда, аурудың қатты шыққан айқайы жанды тітіркентеді. Ал Әмина болса: «Біз директорларды қаттырақ ұрамыз, себебі ауру адам қарамағындағыларға тынымсыз ұрысқыш келеді. Ал омыртқасы сынған адам «Долинский» сияқты үлкен кеңшарға басшы бола ала ма? Директор болып істегің келсе, тоқпағыма шыдайсың», - дейді өзіл-шыны аралас күле сөйлеп.

– Бұл адам: «Гипске салынсам көп жатып қаламын, қазақ сынықшысына қаралғым келеді», - деп машинасы мен ұлын жіберген екен, есін білмей жатқасын кеше тек бас сүйегін салып кеткенмін, бүгін содан қалғандары ғой оңдап жатқандарым,- дейді Әмина.

Ал ауру болса жаңа ғана аз-кем жадырағандай, ақсары жүзін тер жауып, жастыққа басы тиісімен әп-сәтте қалғып кетті.

Біз палатадан шыққанда, сынықшының дәру қолын денесіне тигізуін аңсаған аурулардың сәлемін арқалаған медбикелердің тобына ауруларды күтуге келген, олардың тума-туыстары қосылған екен...

– Апа, 37-палатада жас жігіттің жамбасы сынық, кіре кетпейсіз бе?

– Апа, орнынан тұра алмайтын 39-палатадағы мүгедек сізді көрсем деп армандайды...



Үзік-үзік айтылған өтініштер талай аурудың тағдырын ұстап тұрғандай.

Біздер – адамдар көп нәрсенің байыбына барып, қадір-қасиетін біле бермейміз. Тап қазір анау аумағы атшаптырым, бір өзі бірнеше қабаттан тұратын корпустары бар аурухана іші толған ауру. Онда жас та, қарт та, ер де, әйел де, әкім де, жетім де бар. Олардың өмірі үшін қалтқысыз қызмет етіп, ажал тырнағынан арашалап алып қалып жүрген адамдар – дәрігерлер, хирургтер, ауруға сәт-сайын көмекке келетін медбикелер. Олардың жан-кешті қызметі адамдардан да, қоғамнан да орынды бағасын ала алмай жүргені еш құпия емес. Гиппократ антына адалдықты сақтаған олар өзгеден ерекше құрмет күтіп, оны қажет етпейді де. Дегенмен де егер мен осы жолы сынықшы Әминаның іс-әрекетін айтуды көздемеген болсам, ақ желенді абзал жандардың қызметіне басымды иіп, ерекше тәнтілігімді алғыспен баяндар едім.

Ия, таудан жылыстап аққан тап-таза бұлақ суы тым елеусіз.

Қайнар көзін табиғаттың біз білмейтін тылсым қойнауынан алып жатқан ол қыста қатып, жазда кеуіп, жалт етіп өзгере салмайды. Бірде арқырап, бірде сарқырап, екпіндеп ағып, өзгенің көңілін өзіне аудармайды. Қыстың қытымыр аязында, жаздың аптап ыстығында, басқа еш жерден табуға болмайтын қысылтаяң сәтте, тіршілік нәрі сабылып су іздеген адам, әйтеуір сол бұлақ басына қайтсе де барады. Барады да, қанып ішкен тәтті судан жаны жәй табады. Ал қиналған кезде әл берген сол судың дәмі, оның таңдайында талай жыл қалып қоятыны ақиқат. Әминаның қасында болған бірнеше сағат ішінде бұлақ суына бас қойған жолаушыдай соның еміне тәнті жандардың ынтыққан жанарын көрдім...

Дәрі-дәрмектің тапшылық заманында аурулар үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, ажал мен дертке титтей болса да, тосқауыл болсын деп емшінің ауру қарауына кедергі болмай, түсіністікпен қараған дәрігерлердің азаматтық ажарын көрдім...

«Бәрі де адам үшін, талант пен дарынға жол ашық» деп

айқайлаған үгіт пен насихатқа өмір бойы сеніп келгесін бе, осы кезге дейін Әмина сияқты дарынды сынықшы туралы түк білмегеніме ұялдым.

Әуелде кезігемін деп ойламағасын ба әлде жөпелдемеде тосын оқиғаларға тап келіп, оған қарап таңданарымды не сұрақ сұрарымды білмей састым ба, тек қолымнан келгені шындыққа жүгінуді жөн көрдім. Мынау сол жылы облыстық ауруханада жатқан адамдардың жай-күйінен бірер көрініс.

Ерболат Мұсағалиев – жас жігіт, Қаратөбе ауданынан. Өлдекімдер көшеде соғып, киімін тартып алған. Ауруханада екінші күн.

«Жауырынының ұшы сынған ғой», - дейді Әмина. Сосын күтіп жүрген екі азаматқа қолтықтатып қойып, арқасынан мытып қалғанда ауылдың төзімді де қайратты жігіті жаны қысылып жерге отыра кеткені. «Түк те емес, жұмысың бітті, тек жатқан жерің тегіс әрі қатты болсын. Рентгенге түсірді ме? - дейді аурудың жанынан өтіп бара жатып.

– Түсірді, онда да сіз айтқандай сынық. Дәліз бойлап шығып бара жатқан Әминаны осында массажист болып істейтін Нәзипа тоқтатты.

– Апатай, бір минутқа ұлымды қараңызшы.

Жасы 16-17-ге келген балаң жігіт:

«Кейде көзімнің, басымның шаншитыны бар, басқа еш жерім ауырмайды», - дейді күлімсіреп.

– Маңдай сүйектің жігі ашық тұр, құладың ба? Әлде біреуден соққы жедің бе? Бұны әп-сәтте түзейміз. Ал еңбегің өсіп келеді. Бұл қауіпті. Қазір ісікті тоқтату үшін ем беремін. Бірақ ыждағатты түрде біраз емделсең ғана тәуір боласың, - деді.

Бәріміз де үнсізбіз. Тек қорқыныш пен қуанышын жасыра алмай үнсіз жылаған жігіттің анасы Нәзипаның көз жасы аурухананың сырлы еденіне тырс-тырс тамғаны ғана естіледі....

«Тұлпарға қалудан да озу оңай», - дейді ғой дана халық. Көзі мен сөзі, қолы қатар қимылдап, жүрген жерінде қарапайым мінезі, мап-майда үнімен, желдің желпігеніндей ерекше бір



әсер қалдыратын Зинорайқызы Әлмұқан келіні Әминадан науқасы асқынған талай адамның жан дертіне дауа тапқаны ақиқат.

«Атадан ұл туса игі, Ата жолын құса игі» деген тілек бар халықта. Ғасырдан ғасырға жалғасқан бұл тілек әруақты ақылгөйдің, дарынды кемеңгердің игі істері ұрпақтан ұрпаққа жалғассын деген арманы екен ғой бабалардың.

Әкесі Зинорай дүниеден озғанда Әмина тым жас-ты. Бес баласын аузына тістегендей әлпештеп өсірген анасы Нұрыш 50 жыл қатарынан ел-жұртына сынық салып, ауыл-аймағына әулие атанған қадірлі жан болатын. Сол қария дүниеден озардан бірнеше күн бұрын: «Қарағым Әмина, менің жолымды жылдар өте өзің ұстарсың. Алдыңа келгенді алалама» дегенде, «Ой, қойшы, мама, балалар жас, үй іші, жұмыс, қонақ деп жүргенде әруақтар мені қайтсін?»- деп күлген де қойған.

Ой, жастық-ай десеңші. Содан жылдар өте сынық сала бастағанын өзі де байқамаған...

Осы жылдары шаңырағынан шаттық кетпеуіне әйелдік, емшілік, азаматтық, аналық бағының жануына – қосағының келісті ақыл-иесі болып кезіккеніне ол дән риза. Жүрегінің жылуын төгетін, қуанышы мен ренішін, қайғысы мен мұңын бөлісіп, ақылдассаң ақылшың болар, еркелесең назыңды ұғатын, ұл-қызыңа үлгілі әке бола білген азамат қалада бол, далада бол, әр әйелдің арманы емес пе? Сексенге келген енесі Халимаға қызындай сыйлы. Батпандай төрт қыз, екі ұл өсіріп, төрт немереге әже болған Әмина жолдасы Асқардың аты аталса жадырап қоя береді. «Тәріміздің тәңірі ғой ол деген»,- дейді күлімсіреп. Талай рет Саратов, Астрахань қалаларынан менде емделіп кеткен заводтың, үлкен мекеменің басшылары «Қаланың қақ ортасынан үй береміз, Асқарға қаладағы құрылыс тресінің кез-келгенінен прораб болуға жұмыс табылады, көшіріп алайық»,- деп жалынған. «Айта көрмеңіз, елден, Қазақстаннан кетіп... жооқ»,- дейді Асқар. Біз тымпындап көне кетеміз... Бұл Әминаның ағынан жарылып айтқаны...

Ой шіркін-ай халықтың қамын ойлайтын бір басшы табылып, кең сарай салып бермей-ақ қаладағы жекешелендіріп жатқан ертеде салынған үйлердің бір бұрышынан Әмина сынықшының үй-жайы әрі ауру қабылдар орны деп қоныс берсе ғой, асығып-үсігіп алқынбай-ақ, қысылып-қымтырылып тартынбай-ақ, арып-ашып жол жүріп шаршамай-ақ, жүзі жарқын, көңілі шат жүріп-ақ бойына біткен қабілетін ел игілігіне, халық мұқтажына жаратар еді ғой деп ойға кеттім.

Өңгіме айтып сыр шертер уақыт әркез жете ме? Әминаның сөмкесінде жүрген соңғы күндері келген алғыс хатты сұрап алып оқыдым. Соның бірінде «Астрахань ауруханасында 7 ай жатып, профессор Белобасов пен медицина ғылымының докторы Шубин «операция жасағанның өзінде балдақпен аяқ бассаң жетістік» дегенін естігенде, Сізді тірек көріп ауруханадан қашып келгенімді айтып ем ғой. Сізге қаралғаннан кейін сол профессорлардың алдында туфли киіп билеп бергенімде «Сол құдірет біздер барсақ қарай ма?»- деді. Апа, мен емес, бүкіл клиникалық ауруханадағы дәрігерлер таңданып алғыс айтты», - деп жазыпты Айман Мұратова, Астрахань облысы, Ахтуба қаласынан. 1994 жыл қыркүйек айы.

Мына хат Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің бас домбырашысы Тұяқ Шәмілевтен: «Сонау Алматыдан ұлымды алып барғанда көңілімде күдік пен қорқыныш бар еді. Қазір жақсымыз. Мен ауылға барып, Сізге арнап күй төгер сәтті асыға күтемін. Сізге інілік рақмет. 1994 жыл қаңтардың 5-жұлдызы».

Абыр-сабыр шу естілді. Алмазов көшесінің бойындағы сонау 60-жылдары салынған ескі жатаханадағы Әминаның қыз-күйеуі Ләйла мен Батырбектің аядай бөлмесіне алпамсадай жігітті балаша көтерген Файзуллин деген отағасы кірді.

– Сонда сен солдатсың ба?- деді Әмина Ермектің машина дөңгелегінің ізі қанталатқан қара санын сипай отырып.

– Ия.

– Санның сүйегі сынған.

Шалқасынан жатқан жігітті баса ұстаған әкесі мен інісі түгіл Әминаның сынықты салғандағы сүйектің сықырын әріректе тұрған мен де естіп, қорыққаннан көзімді жұма қойдым.

Арада он минут өткенде, інісіне сүйенген Ермек ауру аяғын қорқа басып, үйден шығып бара жатты...

Жел борасыны ысқырып, үлпек қарды үйіріп тұрған аязды қыс күні қараңғылықтың ерте түсетіні-ай.

Қаланың солтүстік жақ бөлігіндегі «Хан сарайлары» деп аталатын қос қабатты коттеджде тұратын жерлесінің арнайы шақыруымен Әмина тағы да асығыс жолға шықты.

Халыққа қызмет етуді мәртебе санайтын осындай жақсы адамдар арамызда көп болса ғой, шіркін...

«Орал өңірі» газеті

26.02.1995 жыл

Қыз намысы – ел намысы

Орал қаласында облыстық мұсылман әйелдерінің құрылтайы өткізіліп, Одақ басқармасы сайланып, онда одақ мүшелеріне арнайы жұмыстар бөлініп берілгеніне көп уақыт болған жоқ.

Әр әйелге мынау қарбалас өмірде жұмыс жеткілікті болса да, үй іші, отбасы, күнделікті қызметтен де басып озып, әркез жүрегінің бір түкпірінде қоғамның болашақ қамын ойлай жүретін жанкешті әйелдер тобы жақында облыс орталығындағы жоғарғы оқу орнында оқитын студент қыздар қауымымен кездесіп, сырласу кешін өткізді.

«Сырласайық, жеңеше» клубының жетекшісі, облыстық халық шығармашылығы орталығының бас режиссері Айман Қуатова алғашқы сөзді облыстық мұсылман әйелдер одағының төрайымы Нәбира Сайыноваға берді. Ол жақында өткен мұсылман әйелдер құрылтайының бағыт-бағдары, мақсаты

мен межесі жөнінде әңгімелеп, Республикалық мұсылман әйелдер төрайымының орынбасары Ахан Тілеубекқызы Бәйменова айтып кеткен аманаттар мен кеңес, көмектері жөнінде студент қыздар қауымына әңгімеледі.

Ибалы қыздар аңсай күткен жақсы кеш өтті. «Қыз намысы – ел намысы» атты қыз баланың өмірде алатын орны мен оның қадір-қасиеті жөнінде Республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, ақын Шолпан Қыдырниязованың мәнді баяндамасынан кейін жарыссөз басталды.

«Орнымен айтылған сөз – оқ, жөнімен келтірілген мақал – шоқ» дейді қазақта. Талай кешті басқарған, талай мәрелі тойда, мерекелі ойын-сауықта ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп жүрген А.Қуатованың әр сөзі залда отырғандарға ой тастап, тәлім-тәрбиенің дәнін сеуіп жатқанына күмән жоқ-ты.

Жоқтан бар жасап, аздан көп жасап, әр істе де жан-жүрегін жарып ашар әйел қауымы бұл кешке де жақсы әзірлікпен келген екен.

Егер оқушы қауымға кешке қатынасып, өз ойларын ортаға салған апа-сіңлілеріміздің сөздерінен үзінді келтірмесек, ой олқы соғатындай. Сонымен Орал педагогика институтының филология факультеті Қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері Меруерт Жолдықайырқызының сөзінен:

– Залда отырған бәрің де көңіл-қошым, қуанышым, көз-нұрым, жұбанышым, көңіліме медетсің, қиялыма қанатсың деп қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірген әр ананың бір-бір гүлісіңдер. Жоғарғы оқу орнына түсіп, студент атануларыңның өзі тәлім мен тәрбие, білім мен ақылдан қорек алғандықтарыңның жемісі. Ал сол білімді алға апарып, көп оқып, үйреніп, болашақ ұрпаққа тәрбие беру үшін не істеу керек?..

Көп болып, осыны ақылға салайық.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» кітабы авторларының бірі Айсұлу Бисенғалиева:

– Қарақтарым, халық қазынасынан нәр алындар. Қазақ деген ақыл-ойы телегей теңіз, намыс-жігері жанған оттай жалынды, ақын да батыр халық. Сол халықтың Ақжүніс, Баян, Құртқа сынды қыздары болған бір кезде. Солардың ақыл-ойы, жігер-қайраты, ибалы тәлім-тәрбиесі мен қылықты мінездері елге аңыз болған. Біздің Баян мен Жібегіміз сендерсіңдер.

Батыс Қазақстан Мәдениет институтының бірінші курс студенті Роза Сүндетова:

– Ауылдан алыстағасын анамды сағынып жүр едім. Бүгін сіздермен кездесіп, анаммен қауышқандай қуандым. Ол да ылғи өздеріңіз секілді ақылы мен кеңестерін құлаққа құятын. Біздер студент қыздар қауымы тамаққа, киімге, орынға зәру емеспіз, шын көңіл мен жан-жүректі жарып ашар ақ пейілді әңгімеге зәруміз. Сіздердің мұсылман әйелдерінің осындай кештері біздер үшін – қалқанды қорғандай. Жастардың бәрін жамандауға бола ма, келесі жиында мүмкін біз көбірек сөйлерміз. Себебі жастар, соның ішінде қыздардай қорғансыз қазір жан бар ма? Келесі кешті өзім асыға күтемін,- деді.

Кештің сәні әдемі ән емес пе? «Шежіре Жайық» фолклорлық ансамблінің әншісі Жаскелең Ғайсағалиев, жөндеу заводы балабақшасының тәрбиешісі Ғалия Ахметова және қаладағы N11 қазақ орта мектебінің оқушысы Айнагүл Серғалиеваның домбырамен сызылта салған әндері тыңдаушыларды тәнті етті.

Ал татар мәдениет орталығының директоры Г.Туфхатуллинаның, мәдениет институтының аға оқытушысы Балсекер Меретаеваның, Орал педагогика институты қазақ тілі факультетінің 3-курс студенті Алмагүл Кеңесованың, «Қыз намысы», «Он үште отау иесі», «Азамат айтқанына тұра ма?», «Жігіттер неге жасық, немесе неге пасық», «Ағалар адамды аяй ма екен», атты тақырыпта қозғаған пікірлері кештің көңілді етуіне мұрындық болды.

Облыстық телерадиокомпанияның аға редакторы, облыс ақыны Ботагөз Құрмашева бұл кеш-отырысты теледидарға

түсіріп, құндылығына көңіл аударса, Мәдениет институтының әкімшілігі мәжіліс залын беріп, нақтылай көмек көрсетті.

«Орал өңірі» газеті

10.06.1993 жыл

Әйел деген төзімді халықпыз ғой

Жыл құсындай қайталанып тағы да мейрам келді. Айлар бойы үй іші, бала-шағасы, жақын-жанабының молшылығы мен саушылығы үшін өндірістің әр саласында, әр кезде жалшыдай үн шығармай жұмыс істеп жүрген әйел атаулы бүгін бір аз-кем демалып әл жинайды.

Нарық қарық қылады дегенді желеу еткен мекемелерде таңдаулы әйелдерге гүл ұсынып, өзгелеріне аз-кем сыйлық та әперер. Ал, жұмыс күнінің екінші жартысының бар қиындығын азаматтар міндетті түрде мойнына алады да, әйел атаулыға «теңдік, еркіндік» береді.

Сонымен: Сәнімен отырып әңгіме-дүкен құратын кафе, бар, шайхана орта жастағы әйелдер түгілі, біздің ұл-қыздарымыз үшін де жоқ. Театр, концерт ілеу де біреу. Айлығыңды бір отырысқа беріп шығатын ресторанның әйел атаулы обадан бетер қашқақтайды. Аяғы жетіп барары «өзіңді көрсетіп, өзгені көріп» көңіл сергітер қазіргі таңдағы жалғыз орталық базарға аяңдайды. Аяқ астындағы көлкіген су мен шашылған қоқыстар арасында, әр саудагер бір мемлекеттей бөліне қоныс тепкен жәшіктер мен жаймаларды жанамалап, ондағы Америка мен Жапонияның, Түркия мен Қытайдың, неміс пен кәрістің бума-бума заттарының шарықтаған бағасын көріп, мерекелік көңіл-күйін бұзбас үшін әйелдер үйлеріне беттейді.

Құдайға мыңда бір шүкір, анау бірнеше жылдан бері атыс пен шабыстың азабын арқалаған Босния мен Сербтер не аз күнде халқы қанға бөккен Шешенстан да емес, қазақ елі,



облыс ауқымы қала мен село іші тыныш. Ләйімде ел басқарған азамат атаулы ақылды айқайға жеңгізіп, ел-жұртын бірлікте ұстағай. Сонда да мына заманның ұзаққа созылған беймәлім шағы тынышыңды алып, ойың ойнақтай, көңілің күмілжиді де тұрады. «Неге? Қайда? Кімге?» деген сұрақтарға жауап таппай ойланасың.

Соңғы жылдары жау жоқ, опат-зобалаң жоқ шүкіршілік заманда, экономиканың көлеңкелі тобымен күресу деген көбейіп кетті. Америкадан не Германиядан бізге ешкім де келген жоқ. Көлеңкелісі де, көлеңкесізі де, бәрі де өз азаматтарымыз, біздің ағаларымыз, іні-жақын, дос-жолдас, балаларымыз. Олар қойманы ашып зат ұрлайды, түн жамылып кісі тонайды, әлсізді ұрып, жарлыны жәбірлейді. Тіпті шетелден келген қайыр садақа да мүгедек жас пен еңкейген кәріге жетпей, біздің аптал азаматтарымыздың күшімен жер жұтқандай жоқ болады.

Кейде бөрік кигеннің бәрі ұры-қары, алдамшы болып кеткендей әлдебір бейтаныс қарақшы «ақшамды қолды ғып кете ме?» деп сөмкелерін қолға емес, қолтыққа тығатын болды қазір әйелдер.

«Әлдебір әумесер құлпымды бұзып, киер киім, ішер асымды алып кетпегей» деп жұмысында қылпылдап отыратын болды қазір әйелдер.

Екі еркек айқайласып келіспей қалса, арасы ашылып, топ болып төбелес туар деп араға жүреді қазір әйелдер.

Ерініп істейтін еріне сенбей, бала-шағаның қамы үшін жол төсеп, кірпіш қалайтын болды қазір әйелдер.

«Әумесер бастық сүтке кеткен сәтімді аңдып, жұмыстан қуар» деп әкім біткенге жалтандайтын болды қазір әйелдер.

Анда барса аға бастық, мында келсе бала бастық, ыңғайшыл әйел бастық та үндемейді қара басып, өз мұңын, өз зарын ешкімге айта алмайтын болды қазір әйелдер.

Обалы мен сауабын бір құдайдың алдында өзін алдап соққан ер азаматқа артып, жан тұңғышы жалғызын жетім етті қазір әйелдер.

Бәріне де көнген, бәріне де төзген сендердің әжелерің, аналарың, жарларың мен апа, қыздарың, азаматтар!

Мейрам деген көл-көсір шаттық сән ғой. Әрі биылғы 8 наурыз ораза-айт күндерінің біткен күндеріне тап келген мұсылман әйелдері үшін қасиетті күндер. Мұндай сәттерде ешкімнің жанына жабырқау түсіргің келмейді-ақ. Бірақ жалаң уәде, жағымпаз сөздің буына пісіп, қиындықты қолдан жасап, қарапайым халық еткен еңбек, төккен тер, істеген жұмысына ақы-пұлын ала алмай, күйкі тірліктің құлы болып жүргенде, қара бастың қамы үшін адамдық қасиеттерден ауытқыған азаматтарды көргенде көңіліңді зіл басады...

«Бақытты сол – тәрік етіп түндерін, Бақытты ойлап азаптанса кімде-кім», - деп заманымыздың арқалы ақыны М.Мақатаев айтқандай, әйтеуір бір жайдары күндер болар деп, жан-жүрегімізді жарып-ашып, алысқа да, жақынға да, үлкенге де, кішіге де, аға мен іні, құрбы мен құрдасқа да әйелге тән аңғал да ақ, пәк те нәзік көңілмен үмітімізді алдағы өмірден үзбей жақсылық күтіп келеміз.

Есірген көңілдің желігін басып, жан-жағыңа қарашы. Ананың, әйелдің назары неге төмен? Өмірдің тұтқасы адам десек, өмірге адам әкелер ана – әйел емес пе?.. Жүрегі жылаған ана, жайдары баланы өмірге әкелер ме? Аш қасқырдай жол торып, ұрлық пен қастық қылатын, үп еткен желдей нәп-нәзік әйел сезімін былапыт сөзбен былғап, ілгері басқан аяғыңды кері тартар еркек қай әйелді, қай ананы бақытты жасамақ?!

Әйел деген төзімді халықпыз ғой. Бірақ шыдамның да шегі бар деген. Әсем күйге кенелетін домбыраның шегі де қатты бұрасаң, үзіліп пайдасыз болмай ма?

Үлбіреп өскен қызыңды, жаным деген жарыңды, аяулы анаңды, бүкіл жұмыскерлердің 53 процентін құрайтын әйел деп аталатын жора-жолдасыңа тек 8 наурыз – әйелдер күні емес, әр күн сайын анықтай қарап, көңіл-күйіне құлақ салшы, Азамат! Қайталанбас шыныдай мөп-мөлдір көңілі бар олардың! Оны кірлетпей, сындырмай, бүлдірмей ұстау, сақтау



ерге – сын. Жүрген жерің, ішкен суың таза болмай, ұрлық-өтірік, алдау-арбау, зорлық-зомбылық қаза болмай, қалағаны мен таңдағанын алатын молшылық пен береке болмай, ұлқыздары күн көзіндей күлімдеп өсетін теңдік болмай Әйел-Ана жаны жадырамақ емес.

Адам өміріне нәр, әл берер азаматтың ақылы мен жігер-күші болса, оның сәні мен мәнін келтірер әйел емес пе? Жарқыным, мұны жадыңнан шығарма...

Әйел деген төзімді халықпыз ғой...

«Орал өңірі» газеті

07.03.1995 жыл

Көктемде күтіп алыңдар

Тау халқы жігітінің жеке дүңгіршегінен гүл алу үшін кезекке тұра қалғанымда бір ғана тілегім болған: ол анау қаңылтыр шелекке нығыздай салған қалампыр гүлі менің кезегім келгенше бітіп қалмаса игі еді.

Қатыгез қимылдаған егде жігіттің үні қатқыл шықты:

– Үшеуін алсаң, тоғыз сом. Ақшаң жетпесе уақытты алма. Келесі кім?..

Алдыңғы жақта тұрған әлдекімдердің «Ұлымның бейітіне апарамын дейді, ауғандық екен. Берсеңізші» деген даусы тықсыра итерген кезек күткендердің өктем күшіне төтеп бере алмағандай елеусіз қалды.

Сұрғылт желбегей сыртынан қарала орамалды қымтай байлаған толықша келген ақсары әйел кезекте тұрғандарды жанамалай өтіп бара жатты. Аузын ашық ұстаған сөмкесін де жабуды ұмытып, сол қолына ұстаған бір бестік, екі бірлік ақшасын қайда қоярын білмегендей көкірек тұсына көтерген күйі аяғын ілби басады. «Ертең өлгендерді еске алу күні... Е, байғұс ана ғой»...

Қит етсе көсемсіп, бос сөзге дес бермейтін тобырдың сөзін естіп бара жатса да түсінбестей есеңгіреп, аяғын сүйрете басып егде әйел бізден алыстап бара жатты. Әйел артынан мүсіркей қараған сол топ әлі қанша бос сөзді көлкітер еді, менің алдымда ғана манадан кезекте тұрған қағылез келген балаң жігіт бейтаныс әйелдің артынан қуып жетіп, қазір ғана алған гүлін апарып бере сала, өзі сөзге келместен жүгіре басып озып кетпесе. Жарықтық, бір-бірімізді қанша жамандасақ та бәріміз де ет пен сүйектен жаралған пендеміз ғой. Әлгінде ғана бәрімізді жаулап алған үнсіздік пен шарасыздық, әлде аяу мен мүсіркеу ме, сол сәт белгісіз жігіттің болмашы ғана мәрттік қылығынан өз-өзінен ыдырап серпіліп, бұлт ішінен жарқ етіп күн көзі шыққанда жерге түскен сәуледей жадырап-жарқырай көңіліміз өз қолымызбен әлдебір алып істі тындырғандай әп-сәтте қанағат қалыпқа келе қалғаны.

Бұл менің ауғандық солдаттың анасы Нина Максимовна Тамбоцевамен алғаш таныстығым еді.

Бақ озады, ажар тозады, бірақ өлмейтін-өшпейтін, азбайтын-тозбайтын сезімдер болады. Соның бірі қайтып келмеске кеткен балаға деген ананың аңсар көңілі. Ол жыл өткен сайын жаңғырып, самайды ағартып, ақша жүзге әжім салған жылдар жүгіне еш бағынбай, сол бір балауса күйінде қалады екен.

«Жүректегі жараны уақыт жазады» дейді халық. Рас болар. «Орнында бар оңалар» дейді тағы да халық мақалы. Өрине жаныңның сыздай ауырған жарасын басар тағы бір сүйенішің болса, сартабан сағыныш пен азап қайғының көмескі тартары өмір заңы. Бірақ ол жалғыз-ды.

– Өкесі Петр 1972 жылы қайтыс болғалы Александр екеуміз тіпті достасып кетіп едік, - дейді Нина Максимовна күрсініп.

– Бір-бірімізден ештеңе жасырмайтынбыз. Ол өзінің арманы мен мақсатын, талабы мен тілегін, күйініші мен сүйінішін айтып отыратын. Оның сенімінің қымбат болғаны соншалық, аналық беделіме нұқсан келеді демей, мен де ағымнан жарылатынмын. Соның өтеуі ме, хаттарын да ол еш бүкпесіз жазатын.



«Анашым», - деп бастапты ол алғашқы солдаттық хатын, – дәм-тұздың тартылыс күшін қойсаңшы, мен қазір Пенза облысында, яғни сенің туған жеріңде жүрмін. Ленинградтан келген бір топ жігіттің ішінде десанттық топқа мені де қалдырды. Өте қуаныштымын. Егер мен Орал аэроклубында оқып, парашютпен секіріп, әртүрлі дене жаттығуларынан өтпесем, қырағы комиссияның көзіне ілікпес те едім. Әкеміз майданға кеткенде анамыз сегіз баламен жау тылында жеркепеде қыстадық деп айтып отыратын едің ғой. Қазір сол қыстақтың аты есімде қалмапты. Жазып жіберші. Бос уақытымда іздеп барып, ауылдың қазіргі бейнесін өзіңе салып жіберейін.

3.10.1980 жыл».

– Сашаның балалық шағы осы қалада өтті. Мен ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында сауыншы болдым. Ол сонда N12 орта мектепті бітірді. Қосымша ДОСААФ авиаклубына келіп оқитын. Қыс күндері қала сыртындағы ұшу алаңында спорттық самолетте жаттығып, вокзалға келіп автобус күтіп, болмаса жаяулап, кейде түнгі бір-екілерде тоңып-шаршап үйге келгенде мен ұйықтамай күтіп отыратын едім. Онжылдықты бітіргесін Сызрань қаласындағы әскери ұшқыштар училищесіне емтихан тапсырды. «Сабақты жақсы тапсырдым, конкурс қорытындысын күтудемін» деген хат алғаным сол еді, кешкісін «конкурстан өтпедім» деп келіп тұр. Сол жолы ұлым біртүрлі сынып, есейіп келді. Емтихан бағалары бойынша түсуге тиістімін деп комиссия бастығына бардым деді келгесін. Сонда бір полковник: «Аспан көгіне тек қалаулылар көтеріледі» депті. Кім білген, не оймен айтқанын, ауылға келгесін бір апта ойда жүрді де, «Ленинградқа кетемін», - деді. Мынау сонда бір жыл оқығанда алған куәлігі, - дейді Нина Максимовна кішкене екі қатырма кітапшаны нұсқап.

Оның біреуі Ленинград теңізшілер училищесін бітіріп, методист-басқарушы мамандығын меңгерген куәлігі болса,

екіншісі «Шторм» корабліне жұмысқа кірген еңбек кітапшасы екен.

– Ертеде ел батырларын дәріптегенде отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын деп суреттейтін еді ғой. Кейде маған ұлдарымызды, қарапайым ғана өзіміздің қорғандарымызды дәріптеп мақтамай-ақ, борыш, міндет, сенім деген қасиетті сөздердің желеуімен отқа да, суға да саламыз-ау деп ойлаймын. Алдап-арбауды үйренбеген, пәк те албырт, аңқау шағында олар тіпті қиын-қыстау ерен істің өзін де күнделікті қылықтай қабылдайтын сияқты. Әйтпесе, мына бейбіт заманда армян мен әзірбайжан бауырларымыз санасыздық пен есерсоқтықтан, байлық пен барлықтан басы айналып, бір-бірін қырып тастамақ болып төбелес құрғанда, араларына арашашы етіп балаларымыздан қалқан қойып, сол есерсоқ топ елші боп тұрған ұлдарымыздың бетіне түкіріп жатса, Нахичевань мен Тбилисиде Отан өмірі, ел тілегі деген қасиетті ұғымға қалтқысыз бағынған қарусыз солдаттарға сәт сайын тас лақтырып, темір кезеп жатқанда, ерлік пен елдіктің, бірлік пен тірліктің ара-жігі қосылып кеткендей елемейміз де.

Сөйтіп, арман арқалаған Александр Лукин он жылдықты бітіргесін жылдан аз ғана уақыт өткенде Ауғанстан жерінен бір-ақ шыққан.

«Маматай, уайымдама», – деп бастапты ол ауған жерінен жазған хатында.

«Барлаушы-десант тобының солдаттары кезекті жаттығу үстінде деп біл. Туған жердің саумал ауасы, жаңбырмен жаңарған жеріне үйренгендікі ме, сұп-сұр таулы, күн көзінен қуарып, шаң басқан қуарған жерге, жеркелеп үйлерге көз үйрету қиын-ақ.

21.11.1980 ж. Құндыз.»

«Маматай, Ирина екеуіңнің хатың қатар келіп, бүкіл Орал қаласы көшіп келгендей қуандым. Қорықпа. Өте сақпыз.



Керек десең, барлауға шыққанда дыбысы естілмесін деп аяққа кеды киеміз. Аш-жалаңаш, тумысынан надан халыққа біз жақсылық жасамасақ, қол ұшын кім берер? Беттеріңнен сүйдім.

Саша, 12. 02 81 ж. Бағлан.»

«Жау мен достың аралығы ең болмағанда 300 метрге жетіп, кімді, нені, неге ататыныңды біліп соғысқан біздің аталарымыз қандай бақытты еді. Киев қаласынан келген Андрей деген досымыз оққа ұшты. Жақын маңда күнде келіп, нан мен тәтті сұрап жейтін жалаңаяқ жас балалар мен өлмелі кемпір-шалдан басқа ешкім жоқ. Оқ қайдан шықты, түсінбеймін?»

Саша. 17 04 81 ж. Бағлан»

«Хатыңда қалаға, киноға барма, қауіпті дейсің, анашым. Қабул қаласы жаяу түгіл, танкіні де атқылап кіргізбейді. Барлауға топ болып шығамыз. Асханаға сұранып қалсайшы деп өтініпсің. Мен қалған күні достарымның біреуіне қатерлі бірдеңе болса, мен олардың бетіне қалай қараймын?»

28 .05. 81. ж. Құндыз».

«Радио хабарынан Батыс Қазақстанда 30-35 градус ыстық деп хабарлады. Сенің үніңді естігендей қатты қуандым. Қайран туған жер! Ал мында 60-65 градус аптап. Үйге қайтуға 320 күн қалды.

Саша., 6 06 81 ж. Бағлан».

«Кеше Ирина екеуіңнен хат алып, қуанып едім, арада сағат өтпей-ақ сол азық-түлік, хат-хабар әкелген самолет экипажы жерден көтерілген бойда жау снарядынан көз

алдымызда опат болды. Есіл ерлер-ай. Қас-қағым сәтте қанша арман қыршынынан қиылды? Басым мең-зең.

Сашаларың. 13 09 1981. ж. Бағлан.»

....Хаттар, Хаттар, үміт пен күдік, қуаныш пен қайғы, ашу мен ыза, аңсау мен арман арқалаған хаттар қаншама?

– Жастайынан бір өскен құрбысы Ирина екеуінің пәк те балауса достығы болашақ бақыттың бастауындай көңіліме қуат еді. Бірақ ол сүйіктісінің мына суретін көре алмай кетіпті. Жолдастары маған қайта салып жіберді,- дейді Нина Максимовна.

Суреттен қолына гүл ұстап, жуан бұрымы бөліне түскен бейтаныс сұлу күлімдей қарайды.

1981 жылы 17 қыркүйекте Александр Лукин әскери тапсырманы орындау үстінде қаза болды. Қаншама қайталап айтса да, ілкіде осы сөздердің мәні миына кірмей, көзінен жас шықпай қойған. Тек бейтаныс солдаттар темір табытты шарбаққа кіргізгенде ғана басына түскен қасіреттің салмағын ұққан-ды. Сол жылы Саша 19-ға толса, өзі 42-ге жаңа келген.

Міне, оған да биыл тұп-тура тоғыз жыл. Қайғымен қысталып екі жыл сары ауру болды. Үйлері бөлек болса да ағалары, апалары, сіңлілері келіп көмектесіп, өмірге қайта келгендей болды. Ал ауғандық солдаттың анасы деп қала орталығынан үй берілгелі өз шаруасын өзі істейді.

Ілкі жылдары жалғызын жоқтап, «Кімге, неге? Не үшін?» деген сұрақтарын берер адам таппайтын. Құдайға шүкір, қазір шындықтың беті ашылды. Қанаты қырқылған құсқа ұшу – арман, ал анаға қапыда қаза болған баласын құшу – арман. Нина Максимовна көз жасы үстел үстіне тырс-тырс тамып, торыға күрсінеді.

Ал мен болсам, көңілім алаңдап, кездейсоқ тап келген солдат анасына гүл ұсынған, жас шамасы өз балаларымдай,



ұзын бойлы, қараторы балаң жігітті іздеймін. Жаны жайсаң, жүрегі ізгі адамдардың бар екенін сезіну қандай бақыт! Әйтеуір, олар арамызда әмәнда тірі жүрсін!

«Орал өңірі» газеті

29.06.1990 жыл

«Сәуленің» сәулесі

Осынау жазық аймақ қыстың қытымыр айында ақ қарға малынып құлазып жататын болар, мен оны көрген жоқпын. Ал көктемде тобықтан келер нұрға кенелген суармалы алқаптың өн бойындағы су толқындары күн көзіне еркелей күлімдеп, күмістей жылтырап, көз қызықтырар мамыражай сәтін тамашалау да пешенеге жазбапты. Тек көкжиектен астасқан кеңдаланы бойлай өскен жасыл шалғын ғана көп істің куәсіндей желмен баяу ғана тербеліп, теңіздің толқынындай шайқалады.

Шалғындағы су өткен жыраларды кесіп өтіп жеңіл машина Рысбике тракторының жанына тоқтай қалғанда, жаңа ғана самарқау сөйлеп кірбің көңілде тұрған Гүлсараның жүзі жайнап қоя берді.

«Дәу де болса Рашид аға болар, кеше рация арқылы трактордың подшипнигі шашылды деп совхозға хабарлағанымда ауылда жоқ деген еді, естіген ғой».

Загонның шетінде тоқтап тұрған «Беларусь» тракторының жанында реттеуші Марат Темірғалиев әлденені түсіндіріп жатқан ұзын бойлы қапсағай қарт жігіт көп аялдаған жоқ.

– Көрші кеңшардан сұрап алдым,- деді Гүлсараға әлдебір темірді көрсетіп, жолшыбай Төртқұлақтағы бригадаға соғамын. Үй ішіне не айтасыңдар?

Бұл «Красногор» кеңшарының директоры Рашид Карменов екен.

Әр заттың, әр адамның, әр тағдырдың көктемді кезеңі болады. «Біреулерге ол бақыт қас қағым сәттен тұрса,

бағзы шақтарда жылдарға айналған жалынды кезеңге тән. Құрылғанына келесі жылы 20 жыл толатын «Красногор» асыл тұқымды мал заводының «Сәуле» атты қыздар комсомол жастар бригадасының жұлдызды шағына тап келіппін деп айта алмаймын. Рас, қазір мұнда бір кездері жазушы М.Шолоховтың бригададағы қыздар еңбегіне риза болған риясыз көңілінің куәсіндей болған су жаңа «Беларусь» тракторлары әлдеқашан тозған.

Бір өзі тиегенде 1500 буда шөпті өңгеріп әкететін атақты бригадирі Гүлмаржан Әжіғалиеваға арнайы берілген алқызыл «К-700» тракторы да көрінбейді. Өмір дегенді қойсайшы, апта сайын ат құрғатпай келіп бригада табысын әлдилеген баласындай мақтаныш көретін аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің қызметкерлері де соңғы жылдары ат ізін салғанда, ақпар алушыдай ғана атүсті қарайды. Тек санаға сіңген салт пен жақсы істің жалғасын үзбейтін қамқор алақан ғана, ерен еңбектің тегеурінді күшінің басын біріктіріп, қыздар бригадасын ажырап кетуден аман сақтауда.

«Сәулеге» биыл ғана бригадир әрі ақылшы ұстаз болып орналасқан Гүлсара Қажетдиновадан бригадаға келуіңе не себеп деп сұрағанымда ол:

– «Сәуле» бригадасының қыздары аудан, облыс көлеміне үндеу салып, «Қыздар – трактор руліне» деген бастамасын баспасөзден оқып, тракторшы мамандығын қалағандардың бірі едім. Мен ол кезде, яғни, 1971 жылы Орда ауданы, Құрманғазы атындағы кеңшардың Энгельс атындағы орта мектебін бітірдім. Әр жердің табиғат, экономикалық саяси жағдайы әр түрлі. Онжылдықты бітірген 5 қыз әп дегенде көңілімізде бригада құрмақ оймен трактористік мамандық алғанымызбен, оны іске асыруға өздігімізден әліміз келмей, әр жерде тракторист болып істедік. Сөйтіп жүріп тұрмысқа шықтым. Оған да бірнеше жыл. Жолдасым Серік те тракторист. Үш баламыз бар. Жылда балаларды анама аманаттаймыз да, осындай қауырт кезеңде басқа бригадада шөп шабатын едік. Көктемде шақырып жатыр



дегесін кеңсеге барсам, ауылдың әйелдер кеңесінің төрайымы А.Жалмұқанова апай: «Сәулеге» бригадир болып бар, сенен қолайлы ешкім жоқ», деп отырып алғаны. Басқа жерде қайдам, біздің совхозда әйелдер кеңесі үлкен күш. Ал кеңестің әсіресе «Сәуленің» мүшелеріне көзқарасы ерекше. Оны біреулер Алма апай бір кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болғанда өзі осы бригаданы қолымен құрып еді деп жатады, екіншісі орта мектептің директоры болғасын жастар тәрбиесін еңбекпен ұштастыра жүргізеді дейді, енді біреулері кеңшар директорының әйелі болғасын, шаруашылықтың алға басуына ынталы деп желдіртеді, не болғанда да алақандай ауыл ішінде қоғамдық жұмысты бір атқарысып жүргесін, қалай қарсы боларсың, келістім. Қазір жолдасым N1 бригадада жұмыста, ал мен болсам «Сәуледемін». Балаларды анам қарайды, әрі өзіміз де апта сайын кезекпен барып, хал-жағдайларын біліп тұрамыз. Ауа райы жағдай беріп, техника сынбай тұрса, жастықта еңбек ету мерей ғой.

Белуарға түскен тоқпақтай бұрымын екі өріп арқасына тастай салған дөңгелек жүзді, қара торы келіншектің әр сөзі нық әрі ұстамды.

Тегі шабуда жүрген Жанар да, тартуда жүрген Айша да, тіпті кішкене болып жазғы каникулда аға-апаларына аспаз болып жұмыс істейтін Баянның іс-әрекеті мен кескін-кейпінде өз істеріне деген үлкен ризашылық пен мақтаныш бар.

Небәрі 10 адамнан тұратын осы бригада маусым кезінде 30-35 мың центнер шөп дайындайды екен. Қарамағында 600 бас қойы бар 11 отарды бір қыс бойы шөппен қамтамасыз етеді деген сөз. Көп адам қара басына ие бола алмай, ел ағыны, су ағыны кібіртін күймен күн кешкен осы бір аумалы-төкпелі уақытта ел, қоғам үшін еткен адал еңбек ерлікпен пара-пар емес пе?!

Ел ішіндегі тапшылықтың ұшығын «Сәуле» бригадасының қос басынан да табасың. Ол – кәдімгі жанар-жағармай, трактордың жөндеу бөлшектері. Кеңшар дирекциясы

осы жоқшылықтың алдын орай соңғы жылдары бригада қыздарының қыс кездері қолдарының бостығын пайдаланып, Горький, Ногинск қалаларына 2-3 айлық іссапарға жұмысқа жіберіп алады екен. Керек кезінде қол ұшын бергені үшін заводтан бірінші кезекте аккумулятор, подшипник, муфта, шатун т.б. жөндеуге керек бөлшектер алатын көрінеді.

Орақ қайраушы Сүндеттің трактордан бір ақау шығып, сәл тоқтай қалса «Қарғам-ау, кеңшардың ақшасын шығарып сендерді Ресейге босқа жібердік пе? Тап қане жөндеу құралдарын», - деп Ләззат, Жанарға әзілдейтіні тектен-тек болмаса керек-ті. Шабылған жер мен алынған өнімге еңбекақы төленетін ескі әдісті бригада мүшелері әлдеқашан қойған. Кеңшармен де, басқа көршілес бригадамен де тек чек арқылы есеп айырысуға дағдыланған есепші Ләззат Насированың бар ісі есептеулі.

– Ауа райы жақсы, трактор сынбай тұрса, күніне 8 емес, 16 сағат жұмыс істеуге бармыз,-дейді ол қызынып. Себеп еңбекақы алынған өнімнің сапасына байланысты. Мысалы, біз алғашқы шабын басталған жарты айда 10000 центнер шөпті шауып жинап, қыстақ басына тасысақ, оның әр центнеріне 1 сом 58 тиыннан төленеді, ал уақыты өтіп қураған, сарғайған азықтың сапасын жоғалтқан пішендеменің әр центнері аяғы 0,6 тиыннан есептеледі. Ал, суармалы шөп тез сарғаятынын еске алсақ, әр сағат сайын емес, минут сайын керек-ақ.

Жаңбырдан кейін қаулаған көк шөптей бір кездері әр кеңшар, бөлімше сайын құрылып, қиындықты қиып өтіп, жастық албырттық пен жалынды жұмыс жасаған тракторшы, малшы, шопан бригадалары бұл күнде аялы қамқорлықтың аздығынан тарқаған.

Ал «Сәуле» сияқты іргелі бригада аудан емес, облыс көлемінде саусақпен санарлық. Жастарды кәсіптік бағдарлау мақсатындағы оқу жүйесі өзгеріп, тракторист мамандығы тек аудандық кәсіптік-техникалық училищені бітіргендерге берілетін болғалы «Сәуле» бригадасына келуші қыздар легі



азайған. «Бір кездері кешкі мектепте оқып, совхоздың өзінен трактористік мамандық алатын курс болғаны ыңғайлы еді. Онда кеңшардағы жас қыз-келіншектердің кез-келгені осындай қауырт кезеңде көмекке келер еді. Қазір М.Хайруллин, Т.Омаров, Д.Абуов сынды жас комсомолдарды көмекке шақыруға мәжбүр болдық», - дейді Ләззат.

Шаңқай түс. Бригадаға арнайы бөлінген шофер М.Хабиев анадай жерде машинасынан белгі берді. Бұл түскі үзіліс деген сөз.

– Түскі тамақтан соң іңірге дейін тағы да шабындықта болмақсыңдар, ең болмаса газет, журнал оқып, телевизор қарауға уақыт бола ма? - деймін Гүлсарадан сыр тартып.

– Неге болмасын, - деп ол биязы жымыды. – Биыл түн өте салқын. Көбіне таңертеңгі шық ертемен шабуға мүмкіндік бермейді, ондайда теледидардан «120 минут» хабарын үзбей көреміз.

Бар деп барға тасымайтын, жоққа жоқ деп жасымайтын, жомарт жүрекпен қандай қиындықты да күле жүріп көтеретін ауыл адамдарының абзал да адамдық қасиеті тап осындай жас кезден-ақ қалыптасатын болар.

Ақша беттерін жел сүйіп, күн қағып, иыққа түскен еңселі жүкті ерлердей көтеріп, адамдық пен арамдық, жақсылық пен жамандық, ерлік пен ездік сынға түскен заманда қанатымен су сепкен қарлығаштай үлкен іске қосқан қарапайым қыздардың ізгі ісі лайым көпке үлгі болғай.

«Орал өңірі» газеті

14.09.1990 жыл

Мерей шуағы

Егер жолыңыз түсіп біздің ауылға келе қалып, ел басшыларынан, не жөн білетін көнекөз ауыл ағасынан ауылды советтендіру жолында ақыл-ойын, білімін, бар ғұмырын арнаған

бір әйел адамды ата десеңіз, бірден Барша Бисекенова дер еді.

Көп жылдар партия, кеңес қызметінде болып, бір емес, мыңның тілін тауып ел басқарған, көзі ашық, көкірегі ояу бір ауыл әйелін ата десеңіз, тағы да Барша дер еді.

Олай айтуының жөні бар. Жаңа өмірдің белсенді құрушысы болып ол еңбекке араласқалы міне елу жылдан да асып кетіпті. «Жаңа заман ағымын дәл түсініп, өмірге деген менің сана-сезімімнің оянуына ықпал жасаған өзімнің марқұм жолдасыма қарыздармын», - дер еді апаймен әңгімелесе қалсаңыз. Апай әңгімесін былай толғайды:

– Сонау «1929 жылы ежелгі Ұялы құмында «Мәдениет» атты серіктестік құрылды. Отыздың үстінде сиыр болды серіктікте. Өзім сауыншы, жолдасым бақташы. «Сөйлессе, кісілермен тіл табыса алады» деп Төлеуғали деген қайнағам (ол да серіктестік мүшесі) мені жіберетін ауылдарға. Көтерген емшектегі балам, жанымда әр үйдің берген малын айдасып, серіктіктің бір мүшесі жүретін. Мал алғанда да қоңының тәуір болғанын, оның аналық мал болуын қатты қадағалайтынбыз. Талай айқай сүрең, тартыс өтті ғой. Әсіресе, мына біреуі есімде қалыпты.

Қайнаған жаз ортасы. Ұялы құмының биіктеу бір төбесі. Ауылдың 30-40 адамы. Бәрі жиналыста отыр.

– Қане, іштеріңде байдың құйыршықтары бар ма? Жиналыстан шығындар,- дейді қақ төрде отырған жолдасым жиналғандарға қарап. Ешкім мен деп ауыз ашпайды. Жиналыста қаралған мәселе ауданға қосымша ет тапсыру керек, соған мал алу. Сол жолғы салмақ ауылдың ауқатты деген адамдарына түсті. Әр үйдің беруге тиісті малы атап айтылғасын баламды тамақтандыруға үйге жүгіріп кеткем. Бір уақытта «Коммунистерді өлтіреміз деп анда төбелес шығып жатыр. Барша, тығыл!»- деп бір аттылы шауып өтті. Жүгіре шықсам, ауылдық кеңестің төрағасы Аяпбергенов екен. Басынан аққан қан омырауын, атының жалын жуып кетіпті.



Жолдасымды, қайнағамды, тағы екі-үш белсендіні соғып жаралап, бір үйге қамап қойыпты. Жасырынып екі-үш күн өткіздім. Содан ауданнан әскер келіп, қауіптілерді тұтқындап, тыныштандық-ау.

Жақсылықты жан-тәнімен сезініп, жүрегінің жылуын өзгеге бөліп берсем деп тұратын Баршадан ауылдастары сүбелі істер күткен. Өз ауылынан алты адым шықпаған ауыл қызы тұрмысқа шығып, балалы болғасын барып сауат ашқан. Октябрь революциясы болмаса, бұрын күйеуіне қарсы артық сөз айтуға, қайнағасының тіктеп бетіне қарауға қаймығатын әйел болар еді. Бірақ Барша революция идеясынан нәр алған, озық ойлы, ақ ниетті шаңыраққа тап келгеніне шүкіршілік етті. Сол аяулы отбасымен біте қайнасып бар мүмкіндігі ашылып, жастық жігері жалындап, ел ту тіккен ұлы істеріне құлшына араласты.

Не айтса да бетің бар, жүзің бар демейтін батыл, не істесе де қажырлы қайрат көрсететін Баршадан партия, совет қызметіндегі ауыл ағалары үміт күткен. Үміт күткенде де, сенім білдіріп, облысқа бір жылдық партия мектебіне оқуға жіберген. Бұл 1934 жыл еді.

Аудандық партия комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істей бастағанда жасы отызға да толмағанына қарамастан, көптеген апа-сіңлілеріне ақылшы болды ол.

Осы жұмысты іскерлікпен ойдағыдай атқара жүріп, ауылдарды колхоздастыру кезіндегі әйелдер белсенділігін арттыруда, олардың қоғамдық еңбекке қатысуын жақсартуда, әйелдерге арнап сауаттандыру мектептерін көптеп ашу, «қалың малды» жою жөніндегі декреттің жүзеге асуын бақылау, декретті бұзғандарды қылмысқа тарту, қызыл отауларда әйелдердің әртүрлі мәдени ойын-концерттерінде талантын ұштау, тағы басқа көптеген жұмыстарды жандандыруға озық ойы мен партиялық принципшілдігін аянбай жұмсаған.

Оның өзін-өзі аямай, тынымсыз еңбекке ұмтылысы мен адамдармен жұмыс істей білу қабілеті сонау сұрапыл соғыс

кездерінде де өз қатарынан оздыра берген. Сол жылдары мұны партиялық қызметімен бірге майданға жылы киім тігіп, дайындап жіберу артелінің бастығы етіп бекіткен.

Бір шаңырақтан төрт бірдей азаматты соғысқа аттандырып, екі бала, бір кемпірмен қалған бұл ілкіде істей алмайтындай қаймықты. Бірақ Отанға төнген қауіп, ел басына түскен ауыртпалық, ауылда қалған кемпір-шал, бала-шағаны жылатып келіп жататын «қара қағаз» өз қара басының жағдайын ойлаттырмаған.

– Артельдің нағыз жұмысы көбіне кеште басталатын,- дейді апай. – Өртүлі мекемелерде, мектептерде істейтін адамдар (көбіне әйелдер) кешкі астарын ішіп алып, өз қалауларымен тағы бір іске кірісетін. Жауынгерлерге фуфайка, кеудеше, жылы шалбарлар тігетінбіз...

Партия қиын-қыстау кезеңде өзінің адал, жалынды ұл-қыздарын әр кезеңде де өндірістің артта қалған учасоктарына жіберіп отырған. Мұндай үлкен сенім соғыстың от-жалынды жылдарында Баршаға жүктелген. Сөйтіп, 1944 жылы басқарма болып Энгельс колхозына (қазіргі Орда ауданы, Құрманғазы совхозының жері) аудандық партия комитеті жанынан көмекке келген. «Ер жарасын еңбек жазады» деп халық текке айтқан ба? Бұл кез жастайынан әкесіндей қамқоршы қайнағасы Төлеуғалидан да, жан серігі Айтқалидан да «қара қағаз» келіп сырты бүтін, іші түтін болып жүрген кездері еді оның.

Бірақ өз жүрегінің жарасын күйттеуге уақыты тіпті болмайтын...

Отан жерінен бірте-бірте фашист атты өзیرهйлді қуып бара жатқанмен, бүкіл халыққа жеңістің қымбатқа түскен шақтары еді бұл. Сонау төрт жылғы сұрапыл соғыстың өрті шалмаған бірде-бір үй, бірде-бір жан жоқты ауылда. Бар мүмкіндік қажетке асып тұрғанымен, соғыс басталғалы не жаңармаған, не күрделі жөндеуден өткізілмеген үйлер, қоғамдық малдың қора-қопсысы, ең кішісі сабан мен ертұрманға шейін жүдеулік халде еді.



– Кейде ойлап қоям. Ай, айналайындарым-ай, аяқтарыңды шағыр тіліп, борша-борша болып сиыр бағып, ызғырық суық жауында таяққа сүйеніп қой күзетіп, бозала таңда тұрып күрп-күрп сиыр сауып, күндіз бірің қой бақсаң, екіншің құдық қазып, үшіншің шелек-шелек сүт тартып, төртіншің сол көк сүтті пішенші, егінші қауымға айран ету үшін пісіруге ала қапты иыққа салып тезек теруге қыр асып кететін өзім теңдес, менен аз үлкен, сәл кіші апай-сіңлілерім-ай! Бәріңнің жан-жарың, аға-апаң соғыста қасиетті жердің әр сүйемі үшін жанын беріп, қанын төгіп жүрген кездерде ел тұрмысының барлық ауыртпалығы сендерге түсті ғой. Сендердің арман еткен ақ тілектеріңнің, төккен ащы терлеріңнің қарымы ма деймін осы жап-жарық ақ күнді. Ел басқарды деген бізде де не рахат болды дейсің, қарағым? Пішен дайындатсақ, өгіз, ат жеккен косилка, қала берді қол шалғы. Қора-қопсы салдырсақ шифр, ағаш, шеге деген түсімізге кірмейді. Жас талдардан шарбақ тоқытатын ек,- дейді ол сөзін сабақтап, толқи сөйлеп.

Барша апай көкірегін кере күрсінеді.

– Жылдан шыққан арық өгізді сарт-сұрт соғып, сабан айдаған әйел-қыздарға келіп «Сенің күндік нормаң пәлен гектар, әлі орындамағансың. Не бітіріп жүрсің?»- деп ұрсатын ек. Сонда «Апа-ау, өгіз бізге сүйенеді, біз өгізге сүйенеміз. Әліміздің келгені осы» деп жыларманға келгенде оларға салмақ салып бетіне әкіреңдегенмен сырт айнала көздің жасын сығып жылап алатын ем,- дейді апай құпиялап айтқандай сыбырлай сөйлеп.

– «Көре-көре көсем боласың» деген қазақта мақал бар,- дейді апай тағы ақсары жүзі алабұрта түсіп. – Атүсті жүргесін «қолдап жұмыс істеп қиындық көрдім, жалаңаш болдым» деп өтірік айтар жөнім жоқ. Бірақ бір ауылдың іші болғанмен, бір тайпа елдің ағасы да, апасы да болғасын жылағанды жұбатам, құлағанды тұрғызам, жетпегенді жеткізем, өзімде білім аз болса да, білмегенді білгізем деген игі тілекпен соғыс жылдарын өткізіп, жеңісті көппен бірге мәре-сәре, көл-көсір қуана жүріп тойлап, 1950 жылға дейін басқарма болдым. Жігіттер майданнан келді,

жастар өсті. Уақ колхоздарды ірілендіру басталды, сұранып ол жұмыстан қалдым. Содан 1966 жылға дейін осы «Жаңаталап» кеңшарының бұрынғы жерінде ауылдық кеңестің төрайымы болып жұмыс істеп, зейнетке шықтым. Дербес зейнеткермін. Шүкір, жолдасымнан қалған екі бүлдіршінді де ел қатарына қостым. Баяғыдан ауылдас, көңілі тату Назира деген құрбым: «Ай, сен арманың жоқ бақытты жансың ғой, Барша»- дейтінді. Маңдай терімізді сыпырып, қауғалап су тарттық, аяз бен боранда өңменімізден жел улеп кіре тарттық, қысы-жазы, көктем мен күзінде ала таңнан іңір қараңғысына дейін тек шаруа қамымен өткен жылдарымның қайсыбірін айтайын. Шүкірмін ғой, шүкір. Жаңағы құрбымның сөзінде де шындық бар. Сол кезгі адамдардың бәрінде де бір жанқиярлық ерлік бар еді ғой. Колхоз шаруашылығын алға апарудағы еңбегі үшін деп «Еңбек Қызыл Ту» орденін берді. Медаль, мақтау грамота, бағалы сыйлық дегендер жететін. Мен үшін өте көп құрмет. Соның бәрі Октябрь революциясының арқасы. Ал анау бір буда конференцияларға қатысқандағы мандаттар,- дейді қағаздар арасындағы бір топ қызыл мандатты нұсқап.

Бойға сіңген әдеттей сәп-сәнді әрі кірпияз киінетін Барша апайдың тіп-тік денесіне, әжімдер торлай бастаған мейірімді ақсары жүзіне қарап жетпістен асты дегенге нанғың келмейді. 1946 жылдан КПСС мүшесі. Октябрь революциясының жеңісін баянды ету жолында қиындығы да мол, қызығы да жететін үлкен өмір жолын бастан өткізген Баршаны ауылдастары «Ауыл анасы» деп мақтанышпен құрмет тұтады.

Ол құрмет ондаған жылдарғы апай еңбегінің жемісіндей баянды.

«Орал өңірі» газеті
1978 жыл



Азамат қызым, аман жүр!

Нина Васильевна деген менің көршім бар. Қақ-соқпен, өсек-аяңмен ісі жоқ, осы бір орыс әйелінің қазақ ішіне сіңіп кеткені соншалық – кейде қазақтың мақал-мәтелдерін сөз ішіне қоса сыпырта сөйлегенде нағыз қазақ мен емес, сол екендей қызығып қаламын.

«Нина Васильевна, қазақшаны қалай үйрендің?»- деп сұрадым.

– О, бұл бір қызық әңгіме. Ол кезде мен 21 жаста едім,- деп бастады ол бірде әңгімесін. – Киев қаласындағы медицина училищесін жақсы бітірген кезім. Сұлумын, жаспын қиындық бар болса қопара көтерердей қайратты да албырт шағым. Жастар комсомолдық жолдамамен тың игеруге кетіп жатты. Киев қалалық комсомол комитетіне барып: «Мен де тыңға барамын!» деп жолдама сұрадым. «Бізге керегі жұмысшы, тракторшы мамандықтары,- дейді ондағылар. «Мен де керекпін»- деп таласамын. Сөйтіп, сонау 1955 жылы Қазақстаннан, Оралдың Бөрлі ауданы, Березов кеңшарынан бір-ақ шықтым. Үйіме бармастан 2 жыл ерінбей-жалықпай еңбек еттім. Бір кереметі ауылдікі, қаланікі демей кісілерге көмектескім келіп тұратын. Киевте ата-анам, сөз байласқан жігітім «Қашан келесің?» деп күтуде еді. Ал мында мөлдірей қарайтын қазақ жігіті ғашық екенін білетінмін.

Бірде облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің тұтастай бір бетіне мен туралы очерк жазылыпты. Жұмысымды мақтай келе, ішінде маған ғашық жігіттің жансырынан да қомақты хабар беріпті. Очерктің сыпайы, сырлы да нәзік бір іңкәрлікпен жазылғаны соншалық – тіпті құрбы-қыздарым «Шіркін, сол журналист біздер туралы да осылай жазса ғой!»- деп армандағаны әлі есімде. Сол себеп болды ма, әлде тағдыр ма, сөйтіп Қазақстанға келін болып қала бардым. Сосын үйренбей гөр қазақшаны?- дейді ол сақ-сақ күліп.

Жалма-жан оның қолындағы сарғайған облыстық «Екпінді құрылыс» газетін алып, очерк авторын қарадым, авторы Жұрғали Ертілесов екен. «Жақсының аты, ғалымның хаты елмейді» деген қазақ мақалының нақтылығы-ай. Арада 50 жыл өтсе де адамдар көңіліндегі аппақ пейіл мен мол ризашылық жақсы жанның аяулы бейнесін әлі де асқақтатып тұрғаны.

Ия, Жұрғали Ертілесов кім еді?

Сонау ХХ ғасырдың басында басталған замана төңкерісі қазақтың талай арысын мерт етсе, қалған бетке ұстары Ұлы Отан соғысының қанды қырғынында оққа ұшпады ма?

Сол 50-жылдарды ойлап қарасам, елге ақыл айтар оқымысты азаматтар тіпті аз екен-ау. Содан ба екен, сол жылдары газетте жұмыс істеген Қасым Аманжолов, Тайыр Жароков, Мұса Дінішевтің есімдері жас ұрпақ үшін әлі де қастерлі.

Сол аз ғана адамдар арасында Жұрғали Ертілесовтің орны ерекше. Ол журналистік еңбек жолын 1947 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе аудандық газетте жауапты хатшылықтан бастапты. Өмірден, адамдардан үйрене жүре, қаламы төселіп, облыстық газеттің бөлім меңгерушісі, редактордың бірінші орынбасарлығына көтерілген. Партия жолдамасымен Талдықорған облыстық газетінде бас редактор, облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып көп жыл істеген.

Қиындықты жеңіп шығар төзімділік пен табандылықты күш-жігеріне серік еткен Жұрағаң жұмыс істей жүріп, Оралдағы А.С.Пушкин атындағы педагогика институтының филология факультетін оқып бітіріпті. Жалынды журналист, табанды қоғам қайраткері, ел сыйлаған азамат, жақсы жар, аяулы әке Жұрғали Ертілесов жоғарғы партия мектебін бітірген соң, қызмет бабымен Қазақ Совет энциклопедиясын шығару мақсатында 1974 жылы Оралдан Алматыға көшкенде қыздары Гүлнар, Жаннат, Гүлжан, Раушан әлі жап-жас еді.



– Нина Васильевна, сіз туралы очерк жазған журналистің қызы «Ақжол» партиясының белді мүшесі Жаннат Ертілесова екенін білесіз бе?»- деп келесі сәт көршім «Ақжол» партиясының жоспары мен бағдарламасын тізіп айта бастағаны...

Тек экономика ғылымының докторы ғана емес, сонау жылдары Қорғаныс министрінің орынбасары болып, тап қазір Үкіметте белді қызметкер болып істейтін Жаннат Ертілесованың бір кездері өз тағдырына жағымды септігі тиді деп есептейтін Жұрғали журналистің қызы екенін білмейді екен.

Жақсы әкенің ой-арманын жалғастырар оның атақ-даңқына сай ұл-қызы болу неткен бақыт еді?!

Жақында бір газеттен І.Есенберлиннің ұлы Қозы-Көрпеш Есенберлиннің бір діни шетелдік сектаға кіріп, бар үй-жай, зат-мүлкінен айрылғанын оқып, қатты қиналды. Есенберлин қазақ тарихын әдебиет тілімен жазған қазақ ұлтының алыбы ғой. Біздер соғыс жылының түлектері «Көшпенділер» үзіндісін газет-журналдан іздей оқып сусындаған жандармыз. Танымасақ та Есенберлиннің ұлының ісіне қатты ренжідік.

Ал Жаннат қызымның, қайтсек туған елді, жерді түлетеміз деп шырылдай ел алдына шығып сөз айтып, егемен елдің еңсесін көтерер істерге нақты жоспарын ұсынып, Президентіміз Н.Назарбаевтың командасында жұмыс істеп жүргені қуантады.

Қазақта «Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі» деген нақыл бар.

Атақты адамдарды еске алғанда олардың ұл-қыздарының қандай болғанын білгіміз келіп, сырттай сұрастырып, ел үшін қызмет еткендеріне сүйсініп жүретініміз де сол нақылдың қанға сіңген қалдығы болар.

Тап қазір біздер, зейнеткерлер жас ұрпақтың саналы болып өсіп келе жатқанын көрсек, қуанамыз. Олардың бәрі біздің баламыз. Арман-мақсаттары айқын болып, Егемендіктің туын тік ұстап, Президентімізге көмекші болып жүргендеріне айтар алғысымыз шексіз.

Ойламаған жерден қолға түскен газет мақаласы ой салды.

Өмірден ерте кеткендіктен кезінде Жұрғали Ертілесовке айта алмай қалған адами алғысымызды оның қызы Жаннатқа айтқымыз келгені...

«Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген мақал бар қазақта. Адамдарға жақсылық жасау жолында журналист деген үлкен атақты абыроймен арқалай өткен Жұрғали ағаның қызы Жаннат, әкенің қызы, халқыңның ұлы бол. Өркез ойға алған ісің орындала бергей! Азамат қызым, аман жүр!

«Жүздесу» газеті

15.09.2004 жыл

Кім кінәлі?

Бірде жолым түсіп, қаланың «Жаңа құрылыс» ауданына барғаным бар. Сіріңке қорабындай қаз-қатар салынған көп қабатты үйлер арасындағы айналасы атшаптырым алаңқайда күмбезді мұнаралары күн нұрымен шағылысқан ертегілерде еститіндей зәулім сарайға көзім түскенде, еш шаруам болмаса да, ішін көруге ынтыққаным.

«Бас дәрігердің рұқсатынсыз балалар бөлмесіне өтуге болмайды», - дейді кең дәлізде маған алғаш кездескен аққұба келіншек.

Адам жанын қас-қабағынан ұғатын Қапиза Қабдоллақызы Есекешева өте бір инабатты жан екен. Шын ниет, ақ пейілмен аңқылдап сөйлеп, осы балалар үйін салғызу КСРО Жоғарғы Советі депутатының сайлаушылар алдындағы аманаты екенін, Латвия сәулетшілерінің арнайы жобасымен салынған үйдің құны 822 мың сомға түссе, бөлмедегі жиһаз бен гарнитурларды, төсек-орын мен кілем-паластарды, шетелдік медициналық аппарат пен басқа да құрал-жабдықтарды қосқанда жалпы құны миллионнан асатынын, қазір бұл үйде екі айлық кезінен үш жастан асқанға дейінгі 120 бала тәрбиеленетінін әп-сәтте баяндап берген.



Ия, алқызыл кілем төселген мәрмәр баспалдақтармен бір есіктен кіріп-ақ бүкіл сарай ішін аралап шығуға болатын. Ең жаңа құрал-жабдықтармен жасақталған кең де жарық ас үйі, төсектері үлбіреген капрон перделермен жабдықталған тап-таза ұйқы бөлмелерінен басқа емдеу, дене тәрбиесі бөлмелерін, тіпті жүзу бассейнін, қара-қоңыр пианино қойылып, қалы кілемдермен көмкерілген айналы музыка бөлмесіне шейін күнделікті қарабайыр тұрмыс құралдарына көзі үйренген тосын жанға ертегі әлеміне енгендей әсер қалдырады.

– Мынау қонақ бөлмесі,- деді Қапиза Қабдоллақызы түрлі-түсті телевизор қойылып, шығыс салтымен сәндене жиналған үлкен бөлмені нұсқап. – Балалардың туған күнін осы бөлмеде тойлаймыз. Ес біле бастағандары «қонаққа баруды» асыға күтеді.

Алғашқы балалар бөлмесіне кіргенде-ақ әлгінде ғана өрекіпген көңілім су сепкендей басылды.

Бір жасқа дейінгі 5-6 бала ұйқыдан жаңа тұрған сәті екен. Бірін отырғызып, екіншісін етпетінен жатқызып, үшіншісін қоршаулы манежге аяқ басқызып тәрбиеші Ажар Бердібекова зыр жүгіреді. Ал бейкүнә сәбилер болса алдында жүрген «анасына» жаутаңдай қарайтындай. Күн де осылай. Ал кездейсоқ жақсы жандар кезігіп, бір отбасыға бала болып кетпесе, бүкіл ғұмыр бойы жаны жаралы, көңілі азалы күн кешер олардың ұзақ ғұмыры әлі де алда...

Неге бұлай? Кім кінәлі? Тіпті алысты айтпағанда, осы кішкене ғана үйде тәрбиеленіп жатқан 120 бала бір сәтте аспаннан түскен жоқ қой. Бәрі де біздің балаларымыз. Одақты айтпағанда, Қазақстандағы 25 бөбектер, 29 балалар үйінде және басқа да балалар мектеп интернаттарында 16 мыңнан аса балалар тәрбиеленеді екен. Бәрі де біздің ортамызда өскен гүлдер. Қайдан шықты ол? Кім кінәлі оған? Бір-бірімізге сұрақ-сауал беріп, жауабын табар күні әлі де алыс па? Ауырлықты халық пен үкімет көтереді дейтін сыңаржақ ой қашан қалмақ бізден? Үкімет дегеніміз сен, мен, ол – бәріміз

емес пе? Салғырт қалпымызбен самарқау қалғып біз ұйқыдан оянғанша тастанды балалар үйіндегі сәбилер саны әлі де күрт көбейіп кетпесіне кім кепіл?...

Рас, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманда 70 жылдан аса өмір сүріп келеміз. Әйелдер – теңбіз. Еркіндік те қолымызда. Дұрыс-ақ. Алапат аңсау, ыстық махаббатпен бір-бірін тауып, ата-ана, ел-жұрттың салтын бұзып, өз еріктерімен қосылғандары үшін теңсіз заманның қатал заңының құрбаны болған Еңлік пен Кебек те өз өмірлерін заман салтындағы азап өлімге қия тұрып, бейкүнә сәбилерін аман қалдырып, тәрбиеленуін ел алдында ақтық тілегі етіп айтпап па еді?

Ер азамат қолына қару алып, ел қамын, жер төнін қорғап, жан-жақта жүрген сонау аштықта, кәрі шал, жас балаға талшық тауып, елді сақтап қалған да осы балалардың анасындай әйелдер емес пе еді? Әлі қаны кеуіп, жарасы да жазылып үлгірмеген Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл ел қызметі әлсіз ғана әйел қолымен атқарылғанын айтпағанның өзінде, сәбиінің бір алаңсыз күлкісі үшін бар жастығын сарп қылған әйелдер – өз аналарымыздың көзі әлі тірі емес пе?

Ал тұтқын лагерінде болған жүздеген мың әйелдің жан-күйін көруге бізге жазбағай. Басқа үгіт-насихат құралдарын айтпағанның өзінде, сол өткен шындықтың жүзден бір қалпын көрсетуге тырысқан «Өз атыңды ұмытпа» дейтін картинаны көргенде, баласын тастауға бел буған жастардың жүрегі қалай селт етпеген? Сансыз сұрақ ой-санаңды шаншиды. Кінәлі көп, бірақ қолға ұстатар ешкім жоқ.

Есіме облыстық перзентхананың бас дәрігері Николай Борисович Дмитриенкомен әңгімелескенім түседі. «Осы салада бірнеше жылдан бері істегесін жағдайға қанықпын. Жасы 3-4-тен асып, балалар үйінде тәрбиеленетіндердің көбі – пединститутта оқитын қыздардың балалары. Студенттік жатақханада балалы мамаға орын жоқ, жеке үй алып тұруға стипендия жетпейді. Ауылға апарса, ата-анасы қабылдамайды. Ең болмаса, балалы боларын білген кезде-ақ жолдастық,



достық, адамгершілік танытып, қиын сәтте әркез қол ұшын беруге әзір комсомол, кәсіподақ, тіпті студенттік ұйымдар атымен жоқ. Қыздар ауруханада босанады да, материалдық жағдайы тартпағандықтан, баланы алмайтындығын жазып қолхат береді де жүре береді. Қайтесің, баланы өлтіресің бе? Үкімет тәрбиелейді. Баланы алмай, қолхат бергендердің аты-жөні айтылмасын дейтін заңымыз тағы бар ғой. Жүрегін жарып шыққан өз баласына мейірімі болмаған болашақ ұстаз келешекте шәкірттерін қандай адамгершілікке баулымақ?» деген еді ол салмақты сөйлеп, күрделі мәселені шешудің жолдарын іздегендей алысқа көз салып.

Ия, бізде бәрі де бар? Бір кездері иненің көзіндей шектеулі ар-ұят, намыс атты қасиетті қағидаларымызды да себеп пен салдардың жиынтығындай қыспаққа алып қоямыз. Әрине, бұл бір ғана мақалада түпкі кінәліні тауып, шара алуды сұраудан аулақпын. Кінәлінің түпкі тамырын тауып, зерттеп, оған бағыт-бағдар сілтеуге өрем де жетпейді. Дегенмен бір ой мазалайды: жастармен қоян қолтық қызмет жасап жүрген, арнаулы гуманитарлық жоғарғы білімі бар, тіпті ғылыми атағы бар біздің ұрпақ тәрбиешілеріміздің көпшілік қауымға ой тастап, дабыл қағар кезеңі әлі жеткен жоқ па екен? «Көп қорқытады, терең батырады». Осындайда көпшіліктің үнсіз наразылығының өзі айқайлап айтар заңнан артық болатынына дәлел бір оқиға есіме оралады.

1950 жылдардың орта тұсы болатын. Құмның бір түпкіріндегі сауын фермасындағы 7-8 әйел мен он шақты бала арасында тосын оқиға болды. Ағиба шешейдің көзінің ағы мен қарасындай жалғызы Күләй жүкті екен. Оны көрші колхоздағы белгісіз біреуге ұзатыларда білдік. Ұзын бойлы, аққұба, жуан бұрымдары тобығына түскен мойыл көзді сымбатты сұлу бойы иығынан ғана келетін әрі кемтар, кекселеу азаматқа ұзатылды. Күйеуі тіпті де теңі емес-ті. Той болған жоқ. «Бақытты бол, жарығым» деген Ағиба әже қызының маңдайынан сүйіп тұрып. Сыңси жылаған жас сұлу шағын арбаға отырып ұзай берген...

Тап қазір Орда ауданының бір кеңшарында ауқатты жанұя екенін, ер жеткен 5-6 баласы өндірістің әр саласында қызмет істеген, елге сыйлы азамат екендігін естігенде сол ару өмірлік азабынан арылғандай қуанамын. Ия, талайлар өтті ғой... Жас өсті, жарлы байыды. Сол кезде әріп танып, хат жаза білмейтін, мәдениет пен әдебиеттен хабары жоқ қарапайым адамдар арасындағы адамгершілік заңы өмірдің өзін ұстап тұрған екен-ау!

Зәрі денеге тарап, адам өлмесін деп саусақ ұшындағы залал үшін қол кесілсе, дұрыс деп мақұлдаймыз. Ал өз баласын алмаймын деп тепсінген қыздарды айыбын көре тұра көрмегенсіп, бір айнала беріп аруға татып ардақтаймыз.

Сырты жылтыр, іші мұз бейшаралық емес пе бұл?

Расын айтсақ, әр бала анадан өрбитіні заңды болса, әкесі болатыны да ақиқат. Жас па, кәрі ме, жұмысшы әлде интеллигент пе, студент не оқушы ма? Әйтеуір бір азамат. Азамат – тек бір үйдің, бір жанұяның, бір адамның қорғанышы, таянышы, сүйеніші емес, бүкіл еліміздің, халқымыздың қорғаныш-тірегі. Бұл өмірдің өз заңы. Басқаны айтпағанда, тап осы бөбектер үйіндегі 120 баланың әкесі ар алдындағы азаптан ауру болмай, қалай жүр?! Ұяты жоқ адамдарды кім тезге салып, ақиқат жол нұсқар?.

Атақты Мөңке би Бала бимен алғаш кездесіп қап, оның тапқырлығын сынау үшін «Ет сасыса, тұз себеді, ал тұз сасыса, не себеді?» деген екен. Бөріктінің намысы бір. Біздің таяныш-тірегіміз, қорғаныш-сүйенеріміз – азаматтарымыз сынаптай сырғыған тұрлаусыз болса, кімге сеніп, кімге тірек артпақпыз?

«Бала тегіне қарап өседі» дейді халықта. Жастардың өзгеге еліктеп, ортаға оңтайланып өсуі заңды да. Бірақ сол өскен жастың алдында ақыл-тәрбие берер ата-анасы, үлгі-өнеге көрсетер аға-апасы, тәлім-тәрбие берер мектеп пен жүрген ортасы бар емес пе? Жалған намысқа еріп, «әкесіз балаңды көрсетпе» дейтін ата-ана да қайбір жетіскеннен айтады дейсің? Бір далбаса шарасыздық та. Кездейсоқтықтан ешкім



де қашып құтыла алмайды. Мұның біріне ғана тап келер ондай бақытсыздықты «Жақсылық көрсем – өзімнен, жамандық көрсем – өзімнен, тағдыр салды, мен көндім» дейтін тозбайтын төзімділік пен көнермейтін көнбестікті жеңдірсе, арлы адам ешқашан да аласармайды. Тек сол кездейсоқтық күнде кезігер келеңсіз құбылысқа айналып кетпегей де.

– Жақында «Фурманов ауданынанмын, ата-анам балалы болғанымды білсе, көрмей кетеді»- деп бір жап-жас әдемі қыз келді,- дейді Қапиза әңгімесінде. – «Жағдайың келмесе баланы уақытша тапсыр, сосын аларсың, құжаттарыңды әкел», - деп ақыл-кеңесімді айтып қоя бергенмін. Келесі күні сәскеде сыртқы табалдырықтан ораулы сәби таптық. Шамамен айдан жаңа асқан. Бір сөз жазған қағаз таппадық жөргек ішінен. Қандай қатыгездік! Коллектив болып ойланып Айгүл деп ат қойдық. Наурыз мейрамының кезі еді. Фамилиясы Наурызова болсын дедік. Өзі қарақат көз, әп-әдемі, сол Фурманов ауданынанмын деген қыздың баласы болмаса игі. Күнде келіп бәріміз бір иіскеп кетеміз.

Шіркін-ай, жүрегінің жылуын бөліп берер жақсы адамдар арамызда өмір сүргені қандай абзал! Мұндағы 120 баланың тағдырын айтып жеткізу аз ғана газет бетіне сыймайды. Бұл тек бақытсыз балалар мекенінің бастауы ғана. Бөбектер үйі, балалар үйі, мемлекеттік мектеп-интернат, арнаулы жетім, мүгедектер үйі секілді адамның өсіп-жетілу жолының сан түрлі баспалдақтары әлі ашусыз жатыр. Тіпті өсе келе балалары бақпай кеткен қариялармен қатар мүгедектер үйіне де осындағы ауру балалар бірінші барады. Көз ашқаннан ана сүтін еміп, ата-ана мейірімін көрмей өскен жастардың өсе келе өмірге өшпенділікпен қарайтыны қаншама!

– Қарағым-ау, жүрегің төзіп мұнда қалай істеп жүрсің?- деймін әлі мойыны қатпаған 4-5 жастағы балаға қасықпен тамақ беріп жатқан аға тәрбиеші Зоя Қапезоваға.

– Бала ғой, әрі мүгедек. Обалы қайда? Денесін көтеріп отырып, аяғын басып, жүре алмағанмен бәріне түсінеді. Мен

өзім сау балалардан гөрі ауру балалардың көңілін көтерсем, үлкен іс тындырғандай сергіп қаламын,- деп жауап қатты.

Иә, бұл – нағыз ананың айтар сөзі!

Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен тек жүріп, бос күн өткізетін жастар көбейіп барады. Жігіттермен жағаласа жүріп темекі тартып, не арақ ішуді жетістік көретін қыздар да кезігеді. Жұмысшы және студент жатақханаларында аптасына бірер рет болатын би мен көңіл көтеру кештері таң атқанша қоюдан тартынбайтын тәрбиелік мәні беймағлұм фильмдерден басқа тәрбиелік ықпалы бар мәдени жұмыстар жоқтың қасы. Ата-ананың бағдарлы тәрбиесінде, қатал бақылауында болып күнін өткізген жас қыздар үйінен алыстап шыға еркіндікті өзінше түсінеді. Бірақ қателікті ол жапа жалғыз кешпейді. Құлап бара жатқан адамды, қане, қайсымыз сүйедік? Оған қоса, көп балалы аналар үкімет бағасымен дүкеннен, айына бір кило колбаса, жарты кило май алу үшін арнаулы мекемелердің есігін айлап тоздырып, сол үшін чиновник бастықсымақтардың ащы кекесіні мен орынсыз мысқылына душар болып жүргенде, қарақан басының ләззаты мен тұла бойының сән-салтанатын құған жеңіл жүрісті опасыз бикештердің баласын тәрбиелемей тастап кеткені үшін алғыс айтқандай басқалай материалдық шара қолданбауымыз өз алдына, атына шейін жасырып, әлпештей қорғайтын қоғам заңы дұрыс па, тегі?!

Алда тағы да ата-анасыз жетім балалар дүниеге келмеуі үшін ойланып көрейікші. Кім кінәлі осы?

«Орал өңірі» газеті

1989 жыл

Кіндік шеше

Қала ортасындағы кітап дүкеніне кіріп ем, сөредегі кітаптар арасынан мұқабасын келушілерге тіктеп қаратап қойған кітап бетіндегі таныс бейне көзіме оттай ұшырады. Кітапты қолыма ала алмай, сасып қалдым.



Ие, дәл сол өзі. Ақ халатты абзал жан. Сонау 1967 жылы Казталовка, Жаңақала, Фурманов аудандарында 35 жыл бойы адам жанының арашашысы болып, халыққа қалтқысыз қызмет еткен Лиза Ғұбашеваның жансыз бейнесі тірі кездегідей кісіге мөлдіреп қарайды.

Осы бір қым-қуат күйбің тірлікте әркім өз басымен, өз төңірегімен күн кешіп, жақын-дос, тату-таныстың талайын естен шығарғанымыз ақиқат. Біреулер мұны адамдар мінезіндегі қатыгездікке, екіншісі тоғышарлыққа, ал үшіншісі енжарлыққа балайтын болар.

«Заманына қарай адамы» демекші, мүмкін адамдар мінезіндегі өзгерістер ғасырлар тоғысындағы өлара шақтың салған таңбасы ма екен? Әйтеуір өткен ғасырдың 80-жылдары басқа жаққа қоныс аударсақ та, Лиза, Молдағали есімдегі тілеулес жандардан көңілім суыған емес.

Тіпті сабырлы да салмақты қалпын еш бұзбай, үлкенге де, кішіге де мөлдірей қарап, өзінен гөрі өзгенің жағдайына көп алаңдайтын Лизаның жақсы қылықтары мен істерін ұмыту мүмкін емес-ті.

«Ажалмен арпалысқан асыл жан» атты кітап Орал қаласындағы баспаханадан 2011 жылы шығыпты. Үйге әкелісімен жалма-жан оқып жатырмын. Бәрі де рас. Естеліктер, жүректі жарып шыққан алғыс хаттар мен газет-журналда әр жылдары Лиза туралы жазылған мақала, очерктер, суреттер, орден, медальдар мен мақтау қағаздардың көшірмелері...

Ия, бұл алғыс тілектің 100-ден бірі десе де болады. Бәрін көрсету мүмкін де емес қой.

Кітап авторы Молдағали Тажиев оны мақсат етпеген де болар.

Жүректі кернеп, көзіне жас толтырар сағыныш сезімін таусылмас төзімділікке орап, өзгелерге ұсыныпты. Шындық пен шынайылыққа толы шағын кітапты қарай бергің келеді.

Ия, мен Лизаны білетінмін. 1968 жылы Казталовка ауданындағы аудандық емханада небәрі жоғары білімді 3

дәрігердің бірі, Лизаға қараламын деушілер легі таусылмайтын. Қазір бір жерің ауыра қалса, емхана ішінде біресе тісіңді қаратып, айнала бере көзіңді, мұрын-құлағыңды қаратамын деп жүріп, өзіңнің қай жерің ауырып келгеніңді ұмытып та қаласың. Ал Лиза болса, тұла бойыңдағы барлық дерттің себебін табуға тырысып, ақыл-кеңес бергені өз алдына, өзгені де тыңдай білетін мейірімді мінезімен тәнті ететін. Дәрігерден ақыл-кеңес ала жүріп достасып та кеткенбіз.

Сөйтіп жүріп болашақ жары Молдағалимен таныстық. Көрші ауданда мал маманы болып істейтін. Ол қарамағындағы «Уазигін» үкілей мініп, сенбі күнгі жұмыстан кейін 350 шақырым жол жүріп, көршілес Казталовка ауданының орталығына түнделетіп, таңда жететін.

Көлденең жүргіншінің бәрін есепке алып отыратын қазақ емеспіз бе?

Ол кезең қазіргідей ұялы телефон түгілі, телефонист арқылы сөйлесудің өзіне зар заман. Өрі бүкіл ауыл емес, ауданды аузына қаратқан әдемі қызға кім қызықпайды дейсіз?..

Жұмыста не үйінде жүрген Лизамен қалай тілдесерге болар...

Кей апталарда Молдағали келгенде Лиза кеңшарларға іссапарға кетіп, кездесе алмай кететін кездері де болды. Ондай кезде Молдекеңнің мұңлы жүзіне қараудың өзі аянышты еді. Ол кезде Лиза ауданда бас дәрігер болса, Молдағали малдәрігерлік станция бастығы болатын.

Ия, тәңір тағдыр өзі лайықты деп таныған құлдарының ілеу де біреуіне ғана бақыт сыйлайтын сияқты. Мен білетін Лиза мен Молдағали сондай бақытты отбасы еді. Мына қысқа ғұмырда бір-бірін аялап, көңілге қаяу түсірмей, «ауырыңды арт маған, тек саған жеңіл болса, игі» деп сәт сайын бірінің қиындығына екіншісінің жаны күйзелу екінің бірінің қолынан келмейтін іс.

«Махаббат дегенің көз жасына өсірген дән» дейді екен кәріс мақалы.

40 жыл бірге ғұмыр кешіп, ол бақилық болып кеткесін де сағыныш сезімі мен жазылмас жүрек жарасын, «сенімен



кезiктiрген тағдырыма ризамын» деп жарының жақсылығын әлемге паш етiп, кiтап етiп шығарған Молдағали азамат екен. Тегi, ондай жанкештiлiкке көп азамат бара бермейдi де...

Қатыгез өмiр-ай... Қолында бар байлығы – ұшан-теңiз бiлiмi мен қажыр-қайратын, қалт еткен уақытын адамдарға денсаулық сыйлауға жұмсаған Лиза Ғұбашқызы мұншалықты жазылмас дертке ұшырайды деп кiм ойлаған?

Әлде таза дегенiң тұп-тұнық у болып, адам түгiлi жануарларды әп-сәтте жан тапсыртатын анау Нарын құмы, Азғыр аймағы, Аралсор, Капустин Яр тұрғындарының дертiне шипа iздеп жүрiп өзi де жанын жаралады ма екен?

Әрi Лиза тек терапевт дәрiгер емес, өмiрге бала әкелер аналардың жәй-күйiн бес саусағындай жақсы бiлетiн республикалық деңгейдегi 1-санаттағы акушер-гинеколог едi.

Бұл ғұмырда әйел жанын ұғып өмiрге бала әкелер анаға көмектескеннен артық қандай мәртебелi қызмет бар?..

Әйел жаны талай нәрсенi ұмыта алады. Қуаныш пен қайғы, байлық пен жоқтық, рахат пен азап – бәрi өткiншi.

Тек бiр нәрсенi мәңгi есiнде сақтайды. Ол өмiрге бала әкелер сәттегi жан қиналысы мен өзiмен бiрге қиналған дәрiгердiң мейiрiмдi әрi сенiмдi жанары.

Тап қазiр ел Қорғаны әскери авиация полковнигi Асылбегiм түнгi сағат 3-те дүние есiгiн ашса, БҚ облыстық Ұлттық қауiпсiздiк комитетiнiң подполковнигi Ақылбегiм таңғы сағат 6-да дүниеге келдi.

Ана құрсағынан шыққан бала қауызынан аршылғанда алдында алғаш кiм тұрса, соған тартады деген халықтың ұғымы бар.

Екi ұлымның да кiндiк шешесi Лиза болғанын мақтан тұтып, олардың жақсы қылық, iзгi iстерi болса кiндiк шешесiне тартқан деп әркез Лизаны есiме аламын.

Ал 20 ғасырдың соңғы отыз жылы (1970-2000) бойы дүниеге келiп, алды 40-тан асып, соңы мектепте оқып жүрген Казталовка, Жаңақала, Жалпақтал аудандарының ұл-

қыздарының аналарының Лизадан ақыл-кеңес алып, аялы алақанының табын сезбегені кемде-кем шығар.

Әйтеуір еңбек еткен аз ғана ғұмырында «Құрмет белгісі» орденінің иегері, ҚСР «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», ҚСР «Құрметті доноры», Облыстық «Еңбек даңқы» кітабына есімі жазылып, 1-дәрежелі акушер-гинеколог дәрежесіне жеткен медицина қызметкері кемде-кем шығар.

«Бұны неге жазып отыр?» дер кейбіреу, «өзі жоқ қой, естімейді» дер екіншісі. Бірақ бірімен бірі астасып жатқан ғажайып кеңістікте Лизаның тәлім мен тәрбиеге толы өнегелі өмірі өзгеге сабақ болып, қимас жандары ұл-қызы Арай мен Индираға, ұрпағына медет әрі сүйеу болар деп ойладымыз.

«Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген қазақ мақалы мүмкін тірілерге сабақ үшін айтылған.

Жаратушым, мынау барыс-келіс қиындай, алыс-беріс қытымырланған қатігез заманда көңілімізді тарылтпай, жақсы жандардың игі істерін ұрпақтарға үлгі ете гөр....

«Жұмадағы жүздесу» газеті

21.10.2011 жыл

№ 42 (652)

«Суретті өлмеу үшін саламын»

Тойдың қызған шағы. Асқа алғаш бас қойғанда сарт-сұрт, тақ-тұқ етіп тарелкеге тиер шанышқы мен қасық даусы сап тыйылып, есесіне залдан сыбырласқан, күбірлескен, сылқ-сылқ күлген дауыстар көбірек естіледі. Осыдан бұрын өнер көрсетіп жүрген әншілер, бишілер, домбырашылар легін самарқау тыңдаған тойшылардың тап қазір көңілдері көтеріліп қалған сәті еді.

Кенет залдан әлдекімнің: «Гүлжәміш ән айтсын, Гүлжәміш ән айтсын», - деген даусы шықты. Қозғала қалған ешкім



көрінбейді. Арада 10-15 минут өткенде тағы да сол өтініш қайталанып, енді залдағы әр үстелден дауыстар қосылды. Олардың жапатармағай дауыстарын той иесінің тұрып айтқан сөзі бөлді.

– Мұратбек өмірден озғалы Гүлжәміш ән салмай жүр ғой,- деді ол залға қарап.

– Бірақ, қарағым Гүлжәміш, алпысқа келген жасымды, ақ қырау шалған басымды сыйлап менің қонақтарым үшін бір ән айтшы.

Сол сәт залдың шеткі жағынан жұқалтаң келген ақсары келіншек орнынан көтерілді. Сәлден соң ән әуеледі.

Шынымды айтсам, домбырамен қосыла айтылған сол әннің сөзі есімде жоқ.

Жәйімен шерткен домбыраның қоңыр сазына қосылған сыбызғы үніндей нәп-нәзік сұлу әуеннің зал ішін кернеп тұрып алғаны. «Қазақтың ескі әуендері-ау»,– дейді көршім. Бұл Гүлжәмішті алғаш көруім еді.

Бірде теледидардан дүниежүзілік көрмеде мысық психологиясын суреттерінде дәл бергені үшін бәйгеге ие болған суретші туралы хабар жүріп жатты. Қазақтың қара баласы, жерлес суретшіміз Қайыр тек мысықтың іс-қимылын, ойлы отырысын салуды өнерінің өзегі етіп алыпты.

Қайыр әңгімелеп отыр: бірде теледидардан бізге қарап, «Жарқыным, мені ұмытып кеттің ғой, мен Мұратбекпін» деген сөзден шошып ояндым. Түн іші. Жанымда ешкім жоқ. Түсім екен. Мұратбек деген суретшінің салған суреттерін көріп сүйсінгенмен, өзін көрген жоқ едім. Ертемен тұрдым да оның үйіне бардым, жағдайды айтып ем, жары түсінді. Сөйтіп, оның фотосын алып, портретін салдым. Нансаңыз, «Мұратбектің бір нәрсеге сүйсінгенде бейкүнә ризалық көңілдегі ойлы қалпын дәл беріпсіз»- деп жары риза болды,– дейді ол, экраннан майлы бояумен салынған марқұмның үлкен суретін көрсетіп. Сол сәт оператор суретке аялай қарап жылап тұрған ақсары келіншектің бейнесін көрсетті. Бұл жаңағы тойда ән салған Гүлжәміш еді.

Мен де бір қызық адаммын. Сол көріністен кейін Гүлжәміш бейнесі ойымнан шықпай қойғаны.

Өз балаларымдай жап-жас жан. Алматыда тұрған. Дарынды суретшінің жары. Алтай асып, Моңғолиядан келген дейді. Мен барғанда, ізгі ниетімді түсініп қабылдар ма екен? Ой-арманы, өскен ортасы, туған жері мен алған тәрбиесі бөлек жан кекірейіп тіл қатпай тұрса, қайтпекпін? Сұрастыра келе, №15 мектепте ән-күйден сабақ беретінін естідім.

Кемтар, жетім балалармен жұмыс істемек түгілі, олардың маңдайынан сипауды ар санайтын көп «шөпжелкеден» жас та болса озық болды деп ойладым ішімнен.

Сөйтіп, қаладағы №15 мектептен бір-ақ шықтым.

– Ол 3^а класында, сабақта, – деді маған жол сілтеген кезекші.

Магнитофондағы касетаға жазылған музыка үніне қосыла сөз жаттау кезеңі екен сабақта.

Еркін елдің төл ұланы –

Біз бақытты баламыз!- деген өлең жолдары есік сыртынан ап-анық естіліп тұрды.

Жарқылдап көзге түсіп, сампылдай сөйлей шешенсіп, орайлы сәтті тез пайдаланып, өзгенікі болса да ұтымды ой айта қоюға әркез дап-дайын тұратын бір адамдар болады. «Ой, мынау бір парасатты жан болды ғой» деп жақсы көріп, онымен тілдесуге асығасың. Біле келе, жан-дүниесіне үңілсең, үрген қарындай дабырлап жатқанын сезініп, кейде құлазып кететін кездер де болады.

Ал талшыбықтай бұралып, өзгенің жанын жаралап алмайын дегендей, қой көздері әркімге жалынышты сұрақпен қарайтын Гүлжәміштің жан-дүниесі толған тарих па деп қалдым. Әлде өмір-тағдыр өзінің сүйген құлдарын жас кезінде-ақ қасіреттің қара қазанында қайнатып, шыңдап алады ма екен? Әйтеуір отыздан сәл асқан жас келіншек алдында өзімді кәдімгідей қораш сезінгенім рас-ты.

Иә, атқа мінген ата-бабалары сонау ақтабан шұбырынды жылдары Жетісуға жау келгенде, қарт-кемпір, бала-шағаны



тау асырып, өздері жалаң найзамен жауға қарсы шапқанда, аз ғана күннен кейін бәріміз қайта табысамыз деген болар-ау. Бірақ сол Аңырақай шатқалында туған елдің бір қарыс жері үшін жандары құрбан болып, қайта тұра алмайтындарын білді дейсіз бе?

Сөйтіп, ақыл айтар ағасынан, күш көрсетер азаматынан айрылған бір ауылдың кемпір-шалы мен бала-шағасы жат жерде тірлік атты тауқыметтің тақсіретін тартып жатты.

Жылап жүріп жыр айтыпты, күңіреніп отырып күй тартыпты, күйбең тірліктің қамында қазағымның ою-өрнекті алашасын тоқып, жүрген жерлерінде ақ шаңқан киіз үйдің керегесін керіп, шаңырағын айқара ашыпты.

Олардың қабырғасын қайрылтып құлатпай, сартап сағыныштан сарғайтып сындыртпай, орны толмас өксік пен өкініштен өзектерін өртемей алып шыққан бір-ақ нәрсе болды, ол – туған жерге сағыныш пен сағым боп бұлдырап, қиял боп қанат қағатын елді көрсем, оған барсам деген арман. Сол арманды арқалап талай бала жігіт болып, ата атанды. Талай сұлу кимешек киген әже болды. Қазақтың діні, тілі, салт-дәстүрі мен ою-өрнегі, сызылта салар әні мен күмбірлете салар күйі бірнеше ғасырдан бері үзілмей сонау Моңғол жерінде осы кезге дейін жетсе, топырағың торқа болғыр сол абыздарымыздың алға сүйреген армандары болатын.

Бұдан үш ғасырдай бұрын барған кішкене қазақ ауылы Моңғолия сияқты алып елдің тап қазір үлкен аймағына айналыпты.

Ал Гүлжәміш болса, сонау ақтабан шұбырынды жылдары елі үшін жаны құрбан болған бабалардың жетінші әлде сегізінші ұрпағы.

Иә, Гүлжәміш 1970 жылы Моңғолияның Баянөлгей аймағындағы Қызылқайың ауданында дүниеге келіпті. Әкесі Бакей үш қыз он ұлдан кейін көрінген нәрестенің қыз болғанына өлердей қуанып, жүрген жолыңа гүл бітсін деген жақсы тілекпен атын Гүлжәміш қойған екен. Отбасылық сыйластықты

бәрінен жоғары ұстайтын әкесі балаларына қатты сөйлеп көрмепті. «14 балаң күні ертең үй-жәй болып шыға келгенде, құдаларыңның бәрін шақырғанда үйге сыймайды, сонда бізді ұмыт қалдырма»- деп әзілдейтін достарына: «мына шағын киіз үйді жиып қойып, жеті қанатты етіп қайта тіккіземін» деп, шарбақтағы ақ шаңқан үйді нұсқап масайрайтын. Кенеттен бірінен соң бірі екі ұлы қайтыс болғанда, әкесі қатты қамыққан. Тегі, көп ұзамай өзі де өмірден өтетінін сезді ме екен? Әкесі өмірден озғанда, Гүлжәміш небәрі 9 жаста екен.

Кенже болып еркелеп, сабақтан соң уақытын домбыра, гармонь үйренуге жұмсаған Гүлжәміш тез есейді.

«Екі-үш жылдан кейін турист ретінде болса да, туған ел – Қазақстанды көрсетемін» деген әке арманы да шорт кесілді.

Жылдар легі жараны жаза ма? Гүлжәміш мектепті үздік бітірді. Ол енді озық оқушы ретінде Моңғолия Оқу министрлігінің шет елде білім алу жолдамасын иеленді. АҚШ-қа барасың ба, Германия, Франция, Италия, Қытай ма, таңдау өз еркінде.

Бірақ жүрек түкпіріндегі туған жерді көрсем деген арман-сағыныш орыс тілін игеруге итерген. Сөйтіп, 1988 жылы Иркутск қаласында бір жыл тіл үйрену дайындық курсына бітірді. Ол жылдары Қазақстан КСРО-ның құрамдас бөлігі еді.

Ал Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне жолдама алғандағы қуанышын айтып жеткізу мүмкін бе?

«Елге, Қазақстанға, баратын болдым!» деп анасын құшақтағанда, әншейінде ел десе елжірей қалатын анасы үнсіз қалған.

Қанаты қатаймаған қарлығашының тағдыр торына талай рет тап келерін сезді ме екен?

Сөйтіп, ән де, жыр да айтылатын, ата-бабаның арманы мен сағынышына өзек болған жер жәннаты Жетісу төріндегі Алматы оған есігін айқара ашқан-ды. Бас қобызды тарта білсе де, нота жазуына көндіге алмай біраз қиналған. Курстары әртүрлі болса да, Моңғолиядан келген төрт қыз жұптарын жазбай бір жүретін. Мінезі салмақты Гүлжәміш бәріне бас болып, «халық



алдындағы парызымызды өтеу – бірінші міндет. Жігіттермен жолығып тұрмыс құруды сосын ойлаймыз»- деп, өзі де қыдырмай, қасындағы қыздарды да ешқайда жібермейтін.

Бірақ тағдыр атты тылсым күш талайды талшыбықтай иілдіргенін қайдан білсін?

Бірде Алматыдағы өнер академиясының студенттері Наурыз мейрамына училище түлектерін шақырғаны. Мәресәре қуанышқа толы әзірлікке бүкіл курс болып атсалысқан. Себебі мұндай кештер әуелден дағды екен. Сол кеште моңғол қазақтарының ұлттық киімін киіп барған 4 қыз өнерімен де, өзгеше сәнімен де ерекше болды. Дабырласқан, күліскен, сөз бен өнер сайысына мәз болған Гүлжәміштің өзгеге қарар уақыты да жоқ-ты. Тек кеш аяқталғанда, ұзын бойлы, қара торы жігіт сол кеште қолма-қол салған өз суретін алға тартқанда, танданса да, алмаған. Арада 2-3 күн өткенде, пошта қызметкері қол қойғызып ораулы пакет ұсынды. Ашып қараса, өткендегі өз суреті. Бетіндегі бір жапырақ қағазға «Көктемде кезіккен көкешім, Қайрылмай неге кетесің? Мұратбек»- деп жазыпты.

– Апа, менің бағым да, сорым да сол кештен басталды,- дейді Гүлжәміш мұндана күліп. – Бірде бақ ішінде оның жыларман болып булығып отырғанын көрдім. Тез бұрылып, кетіп бара жатыр ем.

– Әй, сұлу, жәй тыңда,- деді ол маған өктем үнмен.

Алдында үлкен полотно. Онда Сырым батырдың суреті.

– Осы сурет бізде сынақтан өтпей қалды,- деді ол мұндана. Есесіне, тап осындай айырқалпақты, жағы қушиған, ауыл шалының бағы артты... Осы дұрыс па? Батырдың бет жүзінен адуын күш пен ыза-кек бейне беріп тұрмаса ол батыр ма? Ол болашаққа, Сырымға қиянат қой. Менің суретімде батырға тән құбылыстың бәрі бар еді.

Көзінен мөлт-мөлт төгілген жасты көріп аяп кеттім.

Мүмкін, махаббат атты құдірет сол сәтте басқа қонды ма?..

Сөйтіп, 1993 жылы Жымпиты ауданының орталығында тұратын Жоламановтар әулетінде бір керемет той өткен. «Моңғолиядан келін келді!»- деп ауыл іші мәре-сәре.

Бақыт пен шаттықтан жүзіне нұр құйылған сондағы енесі Марияның әдемі жүзі әлі есінде.

Мұратбектің дипломдық жұмысы «Хан көтеру» полотносы 1-орын алғанда, содан түскен ақшаға отбасымен Моңғолияға барып келгені көбірек еске түседі. Күйеу жігіт қалыңдық төркініне өте ұнаған.

– Ал Мұратбек болса, ел ішінің ақ көңіл пейіліне риза еді. Жайлаудағы қой көгендеу, бие сауу сәттерін тамашалап, тау басынан атқылаған бұлақтан су ішіп, әр үй сайын домбыра, қобызды қолға алып, айтысқа әзір жастарды көріп мәз болған. «Осы көріністерді сурет етіп салсам»- деп арман еткен-ді. Анау “Баянөлгей” деп аталатын суреттегі сарқырап аққан бұлақ басындағы ақ шаңқан киіз үй – біздің ата қонысымыз. Ал бастап салған анамның суреті аяқсыз қалды,- дейді ол күрсініп.

Қытайдың біреуді қарғағанда «қоғам ауысар кезеңде өмір сүр» дейді екен. Қарғысқа тап келдік деп айтуға аузым бармайды, бірақ Мұратбектің таланты тіршілік тауқыметі табанының астында қалды-ау деп ойлаймын. Өйткені оқуын жалғастыра жүріп, күздің қара суығында, қыстың аптап аязында, бақтарда, парктерде сурет салып, онысын жүгіріп жүріп сататын.

Әркім қарақан басы қамымен, тұрмыс-тіршіліктің тырбыңымен мәдениет, әдебиет, рухани өмір деген ұғымдарды тәрк еткен уақыт біздің отау құрған кезеңге тап келіпті. Шіркін, мәдениетке, өнерге, рухани байлыққа тап қазіргідей көңіл бөліп, оған мемлекеттік түрде мән берілген болса, мүмкін, ол ауырмай әлі тірі жүрер ме еді?

– Сырым бабамыздың 260 жылдық тойына бүкіл ел жиналды. Сонда облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық музей Мұратбектің сурет көрмесін ұйымдастырды. Мен сонда оның суреттеріне мағлұмат беріп, көрушілерге түсіндірдім. «Түрік қағанатының құлауы», «Құлагер», «Көк бөрілер», «Сырым батыр», «Жекпе-жек», «Хан көтеру» полотноларын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ақын Қадыр Мырза Әлі, суретшілер



Телжанов, Мұхит Қалимов тағы басқалары (менің сырттан білетіндерім ғой) ынта қойып қараған.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев келерде де, оның бүкіл суреттері дайындалды. Кеше ғана Орынбордағы Батыс Қазақстан облысының мәдениет күндеріне өзім бара алмасам да, оның бірнеше суретін жібердім. Осының бәрі көңілді көтеріп, рухты биіктетеді-, деп бір тоқтады.

Шіркін-ай, Мұратбек тірі болып, өз туындысының елге мұра болғанын көрсе ғой... Таланттың арманын тәрк еткен тәңір-ай.

Жайымен сөйлеген Гүлжәміштің көзінен тырс-тырс жас тамады.

– Кейде мен дарын, талант, рух, әруақ егіз бе деп қаламын. Үш жыл қатарынан облыстық ауруханада жатып өмір үшін күрескен күндерін көзіммен өткердім. Қызуы 39-40 градус болғанша сурет салып, сосын құлай кететін. «Қарағым, демалсаңшы, күтінбесең өлесің ғой» деген анасына: «Мен суретті өлмеу үшін салып жатқан жоқпын ба?, - дейтін. Тап қазір сонысы рас болды.

Ел ішінде жайсаң жандар көп қой. Біздің отбасымызға қиын-қыстау кезеңде үнемі қол ұшын беріп, көмекке келген облыстық музей директоры Сара Есқайырқызы Танабаеваға, №15 мектептің директоры Мағрипа Есенқұлқызы Исқақоваға, ардагер апамыз Мағрипа Хайрошқызына әркез қарыздармын. Кейде солардың қарызын өтейтін күн туар ма екен деп толғанатыным бар.

Иә, Гүлжәміш тәңір айдап, туған жерге келген-ді. Жер шетіндегі Баянөлгей аймағында әр өндірістің маңызды бір-бір тетігін ұстаған сегіз ағасы оған әркез көмекке әзір. 80-ге келген анасы мен апалары да өздері орныққан орнынан Гүлжәмішке аялай, сағына қарайды.

«Өмірде бір шүбәсіз бақыт бар, ол – өз өміріңді өзгелер үшін арнау» дейді екен ұлылар. Тап қазір Гүлжәміштің алдында бір арман-мақсат бар. Ол – өмірден ерте кеткен дарынды суретші Мұратбек Жоламановтың сурет полотноларын әлемдік

каталогқа енгізіп, елдер арасында еркін көрсету. Ол үшін талай ұйқысыз түнді, күлкісіз күнді өткізер, талай есікті имене ашып, талайдан көмек күтіп жаутаңдар. Бірақ қос қанаты Еңлік пен Лағылды серік етіп, аяулы жар, ардақты әкені ғана емес, өмірден ерте кеткен дарынды суретші Мұратбек Тауфихұлы Жоламановты ардақтау үшін жүргені жігер берер.

Тәңірім, қанатыңмен қорғай жүр Гүлжәмішті.

*«Жайық арулары» газеті,
№ 12,13.11.2003 жыл.*

Қатарынан озық Қанипа

Қаланың қақ ортасында орналасқан «Зенит» машина жасау зауыты өзінің өндіретін өнімімен ғана емес, онда істейтін кәсіпқой мамандар – жұмысшы, қызметкерлерімен де көпке әйгілі.

Бұдан 60 жыл бұрын неміс басқыншыларымен соғыс басталған шақта Ленинград қаласынан көшірілген кеме жасау зауытымен бірге онда істейтін бірқатар мамандар да Оралға келген-ді. Соғыс кезінде зауытта өндірілген әр оқ жауға ажал болып атылса, кейінгі бейбіт күндері де жұмысын жалғастырып, көп ұлтты қуатты мемлекеттің айбынын асқақтатар қауіпсіздік құралын шығарды. Мұнда жұмысқа алынған мамандар мен қызметкерлер қашан да қатаң сұрыптаудан өтетін. Бұрын зауыт цехтарында үш мыңдай жұмысшы үш ауысымда еңбек етсе, бүгінде олардың саны ықшамдалған. Бірақ талап пен тәртіп сол баяғы.

Осы жаз Орал қаласында «Зенит» зауыты коллективі жасаған үлкен кемені суға түсіру салтанаты өтті. Сол жиында толқынды суға қарай жәйімен жылжыған кемеге гүл шоқтарын лақтырған адамдардың көбі осы зауытта істейтіндер еді. Солардың арасынан «арпа ішінде бір бидай» дегендей, қара торы қазақ әйелі маған кәдімгідей ыстық әрі таңсық көрінген.



Жаңа жыл қарсаңында сол оқиға есіме түскені...

Жақында “Зенит” зауытының директоры В.Х.Валиевтің қабылдауында болып, сөз арасында жұмысшылар ішінде қазақ әйелдерінің бар-жоғын сұраған едім.

– Бізде әйелдер саусақпен санарлық десе де болады. Солардың арасында Жаналиева Қанипаның орны бөлек. Өйткені ол мақтан етерлік ардагерлеріміздің бірі...

Осыдан кейін оны көріп, дидарласуға асыққаным рас.

Бізді аға инженер Нина Эльмуханова таныстырды. Жұмыс үстелінде үлкен қағазға әлденені сызып жатқан әйел жалт қарағанда, алдында көрген қазақ әйелі екенін тани кеттім.

Өмір-тағдыр кімді аяған? Сонау ХХ ғасырдың басында басталған қоғамдық өзгеріс ел ішіндегі талайды тақсиретке тап келтірмеді ме? Ата-бабасы бай-манап деп тәркілеуге түскенде, Сапа ақсақал ет жақын тума-туысымен Ресейге қоныс аударған. Ол елде де төңкеріс лебі сезіліп тұрса да, жөнімен еңбек еткен есті, ақылды жандар барған жерінде сыйлы болды. 3-4 ұл-қыздары өмірге келіп, алды жоғарғы білім алғасын-ақ, Сапа қария мен анасы Шәрипа балаларын туған жерге бағыттаған.

Сөйтіп, Қанипа Сапақызы ері Әлібекпен Орал қаласына келгенде, бар заттары екі чемодан киімдері мен Қанипаның Самара политехникалық институтының жылу жүйелерінің инженері деген, ал Әлібектің Ульянов қаласындағы автомобиль жолдары институтын бітірген инженерлік дипломдары еді. “Зенит” зауытының кадрлар бөлімі сирек кездесетін мамандық иесі Қанипаны бірден жұмысқа алған. Содан бері аттай 30 жыл. Сол еңбек кітапшасындағы жалғыз жазу өзгерген жоқ.

– Жылу жүйелерінің инженері деген қиын да қызық мамандық. Қарайтын, тексеріп істейтін іс- шараның біразы жер астында. Жазатайым бір жерден ақау шықса, жүргенің сызбалар мен жобаны ақтарып, термостат пен компьютерді іске қосып, оның қай мөлшерде, қай жерде, нендей ақау екенін анықтап. Әйтеуір жұмыста қателесуге қақың жоқ,- дейді Қанипа.

Ресейде туып-өсіп, Самара қаласында оқып, бойжетіп, саналы ғұмырында Орал қаласындағы «Зенит» машина

жасау зауытында аға инженер болып жұмыс істеген Қанипа Сапақызының арманы жоқтай.

Студент кезден танысып, өмірлік жар болған Әлібек те өте жайлы ақылды азамат болып шықты. Ол да көп жыл «Зенит» зауытында автокөлік бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып, тек соңғы екі-үш жыл бұрын ғана газ-мұнай саласына жұмысқа ауысыпты. Тұңғышы Айгүл Астанада банк қызметкері, ортаншысы Әлия шетелдік фирмада менеджер, ал кенжесі Айжан Петербордағы Механика институтының оптика факультетінің 3-курс студенті көрінеді.

– Бәрінен де қазір жиенім Әсияның тілі мен қылығы тәтті-ақ. Қызым, жиенім мен күйеу балам Ақылбек жаңа жылға келмекші, соған қуанып жүрмін,- дейді ол ағынан ақтарыла.

Өндірістің осы бір қиын саласында көпке үлгі болып, еңбек етіп жүрген аға инженер Жаналиева Қанипа Сапақызы сонымен бірге сүйікті жар, бақытты ана ғана емес, мерейлі әже де.

Ақжайықтың арулары-ай! Сендер барда жол сілтер, кейінгі ізбасарларың да түзу жолды таңдайды. Өмірде алатын асулары да биік болмақ!

«Жайық арулары» газеті

31.12.2003 жыл.

Қиырдағы ауыл

Бұдан бірнеше жыл бұрын ауылға барып келген бір жерлесім: «Құм ішіне гүл өсіріп, алма бағынан тосап қайнатып, бие байлап, қымыз ішкені өз алдына, телевизордан Мәскеудің хабарын да бізден бұрын көріп отыр ана Қуаныш. Осы біз болсақ қалада бос жүрміз. Ауылға, соның ішінде Нарынға көшуіміз керек», – деп топ ішіне тосын пікір тастаған.

Сол жолы көп адам оны әзілге сайыса, екіншісі «қорықсаң қасқырдың ініне жат» деген. «Әй, Әсіма, бізді полигонның ортасына салып өлтіре алмай жүрмісің?»-деп қарсы уәж



айтқанда, талайлар тамағына тас тығылғандай, тым-тырыс қалған-ды...

Неге екенін қайдам, Орда ауданында жолсапарда жүргенімде, сол уақиға қайта-қайта ойыма орала бергені.

Сол ой, Темір Масин кеңшарының директоры Сақтар Хайруллиннің алдына алып келді. Келген шаруамды айтқан едім:

– Е, біздің маңдайалды бөлімше меңгерушісі Қуаныш Қитанов туралы айтып отырсыз-ау,- деп бірден түсіне кеткені.

– Оның бөлімшесі кеңшар орталығынан 50 шақырым жерде, Куйбышев атты мекенде. Апырай, өзім сессияға дайындалып отыр едім, мамандар да жан-жақта, кеңшардың бір мүшесі біздің үйдегі келініңіз ерте барсын, – деп бәйек болғаны.

Ауыл ағасының жағдай жасағаны арқасында, шағыл құмды, бұза-жара әскери зона деп аталатын Нарын бөктерін бетке алып келеміз. «Қуанышпен тай-құлындай бірге ойнап, бірге өскенмін не бір партада отырып мектепте оқыдым» деп өтірік айтып қайтемін. Қазіргі Темір Масин кеңшарының жер көлемін біресе Қазталовка, енді бірде Жаңақала, айнала бере Орда ауданына теліген сонау 60-жылдары ауылымыздағы сауда мекемесі бастығының ерке әрі әдемі дәрігер қызы Зоя көрші ауылдың Қуаныш есімді жылқышы жігітіне тұрмысқа шыққанын ауыл адамдары аңыз ғып айтқанын талай естіген едім.

Қазір ойлап қарасам, ауылымыз аралас, қойымыз қоралас, арамыз 40-50 шақырым жер ғана, бір жазықтың төсін жайлаған жерлестер екенбіз-ау, тек ат-арбамен жаз жайлап, түйе шанамен жол кешкен сонау 60-жылдары арамыз тым алшақ сияқты еді...

Табиғат шіркін қызық қой. Облыс көлемінің ана бір шетінде көп үйлер суға кетіп, адамдар азап шегіп әуре-сарсаңда жүргенде, құм Нарын көптеп құйған ақ жаңбырға апай төсін айқара ашып, қара бұйра жондары жасыл шалғынға көмкеріле малынып, үлкен ләззатқа көнелгендей маужырап жатыр.

Ауыл шетіне келгенмен, үйлерді қуалап батысқа қарай бұрылған жолдарды көрісімен «Бұл Қуаныштың мекенінің басталғаны. Атшаптырым жер жүрмей ауыл ішіне кіре алмайсың. Үйдің іргесі терезеңнің алдына шейін машинаңмен төніп баратын аудан не қала орталығы емес. Ауыл ішіне құм толады деп ат көлікті де ішке кіргізбейді. Мұнда тәртіп қатаң», – дейді жанымдағы Набия рахаттана сылқ-сылқ күліп.

Жолым болғанда Қуаныш ауылда екен.

Жасы жер ортаға келіп, көп әріге бармағанмен, дәм-тұз айдаған жердің талайын көріп жүрміз ғой. Өзгені мысалға алмай-ақ өзімнің құм туралы түсінігімді ойласам, көп шоқының ортасында биіктеу жерге салынса да, жылдар өте жартылай құм басқан жатаған үйлер түседі есіме.

Ал алдымда – көше тәртібін бұзбай, тізіле салынған шиферлі төбесі алыстан көрінер ақшаңқан үйлер. Үй маңдары бойлап өскен қарағай, терек. Ауыл атаулының тіршілік қамының қорғаны – қора-қопсы не үй жанынан жамырап өрер қозы-лақ көрінбейді.

Тек жасыл шөпті жалаң аяқ басып, қарыс жердегі құм төбелерде алаңсыз ойнаған ауыл балаларының әлденеге мәз болып күлген даусы ғана түс тыныштығын бұзғандай.

Міне, үйлер арасындағы аз-кем ойпаңдау жерге орнатылған бақтың ішінде тұрмын.

– Мынандай екпелі шөп қайдан келіп жүр? – деймін аяқ астындағы тұтасқан бидайыққа қарап.

– Біздер сонау 1972 жылы көшіп келгенде, мына бидайықтың орны тақыр еді, – дейді Зоя әңгімеге араласып. – «Осы жерге бақ орнатамыз», – деді Қуаныш бір күні, ілкіде жай айта салған болар дедік. Содан араға апта өтпей, осыдан 12 шақырым жердегі баяғыда Жәңгірхан қала салған район деген жерден 5-6 түп жиде әкелді. Атырау облысының Ганюшкин деген селосынан алма, шие көшеттерін тиеп келді. Содан осындағы екі-үш жігітпен тақырды күрекпен ойды. Бар әйел сиырдың жас қиын ойылған жерге төгіп сыладық. Ай өтпей жаңағы жерге дән



септі. Мал кіргізбей, аяққа бастырмай, тамыр алып кеткенше өзі күтті де. Шыны керек, қазір біз емес, жас балаларымыз да рахатын көріп отыр. Мына жиделер гүлдегенде, иісін айтсайшы! – дейді Зоя мәуелеп өскен теректерге қарап мейірлене.

Ия, сылдыр сөз, құрғақ уәде, айла-шарғы мен жылтыр-жылпыстыққа жанымыз үйреніп кеткен бе, тапмынандай табиғат мейірі мен адамдар пейілі астасып кеткен құм ортасындағы шағын қалашықтың саябағында ақ қайыңға сүйеніп тұрып ойға кеттім. Қайран Нарын... Бұдан екі ғасырға жуық уақыт бұрын Жәңгірхан 750 үйді көшіріп әкеліп қала салып, ағаш отырғызып, егін егіп, мектеп ашып, елді орнықтырғанда, түгін тартса майы шығатын құнарлы жеріне, қысы-жазы жап-жасыл болып жататын берекелі беліне, аппақ құмды аяқтарымен рахаттана басып, құм бөктерінің әр тасын өз атындай аялайтын салықалы еріне сенген болар-ау. «Орнында бар оңалар», – дейді халық мақалы. Тағдыр тәлкегі талай тарланның белін бүктірсе де, «тұлпар орнын тай басып», жарқын істер қасиетті қара жер аман тұрғанда жалғасып келеді.

Анау районнан Қуаныш әкеліп отырғызған сорты да бізге белгісіз, хош иісті қос жиде бұдан екі ғасыр бұрынғы ну орманның жұрнағы болса, қасиетті жерге тер төккен Қуаныш сынды қарапайым азамат құнды өңірге қала салған есіл ерлердің нементайы емес деп кім айтар?..

– Анда-санда тиіп-қашып пішен дайындағаны болмаса, әскери зона болғалы 40 жыл бойы, үй салдырып қоныс тепкізбейтін еді, бұл маңға қалай келдіңіз?– деймін одан сыр тартып.

– «Көз қорқақ, қол батыр» дейді халықта,- деп бастады ол әңгімесін. – Біздің ес біліп, білім алып, атқа мінген жылдарымыз қиындықсыз өтті деп айта алмаймын. Әпербақан бұйрық пен жарлықтың талайын көрдік. Қисынсыз өмірдің қиындығы қара басқа тисе төзерсің, ал соған сенген қарапайым адамдарға тигенде қиын екен. Әскери зонадан бүкіл адам түгілі, кеңшар малдары қуылып қырғы алқапқа жиылғанда жер азып, шөп

шықпай, жылқы сияқты киелі жануарға тамақ табу да қиынға соқты ғой.

Мен сол кездері техникумды бітіріп келіп, Құрманғазы кеңшарында зоотехник болып істеп жүргенмін. «Жайылым жоқ, жылқылар зонаға көшірілсін. Табыншылар қос тігіп, қысы-жазы қасында болсын», - дейді кеңшар басшылығы.

– Әскери зонаның түбі, қауіп-қатері сәт сайын, арқа тұтар ортасы, көңілі бөлінер бала-шағасы болмаса,- қиын ғой десем, «оларды аясаң, өзің де көш» дегені.

– Көшемін, – дедім, – көшемін. Ол малшыдан менің жаным артық па? Тек үй салып, қоныс тебуге құрылыс материалдарын беріңіз. Сосын онда баратын адамдарды өзім іріктеп аламын. Сонымен 1972 жылы Орда ауданы, Құрманғазы кеңшарының №4 бөлімшесі болып 3210 бас жылқы, 210 бас сиыр, 275 бас түйемен осы жерге қоныс тепкенде, ана тұрған жалғыз үй бар еді, – дейді ол ең шетте жетімсіреп тұрған жатаған үйді нұсқап. Қазір бос. Есік-терезесін жауып, қоршап, музей есебінде құлатпай ұстап отырмыз. Ал мына үйлер содан кейінгі қоныстар ғой...

Жоқ, ол қиындықты айтып шағымданбады. Өйтпеді, уәде етіп еді, орындамады деп әкім атаулының үстінен арыз айту да оған жат. Өз күші, өз ақылы, қолынан келетіні мен келмейтіні, айтқан ақылы мен сөйлер сөзінің кімге қанша әсер ететініне дейін алдын ала болжап, біліп отыратын ақылды ауыл ағаларындай оның әр сөзі санаулы да нық.

– Жарылыс сайын әскери адамдар малшы атаулыны көшіріп жібереді дейтін еді, сонысы рас па? – деймін ел аузынан естігенімді анықтағым келіп.

– Полигонның ұясы (яғни, бас штабы) Чкалов атындағы ракета-авиация бөлімшесі бізден 39 шақырым жерде. Ал олардың ұзындығы ондаған шақырымға созылған сынақ-тәжірибе орны біздің үйден 12 шақырым жер. Онда танкінің, үйдің, самолеттің, адам мен малдың макеті бар. Алыс-жақынын өзің шамала.



Әскери адамдар «Пәлен күн, пәлен сағатта жаттығу басталады, амандықтарыңа кепіл бола алмаймыз, көшіңдер», – деп бізге талай келді. Мен бірде көшпеймін дедім. Көшіп кеткесін қайтіп келмесең екен, артынып, тартынып 1-2 күннен кейін қайта келесің. Сол жерде тұрасың. Басқаны былай қойғанда қара жердің топырағын алып кетпейсің ғой. Заттарыңды тиеп қайтып келгенде, оны баспайсың ба?.. Демек, басқа түскенді көресің.

Тікелей келген ажал қай жерде де алады. Анау теңкиіп жатқан ақты көрдіңіз бе?- дейді ол өз үйінен 500 метрдей жердегі жартылай жерге көмілген ағарғанды көрсетіп, бұл ракетаның бір қанаты. Осы май айының ортасында тапа-тал түсте түсті. Бәрінен де ауаның уланғаны ғой қиыны. Мың ағаш отырғызып, ауыл ішіне күм-шаң кіргізбей отырғанымыз, сол ауа улануының зәрін басудың жолдары ғой, – дейді ол жәйімен.

Ия, атақты Нарын полигон болып тағдыр тәлкегіне ұшырағалы ол туралы не білдік біз? Әлі де біліп жатқанымыз шамалы...

Тек жергілікті халықтың құрып барамыз деп ашып айтып, қолмен ұстатқандай кем болған, көр болған бала-шаға, азаматтың жан төзгісіз азабын көргеннен кейін ел қамын ойлаған бірен-саран азаматтар бүкіл бір аймақтың, бір кездегі ақжарма адал, кең пейілді, талантты еңбекшіл халқы құрып кету қалпында деп елге, қоғамға жаңа ғана қозғау сала бастады.

Әйтпесе, өмір бойы қоғамның малын бағып, пішенін тасып, егінін егіп, ел байлығын көбейту жолында тер төккен Нарын азаматтарының қамын кім ойлаған? Осындайда «Оттың ішінде мақтаны сақтайды» деген мақалды тірек деп, тәңірдің өзі сол бір бейкүнә жандарға жар болғай деп көрмегенге табынасың.

Ия, бұл жердегі отбасылар осы 21 жыл ішінде бұлт болып төніп, жалын болып шарпыған ядролық талай жарылыстың легі мен лебін, зардабын бастан кешті ғой. Аз ғана мақалада оның қайсыбірін тілге тиек етерсің. Соның бірі 1985 жылғы тап бүгін әлемге әйгілі болып отырған Азғыр жер асты

жарылысының зардабын, ажалдың көкесін осы Қуаныш басқарған бөлімшесінің табындары мен адамдары көрген.

Тайбурылдай тебісіп, сауыр жоны жылтырап тебініп жүрген жылқының көзі сыртына айналып бес минутта өле қалғанын көргенде Қуаныш өзі жер-жерге хабар жөнелтіп, «Бұл жай емес, полигонның, ядролық жарылыстың әсері», – деп хабар салып, жан-жақтан мамандар шақыртқан.

Сол жолы аудан, облысты былай қойғанда, Алматыдан, Мәскеу, Ленинградтан небір ғалымдар, әскери генерал-полковниктер жеткен әр жерден. Бәрінің де малды сойып, қанын алып тексеріп көріп келген ұйғарымы мал күтімсіздіктен, аштықтан өлген деп тапқан. Талап акт жасалып, хатталып, мөрленіп, қорытынды шешіммен архивтерге, жоғарғы мекемелерге жөнелтілген. Тек соның ішінде бөлімше меңгерушісі, жергілікті маман ретінде Қуаныштың қолы жоқ-ты.

Әпербақан бастықтар қай жерде де, қай кезде де жетеді ғой. Сол жолы 1986 жылы жылқыны аштан қырғаны үшін Қуаныш Қитановты аудандық партия комитетінің бюросымен партиядан шығарып, бөлімше меңгерушілігінен босатқан. Анау альбомдағы Алматыдағы жылқы шаруашылығы институты ғылыми қызметкерінің «отқа шарпылды» дегені сол екен.

Содан ол жыл жарым кеңшар орталығында әртүрлі жұмыста болды. Бірақ өмірдің өзі сол кездегі Қуаныш болжамын дұрысқа шығарды. Кеңшар әкімшілігі «Орныңызға қайта барыңыз тағы» деп өтініш жасағанда, ілкіде «жоқ» деп бір шоршып түскен, бірақ қиындықты бір бөлісіп, қияметті жерде бір жанұядай болып кеткен анау сиыршы Рашқалиев Елтайды, жылқышы Еслямғалиев Жігер, Дауылбаев Сырымды, баласындай болып кеткен Ромашев Ержан, Хабибуллин Айтуған сияқты азаматтарды қимаған. Сол қара орын – Куйбышев атты мекенге қайта келгеніне де бес жыл.

Тап қазір бөлімшеде 1500 жылқы, 400 сиыр бағылады. Қарамағындағы 5 трактормен қысқы шөпті де өздері дайындайды. Артық шөп дайындағанда оны көрші облыстың



кеңшарларына баспа-бас айырбастап, өздеріне құрылыс материалдарын, жанар-жағармай, шай-пұл алатын кездері де болады.

Ия, бас-аяғы 30-ға тарта отбасы облыс, аудан орталығынан бірнеше жүздеген шақырым алыста, полигон атты ажал оғын сеуіп тұрған сынақ аймағында армансыз өмір сүреді десек, әбестік болар.

– Қуеке, менің де қолымнан келер ештеңе жоқ, бірақ кейде бір сөздің өзі өзекті ойларға тіреу болар кезеңдері болады, не жетпейді, қандай мұң-мұқтаждық бар?- деймін жүрер алдында.

– Біз кеңшардан, аудан, не үкіметтен ет, май сұрап мазаламаймыз. Еңбек еткесін әркімнің жеке қой, сиыры әр үйде бар. Соңғы жылдары картоп егіп, помидор мен қияр, сәбіз бен пиязды да өзімізде өсіреміз. Балалар сусындайтын қарбыз бен қауын да бізде тезірек піседі. Ал мына аскөкті (укроп) тұздай ма, кептіре ме, әйтеуір осындағы қыз-келіншектер келесі жылға дейін жеткізеді,- дейді ол қоршаулы бақтың бір шетіндегі ұйыса өскен аскөкті нұсқап. – Бірақ біздің қолымыздан келмейтін нәрселер көп-ақ. Соның бірі құмды торлап шұбырған ұялы қасқыр... Бұдан 2-3 жыл бұрын үкімет тарапынан аулатып еді. Ал қазір оған тыйым салынған... Өзіміз биылдың өзінде 20-30 қасқыр күшігін ауладық. Ал ірілері... Көлік дегенде жалғыз машина, оның да аккумуляторы отырды деп кеңшар басшыларына сұраныс бергенімізге бірнеше ай, ал кеңшарға 4-5 айда бір-екі аккумулятор түсер, тегі ол біздің бөлімшеге жетер ме, онда да анталап күткен мұқтаждар, солардың бірінің қолында кете ме?.. Ауылымызда тек 3 кластық мектеп. Әлі 9-ға да толмаған балаларымызды сүйреп кеңшар орталығындағы интернатқа жібереміз. Менің өзімнің Гүлмира атты қызым, Берік есімді ұлым Орал педагогика институтында, ал туған екі жиенім Алматыдағы Эль-Фараби университетінде оқиды. Соларды ең болмаса 14-15-ке шейін үйде тәрбиелей алмағаныма өкінемін... Осындайда ең болмаса 7 жылдық мектеп ашылса деп ойлайсың ауылдан... Отбасы, ата-ана,

ауыл тәрбиесі жеткіншектерге табылмайтын мектеп, тек соны әлі дұрыс түсіне алмай келеміз. Баяғы жоқ заман, жұт заманда ел болып шегіртке деген жаумен күресетін едік, қазір ғарышқа ұшып, астымызға «Мерседес» мінген байлық пен барлықтан кейбіріміздің басымыз айналған заманда шегірткеге у шашуға литрлеп есептелер жанар-жағармай таба алмаймыз...

Апырмау, не болып барамыз деп тарығамыз кейде... Мына Нарын аймағы ядролық сынақтан азап шеккені өз алдына, тіпті астындағы суын тартып алу қамында жүр көп адам. Енді бір оншақты жылда суы тартылып, алты ай жаңбыр тамшысы тамбаған жылдары да бедері мен бедесін жоймайтын өңір қызыл құмға айналмағай деп қорқасың...

Ия, жер тозып, ауа уланып, заман ағымы құйтұрқыланып, ағың қара, барың жоқ, шындығың өтірік болып, асылың арзан, жасығың жауыздықтың шеңгелінде жан тапсырғалы тұрған алмағайып заманда ел үшін еңбек еткен азамат арқалар жүк бұрынғыдан он есе көп.

Соны анық түсінген ауыл-қаладағы бас көтерген озық ойлы азамат «Көппен көрген ұлы той» деген халық нақылын арқа тұтып, әрқайсысы өзі істеген жұмыс саласында игі істерді атқаруда... Жаңбырмен тапталып, асфальттап тегістелген құм жолымен бір кездегі қазақтың ата жұртынан Қазақстан жеріне аяқ басып келемін. Артымда Капустин Яр, Азғыр атты ядролық сынақ нүктелерімен астасып жатқан Нарын, оның қақ төрінде ел адамына азық-түлік дайындап отырған Қуаныш Қитанов басқарған бөлімше адамдары есіме түседі.

Осындайда ел-жұртын аштық пен жоқтықтан, қарлық пен қорлықтан құтқарып, жұмақ заманға жеткізу жолында халқы үшін тау көтерген Толағай туралы аңыз есіңе түседі.

Ылайым, халқы үшін тер төккен ел ұлдары ауыр жүктен сүрініп кетпегей...



Қос қария

Қарапайым ақыл иесі адамдар болады. Сенің кім екеніңді, қайдан шыққаныңды, қайда істейтініңді сұрамай-ақ, аңқылдаған ақ көңілмен реті келгенде ежелгі ескі танысындай сөйлесе береді. Бұл жолы да солай болды. Мені танымаса да, Рамазан ағаны сырттай білетінмін. Көп жылдар бойы облыс көлемінде партия, кеңес қызметінде болып, одан ішкі істер органдарында істеген жылдары құрметті демалысқа шыққан отставкадағы подполковникті соңғы жылдары ардагерлер ұйымы мықтап қолға алған оқушы жастар мен студенттер арасындағы кештер мен кездесулерде не қалалық ардагерлер кеңесі президиумының мүшесі ретінде әртүрлі мекемелердегі жиындар мен пленумдарда ғана емес, сәнді костюмдерінің омыраулары орден-медальдерге толып, өңдерінен ерекше бір мейірім мен кішіпейілділіктің лебі ескен, өздері қатарлас ардагерлермен қатар, мерекелік кештердің құрметті қонағы ретінде театр залының әркез алдыңғы қатарының сәні боп жүрген Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ғарифа апа мен Рамазан ағаның жанұялық сәніне сырттай талай қызыққам-ды.

Жекелей алып қарасаңыз, әрқайсысының өмір жолы мен ізгі істері бірнеше әңгімеге арқау болар осы қос қарияның ғұмыршылдарын кішкене мақаланың аз жолдарына сыйғызу мүмкін емес.

Биіктеп өскен бәйтеректің қуат күші жер астын көрнеген талшықтай тамырында екені ақиқат сияқты, көзге көрінбейтін естеліктерді ойыма оралтып, баянды бақыттың басталу кезеңін сонау 1939 жылдардан іздеймін.

Қаладағы №4 орта мектепті (қазіргі №11 орта мектеп) бітіріп, бірі Саратов қаласындағы дәрігерлік институтқа, ал екіншісі әскери міндетін өтеу үшін армия қатарына алынғанда Ғарифа апа мен Рахаңның ойларында білімді азамат болып, тезірек елге оралу болатын. Тұтқиылдан басталған соғыс талайдың арманын тас-талқан етпеді ме?..Ғарифа апа дәрігер болмады.

Ұлдары әскерге алынып, соғыс оты шарпыған, қартайған ата-анаға қамқор болуға елге оралды. Орал педагогикалық институтында оқи және қаладағы әскери госпитальдағы жаралы солдаттарды күтуде кезекші бола жүріп, соғыс комиссарына апта сайын «майданға алыңыз» деп арыз жазатын.

Ал сол кездер Смоленск қаласы маңында қолма-қол ұрыста талай рет ажал аузынан қайтқан взвод командирі Рамазан ағаның «Ғарифа, от пен оқ ортасында мұз бен қар жастанып, ел қорғау – ерлердің ісі. Қас-қағым сәтте аптал азамат емес, тұтас взвод не ротада солдат жоқ болатын сәттер көп-ақ. Фашистерге әр оқты екеуміз үшін деп атамын. Біздің болашағымыз үшін өтінем, келе көрме» – деп жазған хаттары сақтаулы.

Иә, сәнмен ұқыпты бүктеліп, таза папкаларда жиналған сарғайған қағаздар мен хаттар сыры әлі де ашусыз жатыр... Ал бейбіт жылдардың табысты еңбегінің куәсіндей партия, кеңес, шаруашылық органдарының мақтау грамоталары, қағаздарымен қатар, майданда Жоғарғы Бас қолбасшы В.И.Сталиннің қолы қойылған Мақтау грамоталары Рамазан ағада онға тарта болса, Ғарифа апада – алтау. Аяқ бассаң сылдырлай күмбірлеп, отты жылдар ерлігінің өшпес куәсіндей костюм омырауын кернеген орден, медальдар Великие Луки, Липецк, Орел, Курск, Белград, Невель, Минск қалаларының қасиетті топырағының алғысындай құлаққа жағымды ән салады...

Ленинград әскери-байланыс училищесін бітіріп, майданға аттанған топ қыздарды Орал халқы әнмен, бимен вокзалдан майданға шығарып салғанда, Ғарифа ана өз-өзінен қатты толқып, қызынып ертең-ақ соғысты бітіріп, елге оралатындай өректіген. Бұл 1942 жылдың көкек айы еді.

Отызғатолғанда әлі де жасатанып, тындырғанынан бүлдіргені көп, ештеңеге икемі келе бермейтін, тап қазіргі біздің қырсыз заманның көптеген кері кеткен жастарымен салыстырғанда, сол бір Ұлы Отан соғысының отты жылдары нәп-нәзік қыздар



да айбынды азаматтық қызметін атқара беретін. 1942 жылы сентябрь айының 2-сі күні Калинин майданындағы Великие Луки қаласының түбінде соғысып жатқан авиакорпусқа радист болып ұрысқа кіріскенде Ғарифа апа жаңа ғана 20-ға толғанды. «Қыран-Қыран! Мен – «Жұлдызбын». Тыңдаңыздар, мен – «Жұлдызбын...» паролін имандай қайталап, дивизия штабын рота, полктармен, әскери авиация бөлімдерімен тіпті жанар-жағармай таусылып, не әуе шабуылында жарақат алып бағыттан айырылған талай самолет экипажы мен жекелеген жауынгерлер топтарына жалықпай бағдар сілтеп, маңызды хабарлар мен бұйрықтарды өте бір ыждағаттылықпен тез жеткізуге тырысатын осы бір кішкене қызды полктас достары қатты құрметтейтін.

1943 жылы Деманск плацдармындағы ерекше ерлігі үшін корпусқа «гвардиялық» деген атақ берілді. Корпустағы бес радиостанцияның бірінде істейтін Ғарифаға корпус командирі алғыс жариялап, Коммунистік партия қатарына өту үшін кепілдеме берген.

Содан кейін де I және II Прибалтика майдандарында жалғасып, Вильнюс, Шауляй қалаларын жаудан азат етті.

«От ішінен мақтаны сақтайды» дейді халықта. Бірде Шауляй маңында аэродромның нақты орнын жау самолеттері біліп қалып, бомба астына алды. Ал радистер болса, сол маңда әуеде жаумен ұрыс салған ұшқыштармен тікелей байланыс жасап, бағыт-бағдар беріп отырды. Бір сәт дәл түскен бомбадан радист Аня Сотникова опат болды. Айнала бере Александра Корыстылева ауыр жараланды. Ал бұлардан қол созым жерде рациясын денесімен жапқан Ғарифа ғана байланыс хабарын тоқтатпай, ұрысты аяқтап шықты.

Ал атақты «Багратион» операциясына қатысып, Минск қаласын жаудан босатуда шешуші рөл атқарған Ғарифа қызмет еткен корпус енді 1-гвардиялық истребительдік Қызыл Тулы Минск авиациялық корпусы атанды.

Совет жауынгерлері қанға бөккен қасиетті топырақты адымдай басып, Берлинде 9 мамыр күні Жеңіс туын

желбіреткенде авиакорпус одан да әрі Батыс Германиядағы Прелберк қаласына келіп тоқтаған.

Соғыс бітіп, Жоғары Бас қолбасшының арнайы бұйрығымен 1945 жылдың қазан айында елге келгенде Германияның шығыс бетіндегі Росток қаласында Рамазан аға Отан алдындағы міндетін әлі де өтеуде еді.

1939 жылдың шілде айынан 1945 жылдың қазан айының 12-сіне дейін 2656 күн жүріп, Отан алдындағы міндетін өтеуден Рамазан аға елге оралғанда, өзі армияға аттанғанда әлі кіп-кішкене, қазір Алматы қаласында ұстаз болып істейтін Роза атты қарындасы бұны танымай қалып: «Мама, үйге бір солдат келді» деп көрші үйдегі анасына жүргенін ауылдастары көпке шейін күліп айтып жүрген.

Иә, қатардағы солдаттай жол-көпір құрылысы армиясының инженер-аға лейтенанты атағына ие болған Рамазан ағаның майдан күндерін оңай жаза салу мүмкін емес. Отан соғысына дейін де Батыс Украина, Белоруссия, Молдавия, Финляндия аймақтарында бір өршіп, бір басылған аймақтық қақтығыстарды басынан кешірген байырғы солдат Германиямен болатын соғысты әлдеқашан күтіп жүргендей-ақ, қақтығыстың алғашқы күні-ақ бірден қызу айқасқа араласып кеткен. Мәскеу, Сталинград, Ленинград, Курск, Смоленск, Великие Луки, Харьков, Тула қалаларын жаудан азат етуге қатысты.

– Күндізгі айқастан қалжыраған солдаттар түнде аз-кем демалысқа кіріскенде мина іздейтін құралдарын қолға ұстап, қауіпті сапарға саперлер шығатын. Қас-қағым сәтте талай қыршын жас топырақ үйіндісіне айналды. Австрия астанасы Венаға кірер тұста үшінші рет жараланып, қатты контузияға ұшырап едім, - дейді Рамазан аға сол күндерді еске алып...

– Өмір дегенді қойсайшы, кейде соғыс азабын ұмытып та кететін сәттер болады.

Жеңістің 45 жылдық мерекесіне 1 гвардиялық истребительдік Қызыл Тулы Минск авиациялық корпусының ардагерлері бас қосты. Ғарифа екеуміз бардық. Минск қаласының тұрғындары



көшеге гүл төсеп қарсы алды ардагерлерді. Өттеген-ай, жылдан-жылға азайып барамыз,- дейді Рақаң күрсініп.

Бар-жоқ, аз-көп деп ешкімге кінә артпай, анау керек, мынау жетпеді деп еңбек пен қызметін міндет етпей-ақ, елмен бірдей өмір сүрген майдандастар отбасының бойжеткен қыздары өз алдына отау құрды. Оля қалада экономист болса, Розлана Маңғыстауда журналист, ұстаз болып істейтін Светлананың тұңғышы Мәскеу политехникалық институтына оқуға түсіп, студент атанды...

Ардагерлер Ғарифа апа мен Рамазан ағаның өмір жолына қарай отырып, «семья – шағын мемлекет, сен – премьер, мен – президент» деген Қасым Аманжоловтың өлеңі ойыңа еріксіз оралады.

Бірнеше жыл Чапаев, Жымпиты аудандарында аудандық партия комитетінің хатшысы, облыстық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, 17 жыл қатарынан облыстық кинофикацияның бастығы болған Ғарифа апа қоғамдық жұмыстан әлі де қол үзген жоқ. Ол қазір облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Орал қаласының құрметті азаматы.

Пайғамбар жасынан асса да, кәрілікке бой алдырмай, өздерінің сыртқы сымбатты сынын кетірмеген қос қарияға қараймын. Адамдық, ізгілік, достық, бауырмалдық қасиеттер құнын азайтқан кездері арамызда өмір көрген ақыл иесі адамдар барлығы қандай ғанибет!

Бүгін мейрам. Самаладай жарық театр залына қала халқы жиналды. Залдың алдыңғы қатарына көз салсақ, сәнді костюмдерінің омыраулары орден-медальге толы қос қарияның отырғанын көресіз. Бұлар – Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ғарифа апа мен Рамазан қария.

«Орал өңірі» газеті

23.02.1991 жыл, № 38 (16599)

Құныққандардан қорқамын

Нарықты бастаймыз дегелі, ғұмырымыз әлде бір жақсылықты күтумен өткесін бе, әлде тағдырымызды сеніп тапсырған халық қалаулылары ел байлығының бір шет-пұшпағын ұстаған, үлкенді-кішілі бастықтар социалистік заманда жіберген білместіктері мен қателерін, озбырлықтары мен зұлымдықтарын жаңа өмірде қайыра қайталамайтын болар, әйтеуір бір жақсылық пен молшылықтың шеті әп дегенде-ақ көрінер деген аңғал ой кез келген адамда болғаны анық.

Аталарымыз жаңа жұмақ заман орнатамыз деп қан төкті. Әкелеріміз сол заманды жат елден қорғаймыз деп опат не мүгедек болды, біз болсақ, тыныш өмір жаңа келді, болашақ үшін, балаларымыз үшін еңбегімізбен коммунизм орнатамыз деп тыртықтап жүріп шашымыз ағарды. Аузымыз аққа енді тие ме деп емпендеп жүргенде, «еңбектеріңнің бәрі де алдамшы, қайтадан жаңа заман бастамасақ, бөріміз де қараң қаламыз» дегендей бізді тағы алдаусыратып отыр. Ұсынған мойынға қылыш кезенбес, құлағанды төпкілемейтін қарапайым, өр, батыр да аңғал халық: «Жә, солай болған екен... қайтеміз?» дегендей, ештеңе болмағандай жайымен тағы үнсіз қалды.

Жау жоқ, дау жоқ, құдайға шүкір, ел көшіп, жұрт қонған, апатты зобалаң заманнан да аманбыз. Анау Нарынның құмы мен Жалпақталдың балшығында баз кешіп, мал бағып, сиыр сауған қарапайым халық бір күн емес, бір минут те қызметін тоқтатпастан тынымсыз еңбек етіп келеді. Қой бағуды қазақтың мойнына жазып қоймаған болар деп талпынып, оқу оқып, институт бітіріп, мамандық алып, Абай атамыздың: «Сен де бір кірпіш дүниеге...» деген сөзін имандай көріп, таңғы тоғыздан, кешкі алтыға шейін тапжылмай отырып, өзін телегей теңіздің бір тамшысындай сезініп, ақ, адал еңбек еткен мың сан оқығандардың да легі кеміген жоқ.

– «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді». Елді, халықты, шаруашылықты басқаруға



ақыл-ойым, қабілетім жетеді дегендер басқарсын, мың қосшыға қай заманда да бір басшы ғой,- деп арасында алауыздық туғызбай, сезім мен төзімнің шектелмес қайшылықтарын сабырмен санаға салған ауыл азаматы қаншама?..

Бірақ... өмір өзгеріп, нарық атты алып айдаһарға кезіккелі өзін қарапайым халықпен етене бір ұстаған әр адам бастан соққан балықтай есеңгіреп қалғаны рас.

Неге..., қалай..., қайда...? Сан сұрақ санаңда шаншиды. Жауап таппай сандаласың...

«Кемедегінің жаны бір» деп жұмысқа келсең, «сен тимесең, мен тимен бадырақ көз» деп қатардағы маманнан бөлім бастығына шейін, «білмеймін-білмеймін, заман-заман» деп бүгін зарлап отырады да, ертеңгі күні пысықтау, жоғары жақта танысы молдау деген біреуі әлдебір концерн не қауымдастықтың бастығы, не белді қызметкері болып шыға келеді.

Алысқа бармай-ақ, аудан, облыс көлемінде болып жатқан жаңалық, өзгерістерді білейін деп теледидардың құлағын бұрасаң, кешегі коммунистік партияның басшылары болған азаматтар бір-бір қауымдастық, концерн, корпорация, шетелмен біріккен мекеме бастықтары болып, алды өздері тапқан табыстан байып, ел адамдарына қайыр-садақа беріп «азаматтығын» көрсетуде...

Ұсталған ұры жоқ, кінәлайтын күнәһар жоқ. Бүгін бар да, ертең болмайтын, баяғыдан тірнектеп жинаған ел байлығын, жағдайын келтіріп, жанталасып бөліп жатқандар қаншама?... Әйтеуір бір тылсым-тығырыққа, әсіресе, ақ ниетті адал адамдардың киліккені анық.

Бейбіт заман, ақ, адал адам, уланбаған ауа мен жер, су, жұрт атаулыға жеке меншіктік еркіндік, жалпыға бірдей әділ заң мен оны орындаушылары болса, 2-3 жылда еңсемізді көтеріп-ақ кетер едік...

Жұрттың бәрі «молшылық, молшылық» деп қақсайды. Сол молшылық жолында әлсізді басып-жаншып өлтіруге, тек бүгін

ғана кеңірдектен келсе болды, қаншаға түсетініне қарамай, жер шетіндегіні келтіруге бар. Молшылық дегеніміз, қампиғанша қарынды толтыру емес. Ол барға қанағат ететін рухани байлық. «Ашыққаннан құныққан жаман» дейді халық. Ашығып жатқан ешкім жоқ. Ал құныққандар қаншама?.. Сол құныққандар ағашты темір, темірді көмір деп таласқандарға жағдай жасап, сөзбен алдап, елді алдағы үлкен мақсаттан аластатуда. Сол құныққандар кеңес үкіметі құламай тұрып-ақ миллиондардың маңдай терімен жиналған байлықты кооператив, кіші мекеме, бартер деп жең ұшынан жалғасып бөліп алды. Сол құныққандар халық ашуын туғызған Жалпақталдың жандайшаптары мен Жымпитының жылпостары әр ауыл, әр мекемеде бар. Сол құныққандар халықтың күнделікті наразылығын туғызбас үшін сауда-саттықты реттейміз деген желеумен дайын тауар бөлуде әуелі партия бақылауын жасады, одан түрін өзгертіп жұмысшы бақылауы дегізді, жыл айнала бере зат айналымын мемлекеттік бақылауға алды. Ақыр аяғында жең ұшынан жалғасқандар, алушылар тобы мен оны ашушылар тобы қосылып, қылмысты жабушылар тобы пайда болды.

Айтпағымыз молшылық жолындағы күрес қой. Сол молшылық дегенді естігенде, есіме еріксіз 50-жылдардың орта кезеңі түседі. Анау Нарын құмында, қазіргі Темір Масин атындағы кеңшардың Тереңқұдық атты мекенінде шағын ғана колхоздың орталығы болды. Жапырайған он шақты үй. Ата-анамыз ертеңнен кешке дейін, қысы-жазы колхоздың жұмысында. Ауыл ішінде бетке ұстар бастауыш мектеп пен кішкене дүкен болды. Елдің киер киімі, ішер тамағы жоқ кемшілік кезеңі еді ғой. Бірақ сол шағын дүкенде бәрі болатын. Түрлі-түсті тай-тай мата, қабат-қабат жиналған пәлте мен костюмдер. Үй құралдары, кілемдермен қатар, неше түрлі кәмпит пен құмшекер болатын. Бірақ дүкен тым ескі үйде орналасқан еді. Құлыптаулы болғанмен, есігінің қорғаны қопарылғаны өз алдына, төбесінің бір бұрышы да құлаған болатын. Күн көзінің ауысуына қарап, есіктегі не төбедегі тесіктерден ішке сығалағанда, құмшекердің



күн көзімен лағылдай жарқырағанын топ бала болып талай тамашалағанбыз. Ой тәңір-ай, қанша жыл тұрды сол дүкен? Бірақ бір адам ішінен бір тал шөп алыпты дегенді естімедім. «Қиянат қылу, ұрлық жасау – азғындық, өзге емес, өзіңнің арыңның алдында күнә» дейтін ата-анамыз. Жарлы бола тұра неткен рухани бай, періште еді сол жандар. Ал қазір тапа-тал түсте қалтаңа түсіп, қараңғы бұрышта қанжар кезеніп, үйіңе кіріп тонап, ал екіншісі жымысқы айлакерлікпен халық сенген креслоны пайдаланып, тек жеке басының қамын күйттегенін көргенде, «Өз үйіңнен жау шықса, тұра қашып құтылмассың» деген халық мәтелі есіңе түсіп, жағаңды ұстайсың.

Жасымыз елуге келіп, өмірдің баз тірлігінің біразын көрген бізді қойшы. Мына қалыпта балаларымыздың болашағы не болмақ? Жұтқан ауа, ішкен су, жүрген жеріміз бір болғанмен, құдайды ұмытып, ұрпақ тәрбиесін әлсіретіп алдық-ау. Адам рухани бай болмай, адал болмай, өз молшылығы үшін тер төгіп еңбек етпей, өмір түзелмейді. Ел ешқашан молшылыққа кенелмейді. Тап қазір, күні бүгін биік белеске жеткізер жаңа өмірдің баспалдағында тұрмыз. «Жаным – арымның садағасы» дейтін халықтың өркендері емес пе ек? Неге сонша уақталып, жымысқыланып азып-тозып барамыз?..

Уақыт пен тағдырдың тоғышар сәтінде осындай алмағайып заман талай болған болар.

Алда жер иемдену, үй-жай, мал, зат бөлу, құн төлеу, біреу жеке, біреу топ болып, жаңа өмір салтын бастау кезеңі тұр. Жыл айнала мал-мүлік қолына тигендер заңды түрде жеке меншік иесі болып шыға келмек. Еліміз де, халқымыз да титықтаған кедей ғой. Аяқты нық басып, ес жинап кеткенше, құдай алдында, ел мен жұрт есінде ақтығымыз айқын көрінетіндей үлкен істі адал ниетпен бастайықшы.

*«Ақ босаға» газеті,
№ 6 (39), тамыз 1993 жыл.*

Меккеге барған әзиз Ана – Хамида

Осы бір қым-қуыт, қиқы-жиқы күйбең тірлікте әркім өз басымен, өз төңірегімен күн кешіп, жақын дос, тату таныстың талайын естен шығарғаны ақиқат. Біреулер мұны адамдардың мінезіндегі қатыгездікке, екіншісі тоғышарлыққа, ал үшіншісі тіпті енжарлыққа да балаған болар, бәлкім.

«Заманына қарай адамы» демекші, мүмкін адамдар мінезіндегі өзгерістер ғасырлар тоғысындағы елара шақтың салған таңбасы болар. Жел өтінде тұрған жандай құлази қалтыраған өмір-тағдырдың тауқыметі кім-кімді де қытымыр қылмай қоя ма?!

Дегенмен де арамызда уақыт ырқына бағынып адамдықтың парқын жоғалтып алмай, сабырлы, салиқалы ғұмыр кешіп жатқандар да баршылық.

Менің де әңгімеме арқау еткелі отырғаным – сондай бір аяулы әйел затының рухани ғұмыры, біздің жанымызға сол жылдары көшіп келген бір отбасының жайы.

«Үй таңдама, көрші таңда» деген ақыл сөздің астарында қаншама үлкен мән жатқанын біз де сол жылдары аңғардық. Бізге қоңсы қонған Алдамжаров Аралбай ағайдың отбасы өзінің береке-базарымен осы сөздердің растығын далелдегендей болды. Әскери өмірдің ыстық-суығына көніп, қызметте майор шеніне дейін көтерілген Аралбай ағаға берілген бұл пәтер – КСРО Қорғаныс Министрлігінің оған жасаған арнайы құрметі екен. Ақкөңіл Аралбай ағаның бармағынан бал тамған өнерпаздығы бізге таңдай қақтырмай қоймады. Ән мен күйдің құдіретіне елтіген бәріміз: «Сегіз қырлы, бір сырлысын-ай», – дестік бір ауыздан. «Осынша өнер қай жеріңнен шығып жатыр?» дегендерге:

– Әскери адамның өз басының билігі өзінде емес, қызмет бабымен 10 жыл Сібірде, 5 жыл Германияда жүргенде туған жерге деген сағыныш ән болып жинала берген ғой бойыма, – деп әзілдейтін ол.



Ағайдың зайыбы Хамида бидай өңді, қой көздері инабаттылық нұрын шашып тұрған адам екен, майда қоңыр мінезімен бәрімізді бірден баурап алды. Сол кезде-ақ өзіндік ой-тұжырымы бар, үлкен руханият дүниесіне жақындығын байқап қалғанбыз.

Тіршіліктің дөңгелегін-ай, үй ауыстырып, біз басқа ауданға көшіп кеттік. Күні кеше арамызда күмбірлетіп күй төккен Арекең де кенеттен көз жұмып, алыс сапарға аттанды.

Өмірден озған абзал жарының рухын қастерлеп өтуді мақсат тұтты ма, Хамида да имандылық жолына бүтіндей бет бұрды. Мына фәни жалғанның қарама-қайшылықтарының ортасында «аршыған жұмыртқадай аппақ» тазалыққа жету оңай ма? Пенде пиғылға жүгінген тұрмыс аяқтан талай шалып, жүйкені сан жұқартқаны рас. Қойма меңгерушілігінен басқа жұмысқа ауыстыр десе, тігін фабрикасының директоры Шарова: «Апыр-ай, дәл сендей үкімет мүлкіне қол сұқпайтын, өтірік айтпайтын, өз ісіне өте адал, мұқият жанды қайдан табамын? Қоғамның миллиондаған байлығын өзгеге сеніп тапсырар жайым жоқ», - деп әбден дал болған. Орнына лайықты адам табылмай, ауыра жүріп жұмысын істей берді. Дертiнiң сыры өзiне мәлiм. Қасиеттi ата-баба әруағы тылсым дүниенiң қыр-сырын меңгеруге жетелейдi. Бұл да бiр ғылым сырын аша алмаған бұлжымайтын заңдылық.

Қанша уақыт өтсе де, ата-тектегі өшпейтін қасиет ұрпағының бойынан ашылып, шынайы көрініс таппай қоймайды. Әсіресе, түсінде алған аяны, оң қолына ұстаған Құран-кітаптың беттерін парақтап, «Мынаны оқы, қызым», - деп нұсқайтын әке елесі көз алдынан кетпейтін. Көл-көсір байлығы 20-30 жылдардағы заман төңкерісінен әркімге қолжаулық болып кетсе де, шаңырағы мен бала-шағасының амандығына рахаттанып «Ей, Алла, бергеніңе шүкір, тәуба, тәуба», - деп күніне бес рет намазын үзбеген әкесіне таныстары:

– Тума-туыстың талайы өлді, мешітің жабылды, бар байлығыңнан жұрдай болдың, несіне шүкіршілік етесің? - деп

таңданатын. Адамның аз күнгі өмірдегі көрер қиындығы мен жақсылығы өткінші сынақ екенін анық ұққан данагөй қария бәрібір тәуба қылудан танбайтын. Сөйтсе, әкесі қанына сіңген қасиетті жалғастырар ұрпағы бар екеніне қуанады екен-ау. Әкесі түсіне енген сайын иіс-қоқыстан, ырду-дырдудан, кейбір адамдардың жүріс-тұрысынан жүрегі айнып, құлағы шыңылдап, басы айналып құлаған сәттерінде әруақ қысып жүргенін ұғатын. Оңашада өзімен-өзі қалғанда «Әке, мені кеше гөр, бәрібір мен сенің қасиетіңді ұстай алмаймын, ұлдарың бар ғой, соларға аудар назарыңды», - деп жалынатын.

«Өмір дегенің көктегі құдірет, жердегі пенделермен іштей ұғысу, шүйіркелесу құралы» деген сөз ойынан кетпейді. Өзін-өзі сынап, өзін-өзі тыңдап, келе-келе адам кім екенін анық ұғады деген тұжырымға келді. Сондай кездері іштей Аллаға жалбарынып: «Білместігімді кешіре гөр, болмыс-бітімме арсыз ой, қарауыл қылықты жақындата көрме», - деп тілейтін. Ішкі жан-дүниесі аса бір нұрлы күндерді асыға күтетін. Ондай күннің туатынын да анық сезетін...

Құдайдың құдіреті-ай десеңші...

Заман өзгеріп, дін еркін уағыздалып, мен мұсылманмын деген сөзді мақтанышпен айта бастағалы, күн нұрынан дүркірей еріген ағынды судай 75 жыл тұншыққан дін, халықтан аластатылған әдет-ғұрып, шөптей қырқылған ата-салт егемендіктің самал желімен көктей қаулап, дүркірей бастады емес пе?

Құдайдың сүйікті құлы болып, әруақ пен қасиет қону – Алла ғана берер бақ. Біреулер сол бақ келген сәтті сарқа пайдаланып, кісі емдеп, ақша тауып, атақ-даңқ, мансап көксеп өз-өзін жарнамалап хабар таратса, екіншілері басқа келген бақты мәңгілікке санап, апыл-ғұпыл ісімен, әрпіл-тәрпіл сөзімен, арсын-гүрсін жүрісімен айдынға қонған аққуын ұшырып алғанын да білмей қалады. Ал Хамида болса, тәлім мен тарих, өмір мен қоғам, ел мен жұрт, салт пен дәстүрді етене білетін, ел үшін аянбай қызмет істеген жоғары білімді ұстаз ғой. Қалт



еткенде кітап пен журнал оқып, жақсы қылық, жылы сөзімен кісіге пұлсыз еңбек етуді өзіне мұрат етті.

«Біреу арманына жүріп жетеді, екіншісі жүгіріп жолығады» деген бар. Хамида қазіргі ғұмырына дән риза, тек жан жолдасы Аралбайдың көп ауырмай көз жұмғаны жүрекке жара салып кетті. Түске енген аяннан ерінің 4 жыл 4 ай ғана ғұмыры қалғанын алдын ала білгені де көңіліне қаншама қайғы жамады десеңші?..

«Тәңірім, аяның ақиқат бола көрмесе екен» деп, жанұшырып Аллаға жалбарынған, шарқ ұрып жанына сая іздеген. Ақыры әкесі түсінде қолына ұстатқан Құранға кеп басын сүйеп, содан жанына үлкен медеу тапты. Араб әріптері санасында жаңғырып, аз уақыт ішінде Құранды мүдірмей оқып кеткені өзін де таң қалдырды. Сауатын ашуға көмектескен мешіттегі ұстаздарына дән риза. Бақиға кеткен жанның рухын риза етер тірі пенденің бір ғана амалы бар емес пе, ол марқұмға – құран бағыштау.

Хамида да тәңірдің ісіне сабыр айтып, алдының жарығын сұрап, құдай қосқан қосағына Құран шығарған. Құранның нұры көңілінің кірін аршыды ма, осы сәттерден бастап кіршіксіз тазалыққа ұмтылған ол өзінен кейінгілердің бәрін ізгілікке бастап келеді. Қашан көрсең де, алқымынан асыра бір орап алған аппақ жібек орамалы пәктіктің белгісіндей болып, жарқын реңінен ғұлама өмірдің ұлағаты есіп тұрады.

Иә, ол – өмірден сауап теріп жүрген бір әзиз жан, әрбір басқан қадамы өнегеліктің айнасы.

«Екі елі ауызға төрт елі қақпақ керек емес пе, қыздар?»- деп өсек-аяң бастала берген жерден сыпайы тұрып кетеді. «Өсек айтуға болмайды, ол – үлкен күнә»- деп жастарға қарап қабағын түйіп, саусағын безейтін кездері де бар.

Шариғат жөнінде сұрақ қойғандарға: «Ол бір тұңғиық ілім, жұмбақ әлем оны айтуға үлкен сауаттылық керек, білемін деп мен де өтірікші болмайын. Орынсыз күнәға қалдырмаңдар мені», - дейді жұмсақ жымыып. Хамида апаның қасиетті Қадыр

түнін мешітте өткізіп, таңды қарсылағанының талай куәсі болдық. Бірде аяғынан тік тұрып жас қыз-келіншектерді қарыз намазын орындауға шақырса, бірде олардың ортасында білмегендерін айтып, «Бұл түнгі тілеген тілек мың күн тілек тілегенмен бірдей» деп жөн сілтеп отырғанын көресің.

– Иә, раббым Алла, Жаратқан ием! Адамзат баласының бар ауыртпалығын көтеріп тұрған Жер-анаға қуат бере гөр. Жер бетіндегі бар пенденің қате-күнәларын кешіп, мейірім шапағатыңды төге көр, ылайым,- деп екі алақанын жайып, Апланың рақымын сұрағанда, заманның ақырын алыстатып, көрер жақсылығымызды көбейтіп жүрген әулие жанның бірі-ау деп, еріксіз ойға қаласың.

– Ұлы жолда жүрген адамсыз ғой, Меккеге қашан барасыз? – деген сұраққа, Хамиданың:

– Жан-дүниесі ізгіленіп, тазармаған адамның ниетін Алла қабыл етпейді. Көбіміз бір қайнауымыз ішімізде жүрген жандармыз ғой,- деген сөзі ондай үлкен сапардың уақыты әлі алда екенін, қандай ниеттің болмасын сәті Алладан екенін білдіретін.

Осындай ұлы ниеттің жетегінде жүрген Хамида апа аналық парызын бір сәт те ұмытқан жоқ. «Орнында бар оңалар» демей ме дана қазақ. Аралбай ағаның ұл-қызын аялы алақанына сап, мәпелеп өсірді. Текті тұқымның тұяғы емес пе, ұлы Азамат бір емес, бірнеше білім саласын (шет тілдер институты, мұнайгаз маманы) меңгерді, қазір белді қызметкер. Екі қызы Салтанат пен Клима да өз алдына отау тігіп, қоғамда өз орындарын тапты. Ұл-қызынан өрбіген немере-жиендері Серік, Рамина, Расулдарға құрақ ұшып тұратын әже мейірімі көргендерді сүйсіндірмей қоймайды. Ең кіші немересіне Расул деп ат қойғандағы ойы – Апланың елшісі болсын, өз заманына жақсылық нұрын себетін жан болсын дегені. Оларды мейірлене иіскеп:

– Алла бергеніңе шүкір, тоба,- деген ана сөзі де оның ұстаған қағидасының дұрыстығын дәлелдей түскендей.



Өткен жылы қыста, Пайғамбар жасына келген шағында әлдеқалай болады деп жүрексібестен Хамида апай ұлы сапарға – қажылыққа аттанды.

Дос-жаран, туыс-туған:

– Алла қуат берсін, – деп тілегін тілеп, келер күнін асыға күттік. Денсаулығы ұзақ жолды көтере алмай қала ма деген күдік те жоқ емес еді.

Па, шіркін, міне парасаттылық қайда жатыр?! Хамида апамыз күндей жарқырап, қолтығының астына қанат біткендей нұрланып, қуаттанып келді.

– Жердегі Жұмақты көріп келдім. Алланың шапағат нұры төгіліп тұрған жерді көріп келдім, – дейді. Аузынан бірінші шыққан дуалы сөздері біздің де жан-жүрегімізді иітіп, сол бір нұрлы жұмақ әлемінің бір шапағын көңілімізге қондырғандай болдық. Алып келген естелік сәлемдемелерін, жол-жоралғыларын үлестіріп болған соң, Меккеден келген бейне таспаны көрсетті. Теңіздей толқыған миллиондаған адамдардың арасынан қасиетті Қағбаға алақанын тигізген Хамида апамызды көріп, ақ жаулығы ағараңдап халықтың аманатын арқалап барған ананың шексіз бақытының куәсі болдық.

Меккедегі әл-Харам мешіті, бір мезетте бір миллион адам намазға жығылатын Мәдинедегі Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) мешіті, Шайтандарға тас лақтыратын Мина тауы, Ыбырайым пайғамбардың (с.ғ.с.) ізі бар Алаң, Зәм-Зәм суының қайнары, анау Арафат тауы, мына күмбез Айша бибі мазары т.с.с. адамзаттың зор сүйіспеншілігін оятатын қасиетті жерлерді таспадан көрудің сәті осылай түсті. Бұрынғыларда Меккеге қажылыққа барып келген адамның басып кеткен ізін сүйеді деген сөз бар. Бұл сөз кезінде тегін айтылмаған болар. Біз де тұла бойы нұрға толып, көкірегіне тәубасы тұнған, жүрегін тіршілікке деген сүйіспеншілік кернеген Хамида апаны құшағымызға алып:

– Апа, сіз шексіз бақыттысыз! – деп шын жүректен риза болдық.

Алланың бір, Құранның шын, Пайғамбарымыздың Хақ екендігіне бар болмыс-бітімімен сенген жандардың нұрлы жүзіне қараудың өзі бір ғанибет екен.

XV ғасырдан бері бір әрпі өзгермей, ғұламалардың рухани азығы болып келген Құранды бағыт-бағдарға алған Хамиданы бізден оқ бойы озып кеткен жан деп есептеймін.

– Шіркін, біздің қаладағы құрылысы жаңа басталған Мұсылмандар мешіті тезірек бітсе екен, бір топ жолдас, достарымды Мұхаммед пайғамбардың өсиет-уағыздарына үйретіп жүрмін, мешіт ашылған күні олар кәміл намазға жығылады, - деген Хамида сөзі көңілге қонады-ақ.

Өмірге келген соң дүниеге бір жақсылық дәнін себу керек деген парызбен еңбек етіп, бала өсіріп, есейген шағында Қажылыққа барып, мұсылмандық парыздың бірегейін орындаған Хамида – қандай жанға да үлгі боларлықтай парасатты тұлға.

*«Еділ-Жайық» газеті,
04.03.2005 жыл, № 4(288).*

Өмір, мен саған ғашық емес пе ем?

Ертемен жұмысқа асығып бара жатып, тамашалай әрі қызыға қарап тұрған он бес-он алты жастардағы балаң жігіттердің жанынан өте беріп, қалт тоқтадым. Олардың бар аңсарлары кенеппен тысталған жүк машинасына спорттық қоржындары мен парашюттің құрал-саймандарын тиеп жатқан жастарға ауған. Ал олар болса, әлдебір қуанышты сезіммен мынау үскірік боран, сықырлаған аязға қарамастан тез-тез қимылдап, қала сыртындағы жаттығу алаңына жетуге асығып, машинаға отырып жатты.

Есіме кешегі өткен жиын түсті. Облыстық Қызыл Крест қоғамының медициналық мейірбикесі Қ.Дәуімова сөйлеп



тұрды. Жылдан аса аурулығы себепті ауғандық жас жігітке көмекке баратынын, «отқа түсіп күймеген, суға түсіп батпаған» сол батыр жігіт өзінің жастарға тән пәктігі мен азаматқа сай мәрттігі үшін азап шегіп отырғанын, өлім мен өмір тартысында жүрсе де, Ауғанстанда госпитальға түспеген мүгедек деп есептелмейтінін, сол себепті зейнетақы мөлшері де аз, көмек те кем, әрі жеңіл жұмысқа кіру мүмкіндігі де жоқ екенін ашына айтқан...

Мәжілістен шыға, залда отырғанның бәрі сол азаматқа көмекке баруға асығатындай көрінген маған...

Сол Нұрлан Мұхамбетқалиев осы Орал аэроклубының түлегі еді-ау...

Өмір деген қызық қой. Жылдар бойы ешкімнің алдында әлдебір ауыр қарыз-парызыңның жоқтығына сеніп, өзіңді кәдімгідей сергек, шат сезінесің. Ал Нұрланмен кезіккелі өзімді айыпты жандай сезіндім. Мүмкін, сол айып болар қолға қалам алғызған...

Күн шыңылтыр аяз-ды. Кеше түскен ақша қар қала тіршілігінің қоңырқай қалпына әзірге мойынұсынбағандай күн көзіне лағылдай жалтырайды.

Есікті Нұрланның анасы Ару ашты. Жып-жинақы, тап-таза үйде талғампаз жандардың тұратынын паш еткендей әр зат өз орнында.

– Нұрланжан, ішке кір, тоңдың ғой, - дейді Ару бөлме ішінен балконда тұрған ұлын шақырып.

Мен оны көшеде көрсем, көп жастардың біріне сайып, байқамас та ем. Ал алдымда әрі жас, әрі үлкен өмірдің жақсылығын да, қиындығын да жанымен сезіп, көзімен көріп, оны мойымай көтеріп, бар қасіретін жұдырықтай жүрегіне түйген қарапайым, қағілез ғана, жүдеу өңді жігіт отырды.

...Ол жылдары Орал аэроклубында оқу үшін мектептен тек өте жақсы оқиды деген анықтама талап ететін. Ал планеристер класында оқитын Нұрлан болса, саралап, алынған балалар тобына ілігу үшін өз ісінен ақау жібермеуге тырысатын.

Қаладағы №40 мектепте оқи жүре, парашютпен секіруден, қала сыртындағы жаттығулардан әсіресе қыс күндері аяз сорып, жел қаққан жүзі қарақошқылдана шаршап, тоңып, кештете үйге келгенде анасының: «Қарағым-ау, өз басыңа өзің азап тілеп нең бар? Құрбы-құрдастарыңдай еркін өмір сүрсенші» дейтін өтінішіне: «Мама-ау, мұндай жаттығусыз мені әскери ұшқыштар училищесіне кім алмақ?» деп қарсы сұрақ қоятын. Планермен ұшудан бірнеше дүркін әлемдік рекорд иесі, жаттықтырушысы Татьяна Александровна Галиеваның ақылымен Сызрань қаласындағы әскери ұшқыштар училищесіне барған-ды. Конкурс қорытындысында бір балы жетпей, көңілі пәс болған.

Ойлаған ойың жүзеге аса бере ме?

Әскери міндетті өтеуге шақырылғанда бір тілегі парашютист-десант тобына жіберуді өтінген.

Әр күні ғана емес, әр сағаты сансыз жаттығу, қауырт іс-әрекетке толы белорус жеріндегі жылдар қас-қағымда өте шықты ғой. Серіппелі тегеуріндей оңтайлы күш-әдістерін тамашалап, «Қаршыға» дейтін достары оны әзілдеп.

Ежелден азамат ел қорғаны. Халықтың басына түскен қасірет-қайғы жүгін көтерер күш – жігіт. «Әскери міндеттің соңғы алты айын ауған жерінде өткізесіңдер» дегенде ерлерге тән міндет атқаратындарына бәрі де сенген-ді...

Атақты «Шабуыл тобы» талай қиын операциядан абыроймен оралған. Әр сағаты жылға татыр сол күндерді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Пешевар маңында болған сол бір ұрыста қатты соққыдан құлап түскенін біледі. Есін жиғанда екі жылдай құлын-тайдай тебісіп өскен белорус досы Сергей мен украин жігіті Петроның өлі денесі, снаряд жарқыншағы жұлып кеткен взвод командирі Андрейдің оң жақ аяғы оған елестей көрінген. Сол жолы қайғыдан жүрегі езіле, кейде басы айналып кеткенін сезсе де, госпитальға бармаған. Арыстай азаматтар өліп жатқанда басы айналу да сөз бе тәйірі...

Өмірде тек өзің білер, сезер жағдайлар болады. Қаншама ет жақыныңа да білдірмей, сол өз құпияңды тек жанашырыңа ғана айтасың.

Оны тек Галина түсінген. Онымен алғаш рет офицерлер клубында танысқан. Полковниктің ерке қызы өзге курсанттардан ерекшелей өзін қайта-қайта биге шақырғанда көп мән бермеген.

Арада айлар өте, өз бойындағы тамшы сезім дария теңіздей арнасынан аса толқығанда, жетпеске қол созғандай өз-өзінен қатты тіксінген. Қазақстанның бір түкпіріндегі көп балалы жұмысшы отбасы Мәскеу тұрғыны әрі ұлты өзге, әскери полковниктің ет-жақындарымен шендесе ме?

Махаббат арнасын өмір жолына түсірген өзінің сабырлы, салмақты мінезі ме әлде Галинаның алып ұшпа ақ көңілі ме, есінде жоқ. Тек сәт сайын жадында жүретін сол бір диалог жүрегіне жатталып қалыпты.

– Сен ата-анаңның жалғызысың, алысқа жібере ме?

– Мен мамама алғашқы немереңді әкеліп беремін деп уәде еттім.

– Қазақтар келінін қолына ұстайды, оған көне алсаң?

– Мен болған үйде сен де тұрасың ғой?

– Шын айтсам, кейде басымның қатты айналатыны бар, медициналық комиссиядан қорқып, әскери ұшқыштар училищесіне бармағанымды білесің. Мен, бәлкім, ауыра қалсам...

– Мен емдеуші дәрігер болып шығамын. Сен менің алғашқы пациентімісің...

Сөйтіп, Мұстах ағаның үйінде азаматтық авиация училищесін бітірген ұлы Нұрланның лейтенант атағын алу тойы мен орыс қызы Галинаға үйлену тойы қатар өткен.

Бұл 1984 жыл еді-ау.

Арман еткен аспан көгін еркін шарлап, жайдары мінез дәрігер жары мен кішкене Наташасын аймалап, ақ пейіл ата-ана, апа-қарындас, туыс-жекежаттың көңіліне кірбің салмай жайнап өткен сол жылдар түс сияқты.

1986 жылы Галя екеуі Мәскеуде демалыста жүрген-ді. Қатты ауырып бірден госпитальға түскен. Жапондық аппарат

бас сүйегінде қатты соққыдан зақымданған қан тамырының жинағын тапқан. Сол жылдары ұшу сапарынан қалуы өз алдына, оқыстан қаза тапқан жары Галинаның қайғысы қосылып, жарты денесінің жаны кетіп, қайта госпитальға түсіп, бас сүйегіне операция жасағасын ғана өмірге қайта оралғанды.

Бұған да қазір үш жыл.

Ол қазір екінші топтағы еңбек мүгедегі. Пенсия көлемі 58 сом. Ауғанстанда әскери міндетін өтегені рас. Қала сыртынан бір бөлмелі үй берілді, ал пенсия көлемін көбейтіп, не басқалай көмек көрсетуге, яғни «ауғандық» жеңілдіктерге ие болуға жаралылығы туралы құжаты жоқ.

Жылдар өте бәрі де қалпына келетініне сенеді.

Осы жаз төрт жасар қызы Наташамен қыдырып жүріп, сатылып жатқан ойыншық жеңіл машинаға тап келгені.

– Папатай, алып берші! – дегесін пенсиясын алғаны солды, жүгіріп кезекке тұрды. Егер қалтасында екі сомы болғанда қызының бір қуанышы үшін бәрін деп сарп қылатынды. Ентелей жағаласқан кезектегілер тобынан сытылып өзі әрең шыққан.

«Егер машина алсақ, екеуміз ай бойы аш жүреміз» дейтін ащы шындықты қызын аяп айтпаған.

– Қарағым-ау, қиын жұмысқа бармағанмен көңілің сергір, ойың бөлінер, ешбір ақыл-ойдың қажеті жоқ, ең болмаса аула сыпырушы болып жұмысқа кіріссеңші, - деймін үнсіз отырған Нұрланға қарап.

– Біраз жерге барып көрдім, маңдарына жуытпайды. Тіпті жұмысшымын ғой, менің атыма жазыңыз еңбекті деп мама да ілесіп барды.

– Бар үміт қалт еткен көңіл-күйіңді қаттап тастайтын аппаратуралардан аман өтсек, 1989 жылдың май айында өтетін дәрігерлік комиссияда, - дейді ол түңіліп.

Оған дейін де жаны жабырқау, көңіл-күйі көмескі қалыпта әлі де ондаған күн, жүздеген сағат, мыңдаған минут бар. Бар мен



жоқты, қауіп пен қатерді, тірлік пен өмірдің құнын секундпен есептеп үйренген лейтенант-ұшқыш үшін ол аз уақыт емес.

Қолымнан келсе, тезірек көмек көрсеткім келіп кеткені...

Міне, №7 үй басқармасының бастығы Н.Бисеновтың алдында отырмын. Қайдан келгенімді ескертіп, бар жағдайды айтып, «Моральдық жағынан көмек көрсете алмағанмен, материалдық жағынан септігіміз тиер, әрі таза ауа, қиналмай істелген еңбек денсаулығының тезірек қалпына келуіне әсер етер, аула сыпырушы етіп алыңыз», - деймін өзімше түсіндіріп.

– Бос орын жоқ.

– Тіпті Нұрлан тұратын аула мен техникалық кітапхананың өзінде апталдай азаматтардың ертемен қолына шелек алып, апыл-ғұпыл қағаз жинап жүргенін көріп жүрмін, олар үшін, әрине, қосымша еңбек, соларды басқа жерге ауыстырсаңыз, - деймін шарасыздана.

– Кімді қайда қою – бастықтың ісі.

– Жұмыс көп, ауру адам істей алмайды, – дейді анадай жерде отырған бір қызметкері тызылдап.

– Басқаны айтпағанда, өз үйімнің шарбағында бір-екі әйел шаңдата сыпырып жарты сағат жұмыс істейді де кетеді, - деймін мен де өз ойымды дәлелдей.

Олардың жұмысын тексеретін мастер бар, бригадир бар, инженер мен бастыққа олар күнбе-күн мәлімет түсіреді, - деген келесі үстелде отырған етжеңді еркек даусы кәдімгідей зілді естіледі.

– Апай, заң тілімен сөйлеуіңізге қарағанда ініңізді не балаңызды жеңіл жұмысқа орналастырғыңыз келіп жүр ғой, шамасы. Оны былайша... айтпайсыз ба?

Бастық «дәл таптым ба?» дегендей маңғаздана күлімдейді.

Ой-санама жетпейтін оқыс сөзден үндей алмай қалатын жайым бар. Ішімнен тап осы жерде Нұрланның болмағаны қандай жақсы деп ойладым.

Облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі, қалалық еңбекке орналастыру мекемесі, әскери комиссариат, қалалық

комсомол комитеті, СПТУ-4 училищесі. Бұлар Нұрлан барып, жылы ықылас көре алмаған осы бір мекемелерге тағы бір барып шықсам ба?.. Жоқ, ондағы мекеме басшылары бәрі де оны сөккен жоқ. Жай-жапсарды тыңдаулары да сыпайы. Бірақ жап-жас жігіт жайымен ғана жағдайын айтқанда селт етпеген олардың сөніп қалған жүректерінің отын мен тұтата алармын ба?..

Тіршіліктің тынысын кеңейтіп, өмірді жалғастырып, ғасырдан ғасырға, атадан балаға мирас болып келе жатқан адамдар арасында жазылмаған бір заң бар. Ол – адамдық, адалдық заңы. Сол заңның тартылыс күші болар, жер шеті Америка елінен президент Д.Буштың ұлын Арменияға әкеліп, жаралы болғандарды көргенде көзіне жас алдырған.

Өттеген-ай, біздің бәрімізде жақсылықтан жайнайтын, жамандықтан сыздай сарнайтын лүпілдеген жүрек болсашы... Сонда немқұрайлылық, салғырттық, менмендік, тәккаппарлық, жағымпаздық сияқты етектен тартқан қырсықтан құтылар едік-ау.

*«Орал өңірі» газеті
25.09.1993 жыл*

Мен саған қызығамын, құрбым

Мен сенің жұмыс орныңа дүйсенбі күні барғанмын.

Түнде ауруханада кезекші болған еді, жаңа ғана үйіне кетті. Түс қайта келерсіз, – деді аурухананың бас дәрігері А. Оразғалиев.

Сейсенбі күні кіргенмін.

– «Айдархан» совхозында малшы әйел хал үстінде жатқан көрінеді. Қазір хабар келді. Лиза апай екеуміз соған жүргелі жатырмыз.

Кішкене қобдишаға дәрі-дәрмектерін салып жатып кезекші сестра Клара мән-жайды осылай қысқа түсіндірді.

Сәрсенбі – сәтті күн. Бүгін бір жолығатын болдым деп қуанғанмын. Мен келсем емхана алды толған адам екен.



Өзіңе қаралуға келген көпшіліктің жолын кесіп, уақытыңды алып, сөйлесуді жөн көрмедік. Жұмыс аяғы болса таялып қалған. Мен өзіңе тағы да жолыға алмай жөніме кеттім.

Бейсенбі. Бұл күні Сіз әдетте әйелдер босанатын үйде болатын көрінесіз. Мұнда да қыруар істен қолыңыз босамайтыны өзінен-өзі белгілі.

Жұма. Аурухана бас дәрігерінің орынбасары болғандықтан беретін жылдық есебіңізді жинақтап, облыстық денсаулық сақтау бөліміндегі семинарға жүріп кетіпсіз ертемен. Сол сәт: «Үйде үлкен кісіміз ауырады, балалар жас, іссапары көп» деп сұранып бас дәрігерліктен босағаныңыз есіме түсті. Күздің мынандай лайсаң жаңбыры мен қырық құбылған күнінде үш жүз шақырым жол жүру азабын көз алдыма елестеттім. Әрине, ертесіне үйге оралып келе алмайтының белгілі еді.

Күн сайын қауырт іс. Бір ауық азайып мұрша берер сыңайы білінбейді. Ең болмаса, қабылдау бөлмесіне кіріп ой-пікір, арыз-шағымдар кітапшасымен таныса кетуді дұрыс деп таптым.

Жаңақала ауданы қайта шаңырақ көтерген 1972 жылы аурухананың бас дәрігері болған жеке өзіңнің атыңа және сен басқарған коллективке біраз жылы лебіз бен жақсы тілек бар екен онда. Айта берсек, олардың өзі әжептәуір әсерлі әңгіме болар еді. Сөзді көп созбас үшін, ішінен біреуін ғана тілге тиек етейінші.

«Аудандық аурухананың бас дәрігері А. Оразғалиев жолдасқа,- деп жазылыпты онда. – Оралдан балама келгенмін. Осында ескі науқасым қозып ауыр жағдайда ауруханаға түсіппін. Бір-екі күн ес-түссіз жатсам керек. Сол күндердің бәрінде де жанымда болып, жомарт жүректі адамға тән аса бір елгезектікпен ықыласын бөліп, білімі мен парасатын, аямай көмегін беріп, қайтадан аяғымнан тік тұрғызған жан Лиза Ғұбашева екенін соңынан білдім. Оның жаныңды жадыратар жылы сөзі мен қалтқысыз көңілі үшін қарыздармын. Сауығып шығып, қазір жұмысымды істеп жүрген жәйім бар. Бұл, сөз жоқ, Лиза Ғұбашеваның үлкен адамшылығының арқасы. Лиза Ғұбашеваға коллектив алдында менің сансыз алғысымды

айтуыңызды Сізден соншалықты өтіне сұрағым келеді. Ведерникова А.Н, 8 август 1977 жыл. Орал қаласы, Плясунков көшесі».

Алғыс... Ізгі жүректі адам атаулының сүйсінген көңілі мен тебіренген сезімінің дірілі алғыс деген жалғыз ауыз сөзге әрдайым байланысты болса керек. Ол кез келгенге есепсіз айтыла салмайды. Оған жүзден бір жүйрік қана ие.

Ал сенің сонау 1967 жылы Ақтөбе медициналық институтының емдеу факультетін бітіріп келгеннен бері қанша алғыс алғаныңды есептесе деп ойлаймын (Бірақ бұл мүмкін емес қой). Ол үшін оқу бітіріп келіп, Қазталовка ауданында қызмет еткен еңбек жолыңнан бастау керек. Аудан орталығында емдеу дәрігері болып жұмысқа кіріскенмен, шаруашылықтарда маман жоқ болғандықтан ауыл-селоларға іссапарға апталап сені жіберетін. Жұмысқа жаңа орналасқан жас кезің, алыс фермалардағы еңбеккер қауымға жиі-жиі жол тартатынсың. Қазталовка ауданында сенің шипалы қолыңның шапағатын көрмеген адам аз шығар?! Сен енді терапевт те, бала дәрігері де, кейін арнаулы курстан өтіп жаңа саланы меңгергенде гинеколог та болып, талай адамның дертіне дауа тапқансың. Тұрмыс құрып, Жаңақалаға қоныс аударғаныңа да бірнеше жыл. «Көзден кетсе де, көңілден кетпей», көптің ыстық ілтипатына бөленгенің баршамызға белгілі. Күн құрғатпай өзіңе келіп жататын хаттар, мейрамдарда ізгі лебіздер мен шын жүректен шыққан шырайлы сезімдерді алып-ұшып жететін құттықтау жеделхаттар сол дос көңілдің қалтқысыз айғағындай.

Біраздан бері біліс болғандықтан ба, сенің өміріңнің кейбір сәттері еріксіз ойыма оралады.

...Жаздың жайма шуақ бір күні. Түскі үзіліске келе жатыр екенсің. Қолыңда бір шоқ алқызыл гүл. Ауылдық жерде сирек кездесетін осынау құбылысқа қызығып қарап қалыппын.

– Анар қызым әкелді, медиктер күнімен құттықтап, — деп риясыз көңілмен күлім қағып жүрек кернеген қуанышыңды



жасыра алмай қасында тұрған қараторы әйел мен алты-жеті жасар қызды нұсқадың.

Анар атты бүлдіршін бұдан жеті жыл бұрын қақаған қыс күні шопан семьясында егіз баланың бірі болып дүниеге келгенін, анасының мәңгілік көз жұмғанын да, сол түні қос сәбиді бауырыңа қысып, боранды түні қайта жол шеккеніңді де, ауруханаға әкеліп айға жуық баққаныңды да кейін білдім.

Аудандық мәдениет үйі. Кең жарық зал. Төгілген музыка. Еңбек ардагерлерін құрметтеу кеші. Сахна төрінде мойындарына алқызыл лента тағынған Социалистік Еңбек Ері Жаңылдық Баймұқанова, Ленин орденінің кавалері Апекен Жүсіпова, ұстаз шопан Мәншүк Хәбиева отырды. Бір кезде кеш жүргізуші «Құрметтеу үстеліне дәрігер Лиза Ғұбашеваны шақырамыз!» дегенде зал толы жұрт ду етіп, қоймастан ұзақ қол соқты. Ол да өзіңе деген көпшіліктің ыстық ықыласының куәсі екені күмәнсіз.

Тұман тұмшалаған күздің күні. Бүрке жауған майда жаңбыр көше бойын тегіс шалшықтап тастаған. Мен болсам ауруханадан шығып ойға шомып келемін. Бірге ойнап, бірге өспегенмен, әрқайсысымыз бір-бір мамандық иесі болып, саналы өмір кешкелі жекжат адамдардай өте жақын сезінеміз. Осының өзінде де сенің қарапайымдылығыңның, үлкенге де, кішіге де ізетпен қарар кішіпейілділігіңнің, жақсылыққа тасып, жамандыққа мойымайтын тек өзіңе ғана тән салмақты мінезіңнің ізі сайрап жатыр.

Сен ертең-ақ жұмыс орнында боларсың. Сенімен жүзбе-жүз жолығысар сәт те туар. Бірақ өз басыңды мақтаудан әркез ала қашатын әдетің, көбіне әріптестеріңнің атына жылы лебіз айтып шектелетінің және бар ғой. Сондықтан онсыз да жетпейтін уақытыңды алып, кедергі келтірмеуді ұйғардым. Әйтпесе, «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен наградталғаныңды, екі дүркін Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасын алғаныңды, бірнеше медалің

бар екенін, әлденеше рет аудандық кеңестің депутаты болып сайланғаныңды өзім де білемін. Біраз жайға ауруханадағы кітапшадан қанықтым.

Қызығамын сенің ісіңе. Абыройға бөлене бер, құрбым.

«Орал өңірі» газеті

10.01.1978 жыл.

Мен саған қызығамын, сіңлім

Дзержинский көшесінің бойындағы сырты биік те сәнді тас кірпіштен қоршалып, төңірегі әдемі ұран, плакаттармен безендірілген Орал мех комбинатын күнде көріп жүретінмін. Енді сол үлкен жолдан елу қадам жердегі комбинат цехтарына кіріп, өзге өңірге енгендей болдым.

Міне, тері жуушылар цехы. Аумақтағы үлкен цехтың кіре беріс қақпасында самосвал машинасы тері түсіріп жатыр. Одан бес-алты қадам әріде үйінді тұз ағарады. Цехтың ашық қақпасынан терінің және бір шет жанға бейтаныс қышқылдың исі қой жүнінің шуашымен қосылып өңменінді атардай будақ-будақ жылы бумен сыртқа атқылайды.

Биік те үлкен цех ішінде орналасқан оннан астам тері жуу қазандары мен сығу машинасының тұсында әркім өз ісімен айналысуда. Аяқ астындағы шылқыған майлы суды, үстеріндегі халаттың термен, сумен малмандай болғандары ойларына да кірмей, бәрі де ширақ қимыл үстінде.

Қызыл-күрең тоқыма кеудешесінің сыртынан кленка алжапқышты байлап алып, алдындағы үлкен қорапшадағы үйінді терілерді шапшаң қимылмен бөліп жатқан ақсары қызды нұсқап:

– «Облыстық кәсіподақтар советінің президиум мүшесі, еңбек озаты Жаңылсын Сапарова,- дейді ауысым мастери Айжан Көшербаева.

Содан жарты сағат өтпей-ақ цехтың қызыл бұрышында Жаңылсынмен әңгімелесіп отырдым.

Еңбек жолын осы комбинатта бастап, содан бері табаны күректей он үш жыл қатарынан жұмысшы атанып келе жатқанын Жаңылсын мақтан тұтады.

Землячка атындағы былғары заводының жанындағы сырттай оқитын жеңіл өнеркәсіп техникумы басқа қалаға көшкенде, анасының да, 90-ға келген әжесінің де қатты аурулығына байланысты 4-курстан оқуын тастап кетіп еді. Төрт-бес жылдың ішінде әкесі де, анасы да, әжесі де дүниеден озғанда, сіңлілерінің жағдайын ойлап, оқуды тастап кеткеніне еш өкінбеген. Жан жарасын жылдар жазады да.

– Ештен де кеш жақсы деген ғой,- дейді Жаңылсын ақжарқын адамның қалпымен аңқылдай сөйлеп. – Кешкі мектептің 11 класында оқып жүрмін. Қазіргі ойым кешкі мектепті жақсы бітіру ғана. Биыл қайтсем де институтқа сырттай оқуға түсемін.

Қарапайым, елгезек, не істесе де опырып-жапырып, барын сала тер төгіп таза істейтін, көлгірсіп, жағымпазданып, жалтақтамай, не айтса да бетке айтатын, жанындағыларға тек жақсылық тілеп, әр сәт қол ұшын беруге дайын тұратын Жаңылсынды жолдастары қатты сыйлайды екен... Бұдан екі жыл бұрын 50-60 адам істейтін тері өңдеушілер цехының коллективі оны цехтық кәсіподақ ұйымының төрағасы етіп ұсынғанда, осы цехта үзбей 30 жыл еңбек еткен Бисенғалиев Сапа қария:

– Біз үшін Жаңылсыннан артық «председатель» болуы мүмкін емес,- деп кесіп айтқан-ды. Бұл міндет бірнеше жыл осы цехта комсорг болып істеген Жаңылсын үшін күнделікті ісінің жалғасындай-ды. Қанша жұмысбасты болып жүрсе де, сол жиналыстан кейін «күніне кем дегенде бір жақсылық – міндет» деген ізгі ниет жүрегіне де жатталып қалғандай.

– Жаңылсын туралы пікіріңізді айтыңызшы,- деймін ауысым бастығы Айжан Көшербаеваға.

– Ол азамат қой. Жамбыл қаласындағы жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтын бітіріп келгеніме төрт жыл. Оқуды практикалық жұмыспен ұштастырып кеткенше көп қиындық көрдім. Сонда көп нәрсені Жаңылсыннан үйрендім. Бізге шикізат болып түскен тері фабрикаға дайын өнім болып кеткенше бір-біріне ұқсамайтын 13-14 операциядан өтеді. Жаңылсын соның қайсысын да істеп көрген. Қазір ол ең қиын – теріні сорттау учаскесінде істейді, күніне 3500 су теріні көтеріп, оның жүнінің сапасын, терісінің жұқа не қалыңдығын, қандай илеуге көнетінін әп-сәтте айыру үшін көп шеберлік, тәжірибе керек. Ал ол сорттаған терілер ақаулы болып кері қайтып көрген жоқ. Кейде жиналыстарға, облыстық кәсіподақтар советінің пленумына, президиум мәжіліске, кешкі мектепке оқуға деп кетеді. Себепті жағдайлар болған соң біз орнына уақытша кісі табуға міндеттіміз. Ал ол болса: «Өзім істейтін істі өзгеге аударғым келмейді», -деп кешкілікте, не демалыс күндері келіп, өзінің нормасын орындап кетеді. Шынын айтсам, біріміз бастық, екіншіміз жұмысшы емес, мүдделес жандар болғандықтан достасып та кеттік, - деді.

Ал теріні илеу цехының жұмысшысы Н. Зинганшин былай дейді:

– Алғырлық, шыншылдық, принциптікпен қоса Жаңылсында өзгеден гөрі өзіме жақсырақ, жеңілірек, жайлырақ болсын дейтін тоғышарлық сезім атымен жоқ. Бір ғана мысал: бірінші ауысым жұмысты өте ерте бастайды, сондықтан сағат 9-да қызыл бұрышта бәрімізге тегін ыстық шәй, жылы тоқаш беріледі. Сол кезде жазатайым біреу кешігіп қалса, Жаңылсын тамағын қоя салып, цехтан келмеген адамды шақыруға кетеді. Біреулер бұл оның қоғамдық міндеті дер. Жоқ, оның болмысы солай. Ал түс кезінде қызыл бұрышқа жиналғанымызда газет-журнал оқып, жаңалықпен таныстыруға тіпті жалықпайды-ау, жалықпайды. Бірде қызыл бұрышқа кірсем, көрсеткіш тақтаға «Біздің озаттар» деген айдармен XII бесжылдықтың үшінші жылының жоспарын Бүкілодақтық XIX партия конференциясының



ашылуына орындауға міндеттеме қабылдағандар туралы плакат іліп жатыр екен. Оқимын: Н. Зинганшин, Б. Сабырова, Н. Чурбаков, Н. Саматов, Е. Ахметов, тағы басқа озаттардың бәрі бар. Мен сонда: «Оу, Жаңылсын, бізді айдап жіберіп, өзің бұғып қалыпсың ғой», - деймін әзілдеп. Ал ол болса: «О не дегенің, Наил, өзімді жазып қайтемін, ол айтпай-ақ түсінікті емес пе?» - дегені. Қарапайымдылық – таптырмайтын қасиет. Тек ол кез келген адамда бола бере ме?

Осы сияқты ағынан ақтарылған сырлар жап-жас қарапайым қыздың бейнесін сомдай түскендей.

Жаңылсынмен әңгімелескенімде комбинатта жұмыс істейтін 900-ге тарта жұмысшы-қызметшілердің 700-ге жуығы әйелдер екенін, олардың алаңсыз қызмет істеуіне жан-жақты жағдайлар жасалғандығын, әр цехтың өз қызыл бұрышы, комбинаттың үлкен кітапханасы, таза да арзан асханасы, күнделікті заттар сататын дүкені, кулинариясы, тіпті қалалық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының шаштараз, аяқ киім жөндеу, киім тігу, кір жуу, киім тазалау цехтарының филиалы тұрақты қызмет ететінін естіп білдім.

– Облыс көлемінде комбинатта орналасқан денсаулық сақтау кабинеті тек бізде ғана. Өртүрлі емдеу ванналарында, физиологиялық кабинеттерде жылына 500-ге тарта әйелдер жұмыстан соң емделіп, денсаулығын түзейді. Қанша қиын болса да, жағдай жасалғасын соңғы 4-5 жылда жұмысшы кадрлардың тұрақтауы жақсарды, - дейді ол.

Әр іске мемлекет, қоғам қайта құру тұрғысынан қарап, ой мен істің қорытындысын өзі тұжырымдайды.

Озат деп көп адамды дәріптеп жазамыз, онысы дұрыс та болар. Бірақ сол озатымыз тек қол күшін қолданар еңбекте ғана алда емес, мемлекет, қоғамның қожасы тұрғысынан ой ойлап, «Мен жеткен жеңіс – сенің де жеңісің», – деп өзі істеген жерінде озық өнегенің өркен жаюына ісімен де, сөзімен де себепкер болып атсалысса, нұр үстіне нұр екеніне Жаңылсынға қарап отырып еріксіз сенесің.

Ол не айтса да комбинат туралы, туған үйіндей болып кеткен тері өңдеушілер цехының қазіргісі мен болашағы жөнінде қуана әңгімелейді...

... Кеше ғана тау болып үйілген қар күн нұрының қызуынан қаусырап, арықтармен сарқырай аққан ағыл-тегіл суға айналыпты. Жайық жағасындағы жатаған үйлердің бірінде пәтерде тұратын Жаңылсынмен әңгімелесіп келемін. Арманы мен мақсатын, қажыры мен қайратын, жүрегінің қалауын, жастығының алауын қайта құрудың алғашқы баспалдақтары етіп жол салған сіңлімнің еліне бергенінен алда әлі де берері мол екеніне сеніп, қуанып, қызығып келемін.

«Орал өңірі» газеті
10.04.1994 жыл

Өмір жолы – өнеге

Адам мінезі әр қилы ғой, шіркін! Біреулер ел алдындағы азын-шоғын еңбегін малданып, кезінде бір тау қопарып тастағандай, кеуде керіп, төс қағып жүрсе, енді біреулер халқына қанша еңбегі сіңгендігін өзі іштей сезінгенімен, көпшіліктің көзіне түсуге тырыспай, күнделікті күйбең тіршілігімен айналыса бергенді ұнатады. Ал біздің бүгінгі әңгімеміз осы екінші топқа жататын, күні кеше ғана жетпіс жасқа толып отырған зейнеткер апамыз Ақкенже Құрмашева туралы болмақ.

Иә, сағат тілімен бірге сырт-сырт соққан уақыттың қалай өткенін де аңғармай қалады екенбіз. XX ғасырдың қилы-қилы кезеңіне куә болған ардагерлер қатары тым азайып барады. Өмір мен өлім айқасқан сұрапыл соғысты бастан кешпегенімен, оның зардаптарын жан-жүрегімен сезініп, бала көңіліне тоқып өскен ұрпақ өкілдерінің де жасы қазір жетпістен асып барады. Егер осы уақыт легіне көз жіберіп, «Кім не бітірді?» деген сауал төңірегінде ойланар болсақ, көбіміздің кезінде еңбек етіп, ұл-қыз өсіргеннен әріге бара алмағанымыз еске түсіп, тіліміз күрмеліп



қалады. Өйткені замана ағымына сәйкес аудан мен облыс көлемінде лауазымды қызметтер атқарып, ел игілігі жолында еселі еңбек еткен әйелдер саны саусақпен санарлықтай ғана. Солардың бірі – Ақкенже Құрмашқызы.

Қашанда талғаммен сәнді киініп, тығыншықтай денесін тіп-тік ұстап, ширақ қимылмен жүретін оған құрбыларының «Өзіңді әлі де қызметте жүрген хатшыдай ұстайсың ғой», - деп әзілдейтіні бар. Мұндайда ол: «Әуелден қалыптасып қалған дағды ғой», - деп ағынан жарылады. Шамасы, бұл оның туа біткен қасиеттерінің бірі болса керек.

1954 жылы Жымпиты (қазір Сырым) ауданында К.Маркс атындағы мектепті бітіріп, Орал педагогикалық училищесіне конкурстан өтуге келгенде «Осыдан студент атансам, арманым болмас еді» деп ойлаған еді ол. Араға айлар салып, білім бұлағының дәмін тата келген соң табиғи дарынына сәйкес өз ортасының көшбасшысы ретінде көріне бастағанда алысқа апарар мақсатты жолдың алғашқы баспалдағында тұрғандай сезінген өзін.

1957 жыл. Маужыраған маусым айы. Мәскеу қаласында жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалі өтіп жатқан кез. Айшықты сәулетімен әлем назарын аударған Қызыл алаңда «Түрі бөлек болғанмен тілегі бір» жастар қауымы Одақ астанасын ән мен күйге бөлеп, күш пен өнер сайыстырған. Осы фестивальге Қазақстан атынан Орал педагогикалық училищесінің 60 адамдық хоры да қатысқан еді. Хор құрамында болған Ақкенже сонда қуаныш пен шаттық құшағында тұрып, «Мұндай сенім мен үмітті қалай ақтап шығамын?» деп толқыған тәрізді. Ол үшін оқуда да, еңбекте де алда болу керектігін ұғынған.

Осындай мақсатты мұрат еткендіктен болса керек, ол Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетіне де қиналмай түскен сыңайлы. Оқу мен спорт тізгінін тең ұстаған оны курстастары институт намысын қорғайтын спортшы-гимнаст ретінде де қадірлейтін. Өзінің өмірлік жары Мақсот Шаймарданұлымен де осы институт қабырғасында танысыпты.

Ал 1963 жылы институтты бітірген соң, Жымпиты ауданында Абдолла Жұмағалиев атындағы Жосалы орта мектебіне мұғалім болып жұмысқа кіріскенде сол ұжымдағы математика пәнінің жоғары білімді ұстазы бір өзі ғана екенін де сезінбеген. Ол кезең орысша мен қазақшаға бірдей, таланты мен талабын, қажыры мен қайратын қатар жұмсап, жастарды жақсылыққа жетелей білетін кадрлар санаулы-ақ болатын. Ал Ақкенже болса, ата салты бойынша келін болып түсіп, жұбайлық ғұмырында жұбын жазбай жұмыс істеумен бірге аяулы ана ретінде өз балаларын да тәрбиелей білген.

Адам өмірінде жұлдызды шақтар да болып жатады. Ақкенже Құрмашқызының осындай сәттерінің бірі – қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласуының арқасында Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне делегат болып сайлануы болса керек. Осы съезд кезінде біздің облыс делегациясы Кремльдің Съездер сарайында үкімет мүшелерінің қабылдауында болып, Одақтың атақты адамдарына ескерткіштер сыйлаған. «Біз, қазақстандықтар, сіздермен құдандалы болдық», - деген екен сонда делегация басшысы, облыстық партия комитетінің хатшысы Бисен Жұмағалиев балалар ақыны Сергей Михалковтың иығына ұлттық дәстүріміз бойынша шапан жаба тұрып. (Шамасы, айтулы кино әртісі Н. Орынбасарованың орыс жігітіне шыққанын меңзеген болса керек). Ал оған жастар атынан гүл ұсыну құрметі Ақкенженің еншісіне тиген. «Мынау соның қолтаңбасы», – дейді ол мақтаныш сезіммен альбомдар арасында жүрген үкіметтің шақыру қағазының сыртына жазылған жазуды көрсетіп.

Жылдар... жылдар... Ол жай ғана айлар мен күндер саны емес, адам мен қоғамның алға қарыштаған қадамы екен-ау!

Ақкенже Құрмашқызын тыңдап отырсаң, ол өткен ғасырды, коммунистік құрылымды жамандаған адамдарды жақтыра қоймайтын тәрізді. Себебі қазір атқарылып жатқан жұмыстар да, қол жеткен жетістіктер де сол қоғам тұсында бастау алды ғой. Елің мен халқыңды құрметтеу, рухыңды биік ұстау,



арың мен ұятыңды сақтай білу мәселелері де «Коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінде» ашып көрсетілді емес пе?! Сол кезеңде алған біліміміз бен қалыптасқан парасатымыздың арқасында егемендік алдық, жер жүзі халықтарымен терезесі тең ел болдық. Сондықтан біздің халқымыз «Өткенсіз болашақ жоқ», «Суын ішкен құдығыңа түкірме» деген қағидаларды бекер айтпаған ғой дегенге саяды ол. Мінезі ақжарқын болғанымен мәймөңкелеп көлгірсуді білмейтін, әр нәрсеге өз түйсігімен қарайтын, не туралы айтса да жан-жақты дәлелдемелермен тыңдаушысын сендіре білетін бірбеткей адаммен сөз таластыру да қиын.

Ақкенже Құрмашқызы 1968 жылы Жымпиты аудандық атқару комитетіне нұсқаушы болып қабылданғанда жыл айналмай жатып төрағаның орынбасары болып тағайындалатынын болжаған жоқ. Сенім мен парыз оның көп оқып, талмай ізденуіне жол ашты. 1974 жылы Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны бітіріп шыққаннан кейін бірер жыл облыстық партия комитетінде аппарат секторының меңгерушісі қызметін атқарды. Ал 1977 жылы алғаш құрылған Ақжайық аудандық партия комитетінде басталған идеологиялық жұмыстар жөніндегі хатшылық қызметі кейін Қаратөбе ауданында жалғасты. Сөйтіп, облыстық атқару комитетіндегі қызметінен жасы жетуіне байланысты зейнеткерлікке шықты.

– Мынау Атыраудан келді,- дейді ол жаңажылдық құттықтау жеделхатын көрсетіп, – Зәуреш Шамұратқызы Хасанова жіберіпті. Онда мен Ақжайықта хатшымын. Бір мәжілісте жап-жас қыз қызына сөйлеп, келелі мәселе көтерді. Сұрастырсам, аудандық «Қазсельхозтехникада» есепші болып істейді екен. Шақырып алып сөйлестім. Реті келгенде нұсқаушылық қызметке алдық. Алғыр, сауатты, білімді, ізденімпаз қыз қызмет бабымен тез өсіп, аудандық атқару комитетінде хатшы, облыстық әкімшілікте бас есепшіге дейін көтерілді. Конкурстан өтіп, Атыраудағы «АзияТрансГаз» компаниясында бас есепші деп естігенмін. «Өмірде жол табуыма көмектестіңіз» деп

мейрам сайын құттықтау хат жіберіп тұрады. Адамды, әсіресе, жастарды қолдау дегенің – хатшының төл ісі ғой...

Бірде одан мен: «Сіз, қандай хатшы болдым деп ойлайсыз?» деп сұрағаным бар. Ол ойланып қалды. Сосын «Лауазымды қызметтің берері де, алары да көп болады. Бүкіл ақыл-ойың тәулік бойы бос болмайды. Мен бүйтіп едім деп қайтемін. Өйтеуір, халқымнан «Әй, кәпір» атанғаным жоқ. Атқарған қызметімнен сәгіс те алмаппын», - деді ол әңгімені қысқа қайырып.

Өмірлік тәжірибе жинап, рухани толысып, өндірістің қай саласында да қиналмай жұмыс істеуге мүмкіндігі болған сол жылдарды ол ризашылықпен еске алады.

«Еліме, жеріме, қоғамға бір жақсы ісім көрінсе, мен алдыңғы лектегі партия, совет қызметкерлері Бисен Жұмағалиев ағамызға, Мағруфа Хайрушқызы апамызға, марқұм Айғали Байболатов, Сабай Ниязов, Тілек Бөлеев сынды ел ағасы атанған азаматтарға қарыздармын».

Бұл – Ақкенже Құрмашқызының өз пікірі. Ал ол қызмет еткен аудан тұрғындары оны өздеріне қамқоршы, адамдармен ортақ тіл таба білетін шебер ұйымдастырушы деп бағалайды.

– Атыраудың шөлейтті аумағы Қызылқоға ауданының бір шетінде Сазанбай құдығы деген жер бар. Құдық әлі де ел игілігінде. Соны қаздырған кісі саған 4-ші ата болып келеді,- деп отырады екен әкесі марқұм.

«Алып – анадан» дейді халық. Аталары мешіт ұстаған сауатты, елге сыйлы адамдар болыпты. Тәрбиелі тектен таралған ұрпақ әлі де жалғасуда.

Биіктей өскен бәйтеректің қуат-күші жер астын кернеген талшықтай тамырында екені ақиқат. Ақкенже Құрмашқызы жұбайы Мақсот екеуі аялап өсірген ұл-қыздарына дән риза. Нұрлан, Гүлнәр, Роллан – үшеуі де отау тікті. Олардан 8 немере сүйіп отыр. Ленинградта кеме жасау институтын, одан кейін КИМЭП-ті бітірген қызы Гүлнәр бірнеше жыл Президент

әкімшілігінде істеп, тәжірибе алды. Қазір Гүлнәр да, Роллан да Алматыда тұрады.

Өмір – өзен, ал заман – оққан жел. Мағыналы өмір сүргің келсе, оған өзің желкен бол дейтін қағиданы қатеріне қатты орнатқан Ақкенже Құрмашқызы Құрмашева бүгінде 70 жасқа толып отыр. Ол мейрамханада мерейтой өткізген жоқ. Тап сол күні Араб Өмірлігіндегі Дубай қаласы маңындағы әлемдік курортта отағасы Мақсот екеуі демалып жатты. Оны өздері де емес, балалары солай шешіпті.

Мүмкін, өмірдегі өнеге, тірліктегі рахат деген осы шығар. Тәңірім, бәрімізге де жақсы күндерді жақын еткей!

*«Инфорбиржа» газеті,
№ 10 (713), 06.03.2008 жыл.*

Самғай бер, Нарын қыраны

Нәсіпкерей таң саз бере оянды. Күндегі әдетінше балконға шығысымен Алатаудың асқар шыңына көзі түскен. Арғы жағынан рауандап атып келе жатқан күн нұрынан лағылдай жарқырап жататын ақ қарлы шың бүгін алыстау, күңгірттеу көрінді. Есіне кеше ғана кезекті сапармен Мәскеуге кеткен ұлы Шалқар түсті. Апыр-ай, қалың тұман болып әуежай қабылдамай, кідіріп қалмаса жарар еді. Күдігін сейілткісі келіп жел бағытын болжамақ еді, қала тірлігінің мүлгіген тыныштығын бұзбайын дегендей үп еткен жел лебі білінбеді.

Табиғат шіркіннің қайталанбас сәттері көп-ақ қой. Ойына сонау жылдары тап осындай тып-тынық түндері Нарын құмының биіктеу бір төбесінде отырып, таңды қарсы алатын кездері оралды.

Иә, шіркін, жастықтың жалын атқан сол жылдары туған жерінде өтіп еді. Арман мен мақсат, талап пен тілек, талпыныс пен толғаныс – бәрі жиылып келіп, беймәлім тірлікке бой

ұрғызып, тынышын алатын. Сондағы қолынан келгені отарын өрістен әкеліп, аулаға қамағасын үй қасындағы биіктеу төбеге төсегін салып, түні бойы аспан әлеміндегі жұлдыз жарығын тамашалап жатып көз іліп, түн көрпесі түрілгенде рауандай атқан таң сәулесін қарсы алатын. Сол әдет өмірлік серік болған ба, әйтеуір қай жерде, қай елде жүрмесін, атар таңды қарсы алмаса, бір ісі бітпей қалатындай көңілі тыншымайтын.

Иә, есіне апасы Қатиманың демалысқа келген студент ұлына «Е, сендерде бәрі бар, үйлерің толы шетелдік бұйым, тіпті американ долларын біздің теңгедей еркін жұмсайсыңдар, ал ауылда айлап қант пен шәй ала алмай отырған адам қаншама?» дегені есіне түсті.

– Қой, жарқыным,- деп қарсы уәж айтқан бұл таласып,- Нарын деген атының өзі талай жанға таяныш болған атақты өлкенің адамдарын сен өйтіп аласартпа. . .

Қарбалас тірліктің қамымен жүріп соңғы 2-3 жылда ауылға бармағаны есіне түсті. Бірақ көңіл қалтарысында қатталып қалған ауылдың жәй-күйі есінен бір минут шыққан емес.

Иә, құдайға шүкір, қазір ол алып ұшақтың әр тетігінің жұмысын дыбысынан ұғатын мамандық сырына жетілген маман.

Қазақстан әуе жолының бас штурманы деген атақ кез-келгеннің пешенесіне жазылмаған бақ-дәулет.

Бірақ асыл мен жасықтың, адал мен пасықтың, тұлпар мен тұғырдың өмір атты тайталас тірлігінде ойлаған мақсатқа жету қиынның қиыны екенін ол анық біледі. Себебі ол осының бәрін көзімен көріп, қолымен ұстап, жан-жүрегімен жылай тұрып талай сезінген. Сонда да табаны тасқа тисе де, талмастан алға өрлейтін. Тұлпарлар танымын еске алып, қол созым жердегі биіктен құлап тұрып, айқайлап айтсаң да естімейтін әділетсіздіктен жүрегі жылап тұрып жаны күйзелгенде, ол әркез аппақ құмдары күнмен шағылысқан қоңыр белді Нарынды, «Қарағым-ау, қолдайтын жанашыр пенде жақының жоқ, аспанға ұшамын деп қанатың қайырылар, ұшқыш болам



дегенді ұмытсаңшы», - деп өтінген әкесі Аман қарияның жалына қараған келбетін көретін. Көретін де, серіппелі тегеуріндей қайратын қажырына жанап алып, қол жеткен биіктен төмен құламас үшін тағы да тер төгетін.

Қазір бәрі де өң мен түстей. Онжылдықтан кейін ауылда еңбек етіп, солдаттық міндетін өтеуге армия қатарына шақырылғанда бірден әскери әуежайда жұмыс істеуге тап келгенін ол тағдырдың алғашқы сынындай көрген.

Тындырымды да тиянақты ауыл баласы командирлер көзіне тез ілігіп, 3 айлық электр-радио техниктік курсты бітіріп келгенде-ақ болашақ ғұмырын тек ұшуға арнайтынын анық білген-ді. Сөйтіп, ол көп кедергілерді басынан кеше отырып, Кировоградтағы азаматтық авиация училищесіне оқуға түсіп, 1966 жылы ұшақ жөндейтін техник мамандығын алған-ды.

«Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа» дейді халқымыз. Ол училищеден кейін Новосібір қаласында жұмыс істеп жүрді. Дыбыстан да жылдам ұшатын қазіргі атақты «МИГ» ұшағын сынау жүріп жатқан-ды. Жатпай-тұрмай үйреніп, не істесе де, тындырымды атқаруға тырысатын балаң жігітке әуе кемесін сынаушылар тобы қиын жұмысты сеніп тапсыратын.

Бірде сынаққа қатар ұшқан қос самолеттің бірі әуе кеңістігінен қайтпай қалды. Себеп-салдарын тексере келгенде сынақшы тек қана пульттің қалтқысыз қызметі арқасында ғана тірі қалғанын мойындаған. Сапқа тұрған экипаж алдында авиация генералы В.Н.Андреев: «Қызметіңе рақмет, жігіт!» деп қолын алғанда ол көл-көсір өмірде тұңғыық аспан әлемінде өзінің бір кәдеге жарайтынын анық ұққан да, көңілі шалқыған.

Мерейі тасыған не қатты қамыққан кездерде әркез әкесін еске алатын. Кировоградта училищенің соңғы курсында оқып жүргенде рак ауруының белгісі бар деп ауырған әкесін Саратовтағы ауруханаға қаратқан.

«Маған қарама, - деген Аман қария онымен қоштасып тұрып, – ағаларың Елеу, Мейрам, Наурызгерей бар, тағы да қаратады ғой. Алаңсыз оқи бер. Қара да тұр жазда сен бітіріп, диплом

алып келген тойында ән де салармын». Бірақ ол әке жүзін сол жолы ақтық рет көріп тұрғанын сезбеген...

Шілденің аптап ыстығы еді. Үстінде офицердің қара көк костюмі, басында оқалы фурашкесі, қалтада қызыл диплом, ол аудан орталығында тұратын жақын ағасы Қайыр мен жеңгесі Уәсиланың үйіне тоқтаған. Әркез кісі көңілін қабағынан ұғар сол асыл жандар оның көңіл қуанышын ұзартқысы келді ме, әкесінің бұдан үш ай бұрын көз жұмғанын айтпастан, бірден Жаңақала ауданының шалғайдағы Құрманғазы кеңшарының Нарын құмындағы үйіне әкелген.

Сөйтіп, Қошаев Аман ақсақалдың әулетінен шыққан тұңғыш ұшақ кораблі маманының диплом алу тойы ағайын-дос, көрші-қолаң арасында қуаныш пен қайғы аралас өтіп жатты.

– Апыр-ау, әкемнің халі нашарлағанда хабарлассаңдар, жаяулай келсем де жететін едім ғой,- деген оның сөзіне ағасы Мейрам:

– Әкеміз сені оқуын алаңсыз бітірсін, хабарлама деп қатты тапсырды. Аманат сөздің рухынан аса алмадық,- деді.

Бұл 1966 жылдың жазы еді.

Нарын құмында ер көңілді, асқақ төзімді де табанды, жаны жомарт, жүзі жайсаң, ән мен күйді бұлақтай сімірген аңқау да албырт адамдар тұрады. Ауыл адамдары туралы Нәсіпкерей Амановтың жадында жазылған нағыз аксиома – осы.

Апыр-ау, сол ауыл адамдары айлап еңбекақы мен зейнетақы ала алмайды. Ауылға облыс орталығынан апталап автокөлік жүрмейді дегені рас па екен?

Оның есіне тағы да өткен күндер оралды. Онжылдықты бітірген 1961 жылдары Гагариннің ғарышқа ұшып, Олжастың «Адамға табын, жер, енді!» атты поэмасы әр жастың жүрегін жылытқан асқақ арманға толы кезең еді. Ұстаз бен шәкірт алаңсыз әңгіме-дүкен құрып, асыл арман мен мақсатқа талпынған балаң көңілі өз ойларын қаймықпай айтатын, алаңсыз армандайтын. Әсіресе, Жаңақала орта мектебіндегі сынып жетекшісі Сатым Әбуов: «Біздің ауылдың болашағы



сенімді қолда. Ертең Бектілеу мен Әдиет спорт маманы, Қуаныш пен Нариман инженер, Өтеген мен Аманкелді құрылысшы, ал Нәсіпкерей ұшқыш болады»,- дейтін қалтқысыз көңілмен.

Шын ұстаз әулиеліктен құр болмайды дейді, рас болар. Айтқанының көбі келді де. Қазір Бектілеу Қаражанов – Алматы физкультура институтының ректоры, ғылым докторы, профессор. Қуаныш Қойшыбаев облыстың бір мекемесінде газ жөндеу бөлімінің білікті маманы. Әдиет Хамиев болса, жоғарғы білімді маман, ауыл әкімі. Өтеген Салыхов «Алматыметростройдың» бас инженері, ал Аманкелді Бижанов – «Қазақгаз» холдинг компаниясының құрылыс бастығы. Осы жаз онымен ФРГ-нің Мюнхен әуежайында кезіккенім бар. Ол сонда бір топ іскер адамдарды басқарып барыпты. Екеуі бірден құшақтаса көрісіп, ауыл аманшылығын қуана сұраған еді. Сол ауыл тұралаған. Қандай қатігез үкім. Жоқ, мүмкін емес, ол балаң жігіттің балауса ойлары шығар?..

Ол оқыс дыбыстан селк етіп, ойын бұзып алды. Жолдасы Айғанша екен, ас үйге өткен. Ұлы рейске кетсе, одан да ұйқы қашып ерте тұратынды шығарыпты. Кейде «Тұңғышымыз Шалқарды өзің сияқты ұшқыштыққа баулығаның өз алдына, екінші ұл Асқарды да «аспан ауруымен» ауырттың»,- деп кінәлайтыны бар. Сәтін салса, Ақтөбедегі азаматтық авиация училищесінің 3 курсында оқитын кенжесі де кешікпей қысқы демалысқа келіп қалар. Тегі, айтып-айтпа, бала ата-ананың мамандығына қарай бейімделетіні өмір заңы болар.

Сәл тоңазыған денесін жазып, ол тағы да Алатауға көз тікті. Рауандап атып келе жатқан таң нұры шың басының ақ қарымен шағылысып, лағылдай жарқырайды. Ал таң жарығы тау етегіндегі барлық құбылысты ап-анық көрсеткен. Аспан ашық екен, ұлының да рейстен келетін уақыты таяу.

Кривой Рогтағы авиация училищесінен кейін Алматыға келгеніне ширек ғасырдан асты. Бірден әуежай ауданынан үй алып, осы Айғаншаға үйленген. Бір қуаныштысы, кірген үйлерінің балконы құбыла бетте, Алатаудың шыңына қарама-

қарсы келгені еді. «Армысың, Алатау!» деп ол әр таңды қуана қарсы алатын. Сосын «тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық» деген Олжастың әйгілі афоризмі ойына оралып, Нарынның айшық құмдары есіне түсетін.

Жақсылық жылдар тез келмейді дейді. Ауылдан арман қуып, шетке аттанғалы аттай отыз үш жыл өтіпті.

1970 жылы самолеттің радио жөндеушісі болып тұрақты еңбек жолын Алматы әуежайында бастаған. 1981 жылы Киевтің азаматтық авиация институтын сырттай оқып бітіріп, ұшқыштық мамандық алды. Содан кейін-ақ Мәскеуде 6 айлық бортрадистік курста оқып, Кировоградта 9 айлық штурмандық курсты тәмамдады. «ИЛ-14», «АН-26», «Ту-154» маркалы ұшақтарда бортрадист, айнала бере штурман болып істеген жылдары бір төбе.

Томаға тұйық бірбеткөйлігінен бе әлде анасы Жаңылтай да тым жас кезінде көз жұмып, өмірдің талқысын көп көргендіктен бе, өзі де білмейді, әншейінде ылғи даңғырлап сөйлеп күліп кіргенмен көңіл түкпіріндегі түйткіл ойларын кез-келгенге айтып шағынбайтын. Бірнеше жылдық жұмыс тәжірибесі, қалтқысыз қызметі бола тұра, ол көп уақыт жаңа маркалы ұшаққа ұшуға қолы жетпеген.

Тек 1984-1988 жылдар аралығында Ленинградтың азаматтық авиация академиясын сырттай оқып, штурман-инженер мамандығын алып, Ульяновск қаласында 9-айлық Өзара Экономикалық көмек Советінің курсында шетел азаматтарымен бірге оқып, 1-кластық штурман атағын алғасын ғана бұған оң көзбен қарай бастаған.

Иә, Нәсіпкерей Аманов 215 тонналық алып «ИЛ-86» ұшағының билігін қолына алған 1-класты штурман. Ыстық пен боранда, жаңбыр мен тұманда аспан әлемінде 10 километр қашықтықта тек өзіне белгілі есептермен әуе корабліне жөн сілтеп басқару айтуға ғана жеңіл-ақ. Аптасына 3 рет, кейде 4 рет Америка мен Азияның кез-келген қаласына ұшып барып қайтатын қазақ еліндегі санаулы мамандардың бірі. Бір кездері



мектеп картасынан оқыған Вашингтон мен Лондон, Нью-Йорк пен Стамбұл, Берлин мен Каир кәдімгі ауыл пункттеріндей таныс, үйреншікті.

Ағылшын, түрік пен венгр, неміс пен кәріс мамандары ағылшын тілін білгесін танысындай сөйлеседі. Ұшу сапарының нормадан артықтығына байланысты Араб Әмірлігіне, Америкаға барғанда қонақ үйде келесі рейске дейін аялдайтыны бар. Сондай кездерде қазақ әндері жазылған кассетін, қоңыр домбырасын ала баратыны бар.

Бірде бір топ араб ұшқыштары ән тыңдап, әңгіме-дүкен құрып отырады. Сонда жастау біреуі: «Арманыңыз жоқ шығар? Қазақстан атты бай елденсіз, жоғарғы дәрежелі ұшқыш-мамансыз. Виллаңыз қай елде, қанша гектар жеріңіз бар?» деген қызыға қарап.

Бұл жымыып күлген де қойған. 26 жыл авиация маманы болғанда тек қана үш бөлмелі үйім бар, машинамы да жаңадан алдым десе, сенер ме, сенбес пе?

Ол елдерде адамның, маманның тұрмыс жағдайы шешілген. Егер сен дипломды маман, оның үстіне алып ұшақты меңгерген ұшқыш болсаң, 15 гектар жерді, қос этажды вилланы, жаңа маркалы машина кілтін жұмысқа кірген күні-ақ тегін жеке меншігіңе береді.

Ал біздің аяғын тәй-тәй басқан Қазақ елінің экономикалық әл-ауқаты оған қайдан жетсін. Түбі кәміл болады. Осы бір «бай байға, бай құдайға жетем» деп жанталасқан осынау заманда қанағат та ең басты қажеттілік.

Кейбір таныстары «Шетелге барған сайын бір сөмке зат әкелсең, сатып байып кетпейсің бе?»- дейтін. Құдай сақтасын. Қазақстан әуе жолының бас штурманы сөмкелеп зат тасыса, әлем алдында ұят емес пе? Шетелге іссапарында бұл ұшқыштар кабинасынан бір дипломатпен шығатын, қайтқанда да сол күйі қайтатын. Бұлар қазақ елінің дидары іспетті. Бұл қағиданы әріптестері Ербол Оспанов, Мұхит Жұбаев сынды азаматтар да ұстанғаны қуантады.

Азамат демекші, есіне Алматы әуе жолында көп жыл ұшқыш болған Қабдол Бектасов қариямен әңгімесі оралды.

Екеуі Айғаншаның қою шайын іше отырып, шетелге барған бір сапарында бір топ іскер адамдар мен Президент Нұрсұлтан Назарбаевты алып ұшу мәртебесіне іліккенін, сол экипажда стюардесса болып істейтін Айгүл есімді қыз бала Нарын құмындағы Еслақ есімді жылқышының жиені екенін, аман-есен қонғасын, Елбасының өзі бұрылып келіп «Жақсы қызметтеріңе рақмет, жігіттер!» дегенде, «Нарын қазақтары Сізге қызмет етуге әркез даяр!» дегенін айтқанда ақкөңіл қария көзіне жас алып, «Па, шіркін, Нарынның қырандары-ай, Елбасының да қол табын сездім десеңші» деп қатты қуанған.

Солтүстік батыстан ноқат болып көрінген «алып құс» лезде әуежайды айналып қонуға бет алды.

– Айнаш-Айнаш, ұлың келді, шәйінді әзірле.

Нәсіпкерей тез-тез басып бөлмеге бет алды да, қалт тоқтап, тағы да тауға қарады. Алатаудың асқақ шыңдары күн сәулесімен жарқырап тұрды.

Менің туған жерім Нарын құмы болғанда, ұлдарым Шалқар да, Асқар да сол елдің түлегі ғой... Ол жылы бөлмеге кіріп келе жатып, мейірлене жымиды.

Нарынның қырандары-ай! Ылайым, ауылдан ұшқан әр балапан өмір өткелінен қыран боп самғап өткей де.

«Орал өңірі»

облыстық қоғамдық-саяси газеті,

17.02.1996 жыл.



Биік арман, бір мақсат

Мен оны әуелден білетінмін. Тарауға көнбейтін бұйра шашы ұйпалақтанып жүретін осы бір ақсары бала мектептің домбыра оркестрінің белді мүшесі болатын.

Алып-ұшпа мінезіне сай адуын, өктем, ойнақы күйлерді күмбірлете жөнелгенде жаста болса оған құрметпен қарайтын едік.

Онжылдықты тәмамдағасын, қалаға оқуға бармастан, туған ауылда жұмысқа қалды дегенде, уақытша жәйттей оған көп мән бермегенбіз.

Араға үш-төрт жыл салмай-ақ кеңшардың маңдайалды шофері екенін естіп құттықтағанымда:

– Көңіл құсы мынадай тұлпармен жарысқанда ғана сабасына келеді. Қазір «Алғайдағы» мұнай базасынан «ГАЗ-52» машинасымен құмдағы пішеншілерге жанар-жағармай тасимын. Жол алыс әрі ауыр. Кейде жағармайсыз шабындықта жұмыс тоқтап, не малы сусыз қалған шопанға дер кезінде май жеткізсең, төбелері көкке жеткендей шын қуанып, алғысын жаудырады. Еңбегіңнің бір кәдеге жарағанын сезініп, сен де ризашылыққа бөленесің. Сондай сәттерде Абай атамыз айтқан «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан» деген асыл сөздерін еске аламын,- деп салмақпен жауап қатқан-ды.

Бір ауылдың түлегі болғандықтан қоян-қолтық жұмыс істеп, күнбе-күн көрмегенмен, арада жылдар өтсе де, саф алтындай жарқ еткен оның кейбір жарқын істері есіме түседі.

1966 жыл. Құрманғазы атындағы кеңшарда алғашқы болып комсомолдық той өткізіліп, зоотехник Аюп пен сауыншы Сәуірдің үйлену тойының қызығын ауыл болып тамашалағанда ақ боз ат мініп, бір топ «нөкерімен» қырқа басынан сәукелелі қалыңдықты жар-жар айтып қарсы алған жігіт осы Төлеген болатын...

Ауылымызға әйгілі жазушы М.Шолохов келгенде «Сүйекті қыра» пунктінде отырған байырғы түйеші әкесі Хангерей

қарттың табынындағы ақ нардың үлпілдеген ақ ботасын баладай күтіп, баптап жуасытып, құрметті қонаққа сыйға тартарда бұйдасын ұсынып ізет көрсету құрметіне ие болған да осы Төлеген-ді...

1972 жылдың әр күні үскірген аяз бен ұйтқыған боранға толы қытымыр қысы. Кеңшар малына шөп жетпей, 400 шақырым жердегі көршілес ауданнан қорабы кеңейтілген «ГАЗ-51» автомашинасымен шөп тасыған, қайтарында аяз қарып, суықта домбыққан қара-қошқыл бетін көріп, еркелетіп сөйлейтін жеңгесі Халиманың: «Менің қайным аппақ болатын, мынау қайдағы қап-қара жігіт?» деп әзілмен қарсы алғаны да осы Төлеген-ді...

Сол Төлеген темір тұлпарды қаңтарып, жанұясымен отар алып, шопандық таяқ ұстапты дегенді естігеніме де біраз жылдың жүзі өтіпті-ау...

Құрманғазы атындағы кеңшар партия ұйымының хатшысы Бауыржан Хайруллин: «Міндетті түрде «Самғау» қой өсіруші комсомол жастар бригадасын көріңіз. Олар жайып семірту арқылы бағымдағы әр тоқтыны 1985 жылы 48 килограмнан етке тапсырса, биыл ол көрсеткіштерін 50 килограмға жеткізді. Қазір бригадада биыл енесінен айырған 2000 бас тоқты бағылуда. Бригада жетекшісі әрі ұстазы Төлеген Хангереев деген коммунист. Кемшілікті тіке айтар шапшаңдау мінезі бар, бірақ жұмыс десе жанын салатын, өзгелермен тіл тапқыш, жігерлі жігіт», - деп сыртынан мақтаған.

Қой өсіруші жастар бригадасының жайлауы «Көк жыра» пунктіне келгенімізде алтын арайға малынып күн батқанымен, ауыл үстіне іңір қараңғылығы түспеген шақ-ты. Құдыққа қаптай құлаған қойдың алды астауға жеткенімен, соңы қырқаның астынан әлі көрінбеді. Ал отардың екінші тобы ауылдың оңтүстік-батыс тұсынан қораға қарай қаптап келеді.

Бағанадан жым-жырт тұрған ен даладағы жалғыз шалаш пен көшпелі вагон иелері келгенге қуанышын атырапқа паш еткендей, төңірек жанданып сала берді.



– Қазіргі қонысымыздың жұпынылығына назар аудармаңыз,- дейді бригада мүшесі Ғапар Қалекенов бұрыштағы үстелге газет-журналды текшелеп жатып. – Тұрақты қысқы қонысымызда төрт бөлмелі үйіміз бар. Онда сәнді жиһаз, қалы кілем, үлкен теледидар мен радио-қабылдағыш, тіпті шағын кітапханамыз да бар. Ал мына көшпелі вагон жазғы тұраққа ыңғайлы.

– Еңбек жолын жаңа бастадық. «Анау жоқ, мынау жетпейді» деп қақсай беру өзімізге ұят сияқты. Онсыз да біздің жағдайымыз жетекшіміздің көңілінен кетпейтінін білеміз. Баспана бар, жұмыс жеткілікті, таза ауа, деніміз сау. Аспазымыз Майсара Нұрбасова да өзімізбен бірге өскен осы бригаданың белді мүшесі. Ойымыз біреу-ақ: қолда бар малдың қондылығын төмендетпей, қыстан шығынсыз шығарсақ.

Бұл – Марат Жұмағалиевтің айтқаны.

Ал ұстаз-жетекші Төлеген болса көпке дейін тұнжыраңқы қалпын бұзбай, үнсіз қалды. Тек жұбайы Қаламқас құйған қою шайды ішіп бола бергенде ғана әңгімеге араласты.

– Төке, шопан болуыңызға не себеп?- деймін әңгімені әріден бастап. Ол аз-кем үнсіз қалды.

– Желмен жарысқан машинаға не жетсін?! Бірақ балаларың өсе келе, қара басыңның қамын аз ойлайды екенсің,- деп аз кідірді. – Бес ұлым бар оларды адам етіп, азамат етіп өсіру менің әкелік борышым ғой. Мен алғаш шопан таяғын ұстағанда осы Айбатыр 5 класта оқитын еді,- деді ол ақсары жігітті иегімен нұсқап. – Көрдiңiз бе? Ол қазір бригаданың белді мүшесі. Екі үй арасы аттам жер. Кейде анасы «үйден тамақ іше ғой, не өз төріңе қонып кет» деп жалынады. Ал ол болса: «Мама, қасымдағы жігіттерден ұят емес пе, мен де бригада мүшесімін», - деп жатағына кетеді...

Ол коллективтік сенім, қоғам алдындағы борышты сезіну азаматтық іс деп біледі. Бес-алты жыл жеке отар баққан жылдары өзі үшін жақсы болды. Кеңшар дирекциясы, партия ұйымы «қолайлы кісі жоқ» деп қолқалап қоймағасын, 1980 жылдан тәлімгер жетекші.

– Қиындық бригадада шашыңнан да көп,- дейді ол бурыл тартқан шашын қайыра күле сөйлеп, – әсіресе, жастар жаңа еңбек тәртібін түсініп, қой бағудың қыр-сырын ұғып, сапалы жұмыс жасай бастағанда оқуға не армияға кетеді, не болмаса отбасын құрады. Сосын олардың орнын басқан жас түлектерге қайта үйретесің.

Аз ғана әңгіме барысында көңілге түйгеніміз «Самғау» жастарының арманы – биік, мақсаты – бір. «Туған жерге туыңды тік» деген қағиданы нық ұстаған ауыл жастары заман талабын дәл ұғып, еліміздің экономикалық күш-қуатын арттыру ісіне белсене атсалысуда. Олар әркез табыс биігінен көрінуді өздеріне міндет емес, азаматтық парыз санайды...

Айлы түн. Ал қара көк аспанда жұлдыздар жымыңдайды. Біз орталыққа қайтып келеміз. Алдымызда таспадай тілініп қыр жолы жатыр. Бір белестен бір белес ұзап кеткендей түнгі жол. Осы жолда келе жатып бұдан жиырма жыл бұрынғы Төлегеннің «мен де бір кірпіш дүниеге» деп масаттанған сәті еріксіз есіме түседі.

Оның қазіргі ісі мен қызметі сол сөздерінің куәсіндей көрінді маған.

*«Орал өңірі» газеті,
22.01.1992 жыл.*

Сен іздеген арман

– Мынау біздің Қуаныш қой. Ой, жарайсың, өзі түк өзгермеген бе деймін.

Өтіп бара жатыр ем. Қаланың жүргін-тұрғыны көп дәл орталық өңіріндегі Құрмет тақтасы алдынан естілген емен-жарқын осы бір үнге қалт тоқтадым.

Келесі сәтте Жаңақала аудандық кітапханасының қызметкері Рая Күнтуғанова тұрды алдымда. Сөйтіп, ойламаған жерден арада ондаған жылдар өткенде екі бірдей



мектептес құрбыммен бір сәтте кезіктім. Рая өзінің табиғатына тән аңқылдаған, ақкөңіл мінезіне салып мені кінәлай сөйлейді:

– Бір қалада тұрасыңдар, Қуаныш туралы білмеймін дейсің, ө?

Тіпті еш сұрастырудың қажеті жоқ. Ілеу де бір жанның несібесіне ғана тиетін абырой мына Құрмет тақтасында тұруының өзі көп нәрсені айтпай ма? Бәрін анық жазып қойған: «Орал линиялық өндірістік магистральді газ құбырлары басқармасының электрмен пісірушісі. Оныншы бесжылдықты 1980 жылдың 7 ноябрінде орындаған».

Күнделік тірліктің бар-жоғын қуалай, осы бір қысқа ғұмырдың тұтымдай етегінен тартып жүргенде кешегі балауса шақта асыр сап ойнап, бірге өскен құрбылардың қайсысы қайда, кімнің не тындырып жүргеніне мән бере бермейтініміз де рас.

Міне, жоғарыдағы басқарманың бастығы Владислав Алексеевич Нагумановтың алдында отырмын.

– Қойшыбаев Қуаныш туралы не айтуға болады?- дейді ол әр адамға тән ресми амандықтан кейін келген шаруама бірден көшіп. Ол аз-кем ойлана, маған тіктей қарады. Қолына шылым алып, үстелді тықылдатып аз-кем үнсіз отырып қалды да, сосын сөйлеп кетті: – Біздің басқарма – Одақтық маңызы бар объект. Қазір 600-ден астам жұмысшы қызметкері бар. Жалпы, өз ғұмырын сонау 1972 жылдан бастайды. Екі газ құбырының бірі еліміздің ішкі пайдалануына жұмсалса, екіншісі «Союз» газ құбыры арқылы шетелге жолдама алады. Сондықтан әр күн сайын ғана емес, сағат, минут сайын тоқтаусыз жұмыс – біз үшін ең жоғары міндет. Ал жұмысты жүргізуші ең беделді күш жұмыскерлер екенін өзіңіз де білесіз. Мекеме жаңа ұйымдасқан жылдары осы салада бұрыннан қызмет істеп жүрген мамандарды жинақтағанда сонау Жаңақала ауданында істеп жүрген Қуанышты да қызметке шақырттық. Осы станцияның іргетасын қалаушылардың бірі. Орденді, алдыңғы қатарлы жұмыскер.

...«Коммунистік еңбек екіпінділері», «Біздің мақтанышымыз» деп қызыл матаға алтын әріппен жазылған тақтаға еріксіз

жақындадым. Екі жүзден астам адам арасынан өзіме таныс есімді көзіммен іздеймін. «Мынада Қуаныштың да фамилиясы тұр ғой», - деймін анықтай түскім кеп бағанадан осы комплексті маған көрсетіп, аралатып жүрген жөндеу линиясының бастығы Дамир Идиатуллинге.

– Енді қалай деп едіңіз?!

Сосын тағы да осымен нешінші рет өзі тікелей басшылық ететін ұзындығы 576 километрге созылған газ құбырларының соңғы жылдары аварияға ұшырамай, тоқтаусыз істеп тұрғаны осы Қуаныш Қойшыбаев, Вячеслав Кузнецов, Владимир Самарин, Виталий Алехин сияқты алтын қолды адамдардың арқасы екенін жалықпай әңгімелейді.

– Біздің жұмыс солай, - дейді ол сөзін жалғастырып. – Міне, жұмысшылар құрал-саймандарын тапсырып, кетуге жиналуда. Кенет рацияда бір жерден ақау шықты деп хабарлайды. Тап сол сәт ызғырық жел ме, үскірік аяз ба, көз аштырмас боран әлде нөсер жауын ба, түк кедергісіз тез жетуге асығасың. Адам әртүрлі ғой. «Жұмыс аяғы бітті, мейлі, тек бүгінгі кезекшілер барсын, ана жұмыс, мына жұмысым бар еді» деп сылтау айтатындар болады. Ал сегіз-тоғыз жыл қызметтес болған кезімде мен Қуаныштан ондай бір сөз естіген емеспін. Бір ғана мысал. Өткен жылы жаңа жыл қарсаңында осыдан 177 километр қашықтықтағы аймақта авария болды. Қуаныштың тобы жаңа жылға пайдалануға берілетін объектіні бітіріп келіп, демалуға шыққалы тұрған. Көрініп тұр, бәрі шаршаған, бір қар, бір жаңбыр әлем-тапырық уақыт, апта бойы үйлерінде де болған жоқ. Бізде, әрине, басқа да адамдар бар, соларды жібергелі жатқанбыз. Бірақ қанша күш жұмсаса да, жаңа жылға бітіре алмайтындары анық-ты. Сөзге араласпай анадай жерде тұрған Қуаныш сыртқа шығып кетті. Келесі сәтте үйлеріне кетуге жиналған жігіттерін алып қайта кірді. «Біз де сендермен барамыз, бәріміз қатар істесек, қалайша тез бітірмейміз?» – дейді. Ежелден қиын-қыстау сәтте қол ұшын беруге әзір тұратын, жақсылығын, достық көмегін сатпайтын, көлгірсіп жағымпазданбайтын, бір сөзді адамдарды халық «Сенімді



жігіт, онымен теңізге шығуға болады» дейді ғой. Бізде теңіз жоқ, бірақ әр күнгі ісіміздің сын-сынаққа толы екенін ешкім жоққа шығара алмайды,- деп ойын түйіндеді.

Мен ол жолы Қуанышқа кезіге алмадым. Бұдан бір апта бұрын облыстағы екпінді құрылыстардың біріне іссапарға жіберіпті. Ол электрмен және газбен пісіруші, электрмен және газбен кесуші, яғни, сегіз қырлы, бір сырлы жоғары санатты маман. Өзіндік қолтаңбасы бар. Ондай мамандардың ісі тексерусіз қабылданады.

– Әйтпесе, Одақтық маңызы бар объектіге кез-келген адамды қалай жіберуге болады?- дейді жөндеу линиясының ауысым бастығы инженер Аманжол Кереев.

... Сенімен жұмыстас жандардың өзің туралы ағынан жарыла айтқан жылы лебіздері мені еріксіз толқытты. Анау жылдары педагогика институтының екінші курсынан оқуыңды тастап кеткеніңде бір топ жолдастарың, ішінде жан-жарың Күләш та бар, «Талай адамның қолы жетпей жүрген институтты тастайды деген не?»- деп қатты ренжігенбіз.

Сонда сенің:

– Ұста болу үшін ғажайып талант керек. Ал талантсыз... Мен өз ісімнің нәтижесін қолма-қол көргім келеді. Шіркін, алып құрылыстарда істегенге не жетсін?!- деп армандағаның әлі есімде. Ал мен ойламаған жерден еңбектес жолдастарыңа кезігіп қап, аңсаған арманыңа адымдап жақындағаныңды көріп тұрмын...

Мүмкін сонау жылдары сен іздеген арман осы шығар.

*«Орал өңірі» газеті,
Қараша, 1982 жыл.*

Сұңқарлар самғар шыңдар-ай!

Ел еркіндігін әлемге паш еткен Ұлы Жеңістің 50 жылдық мерекесі қарсаңында сол соғыста қаза болғандарды тағы бір қайғырып еске алып, ал өзімізбен бірге жүрген ардагерлерді қадірлеу, құрметтеу несібесіне ие болғанымыздың өзі – біз үшін бір мәртебе.

Редакторда кезекті мәжіліс өтіп жатты.

– Біздің газетте 13 жыл редактор болған Хабир Аймұхамедұлы Нұрмұхамедов Ұлы Отан соғысына қатысқан жан. Коллективімізде неше жылдар істеген, Ұлы Отан соғысына қатынасқан одан басқа да ардагерлер бар екенін еске алсақ, алдымызда тағы бір қуанышты кездесу тұр,- деп редактор бәрімізді бір серпілтіп тастады.

Жан-жүрегін жарып-ашып, жылдар өтсе де әлемге де, адамға да әлі де бейкүнә көңілмен қарайтын соғыс ардагерлерінің бірін көріп сөйлескім келді. Сөйтіп Хабир Аймұхамедұлына жолығу мақсатында іздеп бардым. Қала ортасындағы шулы көшелерден аулақтау тұрған көп қабатты үйдің Хабир аға тұратын пәтеріне келіп, келген шаруамды жәйлап айта бастап ем, сөз саптауды емеуріннен түсінетін кәнігі журналист емес пе, ойымды аяқтамай жатып-ақ:

– Қарағым Бақыт, ниетің дұрыс-ақ шығар, бірақ жұртқа жария ететіндей ерлігім жоқ. Ұшқыш не танкист емеспін. Жау дзотын да кеудеммен жабатындай сәттер келмеді. Майданда саяси қызметкер болдым. Біздің негізгі міндет – алдыңғы шептегі әр солдатпен қоян-қолтық бір жүріп, күніне әлденеше рет қайталанатын қиян-кесті ұрыста лоқсыған көңілдің толқынын басатын жақсы да жалынды сөздермен солдат жүрегіне от жағу, құлағанға дер кезінде демеу, жабыққанға сүйеу бола білу. Бұл ерлік емес қой. Кәдімгі қарапайым адамдық қызмет. Сондықтан мен туралы жазатын ештеңе жоқ,- дей келіп: – Қап, бос жүріп уақытыңды алдың-ау, қарағым,- деді.

Қашан көрсең де жібектей есіліп, жап-жайлы дауыспен «қарағым, шырағым» деп жай-күйіңді сұрап жүретін Хабир



ағаның мына жауабы мені састырды. Орнымен айтылған жәй сөздің кейде жай оғындай тиетіні бар. Одан әрі әңгімені созудың реті жоқ-ты...

Кешегі сұм соғыс жалмап, жақсының көбі кетіп, азы қалған мынау сормандай заманда, бірен-саран тірі қалған оның сұңқарлары жем іздеп жерге түспей, күйкі тірліктің күйбеңінен жоғары тұрса, қында тұрған алмас қылыштай әлі де өткірлігі де...

Шіркін-ай, жел өтінде қасқып тұрар кәрі емендей адами мәрттікті қайдан алды екен олар?..

«Міндет алдың – індет алдың» дейді халықта. Мен үшін ендігі жалғыз-ақ жол – Хабир ағамен қызметтес болған көне көз қариялармен, байырғы журналистермен әңгімелесіп, пікір сұрап, ол туралы деректер жинау...

Мен олардың бәріне «Сізбен қызметтес болған кездерден Хабир аға туралы не айтар едіңіз?» деген жалғыз-ақ сұрақ қойдым.

Ж.Набиуллин, 1983 жылдан «Орал өңірі» газетінің қызметкері, ақын, Жазушылар одағының мүшесі:

– Өте мәдениетті, білімді адам. Ақылы мен білімі, қарапайымдылығы мен ізгілігі, принципшілдігі мен турашылдығы бір кісінің басына соншалықты тоғысқан адамды кезіктірмедім.

Н.Я.Гофман, ардагер журналист:

– Сонау 1963 жылдары облыстық «Орал өңірі», «Приуралье» газеттері қосылып бір шығатын. Орысша, қазақшаны бірдей білетін Хабир аға екі газетте де бас редактор еді. Жұмысқа жаңа келген жас журналистерді өз қамқорлығына алып, ақыл-кеңесін көп айтатын, үйрететін. Өз әкемдей жақсы көріп, досымдай сыйлайтын ем, әлі де солай. Ондай кісілер арамызда өте аз ғой.

Ж.Нұртасов, «Орал өңірі» газетінде 1963 жылдан қызмет істеді, тілші:

– Хабекең Мәскеу, Ленинградтағы адамдармен ылғи хат жазысып тұратын. Бірде редакцияға пакет келді. Ол кезде

Хабир Аймұхамедұлы құрметті демалыста еді, мен үйіне апарып бердім. Көп жыл Кеңес Одағында Сыртқы істер министрі болған Андрей Александрович Громыконың 1988 жылы шыққан «Естеліктер» атты үлкен кітабы екен. Министрдің өзі ішіндегі арнау хатта: «Хабир Аймұхамедұлы, бұл кітапты жазуға Сіздің берген көптеген ақыл-кеңестеріңіз себеп болғанын еске алып, рақметімді айтамын», - депті. Сонда біз кезінде біліп мән бермегенбіз. Ол кісінің үлкен мемлекет қайраткерлерімен де байланысы болған екен ғой...

Иә, күні кеше-ақ байтақ Отанымыздың мақтанышы болған Кеңестер Одағының маршалы Александр Михайлович Василевский, армия генералы Сергей Матвеевич Штеменько, КСРО халық әртісі Сергей Яковлевич Лемешев, суретші, академик Олесь Георгиевич Верейский сияқты халықтың дарынды ұлдарымен достасып, әңгіме-дүкен құрып, пікір алысып, ой таластырған Хабир ағаның жан-дүниесінде талғамы биік тыңдаушыға ақтарар сырлары жеткілікті екені аян. Өттең, құлағының бұрауы келмесе, лекітіп күй төкпейтін кәнігі домбырадай талғампаз тарланға жөпелдемеде бірдеңе айта қоймады деп ренжу тіпті орынсыз. Менің қойын дәптерімде пікір айтқандар тым көп-ақ. Бәрін газет бетіне жариялайтындай оған орын қайда? Бірақ редакция музейіндегі сақталған 1993 жылғы 23 ақпандағы көрші облыстағы облыстық «Атырау» газетінің 70 жылдық тойына арналған газет нөмірінде Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Әбуғали Габдуллиннің «Қайта оралмайтын бақытты шақ» атты публицистикалық очеркінде жазылған мына жолдарды дәлме-дәл келтірмесем, ойым олқы болатындай. Ол: «Бізге редактор болып келген Хабир Нұрмұхамедов Орал, Талдықорған облыстық газеттерінде редактор болған. Мәскеу Жоғарғы партия мектебін бітірген, бұрынғы майдангер, балалар үйінде тәрбиеленген адам еді. Бұл кісі бірінші келіп танысуды: «Өзімді тәртіпті адаммын деп есептеймін, тәртіпті болуды өзгеден де талап етемін» деген сөзден бастаған. Солай болды да... Ізденгіш. Білімдар. Көп оқитын еді. Жетімдігін айта келіп: «Менің туыстарым



өздеріңсің, жақсы жұмыс істесең туысымсың, жаман істесең – жауымсың!» деп кесіп айтатын. Қатаң талап қойғыш адам еді», - деп жазыпты.

«Әй, кәпір» атанбаған азаматта арман бар ма?» дейді халықта. Жылдар өте жақсы істерің өзгеге үлгі болып жатса, өмірдің бос өтпегені де.

Иә, өмір жолын 1936 жылы бастауыш кластың оқытушысы болып бастаған Хабир аға 1940 жылы Алматыдағы Қазақ коммунистік институтының журналистика факультетін үздік бітіріп, Павлодар қаласындағы облыстық газетте редактордың орынбасары болып жұмыс жасап жүрген жерінде өз еркімен майданға аттанған. Ондағы ойы – тезірек солдаттық міндетін атқарып, Қазақ университетіндегі аспирантурада алаңсыз оқу. Соғыс өрті бұрқ еткен сол бір отты күндері Ташкент маңындағы командирлер мектебінде еді. Арада жиырма күн өткенде, яғни, 1941 жылдың 20 шілдесінде атқыштар батальонымен майданның алдыңғы шебіне келген-ді. Сол күннен бастап Жеңіс туы Берлинде желбірегенше майдан шебінен алыстаған емес.

Жалпы халық, ел болып жаумен айқасқан сол жылдары оқыған адамдар атқарар жұмыс өзгеден екі еседей ауырлау болатын. Хабир аға ротада, батальонда саяси қызметкер болды және 344 атқыштар дивизиясында шығатын «Боец», «Боевой клич» атты газеттерде бөлім меңгерушісі, тілші болғаны, Белорус майданында шығатын «Қызыл әскер ақиқаты» газетінің құрылуына, шығуына, таралуына ерекше қызмет істегені өмірпарақтарының өшпес беттеріндей.

Сәт сайын, сағат сайын ондап, жүздеп адам өліп, күні кешегі гүлденген қалалар отқа оранған соғыс жылдары жарақатқа алаңдар жағдай болды ма? Мәскеу түбіндегі бір ұрыста окопқа түскен снарядтан бірталай адам өліп, Хабир ағаның қатты жарақат алғаны бар. Бірақ госпитальда жатып емделмеген. Қатты етіп марлімен таңып алса, зіркілдегені басылатынын байқап, басын ылғи марлімен таңып жүретін. Соғыс бітіп,

Мәскеудегі Министрлер Советі аппаратында жұмыс істеп жүрген кездері рентгенге түскенде, бас сүйегі ішінде оқ жарқыншағы бар екені анықталған. Операцияға көнбеген. Тап қазір – Германияның бір түкпірінде, әлде бір заводта құйылған қорғасын құймасы Хабир ағаның басынан орын тепкеніне аттай 53 жыл 10 ай!

Ұлы Отан соғысының ардагері, 1-дәрежелі Отан соғысы және «Қызыл Жұлдыз» орденінің, бірнеше медальдің иегері, Құрмет пен мақтау грамотасының ондаған түріне ие болған Хабир аға жасы 77-ге келсе де, тың әрі ширақ.

Сонау 1941 жылдың ақпан айында коммунистік партия қатарына өткен Хабир аға өзін әлі де коммунистпен деп есептейді, әлі солай бола бермек те. Адам атаулыға жақсылық, ізгілік, туысқандық тілеген ұлы идеаны өз ұрпағына үлгі етіп қалдыру оның әкелік борышындай. Өмірлерін ел қызметіне бағыштаған Хабир ағаның үш ұлы да жоғары басшы маман. Үлкен ұлы Владимир қазір Мәскеуде реактивтік металдың маманы, техника ғылымының кандидаты. Павел Ярослав қаласындағы үлкен химия заводта директордың орынбасары. Ал кіші ұлы Игорь Қауіпсіздік комитетінің облыстық басқармасында қызметкер, полковник. Зайыбы Мария Сергеевна Мәскеуде бола тұра, Хабир ағаның қызмет бабымен Қазақстанның талай жерін шарлаған қадірлі серігі. Үш келінге қадірлі ене болған Мария Сергеевна – бірнеше немере мен шөберелердің сүйікті әжесі.

*«Орал өңірі» газеті,
04.05.1995 жыл.*



Уәсилаға хат немесе (қаралы ана, жаралы жүрекке айтылған басу)

Жарқыным Уәсила, кешір мені! Ұлы туралы айтылар жалғыз ауыз сөз жарты ырыстай көрінетін ана көңіл сенің де көкірегіңді кернеп, жаныңды жеп жүргенін білемін. Жүзіңді жапқан мұң да күзгі бұлттай қоюланып тірліктің тынымсыз күйбеңді ортасында сонау солдат аналары жанында өзіме кезіккен апай «Нұртазам туралы бір хабар айтпас па екен?»- деп алаңдайтының анық.

Бәріміз де пендеміз ғой, жарқыным. Жақсылыққа, жақсылық, ізгілікке ізгілік жасай білсек, мынау өмір атты үлкен көш қазіргідей тығырыққа тіреліп, қаттылар мұқалып, жақсылар жасып, адамдар соншалықты азбас еді.

Бірақ тағдыр атты тылсым күш жақсының бәрін жарылқай бермейтінін көрдім ғой. Мен де сенің ақсары жүзіңе, қит етсе мөлдіреп жасқа толып келетін тұңғиық қара көзіңе қарап отырып, бейкүнә келбетіңді мұңға толтырған қасіретке қабырғам қанша қайысса да, қолымнан ештеңе келмейтінін ұғып, шарасыздық шырмауындамын.

Біз бәріміз ес біліп, оң-солымызды танып, қажыр-қайратымыз қайтпай ел ішінде ірілі-ұсақты еңбек еткендер, жалғыз сіздің жанұя алдында ғана емес, анау өзіңмен қатар отырып, ұлдары туралы айтыла бастағанда күрсінгенде көкіректері қарс айрылатын чапаевтық Сақып Нұржанова, аңқатылық Мария Елеуова, оралдық София Халелқызы, Зоя Шайырқызы алдында, тіпті солдат деген қасиетті атаққа ие болып жүріп, жат жерде қаза тапқан барлық балаң жігіттердің ата-ана, жақын-тума, іні-қарындастарының алдында кінәліміз. Себебі мәңгірт болып кеткен қалпымызда, қанша жыл ұлдарымызды ұрып, қыздарымызды қорлап жатса да, өктемші, билеуші топқа бүкіл қоғам, халық болып жақ ашып «мынауың қате» деп айта алмадық.

Халықты, елді, жерді қорғау азамат үшін ардақты сенім деген қасиетті сөздер қарапайым жандардың қанына сіңіп кеткен бе, жер қурап, су суалып, ауа уланып, адамдар азып кеткен

мынау кесапат қоғамда жамандықты күнде көріп жүрсек те, шық тамшысындай таза көңілді азаматтарымызды қараулыққа қарсы күш ретінде әлі де армия қатарына аттандырудамыз.

Рас, азамат қашанда ел мен жер қорғаны. Ал кәмелетке толған жігіттер тірегіміз емес пе? Қиындыққа қарсы тұрар ұлдан айналып, оны мәпелеп өсірген анаға күніне мың мәртебе тағзым етсең де, көптік етер ме? Тек мынау өтірік пен өсек, зорлық пен қиянат, алдау мен арбау белең алып, ішіне құрт түскен алмадай шіріген қоғамда жақсылар, соның ішінде айла-шарғыны әлі татып көрмеген біздің ұл-қыздарымыз үшін өмір сүру күннен күнге қиындап барады.

Ал азамат ұлын Армия атты қасиетті сапарға аттандырып, одан бейбіт заманда «қара қағаз» алып, аңырап қалған ана көңілін немен толтырарсың?..

Тіпті нағыз масқаралық, «өлгеніне ұлыңның өзі кінәлі екен» деген де талай тағылық айып тағылып, ата-ана көңіліне талай рет қанжар сұқпады ма?.

Жан-жүрегін сұрақ пен күдік торлап, ұлының өзін тірілтпесе де, оның киелі есіміне күйе жақтырмауға тырысып, әділдік пен ақиқат іздеген ана қанша жыласа да, өздерінің мұңына құлақ асар жан таппай, қазір әр ауыл, әр аудан, әр облыста ана мен бала, соның ішінде сарбаздардың құқын қорғау жөніндегі ата-аналар комитеті құрылып жатыр.

Иә, Уәсила, мен сені облыста өткен сондай бір жиыннан кезіктіргем. Фурманов ауданы «Көктерек» кеңшарынан дегенде, тұрағың менің туған жерімнен қол созым жердегі мекен болғасын өзіңмен қалып әңгімелескенім рас-ты...

Жаныңды жеген жазылмайтын жаралар болады. Оған ақыл-кеңес айту артық, сылдыр сөзбен жұбату қиянат. Ал баласынан айырылған ана көңілінде де сондай бір нәзіктік пен қасірет бар.

Мүмкін осы кезге шейін хабарласуды кештетсем, сол бір жазылмас жараға оқыстан қолым тиіп, жаңғыртып аламын ба деп қорыққанымнан болар.



Кейде адамның қиянат пен қатігездікті суреттеуге сөз таппай, үнсіз қиналатыны бар, әлде сондай шарасыздықты кештім бе екен? Әйтеуір хабарды кешіктіргенім рас.

Мен де анамын. Барлық ұл-қыз өсірген аналардай қызығым, қуанышым, таяныш-тірегім, барым-бақытым деп аялай отырған қара балаларымның денсаулығына дүниенің қазына-байлығын теңгермейтін сен сияқты қарапайым жандардың бірімін.

Ел тыныш, осы бейбіт заманда пәленшенің ұлы пәлен жерде қапылыста қаза болды деген хабарды естігенде қатты тіксінемін.

Неміс фашистерін құртқанымызға жақында елу жыл толады. Америка бізден алыста, Аллаға шүкір қаптаған қара Қытайдың әзір баба топырағына аяғы іліккен жоқ, сонда тек соңғы бес жылда 15 мың жауынгер жас жігіттің жанын алған жау қайдан келген?.. Кешегі 70 жыл бойы өктемдік еткендер өлтіріп жатыр десек, анау Мария Богданова, Софья Юшкевич сияқты орыс әйелдері де сен сияқты еңіреп отыр.

Сонда өзімізді өзіміз қырып жатырмыз ба? Адам адамды өлтірмек түгіл, қатты сөз айтып, көңілін қалдыру үшін де көп қиналап, ойланбай ма? Өлі жеткенді алып ұрар тағылар заңын қолдануға адам деген атымыз бар емес пе?

Жан-дүниесі адал, ақ, өзгеге қиянатсыз қарайтын жандар ғана рухани бай аталады. Тек сондай адамдармен ғана барымыз бен нәрімізді, сәніміз бен дәнімізді дәріптей, ел болып еңсемізді көтереміз.

Иә, айнама, Уәсила. Ауылым алыс, жер шалғай, ішкен су, жұтқан ауам бөлектеу болғасын, Нұртазаның ойнап-күлгенін, жүрген-тұрғанын, өсіп-толғанын да көрмеппін.

Бар ұққаным, 20-ға әлі толмаған, айналаға аңғырт, албырт көңілмен алаңсыз қараған ауыл баласы. Бойындағы бұла күшін қайтсем жақсылыққа, ізгілікке, игілікке жаратсам деген қалтқысыз көңілі. Бір өкініштісі, аяныштысы әрі көңілге медет демей, өміріне өзек болған сол ақжарқын адал көңілі ақтық демі біткенше таусылмаған.

«Мама, папатай, Ақ әже. Мені уайымдамаңдар. Жағдайым өте жақсы. Ауылға барамын деген айлар жақындаған сайын күндер өтпейтіндей. Соңғы айда мені кірпіш заводының бу қазанына жұмысқа қосты. Қиын жері – ауыр, ерекше орын. Есесіне жұмысты жақсы істесең, бір сәтке күн жарымға есептеледі. Менің ешкіммен қатты сөзге келмейтін мінезімді білесіңдер ғой. Сондықтан уайымдамаңдар. Маған арман – санаулы күндер тезірек өтіп, ертерек ауылға барып, оқуға дайындалсам... Үйге баруға 58 күн қалды. Беттеріңнен сүйдім, Нұртаза. 20 наурыз 1991 жыл. Ресей. Владимир қаласы».

Бас-аяғы бір бет ақ қағазға жазылған Нұртazаның ақтық хаты. Оның өмірінің жан-дүниесі арман-мақсатының картасындай.

Иә, онжылдық мектепті бітіріп, 18-ге жаңа толып үлгерген ауыл баласы, бір тұтам өмірде не бітіріп, неге үлгермек?

Қайта Нұртаза артына із қалдыруға асыққандай, 1988 жылы оқуға келіп, ауыл шаруашылығы институтына түсе алмаса да, болашақ инженер-механикке қай кезде де техника тілін жетік білу парыз деп Орал қаласында 3 айлық курста оқып, 1 категориялы шоферлық мамандық алған.

Ауылға келіп машина айдауға мүмкіндігі болмаса да, атана, іні-қарындас, кәрі әжеге көмегім тиер деп еңбеккер шопан Қалимоллада көмекші болып еңбек еткен бір қысының өзі сарбаздың сыналар сәтін еске салар өмір мектебі емес пе?

«10 класта оқып жүргенде жаз бойы тас соғып, салып берген сарайы бар еді. Шырт ұйқыдан оянып ала таңнан сыртқа шыққанда алдымда тұрады әркез. Соны көрген сәтте ақ ұлыма кезіккендей тұла бойым елжіреп, сағыныш сазы жанымды тербейді де, әрең өзімді тоқтатамын, ондай кезде ойларым тәрк болып, кәдімгідей қалжырап қаламын» дегенің есіме түседі Уәсила.

«Болған іске болаттай берік бол» деген ғой. Дертке демеуі – Нұртazаның қылығы үшін сен ешуақытта ешкімнен ұялмайсың. Ол қазіргі көп жастардай түн жүріп, зат ұрлаған жоқ. Қалтарыста



тұрып қараулықпен кісі тонаған жоқ. Тіпті еріккеннен зерігіп арақ ішіп, есірткі шегіп, қателікке де ұрынған жоқ.

Тіпті бу қазанына итерген «жолдас» қиянатын қателіктей қабылдап, адамдардың адалдығына өзінің сенгені соншалық – екі тәулік күйіктен жаны азап шегіп жатса да, арлы көңілін төмендетпей, тікелей келген ажалды сабырлықпен көтере білгені қандай қауіпті де қасқая тұрып қарсы алған біздің қазақ батырларын еске салмай ма?!

Халық болып, қазақ атты ел болып, құрып кетпей, жер бетінде жүргеніміздің өзі – сол анау өз елінде батыр атағын ала алмай, бірақ жер жүзінің генералы атағын иемденген Бауыржан атамыздың, дүниенің төрт бұрышы Абай мен Мұхтар, Олжас пен Тоқтар деп тамсанып, солар арқылы қазақ халқын көз алдына елестетіп, табынып, сыйлап танығаны, тіпті кешегі желтоқсанның самал желі боп жеткен Қайраттың қайсар өлімінің өзі ел мәртебесін көтерер киелі құбылыстар емес пе?

Иә, Уәсилаш, Ресейдің Владимир атты қаласы радиодан, не телевизордан естіле қалса, қалған ғұмырыңа Нұртазақ есіңе түсетінін білемін. Қайтесің?

Әйтеуір Санжар, Тұрар атты ұлдарың, Арайгүл атты қызың өсіп келеді. «Қаз ашуын тырнадан алады» демекші, кейде пенделікпен бе балаларымызды кінәлай, анау жаман, мынау бұзық деп жатамыз. Есін біліп, өмір атты ғажайыпты жаңа көрген жастарда не кінә?

Сіздің ауылдың өзінен-ақ солдат қатарында жүріп, тек соңғы жылдары қайтыс болған Жолдыбай, Сайран, Данияр атты жас жігіттердің бәрі де елеусіз қалған батырлар...

Шындығында, бейбіт заманда солдат қатарында жүріп ажалы жеткен өлі балаң жігіттердің бәрі де қатыгездік пен қиянат, қорлық пен зорлық, алдау мен арбау атты азғындыққа қарсы күресте майысып барып түзеліп кететін қаңылтырды емес, шорт сынатын ақ алмасты еске салмай ма?

Әлде олар нәсер алдындағы найзағайдың жарқылы ма екен?..

Не болғанда да, біз олардың алдында әлі де қанша борыштармыз.

О, дүниелік адамға рухани тағзым еткен сайын, олардың ата-анасының алдында қанша қарыздар екенімізді ұмыту қиянат.

Біздің қоғам, еліміз қатар жүрген талай дос-құрбымыз қапылыста қаза тапқан солдаттар жөнінде әлі де көп уақыт шындықты саралап айта алмаспыз. Бірақ тірегінен айырылып, таянышсыз қалған ата-анасына қамқор көмегімізді аямау – адамдық міндетіміз.

Өткенде кезіккенде «Үйде тоқсанға келген әже бар, оқу жасында ұлым мен қызым бар. Отырған үйдің өзі де аңғалсаңғал, өзім болсам жұмыссызбын. Көп жыл радист болып істеген жолдасым Жәрдемғали да кеңшарда ақша жоқ деген сылтау мен қысқарту кезегінде тұр», - деп едің.

Ақыл-есті азаматтар ауылда көп қой. Жығылғанға жұдырық жұмсамайтын ата салтын еске алып, сіздің шаңырақтағы ауыртпалықты жеңілдетпесе, ауырлатпас. Үй салып, оны оңдап беру аз ғана малыңызға шөп тасып, отын түсіру сияқты ұсақ нәрселерді жалынтып сұрап, артынан жүргізудің өзі ауыл ағаларына ұят емес пе?

Қарулы күш дегеннен шығады-ау, қазір радио, газеттен көп айтылып жүргендей, жас жігіттер әскери шақыру орындарына келмейді дейді. Кейде апырмай ол қай ауылдың, қай аудан, облыстың ұлдары екен деп ойланамын.

Осы тұста өзіңнің: «Нұртазам ауылдан аттанарда сол күнгі кеште болатын кластасының туған күніне алаңдап, кеңшардан жүрген автобусқа отырмай, ауданда таңертеңгі 9-да болмақ болып уәдесін беріп үйде қалып еді. Сол кешті өткізіп, таң саз бере арқаларына сөмке асынған Нұртаза мен досы Жасқайратты бір топ жолдастары қырқа асқанша шығарып салды. Сонда олар 45 шақырым жерді жаяу жүріп 9-да аудан орталығынан облысқа жүретін автобусқа әрең ілігіпті» дегенің есіме түседі. Ол, әрине ерлік емес қой. Бірақ ел, халық, Отан алдындағы міндет пен парызды түсіну осындай қарапайым қылықтардан басталатын болар.



Адалдықтың, ақтықтың, міндет пен парыздың алтын ұясын торлап, тоңып жатқан ауыл адамдары аман болғай.

Тек сондай алтын ұяның тәлімі мен тәрбиесін сезініп өскен жандар ғана жарқын істерге бара алмақ...

«Орал өңірі» газеті,

19.01.1993 жыл

Үзілген өмір жалғасы

– Камеш, ау Камеш!

Қарсы бөлмеден лып етіп шыға келген қара торы қағылез бәйбіше алдында тұрды.

– Мына құрғырың сиясы таусылды ма, жазбайды ғой? Маған Төкеннің қаламұшын берші,- деп Хаби аға жазып отырған қағазын алдына итере салды.

Бірінің көңіліндегіні екіншісі көзінен ұғар жұбайлар болады. Кама апай да отағасының ойы бұзылып, көңілі шартарапқа шалқып отырғанын сезді ме? «Неге? Ой, қайтесің?» деген сөздерге әуре болмай-ақ, бөлме түкпіріндегі шағын сандықтан сия сорғызып жазатын қарапайым ғана қаламұшты үнсіз алып, отағасына ұсынды.

Бұнымен жазылмағанына да неше жыл.. Сия сорғызбаса болмас...

Саналы ғұмырын ел ішінде өткізіп, көпшіліктің көңілінен қайтсем шыға алармын деп жарғақ құлағы жастыққа тимей өмір сүретін адамдар болады. Олар байырғы еңбектен қол үзген кездерде де, ой еңбегіне соншалықты бой алдырып, әр күні өткен ғұмыры мен қазіргі таңдағы тіршілікті қатар салыстырып, оның жақсылығына жадырап, қасіретіне қайғырып күн кешеді.

Ал жазатайым ой түкпіріне сүңгі кетсе, жадында жазылып қалған, болған жәйттер мен оқиға елесі өмір көшінен көмескі тартпай-ақ көз алдына қаз-қатар келе қалатынын қайтерсің?

Ұзақ жылдар халық соты болып қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққасын көп жылдар адвокаттықпен шұғылданған өмір жолын ауылдық кеңестің хатшысынан бастап, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген юрисі» атағын алған, бірнеше жылдан бері республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер Жақыпов Хаби аға да сондай қазына қариялардың бірі.

Ол бүгін ойда еді. Бәріне кінәлі сәскеде келген облыстық қазақдрама театрында әртис болып істейтін қызы Гүлнәр еді. Ол еркелей құшақтап: «Папа, жақында театрда «Кішкентай ауыл» атты спектакльді қоямыз. Негізгі мазмұны соғыс жылдарына арналған. Көруге кел. Өте жақсы қойылым» дегені.

Соғыс туралы... Соғыс дегенің қайғы мен қасірет... Қайдан жақсы болмақ ол? Хабақаң ренжіп, тек онысы драманы жазған авторға ма? Сол қойылымды сахнаға әзірлеген топқа ма? Әлде жақсы спектакль деп қуана күлімдеген қызына ма, өзі де елі пайымдамаған...

Тек содан кейін-ақ күзгі күннің ауа райындай көңілі тез бұзылып, әлде не жазбақ болған ойы да быт-шыт болып, сандық түбінде жатқан інісі Төремұраттың қаламұшын алдырып еді. Кенет жүрегінде жатталып қалса да, оның хаттарын тағы бір оқығысы келіп, сағынып кеткені.

Иә, көңіл түкпіріндегі сартабан сағыныштың табынан бұрынғыдай маздап жанбай, көмескі тартқалы қашан? Уақыт емші деген рас та. Аз да, көп те, жалғыз інісі Төремұрат соғысқа аттанып, оның күлім қаққан жүзін көрмегелі де биыл аттай 52 жыл.

Ой, өмір-ай десеңші! Дауылды күнгі теңіз толқынындай сағыныш саздары жан-жүректі талай шертіп өтті ғой. Әсіресе, әкесі ерте көз жұмғанмен, шешесі Динаш көзі тірі кезінде, келім-кетім қонақтан үй босаған сәттерде: «Хабижан, Төкеннің хаттарын оқышы, өзіміз үй ішімізбен бір отырып әңгіме-дүкен құрайық»- деп қолқа салатын.

Бұл болса балаларын алдына отырғызып қойып, жылдар жүгінен сарғыш тартқан інісінің хаттарын әр сөзін жатқа білсе



де, асықпай қайталай оқи бастайды. Хат жартылай оқылып, бітпей-ақ анасының көз жасы омырауына тырс-тырс тамған даусын ести сала: «Қойсаңшы, апа», - деп басу айтатын. Одан соң: «Өлді деп ешкім айтқан жоқ. Көмілді деген моласын көрген жоқсың. Тіпті «қара қағаз» келмеген адамға жаман ырым жасайтының не? Ұлың таңертең ұйқыдан тұрмай жатып-ақ терезе қағып келіп тұрса қайтесің?» - деп елең еткізіп сергітетін.

Әйтеуір бір сөнбейтін үмітпен ананың да көз жұмғанына неше жыл. Ашып айтпаса да, ұлының майданнан қайтпасына сенген анасы бұлардың кенже ұлының атын Төремұрат қойғызып, «Қарғамның өзі ел үшін құрбан болса да, ұрпағында аты қалды», - деп көңіліне демеу етіп отыратын.

Хабақаң бір-бірлеп тағы да хаттарды іріктеп қарап оқи бастады. 1942 жылдың 6 мамырында майданға аттанған Төремұрат 2-3 ай оқудан кейін бірден Сталинград майданында ұрысқа кіріскен.

1942 жылдың 7 қарашасында жазылған бір хатында: «Ағай Хабес, аман-жақсы боларсыз. Мамамның, апайдың, Төреғаным, Қазештің, Тәнзиланың, Жұмаштың, Әсия мен Дәмештің, Қалимеденнің дендері сау, аман ба? Мен де аманмын. Гвардиялық дивизияға келіп орналастым. Шенім – гвардия лейтенанты. Қызметім – пулеметшілер ротасының командирі. Кешікпей ұрысқа кірісеміз. Беттеріңнен сүйдім. Сәлеммен інің Төремұрат» - делінген.

Содан ай өте жазған бір хатында: «Мама, уайымдама, күні ертең жауды талқандап, елге барамын. Көрген қиындық пен азап бір сәттей болмай өте шығар» деп жұбату айтса, екіншісінде: «Бүкіл аналардың ақ тілегін ақтасақ деген арман бар, қару-жарақ бізде аз болса да, құрсанған жауды қуып барамыз. Ой, тәйірі, бұл ненің құдіреті екен деп ойлаймын кейде. Әсіресе, майдандағы қазақ жігіттері орасан өжет батыр. Мүмкін ол қасиетті жердің құдіреті болар. Әлде әрі ақын, әрі батыр, ақжүрек қазақ халқының әруағы ма? Кеше тұтқиыл

шабуылмен Калач атты қаланы жаудан босаттық. Түн ішінде от-жалынға оранған үйлерден ақ қарда киімсіз қашқан жауынды көру бақыт екен. Кек қайтару басталды. Балаң Төремұрат. 1942 жыл желтоқсан, дала почтасы 30360 П» – делінген.

Ішін оқымай, қолға ұстағаннан-ақ онда не жазылғанын жатқа білетін Хабақаң хаттарды бір-бірден парақтап, жаңа папкаға сала бастады. Газет қиындысына жазылған мына хат тым қысқа. «Аяқтан оқ тиіп, госпитальға түстім. Операция сәтті өтті. Жазылсам, өз ротамға сұранамын. Уайымдамаңдар. 1943 жыл 10 қаңтар».

Ал маржандай тізілген әріптері ерекше сәнмен қатарласа қалған мына хатты осы 52 жыл ішінде жүздеген рет оқыған болар. Көзілдірік кимей-ақ ол оны тағы да көңілмен оқи жөнелді.

«Қадірлі Хабес, ардақты Мама! Кеше жоғары командованиеден кісілер келіп, мені «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградтады. Осының алдында «Ерлігі үшін» медаль берген екен. Сол екеуін бірге әкеліп, омырауға тақты. Мен енді капитанмын. 1943 жыл 13 қыркүйек».

Ой, тәйірі, қуаныш пен сенімнің лебі ескен бұл хат ең соңғы сәлем деп кім ойлаған?..

Соғысқа шейін мұғалімдер институтын бітіріп, орта мектепте сабақ беріп, партияға өтіп, өмір жолына жаңа түсе бастаған Төремұрат өз қатарынан бойы да, ойы да, білімі де, сана-сезімі де өте жоғары еді. Қоғамдық өмірге араласып, өлең шығарып, газетке мақала жазып, болашағынан зор үміт күттіретін.

Балаң жігіттің орынды өзіл-қалжыңының өзі дос-жарандар, ауыл-аймақ арасында жылы сезіммен қайталанып, азамат бейнесін биіктете түсетін. Сол аптал азаматтан қалған белгі – арадағы жылдар жүгінен сарғайған, көп оқып, қолға ұстағаннан қағазы да жұқарған бір бума хаттар легі. Оның саны – 52. Бірде ұзақ, екіншісі қып-қысқа, сиямен, екіншісі сия бояулы карандашпен жазылған майдан хаттары. Көнігі архивтік ұқыптықпен бұзылмай сақталған бұл хаттар күні ертең-ақ уақыт өте келе, бір үйдің шаңырағының қазынасы емес, бүкіл



халықтың тарихына қосылар жаңа беттер болмасына кім кепіл?

Әйтеуір аудандық соттың жұмыссыз тұрған күні бола ма? Бұрын ел тірлігімен жүріп уақыттың қалай өткенін сезбейді екен. Ал жасы ұлғайып демалысқа шыққалы Хаби аға тетелес інісін көп ойлап, кейде онымен іштей кеңесетін.

«Жарқыным,- дейтін Хабақаң сондай кездерде: – Сені сағынып сарғая күткен күндер, айлар, жылдар жүрекке жара салды ғой... Жаздар өтті талай жарқырап, күздер де өтті күркіреп. Сен ұрыста жүрген Сталинград майданындағы Н.Полкінің штаб бастығы Шевченконың «Төремұрат Жақыпов 1943 жылы 16 қазан айында жаралы болып госпитальға жіберілді, кейінгі тағдыры бізге белгісіз» деген бір ауыз сөзінен басқа қанша іздесек те, содан кейін-ақ сені білемін деген еш жанды таба алмадық. Көп күткен Жеңіс күнін көре алмадың, жарқыным. Өзің имандай сеніп, пір тұтқан қолбасшыларың Георгий Жуков, Константин Рокоссовский Мәскеуде жеңіс парадын қабылдап, өзің сияқты жап-жас әрі кәнігі солдаттар фашистің туын отқа жаққанда, күліп жүріп жылаған, жылап тұрып та күле алған елді көрсең ғой! Содан кейін қанша жыл халық бейбіт өмірде рахатқа бөленді. Сен сияқты ұландар ел үшін өз өмірін қимағанда мұндай бақытты күн туар ма еді халықтың басына?»...

...Хаби аға хаттар арасындағы машинкаға басылып, мөр соғылған бір бет қағазға үнсіз ұзақ қарап отырды. Онда «Орал облысы, Жаңақала аудандық атқару комитетінің 1946 жылдың 18-ші мамыр айындағы № 11 шешімі бойынша, соғыста көрсеткен ерлігі үшін капитан Төремұрат Жақыповтың туған ауылы Үшқұдық енді «Төремұрат» деп аталсын» деген қаулының көшірмесі еді. «Сол қаулы шыққандағы анамыздың көл-көсір жылағанын көрсең ғой... Жарықтық немерелерін сүйіп, көңілін жұбатқанмен, сені сағынған сары уайымнан ертерек көз жұмып, олардың ержеткенін көре алмады», - деп бір кідірді.

Келесі сәтте: «Өмір ағыны өзендей, сол ағыспен мен болсам 80-ге келдім, ал сен аман болғанда 70-ке келген болар едің-ау. Балалар да ержетті. Тұңғышымыз Бекболаттың қазір баласы бар. Мейірболат та ержетіп өз алдына отау тікті, білімді маман. Қазір астанада, егеменді елімізді дамыту жолында, Президенттің қарамағында қызмет істейді. Гүлнәр жолдасы Амантай екеуі де «Қазақстанға еңбек сіңірген әртісі» деген атағы бар, театрда істейді. Бақтыгүл ұстаз, ал Кама екеуміздің кенжеміз Төремұрат та жоғарға білімді тәжірибелі маман, ол қазір Алматыда америкалық Флипп Морис атты үлкен компанияда белді қызметкер екенін көрсең ғой. Ой, дүние-ай, менің ұл-қызыммен қатарласа сенің де балаларың жүрсе ғой деп ойлаймын кейде... Онда кәрі еменнің бұтағындай Жақыповтар әулеті жапырағын молдау жаяр еді-ау... Амал не?.. Соғыс... Ал тап қазіргі кезеңде бейбастық саясаттан өрт болып тұтанған сол соғыс Югославия елін ойрандап, Шешен халқының талай жасы мен кәрісін баудай қыруда... Соғыс...», - деп інісінің рухымен үнсіз тілдесіп, терең ой толқынысында отыр еді.

– Папа, Сізбен сөйлесемін дейді,- деп келесі бөлмеден қызы Бақтыгүл телефонды әкеліп ұсынды.

– Кім?.. Не демек?..

– Алматыдан, Төремұрат қой.

Хабақаң қуана күліп орнынан тұрды.

– Амансың ба, Жарқыным?..

...Өмір жалғаса береді...

«Орал өңірі» газеті

07.12.1995 жыл



**Үш директордың анасы
немесе
(ардагер ұстаз Уәсила Ильяқызы Өтепова туралы сыр)**

6-ықшам ауданында тұратын ұлымның үйіне бармақ болып автобусқа отырғанмын. Келесі аялдамадан қағілез келген ақсары қария ішке енді. «Сәлеметсіздер ме?»- деп бәрімізге бір амандасқан ол, ешкімнің дабырласа сәлем алмағанымен ісі жоқ, бос орынға асықпай жайғасты. Тым-тырыс үнсіздік.

Автобус әр аялдамаға бір тоқтап, зырлап келеді. Тек артымда отырған екі әйелдің сыбырласқан үні мүлгіген тыныштықты бұзып-жарып ап-анық естіледі.

– Е, мынау Чапай ауданынан келген Уәсила апай ғой. Көп жыл Мергенде ұстаз болды ғой,- дейді біреуі.

– Ә, солай ма? - деді екіншісі.

– Бұл кісілердің жағдайы жақсы. Ұл-қызының бәрі қалада. Бәрі де жоғары қызметте. Басқасын қайтесің, үш қызы – үш жерде директор. Ауылда бұл кісінің атын атамайды, үш директордың анасы десе, бәрі түсінеді,- деді алғашқы әйел.

Сыбыр-күбір әңгіме жол шоқалағында естілмей де қалады. Тоқтаған машинаның жүрісінен соңғы аялдамаға келгенімізді ұқтым. Бәрі түсіп жатыр. Ал әңгімеге арқау болған қария болса, ешкіммен ісі жоқ, аяғын ширақ басып, өзімнен он қадам жерде алда келеді.

«Үш директордың анасы, үш директордың анасы» деймін ішімнен сыбырлап. Неге екенін қайдам, осы бір үш ауыз сөз жүрегімді жылытып, көңілімді кеңейтті. Ұлымның үйіне барған сайын сол үйдің шеткі подъезінде тұратын «үш директордың анасы» есіме түседі.

Өмірдің көбі кетіп, азы қалған осы бір заманда мен қатарлы ата-ана ұл-қызының шыққан тауы оңайлықпен келмегенін анық түсінеді. Ал ауылдан оқып, білім, тәрбие алып, қырық рулы мынандай алмағайып заманда көп адам ішер тамақ, істер қызметке зәру болып жүргенде топ басқарып, директор болу

– қиынның қиыны-ақ. Бұлақ суындай бір нәрлі бастаудың бары анық. Қыздарының қай жерде істейтінімен ісім жоқ, олардың анасын көргім келіп кеткені.

Мен қоңырау шалғанда-ақ «Қазір, қазір» деген ширақы дауыс шықты ар жақтан. Күлімсіреп келіп есік ашқан қария лезде мені төрге оздырды.

Ал мен болсам замандас жанмен кезігер сәттегі салтым бойынша өзімді таныстырып жатырмын.

– Кешіріңіз,– деді ол есікті күле ашқанына ыңғайсызданып, бір кездегі оқушымның бірі осы қалада екен. Ұлын ертіп келмек еді. Солар екен деп қалғаным ғой...

Арада жарты сағат өтпей-ақ біз ежелгі таныстардай сырласып та кеттік.

Ия өмір – тағдыр Уәсиланы әу бастан маңдайынан сыйпамапты. Әкесі Ильяс орта шаруа болса да, бай-манаптың бірі деп тәркілеуге түскенде бұл жас болып түсінбеді. Заман салған жөнсіздіктен бе, айтар сөз, естір құлақ таппаған шарасыздықтан ба, әлде өзін қоршаған қатыгездердің қара шеңгелі қатты батты ма, жүрекке түскен салмақтан әкесі көз жұмғанда ол небәрі 3 жаста еді.

Сыңарынан айрылған сұңқарлар мұңдана сыңсиды дейді. Рас па екен? Ол білмейді әлі. Бірақ сол кезеңді ойласа, мұңды бір әнді сызылта салған сұлу әйелдің еміс-еміс бейнесі көз алдына елестейді. Есейе келе анаң әнді тамаша айтатын дегенді естіді. Мүмкін өмірден ерте кеткен жарына деген сағынышын, төлкекке түскен тағдырына деген наласын, ата-ана, тума-туыстың барлық жан-жарасын бесік жыры ғып айтты ма екен анасы? Ес біліп, тап қазір 77 жылдан аса өмір сүрген осы бір шырайлы өмірінде мұңды ән естісе, анасы есіне түсетін. Анадан айрылғанда ол 8 жаста еді. Бірақ мұңды ән мен ана бейнесі еске қатар түсетініне өзі де іштей таң қалатын. Шер болып қатқан осы бір сарқылмас сағыныш өзі апа болғанда басқа бір қырынан түлеген. Содан болар ұл-қызының бетін жастайынан қақпай, досындай сырласып өсірді. Бағына орай



ата-енесі де текті тұқымның ақылды, есті адамдары болып кезіккені.

Ия, ол күндерді еске алу Уәсила үшін оңай да емес. Жастығы заманның аласапыран кезеңіне тап келді. Бір кездері Орынборда үздік оқып білім алып, ел басқарып жүрген әкесінің аға-інілері Жұбаныш, Сәрет, Әліп араға жыл салмай істі болып, ақыр аяғы түрмеге түскенде, бір ағасы Өтеп бұларды Орал облысы, Жаңақала ауданының 23 ауылынан бір түнде Астраханға көшіріп әкеткен-ді. 1932-1933 жылдардың аштығынан Сақыповтар әулеті сөйтіп тірі қалған. Өтеп ағасы ел деп қайта туған жерге көшіп келгенде, алдында түрме күтіп тұрғанын қайдан білсін? Сөйтіп, ол тұлдыр жетім есебінде Мәштексай-Факей ауылындағы балалар үйіне тапсырылды. Бұл 1935 жыл еді.

Ол жылдардың күйзелісі мен күйінішін айтып жеткізу мүмкін бе? «Жас болсақ та, жетім деген жалғыз ауыз сөздің жалыны жан-жүректі талай от болып шарпыды ғой. Оқуда озат болдым. Содан болар еш қиындықсыз Фурманов ауданындағы мұғалімдер училищесіне түстім. Ата-анамыз ерте өлсе де, Совет үкіметі жетімдерге көп көмектесті ғой. Ішер тамақ, киер киімге зәру болмадық. Соғыс жылдары топ-топ болып студент жастар колхоздарға көмекке баратын едік. Азаматтары майданға кеткен талай әйелдің аяқтарын шағыр тесіп, борша-борша болып сиыр бағып, ызғырық суық жауында таяққа сүйеніп қой күзетіп, бозала таңнан тұрып күрп-күрп сиыр сауып, айырлап шөптен мая үйгенін көргенде, оларды аяп оңашада жылап алатынмын. Тезірек соғыс бітсе екен деп тілейтінбіз. Ел ауыртпалығын арқалаған әйел-ананың ақ тілегі, төккен ащы терінің қарымы елге жеңіс болып оралды ғой, әйтеуір», - деп көзбен көргендерін баяндады.

Сол жеңіс жылы әлі есінде. Соның алдында ғана Чапаев ауданындағы орта мектепке география пәнінің оқытушысы болып орналасқан. Арманы тіл маманы болу үшін, сырттай оқуға түскен институтын бітіру еді. Тәңір-тағдыр майданнан

оралған Қажмұхамбетке кезіктірді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дейді халықта. Сталинградтан Берлинге дейін оқ пен оттың ортасында 5 жыл соғысқан жас жігіт жеті мүшесі сау оралды деп жұмыстастары таңданып жүретін. Келе сала көрші колхоздағы мектепке ұстаз болған жігітке қызығушылар көп еді.

Ол болса бір көргеннен бұған ғашық болып қалыпты. «Оқуым бар, жұмысым бар» деп киноға бармай, «аға» деп сызылған ақсары қызды түсінбей, ол біраз таңданған. «Немістен жеңілмеген көңілімді жеңдің» деп өзгеге қарамай, күректей бір жыл үйленбей жүрді. Ақыры Мерген ауылына 19 жасында келін болып түсті. Бұл 1946 жыл еді. Жасында қуанышты көңілмен құрақ ұшып жүріп бәріне үлгеретін. Үй-жәй тазалығы, қонақ күтімі, мектептегі сабағы мен қоғамдық жұмыстар ың-шыңсыз рет-ретімен істелінетін. Ондайда атасы Құспан: «Қарғам-ау, сиырың сауулы, тамағың пісірулі. Сен жұмысқа кеткенде анаңа істер ештеңе қалмады», - деп күліп отыратын. Бұл болса тосын келген бағын шошытып алмайын дегендей, алқызыл жүзі нарттай жанып, әйелдік, аналық, өмірлік бақытына іштей масаттанатын. Бақытты жылдардың куәсіндей өмірге Сафура, Гимран, Сәлима, Ұлдай, Сәуле, Гүлнар есімді ұл-қыздар келді.

«Ұстаз болу оңай емес. Ал бір шаңырақтағы екі ұстаздың балалары қалай тәрбиеленді?»- деймін Уәсиладан.

– Шыны керек жасымда ол туралы ойладым деп өтірік айтар жайым жоқ,- дейді ол әңгімесін жалғап. – «Тақыр жерге шөп шықпайды» дейді халықта. Батыр да, ақын да негізі бар ұрпақтан жалғасады. Егер ұл-қызымның бойынан бір жақсылық көрсем, ата-әжесі жастайынан құлағына құйған қазақ жыр-эпосынан, ауыз әдебиетінің тамаша ертек әңгімелерінен дер едім. Сосын орта тәрбиелейді. Соғыстан кейін өмірге келгендердің жақсылыққа ұмтылуы ерен еді ғой. Әрі ұстаздың ұл-қызы ойшыл, ар-намысшыл келеді. Оқушылар арасында ата-ана атына жаман сөз келтірмеу олардың мақсатындай. Біз Қажекем екеуміз ұл-қызымыздан сондай бір тіректі әркез көріп



жүрдік. Әсіресе, тұңғышым Сафура іні-сіңлілеріне оқытушы сияқты өте қатап болды. Егер сіңлілерінің біреуі жазатайым «үштік» алып қалса, сол күні үй ішінде, балалар арасында үлкен «кеңес» өтетін. Ал әкесі болса «Қанат ұшса ғана қатаяды» деп балаларының іс-әрекетін сырттай бақылап, құптап, бірақ сөз қоспайтын. Маған ұл-қызымның қол жеткен жетістігі әке тәрбиесінің жемісіндей көрінеді. Себебі әкесі оларға сенді ғой. Сенімді ақтау – парыз. Ал парызды өтеу – міндет.

Ия, ол атақ-даңқы елге әйгілі дарын не ғалым емес. Көш бастай ақыл айтар қоғам қайраткері де болған жоқ. Бар болғаны аяулы әке, жақсы жар, қарапайым ұстаз ғана.

Бірақ жерге түскен бір бидайдан ондаған дән өсіріп шығарар құнарлы өлкедей ұстаз қадіріне жетіп жүрміз бе? Ата-ана балаға өмір сыйласа, ұстаз білім сыйлайды. Оқу, білім қиналғанда адамға дос, ашыққанда ас, әлсірегенде қуат қой. Білімді азаматы, білімді халқы бар ел өзгеден көш ілгері. Ал ұрпақты тәрбиелеп, болашақтың баянды болуына жол сілтер ұстаздар емес пе?

Бар жақсы өнер ұстаздық қой деп біліп өстік, содан қанаттанып ес біліп «Кім боласың?» десе, біздер ұстаз деп «жүз арманнан бір тамаша есті үміт» деп ақындар жырлағандай, Мусиндер әулетінен 9 ұстаз шықса, ел болашағының арман-мақсатын анық ұққандық та.

Тап қазір қаладағы №43 мектептің директоры Мусина Сафура да, облыстық баспасөз орталығының директоры Мусина Сәлима да, механикалық заводтың қоғамдық тамақтану комбинатының директоры Ерекеева Сәуле де институт бітірген ұстаздар. «Бәріміз ұстаз болып, басқа мамандық бізге жат па?»- деп тек қызы Ұлдай ғана Алматы политехникалық институтын бітіріп, «Зенит» зауытында инженер болып істеді.

«Біреуді ұғып түсіну үшін онымен қатарлас өмір сүріп, пұттап тұз жеу керек» дейді халық даналығы.

Өскен ортам, ішкен суым өзге өңірде болғасын, Уәсила атқарған талай жақсы істерді айта алмай, жаза алмай кетіп

барамын. «Қалай болды?» деп сұрасам, бәлкім көзкөргендер табылар да. Бірақ ол тап қазір бізге керек пе?...

Ел, жер, басқа қонған егемендік, мынау баянды бейбіт өмірді бағындай көріп табынып отырған данагөй қарияның әр сөзі өмір өткелдерінен өзі де хабар бергендей.

– Тәуба, тәуба шүкіршілік,- дейді ол ел тұрмысын өткенмен салыстырып. – Жұмақ заманда тұрмыз ғой. Чапаев ауданының Мерген селосында қатарынан 45 жыл еңбек еттік. Отағасымды басқа кеңшарларға партия ұйымының хатшысы, кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметіне тағайындап, өзге жерде 1-2 жылдай жұмыс та істеп көрді. Бірақ тұрған жеріміз Мергенге жетер жер, ұстаздықтан артық жұмыс жоқ деп ылғи да ауылға оралатын. Тап қазір сол Мергендегі орта мектепте ұлым Ғимран, келінім Сәуле ұстаз болып істейді. Үйлері де сол баяғы ата-енем қоныс тепкен үлкен шарбақта. Ауылға жететін не бар?! Осы жаз немерем тұрмысқа шығып, Тасқала ауданы «Жеті құдық» елді мекенінде қонақта болдым. Мүлгіген тыныштық, жап-жазық дала. Алаңқайға салынған 4-5 үй, жайқалған шөп, алтын күн арайлы сәулесін айналаға маужырай төгіп тұр. Ал ауасы қандай, ауасы! Жас баланың төбесінен иіскегендей рахаттанып құнығып жұта бергің, жұта бергің келеді. Ішке кірмей ұзақ уақыт далада тұрсам, құдамыз Оңғар келіп: «Ойбой, Сізге көңілісіз болды-ау», - деп құрақ ұшады. «Қайдағы көңілісіздік, ата-бабам өмірін, жанын қиып жат елдіктерден қорғап қалған кең дала балалардың бақытына тек осылай тұнығымен тұрғай еді. Алла бұйыртып, қазіргі шөберем Аружан аяғын апыл-ғұпыл бассын тек. Ауылға аталарына апартып тастаттырамын. Қара жер бассын. Кеңдік пен дарқандық даладан ғана дариды» деген едім.

Шіркін, бақыт баянды болсайшы. 45 жыл жұбайлық өмірі бір сәттей өте шықты, бес жыл бойы сұрапыл соғыс зардабы өздігінен кетсін бе? Отағасының денсаулығы нашарлап, зейнеткерлікке шығысымен қалаға көшіп келген-ді. Әскери комиссариат жаралы капитанға бірден үй берді. Дәрігерге



жақындасақ жан жарасына септігі тиер деген тек жәй сөз екен. Төсек тартып ауырып, жадап-жүдеп торыққан жоқ. Өлімге, азап пен ажалға бас имеген кенігі солдат тіп-тік болып жүріп-ақ дем жетпей көз жұмған.

– Мынау Қажекемнің осы қалаға келгесін түскен суреті еді,- дейді Уәсила төрде тұрған үлкен рамадан омырауы орден мен медальға толы азаматтың бейнесін нұсқап.

Аллаға шүкір, балалары өз алдына отау тікті, Бақтығали, Хабиболла, Амангелді, Асқар есімді күйеу балалары басшы қызметте істейтін ел сыйлаған азаматтар екенін ол әркез мақтан тұтады. Тіпті немерелерінің алды үй болып, шөбере сүйді. Ұл-қызының қай-қайсы да «Бізде тұр, бізде тұр»,- дейді.

– Бірақ соңғы әл кеткенше азаматымның шаңырағында отырамын. Әзірге оны, мені білетін замандастардың көзі бар кезінде, келушілер легі тоқталмайды ғой. Бір апта қыздарымда қонақта болсам, келесіде бәрі осы үйде отырады. Минут сайын сөйлессең де, телефон әзір. Газет-журналдың түр-түрін алдыртып оқимын. Өткен жылы облыстық газетті қарап отырсам, біреу № 43 мектептің директоры Сафура Мусинаға арнаймын деп өлең жариялапты. «Аты мен фамилиясы менің қызыммен аттас бұл кім болды?» деп оқысам, менің қызымның адамдығы, азаматтығы, іскерлігі жайлы мінезіне сүйсінген бейтаныс екен. Жалма-жан қызыма телефон шалсам, «Қойшы, мама, қайдағы жоқты айтпай», - деп сенбейді. Сөйтіп, жаңалықты кейде жұмыс істегендерден бұрын білетініміз бар,- дейді ол қуақылана күлімсіреп.

...Өмірдің сан қилы соқпағында тағдыр тоқпағын талай көре жүре еңбек етіп, жар сүйіп, 6 баланың, 11 немере, 2 шөберенің қайнар бастауы болған ұстаз Уәсила Ильясқызы Өтепова қазір – құрметті демалыста.

Ылайым, Ана бақыты баянды болғай-ды.

*«Еділ-Жайық» газеті,
14.02.2003 жыл № 5 (205).*

«Ұстазым менің, ұстазым»

Мұғалімдердің тамыз мәслихаты жүріп жатты. Сөз алған әрбір ұстаз бақытты болашақтың баяндылығы бүгінгі шәкірттің саналы тәрбиесіне байланысты екендігіне көп мән беріп, әркім өз ойын ортаға салуда.

– Сөз кезегі ардагер ұстаз Нәбек Біләлевке беріледі, – деді мәслихат жүргізуші.

Бұйра шашы күміспен шыланып, ақсары өңі жылдар жүгінен хабар айтқандай әжімге толса да, ол тек өзіне тән, жайлы қоңыр даусымен сөйлеп тұрды. Ал мен болсам кең залдың бір шетінде отырып, ұстаз ағамен алғашқы кездескен сәтім еріксіз есіме түскені.

1952 жыл. Қоңыр күз. Ұзын тақтай орындықтарда бір-біріне үрпие тығыла, бүрісіп отырған 25 бала. Аспанда тұтасқан қоңыр бұлт, нөсерлей құйған қара жаңбыр жеті жылдық мектептің бастауыш класында оқитын бір топ балаға салқындық әкелетіндей.

Бір сәт класс есігі ашылып, мектеп директоры кірді.

– Балалар, – деді ол. – Енді сендерге бүгіннен бастап Нәбек ағаларың сабақ береді.

Үстіндегі қонымды костюмінің омырауы орден-медальға толы, кешегі жауды жеңген солдат сабақ береді дегенге төбеміз көкке жетердей қуанып, жаңағы жүдеу қалпымыз лезде жадыраған.

Содан жарты сағат өтпей-ақ ұстазымыздың Белоруссия майданының 37-гвардиялық дивизиясында төрт жыл қатарынан ұрысқа қатынасып, қатардағы жауынгерден взвод, рота командиріне дейін өскенін, 1944 жылы Польша жерінде ауыр жараланып, екінші топтағы соғыс мүгедегі болып ауылға оралғаннан кейін педагогикалық техникумды бітіргенін, соғысқа дейін де мұғалім болып қызмет атқарғанын әп-сәтте біліп алғанбыз.

Біздерге өте ересек, сұсты көрінген қадірлі ұстазымыз сол жылдары тек қана 34 жаста екен-ау...



– Нәкең сияқты коммунистер біздің алтын қорымыз,–деп бастады сөзін аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Н. Мақанов. – Өзінің алпыс беске келген жасының төрт жылын Отан қорғауға арнаса, қырық алты жыл ұстаздық өмірінің көбін қазақ тілі мен әдебиетінің маманы ретінде өткізді. Қазақ КСР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері, пенсияда болса да, қоғамдық жұмыстарға әлі де белсене қатысады. Куйбышев атындағы сегізжылдық мектепте құрылған салауаттылар қоғамы бастауыш ұйымының төрағасы, үгітші, қазір мектепте ұзартылған күн тобының жұмысын басқарады. Оның жұмыс істеу методикасы – аудан мектептеріне үлгі. Өмірде бәрі де кездеседі. Біреулердің аз ғана жақсы ісін үлгі етіп мақтап жатамыз. Қате басқан қадамын қайталамасын деп біреулерді батыра сынап жатқан сәттеріміз аз емес. Ал неге екенін білмеймін, ұстаздардың жақсы ісіне кәусар судай қана жүрсек те, оларға деген іңкәр сөзімізді жария етіп көпшілікке айта бермейтін секілдіміз. Неге олай?–деп көпшілікке сұрақ тастады.

...Өзінде бар қарапайымдылықты өзгелерден де талап ететін ұстаз ақылы мен өнегесіне табыну ма? Өлде жүрегінің жылуын бөліп берген ұстаз қадірін дәріптеуге сөз таба алмаушылық па? Әйтеуір қадірлі ұстаздың өнегелі істерін қағазға сыйғызу мүмкін еместей, қиналған сәттерім көп болды. Сондықтан сөзді Нәбек ағаның шәкірттеріне беремін. «Жаңақала» кеңшарының №1 бөлімшесінің меңгерушісі Сырым Бейісов:

– Осы бөлімшеде 20 жыл меңгерушімін. Өндірістің қай саласының көрсеткішінен де көп жыл қатарынан біздің бөлімше кеңшар бойынша алда. Менің әріптестерім: «Сенің коллективіңмен тау қопаруға болады»,– деседі әзілдеп. Расында да адамдарымыз шетінен ақкөңіл, жомарт еңбекқор. Осы орайда соңғы 25 жылдық ұстаздық өмірін Жуальюй селосындағы Куйбышев сегізжылдық мектебінде оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі, директор болып қызмет атқарған Нәбек ағаның ұстаздық тәрбиесінің таңбасын біздің әр адамнан

көруге болады деп ойлаймын. Нәкең менің де ұстазым. Менің бүкіл ұл-қызым осында оқыды, осы ағадан тәлім алды. Қазір Гүлнар, Айбарша атты қыздарым институтты бітіріп, аудан мектептерінде ұстаз болып еңбек етуде. Бұл – көзге көрінбес алтын жіппен жалғасқан ұстаз еңбегінің айғағы. Мұндай мысалдар ондап саналады,- деді.

Ал алыста жүрсе де сағыныш сәлемдерін үзбей жолдайтын шәкірт хаттары бір төбе.

«Есіңізде ме, аға,- деп басталыпты мына хат. – 1957 жылғы май айы. Мен онда жетінші класта оқитын едім. Бірде Сіз, Сәрсен үшеуіміз мектеп жанында қыдырып жүрдік. «Аға, мен ұшқыш болсам деп едім»,- дедім көптен көңілімде жүрген арманымды айтып. Сәрсен менің «қиялыма» мырс етіп күліп жіберді. Сіз ойға шомғандай аз-кем үнсіз қалдыңыз. Тек аздан кейін «Сабағың жақсы, осы қарқынды кемітпе, тек бүгіннен бастап спортпен шындап шұғылдану керек-ақ»,- дедіңіз. Өзінен басқа тірегі жоқ ауыл баласының бірден арманға қолы қайдан жетсін? Ақтөбедегі азаматтық авиация училищесін бітіргесін де, әртүрлі маркалы әуе кемесінде істедім, сосын арнаулы аспирантурада оқып, міне, аттай сегіз жыл ТУ-104 самолетінде ұшқышпын. Кейде Алматы – Мәскеу –Ленинград рейсімен Оралға тоқтайтын кезім болады. Сонда неге екенін білмеймін, есіме Сіз түсесіз. Сонау жылғы ойлы кеңесіңіз, арманым аттам жерде тұрғандай, қиялыма қанат береді. Шіркін, ұстаздың бәрі өзіңіздей болса, шәкірттерде не арман?! Нәсіпкерей АМАНОВ, Алматы, 1985 жыл».

* * *

Ал Алматы физкультура институтының ректоры Бектілеу Қаражанов бір хатында: «Сіз, сондай-ақ Сатым Әбуұлы, Жақия Арыстанбекұлы, Халила Түменбайқызы, Мария Мамайқызы сияқты ұстаз болу – менің азаматтық парызым әрі арманым»,- деп жазыпты.

Шөкім бұлт шықса, шелек-шелек су төккен биылғы жауынның иісін-ай! Бүгін де түске дейін аспан шайдай ашық-ты. Ал түс



қайта сабындай бұзылып, батыстан үдере соққан суық жел, тып-тыныш аспанды ойран-асыр қып, қайдан алғанын кім білсін, қап-қара бұлттарды жөңкілте қууда. Тек жауынның әсерінен жап-жасыл болып жаңарып көктеген шексіз дала ғана ештеңе көрмегендей маужырап тыныш жатыр.

Төңірегі мереке күндеріндей безендірілген ауыл клубының маңы – толған адам. Іңір түсе бөлімше тұрғындарының Октябрь революциясының 70 жылдық мерекесіне арналған концертті де басталып кетті. Ленин, партия, Отан, ел туралы ән шырқап, күмбірлете күй төгіп, дөңгелене билеген ауыл жастарының өнегелі өнері-ай. Әрқайсысы арнаулы дәріс бітірген маман-әртіс дерсің.

Міне, сахнада қаршадай қыз жанға жайлы сыңғырлаған үнімен:

«Ұстазым менің, ұстазым,

Өзіңмен өткен қыс-жазым», - деп ән шырқайды.

Ол маған қарапайым, адал өмірімен өзгеге өнеге болған өзінің ұстазы – Нәбек аға еңбегін жырлап тұрғандай көрінеді.

«Орал өңірі» газеті

04.10.1990 жыл

Шапағат нұрдан жаралған

Көптен көңілімді алаңдатып жүрген жұмбақ жанмен кездесуім ойламаған жерден болды. 6-мөлтек аудандағы жан-жағы қоршаулы үлкен ғимараттың кең шарбағында дене шынықтыру жаттығуларын жасап жатқан 10-12 жастардағы бір топ баланың жігерлі қимылдарын сырттай тамашалап тұр едім. Кенет шарбақ ішіне жеңіл машина тоқтағаны. Келесі сәт бала біткен жаттығуларын тастай сала, машинадан шыққан әйел адамға жарыса жүгірді. Бұрын жеткені әйелді жабыла құшақтап, құшағы жетпегені қолынан ұстап, әп-сәтте бәрі апыр-топыр болды да қалды.

– Келген бұл кім? – деймін анадай жерде бәріне күлімсірей қарап тұрған ұстаз жігіттен.

– Е, бұл біздің мектеп директоры Мағрипа апа ғой. Кезекті демалыста еді. Апта болды жұмысқа келмеген. Балалар сағынып қалыпты ғой, – дейді ол менің таңдана қараған түрімді көріп.

Арада бес-он минут өткенде қуана күліскен топ бала қайтадан сапқа тұрып жатты.

Әйел – өмірдің сәні, мәні. Ол – өмірдің тұтқасы. Өмір гүлденсе, тек әйел жанының жадырауымен көркеюде. Ана мен бала проблемасы тек бүгінгі емес, болашақтың проблемасы. Қайтсек болашақты баянды етеміз? Отбасы мен баланы бақытты етер жолдағы ана рөлі қандай? Осы күз облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен Орал қаласында республикалық іскер әйелдердің мәслихаты өтті. Талқылаған тақырыбы: «Қазақстан. Әйелдер. ХХІ ғасыр» Островский атындағы драма театр фойесі. Астана, Алматы қаласынан, облыстардан келген делегаттар таласа-тармаса «Ананың алақаны ізгілік пен мейірімділік сыйлайды» деген кілем-гобеленнің жанында ескерткішке суретке түсіп жатыр. Америка суретшісі Гарсиа Бенигиттің «Болашаққа үміт» атты гобеліне жай ғана сурет емес, жетім балалардың адамдардан көмек күткен алақанының іздері еді. Ал, осынау өнер нақышын № 15 мектеп-интернат балалары кілем-гобелен негізінде мектептегі 300-дей жетім баланың алақанын өлшеп салып, әр түрлі матадан кестелеп тігіп, оған әр баланың аты да жазылған қасиетті туынды, зор еңбек еді.

Арайлап шығып келе жатқан күн. Күнге созылған ана мен бала алақанын аппақ кептерлер алып-ұшып көкке самғауда. Гобеленнің жоғары жағына «Тәуелсіз еліміздің 10 жылдығына тарту» деген сөздер алтын жіппен кестелеп жазылыпты. Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының президенті Раушан Сәрсембаева: «Мынадай гобеленді дүниеге әкелген коллективтің иелерімен бірге суретке түссем», - деп өтініш



жасағаны. Келесі сәт көрермендер залында әріптестерімен отырған Мағрипа Есенқұлқызын ұйымдастырушылар қолтықтап алып келе жатты. Бұл онымен екінші кезігуім еді.

Өмір деген қызық қой. Ғұмыр тірлікте бетпе-бет кездесіп, кезігіп, көріп амандаспаған, қандай өмір кешіп, не тындырды, не бүлдірді деп өмір тарихына көз жүгіртіп көрмеген жан әлдебір жақсы іс-қилығымен жүрегіңді жаулап алады. Одан әрі өзің де байқамастан ол туралы ойлай бастайсың. Тіпті, естіген жақсы сөздер, әлдебір әңгіме жадында әркез жаттала береді. Бұл жолы да солай болды.

Облыстық радио еліне еңбек сіңірген бір топ ардагер аналар кездесуінен хабарлар беріп жатты. Бір кез журналист, көп жыл Жаңақала ауданында еңбек еткен «Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер» Нұрғалиева Марфуғадан «Осы сіз пір тұтатын, әркез қызыға құрметтей қарайтын, елге еңбегі сіңген деп атап өтіп, ардақтап жүрер әріптесіңіз не ақылшыңыз бар ма?» дегені.

– Неге болмасын, бар,- дейді Марфуға нықтай сөйлеп. – Әріптестерім көп-ақ. Бірақ өзім бала дәрігері болғандықтан, облысымыздағы жас ұрпаққа жанашыр жанның бірден-бір және бірегейі деп даму мүмкіндіктері шектеулі мектеп-интернат директоры Мағрипа Есенқұлқызы Исқақованы атар едім. Мен онымен жұмыс бабында, тастанды бала тағдырымен талай кездестім. Жанқияр еңбегі мен мейірімді жүрегіне тәнті болдым. Біз қазір жас келді деп, өз жайымызды күйттеп, зейнеткерлікке шығып та кеттік. Ал, ол кісі тағдыр тәлкегіне түскен жетім, кемтар балалардың басы-қасында жүр. Тап қазір ол кісіге кезіге қалсам, «Мен сізді мақтан тұтамын!»- деп қолын алар едім,- дегені.

Бұл Мағрипа Есенқұлқызымен сырттай болса да үшінші рет кезігуім еді.

Иә, облысымыздағы №15 жетім және даму мүмкіндіктері шектеулі мектеп-интернат туралы да, оның жиырма жылға жуық үздіксіз директоры Мағрипа Есенқұлқызы Исқақова туралы айтушылар да, мақтаушылар да, үлгі етушілер де көп

дейді. Біреулер «Ой, тәйірі, кеміс балалардың ғұмыр-тірлігін үлгі еткені несі?» деп кемсітсе, екіншісі «Коллектив ішіндегі тәртіп пен тазалық, ұқыптылық пен ыждағаттылық, адалдық пен ынтымақтық, қамқорлық пен мейірімділік, бұл мектептегі қалыптасқан қағида», - деп таңдай қағады.

Жақсыны көрмек үшін. Бірде Мағрипа Есенқұлқызынан кездесуді сұрап, телефон шалдым. «Танымадым,- деді директор ар жақтан. – Бірақ кім болсаңыз да, ел егемендігінің он жылдық мерейтойына орай «Жұлдызды апта» жүріп жатыр. Ертең мектеп ардагерлерімен кездесу өтеді. Зауқыңыз соқса, концертке келіңіз», - деп телефонды қоя салғаны...

«Театр киім ілгіштен басталады» депті әйгілі режиссер Станиславский. Рас болар. Мектеп ауласына кіргеннен-ақ ұқыптылық пен талғампаздықтың лебін сезесіз.

Аула ішіне жағалай отырғызылған зәулім-зәулім рябина ағаштары жапырағы түссе де, өнбойындағы жемістерінің бірде біреуі жұлынбай, ұшар басына дейін мөлдіреп тұнып тұр. Ақ қардың үстінде қып-қызыл гүлге оранған осы бір көрініс табиғат-ананың бір тамшы құдіретіндей еріксіз бас игізеді.

Ал мектеп-интернат ішін аралап, әрбір сынып, шеберхана, іс тігу, аяқ киім жөндеу бөлмелерін көріп, бір корпустың тұтастай қабырғасы бойы безендірілген «Бабалар салған жолменен», «Даналық дәстүр», «Ана тілім – айбыным», «Егемен елдің ертеңі», «Қайырымы мол – Қарашығанақ» атты тәрбиелік, танымдық, ой-парасатқа жетектер көрнекті материалдар легін көріп, көрмеге келгендей таң қаласың. Әрі мына ұзын дәліз бойы бірі сабаққа кіріп, екіншісі шеберханаға бет алып, енді біреуі компьютер бетіне үңіле отырған алаңсыз балалар легі көңілге қуаныш ұялатады.

Осы концертте ұлттық костюммен мың бұралып «Қазақ биін», қызыл көйлектері жер сызып төкаппар да паң қалыпта Испан тангосын, мұңы мен шаттығы қатар жүретін нақыш пен бояуға толы Үнді биін билеген бір топ қыз қай сахнаға да сән берер тартымды-ақ. Ал облыстық театрда, филармонияда



өтетін концерттерде Абай әндерін тебіреніп орындайтын кішкене қара бала Жанболат Сабыров осы мектептің түлегі деп кім ойлаған?!

Басқаны былай қойғанда, егеменді еліміздің он жыл толуына арналған кеш қуанышы балалар жадында жатталып қалатыны анық. Ал кешті жүргізген ұстаздар Күлән мен Сұлушаш болса, осы мектептегі эстетикалық тәрбиенің тұрақты тетігіндей өз істеріне нық та сенімді.

Конкурс аяқталды. Орал облыстық атқару комитетінде көп жыл бастықтың орынбасары болған Мағруфа Хайрошқызы Батыхова сөз алды:

– Әлі есімде. Бұдан дәл 23 жыл бұрын еді. «Жоғарғы білімді маманмын. Алматыда, Атырау облысында техникум директорының орынбасары болдым. Жолдасымды осында жұмысқа ауыстырды. Маған жұмыс тауып беріңіз», - деп жас келіншек келді алдыма. Ол кезде мекеме де, оқу орны да санаулы. Себепсіз кімді аласың орнынан? Жұмыс жоқ. «Қалада ақыл есі кемтар балалардың мектеп-интернатына кісі тұрақтамайды. Қазір бос. Сонда бар. Бір жылдан кейін дәрежесі жоғары жұмыс тауып беремін», - деп уәде бердім. Айтқанымдай, жыл айнала жақсы жұмыс табылды да. Бірақ неше рет шақырсам да, ол сол жұмыстан кетпей қойғаны. Ол кісі сіздің директорларыңыз Мағрипа Есенқұлқызы еді, - дегенде зал толы шәкірттер мен ұстаздар тік тұрып қол соқты.

Ал облыстық жәдігерлер бөлімін басқарған «Қазақстанға еңбегісіңген мәдениет қызметкері», республикадағы жәдігерлер кітабына аты бірінші жазылған Меңсұлу Айтмұхамбетованың: «Әттеген-ай, жылдар жүгі жібермейді, әйтпесе, сенің жетім-жесірге, кемтар мен кемге, ауру мен ғарипке деген жүрегіңнің жылуын республика көлемінде жайып жіберсе де жетер еді-ау», - дегені риза көңілдің алғысы да.

Ал Мағрипа Есенқұлқызы болса, жетім мен кемтарға қамқорлық қызметін ғұмырлық жұмысы етіп алғанына еш өкінбейді де. «Мен – атышулы Семей топырағының, Абай

өлкесінің қызымын. Сондықтан қолынан түк келмейтін ынжық болуға қақым жоқ!»- дейді ол әңгімелесе қалсаңыз.

– 1954 жылы Семейдің Ақсуат ауданында онжылдықты бітіріп, ҚазМУ-ге түстім. 1960 жылы осы университеттегі механика-математика факультетін бітірдім. Ол кездегі жастардың бәрі дерлік қиындық десе қиып түсер жалын еді ғой. «Қалада қоршауда отырып не бар?»- деп ауылда жұмыс істеуге асығатынбыз. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас мектеп-интернатында ұстаздық еңбек жолымды бастадым. Мектеп-интернат тек республикаға емес, Одаққа үлгілі оқу орны еді. Оның директоры Жұмабай Жадрин деген азамат өте еңбекқор, қатал, талап қоя білетін, іскер адамдардың келешек тағдырына дұрыс жол сілтей білетін дарында ұстаз, сол жылдары еңбегі бағаланып, Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып Жекен Қалиев деген азамат істейтін. Қазір Парламент Мәжілісінің депутаты екен. Ол кісіні апта сайын теледидардан көргенде сол жылдардағы қызметтес болған ұлағатты ұстаздар ұжымы көз алдыма келеді. Егер менің бойымда титтей болса да ұстаздық үлгі болса, мен ең алдымен осы адамдарға қарыздармын. Мектеп директоры Жұмабай ағамыз болашақта біздің орнымызды басатын жалынды жас деп маған ерекше сенім артатын,- дейді Мағрипа Есенқұлқызы тебіреніп.

Әр адамның өмір жолы өзінше қалыптасады. Түрлі ұжымда қызмет жасап, тәжірибесі толығады. Тағдырдың берген сыйы болады. Әрі қарай ойын сабақтаған М.Есенқұлқызы:

– Бірақ мен мектепте істеп қалмадым. Өмір-тағдыр жан-жарым Сәбитке кезіктірді. Сәбеңнің қызмет бабымен Алматыда, Атырауда, Ақтауда бірнеше жыл тұрып, осы Оралға келіп тұрақтап едік. Сәбең Оралда көп жыл Облыстық тұтынушылар одағының бастығы қызметін атқарды. Бастықтың әйелі болғасын, оның қонағын, отағасының ортасы, жора-жолдасы, үй-жайын, ұл-қыз тәрбиесі әрі жұмыс деп жүгіріп жүргенде 34 жыл ғұмыр кешкен жұбайлық өмір бір күндей



болмай өте шығыпты. Сәбең жібек мінезді, іші де, сырты да сұлу, адалдықтың ақ жібін аттамайтын ақсүйек жан еді. Шіркін-ай, сонша жыл бір тұрғанда «Әй!» деген қатты үнін естімеппін. Кенеттен ол көз жұмғанда мен де бұл дүниелік емеспін деп ойлағанмын. Үш ай қатарынан жұмысқа шыға алмадым. Ес жиып, жан-жағыма қарасам, балам, келінім, немерелерім жаутаңдап маған қарайды. Бекінуге тура келді. Қазір 89 жастағы енем Тотиямен бірге тұрамын. Балаларым ер жетті. Ұлдарым – Қанат, Қайрат жоғарғы білімді экономистер, ал жалғыз қызым – Лаура заңгер мамандығын алды. Өрқайсысы өз мамандығымен еліне құрметті. Күндізгі жұмыстан шаршап кешкілік үйге барғанда төрт немерем жан-жақтан құшақтағанда тыңайып кетемін,- дейді ол ағынан жарылып.

«Ауырлықты нар көтереді дейді» халықта. Тәңір де, тағдыр да қуаныш пен қайғыны көтерер жанға салған ғой.

«Бұл мектеп-интернатта тәрбиеленушілердің материалдық жағдайы үйде оқитын балалардан көп артық»,- дейді кейбіреулер.

Тәтті де дәмді, әрі әртүрлі тамақ балалар үшін қағида.

Тіпті, жұмысқа жаңа кірген бір тәрбиешінің балалар тамақтанғандағы кеспесіндегі кесек-кесек етті көріп, «Ойбай, мына бала котлет болмаса, мынаны жемеймін»- деп ысырып тастады деп таңдана айтқанын байырғы қызметкерлер күле тыңдағанмен, ол сөз қала ішіне аңыз болып таралған-ды.

Молшылық көзіне себеп, біріншіден, үкімет көмегі болса, екіншіден, «мамаларының» ел арасында жүргізген қажырлы үгіт-насихат жұмысының нәтижесі екенін тәрбиеленушінің бәрі біледі. Әйтпесе, жыл сайын жалақыларын аударып тұратын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облыстық департаменті, облыстық кеден комитеті, «Лебедь» т.б. жөнсіз жерге шашылып-шабылатын кездейсоқ мекемелер емес.

«Жетім көрсең жебей жүр» деген қағиданы тірек еткен өздері де, қаладағы қарттар үйін қамқорлыққа алып, Жаңа жыл, Наурыз мейрамы, 8 наурыз, Жеңіс күні мерекелерінде

міндетті түрде концертпен барып, қариялардың көңілін аулап, сыйлықтар апаратын.

Жақында осында тәрбиеленуші 6 сынып оқушысы биші Айнұрдың әкесінің ағасы қарттар үйінде жатқанын естіп, немересі апарар сыйлық сөмкесіне тәтті дәммен қоса ерлер киетін тақия, жеңіл кеудеше салғызып еді Мағрипа. Аз ғана сыйлықты көптей қабылдаған қария көңілі босап, жылағаннан көпке дейін сөйлей де алмағанын барғандар айтып келген. Ондайда Мағрипа Есенқұлқызы: «Е, әйтеуір, реніш көңіл білдірмесе болды ғой», - деп өткен істі елеусіз қалдыратын... Сосын алда өткізер тағы бір жақсы істің жоспарын ойлап та қоятын.

«Жалғыз ағаш орман емес» дейді халықта. Оның өзгелер жүрегіне жақсылық пен жылылық ұялатар барлық ісі, өзі егжеп, таңдап, сынақтан өткізіп барып жұмысқа алатын ұстаз кадрларының еңбегі екенін өзі де жасырмайды.

– Мен жаңа адамды қызметке аларда «Мейірімді мінез, қамқорлық, балаға деген үлкен жүрегіңмен қоса, қандай өнерің бар? Егер өнерің болса, ұжым алдында көрсет, балаларды үйрет», - деймін. Анау биші Елена Өтебайқызы, қуыршақ театрын ашқан Сұлушаш Ибрагимқызы, әр түрлі сайыстарға ұйытқы болатын Құллан Мұсайқызы, шаңғы тебуден түлектері Американың, Канада, Торонто қаласында өткен жарыстардан алтын медаль алып келген дене шынықтыру пәнінің ұстаздары Төлеміс пен Александр сондай жүрек қалауымен келген жандар ғой, - дейді ол риза көңілмен.

Айтуға бәрі оңай. Бірақ әр жетістіктің артында қыруар еңбек пен өлшеусіз ақыл-парасаттың жатқаны анық.

Бұл 1991 жыл еді. Мәскеу мен Алматыға, білім министрлігіне бірнеше мәрте хат жазып, құрылысы басталған мектеп-интернаттың осы корпусы бітіп те қалған. Бірде облыстық оқу басқармасына барса, ондағылар «сіздерге ол корпус берілмейді, онда енді басқа мектеп болады» дегені.

Ертеңіне сағат 8-де облыстық атқару комитетінің төрағасы В.К.Гартманның алдына барып, қабылдауын сұраған. «Тек



екі минут уақытым бар, үлгерсеңіз айтыңыз» деген сессияға жиналып жатқан төраға шарасыздана. Мағрипа түрегеліп тұрып-ақ осы бітетін мектеп-интернатты 300-ге жуық кемтар әрі жетім балалардың асыға күтіп жүргенін, тәрбиеші ұстаздар ересек балаларды алып, бірнеше мәрте жаңа корпусқа саяхаттап барып, алда өздері серуендер үлкен алаңға ағаштар отырғызғанын, енді ол корпусты өзгеге берсе, балалар көңіліне ері сеніміне сызат түсетінін тебірене айтқан.

Үнсіз тыңдаған облыстық атқару комитетінің төрағасы В.К.Гартман «жарайды» деген бір сөзбен түйінді шешіп. Тағы қосқаны: «Ол корпусты сіздің түлектеріңіз иемденеді. Тек сізден өтініш мектеп-интернаттағы оқу-тәрбие жұмысын әлі де жақсарта түссеңіз» деген.

Хан жарлығы қайтып алынбайды. Еліңді ақылды азамат басқарса, ол да бақыт. Сөйтіп, өмірде кезігер талас-тартыстың бірінен сүрінбей өткені бар.

Өмірде істелінер істің бәрінің қайырымы бар. Ғарыштан бақылар бір құдірет күш сәтті кезінде бәрін-бәрін бір сәтте орайластыратынына бұл әлдеқашан сенген-ді.

Астана. 2000 жыл. Республикадағы мектеп-интернат, жетімдер үйі директорларының кеңесі өтіп жатты. ҚР Білім және ғылым министрлігінің салалық комитетінің төрайымы Рысты Жұмабекова баяндама жасап тұр. Бір сәт ол біздің мектеп-интернаттың іс-тәжірибесін мақтап, «Осы залда Орал облысының №15 мектебінің директоры болса, тұрсыншы. Мен ол кісінің қалтқысыз қызметіне басымды иемін» дегені залға қарап. Жас емеспіз, ұят қой, тұрған жоқпын. Бірақ үзілісте барып сөйлестім,- дейді ол сол кездерді ризашылықпен еске алып.

Бізде облыстық атқару комитетінің төрағасы болған В.К.Гартманның әйелі республикалық «Балауса» қорының жетекшісі екен. Сол жиында болыпты. «Келесі күні айтқан сөзінде тұрып, интернат жұмысын республикалық деңгейге көтергені үшін Мағрипа Есенқұлқызына, оралдықтарға арнайы

рақмет деген Гартманның сәлемін әйелі келіп айтқанда, есіме бұдан он жыл бұрынғы оқиғалар түсе қалғаны. Шіркін, жақсы адамдар көп қой», - дейді ол тебіреніп.

Иә, бұл мектепте бәрі де көңілге қонымды-ақ. Облыстық үлгілі интернат деген конкурсқа қатысып, өңірдегі мектеп-интернаттар арасында 1-орынды иемденді. Ал республикалық конкурста «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың, ҚР Білім және ғылым министрлігінің салалық комитетінің төрайымы Р.Жұмабекованың, Қазақстанның іскер әйелдер қауымдастығының президенті Р.Сәрсембаеваның мектеп-интернатқа келіп, оқу-тәрбие жұмысындағы ізгілік істерге риза болуы көп жайды аңғартады. Ал облысқа келген шетел адамдарының бір тобы, Саратов, Орынбор, Волгоград облысының делегаттары, ауданнан семинарға келген оқытушылар легі тұрақты тәжірибе алмасушылар десе де болады. Интернат түлектері 9 сыныпты бітіргесін техникалық училищеге жолдама алады. Ал оларды орналастыру мезгілінде Мағрипа Есенқұлқызы сол мекеменің директорына барып: «Менің балаларым темекі тартпайды, арақ ішпейді, ұрлық қылмайды әрі тәртіпті, еңбекқор, сондықтан оларға көзқарасыңыз өзгеден ерекше болсын», - деп арнайы тапсыратыны да қамқорлықтың бір белгісі болар. Ал интернат түлектері өсіп, ер жетіп, өмірге жолдама алып, өз тірліктерімен өмір сүрсе де, қуаныш пен қиындықта ақыл мен кеңес сұрап, зәру сәтінде көмек тілеп, өз «мамаларына» келіп тұрады.

Шүкір, еңбегі елеусіз емес. «Оқуісінің үздігі», «Ы. Алтынсарин медалінің иегері», ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, Президенттің Құрмет грамотасын алуы еңбегінің еленгені емес пе? Жақында «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталды. Ал Мағрипа Есенқұлқызы үшін тағы бір үлкен награда өзі басшылық ететін мектеп-интернат ұжымының, түлектерінің, олардың ата-аналарының алғыс пен ризашылыққа толы қалтқысыз көңілі осы интернаттағы

бүлдіршіндер тобында 3 жастан бері тәрбиеленіп, қазір 3 сыныпта оқитын кішкене бала Дәуреннің:

«Өзіңсің менің ақ мамам,
Бір сен деп таңды қарсы алам.
Шапағат нұрлы өзіңдей

Көп болса екен жақсы адам!» – деп шығарған өлеңін балалар іліп алып, жаттап алыпты.

Иә, бұл елеусіз шағын дүние болар да. Бірақ ол кішкене баланың анаға деген алғысы мен жүрек лүпілі екенін ешкім де жоққа шығара алмас....

Тағы да қыс келді. Ғасыр бастауындағы төпелей жауған аппақ қар төңіректің бәрін аппақ нұрға бөлепті. Ылайым, ақиқат пен ар алдында ешқашан аласармайтын ақ ниетті адамдар легі көбейе бергей-ді.

*«Еділ-Жайық» газеті,
08.02.2002 жыл № 5 (162)*

Аналар бар арада...

Бөлмеге кірген қара торы қыз төрге озбай, сыпайы амандасып, «Әже, мен тағы келдім», - деді пеш түбінде жайғасып отырған Қаламқасқа өтіне қарап.

– Көріп отырмын, бірақ осы сенбіде тағы қолым тимес, ал келесі аптада міндетті түрде барамын. Тек мені жалғыз шақыртқанша, тағы бір-екі зейнеткер аналарыңды да шақыртындар. Анау көп жыл ұстаз болған Дарига Досаева, Гүлнар Талипова, Меруерт Абиева, Бақытқаным Төлешова сияқты ардақты аналар кеш соңында тәлім-тәрбие жөнінде сөз қозғаса, кездесулерің жөнді өтпей ме? - деді.

– Иә ондай жоспарымыз бар, - дейді жаңағы бейтаныс қыз қуана күлімдей шығып бара жатып.

Туған жерге сиректеу барғасын ба, қазіргі жастарды мүлде танымайды екенсің. «Бұл кімнің қызы?» деймін бөлмеден шыққан әлгі бойжеткеннің соңынан қарап.

– Біздің ауылдан емес. Ата-анасы Қызылорда облысында тұрады екен, облыстың оқу бөлімі осы ауылдағы Құрманғазы Сағырбаев атындағы орта мектепке институтты бітірген жолдамамен жіберіпті. Он жылдық мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Бір мектепте істегесін, менің немерем Асылмен достасып кетіпті. Менің әжелер ансамблінің мүшесі екенімді естіген ғой. Жоғарғы сынып оқушыларына үлгі болсын, қазақтың ақын-жазушыларының жырын, кітабын оқып, өткен өмір жолыңыздан сұхбат беріңіз деп өтініп жүр еді,- дейді апам мән-жайды түсіндіріп.

Иә, Қаламқас Жасқалиева – менің апам. Жасы 84-ке келсе де, жүрісі ширақ, сөзі нық, жүзі жайдары. Ұл-қызы өсіп, адал еңбектің арқасында өзгелерге тәлімді де тәрбиелі өнеге көрсетіп келе жатқан үлкен әулеттің анасы. Қартайдым деп пеш түбінде қарап отырмай, сана-сезімінің сергектігі, ақыл-ойының ұшқырлығы арқасында жаһандану заманындағы барлық жаңалықты, ел ішінде болып жатқан көптеген өзгерістер мен жетістіктерді газет-журналдардан үзбей оқып, біліп, теледидар арқылы көріп, сараптап ой түзейді.

Ауылдас, жерлес, қатарлас өскен зейнеткер достары Ақжұма Кенжеғалиева, Сафура Нұрашева, Жандай Батрашева сияқты құрбылары мен таныстарын ауылдағы қоғамдық жұмыстарға араласып, ақылшы, кеңесші болуға ылғи да шақырып жүргені. Өзін ауылдағы әжелер кеңесінің төрайымы етіп сайлағанда, «мен қаталмын» деп ескерткен. «Айтқанымды орындамасандар...»

Тап қазір сонау 1991-2000 жылдар аралығындағы алқам-салқам бейшара күйден арылған. Ауыл әкімдігі де өз міндеттерін нық орындап, орта мектеп, аурухана, шеберхана, коммуналдық шаруашылық пен ауылды аббаттандыру жұмысына көңіл бөліп, «Ауылдың ажары – азамат» деген қағиданы нық ұстап, үлкенді-кішілі ауыл тұрғындарына қамқорлық пен ізгіліктің үлгісін көрсетіп келеді.

– Ауылдың көркеюі, елдің өркендеуі қаттыны қайырып, жұмсақты жұмырлайтындай қауқарымыз болмағанмен, қазіргі



ауылдағы атқа мінген жастарға ақыл-кеңесті айтып отыру зейнеткерлердің міндеті ғой,- дейді апам өз ойын түйіндеп.

Соңғы жылдары қолға алынған «Рухани жаңғыру» атты ел Президенті Н.Назарбаевтың бастамасы ауыл адамдарының рухани дамуына үлкен үлес қосты.

Бірде ауылдағы мәдениет үйінің директоры, келінім Қамар: «Ауылдағы әжелерді жинап, әжелер ансамблін құрайық. Қазір ауыл, ауданда бастама көтеріліп, рухани жаңғыру аясында мәдени шаралар басталып кетті. Сіз ауылдағы өнерлі үлкен кісілерді жинаңыз. Жоспарлы түрде жұмысқа кірісейік»,- деді.

Қазіргі зейнеткерлер кешегі ұстаз, дәрігер, партия, совет қызметкері емес пе? Бәрі қуана келісті. Жеке өлең айту қажет болса, өнерлі жанға билеу деген немене?

– Ал мен көркем сөз оқуды таңдадым, қазағымның құдіретті қара сөзі мен өлеңі әуелден жаныма жақын еді. Сөйтіп, біздің әжелер ансамблі 2016-2020 жылдар ішінде ауданаралық жарыстарда жеңімпаз атанып облыста жүлделі орынға ие болды. Тіпті осы ансамблге қатынасқанымның арқасында 2017 жылы аудан атынан Астанаға баратын делегация құрамында ЭКСПО-ны да тамашалағаным бар,- деді ол риза көңілмен күлімдей.

Сөзіміз дәлелді болу үшін Орда аудандық үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Екатерина Жолдығалиқызы Макееваның Бисен ауылдық Мәдениет үйі ұйымдастырған «Қайран, біздің аналар арды ойлаған!» атты деректі онлайн бағдарламасының қадірлі қонағы, көп балалы ана, «Алтын алқа» иегері, Саралжын ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Қаламқас Жасқалиева қонақта деп аталатын фейсбук парақшасынан үзінді келтірсек:

«20 жылдық өмірім еді нұр-көктем,

Шын бақытты адам едім мен неткен?!

Бір ғана бұлт тарады да аспанда,

Найзағайы түсті маған кенеттен,- деп қапыда қаза болған жан-жарына жыр жолдарын арнай жүре, қолы қалт еткенде анасы Әлімбекқызы Нәпіден үйренген қол өнері – құрақ

көрпе тігуді, ою-өрнек салып, төсекше жасау, жүн бояп, киіз басуды қыз-келіндері мен немерелеріне үйретіп келеді. Қазақ поэзиясының майталмандары Қадыр Мырза Әлі, Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Аққұштап Бақтыгереева сынды ақындардың 100-ге тарта өлеңін жатқа айтып береді. Ауылдың жанашыр ақылшысына айналған Қаламқас әжеге саулық тілейміз», - деп жазыпты.

Ал журналист Гүлнар Қадырова облыстық газетке Қаламқас туралы «Ескірмеген махаббат» атты очерк жариялап, оның мәнді өмірін өзгелерге үлгі етіпті.

Ата-анамыз дүниеге келіп, өмір сүріп, еңбек еткен аймақ осы Нарын құмының етегіндегі әуелде 6-ауыл, содан Калинин, Октябрь туы колхозы. Өткен ғасырдың 60-жылдары Совет үкіметі шағын колхоздарды біріктіріп, Құрманғазы атындағы қой кеңшары деп атайды. Ал ата-анамыз баққан малы, отырған орнымен колхозшыдан совхозшыға айналып, үкімет адамы болып шыға келген.

Қай заманда да ата-ана әр баласын әлпештеп өсіргісі келетіне аян. Өмірге келген Злиха, Гаммат, Қаламсия атты балалары жастайынан көз жұмады. «1938 жылы дүниеге келген Қаламқасымды жасы 5-ке келгенше арқалап жүріп өсірдім», - деп отыратын әкем марқұм. Анам колхозда сиыр фермасында аға сауыншы болып еңбек етті.

Адалдығы, еңбекқорлығы, кез-келген жанмен тілтапқыш, сыйластық пен кешірімшілікті өміріне арқау еткен анамды колхоз, ферма бастықтары да сыйлап, онымен санасатын.

Өмірге әкелген 10 баласының 8-і жастайынан әр түрлі аурумен ауырып, өмірден ерте өтті. Өткен ғасырдың 70 жылдары жастайынан ән салып, өздігінен гармонь тартып үйренген, жасы жаңа ғана 18-ге толған Сара атты кенжесі оқыстан өмірден озғанда, анам қатты қайғырған.

Қайғыдан тұншыққан ананың сағыныш сазы ма, әлде құдай берген сыртқа шыға алмай кеткен табиғи таланты ма, қолы босап кетсе, анам ыңылдап ән айтып отыратын еді.



Созылған мұңды дауыспен айтатын өлеңдерін:

Көрінген екеу-екеу күн астынан,

Біздерге өлең деген тіл астынан,— деп басталатын халық әнін соңғы рет анамның 80 жасын атап өткен өз үйімдегі отбасылық дастарханда естігенмін...

Шіркін-ай өмір мәңгілік болсашы...

Ия, әңгіме апам жайлы еді ғой. Өмір ағыны, заман талабы кімді қай жерге апармайды? Ол кезде мен 12-13 жаста едім. Соғыстан кейін даланы дүр сілкініп еңбек тетігін жастар өз қолына алсын деген Кеңестер Одағы Коммунистік партияның арнайы қарары өсіп келе жатқан әр жасқа әсер еткені ақиқат. Мінгені жеке ат, еңбек етер құралы – өгіз арба мен қол шалғы болған ауыл балаларына тракторда отырып жер жыртып, шөп шабу, ызғытып машина айдап, техника тілін меңгеруге жағдай жасалғаны ауыл жастарының сана-сезімін өзгерткені ақиқат.

Жыл айнала ауыл-аймақтан жинақтап, талантты жастарды көркем өнерпаздар сайысына қатынасуға жағдай жасап, байқаулар өткізгенде, жасы 18-ге толып фермада аға сауыншы деген лауазымға іліккен апам Қаламқас та қатысқан. Мәтеш Байбулов, Саттар Қабылсихов ауылдастары сияқты республикалық байқауға жолдама алмаса да, халық әнін орындауда облыстық байқаудың жеңімпазы деген мақтау қағазы әлі де бар.

Осы бір жетістік әсер етті ме, Жаңақала ауданы атынан Мәскеуде өтетін Бүкілодақтық жастар мен студенттердің фестиваліне қатынасқаны апамның ғұмырына сәуле шашқан әдемі сәттері еді.

Бәрі ата-ананың тәрбиесі мен еңбегінің арқасы ғой.

– Өзге сауыншылар «Қызы Мәскеуде сайрандап жүргенде оның сауатын сиырын біз бөлісіп сауып, қиындыққа душар болдық», - деп ренжімесін, 18-ге 18-ді қосқанда, 36 сиыр сауу деген немене? Ерте тұрсақ, күн көтерілгенше бәрін сауып үлгіреміз. Тек сен маған көмектессең болғаны,- деген бірде алыста жүрген апамды қолпаштап анам. Талай оқиға

ұмытылды ғой. Шіркін, ананың қадірі мен жанкештілігіне кім жеткен?!

Ал әкем Жасқали Хайроллаұлы алты ай жаз бен қоңыр күз бойы ауылдағы барлық азаматтар сияқты колхоз малына шөп дайындайтын бригадада сәрел айдайтын.

Қаламқас апам жасы 20-ға толғанда жастайынан бірге өскен Бақыт атты жігітке тұрмысқа шықты. Әдемі, ақылды, салмақты азамат соғыста қаза болған Сақу Аралов атты майдангердің жалғызы екен. Енесі Нәзира шешем де Уақит атты қайнысынан іргесін ажыратпаған ақылды адам еді. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма?» дейді халық.

Кеңшар құрылғанда жоғары білімді жас коммунист Бақыт Сақуов №2 бөлімшеге меңгеруші болып тағайындалды. 40 мың қой, 3 мың сиыр, бірнеше машина, трактор паркі бар үлкен шаруашылықты бір ғана адам басқаратын. Әсіресе, малшылардың жазғы жайлауы Нарын құмын еңсере меңгерген ядролық сынақ аймағында болатын.

Ядролық сынақ өтетін күндері әскери адамдар бөлімше меңгерушісімен хабарласып: «Пәлен жерде пәлен пункттегі малшы шопандарды басқа жерге көшіріңдер. Әйтпесе, олардың амандықтарына кепіл берілмейді», - деп ескертеді екен.

Кейде сынақ уақыты өтіп, қайтадан жазғы орындарына оралған малшылар қираған үйлерінің орнына келетін. Ал әр істің қиындықсыз, шығынсыз орындалуын қадағалайтын тағы бөлім бастығы болатын.

Отбасылық өмірдің салтанатындай өмірге Тілекжан, Әзімжан, Сүлеймен, Гүлмира, Қадыржан, Дамира, Венера, Полина, Қайыржан атты перзенттер келді.

Жайлы күндер мен айлар қас-қағымда, азапты сәттер жылдарға созылатын несі екен?..

Мал шаруашылығы өркендеп, халық тұрмысы әлдене бастағанмен ауыл полигон аумағынан ауаға таралған улы шаң-тозаң малдан да бөлек адамға әсері ажал болып тиіп



жатқанын ауыл адамдары ілкіде байқамаған болар. Бірақ зоотехник әрі бөлімше меңгерушісі Мәтеш Байболов, инженер Саттар Қабылсихов, кешегі машина рулін ызғытып жүрген шофер Натол Дүйсенов жастары 45-50-ге жетпей қан қысымы көтеріліп, көз жұмғанда ауыл-аймақ ядролық сынақтың әсері екенін айтпай-ақ ұққан... Желдей жортып жүрген жылқының өзі аузы-мұрнынан қан кетіп, сеспей қатқан кезеңде, үкімет тарапынан келген комиссия бағым-күтімі кем болғандықтан өлді деп, жылқышыларды айыптап шешім шығарған кездері адамға көңіл бөлетін кез туды ма?..

Кезекті еңбек демалысына шығып, сыр бере бастаған денсаулығын түземек болып «Мелиоратор» атты санаторияға емделуге келген апамның жары Бақыт аға да жүрек талмасынан апта бойы емін де ала алмай көз жұмды.

Қолында қартайған ата-енесі, өз алдына отау тігіп үйленбеген 8 баласы бар ана қайғысын кім ұғар?

«Өзекті жанға – бір өлім» демекші, ұл-қызымды адам етсем деген бір өлермендік оны ылғи да алға жетелеген.

«Жылдар жара жазады», дейді халық,

Сол сындардан өтіппін өліп талып,- деп ақындар жырлағандай, ел экономикасын есеңгіреткен біреу байып, біреу ішер ас, киер киімге зар болған кезеңді де көрген. Абырой болғанда есті әкенің саналы ғұмырынан тәлім алған ұл-қыздары өсіп қалған-ды.

Тұңғышы Тілекжан осы ауылдағы әкімдікте қызмет істесе, екінші ұлы Қадыржан «Бақыт» атты кәсіпорын құрып, мал шаруашылығымен айналысты.

Ал арнайы жоғарғы оқу орнын бітірген ұл-қыздары өз мамандықтары бойынша еңбек ете бастаған-ды. Гүлмира, Дамира, Венера, Полина атты қыздарымен қатар ұлдары Сүлеймен мен Қайыржан да.

«Бұл тірлікте істелетін іс, жасалатын жұмыс, көретін қуаныш пен қайғыға дейін құдай атты құдіреттің әмірімен жасалып жата ма?»- деп ойлаймын. XX ғасырда өмір сүрген коммунистік партияға табынған 70 жылдай ғұмырымыз құдайсыз өтіпті.

Бірақ сонау 20-ғасырдың басында өмірге келген біздің ата-анамыз құдай атты құдіретке сенді де, оны өміріне арқау етіп, ішкі жан-дүниесімен адал өмір сүрді.

Егер осы тірлікте аз-кем бір жақсылыққа қол жеткізсек, солардың ақ тілегінің арқасы ма деп қаламын мен кейде.

Әкем мен анамның жақсы дос-жарандары көп еді. Әсіресе, әкем Әнес атты дәрігермен «бажа» деп қатты әзілдесетін, оның Зияш атты әйелін сабырлылығы үшін қатты құрметтейтін. Олардың Жасталап атты ұлы және Нағипаш атты қызымен ауылдық мектепте бірге оқыдық.

Бұл оқиға шамамен 1943-1944 жылдары болыпты.

Анам фермада аға сауыншы. Сауылған сүтті қол машинаға тартып, одан қаймақ, қаймақтан май өндіріп, тасымалға жеңіл әрі құнды болу үшін майды тағы қайнатып, сары май өндіріп, үкіметке тапсыру – аға сауыншының міндеті. Бірде сүт машинасының әлдебір тетігі істемей, сүттен қаймақ айырмай қояды. Содан анам колхоздан түйе алдырып, үлкен сүт машинасын қомға артып, 160 шақырым жердегі келесі аудандағы шеберханаға барады. Келесі күні машина жөнделіп, ауылға қайтар кезеңде жылап тұрған жап-жас келіншекті көреді.

Жөн сұраса келсе, сол ауылдың адамы екен. Жолдасы соғыста қаза болыпты. Үлкені 3-те, келесі баласы жасына жаңа жеткен жап-жас келіншекті ауылдың жасы 70-тен асқан бір әумесер шалы әйелдікке алмақ болып жанталасып жатыр екен.

Қашып кетерге жөнді жол да білмейді, жыламағанда қайтсін?

Жастары шамалас екі келіншек сол жерде сөз байласқан. Анам түйенің қомының бір жағына машинаны артып, екінші жағына екі баланы отырғызбақ болады. Анам Зияшқа: «Сен мына сүрлеу жолмен тап қазір жаяу жүре бер. Балалар осында болғанда сені ешкім іздемейді. Мен тыс көзді алдарқата күн бата шығамын. Күндіз кетсек, артымыздан қуғыншы келіп ұсталып қаламыз», - дейді.



Сөйтіп, түнделетіп қашып шыққан төрт жан араға күн салып, ауылға да жетіпті. Соғыстан жаралы оралған ауылдық жас жігіт Өнес аға жыл өтпей Зияшқа үйленген.

Әкемнің Өнеспен «бажа» деп әзілдесетіні содан екен.

Менің әкем Жасқали мен анам Нәпі, Өнес аға мен Зияш апа да XX ғасырдың соңғы жылдары мәңгілік мекендеріне аттанған.

Қалған ұрпақ өз жөні, өз бағымен оқуын оқып, жұмысын істеп, тағдырдың талайына салған дәм-тұзын татып жатты. Нағипаш пен оның ері Аяштың әлпештеп өсірген тұңғыш қыздары Қамарсұлу Алматыдағы қыздар педагогика институтын бітіріп келгенде, «Мәдениет саласының маманы ғой қалаға кетеді»-деп жүргенде «Апа, Аяш ағаның үйіне құда жіберіңіз, біз Қамар екеуміз үйленеміз» деген апамның тұңғышы Тілекжан. Бұл 1995 жылдың жазы еді.

Жылдар айнала баяғы анамыз түйенің қомында өзге ауылдан алып келген Зияш апаның ұлы Жасталаптың қызы Жанар мен күйеу баласы Жақсыекеңнің тұңғыштары Лира Орал қаласында оқып жүріп, қалалық полиция бөлімшесінде жұмыс істеп жүрген апаның кенжесі Қайыржанға ғашық болыпты. Құда бала, құдаша қыз – бұл да бір өмір, қазақ салтының бір пұшпағы. Тап қазір бірі кәсіпкер, екіншісі дәрігер, үшіншісі ауылдағы орта мектепте ұстаз болып қызмет істеп жүрген Тілекжан мен Қамардың Аман, Ақыл, Ахан атты ұл-қызын, студенттік өмірінде бокстан облыстық байқаудың бірнеше дүркін жеңімпазы атанған Қайыржан мен Лираның тұңғыштары Арал мен мектептегі оқу озаттары Асан, Алан атты ұлдарын көргенде, бұдан 70-80 жылдай бұрын қиналған жанға қол ұшын берген анамыз Өлімбекқызы Нафисаның ақ адал ниетінің тәңірден ұрпағына қайтқан қайырымындай көремін.

Ой, тәйір-ай... Жақсылықтың бастауы қайда еді, ақыры қашан деп кейде пенделікпен асығатынымыз бар.

Оны тек құдіреті күшті құдай ғана біледі. Бәрін де бір өзі өлшеп-пішіп, реті келді-ау дегенде алдыңа сап еткізіп сала кететінін байқамай да қаласың.

Ия, елімізде ауылдар көркейіп келеді. Солардың ішінде Бөкей ордасы, Саралжын селосына газ тартылып, ғалымдардың зерттеуіне сай Нарын өлкесін көмкеріп жатқан ақ құмдардың асты теңіз суына бай екені анықталып, 2012 жылы ауыл әкімі Қуандық Рашқалиұлының бастауымен арнаулы қызметтермен айналысатын Жалпақтал ауданындағы «Жиенбай» жеке шаруашылығының қызметі арқасында «Ақ мешіт–Саралжын» су қоймасы арқылы қатарлас қонған бірнеше ауылға тұщы су тартылды. Мал шаруашылығымен айналысқан ауылға судан артық не бар?!

Тап қазір облыс орталығынан 500, аудан орталығынан 250 шақырымдай шалғай жатқан ауылда бар қатынас құралы жеке адамдардың меншігіне өткен автобус пен жеке көлік иелері, ватсап арқылы телефон жүйесіне қосылып ұйымдасқан түрде кім кетеді, кім келеді дегендей күнделік тіршілікке қажетті қатынастың бәрі табысынан салық төлейтін жергілікті әкімдіктердің қатаң бақылауындағы кәсіпкерлердің іс-әрекеті арқылы тиянақты түрде жүзеге асырылуда.

«Ауылдың ажары – азамат» дейді халқымыз. Туған жерден түлеп ұшып, жоғарғы оқу орындарында білім алып, шаруашылық пен экономика саласында тәжірибе жинақтап, ауыл еңбеккерлерінің әр ісін бағдарлап, бағыттап, тікелей басшылыққа алып отырған ауылдағы әкімдік қызметкерлері Нарымбет Керешов, Тілекжан Сақуов, Болат Бекетов сынды мамандар өз істеріне нық.

Ал Ербол Хамитов, Оралхан Ізмұханов, Нұрлыбек Сұрамысов сынды кәсіпкерлер ауыл адамдарының таптырмас қамқоршысы деуге де болады.

Өмір өткелдерін еске алсақ, қай заманда да, қай қоғамда да әйел-ана көрмеген азап пен қорлық, қиындық пен тауқымет аз болмаған. Әріні айтпай-ақ, көбіміз көре қалған бұдан ғасыр бұрынғы заман мен қоғам өзгерісі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі жанкешті өмір, тіпті өткен ғасыр соңындағы социалистік қоғамнан капиталистік жүйеге ауысқан өмір сүру кезеңіндегі

тіршілік тауқыметі барлық дерлік бүкіл әйел-ананың күш-жігері мен қажымас қайраты арқылы атқарылып, қалыпқа келгені ақиқат.

Өмірде болар бар қиындықты қасқая қарсы алып, оны жеңіп шығу тек Әйел–Ананың қолынан келеді. Ал Қаламқас – еліміздегі сондай мыңдаған аналардың бірі.

Қазіргі қоғам иелері озық ойлы аналардың еткен еңбегі, көрсеткен тәлім-тәрбиесіне қарай оны өзгелерге үлгі етіп насихаттап жатса, оны бүкіл қоғамның алға басқаны деп бағалауымыз керек.

Жақында Бөкей ордасының Нарынға қоныс аударғанына 220 жыл толуына байланысты ауданда үлкен мерекелік кеш өтті. Сол кеште елге еткен еңбегімен көзге түскен еңбек ерлері марапатталып, қоғамға келтірген тәрбие-үлгісімен дараланған бір топ азаматқа «Ауданның құрметті азаматы» деген атақ берілді. Сол аз ғана топтың ортасында Саралжын ауылдық кеңесінің тұрғыны, 8 баланың анасы, 17 немеренің әжесі, 84 жастағы Қаламқас Жасқалиева да болды.

Қуанышы мен қайғысы, жақсылығы мен жамандығы, адамдығы мен аярлығы астасып жатқан осы бір өмірде арман еткен ақ тілегі орындалып, мамыражай пәк көңілі көтеріліп, барға қанағат, жоққа салауат дейтін жасқа жеткен апайым Жасқалиқызы Қаламқас үшін қуанамын.

«Бірінсіз бірі, ұсақсыз ірі болмайды» дейді халқымыз. Тәңірім, барлық ақ ниетті аналардың ақ тілегін асқақтатып, елімізге, ұрпағымызға жақсылық нұрын себе гөр.

*«Төртінші билік» газеті,
№ 1. 15.01.2022 жыл.
Астана қаласы.*

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНДАРЫМ!

Әкемнің әр жылдары жазған, газеттерге жарияланған мақалалары мен пікірлері жер-жерде шашылып қалмасын, жас ұрпақ оқысын деген ниетпен осы кітапқа қосып отырмын.

Автор.

Өміріме ризамын

Мен ХХ ғасырдың басында дүниеге келіппін. Сондықтан да осы уақыт ішінде елімізде болған тарихи оқиғалардың куәгерімін деп айтуыма болады. Балалық шағым әділетсіздік жайлаған мешеу дүниеде өтті. Сауат ашуға да мүмкіндік болмады. Ұлы Октябрь социалистік революция өмірімізді түбірімен өзгертті. Мен де езгіден құтылған өз жерлестеріммен бірге Октябрь жеңістерін еңбекпен нығайтуға білек сыбана кірістім. Өзім туып-өскен Орда ауданында сол кезде алғаш ұйымдасқан артельге мүше болып кіріп, қоғам малын бақтым. Бұл еңбек майданы кейін Отан намысын қорғау жолындағы қан майданға ұласты. Солтүстік Батыс майданындағы ауыр ұрыстарға қатыстым. Мүгедек болып елге оралғаннан кейін де еңбектен қол үзгенім жоқ. Бұрынғы малшылық кәсібімді қайта жалғастырдым. Құрметті демалысқа шыққаным бірнеше жыл болса да сол өмір бойы еткен еңбегімнің зейнетін көріп, үкіметіміздің қамқорлығына бөленіп отырмын.

Өмірлік жолдасым Нәпі екеуіміз советтік өмір аясында 57 жыл бірге өмір сүріп келеміз. Балаларым мен немерелерім бақытты өмірдің барлық қызығын пайдаланып, жақсы өмір кешуде. Өмірімізді одан әрі жақсартуға, оны терең демократияландыруға жасалып жатқан ғаламат істер менің кәрі жүрегімді Отанға, партияға деген алғыс сезіміне шексіз бөлеуде. Өйткені мұндай өмір біздің болашақ ұрпағымыз үшін керек.

Мен қазір 81 жастамын. Соған қарамастан сайлау күні мен өз аяғыммен барып дауыс беремін. Сөйтіп, қиындықтан қорықпай, зор жүкті өз мойнына алған қайта құрудың жауынгерлері – халық қалаулыларына осылайша құрмет көрсеткім келеді.

Ж. Хайруллин,

Соғыс және еңбек ардагері, қарт сайлаушы.

Орал қаласы. «Орал өңірі» газеті

24.08.1993 жыл

Айтсам, ой сала ма деп айтамын....

«Елдің жайы мені қатты мазалайды» Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевпен «Егемен Қазақстанның» 2 және 7 қыркүйектегі нөмірлерінде жарияланған газеттің бас редакторы Нұрлан Оразалиннің сұхбатында еліміздің қазіргі жағдайы мүмкіндігінше ашық әңгіме өзегіне айналды. Сұхбат республика халқының жүрекжарды ой-пікірлерін туындатуда.

«Егемен Қазақстан» газеті,

10.09.1994 жыл, № 150-151 (20788)

Ардақты Елбасы! «Егемен Қазақстанда» жарияланған сұхбатыңызды оқып, кейбір көпшілікке түсініксіз жайлардың астарын бажайлағандай болдым. Мен сияқты тоқсанды алқымдаған адам сенің жаныңды түсінбесін бе? Көп ойға қалдым. Енді сол іштегі ойды сыртқа шығарып тастамаса, біздің жастағы кісіге ауыр соғады. Айтсам, төңірегіндегілерге қамшы бола ма, ой сала ма деп айтамын. Сенің жүгің ауыр. Ел қамы үшін ұстанып отырған саясатыңызды көріп, көкірегім сырылдап отырып зерделеймін. Бірақ кей-кейде осынау ұлы іс жолында жалғыз шапқандай көрінесің маған. Маңайыңдағыларың да әркез көңіліңнен шыға бермейді-ау деп топшылаймын.

Мұндай жаста Нарын құмында туып-өскен қарапайым қазақтың басына не келіп, не кетпейтінін айтып қайтеміз. Ұр да жық, қорқыту да алдау, арбау да, сұрапыл соғыс та — бәрі өтті ғой. Тірлікте ащы терді төге жүре қазақ атты халық үшін, балаларымыздың бақытты болашағы үшін неге көнбедік, неге төзбедік? Өзің Президент болып, егеменді ел атандық. Енді қазақ халқының жағдайы жақсарады деп әлемге жар салғанда теледидардағы бейнеңе қарап отырып: «Уа, ақсарбас, өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді, тәңірім ел басқарған Президент ұлымызға денсаулық пен абырой бере көр!»- деп сақалымыздан жас парлай отырып, алғыс пен батамызды қатар берген қарттардың бірі едік. Содан бері төрт жыл өтті. Өзіңнің айтқан бағыт-бағдарың бойынша 1992-1993 жылдары елдің жағдайы жақсарып, 1994 жылы халық молшылық пен жақсылықтың куәгері болуы тиіс еді. Сол есебіңнің мәнісі болмай тұр-ау. Сен қыран болып халықты алыстан барлап, ел ішіндегі тірлікті өзің сенген жандарың дұрыс жеткізбей жүр-ау деп ойлаймын. Тап қазір қымбатшылық пен жоқтық, жігерсіздік пен бассыздық, адамдар арасындағы заңсыздықтар, аяқ асты тап бола кететін қауіп пен қатер ауыл мен қаладағы қарапайым адамдардың үрейін алып, алдағы өмірге, істеліп жатқан мемлекеттік «өзгерістерге» сенімсіздік тудыруда.

Төрімнен көрім жуық қариямын. Маған тақ та, бақ та, атақ та керегі жоқ. Сондықтан өзіңе кейбір аталық ойларымды айтуды жөн көрдім. «Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың» деген ғой дана халық. Қазір ауыл мен қалада «Алып сат та пайда тап, қуып жет те алып ұр» деген қағиданы басшылыққа алған «бизнесмен» атты адамдар тобы пайда болды. Осы бір «бизнесмен» атты адамдар тер төгіп егін екпей-ақ, жан қинап мал бақпай-ақ, сарсылып зауытта өнім шығармай-ақ, тіпті соларды өсіруге, көбейтуге, өндіруге титімдей пайдасын тигізбей-ақ, елді жайлаған жоқтықтың арқасында көл-көсір баюда. Еңбектің қадірі кеткені осы да. Қай кезде де жеке адам әлденбей, мемлекет байымайтынын білеміз. Ондай



мемлекеттің ұшпаққа шыққанын да білмейміз. Бірақ «кедей байға, бай құдайға жетеміз» деп өңмендеткен мына заманда ақша табуды арман еткен адамдар арасында адамдықтың, адалдықтың, имандылық, ізгілік пен инабаттылықтың бағыт-бағдары жойылып барады. Оған себеп дүниенің төрт бұрышы түгенделіп, тек арақ пен шарап ішу қалғандай. Көше толы шет елдік арақ-шарап, папирос пен темекі сатушылар. «Қазақ байыса қатын алады, сарт байыса там саладының» кебі келіп, үкімет атты басқару тобындағы адамдар халыққа, қария мен жасқа көмек көрсетудің орнына өздеріне жаңа үй салдырып, шетелдік мәшине алып, істеген жұмысын ақсатып, жыл айнала екінші мекемеге бастық болып, уақыт өткізуде. Ең өкініштісі, олардың лауазымды орнындағы кемшілігі үшін адам алдында да, үкімет алдында да жауапсыздығы. Қарағым Нұрсұлтан, кадрдың қадірін кетірмеуге күш салғаның жөн. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық дейміз. Адам құқығын қорғауға Оңтүстік Африка мен Анголаның негрлеріне жақтасамыз. Сонда айлап-жылдап істеген еңбегі үшін ақша ала алмайтын ауылдық ұстаздар мен дәрігердің – маман деп аталатын адал адамдардың адамдық құқықтарын кім қорғайды? Қазір оқығаннан оқымаған озып кетті. Осы да әділдік пе? Ана жерде ұры ұсталды, мына жерде қылмыскер қолға түсті деп естиміз де, ақыр аяғында ақшасы көптері ақталып шыққанын бір-ақ көреміз. Үлкен болсын, кіші болсын шын қылмыскерді ауыздықтар заман туар ма екен? Бәрін айт та, бірін айт, қазақ жастарының халі тіпті қиын. Оқиын десе, институт сатулы, оған төлер ақшасы жоқ, жұмыс істейін десе, жұмыс жоқ, баққан малы, шапқан шөбі үшін тапқан табысына айлап ақшасын ала алмаған ата-аналарының халінен түңілген жас жігіттер мен қыздар өмірден жастай түңіліп, алдау-арбауға, реті келгенде ұрлық пен зорлыққа, қатыгездікке бейімделуде.

Ал қазақтың жаны малы ғой. Батыс Қазақстан облысы Ресей жерімен шектескендіктен, ауылда ақша мен зат болмағандықтан, аз ғана кір сабын мен қант үшін, арақ пен

темекі, көйлек-көншек үшін, килолаған күріш пен кәмпит үшін ірі қара малды баспа-бас ауыстырып, Ресей саудагерлері әр ауылдан алып кетеді. Ертең мал да таусылар. Сол кезде ауылды құрайтын қазақтардың халі не болар? Қадірлі Президент, саған ақыл үйретер жан емеспіз ғой. Ауылмен етене араласып отырған соң айтып жатқан жан айқайым ғой бұл. Егеменді атанған елімнің тірегі қазақтар болса, олардың халі мүшкіл. Ауылға да, қалаға да әкелік көмегің, адамдық заңың, баршаға ортақ темірдей тәртібің керек. Сонда ғана біз секілді қариялар ұрпағы үшін ғұмырын текке өткізбегендей өмірден алаңсыз аттанар.

*Сәлеммен, Жасқали Хайруллин,
Ұлы Отан соғысының 88 жастағы екінші топтағы мүгедегі.
Орал қаласы.*

Үш қадақ бидай

Бір кездері ақсары толық жүзі әжім торлап, жылдар жүгінен сәл еңкіш тартқан Анна Ивановнаны көрген сайын онымен алғаш кездескен сәтім әрдайым есіме түседі.

– Сіздің үйге орыс апай келіп отыр,- дегенге ауыл балалары есе жібермей ойнайтын допты тастап жүгіріп келгем-ді. Оған да талай жылдың жүзі өтіпті...

– Қуаттысыз ба, әже?- деймін көрген сайын. Ал ол болса кеми бастаған көзін сығырайтып, көлегейлей қарап, мені танысымен бірден әке-шешемнің аман-саулығын сұрай бастайды. Сосын аунап-қунап ауылға қыдырып келген сайын бір қыдырған, аз күн дәмдес таныстарының біразын атына шейін ұмытпастан атап-атап сұрап, олар туралы қызыға тыңдайтын.

Қартайғаны ма әлде өзгеге сабақ болсын дей ме, әйтеуір қиындыққа қайыспай өткізген сол бір сұрапыл соғыс жылдарының қажырлы күндерін жиі-жиі еске алатын.



– Бүгінде мыналарды қойшы,- дейді немере ұлын нұсқап. – Қит етсе ауырып қалады. Баяғыда балаға ас тауып берсек болды, ол ауырады екен деп еш ойламаушы едік. Ең азап ауру аштық еді,- дейді күрсініп. Сосын мен талай рет естісем де, бүгін де маған тұңғыш рет әңгімелеп отырғандай сонау қырық бірінші жылдың сүргін кездері туралы сөз бастайды. Ростов облысынан колхоз малын жаяулап айдап, сонау Орда ауданының жеріне шейін барғанын, күздің бір суық күні киімі жұқалықтан ба, әлде титығына жеткен аштықтан ба, бірде көтеріп, бірде арқалап аузына тістегендей жетелеп жүрген ұлының қатты ауырғанын, содан тамақ, киім сұрағандарын жыр қылып әңгімелейтін.

– Ақша, киім таусылған еді,- дейді ол. – Содан қора-қопсысы барырақ өзгелерден гөрі үлкендеу тас үйге кіріп, бидай сұрадым.

« Не бересің?», дейді. Құлағымдағы алтын сырғамды алып: «Осыдан басқа ештеңем жоқ»,- деймін. «Үш қадақ бидай», – дейді ол нарқын бір кесіп. «Мынау әдемі екен»,- дейді. Әйтпесе, анау-мынауға... Әкемнің 2-3 қараның құнын беріп алғанын білетінмін. Ыза ма, өкініш пе, үндей алмай қалдым. Сол сәт көтеріп тұрғанда қалғып кеткен ұлым ыңырсып ояна бастады.

Алаулаған қызуы денемді күйдіріп барады. «Мейлі», - дедім. Ол гирін әзірлеп дорбаға бидай сала бастады. Сол сәт бір әйелдің кіріп келмесі бар ма? Мән-жайды білісімен үй иесінің ұсынған дорбасын қағып жіберіп, мені қолымнан жетелеп алып кетті.

Жылы жер, тоя тамақ ішкесін, оншақты күнде ұлым да жазылып кетті. Ылғи сауын фермасындағы әйелдер екен, бәрімен жылап қоштасып едік. «Хат жазып, хабарласамыз» дегенмен, өмір тауқыметінен күні кеше көз аштық емес пе?

Ұлым комсомолдың жолдамасымен Қазақстанға барамын дегенде қарсы болған жоқпын. «Тіпті, қарағым, осы Орал облысына сұран»- деп өтініш жасағанмын,- дейді ол әңгімесін сабақтап.

Одан әрі іздеп біздің үйге келгені көңілімде сайрап тұр. Николай екі күнге ғана сұрандым дегесін, сол жолы Анна Ивановна да ауылына аттанған. Кетерінде қарсылығына қарамастан сол бір кездерден ескерткіш деп құлағындағы сырғасын алып, анамның құлағына салған.

Қазір де жағын бастыра тартқан орамалы сәл босаса жарқ етіп көріне қалатын кішкене сырғаны көрген сайын есіме сол бір оқиғалар түсіп, «Үш қадақ бидай... Үш қадақ бидай – қарапайым әйелдердің ұлы да ізгі достығы» деймін іштей күбірлеп.

«Орал өңірі» газеті
15.05.1984 жыл

* * *

Орал облысы, Бөкей ордасы ауданы, Саралжын кентінің тұрғыны анамыз Хайруллина Нафиса (Нәпі) Әлімбекқызын 88 жасқа толуымен құттықтаймыз.

Балалары, немерелері

Тұрсың қазір 90-ның тұғырында,
Азап, бейнет көп көрдің ғұмырыңда.
Өткен тірлік өзіңнен алыстатты,
Оған санаң жетеді ұғынуға.

Жаз ба, қыс па, уақыт жүр зыр айнала,
Құрбанайттың өз заңы шыр айнала.
Туған күнім айт күні деп назданушы ең,
Әжім басқан ақ жүзің нұр айлана.

Ойымдасың, анашым, қасымдасын,
Жаныңда ғой ұл-қызың – ақыл жасың.
Балалар мен немереңнің ақ тілегі:
Жаратушы жүз жасыңды мақұлдасын!

«Жүздесу» газеті, 1998 жыл.



Әруақ қонған әулет

Күн нұрынан дүркірей еріген ағынды судай әр жерден, әр қала, ауданнан жапатармағай шығып жатқан халық емшілерін естігенде «Ой, тәйірі, жұрттың бәрі көріпкел болып кеткен бе?» деп пендеситініміз бар...

Бәріне да уақыт куә. 75 жыл тұншыққан дін, халықтан алыстатылған әдет-ғұрып, шөптей қырқылған ата-салт, егемендіктің самал желімен көктей қаулап бас көтерсе, заңды емес пе?

«Орнында бар оңалар» дейді халық. Қазақ халқындай әруағы мен дарыны ұштасып жатқан, ақын да батыр, талантты да тәлімді халық жер бетінде кемде-кем шығар. Ал көріпкел бақсы, әруақ қонған арқалы емшілер – ата-дәстүрін жалғастырушы, халық үшін тер төккен кішіпейіл ақ көңіл адамдар. Сондай жандардың бірі – Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті Зиядан Қожалымов. Оның әр сөзі, адамдарды емдеу тәсілі өзің көрмеген, құлақ естімеген тосын болса да, жаныңа соншалықты жақын, әрі нанымды. Ол мүмкін қанша діннен бездік десек те, тұла бойымызды қуалап өзімізге тірлік берген қанымызда кішкене болса да қазақтық қасиеттердің қалғанынан болар.

Емші – халық қызметшісі.

Әр адамның самарқау жатқан санасын ток соққандай діріл қаққызып, оны қызметке келтіру – дарындылардың ғана несібесіне жазылған бақыт.

– Елдің осы бір марғау, енжар қалпын Абай атамыз көрсе, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күйзелер еді әлі де. «Оян, қазақ! Оян, қазақ! Оянбасаң, еркіңнен айрылып, құл боларсың, бірігіп елдігіңді танытып, жақсыңды дәріптеп жұмылмасаң, ұл-қызыңды күң етерсің» деп жар салар еді Міржақып...

Алла, пайғамбар, әруақ, дана бабалар, ізгі ісімізді қолдап, жебей гөр. Діннен безіп, тығырыққа тірелген ұрпағыңа кешірім

ет, қайырымыңды көрсет. Арқалы апа-ағалар, жаны жайсаң бабалар, жомарт жүректі адамдар, тіршілік таңын сөндірмей ұстау сендердің ғана қолдарыңда. Халықтың бақытқа, байлыққа кенелуі, әр адамның жан-дүниесінің жаңаруы, қара пиғылдан тазаруы арқылы ғана жүзеге аспақ. Өнер, білім азығың болсын, ақын да бол, батыр да бол, ақ ниетіңмен топ бастасаң, сара да айқын жол жатыр алдыңда. Ел үшін еткен еңбегіңді әруақтар қолдар әр кезде. Мен де өздеріңдей қазақпын. Ата-бабам, арғы тегім – әруақты адамдар. Солардың маған дарыған зәредей болса да қасиеті Сіздермен кездесуге себеп етті. Мен сол үшін бақыттымын.

– Зияданның әр сеансына кіргендердің бірімін. Ауруымды сыпырып алып тастады десем, асырып айтып, астамшылық қылармын. Бірақ қагілез келген қаршадай ғана осы адамның тылсым құдіретке өзі сеніп, оны өзгеге жеткізе білуі адамды таң қалдырады. Бас-аяғы бір сағат уақытта залда отырған үш жүзге тарта адамның әрқайсысы мынау көл-көсір тірлікте өзін тамшыдай сезініп, табиғат атты тылсым алдында пенде ғана екенін анық ұғады.

– Ол ненің құдіреті? Бәлкім қоңыр дауыспен басталып, күңіреніте оқылған аяттың әсері ме? Дауылпаз сұңқардың қанатындай сабалатып айқай сүргінге салғызған шанқобыз сазының сарыны ма? Тіпті жар соққызған теңіздің толқынын тыңдап, қазақтың әруақты ата-тегіне, батыр дана бабаларына сиынып жазған Зияданның ойға толы өз өлеңдерінің қасиеті ме? Әйтеуір әп дегенде-ақ пенделіктің кірпияз пернесі бырт-бырт үзіліп, «О, Алла, пендеңе өзің жар бола гөр, ақ ниетін қабыл ет, азғын ойдан арылта гөр»- деп үздіге оқыған аяттың алғашқы жолдарынан-ақ залдың әр жерінен жылаған, аһылап-үкілеп күрсінген, тіпті өлең айтып, билей жөнелген жандарды көргенде «бұларға не болып кетті?»- деп жан-жағыңа қарайсың. Ондай таңданған жандардың талайын көрген Зиядан болса: «Бәрі де тамаша, бәріміз құдайдың құлы екенімізді мойындап, тек инабаттылықты әдет етсеңдер, аз уақытта жандарың да,



тәндерің де сауығады. Түр-түсіне қарамайды менің емім. Көрдіңіз бе, мына ақсары әйелдің арқасы бар білем,- дейді орындықтар арасындағы ашық жерлерден «Қамажайды» билей жөнелген орта жастағы орыс әйеліне қарап.

– Емші қасиетіне баға беру менің тақияма сыймайтын дәреже. Бірақ құдірет пен дарынды басқа бір елден, басқа бір жерден іздеп тек соған сеніп, соған табынып келген біздер үшін өз бауырларымыздың елден ерек қасиеті мен дарыны қатты қуанытып, өзінді ризашылық сезім билеп, оны өзгемен бөлісқің, біреуге айтып, мақтанғың келеді екен.

Өркімнің жұлдызды сәттері болады. «Шіркін-ай, қазақ емшісінің әруағының осындай бір қанатты шақтарын таспаға, бейне аппаратураға түсіріп алса ғой», - деп ойлайсың. Біресе егін, біресе шөп, енді бірде ұланғайыр кемшіліктерді көрсетем деп жүгіріп жүрген телерадио, газет журналистерінің қауырт тірлігін ойлап осындай кезеңге келе алмағанына өкінесің де. Тек бір таяныш әр күн сайын лек-легімен емдеу залына толып келіп жатқан адамдардың жақсыны жаттап алар жады ғана.

– «Талантты адам сегіз қырлы, бір сырлы» дейді қазақта. Рас болар. Еліміз еңсесін көтеріп кету үшін етікші етік тігіп, әншінің өлең айтуы жеткіліксіз. Ол үшін әр адамның инабаттылық, адалдық, ізгілік, адамдық, ұлттық салт-дәстүрге негізделген көзқарасы болуы шарт. Онсыз сенім мен наным азайып, кешегі керемет дегеннің кермек дәмі таңдайда тұрғанда, халық атты қалың елді өз еркіне бағындырып, дегенін істету кез-келгеннің қолынан келмейтін қарекет. Ол үшін әруақ пен арқа аз, дарын мен талант жеткіліксіз, оған тек жаманды–жақсыны, үлкенді–кішіні, ауру мен сауды, тентек пен теліні салыстырып қарап, тек жақсылық тілеп, сүйе білетін үлкен жүрек керек! Сөзің мен ісің астасып, барың мен жоғың көрініп тұрғанда ғана халық саған қалтқысыз сенеді, артыңа ереді, айтқаныңа түсінеді. Ал сеанс сайын азаймай, бірінен-бірі естіп келіп жатқан адамдар легін көріп «Емші Зиядан осындай сенімге ие ме?»- деп қалдым. Келіп жатқан алғыс хаттар легі бір төбе.

Осындайда «Шіркін-ай, анау түн жамылып қойма бұзып, қараңғы бұрышта кісі тонап, арақ ішіп, төбелес ашып, бейкүнәні алдап, пайда тауып, еңбексіз жүрген имансыздар сеансқа келіп, Алла өміріне мойын ұсынса, жақсылыққа бір табан жақындар еді», - деп ойлайсың.

Міне, емшінің өмір жолын білу үшін алдында отырмын. Алматының Нарынқол ауданында туған. Жасы 48-де. Қазақстан халық емшілері қауымдастығының президенті, Халықаралық «Возрождение планеты» қауымдастығының вице-президенті, Ресейдің және халықаралық ынтымақтастық қауымдастығының толық мүшесі, биоэнерготерапевт, парапсихолог, халықаралық дәрежедегі Қазақстанның және Ресейдің халық емшісі деген құжаттары бар.

– Қазір емшілер көбейіп кетті,- дейді ол менің үнсіз қалғанымды байқап. – Біреулер біліп емдейді, екіншілері дүдәмал. Халық екі жүзді адамдардың ермегі болып кетпеуі үшін қазір он облыста халық емшілерінің қауымдастығы құрылды. Мынау – кеше ғана Батыс Қазақстан облысында құрылған халық емшілері қауымдастығының жарғысы. Оларға арнайы келіп, өзім бас болып, апта бойы арқалы адамдардың арасында байқау сынақтарын жүргізіп, халық еміне ден қойғандарды намазға жүгіндірдік. Ақжайық топырағында дарын көп қой. Қазір 32 адамға «Халық емшісі» деген куәлік берілді. Жұмыс істей берулеріне болады. «Біз ауруларды емдейміз», - деп дәрігерлермен таласпаймыз. Бірақ ниет қойып келгендерге көмектесу – адамдық парызымыз.

Иә, арғы ата-бабасы атақты Райымбек қажыдан басталған Қожалымовтар әулеті қазір әлемге әйгілі. Жолдасы Түймекүл мен 15 жасар қызы Гүлзейнеп танымал халық емшілері болса, ал Ванганың сынағынан өткен үлкен қызы Ләззат болса, Одақ көлеміне орталық теледидар арқылы емдеу сеанстарын тұрақты жүргізуге қолы жеткен жан.

Халық емшілері қауымдастығының бір топ емшілері Оралда болды. Дәрігер-емшілер қарттар үйі, бөбектер



үйінде қайырымдылық сеанстарын беріп үлгерді. Халықтың өтінішімен кейбір аудан орталықтарында да болды.

– Қызым,- дейді Зиядан бір шетте журнал оқып отырған Ләззатқа қарап. – Камен ауданы, Аманкелді селолық Кеңесінің төрағасы келіп жүре алмайтын ауғандық мүгедек жігітке көмек беруімді сұрады. Кеңшар еңбеккерлері де ем алсақ деген ойлары бар екен. Менің қолым тиетін емес, сен бар. Бұл жер өзіңе қол соққан Мәскеу мен Петербург, не Лондон мен Варшава емес, жүріп-тұруға, демалуға қолайлы болмас. Бірақ бұл елің, қазағың, бауырлас қандасың.

– Жарайды, әке,- деген қызының ұяң жүзінен ата-салтының лебі еседі.

Ал мен болсам, айқайлап айтып, әркімнен жалынып сұрап, өтініп жүрген имандылық деген осы ма деп қалдым.

Қожалымовтар әулеті имандылық жолында сапарда жүр.

«Орал өңірі» газеті

03.10.1992 жыл

Бригадир

Ол үйінде жоқ екен.

– Қарағым, көп күтіп қаласың-ау, таңнан кетті, осыдан қас қарая бір-ақ келеді, – дейді Ғарифолланың анасы Жұмазия шешей мені төргі үйге өткізіп жатып.

– Жазда да, қыста да неғылған таусылмайтын жұмыс екенін... Бір күні ауырып қала ма деп қорқамын. Шешей ұлына үлкен адамдарға тән қамқорлықпен зілсіз ренжіді.

Ғарифолла шеберханадан да табылмады.

– Қазір екінші учаскеге көң төгілуде. Көнді жерді тегіс жабатындай етіп, ара қашықтығын есептеп төкпесе, пайда аз ғой, бригадир механизаторлармен бірге таңертең кетіп еді, ауылға қайтпаған болар. Бұл – тракторшы Қ.Сағанаевтың сөзі.

Өңгімеге шеберхана меңгерушісі Феокист Абакумович Аблаев араласты.

– Ғарифолла мен жұмыс істеген бригадаға 1958 жылы келіп еді, – деді ол. – Ол кезде бізде ылғи ескі маркалы СХТЗ-НАТИ тракторлары болатын. Бойы кіп-кішкене Ғарифолла ілкіде тіркеушілікте істеді. Мұның өзі сол уақыттағы ең қиын жұмыс еді. Көз алдымда: трактор жер жыртса, артында тіркемеші қол күшін салып түрен аударады, егіс тырмаласа, шаңға көміліп, тырма бастырады... Бірақ қынжылыс аңғартқанын көрген емен.

Сөйлесе келе, Ғарифолла Абдошевтің кейінірек комбайн агрегатында, трактордың әр түрінде еңбек етіп, бәрін де ойдағыдай меңгеріп кеткенін білдік. Ол – еңбек жолын сонау жылдардағы темір тонды тасбақа аталатын трактордан бастаса, қазір «ДТ-54-55», «С-100» сияқты алып машиналарды меңгерген сауатты маман. 1972 жылы Ленин орденін омырауына тағыпты. Онжылдықты да сырттай оқып бітірген. Ал Аблаев осы жұмысқа ауысқанда, бригадир болып сайланды. Қарапайым әрі еңбекқор жан. Мұндайлар әрқашан сенімді ақтай біледі.

Ал Ғарифолла болса: «Менің еңбегім көппен бірдей ғана», - дейді жайымен сөйлеп. Шынына келсек, тіпті олай емес. Абдошев басқаратын бригада облыс шаруашылықтары үшін сортты тұқым өсіреді. Демек, жұмысты қалай болса, солай істеуге болмайды. Жер жырт, тұқым сеп, егін ор – бәріне де зор жауапкершілік, үлкен білім керек. Сол жұмыстың бір буынында қате жібер, мысалы, күзде сүдігер 25 сантиметрдің орнына 20 сантиметр тереңдікте жыртылды дейік. Келесі жылы жоспарланған бидайыңнан 2-3 центнер кем алдым дей бер. Топырақтың терең қабатынан нәр алмаған дән тұқымға жарамсыз, әлсіз, құнарсыз болып өседі. Сол себептен де жұмыс нәтижесі қатты қадағаланады, оның қорытындысын бригадир, есепші, кәсіподақ комитетінің мүшесі, екі тракторшы – бес адам болып шығаратыны содан. Жұмыс сапасыз болса, алатын табыс кемиді. Құрмет те, көтерме ақы да, сыйлық та жүлдегерлерде. Мұны да ескеру қажет.

Сондықтан бригададағы жиырма бес тракторшының бәрі қыс бойы агротехникалық оқуда болып, білімін көтереді.



Жұмыс процесін бәрі де жақсы біледі. Облыста бірінші болып, бригада «Жоғары егіншілік мәдениеті бар коллектив» деген атақты жеңіп алды. Бірнеше рет облыстық партия, совет, кәсіподақ, комсомол органдарының ауыспалы Қызыл туына ие болды. 1977 жылы ВДНХ-ның бас комитеті сыйлыққа үш жүз сомның кітабын жіберіпті. Демек, бригада коллективінің оныншы бесжылдықта астықты тоғызыншы бесжылдықпен салыстырғанда 47,4 мың центнер артық тапсырып, бесжылдық белесіне төрт жылда көтерілуін осынау ізденіс-талпыныстың нәтижесі деп білу керек. Бұл жерде бригадада өнімді еңбек ету үшін қажетті жағдайлардың жасалғанын да атап айтқан орынды. Мұнда сегіз бөлмелі жайлы үй бар. Диқандар бүкіл жаз бойы дерлік сонда болады. Бос уақытында газет-журнал оқиды, телевизор көреді, радио тыңдайды.

Сөз арасында бригадирдің тағы бір жақсы қырын байқадым. Ол төс қалтасынан қойын дәптерін алды да, бізге ұсынды.

– Мынаны қарай отырыңыз. Кейбір көрсеткіш, істелген жұмыс, болған оқиғаны біреу сөзбен түртіп қоятыным бар,- деді Ғарифолла. – Әншейінді есіме түспейтін нәрсе, осыған көзім түссе болды, әр цифрға дейін сөйлеп қоя береді.

Әуел баста самарқаулау көз салған біз біртіндеп үңіліп, беттерін бірінен соң бірін қалай оқып кеткенімізді де білмей қалдық. Цифрлар, фактілер, өзекті мәселелер, ойға түйілгендер, жұмыс жоспарлары. Не керек, қазіргі кез келген сауатты маманның күнделікті қолданар қойын дәптері.

Міне, кейбір жазбалар:

1976 жылы октябрь. «Казсельхозтехника». «Моторға түтік», делініп, соңында сұрау белгісі қойылған.

1977 жыл. Полищукқа түсінбей-ақ қойдым. Рас, озық тракторшы. Жақсы жұмыс істейді. Табысы да көп. Бірақ екі-үш рет сапасыз ісін көріп, ескерткенмін. Ол бүгін өзіне бекітілген учаскеде егінді өзгелерден бұрын бітіріп келіп тұр. Тексергенде, зағон бұрылыстарында үш-төрт метрден дән себілмей қалған жерлері бары анықталды. Бұл жолы жүлде берілмейді...

Кейде бір ісімен көзге түскенді көтермелей беріп, дандайсытып аламыз-ау. Сірә, әркімге ақылы мен ары сыншы болғаны абзал-ау...

1976 жыл, июнь. Жігіттердің ойы – қайткенде де көршілес «Ульянов» кеңшарындағы Овчаренконың бригадасынан озу. Кеше Николай келіп: «Олар күздік бидайды орыпты. Біз қашан қимылдаймыз?», - деп ренжіді. Жақсы ниет, көтермелеу керек.

1977 жыл, февраль. Бәріміз шеберханада сеялкаларды жөндеп жатқанымызда, диспетчер арқылы колхоздың бас агрономы маған Социалистік Еңбек Ері атағы берілгенін хабарлады. Неге маған? Табыс бүкіл бригадаға ортақ емес пе еді? Іштей қуанып тұрсам да, сол сәтте жігіттерге ештеңе айтпадым. Үндеместен, жөндеуге кірісіп кеттім. Меніңше, адам күйініш, сүйініштің екеуінде де өзін бірқалыпты ұстаған жөн.

1978 жыл. Жігіттер толқулы. Бәрі жайдары. «Үндемес» атанған Ишан да жымың-жымың етіп, езуінен күлкі кетпейді. Ақтық машина астығымен қырманнан жөнелтілді. 900 гектардың әрқайсысынан 23,8 центнердей бидай түсті. Бұл облысымыздағы ең үздік көрсеткіш деп, бас агроном жорамал айтады. Бригадамыздың табысын құттықтауға ұжымшар төрағасы да, партком хатшысы да келіпті. Автоклубтан бір топ пионерлер, жастар түсті, бәрінің қолында гүл. Бәріміз де мәз-мәйрамбыз, шатпыз. Адам өзін бақытты сезіну үшін аса көп нәрсе қажет емес-ау деймін.

1979 жыл. Деркөл өзенінен өтетін көпір іске қосылды. Жобалау институтында тез смета жасату, көпір салған құрылыс мекемесінің таусылмас сылтауын тыйғызу, маған, қарапайым бригадирге оңайға түскен жоқ. Бұл істе менің депутаттығымның көмегі тиді.

1980 жыл. Шекара әскерлерінен келген хатты бригада мүшелеріне оқып бердім. Жігіттер Андрей мен Саматтың біздің бригадаға мүше болуға тілек білдіргенін қуана қабылдады...

Осы жерге келгенде, қойын дәптерді жанымызға қойдық та, бригадирге бұрылды.

– Айтыңызшы, сонау Қытаймен шекаралас жерге қалай бардыңыз?

– Кәдімгідей,- Ғарифолла қуақы мінезіне салып, жайымен күлді. Одан әрі: – Ф.Э.Держинскийдің туғанына 100 жыл толуына байланысты Орал облысынан бес адамдық делегация барды. Ішінде мен де болдым. Шекарада екі күн болып, қазақстандық жігіттермен көп әңгімелестік. Армиядағы қызметі біткен соң, біздің ауылға келуге шақырдым бірқатарын. Міне, соның алғашқы хабары,- деді.

Ғ.Абдошевпен әңгімелесіп отырғанымызда біздің елімізде қарапайым еңбек адамына деген қамқорлық, сүйіспеншіліктің шексіз екендігін тағы да бүкіл болмысыңмен сезінесің. Қос Ленин орденінің кавалері, Социалистік Еңбек Ері, облыстық партия комитетінің бюро мүшесі, облыстық кеңестің депутаты Ғарифолла биылғы облыстық партия конференциясында ел коммунистерінің үлкен форумы – КПСС XXVI съезіне делегаттыққа сайлануы да – соның айғағы.

*«Орал өңірі» газеті
16.08.1995 жыл*

Өкініш

Өмір дегенді қойсайшы. Балалық шақтағы ауылдас құрбыммен араға ондаған жылдар өте кездесемін деп кім ойлаған?

Алып ұшпа, ақжарқын, аузын ашса, жүрегі көрінетін ақкөңіл де сенгіш әрі еліктің лағындай әдемі қызға бәріміз де қызығатынбыз. Ауылдағы жалғыз дүкеннің сатушысының қызы болғасын ба, оған қыз да, бала да үйір-ді.

Ал, қалта толы тәттіні өзі жегеннен гөрі, өзгелерге үлестіруге алып шығатын Кәмила болса, ешкімді де алаламай, бәрімізге де мөлдірей қарайтын.

Студенттік өмір басталған жылдары Ресей жағындағы апасының үйіне жатып оқымаққа басқа қалаға ауысқалы одан хабарсыз едім.

Қайран, Кәмила, үлкен қалалардың бірінде бірнеше жыл еңбек етіп, тек зейнеткерлікке шыққасын ғана, туған жерге оралған ол келе салып, ескі таныстарды іздейді.

Сәп-сәнді киінгенімен, жүзінен мұң арылмайтын балалық шақтағы өзіне еш ұқсамайтын. Отбасы жағдайын сұрап едім, ол:

– Жолдасым мен ұлым бұдан бірнеше жыл бұрын жол апатынан қайтыс болды,- деді.

Жан жарасын ауыртпайын деп одан әрі қазбаламадым.

Бірде апта бойы көрінбей кеткені. Барсам, үйінде екен. Көнектей болып ісінген бет-жүзі ауру адамның кейпіндей.

– Қай жерің ауырады? Дәрігер шақыртайын,- деймін амандықтан соң.

Ол уһілеп, кеудесін кере терең күрсінді. Орнынан тұрып, шарт түйіп орамалын байлады. Бір нәрсені сезгендей, шыны аяқ, кесе әзірлесіп, мен де ас үйге үнсіз беттедім.

Үнсіз ішілген шай да тамақтан өтпегендей, мазасыздандық. Өлден уақытта:

– Түс көріп жүрмін, Бағила,- деді ол тағы да ауыр күрсініп.
– Ай болды десем, өтірікші емеспін. Күнде түсіме ол кіреді. Қолыма ұстайын десем, кіп-кішкене, бар болғаны менің жарты жұдырығымдай ғана әрі бұлқынып ұстатпайды. Аквариумдағы балықтар сияқты кіп-кішкентай. Тап сондай ап-анық. Ол да сондай судың ба әлде сұйықтың ба ішінде. Біреу оны алып кеткісі келіп, қап-қара қолын созады, ал, ол болса маған тығылып, «Анашым, бермеші мені ешкімге!» деп шыңғырады. Тырмысып қашып, төс сүйегімнің астына келіп тығылып, саусағымен жүрегімді тырналайды. Титімдей аяғымен ана бір қап-қара қолды тепкілейді. Сырттан қарағанда иненің көзіндей ғана саусағындағы тырнақтың қаттылығы сонша – жүрегім паршаланып, жаным қатты ауырып, ұйқымнан шошып оянамын.



Ол үнсіз қалды. «Ауырып қалдың-ау, қызуыңды өлшейінші», - деймін... Ол қолын бір сілтейді. Келесі сәт жанындағы көпшікті тас қылып құшақтай сап, жыласын кеп. Мен қасына отырып, шашынан сипадым. Ойым – жылауы басылған соң, дәрігерге апару.

– Мен өте бақытсызбын,- деп бастады ол, біраздан кейін сөзін. – Сен білмейсің ғой. Тіпті, ешкім де білмейді. Студенттік өмірді бастағанда мен ғашық едім. Қалаға жаңа ғана келген кезім. Емтиханға әзірленіп жатырмыз. Көрші пәтерден шығатын аққұба жігіт оқытушы екен. Жағдай сұрасып, ақыл-кеңесін беріп жүретін. Студент атанған, қуанышқа мас болған сол алғашқы күнім-ай, ыстық құшақ та, алғашқы сүйіс те... Қыз арының күнәсіз күйігі де... Бар қуаныш әп-сәтте ес жиғызбай өте шықты. Әйелі бар адамнан жүкті болу ол кез өліммен парапар еді ғой. Қыз байғұс неге көнбеген?» Сөйтіп, тездетіп басқа қаладағы апама кеткенмін. Бар жиған-тергенімді беріп, сол жақта жасырын түрде аборт жасаттым. Ол кезде басымдағы бір ғана ой – баланы өмірге әкелмеу. Оны өмірге әкелсем, өзімді айтпағанда, ата-анам ел бетіне қалай қарайды? Қарғыс атқыр, сол заман ағымы. Санаңа сіңген «өлімнен ұят күшті» дейтін халық мақалы. Қасірет әкелген, лапылдай төгілген бұла сезім. Албырт та аңқау он сегіз жас. Кімді даттармын?.. Жастықтың бір сәттік қана жалынды отын сөйтіп сөндірдім деп ойлап ем. Қате екен. Ата жұрттан алыста жүріп майыссам да сынбадым. Институт бітірдім. Сырты бүтін, іші түтін отбасылық өмір де зу етіп өте шықты. Осы ғұмырда бармаған емшім, қаралмаған дәрігерім қалмады. Бірақ ана болу бақытын маған жазбапты. Бәріне де сол алғашқы аборт кінәлі. Жылдар өте бала болмаған соң, жолдасым басқа әйелге үйленді. Ың-шыңсыз ажырастық. Есейе келе, бір кезде тұрмысқа шықпай бала табуды ұят санаған қылығымның кешірілмес қате ғана емес, өмірлік қасіретім екенін де ұқтым. Бірақ бәрі де кеш еді. Сәбиді, ана болуды аңсағаным сонша – ана жылдары түсімде еміреніп, сәби емізіп жататын ем. Сол түстен қуаттанып, тағы сондай

тәтті түс көрсем деп ерте ұйықтайтынмын. Коллектив, жұмыс, парыз деп жүріп, қартайғанды да байқамаппыз. Жадау көңіліме жұбаныш болсын деп жетімдер үйінен бала тәрбиелеп алмақ та болдым. Бірақ «зейнеткер жасына жеттің, жалғызсың», - деп бермей қойғаны. Енді міне, ай болды түсімнен өңін де көрмей өз қолыммен өлтірген тұңғышым шықпайды. Түсімде де жылап жатып аймалағым, иіскегім, құшақтағым келеді... Бірақ ол қолға ұстауға кіп-кішкене болып ілікпейді-ау, ілікпейді...

Ағыл-тегіл жылаған, жүрегі шерге толы құрбымды жұбатарға сөз таппай, тек оның салалы саусақтарын қыса беріппін. Менің түсіністікпен қараған көңілімді ұқты ма:

– Мен оған ат та қоймаппын. Қалай ойлайсың, енді көрінгенде Арман десем бе әлде Аңсар дейін бе? Ол қыз болса, міндетті түрде Сағыныш деп атайтын едім, - дегені.

Жо-жоқ, ол ауру емес-ті... Қызуы да біркелкі. Жанын жегідей жеген қайғы мен қасірет, тағдыр деген қызыл иттің тәлкегі мен мазағы, алдағы күндердің күңгірт шарасыздығы ана жүрегіне шемен боп қатып, шер болып ақтарылғаны еді...

Ана болу әйелдің арманы ғой. Өмір-тағдыр, неге ойнадың онымен?..

*«Орал өңірі» газеті
1990 жыл*

Әкенің аманаты – ұстаздың ұлағаты

Адам өмірінің мәні мен мағынасы оның бір биік мансапты мекемеде қызмет істейтінде, ия болмаса лауазымды атақ пен даңққа ие болғанында емес, өзі өмір сүрген ортасында, адамдар арасында ақыл-парасаты, сыпайы мінезімен жан-жүректі жарып ашып, кез келгенге жақсылық ойлар қалтқысыз қарапайым қылығымен де құрметке бөленуі, осы бір өркениеттің күніне қырық құбылған кезеңінде де әбден мүмкін екен.

Жасы сексеннің сеңгірінен асса да бойын тіп-тік ұстап әдемі киініп, кезіккенге күлімсірей сөйлейтін Үміт көршіме әркез қызыға қараймын.

Егер де Сіз онымен шақырған тойға не әлдебір жиынға, не анда-санда болса да болып жататын аламан айтыс пен концерттерге бара қалсаңыз, осында келген аптал азаматтар мен салиқалы аналардың тең жартысы келіп оны құшақтап: «Үміт Хабиқызы, Сізді көргеніме қуаныштымын», – деп жөн сұрасып жатқаны. Өз кезегінде Үміт болса олардың әрқайсысының аттарына дейін ұмытпай, адал да шын ниетімен қуанып амандық сұрасып жатқаны.

Бірде оған «Сізбен көшеге шығу мүмкін емес, осы Астана адамдарының тең жартысы сіздің жақыныңыз ба?» – деп наз айтқаным бар.

Ол аз-кем ойланып қалды. Сосын риза көңілмен күлімсірей сөйлеп: «Олардың бірі де менің танысым не жақыным емес, шәкірттерім ғой», – дегені.

Күні кешегі тұлымшағы желбіреген қыз бен ұялшақ бозбаланың апталдай азамат болғанын көру қандай ғанибет?»

– Сенсеңіз, шәкірттерімді көргенде, олардың кейбір қылықтары, айтқан сөздері сап етіп есіме түсе қалады. Соған өзім де қуанып, әлдебір естелікпен оларды да қуантқым келіп тұрады, – деді байыппен.

Зулаған уақыт-ай, бәрі де күні кеше сияқты еді. Тарих қойнауында талай өркениет, қаншама заман ағымы, неше бір қоғамдық өзгерістер болды десек те, сонау ХХ ғасырда салтанат құрған қазақ жеріндегі социалистік қоғамның жалпы мақсат-мұратының бірегейі мектептерде сауат ашу, жалпыға бірдей білім беру, білімге ұмтылу, адал еңбекпен жақсылық пен жасампаздықтың іргесін қалау болды десек, еш қателеспейміз. 1952 жылы Батыс Қазақстан облысының Нарын құмымен шектесіп жатқан Фурманов (қазіргі Жалпақтал) ауданында, онжылдықты алтын медальмен бітірген Үміт Хабиқызының алдында жалғыз ғана мақсат тұрды. Ол қалай

еткенде де, республика аумағындағы жалғыз бетке ұстар оқу орны – Алматыдағы Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы университетте білім алу болатын. «Алматыға бірге барамыз» деп жүрген кластастарынан тап кетерде көлік арбаға сыймай жалғыз қалып, қатты қиналған.

Бірақ қайғы шегіп отырар оның уақыты жоқ-ты. Анасы Жұпар бұл 3 жасқа толғанда жүрек талмасынан көз жұмды. Балалық сәттегі бар көрген жақсылығы әкесінің «Жалғызым – Үмітім», - деп жанынан тастамай, ас ішкенде де алдына алып отырып тамақтандыратын аялы алақанының табы әлі есінде.

Әрине, анасы қайтыс болғасын әкесі үйленді де. Іні-сіңлілері де бар болатын, бірақ олар ол кезде тым жас еді.

«Әркім өзіне-өзі сену керек» деген ұғым оны талай қиындықтан тайсалмай өтуге үйреткен-ді. Жүк таситын вагонға отырып, әуірімдеп Алматыға жеткен жол қиындығын айтып қайтеміз.

Ауылда болсын не қалада болсын, қашанда батыллықтың өрге шығарары анық. «Батыс Қазақстан облысынан келген Қожабаева Үміт, сен барлық емтиханды беске тапсырып, конкурсқа түспей-ақ студент атандың. Ертең келіп жатақханаға жолдама ал», - деген қабылдау комиссиясындағы егде апайдың сөзі әлі құлағында.

Ешкімге айтпастан жүгірген бойы емтиханға дайындық кезінде меншіктеген Горький атындағы парктің оңашалау жеріндегі орындыққа жеткен. Отырып алып көзінің жасын төгіп жылады келіп, жылады келіп...

Мынау жалған дүниеде жүрегін кернеген қуанышын бөлісер адам да жоқ деген ой жанын жаралап жіберді. Бет әлпеті есінде жоқ анасы есіне түскені. «Анаң сұлу, әдемі еді, сенің бүкіл келбетің, қоп-қою қара шаштарың анаңа тартқан», - деп отыратын әкесі.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда әкесі әлдебір басшы қызметте істейтінін білетін. Себебі ауылдағы көптеген азаматтар үйге келіп, әңгіме-дүкен құрып, ақыл-кеңесін алып,



оның сөзін ұйып тыңдайтынын сезетін. Бір жолы әкесі ауданға барған сапарында көп етіп дәптер мен бояулар, «Өліппе» кітабын әкелді. «Биыл сен мектепке барасың. Өзім апарып 1-ші партаға отырғызып, мұғалім апайға менің қызым әріптің бәрін біледі деп айтамын», - дегені есінде. Содан бір күні ауыл іші абыр-сабыр болып кетті. Бір топ азамат арбаға мініп жатты. Бағанадан мұны тас қылып құшақтап тұрған әкесі жүріп бара жатқан арбаға секіріп мініп: «Үмітімді ертең мектепке өзің ертіп апар», - деп әлдекімге айқайлағаны да күні кеше сияқты еді. Бұл 1941 жылдың шілде айының соңы екен. Ұлы Отан соғысына Фурманов селосынан аттанған Хаби Қожабаев қайтып ауылға оралмады. Бірақ әкесінен қалған белгідей осы бір көрініс есінде мәңгі сақталып қалыпты.

«Ауырлықты нар көтереді», - дейді халық. Тәңір қуаныш пен қайғыны көтерер жанға салған ғой. Жібек мінезді, адалдықтың ақ жібін аттамайтын ақкөңіл жан еді. Аудандық қаржы бөлімін көп жыл басқарды. 1941 жылдың қыркүйегінде мектепке барған Үміт сабақты жақсы оқыды. Жазуы да түп-түзу маржандай әдемі еді. Себебі мұғалім апайы жазуыңа қарап қалай оқып жүргеніңді біліп қояды дейтін. Әкесі де үй ішіне, ағасына жазған хаттың ішіне Үмітке деп әркез бір парақ хат жазатын. Ол кезде 3 сыныпта оқып жүрсе керек, әкесіне жазған бір хатында «Басқарманың қызы сабаққа гүлі бар әдемі көйлек киіп келді. Маған да сондай әдемі көйлек әкелші», - деп жазыпты.

Балалық-ай десеңші... Араға айлар салып сол хатқа жауап ретінде әкесі: «әдемі көйлек те, қыста киетін бәтеңке де әкелемін» деп жазыпты. Шіркін-ай, бұл өмірде әкесінен алар ең соңғы хабары екенін ол кезде тіпті білген де жоқ. Хатты оқи, оқи қағаз да тозып жыртылады екен. Соғыс бітіп, хабарсыз кеткен әкесін сол хаттың сыртындағы адрес бойынша іздестіргенде, табылғанын айта келіп:

– «Құрмет белгісі» орденінің және «Ерлігі үшін» медальдің иегері №139-гвардия атқыштар полкінің рота командирі Хаби Қожабаев Калининград округі, Шаталовка селосын

фашистерден азат ету жолында қаза тапқан жауынгерлер зиратындағы мәрмәр тақтада әкемнің есімі алтын әріппен мәңгі жазулы тұр,- деп перзенттік мақтанышпен еске алады әкесін Үміт Қожабаева.

Есейіп, оң-солын таныған кезде жүрегінің түкпірінде «әкем кім болды, не жұмыс істеді, қандай адам болды?» деген бір сұрақ оған маза бермейтін еді. Содан Батыс Қазақстан облыстық архивіне және аудандық архивтерге әкесі туралы сұрау салып, хат жазған еді. 1995 жылы азғантай болса да деректі хабар алады. Ол Фурманов ауданы №7 Балықшы округінің бастауыш мектебінің директоры Хаби Қожабаевқа аудандық советке депутат болғанын растайтын №1 куәлік берілгендігі туралы ақпарат еді. «Анау төрде тұрған суреттегі жап-жас жігіт – менің әкем», - дейді Үміт апа мейірлене қарап. Куәліктегі суретін үлкейткенде депутаттық куәлікті де бірге үлкейткен екен. Өз анасынан қалған белгі жоқ, ал әкесінен қалған қымбат әрі бейне – жалғыз осы сурет.

«Көп жылдан бері 9 мамыр – Жеңіс күні қызым Маржан атасының әруағына арнап соғыс және еңбек ардагерлерін шақырып үлкен мейрамханада 100 адамға дастархан жайып сый-сияпат көрсетіп жүреді. Біздің қолдан келер жалғыз шара ата-ана есімін еске сақтап, әруағына бас ию», - дейді Үміт күрсініп.

...Өмір дегенің үздіксіз ағып жатқан өзен екенін кім білген? Құмды ауылдың жатаған үйлерінен артық жер жоқтай, Үміттің масайраған балаң көңілі Алматыдай алып шаһардың тұрмыс-тіршілігіне де тез көндікті.

«Әке арманын орындап, жақсы ұстаз болсам» деген мақсат Үміттің өмірінің өзегі еді. Жуан бұрымы тілерсегіне түскен ұяң да сабырлы қараторы қыз талайдың жүрегін шоқ болып қарыса да, студенттік кезеңде қыдыру мен серуеннен бойын әркез аулақ ұстайтын. Бірде кітапханадағы әлдебір кітаптан Кеңестер Одағындағы атақты педагог ғалым В.А.Сухомлинскийдің «Мұғалім мамандығы бұл – адам тану, адамның күрделі де



қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан-дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік – даналықтың бір түрі», – деген дәйексөзін оқығаны бар. Оқуда да әкесінің айтқанын орындап, ұстаздық мамандықты меңгеретініне қатты қуанған.

1957 жылы Киров атындағы университеттің физика-математика факультетін үздік бітірген Үміт Хабиқызы Қожабаева Ақмола облысы, Қорғалжын ауданындағы №1 орта мектепке жолдамамен ұстаз болып келді. Үміт алғашқы ұстаздық жолын бастаған осы білім алатын №1 аралас мектеп еді. Онда қызмет істеген сан алуан ұстаздар мен білім нәрінен сусындаған шәкірттер қауымы, олардың тума-туыстары мен ата-аналары туған бауырындай болып, ол бүкіл ғұмырына жалғасатынын білген жоқ.

1996 жылы Үміт Хабиқызы зейнет демалысына шыққанда, еңбек кітапшасында бір ғана жазу болды. Ол – №1 Қорғалжын орта мектебінің физика-математика пәнінің ұстазы, осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі, соңғы жыл бойы – осы мектепте директор.

Әр адамның өмірде алар орны, атқарған міндеті, тіршілікке әкелер пайдасы тағдыр атты тақтаға жазылған деседі. Тек өзіңе өзің келе бастағанда әр ісіңе есеп бер. Жақсы мен жаманды, адал мен арамды, ақ пен қараны ажырата біліп, жас ұрпаққа пайда әкеліп, жақсылық нұрын себе жүр. Ол ғарыштан бақылайтын бір құдірет күші бақ пен соруыңа орай әр істі орайластыра қоятынына әлдеқашан сенген.

«Кездескеніміз қандай жақсы болды. Мен де Орал облысы, Жаңақала ауданының азаматымын», – деп таныстырған Елемес атты жас жігітті өзінің өмірлік серігі болады деп алғашқыда ойламапты да. Ол – бір мекемеде бухгалтер. Бұл – ұстаз, жас маман.

Танысқандарына көп уақыт өтпей-ақ «Анам жасымда көз жұмды, әкем Ізбас соғыста хабарсыз кетті. Жақындарымды жағалай жүріп ер жетіп, еңбек жолымды ерте бастадым. Өмір бойы аялап өтуге ант берейін, маған тұрмысқа шық», – дегені.

Сөйтіп, 1958 жылы Қорғалжында дүркіреп бір той өткен.

– Алаңсыз жұмысыңды істеп, жора-жолдас, дос-құрбылармен қалтқысыз араласып, не киемін, не ішемін, не айтамын деп кібіртіктемей аңқылдап күліп, жарқылдап жүріп өмір сүру – әйелдің бақыты. Сол бақытты Елағаң маған өмірден өткенше сыйлап өтті,- дейді Үміт азаматын еске алып.

Ынтымағы жарасқан осы отбасында Қорлан, Маржан, Еркін, Эльвира атты перзенттер дүниеге келді. Балаларын аузына тістегендей аялап өсіре жүріп, Елеместің өзі де өсті. Партияға өтті. Сырттай оқып, институтты және жоғарғы партия мектебін бітірді. Өзінің біліктілігі, еңбекқорлығы арқасында көп жыл Қорғалжын аудандық қаржы бөлімін басқарды. Дос-жаран, тума-туыс десе, аузындағысын жырып беретін жомарт еді. «Батыстағы Нарынның аппақ құмдары-ай, шіркін! Құрманғазы мен Динаның күмбірлеген күйлері-ай!»- деп туған жеріне жиі барып, онда қалған ағайын-туыстары Меруерт пен Зинат Мұханқызымен жиі хабарласатын. Қазақ еліне сіңірген еңбегін бағалап, жерлестері «Жаңақала ауданының құрметті азаматы» деген атақты бергенде қатты қуанған.

Байсалды, аңқылдаған ақ көңіл еді. Бірде қолында газеті бар үйге жүгіріп кіргені. «Сүйінші! Қызымыз азамат болып елдің алғысына бөленіп жүр екен», - дейді масайрай қуанып. Ол кез Қорлан да, Берік те, Эльвира мен Маржан да институтты бітіріп, өз алдарына отау тіккен кездері еді. Тұңғышымыз Қорлан көрші ауданда тұрмыста, емдеуші дәрігер еді. «Көрдің бе, емдеуші дәрігер Қорлан Елемесқызы шопандар отбасындағы ауру ананың қасында үш күн болып, емдеп, ажалдан аман алып қалыпты. Соған риза болған адамдар облыстық газетке ұзақ етіп өлеңмен мақала жазыпты. Әсіресе, мына жолдарын оқышы:

Бір анасын аман сақтап,
Он баласын бақытты етті.
Дәрігер деген атты ақтап,
Қорлан осылай қызмет етті, –депті дейді қуана».



– Елағаң өте ұқыпты болатын. Ұл-қызының мектепте алған мақтау қағаз, алғыс хаттарын жинап сақтап қоятын. Мына өлеңді де фото альбом ішіндегі Қорлан суретінің қасына орналастырған екен. Бұдан 20 жыл бұрын болған оқиға ғой. Газет қиындысы сурет қасында әлі тұр, - дейді Үміт қамыға сөйлеп.

Мен зейнет демалысына шығып, аз-кем қолым босаған кез еді. Маржанның ұлы, жиеніміз Арыстан жетіге толған. «Сабақ басталғанша Арыстанға туған жерді, Ақжайықты, Нарынқұмды көрсетемін», - деп жоспарлап жүретін. Билет алып келіп: «Немереміз қасымызда, екеуіміз жақсы демаламыз, ауылға кеттік», - деді. Туыстарын аралап, Батыстың тарихи жерлерін тамашалап, анасының зиратын жөндеп, ертеңіне «үйімізге қайтамыз» деп пойызға отыруға шыққанбыз. Машинаға отыра бергенде жүрегі қысылып, машинадан қайта түсті. Күн аптап ыстық еді. Облыс орталығындағы ауруханаға жетуге 15 шақырым жер қалғанда жүрегі тоқтады. Құдайым басқа салмасын. «Кім көрген мұндай қайғыны... Арысымның өлі денесін қалай елге, балаларына жеткіземін?» - деп дал болдым. Өзі адамдарға көп жақсылық жасайтын. Қиналғанның әркез қасында болып көмектесетін. Сол ісінің қайырымы қайтты ма деймін. Мен немерем қорқып қалмасын деп соның қасында болдым. Ел азаматтары әп-сәтте ақылдасып темір табытты да, ұшақты да тез ұйымдастырды. Әсіресе, генерал Бекболат Мұқышев деген азаматтың сол сәттегі қамқорлығын ұмыту мүмкін бе? «Өмір дегенің бір сәттік сәуле екен ғой», – деп үлкендердің айтатыны осы екен. Арыстай азаматым тілге де келе алмай көз алдымда жан тапсырды, - дейді ол аналардың құдай ісіне шыдамдылықпен төзетін сабырлы қалпын сақтап, күрсіне сөйлеп.

Қарапайым халықтың адал еңбегі елеусіздеу қалатын қоғамда өмір сүрудеміз. 49 жыл ұстаздық еткен Үміт Хабиқызының үкімет тарапынан алған орден, медальдары жоқ. Дегенмен оның есесіне республикалық, облыстық,

аудандық білім басқармалары берген мақтау қағаздары мен құрмет грамоталары көп, оқу ісінің үздігі, 1-санатты ұстаз деген куәліктері де жетерлік.

– Бірде,- дейді Үміт әлдене есіне түскендей күлімсірей сөйлеп. – Зейнет демалысындамын. Бұрынғы Целиноград қаласы Ақмола атауын қайтарып алып, одан кейін Астана атанып, «Бәйтерек» бой түзеп мәре-сәре болған уақыт. «Үміт Хабиқызы!» деген дауысқа жалт қарасам, алдымда Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, профессор Ақмырза Рүстембеков тұр. Ол менің шәкіртім ғой. Бұрынғыдай ұялу, қымсыну жоқ, келе мені құшақтап амандасып жатыр. «Мына Бәйтеректі орнатудағы құрылыс жұмысының бәрін мен басқарған топ жүзеге асырдық. Қасымда сіз білмейтін керемет сәулетшілер Сүйірхан Оспанбеков, Өмірхан Қамбарбеков атты достарым болды. Неше түрлі қағаздағы сызықтар мен нүктелерді сөйлетіп, іске асыру оңай болған жоқ. Қиналған сәттерімде сіздің «Ақмырза архитектор болады» деп айтатын сөзіңіз барлық оқу-білім, ақыл-баталар сияқты есіме түсетін. Сөйтіп, қиын істің тетігін қайтсем де табамын деп қайсарланатынмын. Ақыры бәрі де сәтті болып келеді», - дейді ол. Сол күні «Бәйтерек» монументін шәкіртім Ақмырза өзі бірге жүріп, тегін аралатқан еді, - дейді ол күлімсіреп.

«Бала жаны – балауыз, қалай бұрсаң, солай бағытталады» дейді халқымыз. «Тәрбиеші – бала жанының бағбаны» деп те тегін айтылмаған болса керек... Оны тек біз әр кезде есте сақтай береміз бе?!.

Ширек ғасыр ұстаз болып, өмірдің тәттісін де, қаттысын да, ащысын да бастан кешіп, тәжірибесі мен тәлімі талай ұрпаққа өнеге данагөй ана – Үміт Хабиқызы Қожабаева! Ұл-қыздары отбасылы болған. Қорлан, Маржан, Еркін, Эльвира атты ұл-қыздарының ортасында бақытты өмір кешуде. Немересінің алды Арыстан Америка жеріндегі Канада штатында әйгілі университеттердің бірінде 5 жыл оқып экономист-менеджер дипломын алып, жұмысқа орналасты. Қалған немерелерінің



де университет бітіріп, жұмыс істеп, отбасылы болғандары бар.

– Тап қазір 10 немере, 5 шөбере «әжелеп» алдыма келгенде, қанша жасқа келгенім есіме түседі,- дейді ол күле сөйлеп.

Біз бір дәуірдің немесе тұтас бір өркениеттің бастауында тұрмыз. Бүгінгі жас ұрпаққа Үміт Хабиқызы: «Көрегендердің болжауынша, қазіргі заман істеген ісіңе жауап беру уақыты екен. Қолдарыңнан келгенше өзгелерге жақсылық жасап, қиянаттан аулақ болыңдар. Тәңір дүниеде жақсылық нұрын себе білген жанның ғана жолын ашады. Әрдайым сол естеріңде болсын», - деп әркез ақылын айтып отырады.

Үміт Хабиқызы бүгінде тамырын тереңге жіберген, бұтағы мен жапырағын жайған бәйтерек секілді. Тәңірім, жақсы жандардың жарқын ісін әркез қолдай көр!

«Төртінші билік» газеті

16.08.2019 жыл

«Теңіз тамшыдан құралады»

Бұдан 60 жыл бұрын, осынау бейбіт күн, нұрлы аспан, жарқын да шатты өмір үшін біздің ата-бабамыз қан төгіп, талайы ұлы шайқаста өмірін қиып тұрып, теңсіздік әлемінде Бақыттың, Бостандықтың туын тігіп жаңа заман орнатты.

Октябрь таңы, Совет елі – бұл ғасырлар бойғы адамзаттың арманы. Сол арман төбемізде алқызыл туын желбіреткелі 60 жыл. Содан бері ғарыштап өзгерген елдің байлығы мен жетістігін былай қойғанда, бақытты заман лебінің самалын еркін жұтып өскен адамдары туралы қалай айтпассың?!

Ал теңсіздіктен, қорлық пен зорлықтан көз аспаған әйелдер өмірінің өзгерісі – біртұтас тарих.

Бұлардың бәрі де – Октябрь нұрының шапағаты. Аппак ниетке, ізгілік пен пәктікке, арман мен мақсатқа толған күнәсіз

жүректер. Қанатымен су сепкен қарлығаштай еткен еңбек, төккен терімен олардың әрқайсысы да баянды бақыт үшін күш қосып жүр.

Сондай-сондай абзал ана, аяулы апа, саналы еңбеккер қалада да, далада да өзімізбен бірге.

«Жаңарған өңір» газеті

1977 жыл

Сөре сырын меңгерген

Халыққа сауда қызметін көрсетудің сан түрлі саласындағы қызметкерлердің атқаратын зор істері бар, оларға қойылатын талап та ерекше. Егер де «Бірлік» жұмысшылар кооперациясының басшыларынан «тұтынушылардың әркез алғысына бөленіп, жыл сайын тауар айналым жоспарын артығымен орындап жүрген бір сатушыңызды атаңыз?» десе, олар бірден «Сәлима Мұратова», - дер еді.

– Иә, мұның жөні бар. Себебі бір жыл, екі жыл, үш жыл емес, Сәлима – ондаған жылдар бойы халыққа деген қалтқысыз қызметімен бірдің-екінің емес, елдің сеніміне ие болып келе жатқан жан. Оған дәлел – халықтың талап-тілегін орындау кітапшаларындағы ондаған адамдардың алғысы, өткен күндер елесін сақтап тұрған анау шкафтағы тауар айналымының орындалуын қаттаған қалың-қалың папкалар.

Тіпті тұтынушылардың емес, екі-үш сатушының әңгімелесіп тұрғанынан да естігенім бар.

– «Мені Сәлима апайдың қарауына шығарыңыз», - деп өтініп ем төрағадан. Қайтер екен? (Бұны айтқан сатушы Жасалма Дағарова).

– Неше рет тексеру болса да, не ақша, не зат артық-кем шықпайтын осы магазин мені қызықтырады. Өрі артық-ауыс сөзі жоқ, өзі де сеніп, өзгеге де сенім білдіре алатын колектив басшысымен қызмет істеу қандай ғанибет. (Клара Борашева).

– Ия, бәрің сұранасың, оған орын қайда? Мен істеп жүрген жерімнен сүйресе де кетпеймін. (Бұл Меңзипа Билялованың ағынан ақтарылғаны).

Онымен жұмыстас болған жандар өз бойына сауда тәртібінің жөн-жосығын ұқсын, не адамдармен сөйлесу, ұғысу сырын үйренсін, әйтеуір жанына бір жақсылықты дарытады.

Тап-таза жиылған азық-түлік дүкенінде тұрмыз. Сөрелерде әртүрлі азық-түлік тағамдары. Сәлима апай келушілерге помидор өлшеп жатыр.

– Апа, сауда қалай?

– Жәйлап қой.

Ол көзілдірігін қайта түзеп, үнсіз төмен қарайды. Сосын барып жұмсақ жымыып:

– Тауар айналым жоспарын орындағанмен, халыққа қажетті сары май, үнді шайы, варенье дегендер көп түсе бермейді. Ал жұрт мұны көп керек етеді. Сондайда біз қиналып қаламыз,- дейді. Сосын соған өзі жауапты жандай ұяла күлімсірейді. Сол сәт оның шын сөзінің куәсіндей ақсары жүзінде егде адамдарда көп бола бермейтін алқызыл нұр ойнайды...

Қайшы мен тарақ алмасып...

Кейде сарылып қағаз жазып, шұқшиып әлдене есептеп жатқан кеңсе қызметкерлері арасынан мынандай әңгіме естисіз.

– Қазір Мағрипаның кезегі екен. Шашымды қидырып келгенім,- дейді біреуі.

– Әй, бәсе сәп-сәнді болып қалыпсың-ау! – дейді екіншісі.

– Он минутқа ғана рұқсат етесіз бе, мен де барып келе қояр ем,- деп бөлім бастығынан үшінші біреуі өтініп тұрады.

Бұл – жәй осы аудандағы көптеген азаматтарға таныс және де өмірдің күнделікті қаракетінен туған заңды құбылыс. Тек көпшіліктің сондай ілтипатына ілігуге екінің бірі жете бермейді.

Аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының шаштаразы Мағрипа Байкенова бірнеше жылдан осындай құрметке қалтқысыз ие болып келе жатқан жан.

Бұдан он үш жыл бұрын жора-жолдастары топ-тобымен институт, техникумдарға құжаттарын тапсырып жатқанда, Мағрипа ешқайда алаңдамастан, Оралдағы шаштараздар даярлайтын алты айлық курсқа түскен. Міне, содан бері де талай жылдардың беті парақталды. Мағрипаның өмірінде де талай өзгерістер болды. Тек қана бір нәрсе өзгерген жоқ, ол – Мағрипаның өз жұмысына деген қалтқысыз көңілі. Содан болар күнделікті қауырт жұмысы бастан асса да, ол өз кезегін күтіп отырған зал толы адамдарға өзімшілдік мінез көрсетіп көрген емес. Қайта өз қимылына, өз ісіне сүйсінгендей, ондайда ерекше сенім, бір ілтипатты сезіммен көңілденіп, әр адамның кескін-кейпінің ерекшелігін дәл тауып, қолындағы машинкасы, не тарағы кезек ауысып, өзіне ғана түсінікті бір әлемге кіріп кететін.

Ауылдық кеңестің депутаты Мағрипа айлық тапсырманы 120-130 проценттен кем орындап көрмеген, коллективте үлгілі. Екі-үш жылдан жұмыстас болып келе жатқан Баян Мақатова, Клара Үмбетовалар Мағрипаны әр сәт ақылшы санайды. Адамға сұлулық сыйлаған жан осы – Мағрипа.

Иә, бұлар туралы әлі де көп-көп айта беруге болар да... Олар талантымен жарқырай көрініп, елді еріксіз аузына қаратқан дарын немесе көзсіз ер, батыр да емес, тіпті өзгелерге үлгі етер орден, медальдары да жоқ. Бірақ «Теңіз тамшыдан құралады» дегендей, Октябрьдің осынау ерен жеңісінің баянды болуы үшін әр күнін, сағатын, ай, жылдарын, бар ынта-жігерін халыққа қалтқысыз қызметке арнағандар, олар – қарапайым еңбек адамдары. Ондай жандар күнделік өмірімізде ондап, жүздеп кездеседі. Бұлар солардың бірі ғана.



Мерейлі де мейірбан ұстаз

Көбіне түс қайта жұмысқа келе жатып, онымен кезігіп қалам. Ол ешуақытта жалғыз жүрмейді. Үйлері сол жақта ма, әлде әдейі бара ма, сүйрете ұстаған сөмкелерінен өздері сәл биік бүлдіршін қыздар қоршап келе жатады оны. Олар жапатармағай бір нәрсені айтып күлісіп, бірін-бірі ойнап итерісіп, апайының қолынан ұстап жүруге таласып, соған өздері де мез, апайлары да шат, мәре-сәре келе жатады.

Тап сол сәтте көрсе, апайдың тұтастары «О, Фарида өзінің «нөкерімен» келе жатыр» деп сүйсіне күліседі.

Бұл көрініс жай сабақ басталған кездегі жаздың аптап ыстығында да, күздің лайсаңында да, тіпті қыстың үскірік аязында да айнымайды.

Шынын айтсақ, Фарида апай жанымызға бір бала жақындаса, «олай жүр де былай жүр» деп тарынатын бізге де, оқушылармен өзінің арасына бір қатал сұс ұстайтын бастауыш сыныптың кейбір кірпияз мұғалімдеріне де ұқсамайды. Таптаза бала көңілін қалтқысыз түсіне білгендерге бала да жақын жүреді-ау шамасы. Сәп-сәнді киім киінісі, жеп-жеңіл жүріс-тұрысы, көзінде ойнап тұратын бір мейірімді отты ұшқындар өзіне жарасып тұратын Фарида апайға қарап, елуге келіп қалған дегенге сенгің келмейді. Бірақ бурыл тартқан шашы, жиырма бес жылға жуық ұстаздық өмір жолы ұзақ жылдар қызметінің қалтқысыз айғағындай.

Міне, мектептің кең дәлізінің бір шетінде бір топ оқытушылармен күлісе әңгімелесіп тұрған апайға қарап тұрып ол туралы қызметтестерінің айтқаны еріксіз есіңе түседі.

– Фарида Ғазезқызы Ахметова біздің коллективтегі көптеген оқытушыларға жасы жөнінен де, үлгі-өнегесі жөнінен де ұстаз есепті (мектеп директоры А.Мусиннің сөзі).

– Жүрген жері ән-би, үлкенмен де, кішімен де тіл табысатын Фарида сияқты адамдар өте сирек қой. (математика пәнінің оқытушысы Жанат Нұрымғалиеваның айтқаны).

– Мен алғаш әліппені Фарида Ғазезқызынан оқығам. Өзіме-өзім келдім. Он жылдықты, содан кейін институтты да бітірдім, істегеніме де екі-үш жыл. Сонда да Фарида апайдан оқып үйренуді жаңа бастағандаймын. (бастауыш сынып мұғалімі Зоя Бабаеваның сөзі).

– Мен апаймен қанаттас сыныпта сабақ оқытам. Былайша айтқанда, жарыстас сияқтымыз. Оқу үлгерімі, оқушыларымыздың тәртібі жөнінен, жарыстас адамның өзіңнен тәжірибелілеу, білімділеу болғаны кісіге күш, жігер және сенім бітіртеді екен. (3 «Б» сынып мұғалімі Әсима Өтеуованың айтқаны).

– Фарида апай өзі туралы ештеңе айта да қоймайды. «Бізде айтатындай не болсын? Мен қарапайым мұғаліммін ғой», - дейді ол. Шыны да солай-ау. Иә, қарапайымдылық осындай болсын да!

**«Даналық пен түсіністіктің үлгілері»
немесе философия ғылымының докторы
Т.Х. Рысқалиев туралы ой-толғау**

Полигон жиегіндегі Тереңқұдық ауылында жас отбасы Бақыт пен Қаламқас сол күні мәре-сәре қуанышты еді. Себебі тұңғыштарына азан шақырып, ат қойды. Таңдағандары ұлына Тілекжан, қызына Полина атты есімдер. «Неге олай?» деп сұрағандарға «Тілекжан деген баламның досының аты, облыста үлкен оқуда, ал Полина дегені сол жігіттің ғашық қызы екен, ауылда күтіп отырған көрінеді», - деп Назира әжеміз әңгіменің тоқ етерін бір-ақ айтқан. Бұл сонау 60-жылдардың басы еді. Өздерін көрмесем де ауыл әжесінің айта салған қарапайым сөзі жадыма жатталып қалыпты.

Ауыл адамдарының жөн-жосықты, әдет-ғұрыпты ата-салт пен адамшылықты білгіштігі әрі жаны ізгі деп санаған адамдарына сырттай жаны ашып, жақсылық тілеп жүретін



мәрттігі, қарапайым күй кешкен қала халқын он орап алатынына өз көзім әлдеқашан жетті. Сол жылдары алақандай ауылдағы үлкеннен жас жеткіншекке дейін оқулықтарда кездесетін Киев деген үлкен қалаға философия деген оқуға кеткен Тілекжанды да, оны ауылда Қыз Жібектей күтіп қалған Полинасына да қызыға қарап, тілектес болып жүргенін талай естігенмін.

Желмаядай жүйтікпен уақыт-ай!.. Содан бері талай оқиға көмескі тартты. Талай тағдыр тәлкекке түсті. Талай азамат морт сынды. Айға ұштық. Ғарышты меңгердік. Әлем оқиғасы үйге енді. Жер-ананың қарыс-сүйем жері де сан түлеп, талай солды. Ал, алысымыз жақын, жақынымыз тым алыстап кеткен кезеңге іліккелі де қашан?!

Жақында Тілекжан Хасенұлы Рысқалиевтің «Даналық пен түсіністік» атты кітабы қолыма түскені. Иә, сол Тілекжан 1957 жылы Жаңақала ауданы, Новая Казанка селосында онжылдықты бітірген Нарын өлкесінің төл ұлы. Кітапты бір-екі рет оқыдым. Тілі жеп-жеңіл, әнге ұқсас әдемі де ақылды сөздер легі түсінікті болғанымен, сағымдай сусып қарапайым ойда тұрақтамайды. Қайталап оқисың, оқысаң да бұдан бірнеше ғасыр бұрын әлемдік ұлы ғұламалар Платон мен Аристотель, Эпикур мен Кант, Сократтың айтқан ақыл-ойдың мәні мен мағынасы бұрынғыдан да тап қазір күнделікті қажеттілікке айналғанына таң қаласың. Кітапты оқығаннан кейін XX ғасыр – коммунизм ғасырында өмір сүрдік деп бөркімізді аспанға атып жүргеніміздің өзі жай ғана пендешілік пиғыл екенін анық түсініп, өткен өмірге өзегің өртенеді. Әйтпесе, кез-келген мектептегі қазақ баласына сол Тілекжан жазған даналық кітапты жүйелі түрде оқытсақ, бәрі де түсінеді, ұғады. Одан тәлім-тәрбие алады. Өттең, ол кез біз үшін даналық дәстүр жабық екен.

Ал, Тілекжан ғалым болса, әлемдік ғұламалармен кәдімгі қазақ тілінде әңгімелескен.

Қаланың қақ ортасындағы ғалымның пәтерінде Полина апамен шай ішіп отырмын.

– Ойпырмай, мына кітаптың бәрін 8-қабатқа қалай шығарасындар?- деймін төргі үйдің тұтас қабырғасын алған кітаптарға қарап.

– Е, ағаңның өмір бойы жинаған дүние-мүлкі ғой,- дейді Полина сылқ-сылқ күліп.

– Небір құнды қазыналар бар екен.

– Киевте 5 жыл, Алматыда аспирантурада 3 жыл бір бөлмелі жатақханада балалармен тұрған кезде қояр орын болмай, сирек кездесетін кітаптарды соңынан алармын деп апта сайын ауылға почта арқылы жіберіп жататын. Жақсы кітапты қайырып кім берсін?! Мынау соңынан жинағандары ғой,- дейді Полина оны азсынып.

Иә, сол менің бала кезімдегі Қыз Жібек пен Төлегендей адал махаббат иелері Тілекжан мен Полинаның аққұба жүзінде әлі де егде әйелдерде көп кездесе бермейтін алқызыл нұр ойнайды.

Шынын айтсам, Тілекжан Хасенұлының кітабын оқығалы тынышым кетті. Даналар дәрісінің өміршеңдігіне, түсінігіне таң қалдым. Таңдандым. Менен басқалар мынандай бай мұрасы бар кітапты естіп, оқып, білді ме екен деп ойладым. Білсе, неге үн қоспай жатыр деп күдіктендім. Облысымыздағы жалғыз философия ғылымының докторы атағын алған азамат – кешегі ауыл баласы, жерлесім екеніне мақтандым. Сол мақтанашты оқырманмен бөліспек оймен ақ қағаз алдына отырдым. Бірақ ойым оңға, санам сан-саққа бөлініп, айтар сөздер ұстатпай қойғаны. Мен тіпті, философия деген сөздің мағынасын да білмейді екем. Тілекжан жазған кітапқа үңілдім. Онда былай депті: «Философия» ұғымы гректің екі сөзінен құралған: «фило» және «софия» тура мағынасында даналыққа құмарлық. Ежелгі гректер даналықтың мән-жайын түсінген, даналыққа ден қойған, бірақ біздер «данамыз» деп кеудесін кермеген. Керісінше, даналықтың сирек құбылыс екенін ескертіп, оны құдайға ғана тән деп білген, өздерін даналыққа құмар, даналықты іздеушілер деп санаған (Т.Х.Рысқалиев. «Даналық пен түсіністіктің үлгілері». 11 бет).



О, құдірет!.. Даналар туралы қалам тартып кім көрген?!

Бірде балаларына келіп жүрген Жаңақала ауданы, Новая Казанка селосының тұрғыны сол өңірде көп жыл шаруашылық басшысы болған, Бейісов Сырым ағамен кезігіп қалғаным. «Қатар өстіңдер, осы Тілекжан Рысқалиев қандай жан?»- деймін оған өзімсініп. Сырым аға:

– Тілекжан ол өзіміздің азамат қой. Алған білімі, көрген, естіген, ойға тоқығаны өз алдына, жүрген ортасының өзі ығай мен сығай оқымысты адамдар ғой. Сонда да Тілекжан ауылға келгенде шаң-шаң болып ойнап жүрген кішкене балаға дейін көңіл бөліп, оны көтеріп, маңдайынан иіскеп, жөн сұрасады. Сонда ол оны емес, оның әкесін де емес, сол кішкененің атасымен бірге оқыған, не бірге өскен болып шығады. Кез келген ауыл азаматы ондай қылыққа бара алмайды. Қарапайымдылық ұлылықта жатса, Тілекжан – міндетті түрде ұлы адам,- деді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының орынбасары Жамбыл Қапезовтың сөзінен:

– Осы жаңалықтардың жақсы адам болса біздікі деп иемденетініне таңым бар. Тілақаң – Орда өңірінің түлегі. «Сонау 1943 жылы Сайхыннан 50 шақырым жердегі Шоңай бекетіне немістер бомба тастағанда ата-анам бомба астында қалған еді», - деп күншілік жерге жаяу жүрген осы Тілекжан деп ауыл адамдары аңыз қылып айтып жүретін. Онда ол 1 сыныпта оқиды екен. Партия мен үкімет жастар техника тілін меңгеріңдер деп үндеу тастағанда бір топ жасқа басшы болып Сайхында бір жыл оқып, тракторист мамандығын алды. Орда топырағында түрен салып, жер жыртты. Тап қазір Айжан атты қарындасы, Шәкір деген інісі Сайхында тұрады. Сондықтан ғалым-философты Орда өңірі өз ұлым деп мақтануы орынды,- дейді ол шынымен қызынып.

«Жақсыда жаттық жоқ» дейді. Рас болар, «Тілақа осы философияны мамандық етіп алуға не себеп болды?»- деймін бірде онымен кезігіп. Ол көңіл күйінің арғы түпкірінде жатқан

әлдебір ойды айтсам ба, айтпасам ба екен дегендей үнсіз қалды. Сосын тағдыр, жазмыш, себеп-салдар дүниеге келген әр адамның қоғам алдындағы өмір жолындағы атқарар міндеті мен мақсатына біраз тоқталып, жалпылама ой айтты. Менің санама жетпеген сан сұрақ жауапсыз қалғанын сезгендей, «Шынын айтсам, мамандық таңдауыма қазақтың киелі қара сөзі қатты әсер етті», - деп бір түйді.

Иә, сол бір кезеңді еске алу оңай да, айту қиындап кеткендей. Бірақ өмір, тағдыр бәрібір ешнәрсені де ұмытуға жол бермейді-ақ. Онжылдықтан кейін тракторист мамандығын меңгеріп, үш жыл солдат болып, азаматтық борышын атқарып, өмірде шыңдалып, елге жаңа келген кезі еді. Жұмыс істейсің бе, оқисың ба, алда жол ашық.

Бірде шырттай киініп, көптен хат жазысып тұратын сүйген қызын киноға шақыруға үйіне барғаны. Кездейсоқ қақпа алдында болашақ қайын атасына кезігіп қалды. Кәнігі қария бұрын көрмесе де, оны бірден таныған. Таныған да бірден төрге отырғызып, дастархан жайғызды. Оңаша бөлмеде екеуден екеу әңгіме-дүкен құрған сол кеш естен кетер ме?! Өзі өлең шығарып, қазақ халқының ақын-жыраулары Асан Қайғы, Қорқыт, Мөңкенің толғау жырларын жатқа білетін. Сырым мен Қараштың шешендік сөздерін қиыстыра айтатын, данагөй қария ауылдағы тұтынушылар одағының бастығы болып қызмет атқарса да, ата-салтты берік ұстаған, аузы дуалы жан-ды. Ес біле бастаған кезден-ақ кереғар заманның қатігез қылықтарын көзбен көріп өскен ол ана тілінің, ата салттың, даналық дәстүрдің жоғалып бара жатқанын жанымен түсінетін. «Ал ертең жоғарғы білім алып, инженер, мал маманы не дәрігер боларсың. Тамағың тойынып, үстің де бүтінделер. Ал одан қазақ ұлты не ұтар?» деген ол сұрақты төтесінен қойып.

Содан кейін ойын жалғап:

– Ел ішіндегі көнекөз қариялар көз жұмып, сөз ұғар адам азайып, даналық дәстүр жойылып барады. Оған жанашыр адам табыла ма? Аздан кейін егер маған бала боламын десең, даналық дәстүрден қол үзбе,- деп тоқетерін бір-ақ айтқан.



Данагөй қарияның сөзінің септігі ме, сол 1961 жылы Киев қаласындағы Тарас Шевченко атындағы университеттің философия факультетіне емтихан тапсырып, жолы болды. Оны үздік бітірген ол Алматыда, Ғылым Академиясында қызмет істей жүре медицина, технология институтында философиядан сабақ берді. Осы орайда, академик Жабайхан Әбділдин: «Сенің лекцияларыңды өзгелердің ынтыға тыңдайтын себебін білесің бе? Сен қостілді мамансың. Орысша айтарда қазақша ойлайсың. Қазақ ұлтының дана сөздері әркез ойыңда тұрады. Сондықтан сенің сөзіңнің дәмі өзгеше,- дейтін.

«Әлемде парыздан артық қуатты қозғаушы күш жоқ, болмайды да» деген екен қазақ батыры Бауыржан Момышұлы. Ел түгілі, ата-ана парызын өтей алдың ба, жоқ па? Көбіне өз өмірімізге есеп те бере бермейміз. Бірақ Тілекжан Хасенұлының философия ғылымының докторы деген атақты қорғар жолында дүниеге келген «Даналық пен түсіністік» атты кітабында Жаңақала өңірінде өмір сүрген данагөй қария Бектасов Әйіп қарияның толғаулары мен жырларына, айтқан әңгімелеріне тұтастай екі парақ орын беріліпті. Сөйтіп, Әйіп атамыздың толғаулары мен шешендік сөздері Платон мен Аристотель, Сократ пен Канттың ілімімен, Абай мен Махамбеттің жырларымен қатар тарих толғауына еркін еніп, XX ғасырдан әрі асып, болашақ игілігіне жол алды. Әлде ұрпақтар жалғастығы деген осы ма?!

«Өз тұрмысыңнан өзің жоғары тұр. Аш өзегің үзіліп бара жатса да, біреудің несібесіне көзіңді алартпа». Бұл – оның өмірлік қағидасы.

Тапқан табысы кітап сатып алу мен дос-жаранды сыйлау, ұл-қызының керек-жарағынан әрі аспайтын болса да, ол өз өміріне риза. Жары Полина да Алматыда тұрғанның өзінде Ғылым Академиясында, ВДНХ-да хатшы-референт болып еңбек етіп, ұл-қыздарын тәрбиелеп, оқымысты жандардың кермек дәмді рахатын талай татқан. Пәтер алмақ ниетпен келісім-шартпен ауыл шаруашылығы институтына ауысқан.

Ол кез үкімет өзі қаржы бөліп, коттедж үй сатып алуға әр мекеменің басшысының ерікті шақтары еді.

Үйінен алысқа барып, үш жыл еңбек етті. Ақыр аяғында болмайды деген сөз естіп, қара орынға қайтып келген. «Келісім-шарт бойынша бардың. Бермеді ғой, сотқа бер. Ертең өздері-ақ пәтердің кілтін сыңғырлатып әкеліп береді» деген таныстарына ол: «ұсақ-түйекке бола уақыт алып қайтеміз» деп қолын бір сілтеген. Тегі, пендешіліктен асып туған жандарға өмірдің өзі ойыншық сияқты.

«Сыпайы тоңбайды, қалтырайды» дейді қазақта адал еңбектің өтелер құны мардымсыз заманда ел қатарлы өмір сүру де ерліктей. Кейде жан-жары Полинаның: «Үй тар, ақша жетіспейді, анау керек, мынау жоқ, ғалымдар осылай тұра ма?» деп кінә артатыны бар. Ондайда Тілекжан: «Әуелде осы философия деген оқуға бармайтын едім, папаң ғой философ болмасаң, қызымды бермеймін деп отырып алған», - деп өткен жастық шақтың шуақты күндерін еске сап жіберетін. Келесі сәтте екеуі де жадырап күліп, ата-ана, ауыл-аймақ, дос-жаран жанына толып келгендей мәз-мейрам болатын.

Мүмкін, бақыт деген осы шығар. Өмірде мұңы жоқ адамдай, ешкімге шағынып, жалынып көрмесе де, талай жерде тауы шағылып, шарасыздық қамытын кигені бар. Тіпті, былтыр ғана дайын тұрған докторлық диссертациясы баспадан кітап етіп шығару тауқыметін көріп, қажыды. Баспаханаға төлер ақшаны қарызға алар жер таппай қиналғаны бар. Одан құтылып бас көтергенде, Алматыда тұратын туған інісі Жұмажанның шетелде оқып келіп, жаңа ғана еңбекке араласқан жалғыз қызының автокөлік апатына ұшырап, қаза болғанын тағдырдың қай талқысы екенін түсіне алмай дал болған.

Көңілге тоқтығы ұлдары Нәдір мен Нұрлан, қызы Раушан жоғары білім алды. Келіндері де келісті жандар. Қазақшаға судай, немерелері кейде өзімен сөз таластыруға машықтау, оның күнделікті ісінің жалғасындай уақыт бөріне төреші. Тап қазір қаладағы Еңбек және әлеуметтік қатынастар



академиясында оқу ісінің меңгерушісі болып еңбек етіп, егеменді еліміздің стратегиялық даму үрдісіне өз үлесін қосып жүрген Тілекжан Хасенұлы жеке өз басы үшін емес, саналы өмір салтын орнықтыру үшін, мәдениетті, білімді, рухани жандүниесі бай ұрпақтың тәрбиесі үшін атсалысуда.

– «Кадр бәрін шешеді» деген әлемдік ұғым, – дейді академия ректоры Х.Қапанов, – ұжымдағы жалғыз философия ғылымының докторы біздің оқу орнын таңдап, онда біздің студенттерге тұрақты дәріс берсе, академия үлкен беделге ие екенін көрсетті. Оның «Заман өзгеріп, қоғам қайта қалыптасып, өмір тіршілігі қым-қиғаш сауал-сұрағын күнбе-күн алға тартқан кезеңде, бізге ең жетіспейтіні ақыл-ой иелері ғой» деген сөзі көңілге қонады-ақ. Тілекжан Хасенұлы өте қарапайым жан. Жасы алпысты әлдеқашан алқымдаса да, Ы.Алтынсарин атындағы медальдан, Ғылым академиясынан алған «Құрмет белгісінен» басқа республиканы айтпағанда, облыс қана көлемінде әкімшілік және қоғамдық ұйымдардан алған мақтау қағазы не ескерткіш сыйлығы жоқ. Тек адал еңбектің асқаралы шыңындай, философия ғылымының докторы деп жазылған қызыл мұқабалы куәлікті әлсін-әлсін қарап қоятыны бар.

Иә, біздің эрамызға дейінгі 499-365 жылдардағы грек ойшылы Сократтың «Менің білетінім – ештеңе білмейтінім» деген қарапайым қағидасы даналықтың аксиомасындай. Көп білсе де көзге ерекшеленіп түсуді мақсат тұтпайтын адамдар бар арамызда. Соның бірі – Тілекжан Рысқалиев.

Қатар жүрген замандас Т.Х.Рысқалиевтің «Даналық пен түсіністік» атты кітабының мәні мен мазмұнын ұқпас та әлі. Бірақ келер ұрпақ бұл кітапты іздеп жүріп оқитыны ақиқат. Уақыттан озып туған Нарынның нар ұлдары-ай!.. Сендерсіңдер, туған жердің туын тек асқақтатар!

«Тұлпардың» тәлімгері

Өнердің киелі иесінің күрделі жан құбылысын жаза баспай тану үшін онымен тонның ішкі бауындай араласып, уақыт пен өмірдің кең тынысын терең сезіну қажет-ақ.

Әйтпесе, кейде білемін, танымын дегеніңнің өзі буылдыр тартып, әлдебір нәзік сәуледей ұстатпай қоятыны бар.

Неге екенін қайдам, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының «Тұлпар» ұлт аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі Марғуба Зейнуллимамен кезіккен сайын жанымды шарасыздық шарпып, батыл да еркін, қара көздері әлдебір нәзіктікпен мөлдірей қарайтын осы бір келіншекті өте аз білетініме талай өкінгенмін. Ал ол болса сынаптай сырғып, өзі туралы айтудан жалтарып кететін.

Бұдан бір-екі жыл бұрын көргенімде Ол:

– «Тұлпар» атты оркестр болғанымен, мүшелері тұрақты емес қой. Жақында ғана отызға тарта мүшесі институттың төрт факультетінен диплом алып, өндіріске аттанды. Шынымды айтсам, өзгелер диплом алдық деп қуанып жатса, мен «Тұлпардың» қабырғасы сөгілгендей, қатты қайғырдым. Сол отызы оркестрге отыра қалып, күмбірлете күй шерткенде, алынбас қамал жоқтай көңілім өрекіпті. Ондай өнерлілердің тап келе беруі қиын болар,- деп күрсінген.

Ал былтыр бір кезіккенімде:

– «Тұлпарға» халық оркестрі атағын қалдыру мәселесі аттестация комиссиясының қорытындысына байланысты. Қазір аптасына 8-9 рет әзірлік өткізудемін. Оркестрге жаңадан 40-қа жуық студент қабылданды. Білсем, үйренсем деген талаптары мол болғанмен, бәріне нотамен жаңа күй үйрету үшін, әрине уақыт керек,- дегенді айтты...

Адам деген қызық қой. Біреулер бойындағы аз ғана талпынысын талантқа сайып, жылт еткен сәл жақсылығын өзі жария етіп жүреді. Кейде өз мақсаттарына қалайда жету үшін әртүрлі айла-шарғы жасап, ұтымды сәттерді бос жібермеуге жанын салады. Ал Марғуба тіптен де ондай емес.



Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін бітіргені әлі көз алдында.

– Қызым,- деген еді училище директоры бұған, – әлі де ойлан. Төрт мамандықты да 5-ке тапсырған жалғыз сенсің, қаласаң консерваторияғы жолдама әзір. Ауылға фортепьяно, домбыра, қобыз, баян аспаптарының мамандары керек екені де анық. Бірақ...

Бірақ, ол консерваторияға да, туған өлкесі Гурьевке де бармай, Орал облысындағы «Аңқаты» асыл тұқымды мал кеңшарынан бір-ақ шыққан. Оның да себебі бар-ды: көп кешікпей ауыл адамдары зоотехник Аманжол мен орта мектептің мұғалімі Марғубаның үйлену тойының куәсі болды. Бұл 1972 жыл еді.

Бәрі күні кеше сияқты. Орта мектептегі музыка маманы жалғыз өзі болғандықтан ән-күйден сабақ беруі өз алдына, екі жылдың ішінде 50 балалық үш дауысты хор, 20 баладан домбыра оркестрін құрып, өзге кеңшарларды, көршілес аудандарды аралаған жылдары шәкірттерінің шын мөніндегі әртістердей сезінген қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін бе?...

Содан 3-4 жыл өте жолдасы Аманжол Фурманов ауданы «Талдықұдық» кеңшарына директор болып ауысты. Ойлап тұрса, қазір ол жылдардың өзі бір тарих. Марғубаның мектеп қабырғасынан басталған ұстаздық өнері ауыл жастарының басын біріктіруге ұштасқан. Сол жылдары кеңшардың өз хоры шағын домбыра оркестрі құрылды. Қазір республика, облыс көлеміне әйгілі халық театрының іргесі қаланды.

Аманжол екеуі кейде жұмысқа елең-алаңнан аттанып, күні бойы концерт, спектакль, репетиция деп жүріп, үйлеріне түнделете, шаршап-шалдығып жеткенде енесі Шәйда: «Қарағым-ау, Марғуба әзірлікті ұйымдастыра қойсын, дардай директор басыңмен Қарабай болып ойнаймын дегенің не пәле сенің?»- деп зілсіз ғана қабақ шытса, екеуі оған сақ-сақ күлетін.

Әр жылдың жүгі әр қилы...

Аманжол кандидат атағын қорғап, ғылыми жұмыспен

айналысу үшін ауыл шаруашылық институтына ауысқалы да біраз болды.

Әрине, өмірде ойға алғанның бәрі тосқауыл-кедергісіз, оп-оңай орындала қоймайды ғой. Мүмкін кішіпейіл қарапайымдылығынан ба, Марғубаның қаршадай қалпіне қарамай, сыпайылығы, өзіне тән ерлігі, нәзік сезімталдығы, өнерге деген сүйіспеншілігі, еңбекқорлығы көп көзіне көріне бермейтін. Содан болар, талпынып тұрып жете алмаған, біліп тұрып айта алмаған сәттері есейе келе сансыз сұрақ болып, жанын жегідей жейтін. Жылдар жүгі әсер етсе керек, жас кездегідей бар қиындықты өзіне артып, жөнсіз жалпылдай беруді де қойған. Сонда да өзін анасындай қадір тұтатын өнерлі студенттердің көңіліне кірбің түсірмесем деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүргені. Бұдан бір-екі жыл бұрын: «Сенің анау Болғанай, Жарқынай Ахметоваларға ән үйретемін деп көп уақытың кетеді. Оркестрде ойнағандары жарайды ғой, қайтесің сүйреп соларды?»- дейтіндерге: «Мен «Аңқатыда» істегенде бұлар 4-5 сыныпта оқитын. Әп-әдемі дауыстары бар. Аз-кем тәрбиелеп жіберсе, күні ертең халық әндерін оркестрмен айтудың таптырмайтын шеберлері емес пе?»- деп болмаған. Айтса айтқандай, қазір қала көлемінде мереке не жиын бола қалса, «Домбырамен халық әндерін айтатын анау әнші қыздарды жіберіңдер»,- деп мәдени мекемелерден өтініш түсіп жатқаны.

Оралқаласының 375 жылдық мерекесіне, наурыз мейрамына халық шығармашылығының фестиваліне «Тұлпар» оркестрі де қатысты. Бірақ көлемді де күрделі концерт беруге әзір осы ұжымның ең болмаса 3-4 нөмірі сол мейрам кездерінде жұртшылық назарына радио мен телевизиядан ұсынылмағаны талант пен өнерді халық қазынасы деп құрметпен қарайтын Марғубаның жанына қатты батқан.

Мен жақында институттың кәсіподақ, комсомол комитетінде болып, «Тұлпардың» кейбір мүшелерімен сөйлестім.

– «Тұлпар» халық оркестрі атағын қорғағанда К.Е. Ворошилов атындағы машина жасау зауытының Мәдениет сарайында екі



сағаттық концерт қойды. Күйлерді есептемегенде, А.Лепиннің, А.Хачатурянның шығармаларын орындады. Ұлттық киімді киіп, күрделі шығармаларды орындаған өз студенттерімізді әрең таныдық. Енді концерттік бағдарламамен кеңшарларға, аудандарға шығуға біресе жағдай жоқ, біресе машина жоқ. Мына қылықтарыңмен тасқа шапқан өткірдің жүзіндей өнерлі жастардың еңсесін түсіріп, жігерін жасытасыңдар. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген, оркестр мүшелері тек жастар емес, болашақ ғалым, өндіріс тұтқасы, ертеңгі ел тәрбиешілері, соны ұмытпаңдар. Бұл орайда, Марғуба Ізмағамбетқызы жиналыс сайын мәселе көтеріп жүр. Алдағы жоспар – қайткенде де концерттік сапармен кеңшарлар мен аудандарға шығу.

Бұл институт оқытушылары кәсіподақ комитетінің төрағасы Алдаберген Нұғмановтың сөзі.

– Студенттердің бірінші мақсаты – сабақ үлгерімі. «Екі» алдың ба, оркестрге жолама. 1-2 сағат нота үйреніп, күй күмбіріне көңілі ауған адамға сабақ оңайлықпен алынбайды. Егер оркестрдің бір студенті әлдеқалай «екі» алса, Марғуба апай сол екілік жойылғанша студент пен оқытушы арасында жүгіріп жүргені. Ол: «Менің балаларымның бөлмелері жылы әрі жиһаздары жақсы болсын, тегін тамаққа талон беріңіз, институтта өтетін кештерге ақшасыз кіретін куәлік бөліндер, туристік саяхатқа жолдама бар ма?»- деп жиі еске салады. Бұл мәселелерді шешпей, бізге де тыныштық жоқ,- дейді студенттер кәсіподақ комитетінің төрағасы Жаңабай Қаналин.

– «Тұлпардың» мүшелері институтты бітіргенде екі диплом алып шығады. Біреуі өз мамандығы, екіншісі – «Халық аспаптары оркестрінің жетекшісі». Облыста көп маман осы екінші дипломмен жұмыс істеп жүр. Марғуба апайдың күшімен ауыл шаруашылығы техникумы жанынан 15 адамдық ансамбль ұйымдастырдық. Мен сонда нотамен сабақ беремін. Штаты бар. Отбасылы адамға бір жағынан көмек.

Бұл – термеші, 4-ші курс студенті Алтынбек Күзембаевтің сөзі.

Электр жарығы төгілген үлкен зал. Агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері кәсіподағы конференциясының делегаттарына арналған үлкен концерт. Сахнада – ауыл шаруашылығы институтының «Тұлпар» халық аспаптары оркестрі.

– Анау медалі бар, ақ костюмді қобызшы кім?– дейді отырғандардың бірі.

– Ол «Тұлпардың» тәлімгері – Марғуба Зейнуллина. Өзінің лауреат атағы да бар,- деп жауап қатты оны танитын делегаттардың бірі.

Мынау өмірде ұрпақ тәрбиесі өте қиын да күрделі міндет. Ал жан-жүрегін жарып шыққан талантын өнерлі ұрпаққа сіңіре білу – ерлікпен пара-пар.

Қазір «Тұлпардың» мүшелері қысқы семестрдің емтиханымен қоса облысымызда өтіп жатқан игі бастама – ұлттық өнер күндеріне әзірленуде.

...Белгіленген уақытта қазақ өнерінің күні К.Е.Ворошилов атындағы машина жасау зауытының Мәдениет сарайында өтті. Осы бір үлкен істің басы-қасында ауыл шаруашылығы институты студенттерінің ұйытқысы, қадірлі ана, аяулы жар, ибалы келін боп өз ортасының сыйы мен құрметіне бөленген бір қарапайым адам жүрді. Ол – Марғуба Зейнуллина, «Тұлпардың» – тәлімгері.

«Орал өңірі» газеті, 21.12.1991 ж.

Ұстаз

Бірінші қыркүйек болатын, Батурин көшесіндегі тоғыз қабатты үйдің жанынан өтіп бара жатып, кілт тоқтадым. Қолдарына буда-буда гүл ұстаған бір топ ересек адам әлдекімді күтіп тұрды.

Сәлден кейін аула ішіне келіп тоқтаған жеңіл машинадан сәнді қара костюмінің омырауы орден, медалға толы қағылез келген ақсары ақсақал түсіп жатты.



– Жылда жаңа шәкірт тауып, бізді ұмытып кететін болдыңыз, – дейді бірінші жетіп, құшақтай амандасқан Аралбай.

Өздері толысып, шаштарын қырау басқан бір топ азаматтың осы бір қариямен балаша еркелесіп, қымсынбай дабырласып қауышқан сәттерін қызықтай тұрып қалыппын. Бұл менің соғыс ардагері, дербес зейнеткер Ғинаят Молдашев қариямен алғашқы кездесуім еді.

...Жай басып, залға кірген мені ешкім аңғармады. Клуб залының бос тұрған артқы орындығынан орын алдым. Зал төрінде отырған адамның қоңыр даусы анық естіледі. Өңгіме аяқталып келсе керек, ол алдындағы үстел үстінен бүктеулі қағаздарды алып, сұрақтарға жауап бере бастады.

– «Катюша» взводының командирі болдым дедіңіз, атақты «Катюшаның» қуат-күшінен мағлұмат берсеңіз екен?

– Ұлы Жеңіске «Катюшаның» қосқан үлесі ересен екенін дос та, дұшпан да біледі, – деді ол ойын қысқа қайырып. – 1944 жылдың басынан соғыстың аяғына дейін Бірінші Украин майданындағы 1-гвардиялық миномет бригадасында болып, Қызыл Ту, Богдан Хмельницкий ордендерінің иегері атанғанымды айттым ғой. Алдын ала жүргізген барлаудың мәліметіне сүйеніп, дәл жіберген бірнеше залптан кейін талай неміс дивизиясының тас-талқаны шыққанын естідік. Оқ атып, мина дайындап, қайта қораптарын жинап жүргенде фашист жағы қандай қырғынға ұшырағанын дәл анықтауға уақыт жоқ. Бес минутта оғыңды атып, тұрған жеріңнен тайып бол. Өйтпесе, координатты біліп алған жау да атқылай бастайды. Өз өмірің ештеңе емес, «Катюшаның» құны әрі соғыс объектісі есебінде құпиясы мемлекеттік іс еді ғой. Дәлдік, батылдық, шапшаңдық минометте істейтіндердің бұлжымас ережесі болатын. Мен 1-гвардиялық миномет бригадасының взвод командирі, батарея командирінің орынбасары, штаб батареясының командирі болып Батыс Украинаны, Польшаны, Чехословакияны, Берлинді азат ету үшін болған ұрыстарға қатыстым. Жеңіске апарар жолда тағы да «Қызыл Жұлдыз»

орденін, 1-Украин майданының қолбасшысы, Совет Одағының маршалы И.С. Коневтің қолы қойылған Құрмет громатасын сол миномет бригадасында болған кездерімде алдым.

...Кішкенеден соң соғыс ардагері жамырап әңгімелескен бір топ оқушының ортасында залдан шығып бара жатты...

Мен енді бар білімділікті, бар жақсылық пен адамгершілік, ақиқатты жалғыз өзіне ғана сыйдырып тұратын «ұстаз» деген сөзді естіген сайын Ғинаят қариямен әңгімелескім келеді.

Біраз әңгімеден кейін оның 1908 жылы қазіргі Бисен селолық советінде (Орда ауданы) кедей шаруа семьясында дүниеге келгенін, 1920-21 жылдары бастауыш класс көлемінде білім алып, өзі де еңбек майданына кірісіп кеткенін, ауылдық советтің секретары, үкімет тарапынан жәрдем көрсететін кассаның ісін жүргізуші, үлкендерді оқытатын сауатсыздықты жою комитетінің мұғалімі болып бірнеше мамандықты қоса атқарғанын білдім. 1923-33 жылдары еңбек ете жүріп, педтехникумды бітірген ол 1940 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін сырттай оқып тәмамдаған екен. Соғыс басталған жылы жас коммунист Фурманов ауданындағы орта мектепте мұғалім болатын. Тамыз айында Алматы қаласында құралған 32-запастағы атқыштар бригадасында саяси жетекші болып істейді.

Бір сөзбен айтқанда, партия қайда жіберсе, сонда болды. Өсіресе, Курск иініндегі қиян-кескі ұрыс алдындағы бірнеше айға созылған жасырын әзірлік жұмыстарын ойдағыдай атқарып, бүгін-ертең шабуылға шығамын деп тұрғанда, артиллерия командирін дайындау жөнінде Жоғарғы қолбасшының бұйрығымен бір түнде Ташкент қаласына сапар шеккенін асықпай баяндайды.

– Сол Курск иінінде бір окопта болып, жылап қоштасқан досым көп жылдар «Мәдениет және тұрмыс» журналының бас редакторы болған Мұса Дінішевпен 1970 жылы ғана кездестім, – дейді ол ойлы жүзбен. Одан кейін әңгімесін жалғастырды:



– Талай боздақ көз алдымызда қаза тапты ғой. Әсіресе, Карпат тауынан өтерде көп шығынға ұшырадық. Мен онда взвод командирі едім. Ойқыл-шойқыл тау бөктері минометтің шапшаң жүрісіне кесел болды. Бірде оқ атып болып, машина үстіне жәшіктерді тиеп жатқанбыз. Сол сәтте жау координатты есептеп алған екен. Жарылған мина машинаны жарты метр жанап өтті, мен ес-түссіз машина ішіне құлаппын. Ал екі жылдай бір жүрген досым Андрей Иванов көз алдымда шұңқырға айналды. Соғыс біткесін, 1945 жылдың қараша айында елге оралысымен сол өзім істеген мектепке облыстық оқу бөлімі директор етіп жіберді. 1953 жылдан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болып істедім. «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі» атағын алдым.

Еңбектен қалғанмен, ісімді шәкірттерім, балаларым жалғады. Төрт қызым коммунист, оның үшеуі – Алматының үш институтында оқытушы. Біреуі – дәрігер. Кенжелерім Сәуле – облыстық денсаулық сақтау бөлімінде, Рая – Оралдағы жобалау институтында жұмыс істейді. Ал ұлым Болат – «Омега» заводының директоры.

Ақ Жайық жағасындағы мемориалдық комплексті тамашалап, бір топ соғыс ардагері әңгімелесіп тұрды. Олар: Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үш дүркін депутаты болған Бақтығали Уәлиев, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген заңгері Хаби Жакупов, милиция полковнигі Төлеу Бисақов, көп жыл шопан болған Жасқали Хайруллин, ішінде Ғинақаң қария да бар.

– Апырм-ай, мынау аспан тіреген биіктікті қалай салды екен? – дейді Жәкең ақсақал ауылдан келген қарттарға тән аңғырттықпен.

– Бұның бірінің ұзындығы 40 метр – ерлердің өшпес ерлігін айқындап тұр, ал екіншісі 50 метр – болашаққа бағытталған бейбіт өмірді меңзейді, – дейді Ғинақаң.

Ол өзінің ұстаздық қызметін осы сәтте де атқарып тұрғандай көрінді маған.

Автордан бірер сөз

Мен, Бақыт Жасқалиқызы, 1943 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Толыбай елді-мекеніндегі 6-ауылда дүниеге келіппін. Ұлы Отан соғысы басталысымен Қызыл Армия қатарына алынып, Москва маңындағы атқыштар ротасында байланысшы болып жүрген әкем Жасқали Хайроллаұлы жанкешті ұрыстардың бірінде қатты жарақаттанып, госпитальдан кейін соғысқа жарамсыз деп танылып, елге оралыпты. «Әкесі соғыстан аман-есен оралды, бұл қыз бақытты екен!», - деп ауылдағы Дина атты шешеміз атымды Бақыт қойыпты.

Соғыстан кейінгі ауыл балалары көрген қиындық пен ауыртпалық, жоқшылық пен жетіспеушілік, қуаныш пен жұбаныш – бәрі де бастан өтті ғой...

1961 жылы Жаңақала ауданы, Киров орта мектебін бітіргендердің алдында біраз арман-мақсат тұрған-ды. Ол – ауылға, жерге, халыққа қызмет етіп, Отанды көркейту. Компартия Жарлықтар мен Ұрандарды бастап, комсомол қостаған сол кезеңде, өзге құрлықтағы Америка атты алып елді қуып жетіп, басып озудың бір тетігі – қой шаруашылығын өркендету болатын. Мектеп бітірген бір топ жас шопандар бригадасын



құрмақ болдық. Мен мектептегі комсомол комитетінің хатшысы ретінде солардың дәл ортасында болдым. Алайда, біз бригада құра алмадық. Оған да көп себептер болды. Мен шопан болып жұмыс істейтін әкеме көмекші болып, екі жыл ауылда қалып, қой бақтым.

Сол жылдары Нарын құмының бір түкпіріндегі қой баққан қызды Қазақстан ЛКСМ орталық комитетінің мүшесі етіп сайлапты. Үйінен алты қадам ұзап шықпаған ауыл қызына бұл үлкен мәртебе болғанмен, ол құрметтің мәні мен мағанасын түсініп, бағалай білдім деп айта алмаймын. Бар білгенім ақ адал еңбек етіп, ел сенімін ақтау болды.

Компартияның нұсқауымен Батыс өңірінде жаңадан ашылған ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1968 жылы агроном-экономист мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Математика, физика, философия сияқты күрделі пәндерден орысша ойымызды түгел айта алмасақта, ниетімізді ұғынып, қазақ мектебін бітірген ауыл балаларын курстан курсқа жетелеген Қайыр Бектұрғанов, Надежда Бектұрғанова сияқты институттағы ұстаздарымыздың еңбегі мен төзімділігіне мен әлі де тәнтімін.

Институтты бітіріп, ауылда мұғалім болып қызмет істеп жүрген Дайыр Досаев атты ауыл жігітімен отау құрдым. Ауылдан аз ғана ұзап Казталовка, Жаңақала аудандарында өз мамандығымыз бойынша еңбек еттік. Өмірге Асылбек, Ақылбек, Дидар, Әділбек атты ұлдарымыз мен қызымыз келді. 1978 жылы жолдасым Дайыр облыстық «Орал өңірі» газетіне тілші болып қызметке орналасып, Орал қаласына көшіп келдік.

Жаңақала аудандық «Жаңарған өңір» газетіне жарияланған алғашқы мақалама «Красногор» атты кеңшарда ұйымдасқан «Сәуле» атты тракторшы қыздар бригадасының шабындықта өткізген бір күндік еңбек жолы арқау болған еді. «Очерк» деген айдармен басылған сол газет қиындысын соңынан

жоғалтып алыппын. Осы аудандық газетке шыққан «Азамат жүгін арқалап», «Мен саған қызығамын, құрбым», «Ер ана» атты мақалаларым шыққанда газет редакторы Ізбасар Өтеуов деген азаматтың бір отырыста: «Бақыт жазайын деп жазбайды, жазуға болмайтын болғасын жазады», - деген сөзін естігенде қатты толқығаным бар. Мұндай пікір қалам ұстаған адамға қанат бітіреді.

Бұл жай айтыла салған сөз ғой деп қабылдауға болар. Бірақ әр жылы сөзге зәру жан оны шын ниетімен қабылдауы да мүмкін ғой. Сол Ізбасар жасы 40-қа да жетпей ерте дүниеден озды. Арада 30-40 жыл өтсе де, оның есімі атала қалғанда сол бір айтқан сөздері есіме оралып, «жаның жұмақта болғай, жақсы жан» деп ішімнен дұға тілеймін.

Көп жылдар әртүрлі мекемелерде экономист, бухгалтер, облыстық кәсіподақ комитетінде нұсқаушы болып қызмет істей жүріп, 1995 жылы Орал облыстық қаржы бақылау комитетінде аға тергеушілік қызметінен зейнет демалысына шықтым.

Мен газет-журналда қызмет істеген жоқпын. Журналистика факультетінде оқыған жоқпын. Ауыл баласы ана тіліміздің қайнар бұлағынан сусындап өседі ғой. Біз де солай тәлім алдық. Қазақ мектебін бітірдім. Ал мақала жазу дегенің кез келген адамның қолынан келетін іс емес екенін жақсы түсінемін. Оның жауапкершілігі де жоғары. Әрдайым бір формада жаза беруге де болмайды. Көп ізденістерді талап етеді. Ал газет редакциясынан алыс жүрген, мамандығы да басқа адам үшін соның бәрі оңай емес. Мен қолымнан келгенше тағдыры ерекше адамдарды, еңбекте абыройға бөленген жандарды жаздым. Солардың шынайы құрметке бөленгендерін қаладым. Осы мақсатта қағазға түсірген жазбаларымды жылы қабыл алып, газет бетіне басуға рұқсат берген, сол арқылы менің ақ ниетімді түсініп, кейіпкерлерімнің оқырмандарға жол тартуына себепші болған «Жаңарған өңір» газетінің қызметкерлері



Ізбасар Өтеуов, Сағит Қуанов, Ерболат Әйпішев, Болат Жұмағұлов сынды азаматтарға үлкен ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ әр жылдары облыстық «Орал өңірі» газетіне басшылық жасаған Бақтыбай Далабаев, Ғарифолла Көшенов, Ғайсағали Сейтақ, Бауыржан Губайдуллин сынды азаматтарға алғысым шексіз.

Облыстық газетте жұмыс істеген тәжірибелі қаламгерлер Жанғали Набиуллин, Базарғали Қуатов, әркез «Апа» деп алдымнан өтпей, сәлемі түзу қатар құрбыларым мен інілерім: Тимур Құсайын, Тихон Алипқалиев, Есенжол Қыстаубаев, Аманкелді Шахин, Қыдырбай Ерғалиев, Сырымбек Жәрдемөвтер, сіңлілерім: Тамара Елеуова, Мира Шүйінішәлиевалар айында-жылында хат бөліміне әлдебір мақаламды апарғанда, жылы қабақпен қарсы алатын. Мен оларға да алғысымды айтамын.

Егемендік алған жылдары жекеменшік газеттер де өмірге келді. Өсіресе, Аманжол Зейнуллин басқарған «Еділ-Жайық» газетінің ұжымына, «Жүздесу» газетінің бас редакторы Қажымұхан Қабдолла балама – мың алғыс.

Ісімен, қылығымен не айтқан сөзімен сөніп қалған жүрегімді селт еткізіп, «Бұл кісі неткен жақсы адам, өзгеге тәлімді ғұмырын менен басқа адамдар да сезіп, естіп білсе екен» деп жүрегімнің тілеуімен жазылған әр мақалама арқау болған барлық кейіпкерлерімді мен өте жақсы көремін.

Оза шауып бәйге алып, не президумда отырып құрметке бөленбесем де: «Апа, сіздің пәленше туралы жазған мақалаңызды оқыдық. Бізге ұнады» деген сөздерді естігенде төбем көкке жетердей қуанатынымды жасыра алмаймын.

2001 жылы Орал облыстық әкімшілігінің қолдауымен Алматы қаласындағы «Өлке» баспасынан шыққан «Ақ желкен» атты жинаққа облыстағы журналист қыз-келіншектердің

шығармашылығының арасында менің де бір топ өлеңдерім енгенде қатты қуандым.

2005 жылы тағы сол әкімшіліктің қолдауымен Орал қаласындағы «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылған «Жайықтың мөлдір сырлары» атты облыс қаламгерлерінің туындылары енген топтамада менің шығармашылығым да орын берілгеніне бек ризамын.

Қарапайым үй шаруасындағы Ананың еңбегін дәріптеп, сол жинақтарға өлеңдерім мен мақалаларымның кіруіне ықпал еткен Орал облыстық әкімшілігінің жауапты қызметкерлері Алпамыс Бектұрғанов пен Назгүл Кенжеғалиеваға үлкен рақметімді айтамын.

Соңғы жылдары менің мақалама өзек болған Базарғали Сапаров туралы «Генералдың әкесі», Зарип Тұяшев жөнінде «Жайсаң жан елдің мақтаны», академик, ғалым Жасқайрат Сүндетов жөнінде «Мынау біздің Нарынның Жасқайрат деген ұлы бар» атты мақалаларымның газет бетіне көрінуіне ықпал еткен журналист, ақын, полковник Сәдуақас Жұбат балама рақметімді айтамын.

Қара жердің қай шетінде жүрсең де, құдіретті Құдай жолықтырса ақ ниетті адамдар әйтеуір бір кезігеді, солардың бірі республикалық «Төртінші билік» газетінің Директоры – Бас редакторы Төлемырза Балтабаев деп анық айтар едім. Төлемырза Темірбекұлының: «Мынау қым-қуат тірлікте бар мен жоқ, аз бен көп, ақ пен қара, жақсы мен жаман ғана емес, адамдардың ниеті мен пиғылы да күніне жүз құбылған заманда жақсылардың ісін жарқыратып көрсеткенге не жетсін?!» дейтін қағидасы менің де жан-дүниеме тым жақын.

Өмір атты көш-керуен уақыт атты сарбазын сайлап алып, алға жылжып келеді. Қартайғанда балаларымыздың қасында болайық деген тілекпен Астанаға көшіп келгенімізге де біраз жыл. Балаларының істеген ісі мен жүрген жерінде мәртебелері



тым биік болса да, «Ұлық болсаң, кішік бол» дейтін қағиданы өміріне серік еткен талай адамдармен дәмдес, дастархандас болдық.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді қазақ. Өміріме шүкіршілік етемін. Ұл-қызым аман-есен өсіп-жетілді. Аллаға шүкір, «Сенің балаларыңның қате қылығы мынау» деп ешкімнен сөз естіген жоқпыз.

Асылбегім «Қазақстан инжиниринг» («Kazakhstan Engineering») ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында Төрағаның орынбасары болып қызмет атқарады. Әскери шені – полковник; Ақылбегім – Мемлекеттік күзет қызметінде, полковник шеніндегі Басқарма басшысы.

Ал қызым Дидар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаментінің бас сарапшысы.

Жолдасым Дайыр екеуіміз кенже ұлымыз Әділбектің қолында өмір сүрудеміз.

Немерелер де өсіп келеді:

Азаматым – Теңіз флотында аға лейтенант.

Асиям – Қытайдағы Шанхай университетінің соңғы курс студенті.

Жиенім Алишер болса, Алматы қаласындағы физика-математика мектебінің үздік оқушысы...

Ал кітаптағы кейіпкерлерім туралы айтар болсам, Құдай біледі, біразы тап қазір жұмақта жүргеніне сенімдімін. Себебі олардың бәрі де өте жақсы, ақ ниетті адамдар. Бірақ олардың ұл-қыздары, ұрпағы, жақсы қарым-қатынаста болған жайсаңдары арамызда жүр. Уақыты келіп бірі ата-анасын, бірі құрбы-достарын, қызметтес-әріптестерін сағынып іздегендерге бұл кітабым сол іздеушілердің қажетіне жарап жатса, онда менің мұрат-мақсатымның орындалғаны.

Көптің көңілінен шығып, қызметін атқару кімге болса да жауапкершілік жүктейді. Сол себепті тынымсыз ізденумен газет қиындыларын жинақтадым. Жаздым, сыздым, қысқасы, машақатқа толы осы еңбегім мені сүйрелеумен келеді. Сөйтіп жүргенде бізге, Құдай-ау, жақсылығы мен жамандығы, адалдығы мен арамдығы, аңқаулығы мен жалқаулығы, ерлігі мен серілігі, тоқшылығы мен жоқшылығы, қиындығы мен жеңілдігі қатар айқасқан қайшылыққа толы XX ғасыр өтіп, XXI ғасыр да келіп жетті. Ойлап тұрсаң, бізге өткеннен не қалды, өткеннен өнеге осы бір үзік сырлар болмаса...

Иә, мен қарапайым ғана мыңдаған қазақ әйелдерінің бірімін. Біреулер «Жасы 80-ге келгенде кітап шығарып несі бар?» деп таңдануы мүмкін. Әрине, ойлауға, таңдануға шек қойылмаған.

Дегенмен осы орайда оқырмандарыма айтпағым, қолдарыңыздағы «Жылы жүрек» кітабымды оқып, парақтап, «Бақыт Жасқалиеваның өзге қаламгерлерден ерекшелігі неде?» деген сауал-қазыққа ат байламай-ақ қойсаңыздар. Одан да жаны мұнды, аздап қорғансыздау, сүйсе тебірене сүйетін, тіпті кейде шамадан тыс елжіреп, егіле беретін, қағынан алыс жүрген киіктей жанына жалғыздық серік болған, сол қымбат жалғыздық, аяулы жалғыздық қиян бір ойларға жетелейтін, «атадан алтау тусаң да, жалғыздық кетпес басыңнан» деп бұрынғылар айтып кеткендей, әйтеуір бір жарым көңіл мазасыздықтан арыла алмайтынын бірде түсініп, бірде түсіне тұрып мойындамай, қысқа күнде қырық толғанған жүрек иесін ғана көрсеніздер екен...

Осы кітаптың бір жүйеге келтіріліп, жарыққа шығуына атсалысып, көмегін көрсеткен қаламгер інілерім: «Төртінші билік» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Төлемырза Балтабаевқа, баспагер Телғозы Санақұлына, ақын-журналист Айбатыр Сейтаққа және тілеулес болған басқа да әріптестеріме, баспа қызметкерлеріне үлкен ризашылығымды білдіремін.

Сондай-ақ кітап шығару туралы бастаманы жан-жақты қолдаған өзімнің отбасыма, яғни, жолдасым Дайырға, ұлдарым мен келіндеріме, қызыма және немерелеріме алғысымды айтамын. Менің әр жылдары жазған еңбегімді далада қалдырмай, көлемді жинақ етіп шығарғандарын қалам ұстаған аналарға деген айрықша құрмет деп түсінемін!

Ізгі ниетпен,

Бақыт Жасқалиева

Астана қаласы

Ұялы тел.: 8 702 818 64 37

Үй телефоны: 56-69-21

**Ардагер қаламгер Бақыт Жасқалиеваның «Жылы жүрек»
атты танымдылық кітабына
ПІКІР**

Бақыт Жасқалиева апамыз көп жылдар әртүрлі мекемелерде экономист, бухгалтер, облыстық кәсіподақ комитетінде нұсқаушы болыпты.

Сөйте жүріп көсемсөзші болғанына қарағанда істеген ісінің саласы басқа болғанымен сөз өнерімен наласы бір болғаны да. Демек апамыздың қалам ұстап, қайрат танытуы кездейсоқтық емес.

Әсілі, Бақыт апай «Бақыт жазайын деп жазбайды, жазуға болмайтын болғасын жазады.» деп аудандық газеттің бас редакторы Ізбасар Өтеуов ағасы айтқандай, жазбауға болмайтын кезде жазатынын біз де аңғардық. Әсіресе, біздің республикалық «Төртінші билік» газетінде ел тағдырын өзек еткен өзекті мақалалары жиі жарияланып тұрады.

Кезінде аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарда жарияланған мақалалардың басын құраған Бақыт апамыздың көңілдің қылын қағар ертеректе жазылған өлеңдері мен мақалалары «Жылы жүрек» атты танымдылық кітап болып дүние есігін ашыпты. Жинақтың аты айтып тұрғандай, мұндағы көптеген маңызды мақалалардың айтары мол, өнегесі орасан! Кісіні ардақтау, оның еңбегін елге паш ету, жалпы алғанда, автордың негізгі тақырыбы екенін көрсетіп тұр.

«Жылы жүректі» оқып отырып, Бақыт Жасқалиева апамыздың өзі туралы айтқанындай «...жаны мұңды, аздап қорғансыздау, сүйсе тебірене сүйетін, тіпті кейде шамадан тыс елжіреп, егіле беретін, қағынан алыс жүрген киіктей жанына жалғыздық серік болған, сол қымбат жалғыздық, аяулы жалғыздық қиян бір ойларға жетелейтін, «атадан алтау тусаң да, жалғыздық кетпес басыңнан» деп бұрынғылар айтып кеткендей, әйтеуір бір жарым көңіл мазасыздықтан арыла алмайтынын бірде түсініп, бірде түсіне тұрып, мойындамай



қысқа күнде қырық толғанған...» жүрек иесінің толық бейнесін көреміз.

Әсіресе, жазған жырлары мен танымдылық мақалаларын оқығанда кәдімгі кәсіби журналист жазып отырғандай, тіл құнары мен сөз байлығына, ой нақтылығына куә боламыз. Жоғарыдағы өзі айтқан өн бойындағы қасиеттері шынында да төбеден күнді аудыра көрінген «Жылы жүрек» кітабынан жарқырап мен мұндалап тұр.

Бұған дәлел «Жылдар жырлаған жырлар» бөліміндегі «Жырым – сырым», «Ұл перзентім, жыр перзентім», «Қыз – Ана – күдірет», «Тәуелсіздік – сен жырымсың», «Жер жыры», «Отан», «Ей, тағдыр», «Нан және ұлым», «Соғысқа лағнет» атты апамыздың өмір толқындарын толғаған, табиғатпен сырласқан жап-жақсы өлеңдері оқырманның жүрек қылын қағары сөзсіз деп ойлаймыз.

Сөзіміз жалаң болмас үшін «Жылдар жырлаған жырлар» бөліміндегі жоғарыдағы аты аталған тақырыптағы жырлардың кейбірінен үзінді келтірейік:

...Сөз кестелеп құрып ұйқас өрнегін,
Таттым талай бұл тағдырдың кермегін.
Жүрек – теңін шештім жыр мен сырға мол,
Ұнап жатса керегінді ал, төрлегін!..

...Өлең – Рух, семсер – шабыт, даңқың қайда өрлеген,
Қос перзентім – қос қоңырау, маған тыным бермеген.

Бар білерім өтер өмір ақ пен қара алмасып,
Жалынғанмен өткен қайтпас, ал келер күн жан нәсіп!

Мың ойланып мың толғанып оқы жазған хатымды,
Шығарар деп ұл мен жырдың қайсысы менің атымды...

...Тіл қатшы
іздеп келдім де,
Ұзақ-ұзақ жол жүріп.
Соқпай тұрсыншы жел мүлде,
Жанғанда зорға енді үміт.

От тастауға қолайсыз?
Арманды деме аңсама.
Махаббат отын абайсыз
Өшіріп алғандар қаншама?..

...Өмір – көкпар қамшыла атты, тақым қыс та салым қос,
Өтірік, өсек, мақтаншақпен болған емес жаным дос.
Бәрін айтпай, бірін айтсақ тоқсан тоғыз түйіннің,
Абай айтқан махаббатсыз мына жалған – өмір бос!

...Жапанда жалғыз бір шыбық
Шуақты іздер құлшынып.
Бір құлап кейде бір тұрам
Өз деміме тұншығып.
Әр таңды күттім асыға,
Жылытса деп күн шығып.
Жанымдай – жайлау кеңістік
Сәтін бір аңсап күтемін
Кеудемді керіп тіршілік!

...Бойдағы адалдығым – арым болып,
Тағдырға қайсарлықпен бағынбадым.
О, махаббат тәнтімін құдіретіңе,



Мені аялап, мені мәңгі сүйіп өтер,
Сені емес отты жырды,
Сені емес отты жырды – қабылдадым!

...Ойланбай айтпа, досым ай,
Махаббат неге болмасын,
Ол – құдірет, періште,
Ол – ақ шуақ, алтын құс,
Кез келгенге қонбайды.
Ұшырған оны қолынан,
Тірлікте сірә оңбайды.
Айтып-айтпай не керек,
Бәрінен де өмірде,
Сол бақыт, құрбым,
Сол қайғы!

...Панам болшы саялайтын,
Өмір желі – досым ең.
Менің көңілім – гүл сияқты,
Түсін, Ая – ӨТІНЕМ!!!

Осы шумақтардың сарынынан байқауымызға болады өлеңмен ауырған жүректің ешқашан тыным таппайтынын, әйтеуір әлде неге мазасызданатынын, әйтеуір бірдеңені іздеп таба алмайтынын, үміттенетінін, ет жүрегі езіліп сағынатынын, қапаланатынын...

Тағы бір айтпағымыз, Бақыт апамыз біледі Мұң аяқталған жерде Өлеңнің демі бітетінін...

Сонымен бірге «Кейіпкерлерім – сүйікті ерлерім» бөліміндегі есімі елге белгілі замандастары туралы ой-пікірлері мен түйінді тұжырымдарының әрқайсысы атап өтуге тұрарлық салмақты мақалалар.

Қорыта айтқанда, Бақыт Жасқалиева апамыздың «Жылы жүрек» кітабы Нарынның құмы да, елі де, ері де киелі елдің көркем шежіресі десек болады. Атасын сөздің өлтірмей, атына бір сөз келтірмей, абызға айналған, әрбір ісі аңызға айналған аяулы Бақыт апамыздың елге ұсынған «Жылы жүрек» кітабының жылылығы өзін ғана жылытпай, өзгені де жылытатынына сенеміз.

Төлемырза Темірбекұлы,
*«Төртінші билік» республикалық қоғамдық-саяси
газетінің директоры – Бас редакторы.*



**Ардагер-журналист, зейнеткер, Елорда тұрғыны
Бақыт Жасқалиеваның «Жылы жүрек» атты әр жылдары
жазылған өлеңдер мен мақалалар жинағына
ПІКІР**

Ардагер-журналист Бақыт Жасқалиеваның «Жылы жүрек» атты кітабының қолжазбасын оқи отырып, заманның ақ-қарасын ашып көрсету арқылы бұл жинақтың жас ұрпақ тәрбиесіне арналғанын аңғардым. Бүгінде ардақты әже атанып отырған Бақыт Жасқалиқызы бұл кітапты немерелерінің өнегелі болып өсіп, ел мен туған жердің тарихын жетік білсін, халыққа қадірлі болған адамдардың асыл қасиеттерін бойына жисын, маржан сөздерін санасына сіңірсін деген ниетпен жазғаны көрініп тұр.

Зиялы қауым өкілдері Бақыт Жасқалиеваны заманның тыныс-тіршілігін көркем тілмен айшықтай білген қаламгер ретінде жақсы біледі.

Өр қаламгердің өзіндік жазу шеберлігі, ерекшелігі болады. Өлең дегенің кестелі орамал ғой! Бақыт Жасқалиқызының өлеңдерін оқысаңыз, жүрек түбінде жатқан келісті ойларын өз тәсілімен жеткізе білгенін көреміз. Мысалы:

«Алай-дүлей толқын тулап, күн жапқанда қабағын,
Қолына алар белгілі ғой тағдыр кезеп садағын.

Тоғыз балдық толқындардан сен жол тауып жүзсін деп,
Шырақ қылып ақ айдынға,

Шырақ қылып ақ айдынға – жүрегімді жағамын...» деген осы шумақтан ақынның өршіл даусын естір едік.

Отанға, туған жерге деген махаббаты өлеңдерінде көрініс тапқан. Айталық, мына жыр жолдары:

«Ақ пен қара арасында күн боп тұр

Баршаға ортақ Отан-Ана махаббат» – сол сөзімізге дәлел.

Қаламгердің қарапайым еңбек адамдарына деген ілтипаты мен құрметі айрықша! Ол өз сөзін былай жеткізеді:

«О, адамдар, бауыр етім – адамдар!
Ақ жүректі, әлсіздеу бір шамам бар.
Ұшқын едім, басса көрік от шашар.
Абайлап кеп отты үрлеп,
Абайлап кеп отты үрлеп қараңдар!...» – деді.

Сондай-ақ барша жанға білім мен ғылымның нәрін беріп, тағылымды болып өсуге баулитын ұстаздар екені анық. Оларға арнаған өлеңі:

«Жүрегіңнің тыңдар шақта арызын,
Жақсылардың қайтарғын кеп қарызын.
Сыйлап өту ұстаздарды – міндетің!
Озу одан – шын адамдық – парызың! – деп
түйінделеді.

Бақыт Жасқалиеваның еңбекқор журналист екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Әр жылдары аудандық, облыстық және республикалық газеттерге жарияланған мақалалары өте көп екен. Кітапқа іріктеліп алынғанының өзі 500 беттен асып отыр. Автордың тақырыпты таңдай білетінін анық аңғаруға болады. Қаламгердің көздеген мақсаты – еңбегімен елге танылған замандастары немесе ерекше тағдыр иелері туралы мақала жазып, халыққа таныстыру, олардың арман-тілегін жеткізу және көкейдегі проблемаларына қоғамның назарын аудару. Осы орайда, қалам иесінің қол жеткізген табыстарына қуанасың.

Б.Жасқалиқызы адамдарға жақсылық жасауға асығып тұрады. Осы мінезі қаламынан шыққан мақалаларында да айқын байқалады. Қанатымен су сепкен қарлығаштай, кейіпкерлерін баспасөз бетінде жарқырата көрсетіп, «өзелерге жұғысты болсын» деген ниетпен олардың игілікті істерін, жақсы



қасиеттерін насихаттап, оқырмандарының жүрегіне ізгілік дәнін егіп жүреді.

Автор Нарын құмының қойнауын мекен еткен адамдардың өмірі мен еңбек жолын шынайы суреттейді. Жаңа бастамалары мен ізгі істеріне сүйсінеді. Сынақ аймағынан зардап шегіп отырғандарына жүрегі ауырады.

Енді бір мақалаларына 1990 жылдардағы ішкі қаржы дағдарысы кезіндегі халықтың бастан кешкен қиындықтары арқау болған. Жаңа жүйеге бейімделе алмай, жұмыссыздықтан ер адамдардың кейбірі ішімдікке салынып кеткенін, сондай қиын кезеңде әйел-аналар базарға барып, күн көріс үшін зат сатып, қап арқалап, отбасын асырап, небір ауыртпашылықты жеңіп шыққанын баяндайды.

Бастапқыда Бөкейорда, Жаңақала аудандары төңірегіндегі жылт еткен жаңалықтарды жарыққа шығаруға ұмтылған журналист, кейін Орал қаласындағы «Елім үшін!» деп ерен еңбек етіп жүрген, бірақ өздерін қарапайым ұстайтын жандар туралы жазып, жақсылықтардың жаршысы болғанын көреміз. Ал Астанаға қоныс аударған соң, елордада тұратын ғалым азамат, іскер әйел-аналар, ұстаздар жайлы қалам тербеп, «адамға құрмет те, бақыт та еселі еңбекпен келеді» деген қағиданы дәлелдей түседі.

Кейіпкерінің мінез-құлқын, адамдық келбетін, жұмыста және әріптестері арасында өзін ұстау мәдениетін ашуда эпизодтарды әдемі пайдаланған. Тек сол адамның өзін ғана сөйлетіп қоймай, оның замандастарының пікірін ұтымды келтіреді.

Б.Жасқалиева зейнет демалысына шықса да, қаламын тастаған жоқ. Өркениетті қоғам орнатуға, еліміздің рухани-мәдени дамуына жан-жақты атсалысып келеді.

Алдағы уақытта да талғамы жоғары оқырмандарға тартымды туындыларын ұсынып, құрметке бөлене беруіне тілектеспіз.

Біз оған зор денсаулық, баянды бақыт және отбасына құт-береке тілейміз.

Бұл кітапты оқыған адам оның тәрбиелік маңызына көбірек мән беріп, өзіне қажетті тағылымы мол ойларды ала біледі деп пайымдаймыз.

Айбатыр СЕЙТАҚ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
және Журналистер одақтарының мүшесі.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Жылдар жырлаған жырлар

Жырым – сырым.....	4
Ұл перзентім, жыр перзентім.....	5
Қазақстан.....	6
Қыз – Ана – құдірет.....	7
Досым болшы.....	8
Тіл қатшы.....	8
Мендік сезім.....	9
Махаббатсыз өмір бос.....	10
Тәуелсіздік, сен жырымсың.....	11
Сезімді қайтем жоғалған?.....	12
Жер жыры.....	13
Көңіл сазы.....	14
Отан.....	15
Фудзияма.....	17
Жан – жайлау.....	18
Мен өзіңді өтейін.....	18
Дұрыс екен.....	19
Тағдыр.....	20
Күй құдірет.....	21
Нұрлы үміт.....	22
Түңілмеші.....	23
Ей, тағдыр.....	24
Айналайын адамдар.....	24
Адамдар – шынарларым.....	25

О, бауырлар.....	26
Сенім артсаң.....	26
Отты жыр.....	27
Күзде.....	29
Мезгіл және махаббат.....	29
Нан және ұлым.....	31
Махаббат.....	34
Заң және махаббат.....	36
Болсам деуші едім.....	37
Сағынш.....	39
Не жетсін?.....	39
Мен болайын.....	40
Келеді ұқсағым.....	41
Күдер үзіп кетсек те.....	42
Мен жүрмін.....	43
Содан ба әлде?.....	44
Өздеріңсің.....	45
Жаз мінез жайсаңдарым.....	46
Абайлап кеп.....	47
Менсіз күнің.....	48
Асылбекке.....	51
Бидай және махаббат.....	52
Нәсер болсаң.....	53
Тілек.....	53
Бірі болып.....	54
Көңілден іздеп.....	55
Аз емес қой.....	56
Бір ақынға.....	57
Ақындық.....	57
Ақ тілек.....	58
Жыр және махаббат.....	59
Соғысқа лағнет.....	61
Достар-ай.....	62
Аппақ үміт – ақ сезім.....	63

Жырым менің.....	64
Ұстазға.....	65
Ана болу.....	66
Ашса өлеңім жүрегіңнің есігін.....	68
Жастығым.....	69
Қорқамын.....	70
Сағыныш және махаббат.....	71
Туған жер және махаббат.....	72
Ініме тілек.....	75
Жүрек соғып.....	76
Кеудем менің.....	76
Ән салшы, құрбым Рая.....	77
Өмір деген не, досым?.....	78
Ана.....	80
Ата-ана.....	82
Тәуелсіздік – тірегім.....	84
Ардагер және Тәуелсіздік.....	85
Тәуелсіздік таңы.....	87
Ей, адамдар.....	89
Өмірге тілек.....	90
Кей жігіттерге.....	91
Болар ем.....	93
Менің көңілім.....	94
Суреттер өткен күннен сыр шертеді.....	95

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Кейіпкерлерім – сүйікті ерлерім

Жайсаң жан – елдің мақтаны.....	116
Есімі жүректерде сақталады.....	126
Біздің мынау Нарынның Жасқайрат деген ұлы бар.....	130
Нарынның нар ұлы.....	142

Төрт тірек.....	149
Айгүл Сүндетованың ісі қандай болса, өзі де сондай.....	152
Алыптар ұшқан алтын ұя.....	165
«Сен де бір кірпіш дүниеге».....	173
Ағаға хат.....	181
Азамат жолы.....	187
Азамат жүгін арқалап.....	190
Ақыл, қайрат, махаббат – бәрі сенде.....	195
Алғыс алған Ақмарал.....	200
Аналар атқа мінер ме?.....	203
Арманы асқақ азамат.....	206
Атамекен.....	209
Атыңнан айналайын, ауыл.....	212
Ауыл үстіндегі ән	219
Ауылдың ажары – азамат.....	222
Ақ жүректі асыл жан.....	226
«Бір күй бар домбырамда тартылмаған».....	235
Болсайшы бәрі осындай қарындастың.....	239
Генералдың әкесі.....	247
Даналықтан сыр ұққан.....	253
Екі майдан ері.....	259
Еңбекпен есейген жан.....	262
Ер ана.....	269
Өкімнің аллеясы.....	273
Жеңіл мінез жастарға жараспайды.....	276
Заман жайлы, өмір жайлы ойласақ.....	280
Иманың жар болсын, жарқыным!.....	286
Іңкәрлігім әлі де басылмайды.....	290
Сынықшы Әмина.....	295
Қолы шипалы, жаны жайсаң жан.....	303
Қыз намысы – ел намысы.....	310
Әйел деген төзімді халықпыз ғой.....	313
Көктемде күтіп алыңдар.....	316
«Сәуленің» сәулесі.....	322

Мерей шуағы.....	326
Азамат қызым, аман жүр.....	332
Кім кінәлі?.....	335
Кіндік шеше.....	341
«Суретті өлмеу үшін саламын».....	345
Қатарынан озық Қанипа.....	353
Қиырдағы ауыл.....	355
Қос қария.....	364
Құныққандардан қорқамын.....	369
Меккеге барған әзиз Ана-Хамида.....	373
Өмір саған ғашық емес пе ем?.....	379
Мен саған қызығамын, құрбым.....	385
Мен саған қызығамын, сіңлім.....	389
Өмір жолы – өнеге.....	393
Самғай бер, Нарын қыраны.....	398
Биік арман, бір мақсат.....	406
Сен іздеген арман.....	409
Сұңқарлар самғар шыңдар-ай.....	413
Уәсилаға хат.....	418
Үзілген өмір жалғасы.....	424
Үш директордың анасы.....	430
«Ұстазым менің, ұстазым».....	437
Шапағат нұрдан жаралған.....	440
Аналар бар арада.....	450
Өміріме ризамын.....	461
Айтсам, ой сала ма деп айтамын.....	462
Үш қадақ бидай.....	465
Әруақ қонған әулет.....	468
Бригадир.....	472
Өкініш.....	476
Өкенің аманаты – ұстаздың ұлағаты.....	479
Теңіз тамшыдан құралады.....	488
Сөре сырын меңгерген.....	489
Қайшы мен тарақ алмасып.....	490

Мерейлі де мейірбан ұстаз.....	492
«Даналық пен түсіністіктің үлгілері» немесе философия ғылымының докторы Т.Х.Рысқалиев туралы ой-толғау.....	493
«Тұлпардың» тәлімгері.....	501
Ұстаз.....	505
Автордан бірер сөз.....	509
<i>Төлемырза Темірбекұлы.</i>	
Ардагер қаламгер Бақыт Жасқалиеваның «Жылы жүрек» атты танымдылық кітабына пікір.....	516
<i>Айбатыр Сейтақ.</i>	
Ардагер-журналист, зейнеткер, Елорда тұрғыны Бақыт Жасқалиеваның «Жылы жүрек» атты әр жылдары жазылған өлеңдер мен мақалалар жинағына пікір.....	521

Бақыт Жасқалиева

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК

(Өр жылдары жазылған өлеңдер мен мақалалар)

Таралымы 150 дана
Қаріп түрі «Arial»
Шартты б.т. 24.2
010008, Астана қаласы